

84(Қаз)

М 37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ ҚОҒАМЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ ҚОҒАМЫ

Қаз
137

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

Мәшһүр Жүсіп

Қазақ шежіресі

Шығармалары. 10 том

Павлодар 2007 ж

Қаз

УДК 82.09

ББК83.3

М34

Редакциялық алқа:

Арын Е.М., Қирабаев С., Құсайынов А.,
Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. (жауапты редактор), Қаскабасов С.А.,
Нұрғалиев Р., Әбусейітова М.Қ., Негимов С., Дәуітов С.,
Қамзабекұлы Д., Тұрышев А., Жүсіпов Н.Қ., Жүсіпов Е.К.

М34 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 10 том, –
Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2007. – 445 бет.
ISBN9965-808-92-9

Оныншы томда Қазақ шежіресіне арналған Мәшһүр Жүсіп жазбалары топтастырылған. Мәшһүр Жүсіптің жазбаларында тек шежіре емес, тарихқа, әдебиетке, әдет-салтқа т.с.с. қатысты деректер, әңгімелер аралас келіп отыратынын ескеріп, ғылыми талап деңгейі тұрғысынан мәтіндерді бізге дейін сақталып жеткен ретімен беру жүзеге асты. Мәшһүр Жүсіптің әр кезде, әр жағдайда түрлі адамдардан жинастырған шежіре үлгілерінің әртүрлі нұсқалары қамтылды.

Рецензенттер:

А.С.Еспенбетов- М.Әуезов атындағы Семей университеті ректоры,
фил.ғыл.докторы, профессор; Д.Ысқақұлы- фил.ғыл.докторы,
профессор.

Кітапты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырып,
баспаға әзірлеген – Естай Қуандықұлы Жүсіпов, тарих ғылымдарының
кандидаты, доцент.

М 4603020000
00(05)-07

ББК83.3

ISBN9965-808-92-9



© Мәшһүр Ж. К., 2007

Қазақ шежіресі

(бірінші нұсқа)

Орта жүз шежіресі

192[7]-інші жылдың 21-інші ноябрьде, жексенбі күні басылған «Еңбекші қазақ» 2(3) номерінде: «Ескі заманның мәдениетінен мәжнүн ссалаңдар ғана безеді!» – депті. Оны Маркс айтты дегенге келтіріпті.

«Сүтке сүт қосылса, сүмесін (суымасын), //Сөзге сөз қосылса, демесін!». Бұл «Мәдениет мұралары», – деген сөзді көрген соң, Алаша хан туралы естіген ертегіні жаздық. Сайрам қаласының мешітіндегі тас бағанды орнатқан кім екенін жазамыз.

Ерте заманда Алатау, Қаратаудың аралығында Әулиеата мен Шымкент, Сайрамға жақын маңайлас жерде «Қырық қақпалы Қарғалық» – атанған шаһар болыпты. Оның билеуші бастығы Ысқақбап деген батыр болыпты. Мұның заманында қалмақтан «Сауыр (садыр) тонды Өтеміс», – деген батыр шығып, орталарында көп соғыс болып, ақырында Ысқақбап Сауыртонды Өтемісті байлап алып, тірілей қорғанның бір бұрышына қалап жіберіпті. «Сол қорған бүгінгеше бар», – деседі. «Тас бағанды – мешітіне, қорғанына сол Ысқақбап өзі көтеріп ап келіп орнатқан екен!» – деседі. Күшiнiң белгiсiн: «Кейiнгi заманның адамының ауызында қалдырамын! – деп, тас бағанды Сайрамда бiр мешiтке орнатқан» – дейдi. «Ыдырыс пайғамбар намаз оқыған жер!» – деп. Бiр тас бағанын Қоканды билеп тұрған күнiнде Мәделiхан алдырған екен. «Өзiне жетпей өлiп кеттi», – деседi. Бұл Ысқақбаптың бел баласы – Ыбырайым ата. Сайрамның күншығысындағы ақ күмбез – бұл Ыбырайым атаның бел баласы Қожа Ахмет Жасауи (Иассауи). Түркістандағы ақ күмбез-Қожа Ахмет Иассауиға күмбез жасатқан Әмiр Темiр: «көреген Темiрлан» – дейдi. «Лаң» сөзi – сарт тiлi. Сарт тiлiнде «лаң» деп ақсақты айтады. «Бiр аяғының шалақтығы бар екен» – деседi. «Өзiнiң түбi-тегi – қыпшақ, Әмiртағай батырдың баласы едi» – деседi.

Біздің бұл Арғын ортасында Дайырқожа аталған кісі аты жоқ, Қарақожа бар. «Бұл Қарақожа Арғын атасы», – деп сөйленеді. Бұл Болатқожа бар. «Болатқожа – бар қожа атасы», – деп сөйленеді. «Болатқожаның шын аты – Жанарыс еді», – деседі. «Және бір аты-Ақжол еді» – деседі. «Жанарыс аты аталмай, «Ақжол» – деп, «Болатқожа» деп аталып кеткен», – деседі. Бұл Арғында Құтан аталған екі кісі өткен. Бірі-Құтан-Қоғамның Құтаны. Ол қазақ «Үш жүз» деген атқа ілінбей, жігі бөлінбей тұрған күнде шыққан. Бірі-Құтан: Бұтанның Құтаны. Бұл екеуі бір туысқан. Бұтан жасында өліп қалып, онан тұқым нәсіл ұрпақ қалмаған. Құтаннан Мейрам сопы жалғыз. «Қарашаш деген қарындасы болған» – дейді. Бұл сөзіне Көтеш ақынның бір ауыз өлеңін дәлел қылады:

Сұрасаң арғы атамды, – ер Құтан-ды,
Сұлтаны Бекәзизден ол бата алды.
Мейрам-ұлы, Қарашаш бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды.

Және Көтеш ақыннан Уақ: Жазқын би сұраған екен: «Ақындық атаңызда бар ма, нағашыңызда бар ма?» – деп, сонда Көтеш ақын айтқан екен:

Қазақта Арғын ата болған зерек,
Басқадан ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы – ақын Құтан,
Біздерден өлеңге ұстын болса керек.

Бұқар жыраудың бір айтқаны бар:

Сәлем-сөздің анасы,
Ғалайке алған данасы.
Шығанақтан шырқайды
Ол – біреудің танасы.
Өтірікті шын қылған
Ол Алланың кызыл көзді пәлесі.
Айтқаныңа көнбесе,
Айдауыңа жүрмесе,
Көкіректің аласы.
Бәрімізді сұрасаң,
Құтан байдың баласы.

Арғындардың сабасы,
Қаракожа бас болып,
Қабыл да болған дуасы.

Жоғарғы Құтан-Қоғам Бұхарада болған қызыл Арыстанханның тұсында болған жанлар. Арғын Бұхарада Жақсы Ғабдолла ханмен тізелесіп жүрген жан. Ғабдолла хан «Құлбаба» – дейді екен. Ол Ғабдолла хан Әзіреттің күмбезінің жанынан бір күмбез жасатқан. Сонда Арғын көп дүниені Әзіреті сұлтанға нәзір қылып, күншығысынан екі бөлме үйдің ішін Ғабдолла ханның жарлығы бойынша сол замандағы қазы мүфтилердің мөрін бастырып, өзіне арнап, сыбаға қылып алған: «Менен кейінгі ұрпақтарыма ұлт болсын!» – деп. Сонан бері қарай «Арғынның ақ сарайы», – деп аталады. [Мәшһүр Жүсіп ескертуі]: «Қызыларыстан (Қылышарыстан) – Оғыз дәуірі».

Сол күннен бері қарай Арғын ұрпағынан қадірлі би, қадірлі байлардың сүйегін жүз жылқымен Әзіреттің күмбезіне апарып қоятұғын болған. Шаншарұлы Қазыбек сонда. Шақшақұлы Жәнібек сонда. Тілеуке: Бертістің Тілеукесінің баласы Жарылғап сонда. Күлік: Ақыл баласы Айбас сонда. Едіге баласы Шоң би сонда. Малкелді баласы Ақпан сонда. Жүз жылқымен апарып қойған. Қайсыбірін жаза берейін. Бар естігенімді жаза беруге қалған аз өмір шақ келер емес. Біздің бұл Арғын ұрпағы – Арғын – Арғын болғаннан бері қарай Бұхара жұрты болып келген. Ноғаймен шатасып араласқан емес. «Өзбек болса, өз ағам, // Сарт болса, садағам», – деп, Өзбек ханларына бағынып, Кеше Үргеніш, Хиуа ханы болған Әбілғазы Баһадүр ханға жігіт-желең болып көп жүрген. Осы күнде шежіре сөйлеп жатқандар: бірі қытай тарихынан переводтап алады. Бірі орыс жазушыларынан переводтап алады. Қазаққа ол қалай дәлелді шежіре болады? «Түгел сөздің түбі бір, // Түп атасы – Майқы би», – дегендей, анық қазақтың өз ортасында сойленіп жүрген танымал сөзден алып жазған біреуі де жоқ. Біздің Арғынның ар жақ, бер жағында – «Қидан, Тайшы» – аталған ешкім жоқ.

«Дайырқожаның әкесі Қидан тайшы» – депті. «Қидан – деген өлеңші болады» – деп мағына беріпті. Ахтарыдан қарап берген бе, иа парсы лұғаты: «Ғияш Алифиттан (Лылғыттан)» қарап берген бе?

Қазақ қазақ болғаннан бері қарай: «өлеңші», не «ақын», – деп атайды. Мұның айтқан Дайырқожасы мен Қидан тайшысы – басқа бір жұрттың кісісі. Және мұнда бір ұнамсыз сөз: «Қара қыпшақ

Қобыландыны хандарға бағыныпты», – деген. Олар бір басты екі аяқты пенде бұлай тұрсын, «Құдай бар-ау!» – деп, мойыны бұрылмай тұғын майталмандар. Біздің қазақта атақты, даңқты үш батыр болған. Бірі – ер Едіге. Бірі – Қарақыпшақ: Қобыланды. Бірі – Тамадан шыққан Шора батыр. Осы үшеуі өз бетімен көшіп-қонып жүрген жанлар. «Ұры қартайса, сушы болады, // Қар қартайса, биі болады. // Бүркіт қартайса, тышқаншы болады, // Шал қартайса, жасындағы көрген – білгенін был-шылдап, ертектің болады» – дағы.

Хандар шежіресі

Жошыхан ұғлы – Тоқайтемір, мұның ұғлы-Тоққұлқожа, мұның ұғлы – Қойқожа, мұның ұғлы-Тоқтамыс хан Түркістанда тұрып атақ шығарған. Мұның сегіз баласы болған. Ер Едіге осы Тоқтамыс заманында даңқы шыққан. Имамғали хан. Бұл хәм Жошыхан нәсілінен, Тоқайтемір баласы.

Өзтемірхан ұрпағынан Имамғали баласы Ғабдолғазиз хан Бұхарада Зеріңкірен (Зіріңкірін) деген медресені салдырған. Мұның баласы Сыжанқұлхан, мұның баласы – Әбілпейіз хан, мұның баласы – Ғабдолмомын хан.

Әбілқайыр ұлы Нұрғали хан, мұның баласы – Бөкей хан. Мысарныжип Бөкейдің Бөкейі. Мұның ұғлы-Жәңгір хан, мұның баласы-Ғұбайдолла төре, Жәңгір хан немересі – Шаһанкерей.

Құйыршық әкесі-Орыс хан – Бадақұл баласы. Құйыршықұғлы Барақ, мұның баласы-Жәнібек хан. Мұның тоғыз баласы болған. Жиреншенің әз Жәнібегі – осы Асан қайғының замандасы, бастасы. Тоғыздың бірі – Қасым хан, мұның баласы-Ақтарак (Ақнар). Тоғыздың бірі – Жәдібек, мұның баласы – Бойдаса хан. Мұның баласы – Ондан хан, мұның баласы – Ораз хан. Лымшытыр Ғабдолла хан «Жақсы Ғабдолла хан» – атанған. Осы... мол Ескендір хан баласы, Ескендір – Жәнібек баласы. Жәнібек – Мұхаммедияр хан баласы. Мұхаммедияр – Рысбол хан баласы... Әбілғазиз баласы – бұл Ғабдоллахан шаһбидаш...

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Малкозы – Толыбай – Олжабай] Олжабайдың туңғышы Есенаманнан: Көлен, Үйсінбай, Қожабай. Көленнен: Шәуке, Осжан. Үйсінбайдан: Самырза, Баймырза. Қожабайдан: Қабыл, Жанқабыл. Жанқабылдан: Сағын, Дүйсен. Төлеубай, Төлебай, – бұл екеуі Дүйсен балалары. Есенаман-Бұлан. Бұланнан: Айбас, Күңбас. Айбастан – Әкімбек. Күңбастан – Ибрай ұста, мұнан бір жалғыз бар. [Көш]бикеден: Тоқжігіт, Шата, [Көш]бикеден белгілі бай жоқ. [Толыбай-Олжабай-Есенаман-Бұлан] Бұланның қатынының «жетіміне» келген. Бөкетті-Малкозы атаулы: «Баймырзаның баласы» – деп, жала қылады.

Орта жүз шежіресі жалғасы

Жанарыс – екі қатыны болыпты, бір де бірінің пұшпағы қапмай: «Бізге көру күн қайда, // Жас иісті баланы-ай!» – деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты кожа кез болып, қона қалыпты.

– Ой, Құдай-ай, берді ғой! Бала беретін әулиелер келді ғой! Сыйынбасам, маған серт, қолдамасаң, саған серт! Сарт болсаң, садағам кет! – деп, алтауына алты қой сойыпты, – Кір-қондарынды жудыр, аттарыңды тынықтыр! Осы қойлардың етін жеп тауыспай, жібермеймін! – деп.

Сонда қожалар мұның шын құлап, ықылас қылған пейіліне риза болып:

– Осы алтауымыз да атымызды бердік. Алты ұлға ата боласың! – деп, баталарын беріпті. Аттары: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Смағұлқожа, Қосымқожа.

Сонан соң қатындар буаз бола бастап, бәйбішеден – төртеу, тоқалдан екеу туыпты. Алтауына алты қожаның атын қойыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа. Қарақожадан – Арғын, Аққожадан – Найман, Ақтамбердіқожадан – Қыпшақ, Дарақожадан – Қоңырат. Тоқалдан туған – Смағұлқожа, Қосымқожа: біреуінен – Керей, біреуінен – Уак.

«Естіген құлақтың жазығы жоқ»: Арғын апасы қыз күнінде оң жақта отырып, бір төремен айкасып қалып, еркек бала тауып: «Бұл

калай?» – деушіге дәнеме дей алмай, шашын тарай берген екен. Сонан баланың аты «Тарақты» – қойылып: «Төре жоқта Тарақты төре болуға жарайды» – деген де сөз бар. «Ит жаманы – барақ-ты, // Ел жаманы-Тарақты» – деген де сөз бар. «Қыздан туғанның қисығы жоқ» – деп, «Арғын балаларына Тарақты – нокта ағасы болған» – деседі. Орта жүз Тарақтымен қосылып: «Жеті арыс ел», – аталған.

Арғынның бәйбішесінің аты – Аргүл бәйбіше. Мұнан Құтан, Бұтан деген екі ұл туған. Бұтан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған. Құтаннан Мейрам сопы жалғыз.

Сұрасаң арғы атамды, – ер Құтан-ды,

Сұлтаны Бекәзиздан ол бата алды.

Мейрам-ұлы, Қарашаш бір қыз туып,

Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды.

Уақ-Жаркын би Көтеш ақыннан сұраған екен: –

Бұл ақындық ата – бабаңызда бар ма еді, нағашы тегіңізде бар ма еді? – деп. Сонда Көтеш ақын айтқан екен:

Қазақта Арғын аға болған зерек,

Басқадан ол кісінің жөні бөлек.

Біздердің түп атамыз – ақын Құтан,

Өзгеден өлеңге ұстын болса керек.

Осындай сөздерден біздің Құтан деген бабаларымыз болғанын білеміз. «Бұқарекен (Бұхарекен) айтыпты» – деген бір сөз бар:

Бәрімізді (барымызды) сұрасаң,

Құтан байдың баласы.

Арғындардың сабасы,

Қарақожа бас болып,

Қабыл да болған дуасы.

Арғынның тоқалының аты – Момын. Бұл Момынпан: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан – «Толыбай» ұранды – Қанжығалы, «Маябоз» ұранды – Тобықты. Қарасопыдан – «Қарақай» ұранды – Қарауыл, «Барлыбай» ұранды – Бәсентиін. Сарысопыдан – «Ұшыбай» (Өшібай) ұранды-Атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт. Арықсопы, Нәдірсопыдан: үрім-бұтақ, жұрағат жоқ. Арғын бабамыз жүз алты жасында бір тоқал алған, аты – Айнакөз. Онан туған баланың атын Тәнбіс сопы қойған. Тәнбіс сопыдан – Үсенбай, Елемес.

Елеместен – Ерман. Бұл Ерманнан – Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан – Ақай, Жолдыбай, Тағышы, Аманжол, Сомжүрек. Аманжолдан – Көшей. Көшейден – Шақшақ батыр. Шақшақ ұлы – Қошқар. Қошқар ұлы – Жәнібек батыр: «Өр Жәнібек» аталған. Мойыны бұрылмайтын, беті қайтпайтұғын жан болыпты. Жәнібектен – Дәуітбай. Мұнан туған Мұса батыр. Мұнан кейінгілері: Бірімжан, Қазыбек. Бірімжаннан – Қорғанбек, Дәуренбек. Қорғанбектен – Ғазымбек.

Шағыр-Бөлтіріктің Бөлтірігінен – Сырлыбай, Сары. Елемеспен туысқан Үсенбайдан – Қарамерген. Мұнан – Байтәжі. Ауыл тілінде әңгіме болған: «Байтәжінің есепшісі-ай!» – деген – осы Байтәжіні айтқан. Ақташы, Бұғышы, Байташы, Тағышы, Шаржетім, Шақшақ – десе, білмейтұғын жан жоқ. Қараман, Төлек, Қырықмылтық – дегендері де бар.

«Тоқал Арғын» – деп сөйленеді: Орынбор жақта алты болыстан асатын шығар. Біздікі ұзын құлақтан естіген сөз: кем-кетік қалған-құтқанын: «Майқы би» аталған, «Аққа жақ, мен нақақ» – аталған інілеріміз түгелдер – деп сенеміз. Біздей алжыған шал атанған ағаларын өсірмесе, өшірмес. «Далада жүріп тебісетұғын керікеткеннің саяғы» емес едік қой.

«Тоқал-Арғыннан» екі Жәнібек шыққан. Бірі – Шақшақ Жәнібек, бірі – кара балуан Жәнібек.

Мейрам тарауы

[Жанарыс-Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Е.Ж.] Мейрам сопының қайыны – Алшын: Құдысбай екен. Қалыңдығының аты Нұрфая екен. Өзін қыс ішінде ұзатыпты. Нұрфаяның өз шешесі өліп қалған екен:

– Бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін! – деп, Нұрфаяның ағасының қатыны – женгесі еріпті.

Түйенің басын жетектеуге бір жетім ертіпті. Көш ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел түзге отырыпты. Ат үстінде келіп:

– Жолшыбай түзге отырған кім болды? – деп, қараса, біреуінің сідігі тонды бір қарыс айырып жіберген екен.

Түнде қойнында жатқан қалыңдығы Нұрфаядан сұраса:

– Ол Қарқабат еді. Ол отыра қатып күрілдеткенде, қасындағы өзіміз де шошнып қаламыз, ат та тас талқан (тас-ғалақан) болып үркеді, – депті.

Елге келіп орныққан соң, екі елдің арасы жау болып, қайын еңдісіп ертіп келген қатып еліне қайта алмай қалыпты. Сонан соң Нұрфая:

– Ағамның тосі тиген жеңгем еді, басқаға қимаймын! – деп, – Өзің ал! – деп, Мейрамның өзіне алғызыпты.

– Мына күнді де өзің ал, жатыны асыл: өсіп-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш ұрғашы – өлсек, тірілсек, бір жерде болайық! – деп, оны да алғызыпты.

Нұрфаяның өзінен: Қуандық, Сүйіндік туады. Жеңгесінен – Бегендік, Шегендік туады. Күннен Болатқожа туады. Бесеуі де өсіп-өніп: «Бес Мейрам» аталған – осылар. Күннің аты Қарқабат екен. Өмірінде Мейрам бабамыздың етіне су, табанына сыз тигізген жоқ екен. Отын тергенде, ку көдені көп қылып қоса алып келіп, табанының астына төсейді екен. Құманды түнде қойнына алып жатады екен. Суға түскен сайын:

– Ой, көсеген көгерсін! – деп, алғысты көп айтады екен.

Бұрынғының: «Алғыс түбі – ақ май, // Қарғыс түбі – қара қан» – дейтіні сондайды көргендіктен айтқан.

Қуандық марка туыпты. Сүйіндік ұмытыңқырап кетін, екі арасы тым алыс, кенжелеп туыпты. Қуандықтың алты баласы ат арқасына мініп, соңына еріп, жасаққа шығуға жарағанда, Сүйіндіктің отауы сонда түсіпті. Ұлы жүз: Үйсін – Өгіз бидің қызы екен дейді. «Сонда бұл қыз – дейді, – жеңгесі ертіп келіп, еліне қайта алмай қалған екен.» Мейрам сопы ертерек өліп қалып, Нұрфая бәйбіше көп заман «бес берекенің біріше» қосылған бәйбіше болып, халқына ұйтқы, құт бәйбіше атанған екен. Қара мал еншісі бөлек басқа екен де, жылқы үлеске түспеген екен. Сонда Қуандық жылқыны үлеске салып, енші бөлуге келгенде:

– Өзім – бір сыбаға, алты балам – алты сыбаға. Қара шаңырақтағы қалғандарың – бір сыбаға! – депті.

Сүйіндік Болатқожаны оңаша шығарып алып:

– Мына Қуандық алты баласын арқа тұтып, маған көптік күшің көрсетті. Сен маған [1] жақтасып, жасаққа шықсаң, қалай болады? Сен маған болыссаң, мен өлмей артық мал бергім келмейді, – дейді.

Болатқожа Сүйіндіктің қолындағы жеңгесін сұрайды. Сүйіндік айтады:

– Өзің қыз аламын демесең, сенен бір таңбалы байталды айымын ба? Қазір алсаң да, ешкім таласпайды.

Жеңгесін беріп, Болатқожаны өзіне ертіп алып, Қуандыққа қарсы жасаққа шығады. Қуандық та келеді. Алты баласы қасында. Алты ұлдың кенжесі Сүйіндікпен тұстас, Қуандық[пен] Сүйіндік арасы сирек туған. Сонда Болатқожаның істеген жұмысы: жерден алты томар шымды қопарып жұлып алып, Қуандықтың алты ұлын алты шыммен ұрып жығып, Қуандықтың өзіне жетіп айтқан:

– Сөзге көніп, түзулікке келесің бе? Болмаса, балаларыңның қасына қосайын ба? – деген соң, Қуандық:

– Сен бәрімізден кіші босаң да, сенің ырқыңа көнбеске болмады. Бұрынғылар айтқан сөз бар еді: «Қой асығы деме, // Қолайыңа жақса, сақа қой, // Жасы кіші деме, // Ақылы асса, аға қой!» – деген. Енді мен аға емес, сен аға болдың. Жылқыны қалай бөлсең де, билігін саған бердім! – дегенде, Болатқожа айтты:

– Мына жақтан, жылқының ортасынан қақ жарып жүремін. Сен аға едің, тандаған жағын сен ал, қалған жағын Сүйіндік екеуміз алайық! – деген соң, «алты сыбаға» артық алмақ былай тұрсын, жанынан қайғы болып, қорқып тұрған Қуандық қорыққаннан:

– Құп болады! – деп көніпті.

Айтқанындай, қаптап, жер қайысып жатқан жылқының ортасынан қақ жарып жүріп бөліп берген. Осылай бөлген соң, Сүйіндік Болатқожаға өкпеледі дейді:

– Сені мен жеңгемді беріп, өзіме тартқанда, істегенің осы ма? Өзің екеуміз бір-ақ сыбаға болып қалдық. Және жылқының көп жағын ол алып кетті! – деп.

Сонда Болатқожа айтты:

– Жылқының бытырап жатқан жағын алды. Артық болса, бір-ақ айғырдың үйіріпдей артық шығар. Ондық ағалығы жоқ па? Біздің тумаған күнімізде, жас күнімізде ол бізден бұрын еңбек сіңірген шығар! – деп, Сүйіндікті сөзден тоқтатып қойыпты.

Артынан санап тексере келгенде, Болатқожаның айтқанындай бірлі-жарым айғыр үйірі ғана артық болып шығыпты. Еншіні екі ағасына Болатқожа бөліп берген екен. «Сонан кейін Қуандықтың алты баласын алты шыммен ұрып жыққаннан, кесекпен ұр[у]ды, кесекпен ұрғанды шығарғаннан «Қаракесек» атанып, «Болатқожа» атынан «Қаракесек» аты даңқты болып кеткені – сол» – дейді.

Сүйіндіктен қолкалап алған қатынынан: Шұбыртпалы, Шекті туады. Алшын: Зортұмақтың асына ат апарып қосып, оның бәйгесіне келген күннен Қамбар туады. Бір шабыншылықты өз өнерін асырып алған олжа баласы Жалықпас болады.

[Қаракесек тарауы үзіндісі]

[Болатқожа – Ақша – Бошан – Машай] Машайдан: 1. Байымбет. 2. Бораншы. Байымбеттен: Қояныш, Тағай, Дәулет, Керей. Манаттан: Ыдықбай (Ырықбай). Мұнан – Қоянкөз, Торым (Тұрым). Бораншыдан: Қарсұн, Керней. Қаракесек болған соң, өсін-өнуге келгенде, бұған ешкім таласпайды. Өзгені қоя тұрайық, өзімізге келейік.

Арғын-Сүйіндік шежіресі

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Е.Ж.] Қуандық – Сүйіндіктің Сүйіндігі. Нұрфая бәйбіше Сүйіндік, Бегендік, Шегендікті, Олжакелді деген асыранды бір бала – төртеуіне өз қолынан қатын алып беріп, енші беріп, сол төртеуін: «Төртуыл» – атаған. Бегендігі – Қозған. Шегендігі-Қақсал, Олжакелдісі – Қаржас. Туысы басқа –басқа болса да, «Төртуыл» дегенде, төртеуі қосыла кетеді. Бегендік қыршын жас күнінде өліп, қатыны онан бір бала тауып, «Оразкелді» – аталған. Бегендік өлген соң, ол қатынды Сүйіндік алып, Сүйіндік алған соң, бір ұл туып, мұның атын Суғыншы қойған. Оразкелді, Суғыншы Сүйіндіктің баласы есепті болып, Оразкелдіге қатын алып беріп, енші берген – Сүйіндік. Оразкелдіден екі бала: Тәңірберді, Сәрік. Суғыншыдан екі бала: Шуманак, Мәжік. Тәңірбердіден үш бала: Ораз, Малқар, Жолым (Жұлым) сопы. Сәріктен екі бала: Қожамберді, Токтас. Қожамбердіден: Байназар, Есназар, Қозыбақ. Токтас екі қатын алған:бәйбішесінен – Есіл бойындағы Қарақозған. Тоқалының аты-Сарықыз, онан туғандар «Сарықозған» – атанады. «Қозған» – деген кісі аты жоқ: қозғала берген соң: «Шіркін, коза берді ғой!» – деп, «Қозған» аталған. «Қақсал – деген де кісі аты жоқ, қақсай берген соң: «Қақсал»-атанған.

Қуандық, Сүйіндік екеуі енші алысқанда: «Қара бауыр қылып аламыз!» – деп, таласып, асық қаржысып алғаннан, Олжакелді «Қаржас» атанған.

Сүйіндіктен – Суғыншы, онан – Шуманақ, Мәжік. Суғыншының қатынының аты – Жолбике. Бұл Жолбикеден: Жанболды, Құлболды, Жолболды туады. Жолболдысы-Орманшы. Шуманақ өлгенде, Жолболды емшекте қалған бала екен. Жолбикені Қаржас алып, Жолболды шешесінің құшағында кетіп, оған қатын әперің, енші берген-Қаржас. Артынан өз қолы өз аузына жеткен соң, өз бауырларын тапқан. Құлболды балаларынан зорлық көре бастаса, Қаржаспен ыңғайласа бастайды: «Жолбике» – легенде.

Шуманақпен бір туысқан Мәжіктен-Малай, Жәдігер. Малайдан: Қатке, Дәулет, Жәнібек, Тыныбек. Жәдігерден: Бәйтік, Шакай, Сары. Бұл Малай, Жәдігер ұрпағы өзге Төртуылға қарағанда аз болғандықтан, күні бұл күнге шейін «Тортуыл» атында.

Құлболдымен туысқан Жанболды өспегендіктен, күні бұл күнге шейін Жанболды атымен аталады. Бұрынғы ақындардың өлені:

Мәжікпен бір туысқан ер Шуманақ,

Қойыпты Құлболдыны Құдай қалап.

Құлболдының бәйбішесінің аты – Мақпал. Мақпал бәйбішеден – тұңғышы-Күлік, ортаншысы – Тұлпар, кенжесі-Айдабол. Айдабол он үшінде «Айдабол би» атанған екен. Өл заманда Арғын Сырдарияның күнбатысында жүреді екен. «Арғын дариядан өтіп, Қаратау жайлайды» – деген сөз естіле бастаған соң, Қарақалпақ, Алшын:

– Арғын бұл жаққа келсе, таң атырып, күн шығармайды. Өткелден өткізбейміз! – деп, өткел аузын алып тұра қалды дейді.

Сыр суында аяқтап өтетін өткел болмайды. Сонда Мақпал бәйбіше – астында торы жорға аты бар, сексен нар жетелеп, судан өтерде қара шұбар манат белдемшесінің етегін жинап алды да, іркілместен – аты да үйректей қайқаңдап, жүк-мүгімен нарлары да шегініп тұрып қалмай, байпаңдап өте шықты дейді. «Өткізбейміз!» – деп тұрғандар ләм-мим дәнеме десе алмады:

– Бай-бай, бәйбішенің бөксесіне болайын! – десті дейді.

Сонда Мақпал бәйбіше:

– Күлсең, күлерсің! Күндердің күнінде көбін езуінді жия алмай жүрерсің! «Бұл қай бөксе?» – десең, Айдабол шыққан бөксе. Артың болса, Айдаболдай ұл тап! – деп, жүре берген екен.

Күлік

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Е.Ж.]. «Күлік-Күлік, жүрген жерің – бүлік» – атанған Күлікке келейік. Күлік – қырғыз тілі – «жүйрік» делінген сөз. «Қыс-шлдеде – жілік жүгіреді, // Жаз-шілдеде Күлік жүгіреді» – өзінен жүйрік туатұғын ел. Екі қатыны болған: бәйбішесінен-Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет; тоқалдан – Өтепберді, Данияр, Сексен. Өтепбердіден – Ақыл, Қошқар. Өтепбердіні жан білмейді: «Ақыл», «Сексен» атанған. Ақылдан-Бейбіт, Жапалақ, Дербісәлі, Мырзакелді, Айбас. Ақылдың қалмақтан алған қатынының аты – «Сұлым». Онан туған: Қойкелді, Жылкелді. Ақыл өз қарашаңырағына Бейбітті ие қылып, кенжесі Айбасты Сұлымның қолына кіргізіп, соның шаңырағына ие қылған. Ақылдың қалмақ қатынынан туған Қойкелді өз тұсында үш жүзден балуандығын асырған. «Бұхара балуаны» – атанған Қоңыраулы балуанды жығып, бәйге алып кеткен Самыраттың асында. Самырат – Бұхарды билеген Данияр бидің баласы, Мінайдар ханның әкесі. Қойкелді балуан жалғыз барып, қалмақтан бір еркек бала алып қашып келіп, атқа отырысы дулығадай болған соң, атын «Дулыға» қойып, асырап алып, бала қылған. Осы күнде Қызылтауда «Дулыға тас» деген тас бар. Сол Дулығадан үрім-бұтақ, жұрағат бар. Дулыға балалары: Тоқанай, Топай. Топайдан – Өтебай молда. Тоқанайдан – Оразайлар: бәй[бішеден] – Күнтай, Таңашбай. Таңашбайдан Қуан бай жалғыз. Таңашбай ел тауға қонып жатқанда, өлген екен. Сол күнде Қуанда үш жүз қой бар екен: бір жүзін сойып, әкесіне ас беріпті. «Қалған екі жүз қойының бір жүзі егіз тауып, Қуанның өзі көзі тіршілігінде он екі мың қой тұяғы болғанын көріпті!» – делінген сөз бар. Қуан балалары: Ордабай, Дәндебай, Молдабай, Ноғай. Молдабай қотанынан бес мың тұяқ өрген күнін осы қалам ұстап отырған өз көзінен көрген кісі. Дәндебайдан: Торғауыт, Оймауыт – бәйбіше қатын балалары; тоқалынан: Оспан, Байділда, Әбдіраман. Оймауыттан-Жүсіпбек, Жүсіпбектен-Бектұр, Жанақ. [Күлік – Өтепберді – Ақыл – Қойкелді – Дулыға – Тоқанай – Оразайлар – Таңашбай – Қуан – Дәндебай – Өймауыт – Жүсіпбек].

Тілеуімбет тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Е.Ж.]. Күліктің бәйбішесінен: Тілеуімбет, Наурыз дедік. Тілеуімбет тұңғышы екен: «Он алты ұлды Тілеуімбет» – атаныпты. Үй тентек, айран көз, белдеу ұстап, безерлік [бизерлік] қылуға мығым екен. «Арғында – Тілеуімбет, Алшында – Жолымбет»-деп, аттары шығыпты. «Батырлықпен, билікпен, құнды – пұлдылықпен емес, қисық-қыңырлықпен аты шықты-ау!» – деп ойлаймын. Өзі жұтап, жұттан қашып, шұбырып келе жатқан қазақтың көшіне көш-жөнекей қалмақ октай ұшырап, алты баласы мен Наурыз қашып құтылып, он алты бала ат арқасында соңынан шұбырып жүрген соң, Тілеуімбет қашпай, соғысып қалып, басы отағасының өзі болып бықырт тауыпты. Орманшы: Бапке-Тайлақтың Тайлағы «Бала батыр» – атанған күні екен. Жау ортасында жаралы жатқандардың үшеуін алып қашып құтқарыпты. Күліктің сексен жасында туған тоқалының баласы – Сексен, «Сары атты Сексен» атанған – жүкті түйені жүгімен алып қашып құтқарыпты. Ол түйеде екі бала бар екен: бірінің аты-Бесім, бірінің аты – Қойтан. Сол түйенің үстінде жан сақтап қалған Бесімнің ұрпағынан өсіп-өнген жаннан туған үрім-бұтақ жұрағат – осы шежірені жазып отырған. Бесімнің бәйбішесінің аты – Бөктік: Қыпшақ-Қатықұлақ мергеннің қызы екен. Бөктік бәйбішеден туған үш бала: Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс. Ақжігіттен –Құлмағамбет (Құлмұхаммед), Сермағамбет, Досмағамбет, Измағамбет. Сермағамбеттен – Санжасар, Мыңжасар, Жүзжасар, Көпжасар, Мағырып. Көпжасары қораш, уақтау туғаннан: «Көпей» – атанып кеткен де, сол Көпейден туған Мәшһүр Жүсіп жетпіс жасында жазып отыр осы нұсқаны.

Наурыз тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Наурыз – Е.Ж.]. Наурыздан алтау: Шобалай, Шобай, Ақай, Төкей (Дөкей), Ырсымбек (Ерсімбек), Мәмек. Ырсымбек өспеген. Шобалайдан: Жаңабатыр (Жәнкебатыр), Өміртай. Мұның ұрпағын: «Қожаберген» – деседі, Мәмек те сондай. Жаңабатыр жүз төрт жасқа жетіп өлген. Он төрт ұлға ата болған. Балаларының бәрі де өсіп-өнген. Абылай хан заманында болған билердің қак маңдайы болған. «Жаламен Жаңабатыр да үш шабылды» – дейтұғын Жаңабатыр – осы:

бәйбішесінен: Аққожа, Таңсыққожа, Қосақ, Жанак. Жаңабатырдан кейін Жанак би болған. Өз тұсында: «Жанак» – деп, ешкім атын атай алмайды екен, «Жәке, Жәке!» – деседі екен. Бұл кісі: «Аттым!» – десе, мал да, жан да мұрттай ұшады екен: «Қаһарлы Жанак», «Доғал оқ Жанак» – атаныпты. Өзі біреуге ренжісе: «Ай, жаным, ақшолаққа оқ салдырайын демесең, тыныш жүр!» – дейді екен. Токсан бес жасында ел жайлауға көшіп бара жатқанда, Сілетінің ар жақ қабағында Сарытөбе (Сартөбе) деген жерге қойылыпты. «Аруак мұрақор» – деген бар ғой: елу алты жасымда [1914 ж.] осы Баянауладан еріпбей, жалықпай, басына барып, «ақшолағын, доғал оғын» алып қайтқан жан – осыны жазып отырған.

Жаңабатырдың бәйбішесінен туған төрт ұлдың бірі – Қосақ. Бұл Қосақтан Тұрсынбай туып, ең алғаш орысқа бағынып, дуан аузы ашылғанда, Шоң би аға сұлтан, дуанбасы сайланғанда, Тұрсынбай болыс сайланып, ескі законда он жеті жыл болыс болған. «Түкірігі – түйме алтын; қақырығы – кайма алтын» – ауызынан шыққан лебізі жерде қалмаған, қасиетті, үлгілі, өсиетті жан болған.

Жаңабатырдың қалмақ қатынынан: Татан, Шөкек, Құлмырза, Тікей, Қабыл.Бес ағайынды бұлардың ұрпағын күні бұл күнгеше: «Бесқара» – дейді. Үшінші қатынынан: Босмойын, Биікбас (Бекбас); төртінші қатынынан: Алдияр, Байбарақ, Қожамсейіт. «Осы он төрт ұл иттің күшігіндей өскен-өнген би баласы» – дейді, Күліктің көбі осылай болады.

Жаңабатыр әкесі Шобалаймен туысқан-Шобай. Бұл Шобайдан: Жаманқара, Байтөбет. Мұның ұрпағы да толық бір ауылнай ел. Шобалай, Шобаймен туысқан – Ақай. Мұның балалары: Бекмырза, Санмырза. Бұлар да толық бір ауылнай ел. Енді бір туысқаны – Төкей деген. Алдыңғылардай өспесе де, өз алдына: «Төкей» – деп, ат атанған, ауыл-аймақ болған. Бұлармен туысқан Ырсымбек, Мәмек өспеген де, өшпеген аз ғана үй.

Жаңабатырмен бір туысқан – Өміртай. Мұның балалары: Ақбота, Тайлақ, Қайнар, Көшек. Мұның ұрпағы да өскен-өнген. Осы Совет үкіметіне (хүкіметіне) шейін Күлік толық бір болыс ел болып келді. Бұл күнгі бала-шағасына шейін жаза беруге – онан мен есебін алып, налог саламын ба?!

Күліктен бері неше атаға келгенін аңғартайын. Күлік-Наурыз-Шобалай – Жаңабатыр – Аққожа – Құлжан – Жаутен – Тілесбай – [Тілесбай інісі Елесбай баласы-Е.Ж.] Ыбырай-Әбікен. Осы Әбікен де – бала-шағалы жан. Күлік үш ағайынды: Айдабол, Күлік, Тұлпар. Наурыз екі ағайынды: Тілеуімбет, Наурыз. Шобалай алты ағайынды, Жаңабатыр – екі ағайынды. Аққожа бір анадан төрт ағайынды: әкесі Жаңабатырдан – он төрттің бірі. Құлжан алты ағайынды: Өстемір, Құлжан, Бижан, Құнан, Дөненбай, Құлбек. Жаутен екі ағайынды: Малшор, Жаутен. Тілесбай үш ағайынды: Тілесбай, Елесбай, Тәтiкөт. Ыбырай да үш ағайынды, Әбікен де сондай. Мұның бәрін шұбыртып жаза беруге: өзім кәрі, қағаз қат.

Торсықбай төрт ағайынды: Жанқара (Жаңқара), Баба, Сапқай, Торсықбай.


[Ескерту: Бұрынғы рет саны бойынша 271, 272 беттерді біреулер жұлып әкеткендіктен, арада үлкен үзіліс барын, «Күлік шежіресі» соңы ғана қамтылғанын ескертеміз-Е.Ж.]. [Күлік – Наурыз – Ақай – Санмырза – Тағана – Жакып]

Жакып баласы – Малбағар. Мұның баласы – Арын. Мұның баласы – Шәріп. Қойсары ішінде Қозыбақ, Малбағар бір туысқан. Қозыбақ балалары: Байсалық, Жансалық. Қожаберген ұрпақтары: Нарымбай, Түгелбай. Нарымбайдың көшіп Қаржасқа келген жылында туған баласының аты – Қаржасбай. Онан туған баланың аты – Омар. Бұл Омардан-Имамәлік: «Түбі-тегіміз – Үйсін» – дейді.

Нарымбай, Түгелбайдың нағашысы: Қаржас: «Құл екен, шешелеріне еріп келіп, нағашысында тұрып қалған, – дейді. – Өздерінен басқа да ағайындары бар», – дейді. Далбада Қосқұлақ ішінде біраз үй Үйсін бар. «Көкшетау жақта Қарауыл ішінде де Үйсін бар» – дейді.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

Қаржас: Құлдың төрт баласы: Құдайберген, Тәңірберген, Тілеке, Тілеміс. Бұрынғы қонысы Қызылтауда: «Есеннің қарақуысы» болған. Алабас айғырдың үйірі жетпіс-сексен болған. Алабас айғырдың үйірі жоғалып кетіп, Құлдың: «Тілеке батыр» – атанған баласы тауып алып, соның барып жатқан жерін: «Алабас» – қойған. Айдап жүрейін десе, айғыр айдатпаған. Айғырдың өзін ұстап мініп алып, намаз оқып отырғанда, айғыр тыпыршып тұрмай, шиыршық атып оралғанда, қыл



шалбар мұрнының үстінен оралып, мұрнын шорт киіп тастаған. Мұрнын кесіп тастап, киімнен мақта жулып алып, жапсырып жүре берген. Үйіне келсе: – Балам, Есен тентек малымызды қуалап оттап-пайтын болды, күн көрсететұғын болмады! – деген соң, далада малда жүрген[де], Есен тентекті ұстап алып, тентектің өзінің шалбарының ішіне салып, аузып, балағын буып, таудың басынан домалатып жіберіп, көшіп кетіп қалған.

Қуандық шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық – Е.Ж.]. Қуандықтан алтау туады: Есенқарт, Аманқарт, Алтай, Қарпық, Борыш (Бұршы), Темеш. Қарпықтан – Тінәлі, Мәмбет, Күзей: «Штансыз (Естәнсіз, Иістенсіз) Күзей» – атанған. Күзейден туған – Тоқа: Алтай – Токаның Тоқасы-осы. Тінәліден: Әжіке, Әлімбет, Үсейін (Үсен), Қасқа. Үсейіннен: Құттыбай, Жайылмас. Құттыбайдан: Құттымбет, Тілеуімбет. Құттымбеттен – Қарабас, Дербісәлі, Айдар, Торғай. Қарабастан: Дүкен, Баянбай, Түгелбай, Теңізбай, Төлек. Дүкеннен – Қылдыбай. Мұнан: Айтқожа халфе, Шырай қажылар, Әбей қажылар. Осы жазып отырған Мәшһүрмен замандас кісілер – бұлар. Баянбайдан: Қалдыбай, Өрбай. Құттымбетпен(тен) туысқан Тілеуімбеттен: Қанай, Құрмантай, Енем. «Енем» – қатынға арналған ат, байының аты – Өтеміс. Өтемісті жан білмейді: «Енем баласы» – атанып кеткен. Қанайдан – Байғұн. Байғұннан: Сары, Қоңыр. Сарыдан: Көбе, Ногер. Қоңырдан – Досымбек. Қанаймен туысқан Құрмантайдан-Үмбетей. Үмбетейден – Елшібек. Елшібектен: Қанту, Жанту. Жанторы, Жанту, Қанту – Елшібек балалары. Жанторы жастай өліп қалып, қатынын Қанту алып, Бейсембай Жанторыдан.

Тілеуімбетпен бір туысқан Құттымбеттен Қарабас туған деп едік қой. Қарабастан – Түгелбай. Түгелбайдан: Ерәлі, Серәлі, Тілеулі, Бектас, Бегімбет. Бұлар тоғыз ағайынды болып туған. Ерәліден Сүріпкел (Сорыпкел) тоғыз ағайынды болып туған. Сүріпкелден Мұсабай тоғыз ағайынды болып туған. Мұсабайдың бір баласынан тоғыз туған. Төрт атаға шейін тоғыз-тоғыздан туып келген. Ерәлі Серәлімен бір туысқан. Тілеуліден – Акбекет, мұнан – Қылыш қажы.

Тінәліде көп жыл болыс болып, атақ шығарған бір кісі – осы. Жоғарғы жақта айтылған Қанайдан: Сары, Қоңыр, Кеңгір деген біреуі тағы бар. Кеңгірден – Олжабай. Олжабайдан – Жарқынбек. Жарқынбектен – Еспақ (Иісбақ). Тінәліден төрт бала: Әжіке, Әлімбет, Үсейін, Қасқа. Үсейіннен: Құттыбай, Жайылмас, Дедек. Жайылмас-тан: Қожағұл, Дәулет. Қожағұлдан: Өтеген, Көлбай. Өтегеннен: Байзақ, Жанзақ. Жанзақтан: Бердісүгір бай – Тінәліде бір қадірлі, құнды, пұлды болған. Мұса, Секербай заманында «Бердісүгір бай» – десе, әркім білерлік бір кісі болған. Осы кісі айтып отырады екен: «Балалар, қаңтар болмай, қарға жарымассындар, // Қажы көбеймей, дауға жарымассындар!» – деп. Ол заманда қазақта қажы санама болған күн. Бердісүгір балалары: Әбділда, Жакып, Сайдалы, Аққошқар. Өтеген – Көлбайдың Көлбайынан – Әлі болыс. Бұл кісі де Қуандықта кешегі Шоң болыс сықылды көп жыл болыс болған жан.

Тінәлі: Қанту-Жантудың Қантуынан – Бейсембай бай, Жантуынан – Айдапкел. Қанту баласы Бейсембай Әлі болысты: «Шата мүрдар» – деп айта береді екен. Әр орында бір айтып қоймаған соң:

– «Мені шата, шата», – деп айта бересіз. Әкесі белгілі кісіні шата дей ме екен? Мен кім баласымын, айтып беріңіз! – деген екен.

– Өзің іште жатырсың, шешенді кім с...п жүргенін қайдан білесің? Жаман Құлшымбайдан сендей бала туа ма? Сен Наурызбайдан пайда болған бала едің! – дегенде:

– Онда әкем жаман кісі болмады ғой! – деген екен.

Өтеген – Көлбайдың Көлбайынан: Жантілі, Майкөт. Майкөттен – Өміртай, Өміртайдан – Құлшымбай, Құлшымбайдан – Әлі болыс. – Жантіліден – Жұрқабай. Жұрқабайдан – Ысқақ. Кісі білмейтұғын жандарды жаза берін неменеге керек?

Қуандықтың бір баласы – Алтай

Бұрынғылар айтқан сөз дейді:

«Алшын болсаң, Адай бол!

Арғын болсаң, Алтай бол!

Үйсін болсаң, Сиқым, Жаныс, Ботбай бол!

Найман болсаң, Қаракерей, Садыр, Матай бол!

Өзгең қалай болсаң, солай бол!» – деп.

«Тышқанның да сәуірі (сауыры) болады» – деседі. Алтай Арғын сәуірі болған екен. Алтайдың бәйбішесі – Қанжығалы: Піспекбайдың қызы – Байбике. Онан туған – Алысай (Әлісай) жеңге алған бір қатыны болған: онан туған – Нұрбай. Алтайдың ақ сауыты Нұрбайда қалған. Қалмаққа олжаға түсіп кеткен жерінен Нұрбай өзі барып, алып келген. Сауыттың аты – «Шежекөз». Сондықтан Нұрбай ұраны: «Шежекөз» – болған. Нұрбайдан басқасында белгілі ұран жоқ: «Әуіп-ай, Қуандық» – аталған.

Байбике өлген соң, Піспекбай «Аққоян» – деген қызын беріп, мұнан туған балалар: Әлике, Байдалы, Сайдалы. Әлике, Байдалы: «Томенгі Алтай» – атанады. Сайдалы Ақтау, Өртау жақта: «Өр Алтай» атанып кеткен. Аққоян өлген соң, Піспекбай тағы бір қызын берген. Мұнан туған – Мойын. «Мойын болмай, ойын болмас» – атанған. Алтайдың балаларының ішінде өскен-өнгені, толығы – осы Мойын болса керек. Бұл тоқал Мойын туған соң, қалмаққа олжа болып, жау қолына түсіп кеткен. Нұрбайдан басқа қайсысы қалмаққа барады дейсің. Нұрбай барып алып келген. Тоқал қалмақтан екіқабат келіп, ер ұл тапқан. Алтай бабамыз: «Кенже қарам ғой!» – деп айтқандықтан, «Кенжеқара» – атанып кеткен. Қалың Алтайдың ішінде сонан да ұрпақ бар: бұл күнгеше «Кенжеқара» – атанады.

Мойынды таратайық

[Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық-Алтай – Мойын – Е.Ж.]. Алтайдан алтау: Алысай (Әлісай), Нұрбай, Әлике, Байдалы, Сайдалы, Мойын. Кенжеқара жер өмірден «Алтай баласы» аталып, есеп санға қосылған емес. Мойыннан алтау: Рақпанқұл (Рақбанқұл) Аманқұл, Сарша, Шаңай (Шанкей), Қареке (Қарике), Мұрат. Сарша – Шаңайдан: Итболды, Байболды. Рақпанқұлдан: Әлібек, Қалыбек. Аманқұлдан: Әжім, Мәжім. Әлібектен: Аралбай, Сармантай.

Мұраттан алтау: Әлмәмбет, Мырзамбет, Үмбет, Үкібас, Мәмбет, Таубұзар. Әлмәмбеттен төртеу: Жылқыайдар, Қожағұл, Қалқаман, Бекайдар. Бекайдардан үш қатыннан – тоғыз туады. Тоғызы да өсіп – онеді. Әлмәмбет – Мырзамбеттің қатынының аты: «Төмен бәйбіше» – атанған. Мырзамбеттен «Қошқар» – деген баланы тапқан. Мырзамбет өлген соң, бұл Төмен бәйбішені Бекайдар алған. Төмен бәйбіше Бекайдардан үш ұл тапқан: Елібай, Жайықбай, Теңізбай. Төмен

бәйбішеден кейін «Сәлия» – атты қатын алған. Мұнан туған: Төлебай, Дербес, Қожамсейіт. «Баяу» тоқалдан: Избасар, Баба, тағы біреу бар. Төлебайдан – Жиенәлі батыр: Абылай хан тұсында аруақты батыр болған.

Жылқыайдардан: Ақкісі, Жанкісі, Бердіс, Төлек. Бердістен: Жапалақ, Ботбай, Шымыр. Жапалақ батыр атанған, өзінде ұл жоқ, екі қыз болған. «Батырлық» – деген жылқы қуалап, ала бергеннен батыр атанбақ: Бәзіл, Боштайдың әкесі Тұрсынбайдың жылқысын алған. Жылқы соңынан бітім-тыным үшін барғанда: «Құдық түбі шыммен бекіп бітеледі, // Дау аяғы қызбен бітеді», – деген бар ғой. Жапалақ батыр Қосаяқ деген қызын Тұрсынбайға беріп, Тұрсынбай оны тоқалдыққа алып, кешегі ат атанған Бәйтен сал сол Қосаяқтан жалқы туған.

Жапалақпен бір туысқан Шымырдан – Бармақ. Бармақтан: Танаш, Қанай, Анай. Танаш қызы Ұлбаладан осыны жазып отырған Мәшһүр Жүсіп (Иосиф) туған. «Жерде қалмайды, жиенде қалады» – деген бар ғой. Жиенәлі батырға, Жапалақ батырға жаққан жұмыстар осы екеуіне көріне көзге жақты – басқаға жақпайтұғын қылықтар.

Сармантай тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық – Алтай – Мойын – Рақпанқұл – Әлібек – Сармантай. – Е.Ж.]. Сармантайдан – Мәулім бәйбішеден: Байдәулет, Келдәулет, Өмірзақ, Ерназар, Бекназар, Құлназар; Тотия тоқалдан: Алдажұман, Қаражігіт. Ерназардан – Алшағыр батыр, онан Бижан. Бижаннан: Шынтемір, Тыныбек. Алдажұманның Жұманының бәйбішесінен Қорам жалғыз. Мапа деген Бәсентиін қызы тоқалынан: Сәттібай, Сәті (Саты), Кошқарбай, Тәті. Бұл Тәті «Жақсы Тәті» – атанды: Қуандық-Сүйіндікте жалғыз қара болды, өз тұсында мұның алдына жан түспеді. Тәтіден – Азына, Сәттібайдан – Есмақай, Әбіл (Абыл). Қошқарбай немересі Ешмұхаммед қажы Тобықты-Құнанбаймен сапарлас болып, қажыға барып, қажы атанған.

Алтай: Тоқада он жеті мың жылқы біткен Алдажұман. Жұман байдың Мәулім дейтұғын бәйбішесінен – Қорам жалғыз. Жаздыгүні бай жылқысын көлден суартып шығарып, ауылына қайтып келсе, – үйінің қасында төрт-бес үй Бәсентиін қонсысы болады екен, – солардың бір үрпек бас, жалаң бұт, жалаң аяқ жүрген қызы үйінен

шыға сала отыра қалды дейді. Сонда сонын с...нің күрілдегенінен байдың аты үркіп, жығып кете жаздапты. Атын бұрып, тоқтатып алып, әдейі келіп, отырған жерін қараса, с...гі жерді қарыс айырып жіберген екен. Үйіне түссімен, жылқыға шаптырып жіберіп, бір тай алдырып сойып, түн ішінде ауыл-аймағын жинатып алып, сол қызды тоқалдыққа алыпты. Аты Мапа екен: төрт ұл туыпты – Сәттібай, Тәті, Қошқарбай, Сәті. Төртеуі де бөлекше болып туыпты. Тұңғышы – Қошқарбай, онан соңғысы – Сәті, оған тетесі – Сәттібай, кенжесі – Тәті. Бұл Тәті: «Жақсы Тәті» – атанған: Қуандық, Сүйіндікті бір ауыл, бір бауыр қылып билеген. Мұның баласы – Азына. Баяғы он жеті мыңның ұйтқысы Азынаның балаларына шейін келді.

Қошқарбай немересі – Алтайдан шыққан – Ешмұхаммед қажы Құнанбаймен сапарлас болып, қажы атанған. Сәттібай балалары: Есмақай (Исмақай), Әбіл (Абыл). Екі мың жылқысы бар Азына балаларымен партия болғанда, он алты жылқымен жүріп-ақ болыс болып шыға берген – Есмақай.

Қаракеде [Қуандық – Алтай – Мойынұлы Қаракеде – Е.Ж.] – Ақбура, Тоқбура дегендер болған. Тоқбурадан – тоғыз, Ақбурадан – алтау. Ақбура балалары: Арзықұл, Құдайқұл, Мендікұл, Жанықұл. Жанықұлдан: Аманбай, Аманжол. Аманжолдан: Мәмбет, Үрпек, Күшкбай. Мәмбеттің бәйбішесінен – Саңырық, бір қатынынан: Мұнайтпас, Қашаған, бір қатынынан: Тоғалақ, Сәтбай, Сәтек. Аманжолдың кара шаңырағы осы Сәтек орнында қалған. Кеше Мұса, Секербай заманында Сәтек асы атакты зор жиын ас болған. Айтбақының күрең аты бәйгесінің алдын алған, балуан бәйгесін Байдалының Мұстапасы алған. Саңырықтың бәйбішесі – Асан Тастемірқызы, аты – Ұлбала, онан он ұл туған. Тоқалының аты – Айымжан, мұнан үш ұл туған, бәрі де өсіп-өнген.

Қуандықтан – алтау, Алтайдан-алтау, Мойыннан – алтау, Мұраттан-алтау, Әлмәмбеттен – төртеу, Бекайдардан – тоғыз, Қошқардан – алтау; Қаракеде – Тоқбурадан – тоғыз. Аралбай – «Бекше» атанған Аралбайдан – тоғыз, Сайдалыда-Итқарадан – тоғыз, Тінәліде – Қарабастан – тоғыз, біреуі – Ерәлі. Бұл Ерәліден – тоғыз, біреуі – Сүріпкел. Сүріпкелден – тоғыз, біреуі – Мұсабай, Мұсабайдың бір баласынан тоғыз. Төрт атаға шейін тоғыз-тоғыздан туып келген – осылар. Қуандықтың өсіп-өнуі осылайша. «Біреу – теріс, екеу – кіріс,

үшеу – өріс, төртеу – дұрыс, бесеу – бес шокпар, алтау – алты бакан, жетеу – жеті ит! Сегіз болды, иттің күшігі болды, тоғыз – толық!» – деген. Біреудің терістігі сол: «Жалғыздық бір Құдайға жарасқан, онан басқаға жараспаған». Екеудің бірі өлсе, бірі қалады. Жалғыздың өзі өлсе, артында енесінің а...ынан басқа несі қалады?! Төртеу дұрыстығы: екеуі бірыңғай болса, қалған екеуі тағы бірыңғай болады, ың жоқ, шың жоқ, коя қояды. Жетеу болса, «Жеті иттің ауылы» – атанады. Үш жүздің баласы қазақты араладым: сегіздің онған жерін көргейім жоқ. Тоғыз не де болса, жаман емес, ең дәнеме болмағанда, өсіп – өнеді.

Арғын-Қаракесек шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Болатқожа (Қаракесек) – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар – Е.Ж.]. Бұл шежіренің жоғарғы жағында Қаракесек «Бес Мейрамның» бірі атанып, Болатқожадан өсіп-өнгендігін Шаншар абызға шейін сөйледік. «Шаншар абыздың үш қатыны болды» – дедік: Қызданбике, Айбике, Нұрбике. Қызданбикеден: Әлсай (Алсай), ол өскен жоқ. Айбикеден: Келдібек, Тыныбек, Есіркеп (Асыркеп), Жәнібек: «Төрт бек» – атанған. Келдібекке өз заманында Бегімсайық деген бір әулие атанған қожа кітап ашып, талайнама көтеріп: «Екі беті толған мең, екі емшегі екі сүйретпедей толық, бір аяғы ақсақ қыз ал! Солай қылсаң, тұқым-жұрағатыңнан құтты да туады, сүтті де туады, аруакты, бакыты ханға бергісіз би де туады!» – дегенменен қырықтан асқанша қатын алмай жүріпті. Бір ауып бара жатқан – Ахметкерей деген елден осы қыз табылыпты. Келдібек қатындыққа алыпты: Асан, Үсен, Балапан, Бөдене, Сәдібек, Қазыбек – алты ұл туыпты. Бұлардың: «Ақсақтың алтауы» – атанғандығы – сол. Шешелері балаларын емізгенде, бір емшегін баланың аузына салғанда, бір емшегін иығының үстіне асып отырады екен. Олай қылмаса, сүті жерге саулап кетеді екен. Асан, Үсен егіз туған екен: екі емшегінің сүтін егіз бала тауыса алмаған екен. Қазыбек жалғыз өзі-ақ сүйретпелерін керегенің басына іліп қоятұғын қылады екен. Үсен ұрпағын бұл күнде «Құланшы» – атаған.

Қазыбектің бәйбішесінен – Қазымбет, күң қатынынан – Бекболат. Қазымбеттен: Анай, Жанай, Қанай, Атымбай.

Қалдыбай қожаның өлеңі:

Қазымбеттің баласы Қанай, Жанай,
Орғаншысы – Атымбай, кенжесі-Анай.
Қараұзақ пен Сарыұзақ, Қарақалпақ,
Құлтекесін сұраймын әлдеқалай.

Қанайдан – Бәзіл. Бәзілден – Жылқыбай, Саржан. Саржаннан – Жаманкөт қажы. Жылқыбайдан: Қорабай, Шалабай. Жанайдан – Соқыр, Бибала. Анайдан – Жолшора, бұ да қазы болған. Бекболаттан – Тіленші би. Тіленшіден – Тоқсанбай, Алшынбай. Дөкей, ірі би болған Алшынбай би – осы. Алшынбайдың бәйбішесінен – Жүсіп, мұнан туады: Исламбек (Слэмбек), Тоғамбек. Алшынбайдың тоқалынан – Қақабай, бұл бес ағайынды болған.

Айбике ежелден толық бір болыс ел: «Қаз дауысты Қазыбек» туған соң, не кемдігі болсын?!

Нұрбикеден: Тілеуке, Бертіс. Тілеукеден – Шақабай, Жарылғап. Жарылғап: «Бай Жарылғап», «Ұры Жарылғап», «Бек Жарылғап» – атанған. Бектігі – жұрт үстінен жарлық жүргізіп, бек болған емес, өз үйінде өзі хандарша салтанатпен отырады екен. Жарылғаптың бәйбішесінің аты – Маңқан бәйбіше: төрт ұлы бар: Жоламан, Тастемір, Атыбай, Кенжебай. Жоламан: «Он алты ұлды Жоламан» – атанған: бәйбішесінен: Ақтанберді, Құлшығаш (Құлшипаш). Ақтанбердіден – Жанысбай, оның ұрпақтары Дегеленде болады. Жоламанның екінші қатынынан «Жеті сары» ең тұңғышы – Тоқтамыс, Тайкелді, Көбдік, Құл, Көкім, Монтақай, Қойсоймас, – бәрі де өскен-өнген. Қойсоймастан: Кешкел, Толыбай, Шоңай, Шумақ, Баймұрын. Баймұрын «мырза» атанған, «жын мырза» емес, «шын мырза» болған кісі. Баймұрыннан: Шотак, Матақ, Жаманай, Ақай – бұл төртеуі – бәйбішеден; Қоржынкұл, Дүйсек, Бейсек – бұл үшеуі бір қатыннан; кенже тоқал Шайданнан: Жұбаныш, Әбдіш. Ақайдан – Мақат қажы, Хасен болыс.

Тілеуке – Бертістің Бертісі: «Он жеті ұлды Бертіс» – атанған. Он жеті ұл ат арқасына мініп, соңынан ерген соң, «жалғанның жарты пәлесі» болған, басына құстың қауырсынын қадап алып: «Қарқаралыхан Бертіс» – атанған. Ташкентті барып шапқан, талаған. Мұны Бұхар[а] ханы естіп, соғысуға келген. Сонда Бертістің Бұхар[а] ханына айтқан сөзі:

– Он жеті ұлым бар, сен түгіл Құдайдың да өкпесі қабынып, алса да, зорға алар! – депті.

Бұхар ханы:

– Мынау Құдайдан қорықпаған екен: «Құдайдан қорықпағаннан қорық», – деп еді! – деп, қайтып кетіпті.

Бертіс үйіне келіп түскен соң, он жеті ұл үш күннің ішінде ақ тышқақтан сап болыпты. Бертіс дым сызбай, ас-су ішпей, теріс қарап жатып алыпты. Сол заманда Қаракесек ішінде «Бегімсыйық» (Бекмысық) атанған әулие қожа бар екен. Өзі сыйынғанда: «Сакмар баба!» – деп сыйынады екен, «Сакмар баба!» – деп жүргені: Шайныхан таһүрдің (тауырдың) әкесі Шайхы Ғұмар баба екен. Соның жұрағатынан шыққан қожа екен. Бертістің балаларына бата, өзіне көңіл айту үшін Бегімсыйық кіріп келгенде, жанға басын көтермей жатқан Бертіс ұшып тұра келіп қожаға қол беріп:

– Сенің әулиешілігіңе сенемін деп, жоқ жерде асылық айтып ұрылып қалдым-ау! Сенің әулие еместігінді білсем, айтпайтын едім! – дегенде, Бегімсыйық:

– Теректің өзіне түскен өрт еді, бұтағына қағып жібергендігім – о да қолдағаным емес пе?! Тұр, бір тоқал ал: үш ұл туады. Бірінің атын Бектемір қой: беклік, байлық үрім-бұтағынан тепкілесе, кетпейді. Бірінің атын Қызылқұрт қой: құртша құжынап, битше быжынап, мал бітеді; үрім-бұтағы бай болады. Бірінің атын Әуез қой: байлық мұның ұрпағында да болады, бірақ сылдыр моншақ, секекшіл ертеңгі уәдесі түске жетпейтұғын болады. Солардың ұрпағы күні бұл күнге шейін Бегімсыйықтың айтқанындай болды да қойды.

Қаракесектің сөйлемпаз, сөз тапқыштары осы Бертіс ұрпағынан болады. Бектемірден туады: Битен, Шитен, Мүшеке. Мүшекеден – Қазанғап. Қазанғаптан: Тәттімбет, Ерімбет, Жақсымбет. Тәттімбет Мұса-Секербай заманында Қаракесекте үштің бірі болып, атағы шыққан. Өзі бай, өзі өнерлі, өзі бет біткеннің сұлуы, өзі шешен, айыр көмей темір жақ, домбыра тартып, ән қосқанда, алдына адам түспеген. Күні бұл күнге шейін «Тәттімбеттің сылқылдағы» – десіп тартады. Құлатай, Қожатай, Қантай, Тонтай, – олар да осы Бектемірден шыққан: байлықта бірінен-бірі өтеді, соның ішінде Тонтайдың сөйлемпаздықпен аты шыққан.

Қаракесек ортасында айтылып жүрген сөз: «Айбикенің ауылына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон!» – деген. Және Қаракесек ішінде «Қарашор», – атанған ел бар: «Қараға қонғанша, далаға қон, // Далаға қонба, молаға қон!» – деген.

Қаракесек шежіресі басы

[Жанарыс – Қаракожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Болатқожа (Қаракесек) – Е.Ж.]. Қаракесектің шын аты – Болатқожа, әкесінің аты – Мейрам сопы, шешесінің аты – Қарқабат. Онан туған, мұнан туғаны толып жатыр: Шұбыртпалы, Шекті, Қамбар, Жалықпас. Қыздай алған қатынынан туған: Ақша, Түйте. Түйтеден: Майқы, Танас. Майқыдан: Әлтеке, Сарым; Танастан: Тымырсық, Сары. Тымырсықтан – Бөтей, мұнан туады – Қарашор. Бошаннан [Қаракесек – Ақша – Бошан – Е.Ж.]: Жанту, Таз, Байбөрі, Манат, Машай – «Бес Бошан» осылар. Жантудан – Токтауыл, Таздан – Наманай, Бұлбұл. Байбөріден-Қойке, Қыдыралы, Кедей; Манаттан-Қоянкөз, Тұрым; Машайдан – Байымбет, Бораншы. Байымбеттен – Дәулет, Қуаныш, Тағай; Бораншыдан – Қарсұн, Тілеуберді. Тілеубердіден – Керней. Бұлбұлдың екі қатыны: Қаракемпір, Құбакемпір. Құбакемпірден – Күшік, Алдияр, Көшім, Құдайберді, Үсен, Шаншар. Бұл Шаншардың үш қатыны болған: Қызданбике, Айбике, Нұрбике. Шаншар – «абыз» атанған кісі.

Болатқожадан: Ақша, Түйте. Ақшадан – Бошан, Бошаннан бесеу: Жанту, Таз, Байбөрі, Манат, Машай. Жанту ұрпағын бұл күнде «Токтауыл» – атайды. Байбөріден – Қойке, Қыдыралы, Кедей. «Қыдыралы, Кедейміз, // Қойке келсе, не дейміз?» – деседі екен. Манаттан – Қоянкөз, Тұрым. Машайдан: Байымбет, Бораншы туады. Байымбеттен: Қуаныш, Тағай, Дәулеткерей. Бораншыдан: Қарсұн, Тілеуберді. Тілеубердіден – Керней. Кернейден төртеу туады: Дау, Шаң, Балапан, Самырза. Бұл күнде Дау – сегіз старшын ел, Шаң – үш старшын ел. Балапан – бір старшын ел, Самырза, бар болса, он шақты үй. Даудың бәйбішесінен – Қалқаман, тоқалынан – Балта, Түйте. Түйтеден – Жарылғап: «би Жарылғап, батыр Жарылғап»-атанған, Қаракесекте ірі, дөкей болған Жарылғап Қанжығалы – Бөгембай батырмен замандас болған. Бөгембай батырдың кенже қызы Борсылдақты тұңғышы Қырбасқа алып берген: Қырбас жеті қатын алған. Жарылғап балалары: Қырбас, Жәнібек, Сәдібек, Баубек. Әкесі-Қырбас, шешесі – Бөгембай қызы Борсылдақ: бұл екеуінен Байсейіт жалғыз туады. Байсейіттің қатыны – Зылиқа Шәндекенқызы (Шәндекен). Бұл мейлінше сұлу болады: «Жүйріктің тері кеппес, сұлудың жидіген кара елтірісі кеппес», – деген бар ғой. Кернейдің екінші баласы – Шаң. Шаңнан – Сүйіндік, Сүйіндіктен – Жомарт. Жомарт балалары: Бәйтік, Тәйтік. Осы Бәйтік

пен Зылиқа ойнас болады. Қыстыгүні Қырбас ақсақал жалғыз баласы: «Байсейіт үйінде жоқ, бір жаққа кетіпті», – деп естіген соң: «Келіп-кепшік, бала-шаға қорқар!» – деп, баласы Байсейіткіне конуға келеді. Шетірек оңаша қыстаған екен. Зылиқа байғұс қандай жылпың, жылы-жұмсақ тамаққа тойғызып, күн борансымақтау ма немене:

– Өзіңіз жоқта ауыл-аймағыңыз малдан айрылып қалады ғой! – деп, атасын аттандырып жібереді: себебі Бәйтікті оңаша күтіп алу үшін. Қырекең ауылын таба алмай, далада адасып өледі.

Қырбастың бір інісі Жәнібек еді ғой: онан жеті Сейіт туған. Жеті Сейіттің біреуі – Ақсейіт, бұл Ақсейіттен Құлжамбек туады. Күні кеше жаңа законда Құлжамбек болыс болып, Қарқаралыға қараған жиырмадан аса болыстың қақ маңдайы болып тұрғанда, Айбике болысы Саржан баласы Жаманкөт екен. Қарқаралыда тамам болыстың бас қосқан съезі (сейезі), жиылысы болып, болыс – билер бір үйде бас қосып отырған үстіне қырдан-даладан келген бойымен оранып, шымқанып, үсті-басы қар, кіріп келеді. Құлжамбек мұнысын ауырлап қалады: «Ауыз үйге шешініп, киімін тастап келмеді» – деп:

– Осынша оранып, шымқанып, жалғыз сені үсік алып бара ма? – дейді.

Онда Жаманкөт:

– Ойбай (ойбой), Құлжеке, о не дегеніңіз, Қырекем бізді күтінгендей қылып кетті ғой! – дегенде, Құлжамбек төмен қарап, жер шұқыпты да, отырған болыстар ду күлісіпті. «Сөз сөзден туады» – деген-осы: Жаманкөт марқұмның бір ауыз сөзінен – атам заманда өлген Қырбастың қай түрлі өлгендігін жаздырды. Қырбастан – Байсейіт, Байсейіттен – Нұрлан. Нұрланнан – Омар. Омардан – Садуақас: отыз жеті жасында өлді – Ақшатау болысы болып тұрған күнінде. Бұл Садуақас та өз заманындағы адамның сұлуы еді. Зылиқаның тамыры Бәйтік ұрпағынан – Қарашолақ балалары: Адамбай, Тұрсын шықты. Керней деген елде Жарылғап данқты болды: Оның ұрпағы Байсейіт те бай, Нұрлан да бай, Құлжамбек болыс, Садуақас болыс. Олардан кейін: Адамбай, Тұрсын.

Қарсұннан-Есенаман, Наурызымбет, Жүзей. Есенаманнан: Қыдыр батыр, Асан, Қалабай. Қыдыр батырдың жас баласы құрттай күнінде қалмаққа олжа болған. Қайып деген бір төренің баласы, о да қалмаққа түсіп кеткен. Қыдыр батыр қалмаққа жеті аттанып, барыс болған: жеті

барғанда, жеті бала ұрлап алып келген. Қалмақ сонан соң елші жіберген: «Біздің балаларымызды алып келгендеріне балаларын қайырып береміз!» – деп. Қалмақ балаларын алып, Қыдыр батыр мен Қайып төре қалмаққа барған. Қалмақ:

– Бізден қазақтан олжаға түскен жалғыз-ақ бала бар. Қолына асықты жілік ұстатып, орталарыңа жібереміз. Бала қайсыңның қасыңа барса, соның алыңдар! – деп, баланы орталарына жібергенде, бала келіп Қыдыр батырдың қасына отыра қалды дейді. Сол баланы Қыдыр батыр алып, атын Орынбай (Орұнбай) қойыпты.

– Бұл баланы алатұғын жол менікі еді: төре тұрғанда, қара алушы ма еді?! – деп, Қайып төре өкпелеп, бөлініп ауып кетіпті. Орынбайдан бесеу: Нұрпей, Өмірзақ, Қарақұла, Құлыншақ, Тобышақ (Түбішақ). Нұрпей баласы – Садырбек. Садырбек баласы – Ақжарқын. Қошқарбай, Бимұрат, Әлмұрат – Ақжарқын балалары. Өмірзақтан – Қуатбек, Құрманбек. Қуатбек балалары: Қасымбек, Мұсабек. Құрманбек балалары: Бикадам, Байқадам, Сүйкінбек, Мырзағұл. Тобышақтан-Кәрібоз жалғыз, онан Әбді жалғыз. Ақжарқын сегіз ағайынды. Белкожа Қарықбай баласы – Нұрпейдің ең үлкені. Осы Орынбай біздің бұл жақтағы Сүйіндіктен қалмаққа олжа болып қалған бала. «Оны қайдан білесің?» – десең, Орынбай ұрпағының мінезі өзге қазақта жоқ: бір қақайса, болмайтұғындығы, кедейлігі, сопылық, тақуалыққа(тақуалыққа) айналғандары (айланғандары); қолынан дәнеме келмейтін жаманына бірдеме десең, бір жылғаша есігіңнен қарамайды.

Біздің бұл Сүйіндікте Орынбайдың бір туысқан үш інісінің ұрпағы бар. Ол інілерінің аты: Ақжігіт, Жанжігіт, Қармыс. Әкелерінің аты – Бесім, шешелерінің аты – Бөктік бәйбіше. Орынбай ұрпағында молда болса, ауруға үшкіріп, дем салатұғын; оқымаған әми болса, тамыр ұстап, құмалақ салып, ұйқы-тұйқы болып жүретұғын шәлдірік, дерт қарайтұғын да бар шығар және бір үйден шыққаны бетімен қаңғып кететұғын кезбе, жындысы да болады.

Күлік – Тілеуімбет ішінде Бесім қатыны Қыпшақ-Қатықұлақ мерген қызы Бөктік келіншек күнінде қалмаққа түсіп кетіп, екіқабат буаз екен, ер ұл тауып, бала тамақ ішуге жараған соң, өзі жаяу қазаққа қарай қашқанда, баласына ине шаншып кетіпті: «Қалмаққа құл болып

жүргенше, өлсін!» – деп. «Сол бала өлмей, тірі болып, өлмей қалып, өсіп-өніп кетіпті!» – деп, құрттай бала күнімізде естіп едік. Оның қайда жүрні өсіп-өнгендігін қартайған кезімізде естіп қандық. «Күресерге дәрмен жоқ, // Іш қазандай қайнайды» – деп, текке қайнап, бармақты шайнап отырмыз. [Сонда, біздіңше, Қаракесек ішіне сіңген Күлік – Тілеуімбет немересі Бесім ұлы Орынбай онда мынадай тізбек соңында орын алады: Қаракесек – Ақша – Бошан – Машай – Бораншы – Қарсұн-Есенаман – Қыдыр – Орынбай-қалмақтан алып асырап алған бала].

Қояншы – Тағайдың: Қояншысынан – Бозтайлақ, Қайыпберді, Жемсейіт, Қаратеке, Балық. Бозтайлақтан-Медет, мұнан-Қарақай, мұнан – Баймамыр. Балықтан – Сағаман, мұнан – Лекер. Қуаныш – Тағайдың Тағайынан: Тастемір, Жетес. Тастемірден-Еділбай. Жетестен – Сазанбай, Тілеміс, Өміртай, Кешубай. Сазанбайдан: Есбай, Жарбай. Есбайдан: Бөде, Қарақшы. Күні кеше Мұса-Секербайдың заманында тамам қашқынға баспана болып, «Бөде қарақшы» – деп, атағын шығарды.

Қояншы – Тағай: Бұғылы-Тағылының Тағылысында болады: үй ағаш[ын] жонатұғын кедейі көп ел.

Өмірбайдан: Құтан, Құлмырза. Құтаннан – Төкентай. Төкентайдан: Ақжан, Жаумам. Төкентай – Қотырдың Қотырынан – Жанзақ, мұнан-Қуандық.

«Бес Бошанның» біреуі – Манат. Манаттан – Ыдықбай, мұнан: Қоянкөз, Торым. Торымнан – Абыз, Байымбет. Абыздан – Есімбай. Есімбайдан – Дәулет, Қыстаубай, Құрдобай, Бексейіт, Бердікұл. Байымбеттен: Ниязқұл, Қойғұл, Жарқынбай. Ниязқұлдан: Жамболды, Қойғұлдан: Әйтеке, Керейбай, Таз, Байтөбет, Еркеш.

«Бес Бошанның» біреуі-Жанту. Ол Жанту – Тоқтауыл баласының көптігі сондай: көшіп келе жатқанда, бір баласы түсіп қалып, балаларына тамақ үлестіргенде, бір аяқ (ыдыс – Қ.Ж.) артылып қалып: «Бұл аяқтың ас ішетұғын иесі қайда?» – деп, сонда жоқтап, ол баланы Алшын тауып алып, бала қылып асырап алып, – Арғын болып бас қосып дауласып, бір Тілмәмбет деген жан беріп, асырап-сақтағандығы үшін, торы ат беріп, сонан: «Торы» атанған. Сонан бұл күнгеше атын кісі білерлік жан шықпаған бір жұрағат баяғы «Тоқтауыл» аттан айрылмайды. Болатқожаның бел баласы: Ақша, Түйте [2].

Найман шежіресі

Жанарыстың бәйбішесінен туған төрт қожаның бірі – Қаракожа: онан – Арғын дедік. Бірі – Ақкожа: бұл Ақкожадан – Найман, кейбір сойлеушілер Момынқожа дейді. Найманнан жалғыз бала – Шұбартай. Бұл Шұбартайды да зарығып көрсе керек. Шұбартай қыршын жастай өліп, келіншегі жесір қалса керек. Сонда Арғынның көп балалары: «Мен алам!», «Мен алам!» – деп, таласты дейді. Қатын:

– Мен тоқсаңдағы атамның көзіп бақырайтып, тірі тұрған күнде жалғызының жайрап қалғандығының үстіне күңіреніп ешқайсына ти-меймін. Мына тоқсаңнан асқан атамның бір атары бар шығар, – деп, – құрбы-құрдастарына жалынды дейді:

– Атамның сиген жерін байқандар, сідігі көпіре ме екен? Жерге із салуға жарай ма екен? – депті.

Сонда байқаған біреу айтыпты:

– Із салуға жоқ, бірақ көпірді, – депті.

– Бір атары бар екен. малды аямай беріп, бір кедейдің жалаң бұт қызын қойнына жатқызындар, – дегеніммен, бір қыз алып беріп, қойнына салған екен.

Жұмыс үстінде өкіріп өліпті. Найманның «Өкірек шал», – атанған себебі сол деседі. Шал өлді, қыз тірі қалды. Қыз сол жұмыстан буаз болып, ер ұл тауып, атын Төлегетай қойыпты. Шұбартайдан жесір қалған келін осы Төлегетайдың өсуін, ер жетуін күтіп қалыпты. «Арғын алты ауыл болғанда, Найман жалғыз-ақ үй екен!» – делінген сөз ертеден айтылып жүретұғын.

Төлегетай (Төлакатай) сол заманда жұрт аузында әулие аталған, Қылыш қожаның қойын бағып, қойшысы болған. Қылыш қожада ұл жоқ, жалғыз қызы бар екен. Қыз жасқа толып бой жеткен соң, сартсауаның байлары құдалық сөйлесіп, балаларына Қылыш қожаның қызын айттырмақшы болып, анауы да, мынауы да қалың мал беруге қожаны қызықтыра бастағанда, қой бағып жүрген Төлегетай қойшыларға айтқан екен:

– Бұл қазақ қатынсыздан өлейін деп жүрсе, қожа қызын сартқа береді-ау! – депті.

Қойшылардан бұл сөзді естіген соң, қарқ-қарқ күліп:

– Рас айтады, сөз Шұбартайдың төлеуіне келген тілеу тайымдікі! – деп, Төлегетайға қызын қосыпты.

Өрнайман, Қаракерей, Садыр, Матай – Төртуыл – қожа қызынан туғандар. Баяғы сарғая-сарғая сақтап, тосып отырған жеңгесін алып, онан бір ер ұл туып, атын Қытай қояды.

Төлегетай Қылышқожаның қызын алған соң, бай болды, әр нәрсесі сай болды. Бір асқа ат апарып қосып, аты алдында келіп, бәйгесіне бір күң келіп, ол күнге өзі аяқ салып, онан бір ер ұл туып, атын Сүгірше қойды. Күңнен туған Сүгіршені Қытай айбалтаның астына алып, өлімші қылып тастағаннан, Қытай: «Балталы» – атанды да, «Бағанағы қайтты, бағанағы қайтты!», – делінгеннен, Сүгірше: «Бағаналы» – атанды. Шу бойында болады, Атбасар дуанына қарайды: «Бағаналы», «Балталы» – атанған Найман – солардың ұрпағы.

Бұрынғылар айтады екен: «Алшын болсаң, Адай бол, // Арғын болсаң, Алтай бол, // Үйсін болсаң, Сиқым, Жаныс, Ботбай бол, // Найман болсаң, Қаракерей, Матай бол! // Өзгең қалай болсаң, солай бол!» – дейді екен.

Қаракерей тарауы

[Жанарыс – Аққожа – Найман – Шұбартай – Төлегетай – Қаракерей – Е.Ж.]. Қаракерейді сөйлейік. Қаракерей баласы: Ерторы, Байторы. Ерторы баласы: Қызылым, Жиренім. Жиренім баласы-Байасық (Байсыйы), өздері беске бөлінеді: Мыңдыбай (Мендібай), Төбет, Жаңғұлы, Жаңбыршы. Жаңбыршыны: «Ақбелбеу, – деп атайды, Қарамолда – үш қатынның баласы. Бұларды: «Семіз Найман» – дейді.

Байторыдан: Тайлақ, Жайнақ, Айрам, Майрам. Айрамнан-Қожамбет. Майрамнан-Байыс. Байасық малы қолға түссе, Байыс ата малындай көріп, төлеу бермей кетеді екен. Байыстан бесеу: Сыбанқұл, Ақымбет, Мәмбетқұл, Сары, Тоқабай. «Тоқабай Сарыны сәнге сабайды» – делінген сөз мәтел болып қалған. Тоқабайдың жуаны – Кегенбай бай ел болады: «Білсең, Кегенбаймын, білмесең, Дегенбаймын», – дейтұғыны тағы бар. «Қаракерей Қабанбай батыр – осы Тоқабайдан, онан бергісі Кегенбайдан шыққан», – деседі.

Байыстың бір баласы – Сыбанқұл: бұл «Сыбан-Найман» атанды, бір баласы – Мәмбетқұл, бұл жасында асқа өкпелеп, қыржиып отыра бергеннен, «Қыржы» атанды. Және бір қатыннан: Алдаберді,

Әлмәмбет. Әлмәмбеттен-Шораңтай. Шораңтайдан: Мұңайтпас, Тума. Мұңайтпастан – Токпак. Токпак, Тума – екі болыс ел. «Мақта апай» – деген бір ұрғашы аты шыққан. «Байыспен бір туысқан – Майрам қызы», – деп біреу сөйлейді. [Оны] Түркістандық-Тоқтар қожа алып, екі бала туған: Жанжігіт, Байжігіт. Байжігіт Мақта апайдың қолында қалып, Жанжігіт қожаға еріп кеткен» – деседі. Байжігіттен өрбіп-өнген сегіз болыс ел Темірсу бойында. «Байысұлы Ерсары – Мұрын» – атанған ел осы Ерсарыдан өскен», – дейді. Мұрын – Ерсарының бәйбішесі, аты «Ақбике» екен, мұрыны зор болғандықтан, байының аты қалып, бәйбішенің мұрнымен атанып кеткен. «Мұрында сегіз болыс ел бар» – деседі. «Мен көппін!» – деп, Байжігіт: Қызайдың Байжігіті мақтанады. «Мен көппін!» – деп, Мұрын-Сыбанның Мұрыны мақтанады. Үй саны мен жан санына қарағанда, Мұрын көп.

Жоғарғы Матайдың үш баласы: Аталық, Кенже, Қаптағай. Күллі Найманға ұран болған Қаптағай – осы. Аталықтың қатынының аты – Қызай: мұның атымен тұқымы «Қызай»-атанды. «Білсең Қызайыңмын, білмесең, Құдайыңмын!» – дейтұғын есер осының ұрпағынан шыққан. Байжігіт, Жанжігіт, Бура, Көкжарлы.

Аталықтан – Иманғали, мұнан – Бактүйіс (Бактойыс), мұнан – Елтынды. Елтындыдан: Байназар, Қожас. Қожастан: Еске (Ебіске), Жұртшы (Жортшы), Қоқан, Жырық, Орыс, Тоғыс, Жылқыайдар.

Қаптағайдан – Жарылғамыс (Жарылқамыс), мұнан: Лезіңке, Жиембет, Сүйін, Болы[с]... – төртеуі де қара екен, сондықтан бұлар «Қара» атанды. Ақтаз деген бір бала ғайыптан келіп, еншілес болған екен. Мұнан: Әжім, Жұмық, Тіней, Сейіт, Балықшы, Қармақшы.

Әуел басында Жеке батырға жекеліктен келген – Шоштан[нан] : Бесбала, Жабай. Шоштанның қызынан жұртта туып қалған – Тоңболат, Төншікболат. Мұнан-Баскөнек. Мұнан Боқыш, Мәмбет болған. Боқыштан-Сары, Сарғалдақ. Мәмбеттен – Қарауыл. Сарының «Аққыз» деген бәйбішесінен: Әзіке, Шағыл, Жауқашты, Бодық. Сарының – сарт қызы қатынынан: Асан, Шоңшықыр (Шоңғыр) болған, Үйсін қызы – қатынынан Бекболат туған, – «Кебеп» – деген қатынынан: Кәрішал, Қодас туған. Бір шеті Шу мен Сарысудың аяғы – Телікөл, Тата, Ащыкөл, Саумалкөлде; бір шеті Есіл бойында – Атбасар дуанына қараған Наймандар.

Қыпшақ шежіресі

Бұрынғы қариялар Орта жүзді: «Жеті арыс», – деп сөйлейтұғын: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уак, Тарақты. Қыпшақтан Шулым (Шойым) алып, мұнан Ақкөбік алып, мұнан «Мүйізді Сары» алып, мұнан – Тоқтар, мұнан-Қобыланды.

«Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық» – атанған аталары бар: «Бесеуі бір туысқан», – деседі. Кімнен туып, өсіп-өнгенін айырып білуші болмады. Бұрынғылардан айтылып жүрген бір сөз бар еді: «Қыпшақ бұзады, Арғын түзейді», «Қыпшақтың Қарасы ашуланшақ, омырау келеді; Сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді». «Жақсы кезеңге таласады, // Жаман отыратын орыннан адасады. // Жақсылар басын қосқанда, әңгімені кезек-кезек айтса, сонда жарасады!» «Екі жақсы ірікпес (ерікпес), екі жаман бірікпес», – бір жүйріктің аузынан шыққан сөз. Оның арғы жағы кімнен туып, қалай өсіп-өнгендігінде нем бар? «Естіген құлақтың жазығы жоқ» – деген, естігенімді сөйлеймін.

«Бес таңбалы Қыпшақтың аналары айтқан екен» – деседі:

– Ұзын бітті (бетті) бойыма; ерлік, батырлық толды үйіме (ойыма) – депті. «Құл (қол) таңбалы ұзын Қыпшақ», – атанады: Атыс, Кедел, Бердікей (Бірдікей), Қырықжігіт.

– Бұлтың бітті бойыма, көптік (көптегі) толды үйіме (ойыма) – депті. Әліф (Алып) таңбалы Бұлтың Қыпшақ жақтан басады. Бұғыс, Орыс. Бұғыстан – Жолаба. Орыстан: Төбет, Құлатай, Мадияр, Қодас.

– Торы бітті бойыма, кемшілік (кемшелік) толды үйіме (ойыма) – депті. Мойын таңбалы торы Қыпшақ таңбасын мойыннан басады. Тойышке (Түйішке), Қитаба көк мұрын шашты.

– Балық бітті бойыма, байлық толды үйіме (ойыма) – депті. «Қарын таңбалы қара Балық» – атанады. Таңбасын қарыннан басады. Көсеу таңбалы көлденең (көлденеңшек) Қыпшақ бар. – Бұлардың бәрін «Бес таңбалы», – дейді.

Ел аузында ежелден айтылып келе жатқан әңгіме – Қаракыпшақ Қобыланды батыр. [С]ондықтан ойлаймын: «Қара, Сарылар Қобыландыдан бұрынғы аталары [бо]лады-ау!» – деп.

Бұл Қыпшақ екеу. Бірі-Шайхы Бұрқы диуананың дуасымен бір кісіден тоқсан екі ұл туған, бәрі де өсін-өнін, ел-жұрт болған. «Қытай

көп не, Қыпшақ көп пе?!» – делінген Қыпшақ – осы. Бұл Қыпшақ та Мұғыл – Татардың Мұғылынан шыққан.

Бірі – Арғын – Қыпшақтың Қыпшағы, мұнан шыққан-Қобыланды батыр. Бұлтыңнан: Бұғыс, Орыс. Бұғыстан – Жолаба, Жолабадан-Есенкелді, Әбілқасым. Орыстан: Төбет, Құлатай, Мадияр, Қодас (Қодыс). Төбеттен: Еламан, Қосайдар. Құлатайдан – Қоскел. Қоскелден: Қареке, Нарбота, Әжібай, Асан, Әлібай. Қодастан: Жарымбет, Қосқұлақ. Еламан – Қосайдардан – Секен, Қожан. Секеннен – Бегалы. Бегалыдан – Тілеуберді (Телеуберді). Қожаннан – Сүйеркұл (Сүйіркұл), Сүйеркұлдан: Үмбетей, Жарылғап, Есіркеп, Егізек, Сейтімбет, Ақпейіш, Айтқұлы, Күрлеуіт. Сейтімбеттен – Борбас, Күрлеуіттен: Нияз, Қожамжар, Алдаберді. Айтқұлыдан: Құттыбай, Қойбас, Жарас.

Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Суғыншы – Шуманақ – Құлболды (тоқалынан болу керек) – Ақбура – Е.Ж.]. [Ақбура]: Аққошқар, Тілеулі, Жетібай, Кенже, Көкен. Орынбай, Алтай – Аққошқардан. Аққошқардан – Қаралтай (Қара Алтай). Қаралтай балалары: Мұратай, Шәуке, Байшуақ, Жарқынбай, Қарқынбай, Мырза.

Шәуке балалары: Қарсұн, Керней, Байбөрі, Көшім, Шаншар, Қазыбек; тоқалынан: Бекболат, Тасболат, Тасыбай. Қарқынбайдың бәйбішесінен-Тоқтар, мұнан Ақберген, Әйкен (Айкен). Екінші қатыны Қаниядан – Алдоңғар, Төлембек. Төлембектен – Намазалы, мұнан-Молдатай. Қаралтайдың тоқалынан: Ербай, Бөрібай ақын, Қыпшақбай. Бөрібай ақыннан-Қобылан ақын.

Мұратайдан: Майқы, Төлеміс. Майқының «Ерке» деген қатынынан – Құттыбай, Құлжан, Жаныс. Мұнан – Қыдырбай, мұнан-Әбділда. Майқының Күнбектен: Сәрсен, Бошан, Бұжқан, Дүйсенбай.

Жетібайдан – Есен тентек. Есен тентектің балалары: Ербай, Батырбай, Қарамырза, Балта, Атабай. Ербайдан – Шанышқұл, мұның балалары: Бабыр, Қожақ. Қожақ баласы – Есір. Батырбайдан: Балғажан, Қожа, Қошай. Балғабайдан – Мәдібек, Мәдібектен – Қайып. Қайыптан:

Әбен, Ахмет. Бұл екеуінің шешесі – Шүрегей (Шүркей) – Ыстықмұрт: Мұстафа қызы. Бұқабай, Өгізбаймен бір туысқан. Ахмет баласы – Сұдыр Мағзұм. Қарамырзадан-Жиылған (Шиылған), онан – Нәкібай балуан. Ербай, Батырбай ел жайлауға көшіп бара жатқанда, қорасаннан өлген. Ащы бойында Құрттыда моласы бар, қасында – Шанышқұл бар – үшеуі бір жерде. Шалеке балалары: Мыңбас, Жүзбасқа ұлт болған. Күні бұл күнге шейін Ербай атында қалған.

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Ақбура – Аққошқар – Қара Алтай – Шәуке – Керней – Е.Ж.]. Кернейден – Елубай, мұнан туады: Әбіжан, Қайке. Әбіжаннан – Әбділда. [Шәукеұлы] Қарсұннан – Сырлыбай, онан – Шәйке хәм Уызбай. Шәукеұлы Байбөріден: Жантас, Айтас, Қанжығалы. Жантас-тан – Ташкенбай молда, Айтастан – Әбділда, Айділда. [Айділданың] екі баласы бар: Әлихан, Ибаділда. Қазыбектен [Шәукеұлы] – бір ұл, бір қыз, бұл екеуінен де тұқым-нәсіл жоқ. Бекболаттан [Шәукехан] – Лекер: «Шалқыма диуана» – атанған, қажыға (хажыға) барып өлген. Мұның баласы – Ғисабай диуана, мұнан үш бала бар: біреуінің аты – Әліш, біреуінің [аты] – Әбубәкір: балалары: Айтмұхаммед, Арыста[н]. Байшуақтан [Қара Алтайұлы] – Ботбай, мұнан-Дәулет, мұнан – Қазыбек, Қаратай.

Жатар, Тұрар екі ағайынды: Жатардан тұқым жоқ. Тұрардан Жақып. Жақыптан – Еділбай қажы, Ақшал. Еділбай қажыдан – Нұрғали. Тұрардан алтау: үшеуінен тұқым бар, үшеуінен жоқ. Бұл Жатар, Тұрар-Қарқынбай мырзаның [Қара Алтайұлы] құл-құтаны. Жарқынбайдан [Қара Алтайұлы]: Бұзау, Күшік, Төбет, Ималақ. Бұзаудан: Бекше, Ақылбек, Ақшабай. Бекше баласы – Нұржан, мұнан – Баймыш.-

Орынбайдың (Орымбайдың) бәйбішесінен-Бекбірлі; тоқалдан – Жанмырза. Бекбірліден бес бала: үлкені-Баймырза. Баймырзадан – Төкі, мұнан-Жұмаш. Таяжан, Мұнғатолла (Рахметолла), Аждар-Жұмаштың үш баласы.

Тобықты шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Мейрам – (Момын деген тоқалынан) – Кенжесопы – Тобықты – Е.Ж.] «172[3]-інші жылда Ақтабан шұбырынды болды!» – деп, «Қалқаман-Мамырда» айтқан. Мамай – Тобықтының бір табының атасы, өзі – Жұмағұл баласы Мырза, Мамай – екі кісінің аты. «Қабекен» – Кенгірбай биге қойылған ат. Қабай делінген – Абай дегендей – Жуантаяқ – Тобықтының бір тап елінің аты. «Қанжығалы – Боқтыбайдың жасауын ұрлаған осы Мырза-Мамай екен», – деседі. «Көп Арғын шауып, талап алады!» – деп, Найман ортасына ауып барған. Солай болғаны үшін – «Еңлік-Кебек» жұмысы болған уақытта Арғынға беттей алмағаны. Сол Тобықты – Құнанбайдың бір шешелері: «Елтикатын» – атанған. Осы Елтикатын – Өскенбайдың шешесі, Ырғызбайдың қатыны. Ырғызбай, Жігітек, Боккөт, – бұл үшеуі – Олжайдың балалары, сондықтан бұларды: «Үш Олжай» – деседі. Бірі – Өскенбай тұқымы – Құнанбайлар. Бұл Ырғызбайдан. Бірі – Жігітек тұқымы. Мұнан он бір жыл бұрын Құнанбаймен қағаздасқан Бөжей шыққан, Базаралы, Бағаналы, Қарымсақ, Шопандар шыққан. Бірі – Боккөт тұқымы, мұнан: «Соқыр» Оразбай шыққан. Қаракесек Жарылғаптан шыққан Балта ақын өзінің бір немере қарындасын алып қашып, Құнанбай еліне барып, қатын қылып алып кеткен. Сөйтін жүргенде, бір күні Құнанбайдың үйіне кіріп барғанда, Құнанбай былай (бұлай) деп өлең айтқан – екеуі құрдас екен:

Ақ құрлар, кара құрлар, құрлар, құрлар,
Бұрынғы – хақиқаттан сөзін жырлар.
Қарындасын қатын қып алып қашып,
Ел аралап жүреді-ау арзыз мұндар!

Сонда Балта ақын айтты дейді:

Ақ құрлар, кара құрлар, құрлар, құрлар,
Бұрынғы – хақиқаттан сөзін жырлар.
Баласы әкесіне балта жұмсап,
Шешең жынды қатын ғой, бәдік мұндар!
Құнанбай дәнеме дей алмапты.

Құнанбайдың үйінің сыртында тоғай бар екен: сол тоғайдан Құнанбай бір бұрау алдырмай, өсірген екен. Бір күн[i] тоғай ішінде

ағаш кескен дауыс естілген соң, Құнанбай қолына балта ала жүгірді дейді:

– Ағаш кесіп жатқан әкем де болса, өзін ағаштай турайын! – деп. Барса, әкесі Өскенбай екен. Әкесін турай ала ма, ұялып қалған екен. Балта сонысын айтқан екен дейді.

Құнанбай мен Балта ақын құрдас екен: екеуінің жылы қой екен.

Қанжығалы шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Ақсопы – Қанжығалы]

Қанжығалы: Ішпек, Піспек. Піспек байдан ұл жоқ, ылғи қыз. Ол қыздардан өрбіп-өнген Қуандықта: Өр Алтай, Төменгі Алтай, – бәрі – Піспек байдың қыздарынан туған. Ішпектен: Қамбар, Жапар, Қармыс. Қармыстан: Есен, Бозым. Бозымнан: Әжібай, Әжім, Әжімбет. Алты атаның ұлы Әжібайдың екі атасының баласы: Қаратілес, Қарабұжыр, Ақтамақ, Ақбо[зым] (Ақбура). Ақтамақтан: Құдайберді, Құдияр, Қара, Амалдық, Сары. Құдайбердіден: Досқана, Киікбай, Малай, Абыз, Шумақ (Шомақ). Досқана – Төлекенің Төлекесінің түбі, тегі – Қалмақ. Қарабұжырдан: Мұрат, Байболат. Мұраттан сегіз туады: Дөнен, Сасық, Алтыбай, Тоғызбай, Теңізбай, Бестібай, Сегіз(бай), Құнан. Байболаттан – Шыңғыстың Жұмабектері, – сонан тарайды. Қаратілестен туғандар «Тентек Қанжығалы», – атанады: Айтуар, Көшпен, Құдайсүгір, Өтеген. Айтуардан: Әжіке, Дәнін. Әжікеден – Байдалы, онан: Тәшім, Шолан деген біреу бар. Оның қай жерде орна[ла]суын айыра алмадық.

Өтеген батыр болған кісі: «Елғонды» – деген баланы қалмақтан алып қашып келген. Аты Елғонды болғандықтан, Алмашының қызынан туған-Жантай, күннен туған: Қойлыбай, Қорлыбай. Бірі қыздан туған, скеуі күннен туған, – бұларды «Үш жиен», – деп сөйлейді.

Есен-Бозымның Есенінен еркек тұқым жоқ. Есеннің жеті қызы болған. Жеті қызын жеті жерге беріп, әрқайсысынан бір бала асырап алып, бала қылған. Қатын алып беріп, мал малдандырып, жан жандандырған. Қоскелді, Қылтышар, Лабашы, Бошқантай, Есіркеп, Нияз, Жолымбет, – «Жеті ру»-атанғаны сондықтан. «Ұзын окты оннан (ондан) бол, // Қайдан болсаң, сонан (соннан) бол!» – дегендей, онан-мұнан басы құралып, Қанжығалы болды. Қанжығалы кісі аты емес: қараның ханы болып, басына алтын жыға орнатқан; сонан «Қанжы-

ғалы) (хан жығалы), – атанған деседі. Кейбір ескі сөз сөйлеушілер: «Жауға аттанғанда, Қанжығалы болып, қанжығасы құр келіп көрген емес, сондықтан «Қанжығалы атанған» деседі. Шешесінің аты – Момын, атасының аты – Ақсопы: «Толыбай ұранды Қанжығалы» – атанған.

Әжібайдың [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай] алты баласының бірі-Құдияр. Құдиярдан: Ақдәулет, Келдәулет, Ақтайлақ, Қатпа, Құрамыс, Жанат. Ақдәулеттен – Алтыбасар, онан: Жүндібай, Шара. Жүндібайдан – Әбен, онан: Есімбай, Бесімбай.

Қарадан [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай-Ақтамақ-Қара] бәйбішесінен: Елібай, Сары; тоқалынан-Жәдігер, Жәдігерден: Тоқсанбай, Сатыпалды, Мәмбетбай. Тоқсанбайдан: бәйбішесінен – Жанзақ, Байзақ, Құлжан, Бертіс. Жанзақтан-Бегайдар, тоқалынан-Сазан. Байзақтан – Айдабол, онан-Өтес (Отас), онан – Еркінбай, онан – Әлмағамбет, онан-Асқар. Бертістен – Тезекбай: «Тезекбай» – деген сор бар.

Сарыдан [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Қара-Сары]: Жылкелді, Қойбас, Айбас. Жылкелдіден-Ақжігіт, онан-Тұман(Томан), онан:Күлен, Байысты, Шақар. Күленнен: Сейсембай, Қожан. Шақардан тұқым жоқ: асырап алған баласы – Қанжығалы: Қара-Мұстафа. Бұл Мұстафаның өз әкесінің аты Салпаң еді. «Салпаң соры» атанған жер аты бар. Қара-Мұстафаның артында нәсіл, жұрағат жоқ. Жақсыатта тамы бар, аты сонда қалды. Қойбастан: Тұрсынбай, Есілбай. Тұрсынбайдан-Жаманшы. Есілбайдан: Нұрпейіс, Тақан; Нұрпейістен: Тоқ, Тілеу.

Қараның қарашаңырағы-Жәдігерде, Жәдігердің қарашаңырағы – Мәмбетбайда. Мәмбетбай төрткіл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, бір келімсек жігітті бала қылып асырап алып, атын Алдаберді қойған. Өзінің екі баласын былай қойып, қарашаңырағына ие қылған. Сол Алдабердіден – Құттықожа, онан Мәнкебай, онан-Сарыбел, онан-Молда, онан-Лекер қажы. Онан-Жақып: Қызыл алғаш келген кезде Шақшан еліне исполком председателі болды. «Тексізді төрге шығарып, // Теңдік тимес құлыңнан!» – деген Бұқарекен [Бұхар жырау] сөзіне дәл келді.

Қанжығалы ішінде сіңісті болып, өсіп-өніп кеткен Қарақалпақ [та] бар, Қызылқұлақ та бар. Нағызынан бұта-шатасы көп, сондықтан сүттей ұйып қатықтай қатып тұра алмады. Ең мақтаулы зоры – Бөгенбай.

Богенбай әкесі – Ақша, Ақша әкесі – Әлдекүн. «Әлдекүн әкесі әлде кім?» – деген бұрыннан айтылып келе жатқан сөз бар [3].

Бәсентиін шежіресі

Мен өзім Павлодарда тұрдым, Керекудін о жақ, бұ жағына қатынап жүрдім. Шежіреге жүйрік, ата білетұғын жанды таба алмадым. Бұрын жазып алып жүргендер кім көрінгеннен сұрап, айтқанын жазып ала берген. Менің сұрыптап, ақ тарыдай ақтарып жазғаным – осы.

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін – Е.Ж.] [Бәсентиіннен] бірінші қатынынан: Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан. Ақмайданнан – Көкшекөз. Бұл Көкшекөзден: Байымбет (Бәйімбет), Жолымбет. Байымбеттен: Бейсен, Жаманай, Қоянбай, Көшен, Шүрек, Таңатар. Бейсеннен: Таз, Бөкі, Шоқай, Өтеп, Матай, – «Бейсеннің бәсеуі» – делінеді. Матайдан: Қаржау, Өмір, Қойбақ. Бұл Өмір би «Қара қылды қақ жарған» әділ би болып атағы шығыпты. Мұның бір кара төбеті болыпты, төрінде жатады екен. Төрт аяқты, қайқы құйрықты болғаны болмаса, ит деп айтуға жанның аузы бармаса керек. Өмір би:

– Құтым, құтым! – дейді екен. Сонан «Құтым» атанып кетсе керек. Бір күн[і] өзі тең, сөзі тең бір бастас биі қонып отырып сұрады дейді:

– Мұны мұнша ардақтап ұстағаныңыз қалай? – деп.

Сонда Өмір би айтыпты:

– Бұл ит емес, ырыс, «жеті қазынаның бірі», – деп айтылған – анық осы. Бұл жазғытұрым мал жас төлін төгіп жатқан кезде жас козыны, жас лақты (ұлақты), жас бұзауды, жас құлынды, жас ботаны алып келеді. Алып келгені мал болып, өсіп-өніп малға қосылады. Өзімді байытты. Жалғыз—ақ бір басты, екі аяқты адам баласын ап келген жоқ! – депті. Осы сөзді айтқаннан кейін, кара төбет те жоғалып кетіпті. Бір жұмадай жоқ болып кетіп, бір күні құндаққа оралған бір жас бала алып келіп, еркелеп тұр дейді. Өмір би:

– Бұл құтым алып келген Құтымбайым! – деп, ат қойған.

«Сол Құтымбай өсіп-өніп, Қаржауды көбейтіп, берекелендірген осы Құтымбай», – деседі.

Байымбет – Жолымбеттің Жолымбетінен-Маңдай, мұнан-Сәмеке. Майданда от шашқандай – оқ шашатын сырттаны – «Бәсентиін – ер

Сырымбет», – атанған батыр осы Сәмекеден шыққан. Кеше өлген Жаңада (Жәңкеде) үлкен Нұрташ молдалар да – осының ұрпағы еді.

Жаманадайдан: Қойсары, Қозыбақ, Рысқұл (Ырысқұл), Сағынай, Тайлак. Рысқұлдың қатынының аты – Ырысбике. Өзі он екі жасында Естектің жауласқандары олтіріп кетіп, Қыншақтан шыққан Қошқарбай батыр нағашысы екен, қанын жоқтап барып, Естекті шапқан. Осы күнде шешелерінің атымен «Ырысбике» – атанып кеткен. Рысбектен: Шақабай, Қарабатыр, Бөкебай. Шақабайдан: Жәнібек, Имамбет. Жәнібектің Кейкі деген бәйбішесінен: Сарықұл, Айқұл, Байқұл, қалмақтан өзі барып олжалап алып келген тоқалынан: Сорыпкел, Манамбай. Айқұлдан: Жаманбай, Мұса, Боқтыбай. Жаманбайынан: Тасболат, онан – Шәкір. Мұсасы: «Қара Мұса»-атанған, мұнан: Омар, Имаш, Жәнібек батыр. Бір барған жолында қалмақтан екі қыз, қырғыздан бір бала алып келген. Екі қыздың бірін тоқалдыққа өзі алып, онан Манамбайлар туған. Біреуін Қойсары-Байқожаға байлап, ол Байқожа асырап алған баласы Қалқаманға қосып, қарашаңырағына ие болатұғын жалғыз баласы Жұмағұлмен еншілес қылып, қарашаңырағына ортақ қылған. Жұмағұлдан – Ақжан (Ағжан), мұнан – Жүсіп. Қалқаманнан-Байтілеу, мұнан – Әжібай, мұнан-Бұқақүбір ішінде жүрген Сүлеймен қажы. Қырғыздан алып келген баланың аты – Бертіс, онан-Күреңше туып, онан – Олжабай. Олжабайдан-Айтбай, Айтбайдан: Сейіт, Ахмет – он шақты үй бар шығар. «Кімсің?» – дегенге: «Рысбек» – Манамбай ауылыныкіміз» – дейді. Сүлеймен қажы да: «Кімсің?» – дегенге: «Қойсарымыз» – дейді, өзі Қалқаман-Мамырдың Қалқаманының үрім-жұрағаты.

* * *

Маған көктен Жебірейіл періште уахи келтірген жоқ. Қағаз жүзінде жазылған қазақта шежіре нұсқа жоқ. «Естіген құлақтың жазығы жоқ», – дегенмен естігенімді жаза бергендіктен, «шежіреші» атандым. Керекуге жиырма бес шақырым жерде «Құрман тұзы» – деген тұз бар. Сол Құрман – Қыпшақ екен де, өзі мейлінше бай болған екен: жылқысының есеп санын өзі де білмейді. Жалғыз баласы болыпты. Салт атты, сабау қамшылы бір бөрі тонды, бөрте атты жігіт келіп, бала болыпты. Малға шын жаны ашып қарағандықтан, жылқы билігі сонда болыпты. Байдың жалғыз баласы сері болыпты, он жігітпен жүреді

лейді. Жазғытұры бие құлын төгіп жатқанда, бай баласы жылқы аралапты. Жаңа туып жатқан қара құлынды сойып, терісін ала беріпті:

– Осы жүрген он біріміз де бір түсті кылып, қара құлын жарғақ киеміз! – деп.

Бөрі тонды, бөрте атты жылқышы мұны көрген соң, іші күйіп жылап, долданып байға келіпті:

– Бай, маған батаңызды беріңіз, бұл малға менің иелігім болмады. Мына қорлықты көріп жүргеннен өлгенім артық! – деп.

Кәні, бай жалынып-жалпайып тоқтата алмапты:

– Мен риза, Құдай риза, осы жылқының қақ жартысын ал! – депті.

– Жоқ, бай, бір тай да алмаймын, батаңды бер! – дей беріпті.

– Жоқ, балам, сен дәнеме алмай кетең, бата да бермеймін, ризалығым (ырзалығым) жоқ! – депті.

– Олай болса, бір теңбіл көк сәурік бар, үйірінде бес байталы бар. Соны үйірімен берсеңіз, шын батаңызды бергеніңізді сонан білемін! – депті.

– Уай, шырағым, маған құт болған, қыдыр болған «Көбікті көктің» тұқымы еді. Өзімнің аузымды көбікті саумалға тигізген жануарым еді. Мал қадірін білмеген қу жалғызға болғанша, мал қадірін білетұғын сенде болғаны жақсы! – деп, батасын берген екен.

Байдың батасын алып, алты тұяқ жылқымен Ертістің бер жағына өтіп, Апай деген жесір қатынның қызын алып, онан бес бала туады: Келден, Қыстау, Қақа, Сатыпалды, Жаңбыршы. Малы да, басы да өсе бастайды.

«Көбікті көк» атанып жүргені – биеге шапқанда, биенің үстінен айғыр түскенде, айғырдың қасасынан ақ көбік шұбалып, үзілмей ағып тұрады екен. Сонны Бөрі өз алақанына тосып алып, балаларына әкеліп жалатады екен. «Бір баласы жаламайды екен: сол жаламағанның ұрпағы ана төртеуіндей болмады – деседі, – жарлы-жақыбай, өсімсіз, онімсіз болды», – деседі.

«Жесір қатын «Апай» атанғаны – Қаракесек қатыны еді» деседі. Байы өлген жесір қатын үй-отанымен, қара-құрасымен төркініне келген. Артынан Қаракесек іздеп келіп: «Бұрын да тапқан бала-шағасы болса керек, буаз екікабат кетіп еді», – десе керек. Ер ұл тапқан екен де, оны бөтен бір жерге асыратқан екен. «Екікабат келмеді!» – деп, жан беріп, нандырып, алып қалған екен. Қаракесек көзі бар балаларды алып қайтыпты. Жесір қатын байсыз отыра ала ма? Бұл жақта тиген байынан

бала тауып, «Апай, Апай»-аталған атпенен үрім-бұтағы «Апай» атанып, Апай-Бөрі оттас, ораздас болып кеткен.

Біздің жақта тұрған биік-Бөгеубайды: «Сол Апайдың өзінен туған бала – осы», – дейді. Мұның үрім-бұтағы осы Баянаула бауырынан жаңада кетсе керек. «Бөрінің бел баласы Келден қыстауы екен» – дейді. Қанды Қарасу зауатының Ащы жағында, Баянаулада бір асуды: «Қазанғап асуы» – дейді. «Бөріден шыққан, атағы жер жарған Қазанғап қыстаған жер», – дейді.

* * *

Көп Арғынның жолаушылары келе жатып, он екі жасар бір бала тауып алады. Бәсентиінге байлайды. Сөйтсе, ол бала:

– Қожант шаһарыныкімін; хан баласын ойнатып жүрген балалар едік, ортамыздан хан баласы суға кетті. Сонан соң: «Барсақ, бізді хан өлтіреді ғой!» – деп, тоз-тоз болып жонға қашып шығып кеттік. Түбі-тегім түрікпен еді, – деген соң, Бәсентиін бала қылып алыпты.

Мұнда келген соң, жерінде көрген өнегесі болған соң, балық аулайтұғын бала болып: «Балықшы түрікпен» – атанып, [күні] бұл күнгеше тұқым-жұрағат, ұрпағы бар дейді. Және келе жатып, бір жас сұлу қатын тауып алыпты, соңына еріп жүрген бір кішкене баласы бар дейді.

– Бұл балаң кімдікі? – дегенде:

– Өзімнің күшігім, – депті.

Ол қатынды да Бәсентиін алыпты. Қойнына жатқанда буаздығы білініп:

– Бұл қалай? – дегенде:

– Бұл бір жанға айтпайтұғын сырым, – деген екен. Сол баланың атын Сырым қойған екен. Осы екі бала қатын алып, өсіп-өніп, бірінің тұқымы «Күшік» – атанып, бірінің тұқымы «Сырым»-атанып, ел-жұрт болып кеткен. Күндердің күнінде осы қатынның артынан жоқшы келді дейді. Белгілі байы жоқ, қыз күнінде бала тауып, тағы буаз болған соң, өз үйінен өзі ұялып, қашып шығып кеткен екен. «Белгілі байы болмағандықтан, ешкімнің де сөзі пұл (бұл) болмады. Қатын да, екі бала да Бәсентиін олжасы болып қала берді» – дейді.

Сырымнан тарайды: Танаш, Жабық, Мұрат. Мұраттан тарайды: Дөнен, Сегізбай, Сасық, Бестібай, Теңізбай, Алтыбай. Жабықтан тарайды: Болай, Самай. Болайдан-Тілеу, онан – Өтебай. Самайдан: Сексенбай, Тоқсан, Досым. Тоқсаннан – Қара: «Қысырау – Қара»-атанады. Қарадан – Текебай, мұнан-Жанқожа, мұнан-Сүгір, мұнан-Рысқұл (Ырысқұл). Жабықтан – Самай, мұнан-Досым, мұнан-Тоқтауыл батыр. Мұнан – Малайсары батыр, мұнан – мұнан-Тілеукабыл, мұнан-Бесмолда, мұнан-Арап, мұнан – Апи (Афы), мұнан-Омар. Жас жігіт Малайсары батырдың тоқалынан – Жолдыбай, мұнан – Садақ, мұнан-Қашқын, мұнан-Қозғанбай, мұнан-Тұран, мұнан: Қабдым, Жасжігіт қатын-балалы.

Самай баласы Досымнан-Төлебай, мұнан-Нарымбай, мұнан-Тәуірбай, мұнан-Ыбырай, мұнан – Қыстаубай: бала-шағалы Керекуде тұрады.

Сырымның көбі Жабық болады. Қазанғап баласы – Дөнентайлар, бұлар да – Досымнан. Қысыраудан-Ақбалық хазіреттер. Сырым-Әбде батыр болған, мұның балалары: Байжан, Бекше батыр. Байжаннан: Мұжық, Әлтеке (Әлтік), Қозыбақ, Құдайқұл, Қасай. Бекше батырдан – Топек батыр, өзі жалғыз туып: «Қара жарғақты, күрең атты», – атанып, қыршын өліп, тұқымсыз кеткен.

Күшіктен: Жылқыайдар, Итемген, Ханкелді (Қанкелді), Қайып, Кенжебай, Байымбет.

Сүйіндік, Тоқшора, Әлімбет, Алтай, Төртсары, Мұрат, Танаш, Рысқұл (Ырысқұл). Мұраттан: Аралбай, Байсейіт, Жауқашар, Жаубасар. Аралбайдан: Тоқпан, Ақпан; Байсейіттен: Барақ, Жабағы. Жауқашардан: Сарымырза, Баймырза; Жаубасардан: Тілеуберді, Қуат, Саржан.

Рысқұлдан-Шындауыл, мұнан-Қошқар, Мойнақ. «Төртсары, Тоқпан ұрпағымыз», – дейді. «Жымғын» деген бір жас жігіт, – бұлар Бәсентиін екен.

Тоқмайданнан – Қатыс. Қатыстан: Маңдай, Тілімбет. Маңдайдан: Айты, Есенкелді, Андас, Келдес. Андас – бір жаугершілікте буаз қатын олжалап алған:

– Кімнің қатынысың? – дегенде:

– Сарайкентте Сарыабыз деген атақты кісінің қатыны едім, – деген.

Іштегі бала ер ұл болып туған. «Бұл иманы толық жерден бітіп келген бала», – деп, атын Иман қойған. «Алтын Орда» атанған Жошы

ұлысының үлкен ханы тұратұғын орын екен. Ноғайлар оны Сарайкент дейді екен. Бұл Сарайкент бұл күнде Еділ суының бойында, Аштархан мен Сарытаудың аралығында – Тысарип деген қала.

Иманнан – Өкей туады. Өкейдің бәйбішесінен – Есенбай, Есенбайдан: Бағай, Серкебай. [Өкейдің] ортаншы қатынынан-Тілеуберді: токал қатынынан Дәулетбай туады. Дәулетбайдан – Тілеукабыл батыр туады: «Тілеукабыл» аты қалып, «Батыр» атанып кеткен.

Бұл [Тілеукабыл] батырдан: Түгелбай, Құндақбай, Серкебай, Еділ, Еркебай, Қабанбай. Түгелбайдан – Құрамыс. Құрамыстан-Сәрсен. Сәрсеннен: бәйбішеден – Тұрсынхан; токалдан – Исмайыл, Самарқан. Тұрсынханнан: Ағзам, Исмазым.

Тілеукабыл батырдың тұңғышы – Ақша, мұнан – Дербісәлі, мұнан-Таңатар, мұнан-Жүсіп, мұнан – Қалимолда, мұнан Ақсақ Хамит молда.

Имандағы екі мұртымыз: Тұрсынхан мен Ақсақ Хамитмолда. Иманнан – Жирентай, мұнан: Орал, Байқұлақ. Бұлардың заманында қалмақ шауып, тоғыз кісі салт атты, сабау қамшылы Найманға қашып барып, онда да қалған, мұнда да келгені болған. Бұл Орал – Байқұлақ тұқымын: «Боранбай» – деседі. Иман десе, иман екен: ат-арыстан, нұрпейіштен хақ сөз.

Арғын-Сүйіндік-Орманшы тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Суғыншы – Шуманақ – Жолболды – Орманшы – Е.Ж.].

Сүйіндіктен: Оразкелді, Суғыншы. Суғыншыдан: Шуманақ, Мәжік. Шуманақтың қатынының аты – Жолбике, мұнан үш ұл туады: Жанболды, Құлболды, Жолболды. Жолболдысы – Орманшы. Орманшының үш баласы: Өтек, Қайдауыл, Тілекетілес. Бұл аты қалып, «Қасқыртымақ» атанып кеткен. Өзі Орманшының тұңғышы болған, екі інісіне қатал болған: ел көшкенде: «Бөтегесі шайқалады» – деп, бүркітін жаяу алғызып жүрген. Өтек балалары: Жақсылық, Қарабай, Шобалай, Бағай. Жақсылықтан: Сұңқар, Байғұл, Алакөз, Өлімбет.

Қасқыртымақтан – Арықпан, мұнан-Шақұлан, Қосай, Қойбағар, Күшіген. Қайдауылдан: – Есенқұл, Мәуке. Мәуке – қатын аты, өзі токал қатын. Есенқұлдан: Бекқұлы, Токқұлы, Аққұлы. Бекқұлыдан: Нарто-

ры, Ақсары, Шотана, Нарбота, Тайкелді, Ес, Дос (Есдос). Аққұлыдан: Ақбике, Балға, Есенәлі, Дербісәлі, Бармак, Қыдыралы. Мәукеден: Кеспелік, Түрмелік, Елік. Сақау ақын осы Еліктен шыққан. Қарағайлы шоқыдағы: «Нұралының қарасуы», – атанған Нұралы Өтектен шыққан. Оның ұрпақтары – Байсақ баласы Балқожалар. «Тайбай көлі», – дейді, о да Орманшы – Қайдауылдан шыққан.

Керей шежіресі

[Жанарыс – Қасымқожа – Керей – Ашамайлы Керей – Тарышы – Құрсары – Е.Ж.][4].

Құрсары (Көрсары), Ақсары. «Төрт сарының нәсіл-жұрағаты: «Орысқа қарамаймыз!» – деп, Алатау, Алтай тауларынан асып кеткен. Олар бұл күнде Қытайға карап қалды: «Мейлінше бай болған, бодамсыз Керей» – атанады» – дейді.

Құрсары, Ақсарыны Тұрлыбек орналастырған – Ақмола облысына. Құрсарыдан: Есбол, Есенәлі; Есенәліден: Құдайқұл, Қодас, Жібек. Құдайқұлдан – Құдайберді; Жібектен: Жаңбыршы, Жәнібек. Мұнан: Жанғабыл, Досай туады. «Соқыр Жанғабылдан» алтау туады. Бірі – Сүйінбай, Сүйінбайдан – Ақыл бес ағайынды болған. Тау-Көтібақ баласы: Қызылтауда тұрғандықтан, атын «Тау» қойған. Ақыл-Күлік: Ақыл Сексен ішінде туғандықтан, атын: «Ақыл» қойған. Өз заманында: Ақыл – «Тау» атанған.

Ақылдан тоғыз: бәйбішеден төртеу, тұңғышы – Асаубай. Асаубайдың кенжесі «Бәзіл қажы» атанған, қыстауы – Сілетіде: Ешкіөлместе. Бәзіл қажыдан: Ғұбайдолла (Ғұбайдолда), Бопкен. Бопкен балалары: Жиыпалла (Жепла), Нұрхамит. Бұл екі баланың «қара орманын» сыпырып алып, Ғұбайдолланы – Омбыға, Бопкенді Семейге жер аударған. Бұл Бопкен: «Семей барамын» – деп, Қызылтау бауырында атын ұрлатып, жаяулап қайтып, Ескелдіде отырған, Құдай рахмет қылсын, Мәшһүр Жүсіпке кез болып:

– Қатын-баланды тауып ал, – деп, – бір шабдар атты басы-байлы өзіңкі қылып, мінгізіп қоя берді.

Сол Бопкен айтты:

– Қозғаннан шыққан Түйте тәуіптің моласы – біздің қыстыкүнгі қотанымызда, – деп. Үстіне ағаш шыққан, шеңгел де шыққан. Ағаштан жасаған моласы бар, бұ күнгеше тозған жоқ, құлаған жоқ, – дейді.

Бәсентиін: Бұқа, Күбір тарауы

«Бәсентиін ішінде Бұқа, Күбірміз» – дейді. «Бұқа, Күбір кім басы?» – десең, әкесінің атын жан білмейді. Көзінен көріп, қолынан туғызып алған ешкім жоқ. Айтушылардың айтуы: «Бұрынғы заманларда Бұхар, Самарқан ханларының біреуінің болса керек: «Татарбай» – деген құл екен. «Бөгеуіл» дейді аспазшыларын (ас басшыларын), сол бөгеуіл атаулыға қожайын екен. Қазынаға қиянаты (хианаты) білінген соң:

– Елге, жұртқа жолама! – деп, жер аударып жіберген екен. Ол заманда жер аударғанда, Сырдариядан арман өткізіп тастайды екен. Қаңғып жүріп, «Жітікке – саяк» бір қаңғып жүрген қатын кез болып, екеуі қосылып, ерлі – байлы болып жүргенде, буаз болып, егіз ұл тауып, бірінің атын – Бұқа, бірінің атын Күбір қойыпты. Екеуі ер жеткен кезде бір қоңыр бұқалары болып, үйде ол артылатын сиыр жоқ, қаңғып кете берінті. Сол кеткенде, бір тауды жатақ қылып, барса, соған бара беретін болған соң, сол тау «Қоңырбұқа» атаныпты. Басқа сиыр жоқ, өзі жалғыз бұқа болған соң, бір кесу білетұғын жан кез болған, кестіріпті. Бұқаның ені жалғыз екен:

– Мен пісіріп жеймін! – [деп], бірі айтып, – Мен пісіріп жеймін! – деп, бірі айтып, өзді-өзі төбелесіп, айырар, арашалар кісі жоқ, бірін-бірі көргісіз болып, бірі Сырға, бірі қырға қашыпты.

Бұқа қырға қарай қашып, жолдан бір қатын килігіп, ерлі-байлы болып келе жатқанда, жұртта қалған бір қара күшік еріп, Сарыарқаға келіп, Бәсентиін: Маңдай-Байымбеттің малының өрісіне, балығы көп бір суға жатақ қылып, қамыстан кепе қылып жатып алыпты. Қара күшік төбет болып, бұларға түн болса, елден тамақ тасып, майды қарнымен, ірімшік, құртты боғжамасымен ап келіп, бұларды ассу, тамақтан тарықтырмапты. Малшы-құлшы көргендер елге айтып, Маңдай, Байымбеттер әдейі келіп көріп:

– Сендер бүйтіп елсіз жатпаңдар, елге келіңдер! Жылқышының даяр қосы бар, соны баспана қылып алыңдар. Өзіміз жылқышыға жаңадан қос көтеріп аламыз, – деп, – елге алып жүрді. – Қазақтың астой деген мерекесі болады: асқа барайық деп жатырмыз. Біздің басы артық ер-тоқымдарымыз, басы артық киімдеріміз болады. Қолыңа тигенді басы бүтін өзімдікі деп ал, өзімдікі деп ки! – деп, атқа мінгізіп алып жүрді.

Асқа бара жатып, Маңдай, Байымбет:

– Мұны қайсымыз қарабауыр қылып аламыз? – десті.

– Екеуміз екі бөлек түсейік, атын қайсымыздың атымыздың мойнына байласа, байлау сол болсын! – десіпті.

Бұл Бұқа барып, түскен жерінде атын Маңдайдың атының мойнына байлап, Маңдай меншіктеніп, қарабауыр қылып алыпты. Бұқадан – Майемер, Майемерден-Тауасар. Бұлардың түпсіз, тексіз екендігі мынадай жұмыстан білінеді. Тауасар өлгенде, шулап жылайтұғын ағайын жоқ, үш күн жаназасыз жатыпты. Кім болса, ол болсын, бір жолаушы:

– Мен жаназа шығару білемін, – деп, жаназа оқыпты. Сонда жаназаға оқыған дұғасы мынау:

Мұның тегі – Бұқа-ды,

Бұқа шабы жұқа-ды.

Өзің, өзің-өзіңе,

Өзіңдікі екі де қара көзіңе!

Бар, Тауасар, бара бер,

Жаназанды кеше оқығанмын! – депті.

«Тауасар жаназасы» – делінген сөз Бәсентиін ортасында күлкі болған. Мұнан да әдемілеп айтушылар бар еді, өліп қалды.

Сол Тауасардан алтау-жетеу туады: біреуінің аты-Рамазан, Рамазаннан туған – Жақай. Жақай «ахон» атанып, ескі законда мүфти-қазіреттерінің бір дуан елге сайлап қойған ахоны болып, «ақ дегені-алғыс; қара дегені – қарғыс», – болып тұрған күнде – байымен араз болып, қашып барған қатындарды: «қазақта неке жоқ», – деп, пара алып, босатып жібере берген.

Жұртқа аты шыққан атақты бай – Уақ-Нүрекен байдың қызы Зылиқаны Қасқырбай-Жақсыбайдың Жақсыбайы алып қашып, Нүрекен байдың бел баласы Түйте дуанбасы, Семейге Балтасы болыс, – онда Баянаула дуан, Кереку Баянаулаға қарайды, Мұса – дуанбасы, Секербай – қазы:

– Қазақта неке жоқ! – деп, Жақай ахон бұрынғы байынан айырып, өзі некесін қиып, Жақсыбайға қосқан Зылиқаның өлеңі:

Кигені Жақсыекемнің жасыл шапан,

Бір кезі – бес теңгелік асыл шапан.

Арасын Омбы, Семей ойнақ кылған,
Бозбала, қалай екен Зылиқа апаң?!
Зылиқа жаңа піскен қызғалдақтай,
Омбының , ауырыпты, шайы жақпай.
Петрбор, Омбы, Семей арасында
Қыз тумас әр қатыннан Зылиқадай!
Ар жақтан Секербай мен Мұса келсін,
Жақсыбай Қасқырбаймен қоса келсін!
Некемді мен Жақайға қидырған соң,
Законды жаман Уақ қайдан білсін?!
Базардан алып келген сәуір кебіс,
Мұсаке-ау, айналайын, маған болыс!
Балға ағам, Түйте ағаммен барып келген
Жандарал Котковский қоймақ емес.
Тұсынан Қарақала қайық салдым,
«Дұшпаннан құтылдым», – деп, көңіліме алдым.
«Тас ауыр түскен жерге», – дегендей-ақ,
Қолына Нүке мырза келіп қалдым.

«Зылиқаның өлеңі», – деген өлең бір киссадай еді. «Қазақта неке жоқ», – деп, байынан қашып барған қатынды пара алып, босатып жібер берген соң, исі қазақ болып, өкпелеген. Сол замандағы Мұса, Секербаймен замандас ақсақалдардың аузында әңгіме болған: «Түбі – тегі қазақ еместігі».

Рысбек (Ырысбек) – Манабай деген ақсақал айтып... отырады екен:

– Жаназасыз қалған Тауасардан туған, қоянға құрық жіберген жаман Рамазанның баласы-ай! Өзімнің үйімдей ақ өгізімді ұрлап сойып, төлеу төлеген Жақай еді. «Әптиектен алты қағаз оқыдым», – деп – жұрттың төбесіне ойнақтап кетті-ау! – деп отырады екен.

Ол сөзінің мәнісі: Рамазан баласы Жақай жас бала күнінде, мектеп, оқу көрмеген жігіт күнінде қашып кетіп, Көктеректе Ұлдан (Олдан) хазіретке қызмет қылып, әптиек оқып, оқығаны бойына майдай жұғып, құлағына тиген сөзді жатқа ұғып алып, қазақ ішінде ол күнде молда бар ма, қожа бар ма, жалғыз қара болып көзге түсіп, ауызға алынып, жұрт орысқа алғаш қарап, дуан аузы ашылғанда, мүфти, хазіреттеріне ахон сайланып, «Жақай ахон» аты көтеріліп кеткен. «Қазақта

неке жоқ», – деп, ноғайдан болған указдар қатын айырып жібере берген соң, тамам дуанбасылар: «Бізге ноғайдан шыққан указ, мүфтидің керегі жоқ!» – деп, қазақтың мүфтиден шығып қалғандығы – осы.

Сонан соң дуанбасылар Жақайдың өзін приговор қылған: «Қазақты Бұхар, Ташкенге қараңдар, – деп, азғырып, материал жиып жүр!» – деп. Онысы да өтірік емес: Ташкен, Түркістан жағына кетіп бара жатқан жерінен ұстатып алып, қыс ортасы кезде Баянаула қаласына алып келген. Сонда біздің әкеміз Көпей бір самауыр шай, бір табақ ет алып барған. Біз өзіміз сонда оқу оқығаннан басқа түк білмейтұғын баламыз.

– Орыс барып қамап ұстап алғанда, басымда дағарадай сәлдем бар еді. Жиған-терген материалдарымды сәлдемнің астынан қабаттап, орап алып едім: «Кәне, сәлдеме қол тигізіші!» – деп, қалта қарап тұрдым. Сәлдеме қол тигізе алмады, қойны-қонышымды, қалта-салталарымды тінтті, дәнеме таба алмады! – деп еді.

Закон бұйрығын Баянаулада жасап, Мұса, Секербайлардың көз алдында – өз үйінен олай-былай шықпаса қолынан хат алып, Баянауладан отряд – солдатпен: «Үйіне апарып түсіріп қайт!» – деп, жөнелтті.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Олжакелді (Қаржас) – Е.Ж.].

Мұса, Секербай заманындағы қариялар:

– Жақай ахонды: «Қоянға құрық жіберген» – жаман Рамазаннан осындай бала туушы ма еді?! Бұл Қойсары: Балтабай – Тұранның Тұранының баласы ғой! – деуші еді.

Қаржастың шын аты – Олжакелді: асықтың қаржауына түскеннен, «қаржас» атанған. Үш баласы болған: Алтынторы, Құлықе, Бегім. Құлықенің балалары: Ойым, Телі: «Телі тентек» аталған. Бір аяғы ақсақ, балдақпен жүреді екен. Бір күн[і] Телі тентек жылқы суарғалы бір құдыққа барса, бір жас келіншек – қатын кір жуып отыр екен. Телі тентектің тентек ойы ауып кетіп, тарпа бас салыпты. Сөйтсе ол қатын Бегімнің қатыны екен. Бегім өлін, бір баланың анасы болып, жесір болып қалғанда, баласының аты Сатылған екен. Қатын буаз болып, буаздығы білінген соң, Телі тентек басыбайлы қатындыққа алып, Анай

туған. Сатылған да, Анай да Телінің баласы болды. Сонан соң Телі бұл екі балаға бес-бестен он қатын алып берген.

Анайдың қалмақ қызы қатынынан – Жәдігер; қазақ қызы қатынынан – Нияз; сарт қызы қатынынан – Құл, Қозған; Әз Тәйтеке қызы Аккабақтан туған: Мырзақұл, Құдайқұл. Сатылғаннан да бес бала болады: [Тілеуімбет], Жансары, Танат, Қоныс, Мәмбет.

Сатылғанның ең тұңғышы – Тілеуімбет. Өзі тұңғыш болып, аты Тілеуімбет болса, оңбайды. Бұл Тілеуімбеттен: Қожамқұл, Қошқарбай. Біреуінен – Тастен, біреуінен – Дулат. Жұрт бұларды: «Қарақалпақ» деседі. Тастен, Дулат, Қарақалпақ, – үшеуі бір кісінің аты дейді. Екі кісіден естідім: бірі-Қожан – Масақтың Бегі; бірі – Құдайбергеннің Жүсіпбегі.

– Бұларың кім? – дегенге:

– Пұсырман, Сағын, Тоғайбай, Тоғалақ, Бактыбайдың ұзын Жұманы, – деседі.

Айтушылардың айтуы: «Келін-кепшікшіл болып, дулата берген сон, «Дулат» атанып кеткен» – дейді.

Таңаттан: Батырбек, Атанбек, Тауасар; Батырбектен: Өтеу, Жанқылыш. Тауасардан: Қосағал, Қоске, Қожаберген. Қожаберді-Атанбектен туады. Өтеуден – Найзабек, Ермек, Келдібек. Найзабектен-Үкібай би. Ермектен: Қуандық, Еркебұлан. Қуандықтан – Құдайберген, Еркебұланнан – Жантемір қажы. Қожабергеннің сексен жасында таптырған баласын көрдік, аты – Сексенбай еді.

Сатылғанның бел баласы Қоныс-Мәмбеттің Қонысы: «Сарысадақ Қоныс» атанған. Садақ тартымпаздығына мақтанам деп, «Ақтабан шұбырынды» жорығында бала-шағасымен қырылып қалған. Майлыбай деген баласы, о да қырғынға ұшырап, екі немересі қалған: Есенаман, Жарқын. Есенаман – күні бұл күнгеше бір ауыл. Жарқыннан: Бақыр, Қазан, Мұрынбай. Бұлардың ұрпағын: «Жұман балалары», – дейді. Мұрынбайдан – Қоймас, мұнан-Сұлтанбек. Сұлтанбектен: Исмайыл, Әмірбек – Қартқожаның нағашылары.

Есенаман-Жарқынның Жарқынының моласы Шідерті бойында Қарайғыр шатында, Қаракесек: Асан, Ордабай – әкесі, Ақкісі моласының қасында. Олармен бірге Мамыт-Көстенің Көстесінің бел баласы-Қазыбайдың қара моласы бар: өзен жағында анадай оқшау көрініп тұрады, Қаракесек-Қожантай тамы бар. «Қарайғыр – кісі аты,

Уақтың бір атакты батыры екен» – деседі. Және Қарайғыр шатында: Өтеу, Найзабек, Ермек, – үшеуінің моласы бір төбенің басында. Жанқылыш балалары: Домбы, Шомбының көтеріп апарып қойған тастары бар. Бұл заманның арбасы көтере алмас, өгізі тарта алмас.

Күні кеше Ермек баласы Құдайберген марқұм бәрін гулетіп айтып отырушы еді:

– Далбаның сыртында Қаракесек: Жолшара тамы Жайма, Ақөре (Ақәуре) деген жерде – деп. – Далбаның сыртында Шаңтимес, Ханқашты деген жерде Тіленші тамы, Алшынбай тамы бар, – деп. – Далбаның бауырында Құрық деген жерде Қарашор, Бақалбайдың қара моласы бар. Дәл қожаның ұлтында Қаракесек: Бертіс – Үкібай тамы бар. Ұлттан бөлек Жарылғап баласы Тастемір тамы бар, – деп. – Шідерті бойында Анай тамы бар. Жаманшатта Қаракесек пәленше бар, Қожанда Қаракесек – түгенше бар, – деп. – Қожан өзі де – Қаракесек: – Қара Шордың Шоры «Қожан тентек» атанған. Жарлықөлде: Жарылғап, Қойсоймас, Жоламан бар, – деп. – Ащы бойындағы ақ мола, о да Қаракесек – Анай тамын, Бертіс – Үкібай тамын, ақ моланы үшеуіп қалаған бір кісі. Кірпішіпін қалыбын Алшынбайдың ағасы Тоқсанбай шапқан, – деп. Қалампаздар: Дәріқыз, Сарықыз деген екі қыз екен де[п].

Шығарушы Аймауытов, кітап болып баспаға бастырылған Қартқожа шежіресін сөйлейік:

– Қаржастан – Құлықе, Құлықеден – Ойымтелі дедік. Ойымнан-Жанат. Жанаттан: Өтен, Баян. Бұл Баян жеті ағайынды: біздің өңгеміз Жиделібайсында қалдық, біз сонан келгенбіз – деседі. Баяннан төртеу. Торыала атты Досбол деген баласы қоныс қарап, жер бұған. Далбада «Қотыр қызылтау» – делінген тауды, «Қарақуыс» – деген жерді бәрінен бұрын келіп бұғандықтан, Баян үрім-бұтағы күні бұл күнге шейін сол жерді қоныс қылған. Баянның Асан деген баласы есті тентек емес, есер тентек болған:

– Сен жерді сұрағанға беріп, көрінгенге үлестіресің! – деп, әкесі Баянды, – Көрмеймін! – деп, ант ішіп, – Жиделібайсыңға кетемін! – деп, Қызылтаудың сыртына «Үшсала» – деген жерге барып отырып алған. Әкесі баласын сағынып: «Көремін!» – деп барса, жонға шығып кетіп, етбетінен түсіп жатып алған. Сонан соң әкесі ыза болып:

– Мұндай баланың барынан жоғы жақсы! – деп, ту сыртынан өрт салдырған: «Өртеніп күйіп кетсін!» – деп. Айналасының бәрі өртеніп,

Асанның жатқан жері өртенбей, күймей, аман қалған. Сонны көзінен көргендер айран-асыр қалған. Бұл Асан:

– Мені мыналар жатқан жерімде өлтіріп тастайды екен! – деп, – Жиделібайсындағы ағайыныма барып, солай кетейін, – деп, салт атты, сабау қамшылы жалғыз басы қаңғып кеткенде, мұндағы үйін, мал-жананын жау шауып, тып-типыл қылып кеткен.

Асан өзі төрт ағайынды болған. Өзінен төрт бала қалған: бірі – Тоғамбай. Тоғамбайдан екі бала: біреуі – Татенкара. Татенқарадан үш бала: біреуі-Жанан.

Жананнан-Қарткожа, өзімен бір туысқан бір ағасы өлген. Онан бір бала бар, өзі осы биыл 1927-інші жылында отыз екі жаста Желдітаудың бөлек желіндей өзінде жел де бар, Асандыкіндей күшті жын да бар.

1927-інші жылда Шымкентте тұрған Жүсіпбек Аймауытовтан бір сәлем хат келгенде, Мәшһүрдің өзі жер таянып жетпісте отырғанда, соған қайырған жауабы. Ол жазыпты: «Мим ағам» – деп.

Алты атаның ұлы Әжібайдан шыққан абыз Шумақтың абызы Сүгірәлі абыз жүз жиырма бес жасында Керей, Қанжығалы мен Айдабол, Қаржастың Ереймен тауының бітіміне келген. Баласының аты Жаманбай екен: сол баласын біреу:

– Жаман екен, сіздей кісіден туып, қалай жаман болған? – деушіге айтқан сөзі:

– Бір нәрсенің екі басы жібек болса, ортасынан жүн шықпайды, // Жақсы кісінің үстінен қой айдаса, үн шықпайды.

– Бақты адамның маңайы – мұз үстінен от жанар, // Жақсы туған баланың атасы жүн болса да, төрде отырып, сый табар.

– Атамның жаман туған баласын // Түйе үстінен ит қабар!

– Маңдайымдағы шырағым // Көзімді қайтіп тесейін?! // Оң қолымдағы саусағым // Қолымды қалай кесейін! – деген екен.

Қазақ шежіресі

(екінші нұсқа)

Қыпшак Ізден – аға сұлтан күнінде Саққұлак – өзі болыс: Жаншуақтың Мұсасын қатынастырып тұрады екен де, әр барғанда, бір баласын қосып жібереді екен. Нұралыны қосып жібергенде, «Саққұлактың өз баласы жаңа келді ғой!» – деген екен.

Тоқа Майданнан-Қайтыс, Қайтыстан – Маңдай, Тілімбет. Маңдайдан – Әйти, Есенкелді, Андас, Келдес.

Жаугершілікте екіқабат буаз қатын андас қылып тиген:

– Кімнің қатыны едің? – дегенде:

– Сарайкентте Сары абыздың қатыны едім, – деген.

Іштегі бала туғанда, атын Айман қойған. Бұл Айманға: «Толық жерден келген бала» – деп, Алтын Орда – Жошы ұлының өлген ханы тұратұғын орын Ноғайлар орны «Сарайкент» – дейді.

Еділ суының бойында Аштарханмен Сарай Ғұфының асында «Сарайыф» – деген қала. Өкейдің бәйбішесінен – Есембай, Есембайдан – Бағай Сыңарбай (Сұңқарбай). Ортаншы қатынынан –Тілеуберді. Бұл Дәулетбай тоқал қатыннан Айманнан Үкі (Ұлы) туады. Үкіден Дәулетбай туады. Дәулетбайдан – Тілеуғабыл батыр туады. Тілеуғабыл аты қалып, «Батыр» атанып кеткен. Түгелбай, Құндақбай, Беркебай (Еркебай), Еділ, Еркебай... Қабанбай. Түгелбайдан – Құрамыс, Құрамыстан – Сәрсен (Бесарыс).

Сәрсен... (бес) Тұрсын хан. Ағзам, Есмазамыл – бұл екеуі – Тұрсын хан баласы.

Самарқал – Сарысының тоқалының баласы.

Жирентай, мұнан – Орал, Байғұлак. Бұлардың заманында қалмақ шауып (кісі) салт басты, сабау қамшылы Найманға қашып барып қалған. Мұнда келгені болған. Бұл Орал Байғұ[ннан] Борапбай деседі.

Арғын-Қуандық шежіресі

[Жанарыс – Қаракожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық]. Арғынның бәйбішесінің аты – Әргүл (Аркүл). Мұнан – Құтан, Бұтан. Бұтан жасында өліп қалып, мұнан нәсіл жоқ. Құтаннан – Мейрам сопы

жалғыз. Қарашаш деген бір қарындасы болыпты. Мейрам сопының бәйбішесінен, Нұрфая бәйбішеден: Қуандық, Сүйіндік. Тоқалынан: Бегендік, Шегендік. Қуандық, Сүйіндіктің шешесі[нің] үйіменен бірге келген күнге аяқ салып, Мейрам өзі алған. Аты – Қаркабат. Онан – Болатқожа. Бес Мейрамның баласы – осылар.

Арғынның тоқалының аты-Момын. Мұнан: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопының балалары: «Толыбай» (Төлебай) ұранды Қанжығалы, «Маябоз» ұранды – Тобықты.[Қа]расопының баласы – «Қарақай» ұранды – Қарауыл менен [Ба]рлыбай ұранды – Бәсентийн. Сарысопының баласы – Ұшыбай (Өшібай) ұранды-Атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт.

Арғын бабамыздың жүз алты жасқа келгенде алған тоқалынан – Айнакоз деген – тоқалының аты – Тәнбіс сопы. Орынборға қараған – «Тоқал Арғын». Бұларды «Шар жетім Шақшақ» – дейді. «Төрт жалғыз» атанған: Ақташы, Байташы, Тағышы, Бұғышы.

Асылы Арғын он екі атаның ұлына тарайды. Жұрт білетұғыны: «Алты атаның ұлы – Арғын» – деп сөйленеді. Сол үшін: «Арғын болдың – әркім болдың» – деген.

Тәнбіс сопыдан: Үсенбай (Үйсінбай), Елемес. Елеместен – Ерман, мұнан-Шағыр, Бө[лтірік]. Шағырдан: Ақай, Жолдыбай, Тағышы, Аманжол, Сом[жүрек].

[Қуандықтан]: Есенқарт, Аманқарт, Алтай, Қарпық, Борыш, Темеш. Қарпықтан: Тінәлі, Мәмбет, Күзей. «Істенсіз (штансыз) Күзей» – атанған мұның баласы – Тоқа. Тінәліден: Әжіке, Әлімбет, Үсейін, Қасқа. [Үсейіннен]: Құттыбай, Жайылмас. Құттыбайдан: Қарабас, Дербісәлі, Айдар, Торғай. Қарабастан: Дүкен, Баянбай, Түгелбай, Теңізбай, Төлек. Дүкеннен – Қалдыбай, мұнан: Айтқожа халфе, Шырай қажылар, Әбей қажы[лар]. Баянбайдан: Қалдыбай, Өрбай (Ұрбай). Тілеуімбеттен-Байғұн, мұнан-Сары, Қоңыр. Қоңырдан: Досымбек, Қанай, Құрмантай, Енем. Қанайдан – Сары батыр, онан-Көбе, Нөгер. Құрмантайдан-Үмбетей, онан-Елшібек. Онан: Қанту, мұнан Бейсенбай, Өтебай; Жанту, мұнан-Айдапкел ескі законда қазы болған. Енемнен – Баянбек: аты Өтеміс еді, Баянбек аты қалып, «Енем» атанып кетті. Мұнан – Жаманбай, мұнан-Елеу, мұнан-Бижан (Бейісжан).

Қарабастың үшінші баласы Түгелбайдан: Ерәлі, Серәлі, Тілеулі, Бектас, Бегімбет. Ерәлі тоғыз ағайынды, мұнан-Созыпкел – тоғыз,

мұна[н] – Мұсабай – тоғыз, мұның бір баласынан және тоғыз. Тілеуліден – Акбекет, мұнан – Қылыш қажы. Төрт атаға шейін тоғыз-тоғыздан.

[Қа]найдан – үш ағайынды Сары, Қоңыр, Кеңгір. Кеңгірден-Олжабай... онан-Сапақ. Жайылмастан: Қожақұл, Дәулет. Қожақұлдан: Өтеген, Көлбай. Өтегеннен: Байзақ, Жанзақ. Жанзақтан – Бердісүгір, мұның балалары: Әбділда, Жақып, Сайдалы, Аққошқар. Дәулеттің бәйбішесінің аты-Қарашаш. Мұнан – Ақжігіт, Жанжігіт, Бөкен, Бөкі.

Тінәлінің бел баласы – Үсейін. Үсейіннен-Жайылмас. Бұл Жайылмастан: Әлі болыс пен Бердісүгір байлар: бірі – Өтегеннен, бірі – Көлбайдан. Көлбайдан: Жантілі, Майкот. Майкоттен – Өміртай, мұнан Құлшымбай. Құлшымбайдан – Әлі болыс. Жантеліден-Жұрқабай, онан: Ысқақ, Амалдық.

Қасқа, Олжа, Өстемір, Қарт, Сәтбай, Байқабыл, Жайық, Тақабай, Дәнес, Машақа, Асаубай, Малай, Сары.

Түбі-тегі Қырғыз Тәуке балалары: Абаты – Сармысықтың төлеңгіті. Тоқтаулық, Бабылтай, Марған, Айтыбай. Бұл кісіден бала жоқ, жалғыз-ақ қыз бар. Төрт атаға келіп тұрған, арғы атасын білмейді.

Сайдалы ішінде өсіп-өнген қырғыз: Молдамәшік, ибн Жанбаба, ибн Есенбай, ибн Қазболат, ибн Жаңабәрді, ибн Қожан, ибн Дербіс, ибн Қармыс, ибн Обай, ибн Торай. Қырғыз Шерік Алтай ішіне келіп араласып сіңіп кеткен Қожан. Мұнан бұрынғы: Дербіс, Қармыс, Обай, – үш атаны [Қ]алмақ, Қабылан ішінде өткізген. «Елден кашқан түлкі де – менікі, Жайықтан кашқан түлкі де менікі» – деген соң, Қалмақ ішінен кашқан Сайдалы ішінде екі жүз он үй – Ірбістен үш илеуі, Қоңырат, Қырғыздан бір илеуі бар. Әуелінде қырық жігіт, бойдақ болып шығып, әрқайсысы әр елде қалып, алтау-жетеуі Алтай ішіне келген.

Жоғарғы Шекті: Қазыбек би, төменгі Шекті: Бикен, Шоқай батыр. Және Бикен – Жазының баласы. Сары, Шеген, Қара, Жазы – қатар шыққан. Қара балуан Жәнібек балалары. Жәнібек батыр балалары «Дәуітбай» – атанады. Мұнан Момыш батыр, мұнан – Бірімжан, Қазыбек. Бірімжан балалары: Қорғанбек, Дәуренбек. Қазыбектен – Әбдібек жалғыз. Шегеннің кенже баласы-Бектеміс бай. Шолақ тон Сиқым бай – Шаңырақшының баласы, руы – Қараман. Қазақ мылтық Қунақ керуенбасының заманында Шыршықтың өткелінде: «Құдайыңмын!» – деген торы жорға атты батырды аттан аударып алып, тепкілеп жеңбейтұғын – қу осы шолақ тон Сиқымбай.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Жанарыс – Қаракожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Жаңабатыр] [Жаңабатырдың үшінші қатынынан-Бекбас] Бекбастың үлкен қатынынан: Намаз, Тайсоймас; кіші қатынынан – Бесқұлдан. Намаздың үлкен қатынынан-Еркебұлан; тоқалдан – Қашаған. Еркебұлан баласы – Сәрсенбай.

Күлік: Жаңабатыр биден он төрт ұл туады. Бәйбішеден: Таңсықкожа, Ақкожа, Қосақ, Жарақы, Кемелбай, Кеншінбай, Шошай. Бұл Шошай балалары: Жұматай, Жұмабай, Айтмұхаммед. «Екінші қатынынан Бесқара» – дейді. Бесеу таптан: Шөкеке, Құлмырза, Тікей, Қабыл. Намаз, Кеңесбай, Тайсой[мас] Кеншінбай баласы Оразбай топты. Үшінші қатынынан: Босмойын, Бекбас. Төртінші қатынынан: Алдияр, Байбарак, Қожамсейіт. Таңсықкожадан – Өзден, онан-Жортпас қажы. Аққошқардан – Құлжан, онан: Малшор. Жәутен – Шортан баласы, – бұл – Босмойын балалары. Қосақтан-Торсықбай. Соқадан – Жүргенбай, онан-Қарасай, онан-Рай, онан-Жұмағұл. Қосмүкін баласы: Атан, Шортан. Шортан баласы: Жүргембай, Сыпық.

Жаңабатыр ұрпағы. [Бә]йбішесінен: Таңсықкожа, Ақкожа, Қосақ, Жанак. Таңсықкожаның бәйбішесінен: Өзден, Байтемір, Жақсы, Жабағы; тоқал қатынынан: Жанқұтты, Құттымберді, Айт, Жанғыс. Өзденнің бәйбішесінен: Бекболат, Қатты, Қорықпас, мұнан-Бағай (Иағай), мұнан-Жандарбай.

Байтемір балалары: Дүйсен, Бейсен. Тоқалдан туған: Құлданбай, Қисық, – Дүйсеннің тоқалынан туады бұл екеуі. Дүйсеннің бәйбішесінен: Мұса, Иса, Қуанышбай, Байбөрі.

Жақсының балалары: Естек, Бошан, Шитек. Бошан балалары: Бекбай, Текбай, Көпбай, Мақан, Дәулет. Бекбай баласы-Жүсіп.

Шитек балалары: Жоламан, Айқымбай, Артықбай. Жанқұттының бәйбішесінен: Есілбай, Нұрабай, Отыншы, Аққозы. Аққозы баласы – Ибрай, Ибрай баласы – Құрманғали, Құрбанбай. Құрманғали баласы – Нұрмамбай, Қали, Садық, Боранбай (Борамбай).

Жұрынбас (Жортпас) балалары: Оспан қажы, Ахмет. Бұл екеуінің балалары үйлі-баранды болды.

Ақкожа балалары: Өстемір, Құлжан, Бижан, Құнан, Дөненбай, Құлбек.

Құлжаннан: Жәутен, Малшор (Малсор). Жәутеннен: Тілесбай, Елесбай. Тәтікөт – Тілесбайдан. Елесбайдан – Мәжит. Тәтікөттен – Садық, бәрінің де туысқаны толып жатыр.

Малшордан: Күдері, Мұса, Байбек, – бұлар да өсіп-өнген. Бижаннан: Балықбай, Шабакбай, Қабақбай, Шыңғысбай. Балықбай балалары: Бесмолда (Бісмилла), Қыпшақбай. Бұлардың балалары: Исақан, Төлеубек. Шабакбай балалары: Көтбай (Күтбай), Баймұрын, Беделбай, Исабек, Исабай.

Дөненбайбалалары: Құлатай, Томпай. Томпайбаласы – Суақылбек. Құлбек балалары: Байқозы, Тайқозы, Тойбазар. Тайқозы балалары: Қосмағамбет, Қосқақ. Қосқақ баласы – Нұрмағамбет баласы – Мағауия. Ермағамбет, Ержігіт, Нұралы дейтіндері. Қосақ балалары: Жанқара (Жаңғара), Баба, Сапқай, Торсықбай. Жаңабатыр – Жанақтан соң осы Торсықбай дәкей жүдә (жұда) болған. Алғаш дуан аузы ашылғанда, болыс сайланып, он жеті жыл болыс болған. «Түкірігі – түйме алтын, қақырығы – қайма алтын», лепесқой, айтқаны қабыл болған жан.

«Қаһарлы Жанак» балалары: бәйбішесінен-Қарқынбай, Жанысбай, екінші алған қатынынан-Жалғыз: «Екі қатыннан – екі жалғыз» – атаңған. Қарқымбайдың қатыны бала көтермей бедірейіп, қалшиып тұрып алыпты. Бір күні Қарқымбай қасында тізелесіп отырған қатынының:

– Сен бала таппайтұғын немені біржола жоқ қылайын! – деп, пышағымен періп қалғанда, пышақ қатынның қара сапынан кіріп, қатын жүрегі қозғалып, талып қалыпты. Оттың басын телегей теңіз қан қаптап кетіп, үш ай қозғала алмай жатып, әйтеуір өлмей қалып, жазылып түрегеліп, соның артынан итше күшіктеп, тұңғышының атын – «Күшікбай» – қойып, онан кейін: Атаби, Анай, Айқасқа, Әбет (Абыт) туыпты. Анайдан – Әмірғазы. Айқасқадан – Сүлеймен. Әбеттен – Құсайын. Жансайдан: Киік, Қозыбай, Жаманбай. Киіктен: Жұмаш, Нұрманғали, Бейсенбай. Қозыбайдан: Теміржан, Сүтжан. Сүтжаннан – Несіпқожа. Теміржанды тапқан кемпір тоқсан жеті жаста екен. 1925-інші жылда – құлағы ести[ді], аяқ-қолы бүтін, тып-тың ауылында бала тапқан қатындардың шілдеханасында жүгіріп жүр:

– [Ж]иырма кұрсақ көтердім. Сонан мына Теміржан мен мына бір немерем [А]йқожаны ұстап отырмын. Бір-екі жерде ұзатқан қызым [ба]р, – деді. – Екі – үш баланың анасы болған күнімде Қызылтауда... ик

тауық жұты соққан соң, төркінім осы Қарағайдағы ...к еді, жаз шыққан соң, қасымда бір Ақай – Түкейдің (Тоңайдың) [Тоңай]ы Мырзабай дегенмен екеуміз жолшыбай жемтікті [қор]ек қылып, жаяу жүріп, тоғай түстік, – дейді. 18[58] жылда туған біздің шілдеханамызда болыпты. [Са]ндықтастан үш келіншек барып едік, бірі – ... бақ, бірі-Сылқылдақ. Ол айтқан екеуі Қызылтауда [әл]декашан қауматы қурап өлін қалған кемпірлер ол күнде көрген-білгенінің бірде-бірін ұмытқан жоқ.

Жаманбайдан: Сапаралы, Еменғазы, Әжіке. Сапаралыдан: Апсалам (Әпсәлем), Шайқысалам; бір қатыннан-Шәріп. Иманғазыдан: Абжалел, Әжіке. Әжіке баласы – Әбді, Уақап. Анайдан – Әмірқазы, мұның балалары: Ұбайділда, Әбді, Манап. Айқасқаның Сүлейменінен: Қайролда, Салыбай, Қаратай.

Жанактың бір тоқалынан: Көбентай, Ербекми және бір тоқалдан-Қуантай; кенже тоқалдан: Қозыбағар, Қаратокты.

Көбентай баласы: Томай, Байшолақ. Қуантай баласы – Исмайыл. Жансайдың Кейкісінен – Жұмаш, Жұмаштан – Нәсіполла. Нұрманғалидан – Халиолла. Бейсенбайдан: Уатай, Сары. Әбет (Абат) баласы-Хұсайын, мұнан туады: Әшім, Досым.

Жаңабатырдың екінші қатыны – қалмақ қызы, онан туған бесеуді... бұл күнге шейін: «Бесқара» дейді: Тақан, Шөкек, Құлмырза, Қабыл, [Тік]ей. Тікейден үшеу: Қалыбай, Малыбай, Қаракшы. Бұлармен туысқан қыздың аты – Бөкенай. Уақ – Нүрекен байдың алғашқы алған бәйбішесі. Балта, Балға, Төйте, Ибрайым – осы Бөкенайдан туған. Қалыбайдан – Исмағұл. Исмағұлдан үшеу: Сүлеймен, Хамды, Мұхаммедмәді. Сүлейменнен үш бала болды, бір де – бірінен тұқым қалмады. Ахметтен – Серікбай бар. Мұхаммедмәдіден – Ұбайділда. [Ұ]стаған қатынының емшегінде кеткен, барған жерінде тірі ба... Қаракшыдан – Жүсіп. Қосшығұл – Жүсіп балалары: Есмақа, Сімет, Изат (Изет), Сұңғат, Молдаш, Балама.

Малыбайдан – Байсымақ, мұның балалары: Аққас, Біләл. Аққастан-Есмәзім. Біләлден – Әбсаттар, Әзір. [Қ]абылдың бәйбішесінен: Байсейіт, Бексейіт, Шаншар, Жаманқо[жа]. Органшы қатынынан-Қоймас, кіші тоқалдан: Байған, Тапкей. Бексейіттен: Төкібай, Байқоңыр. Шаншардан – Қоңырбай, мұнан-Рама[зан]. [Ра]манқұлдан: Молақ, Қосшығұл. Молақ баласы – Имамбай. Имамбай балалары: Шаймерден, Шаймолда. Шаймерден баласы – Сағиділда. Қосшығұлдан – Хұсайын. Мұның баласы – Хасен.

Қабылдың кенже токалы – Байған. Мұнан – Дәндіғұл, мұнан: Қожамберді, Жұматай, Қабыл, Масыр. Қожамберді балалары: Дәндіғұлмен бір туысқан – Мәндіғұл бар. Мұның баласы-Қожан.

Жаңабатыр бидің үшінші қатынынан: Босмойын, Бекбас. Босмойыннан-Шортан, Шортаннан: Сапақ, Жүргенбай (Жөргембай). Жүргембайдан – Қарабай. Қарабайдан – Рай, Райдан: Шолан, Жұмағұл. Бекбастың бәйбішесінен: Намаз, Тайсоймас. Намаздың бәйбішесінен – Еркебұлан, тоқалынан-Қашаған. Еркебұлан баласы – Сәрсенбай (Сәрсембай). Тайсоймас балалары: Кеңесбай, Кемелбай, Кеншімбай, Шошай. Кеншімбай балалары: Оразбай, Топыш. Кемелбай балалары: Мәмбет, Шонтай, Базкен. Шошай балалары: Жұмабай, Айтмағамбет.

Жаңабатыр бидің төртінші қатынынан: Алдияр, Байбарақ, Қожамсейіт. Алдияр балалары: Досымбек, Достай, Төлеген, Мәшен. Досымбек балалары: Майлыбай, Демеу. Майлыбайдан: Қазыбай, Тәпек, Қали, Сопен. Қазыбайдан: Жапарқан, Жағыпар. Жағыпардан: Сыздық, Омар. Тәпектен – Омар, Қалидан – Қойбақ. Демеу балалары: Әмір, Шөкен. Әмір балалары: Шайхым, Сіләмхан. Шөкен балалары: Мұхаммедмәді, Хамит, Есболат. Мәшен балалары: Тәнжан, Тіркеу. Тәнжан балалары: Айтмағамбет, Айтқазы. Тіркеу баласы – Құрбан, Темір. Төлегеннен-Бастами, Сүйіндік. Бастамидан-Жүсіп. Достай балалары: Бөкен, Шикі. Бөкен балалары: Тағамбай, Манамбай.

Күлік – Шобалай баласы Жаңабатыр би Абылай заманындағылардың төрағасы болған. Өзі «қара қылды қақ жарған» би болған, өзі жаламен үш шабылған. «Жаламен Жаңабатыр үш шабылды» – деген Жаңабатыр-осы. Жүз төрт (104) жасында өлін: «Құдайдың маған берген жасы жүз он төрт (114) болмақ еді. Он жасым кем болып, үш жан берген топтың ішінде болып едім, сондықтан он жасым кем болды. «Ақ та болса, ант ішпе! – айрандай жұғады» – деген сөз – осы кісіден шыққан сөз.

Қарауыл [шежіресі]

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын (тоқалы Момыннан) – Қарасопы – Қарауыл].

Атқы, Жауар, Мүтібек, Сары, Иманай, Қараша, Бөлкей, Қарт. Бөлкейден – Құлымбет. Құлымбеттен: Бектауыл, Токтауыл.

Тоқтауылдан-Ноғай, Ноғайдан – Тайыс, мұнан-Тілеуқабыл, мұнан Бататын (Балкатын), мұнан-Бадырақ – Қарабатырға келіп тоқтайды. Бектауылдан: Өтей, Мінгес (Мінкіс), Түрікпен. Өтейден – Күшқұт, онан-Сарғалдақ, онан-Боқан, онан-Сәттібай.

[Қа]мшыдан-Жасқамыс, онан-Бөкенбай, онан-Елтоқ, онан-Жәпек, онан-Тосқон, онан-Молдабай қажы. Қарттан-Түнқатар, онан-Қалды, Қарауыл. Атқидан (Атшыдан) – Көшін Қарауыл, сегіз атаның ұлы Қарауыл. «Он екі атаның ұлы Дәуіт» – деп сөйлейді.

Арғын-Сүйіндік-Жаңабатыр тарауы

Жаңабатыр баласы Алдиярдың бел балалары: Досымбек, Достай, Төлеген, Машын, Кенжеқара, – Алдиярдан тарайды.

Қабылқайыр-Уәлихан баласы, бұл Шоқан баласы, бұл Белгібай баласы.

Сарт, ноғайдан, араб, ғыжымнан, ынді, зәңгі, қызылбастан басқа тоқсан екі лығыт пенен сөйлеген жұрттың бәрі: «Уыз(оғыз) ханның нәсілі ек, ағылысы Сіләмболдағы (Стамбулдағы) түріклер.

Аққожадан: Құлжан, Бижан, Құнан, Дөнен. Жаңабатыр баласы Аққожа, мұнан туады: Құлжан, Құлжаннан – Малсор, Жәутен. Жәутеннен: Тілесбай, Тәтікөт, Ілесбай. Тәтікөттен – Садық, Ілесбайдан – Мәжит. Тілесбайдан – Ибрай, мұнан Әбікен. Бұл Әбікен де балашағалы.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Жаңабатыр – Аққожа – Құлжан – Жәутен – Тілесбай – Мәжит – Малай]. Малайдан: Қатке, Дәулет, Жәнібек, Тінібек. Мұның екі қатыны бар: Үлкеналтын, Кішіалтын. Кішіалтынның баласы: Жайлау, Айтқұл, Айтқожа, Кенжебай. Айтқожадан: Жауғаш, Биғаш, Мырзалы, Мырзас, Байкел, Бостан, Байжан. Бұлардың аналарының аты – Жанымбике – қожа Баһаудинге барып түнегенде, алтауының атын қойып, айтып, түсінде аян берген. Жауғаштан: Тәне, Төлеген ақын, Тоғұл (Тұғыл). Төлегеннен: Томпыл (Томғыл), Егізек. Бұл Егізектен: Жәнібек, Тұржан. Биғаштан: Байжігіт, Жанжігіт, Ақжігіт, Орынбай (Орұмбай).

Шағырайдан: Үмбетай, Қаңылды, Жаңылды, Айбас. Қаңылдыдан: Құттиген, Байпак, Жанай (Қанай), Жақсылық. Үмбетей баласы-Есқара

би. [Жанайдан]: Биік, Құтаяк. Биіктен – Баймырза қажы. [Құтаяктан]: Жаманбай, Құрманалы. Орынбайдан: Жанайдар, Өтебай, Бектұрған. Жанайдардан: Мейрам қажы жалғыз. Өтебайдан – Құрман. Бектұрғаннан: Баймен, Дә[рмен]. Мейрам қажыдан: Мұсылманбек, Рақымбек, Омарбек, Сейілия, Мұратбек, Мұхит, Әшімхан (нәшімхан). Дәрменнен: Сұлтанбек, Нәзірия, Фазылбек... Жәдігерден: Байтік, Шақай, Сары. Шақайдан екі бала бар: Қосан, Төке. Қосаннан екі бала бар: Есенбай, Есімбет. Есімбеттен: Бөрібас, Сақал, Құлшөк (Құлжөк). Төкеден бесеу туды: Құдайберген, Мәмбет, Егіз, Тайым. Тайымнан екі бала бар: Өтебай, Жанзақ. Өтебайдан: Нұрбай, Жанбай, Жердібай, Оразалы. Оразалыдан бесеу туған: Жанабай, Шүленбай, Бұланбай, Жаналы, Бикелі. Шүленбайдан – Жомарт. Шүленбай қажының үш қатынының баласы жеті-сегіз ағайынды.

Айтқожаның қатыны-Ханымбике Бәсентінің қызы екен. Бауырларының аты: Елдай, Иіс. Елдайдан: Көлдай, Барлыбай. Көлдайдан – Байтілеу. Байтілеу балалары-Жайсаңбайлар он үйден аса. Мұның балалары мен бес атаға келді. Мейрам Жанайдаров қасында өз алдына бір ауыл: «Бәсентінің ауылы» – дейді.

Мәжіктен: Малай, Тыныбек (Тінібек), Айтқожа, Биғаш (Биқаш), Орынбай (Орұмбай), Жанайдар, Мейрам, Мұсылманбек, Сопыжан.

Шуманак – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет (аты жоқ) – Бесім-Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпей – Жүсіп – Мұхаммедпарафиден бар [5].

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

Бабыр: Байқабыл, Жанкісі, Ақкүшік, Нұралы – бұл төртеуі Бұлғаш бәйбішеден. Онан соң, қатынын ертіп келген жеңгесін алған қалыңдығы Бұлғаштың айтуымен: «Туған ағамның қатынын басқаға қимаймын, өзің ал!» – деген соң. Бұл қатыннан: Айтуған, Құрмыс (Қормыс) туған. Және қатынының ертіп келген қара күнді алған. Онан туған: Жылқайдар, Жаңбыршы. Бұл екеуі – бірі он үште, бірі он төрттегі күнінде – әкесі Бабырды Шүлен қамшымен ұрып, бетін қып-қызыл шиіе қылған, кегін алып, бір өшін бауыр Жанқозының жылқысын қуып, қыркын қырып, мұрнын жырып, қып-қызыл шиіедей қылып: «Екі ауланың арасындағы Басшіліктен бері жердің бәрі менікі. Мұнан былай жылқы асыраушы болма!» – деп, күллі жылқышының екі

аяғын үзеңгісінен өткізіп, ат бауырына таңып, жылқы-мылқысымен бірге айдап апарып, еліне қойдай иірген. Заманындағы Жанқозыдан бір кісі бетіне келін, алдынан шығуға жарамаған соң: «Көпке жүрмегір!» – деп, қатынша қарғаған сәбилері қабыл болып, екеуі де көпке жүрмей, қыршын өліп, «Жаңбыршы, Қопаш» – атынан басқа қалған дәнемесі жоқ.

Бабыр жасында «Ала қоржын Бабыр» – атанып, саудагерлікпен Бұхар, Ташкенттің сартына ерте танымал болып, Бабырсыз жалғыз сарт сауда қылмайтын болған соң, Жанқозының бозбаласы күншіл[д]ікпен көптік көрсетіп: «Сартты Бабырдан еріксіз ап кетеміз!» – деп, төбелес қылып, Шүленнің (Шоланның) Бабырды сабап жүрген себебі сол. Шүленнен(Шоланнан) таяқ жегендігі есінен қалмастай болған соң, Бұлғаш бәйбішенің айтқанына көніп, айдауына жүруімен Бабыр қайнағасының қатыны – жеңгесін алған. Қатыны ертіп келген қара күнді де алған. Және Бұхар, Ташкенттен үш сартты жетім бала күнінде: «Бала қыламын, бас көбейтемін, – деп, – үрім-бұтағымды өсіртіп отырамын», – деп, сатып алған. Сонда алған жерінде бұл беріш (бидық) баланы сарттың Беклербегісіне сатқан. Сонда Беклербегі айтқан:

– Мұның біреуінің тұқымы:еркегі – жасық, ұрғашысы асыл болушы еді. Ораза ашар, ұйтқы боларлық сап та шығар, ат арқасына мінерлік жігіт те шығар. Еркегі қортық та, ал әйелі асылдау болар. (Қудан бай да болды, қажы да болды, баласы Тұрсынбай болыс болды). – Мұның біреуінің тұқымы үшеу болып өспес. Енді біреуінің тұқымынан ұста шықпаса, өзге жарытып дәнеме шықпас! – деген екен.

Сонда бірін әкесі Қарабатырдың інісі Қалитке берінті, бірін өзі алыпты, бірін Құлниязға беріпті. Үш сарттың тұқымы әлі [бар] Құлнияз Бабырдың ішінде. Қалитке бергені өсіп-өнді. Ана екеуі ондай өсіп-өнген жоқ.

Кенжеқозы қыршын жаста өліп, қалыңдығы оң жақта жесір қалған Үйсін-Қаратай батыр қағыны екен. Айдабол би: «Тайкелтірге қосамын» – дегенді бәйбіше балалары ұнатпай, Жанқозы бозбала жиып, ту көтеріп: «Жесірімізді бермесе, шабыншылық қыламын!» – деп. Сонан соң, икемге көніп, Малқозының баласы Толыбайға(Төлебайға) қосып, Олжабай батыр сол Үйсін-Қаратай батырдың қызынан туып: «Ер тағайына тартады!» – деп, батырлық жыны сонан қонған аруақ екен. Ол Үйсін-Қарагай батыр – Шанышқылыдан алдырып, бір жетім қызды күң орына қызына ...лік қосып, ол жетім орнына берілген қыз екіқабат болып, жолда босанып, баланың аты «Қосжетер» – болыпты.

Елге келген соң, ол жетімнің өзі Сарыға қосқан екен. Қоштердің Сарымен ежелес болған жері осылай екен.

Бұрынғы қариялардан естуіміз – Айдабол би бәйбішесі балаларынан қаймығып, Тайкелтірге жарытып енші бере алмапты. Сонан соң Қоштерді Тайкелтірге: «Қара бауыр қылып ал! – деген екен» – деуші еді. Не нәрсенің болса, хақтығын Құдай біледі. Қазақтыкі – ұзын құлақтан естілген сөз. Қоштердің шешесінің аты – Бөктік екен. Жолда келе жатып, қоста босанған соң: «Бұған ат болуға осы қос та жетер», – деп, атын «Қосжетер» қойған. Сонан келе – келе «Қоштер» – атанған.

Қаратай батырдың қызы да жолда босанып: «Осы жолдың олжасы» – деп, атын «Олжабай» – қойған. Сарыға қосқан себебі – бір жолаушылар келе жатса, бір ел маңайында бір бала итті бас салып жатқанын көреді. Елге айта келеді. Ежіктесе, сол бала Сары болып шығады.

– Мұның қалай? – дегенде,

– Өзің қатын алып бермейсің! Еркіме қоймай бара жатқан соң, ит те болса, бас салғаным ғой! – депті. Сонан соң Жанқозы Қаратай батырдың қызына еріп келген жетімді қоса салған екен дейді.

Нардың бәйбішесінен: Ботбай, Шымырқұл, Жанан; тоқал қатынынан: Лаба, Құсан, Майқара. Бұл сөзді бұрынғылар сөйлеген болса да, кейінгілер: «Аққа қотарғанда, жазуға жарамайды, қоялық. Ойын сөзді біреу нанар, жаман үшін жақсының көңілі қалар. Жамандарына өкпелеп жазасың. Жақсылардың құрметі үшін айтарға жарамас!» – десін.

...Бұрынғы заманда Құлнияз-Бабыр жылқысын жау алыпты. Сонда Құлнияз, Бабыр көтеріле аттанып: «Құлболды-лап!»-шауып, қуып, жау[дың] қай жеткенін қызыл көтен қылып түсіріп кете беріпті. Сонда қуғыншының ішінде Құнды баласы Байдалы балуан бар екен: «Құлболдының жолы қан-жосын болады – деген екен. – Олжабай-лап шабыңдар», – депті. Сонда Биеші бие саудырып жүр екен. Бір биеге міне салып шапқан екен. Сол биеші жау түсіріп, жылқыны жаудан айырыпты. Өзі ұста екен, сонан «Биеші» – аталып кеткен. «Жау түсірген бір биеші» – деген сөзден. Биеші: Сейпен, Боқаш, Тарбақ, Жамшы, – төрт-бес үй бар. Бұлар тоғай бойында: Апай, Бөрі-Қазанғап балалары ауылында.

Сарттан сатып алған үш баланың біреуін Бабыр өзі бала қылып алып, сол Бабыр алған сарттың тұқым-жұрағаты – осы Биешіден өрбіп-өнгендер. Тарбақ деген жігітке жолығып, сөйлестік.

Бәсентиін шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын (тоқалы – Момыннан) – Кенжесопы-Бәсентиін]

Бірінші қатынынан: Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан. Ақмайданнан – Көкшекөз, мұнан: Байымбет, Жолымбет. Байымбеттен: Бейсен, Жаманай, Қоянбай, Көшен, Шөрек, Таңатар. Бейсеннен: Таз, Бөкі, Шоқай, Өтеп, Матай. Жаманайдан: Ырысқұл, Қойсары, Қозыбақ, Сағынай, Тайлақ. Ырысқұлдан: Шақабай, Қарабатыр, Бөкебай. Ырысқұлдың қатынының аты – Ырысбике (Рысбек). Шақабайдан: Жәнібек, Имамбет – мұны айтты дейді. Жәнібек балалары: Сарқұл, Айқұл, Байқұл, Киік – бәйбішеден; Сорыпкел, Манамбай – тоқалдан. Тоқал – қалмақ қызы. Айқұлдан – Жаманбай, онан – Тасболат, онан: Шәкір, Мұса, Боктыбай. Қара – Мұсадан: Омар, Имаш.

Жолымбеттен – Маңдай, мұнан-Сәмек. Матайдан: Құтымбай, Қаржау, Өмір, Қойбақ.

Шежіре жазғандар: «Бөкі-Шоқайдың Шоқайы нағыз тумай ма?» – деседі.

Бұқа, Күбір – Бәсентиін емес, аяғынан қаңғып келген екі бала екен. Ұрлық қылып, байласа, бау кескен соң, өлтіріп, көзін жоғалтпақшы болған соң, Күбір шыққан жері Түркістан, Ташкент жағы екен. Сол жаққа қашып кетіп, Бұқа мұнда қалыпты. Бәсентиін – Сырымбет батыр Сәмектен шыққан мұның тұқым-жұрағаты. Жәнібек батыр қырғыздан бір баланы қоржынға салып әкеліп, атын Бертіс қойып, онан Күреңше туып, онан – Олжабай. Олжабайдан – Атыбай туады.

Бекмайданнан – Апай, Тоқмайданнан – Қатыс. Қатыстан – Бөрі, Бөріден: Келден, Қыстау, Қақа, Сатыпалды, Жаңбыршы.

Бәсентиіннің екінші қатынынан: Жылқайдар, Итемген, Ханкелді (Қаңылды), Актілес, Күшік. Күшіктен бесеу: Қайып, Кенжебай. Бір шежіреде жазыпты: «Үшінші қатыннан – Бөрі. Бөріден – Келден, Қыстау, Қақа, Сатыпалды, Жаңбыршы. Жаңбыршыдан – Жәнібек. «Апайдан – Нарбота» – деп біреу жазыпты. Күшіктен: Жетпеген, Байымбет. Мұнан – Ханкелді, мұнан-Байбол, мұнан – Жетібай. Атбасарға жер ауып барған бір қария: «Бәсентиінмін», Қызылағаш болысынкімім» – дейді. Баласы қасында, дұрыс ескі сөз білетұғын кәрі құлақ екен. Ол сөйледі:

– Биыл оған он тоғыз жыл болды. Бөрі-Бәсентиін, Есенаман байдың азаты, – дейді. Есенаман азат шығарған толық бай кісі екен. Жалғыз баласы – Ботасқа енші беріп, қой қосақтатып жатқанда, бөрі тонды, бөрте атты бір жалғыз жас бала жігіт үй сыртынан келіп, сөйлес қылыпты.

– Жөнінді айт, кімсің? – дегенде,

– Атым – Келімсек, жалғыз балаңа енші беріп жатыр деп естіп, қосағының басына ие болайын деп, өзіңе бала болайын деп келдім, – депті.

Сонан соң бай ырым көріп, асықты жілік ұстатып, бала қылып, атын Бөрі қойыпты. Осы күнде: «Апай – Бөріміз» десіп келеді.

Мұндай ескі сөзді бұл күнгі жүрген жаннан сұрасаң, жалғызды білмейді.

– Кімнің ұрпағы боласың? – деп сұрасам,

– Керекуде тұрған: «Осы Керекудікіміп» – дейді. «Қырдағы бестөғайдыкімін» – дейді. Қазбалай сұрасаң, онысы да, мұнысы да: «Күшік боламыз», – деп, сілейеді де, отырады. «Біз кісіміз, адамбыз» – деп, бірі айтпайды.

Қыпшақ шежіресі

Молда Мәшьүр Жүсіп (Иосиф) Копейбаласының жинаған сөзі. Маған көкпен Жебірейіл періште уахи (өзі) келтірген жоқ. Қағаз жүзінде жазылған қазақша шежіре нұсқа жоқ. «Естіген құлақтың жазығы жоқ» – дегенмен естігенімді жаза бергендіктен, жиырма екі жасымда өз атым былай (бұлай) қалып, «Шежіре» атандым. Көп естіген сөздің бірі. Керекуге жиырма бес шақырым жерде «Құрман тұзы» – деген тұз бар. Сол Құрман Қыпшақ екен де, өзі мейлінше бай болған екен. Жылқысының есеп санын өзі де білмейді. Жалғыз баласы болыпты, «Бөрі тонды бөрте атты» – атанған жылқышысы болыпты. Малға шын жаны ашып қарағандықтан, жылқы билігі сонда болыпты. Байдың жалғыз баласы сері болыпты, он жігітімен жүреді дейді. Жазғытұры бие құлын төгіп жатқанда, бай баласы он жігітімен жылқы аралапты. Жаңа туып жатқан қара құлынды сойып, терісін ала беріпті: «Осы жүрген он бір жігіт бір түсті қылып, қара құлын жарғақ киеміз» – деп.

«Бөрі тонды бөрте атты» жылқышысы мұны көрген соң, іші күйіп, жылап, байға келіпті:

– Бай, маған батаңызды беріңіз. Бұл малға менің иелігім болмады. Мына қорлықты көріп жүргеннен қаңғып өлгенім артық, – деп.

Кәне (кәні), бай жалынып, жалпайып тоқтата алмапты:

– Мен ризамын (ырзамын): Осы жылқының қақ жарымын ал да, өзің маған риза болып кет, – депті.

– Жоқ, бай, бір тай да алмаймын, батанды бер, – дей беріпті.

– Жоқ, балам, сен дәнеме алмай кетсең, бата да бермеймін, ризалығым жоқ, – депті.

– Ендеше бір теңбіл көк айғыр бар, үйірінде бес байталы бар. Соны берсеңіз болады, – депті.

– Уай, шырағым, көбікті көктің тұқымы еді. Өзімнің аузымды көбікті саумалға тигізген жануарым еді, ала ғой, ала ғой! Мал қадірін білмеген қу жалғызға болғанша, мал қадірін білетұғын сенде болсын! – деп, батасын берген екен. Сонан соң Ертістің бір жағына өтіп, Апай деген жесір қатынның қызын алып, онан бес ұл туады: Келден, Қыстау, Қақа, Сатыпалды, Жаңбыршы. Мал менен басы таласып осе бастайды. «Көбікті көк»-атанып жүргені – биеге шапқанда, биенің үстінен айғыр түскенде, ақ көбік шұбалып, үзілмей, ағып тұрады екен. Соны Бөрі өзі тосып алып, балаларына ап келіп, жалатады екен. Бір баласы жаламайды екен. «Сол жаламағанның ұрпағы ана төртеуіндей болмай, жарлы-жақыбай, өсімсіз, өнімсіз болды» – деседі [6].

Арғын-Сүйіндік-Күлік-тарауы жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды-Күлік – Өтепберді – Ақыл-Дербісәлі].

[Дербісәлі]: Қаржау, Нұржау, Олжас, Мырзас, Қодас

Қаржаудан [7] – 1.Әнен. 2. Байыс. 3. Байкөншек. 4. Жанас. 5. Байсақал. Қалмақ қатынынан – Қозыбақ, бір қатынынан Байғабыл. Байкөншектен – 1. Көжек (Көшек). 2. Бажыр. 3. Сағынай. Көжектен – 1. Екіберді. 2. Жақсылық. Сағынайдан – 1.Жаманғұл. 2. Мұса. Мұсадан – Оспан «Күлік Оспан» – дейді. Тұзқала мен Қарақаланың аралығында Моғал қомында Айдабол – Сары – Жылқайдар қажы не-

мересі Әбділда – Арын баласы, соның қасында Күлік: Тілеуімбет – Жаңабай, Естібайдың – – Жиенайының (Жиенінің) баласы соның қасында. Дербісәлі – Жаңкөт... Ербай... Бекбалта... [8] Ғабдығали.

Керей шежіресі жалғасы

Дүйсен, Таймас – Молақ баласы; Молақ – Сырлыбай баласы. Томан: Дүйсен. – Таймас баласы. Томаннан – Қықым, Сәмекбай. Сәмекбайдан: Оспан, Темірхан. Темірханнан – Қоржын, Қоржыннан: Шалабай – бір жасар бала.

Шақшақ елінің ішінде өсіп-өнген екен. «Ата-бабаларымыз сол Терең көлге Сәмек ішіне сонан келген екен. Бесшоқы маңайында болушы еді жер-суымыз» – дейді екен.

Жебеге Керейден тараса керек. «Жебеге-Керей Ақылтау заманында Қызылтау Қалмакқырған аралығында болған» – деп қариялар айтушы еді.

Мешітбай Ақыл биге құда болып, баласы Алзабекке Ақылдың қызын алып берген: баласы Асаубаймен Молдабай құда болған.

Жылқысын түп көтере Үйсін алған байдың аты – Қармыс абыз екен, баласының аты – Азнабек. Сол Азнабек жылқыдан айрылып қалған соң және жылқы соңынан қуып барған Ақпан – Бәйештің Бәйешін жау өлтіріп кеткен соң, еліне мұнан сүйкімсіз кім болады дейсің?! «Қарға тамырлы қазақ» – сүйек шатысы болғандықтан, Айдабол Тайкелтір ішіне келіп, үрім-бұтағы сол елдің ішінде қалды. Қармыс абыздан – Азнабек, онан – Дүйсембі. Дүйсембіден – Қияшы жалғыз үй, бала-шағалы.

Уақ-Нұрекен бай ауылында Рамазан-Құттымбет баласы, Құттымбет – Тышқан баласы, Тышқан-Танабай баласы. Онан арғысын білмейді. Тышқан балалары: Турашап, Құлбет, Құттымбет.

Турашаптан: 1. Мөшке. 2. Тауасар. 3. Жетімеке. Мөшке баласы – Кәпіш. Мұны Жанак балалары: «Орманшы» – дейді.

Рамазанның өзі: «Күлікіпіз» – дейді, Жамшыбай айтты дейді: «Төкі, Байыс, Танабай бір туысқан» – деп.

Бір жасарында шешесі Қыпшақ – Тасыбек дегенге тиіп кетіп, өмір бойы сол Тасыбек баласы болып кеткен.

Қыпшақ шежіресі жалғасы

Абай әкесінің аты – Махамбет, мұның әкесі – Кенжәлі, мұның әкесі – Сапар. Мұнан арғы атасын білмейді. Баяғыда бір шешелері Қошқарды: «Қойата» – дейді екен. «Ол сөзге қарағанда, Құлан Қыпшақ Қошқарбай батырдың аймағы болса керек» – дедім.

Жананның [Жананды] өлтірген Үйсіннің аты – Қарынбай. Ол Үйсін-Шабаттың жылқысын алған. Бәйештің мінген аты – Бостыбай торы. Жау – бес жүз кісі, бұлар – қырық кісі. Қармыс абыз жылқысы сонда жауға түскен [9]. Барған қырық кісіден тоғыз жан тірі қашып құтылған. Бәйештің екі баласы Қыздарбек, Сауғабайды тірілей іпге көміп тастаған. Бір Қазыбек пұшық деген: «Бәйешке бір киім берін кетіңдерші!» – дегеннен Бәйештің тірі екендігі білінген [10].

Қуандық шежіресі

Нұрфая бәйбіше-Қуандық, Сүйіндіктің шешесінің аты, Алшын-Құдысбайдың қызы екен.

Алтайдың балалары: Байбикеден: Алысай; жеңге алған қатыннан – Нұрбай. Аққояннан – Әліке, Байдалы, Сайдалы – Кенже тоқалдан. Бұл тоқал нәм Қанжығалы – Пісбек байдың қызы. Мұнан туған – Мойын. Бұл тоқал қалмаққа олжаға түсіп кетіп, қалмақтан келгенде, бір бала көтеріп келіп, мұнда келген соң туған. Алтай бабамыз: «Кенжеқарам» – деп айтқаннан «Кенжеқара» – атанып кеткен.

Алтайдың «ақсауыты» Нұрбайда қалған. Өзі батырлық қылып жауға олжаға түсіп кеткен жерінен, ықтиярына қоймай, жаннан кешіп барып алып келген. Сол сауыттың аты – «Шежекөз» еді. Сонан әлі Нұрбай ұраны – «Шежекөз». Кеше Ақпан Бәйештің Бәйеші Шөлшоқының түбінде Ұлы жүз Үйсін өлтіріп жатқанда:

– Не қылайын, Нұрбайдың он жігітінің ортасында өлмегеніме арман қыламын. «Жүн жеп, жабағы тышқан» жаман Әлісайдың баласы-ай, біріңнің малыңды, біріңіңн жаныңды қорғаймын деп боқ басында босқа өліп қалды-ау! – деген. Оның мәнісі – Алтайдан шыққан Жанан балуан ұрлыққа барып, Ұлы жүзден кісі өлтіріп келген екен. Сонан соң Ұлы жүз көтеріліп келіп (Бәйештің бәйбішесінің аты – Шәмшек бәйбіше), Әлісай бір қожа білмес пысық иттің жылқысын түп көтере алып кеткен соң, сол бай келіп:

– Сен жүрмесен, болмайды, – деп, – Бәйешті бармаймын десе де, еркіне қоймай алып кеткен екен. Және сол барған жолында Жанан балуан:

– Сендерге тимейді ғой, мені өлтіреді ғой. Атыңды маған бер, – деп, Бәйеш батыр астындағы атын Жананға беріп, ол қашып құтылыпты да, оған атын беріп қашырғандығына көзі жеткен соң:

– Менің қан жуар кісімді айырып, арашалап құтқарып жібердің! – деп, Жананның орнына мұны өлтіріп, қанын ұрттапты. Кәріп (ғаріп) болып қолға түскен соң, намазын оқытып, иманын үйіртіп, сөйтіп өлтіріпті.

Қуандықтан-алтау, Алтайдан – алтау, Мойыннан-алтау, Мұраттан-алтау, Әлмәмбеттен – төртеу, Бегайдардан – тоғыз, Қошқардан-алтау.

Тоқбурадан – тоғыз, Аралбайдан – тоғыз, Сайдалыдан – Итқарадан – тоғыз.

Саңырықтан: бәйбішеден – он: Шаншар, Асан. Тастемір қызы, аты Ұлбала (дан), тоқал Айымжаннан – үшеу.

Ақбураның алты баласы – Арзықұл, Құдайқұл, Мыңдықұл, Жанықұл. Жанықұлдан – Аманбай, Аманжол. Аманжолдан-Мәмбет, Үрік, Күшікбай. Мәмбеттен – бәйбішесінен-Саңырық; бір қатынынан – Мұңайтпас, Қашаған, бір қатынынан – Тоғалақ, Сытбай, Сәтік.

Аманжолдың кара шаңырағы осы Сәтік орнында. Қияш асында сол «Аманжолдың кара шаңырағы» – делінген үй Мәшһүрге арналды. Құдайдың қосуымен көкала атты Оспан, Таймас баласы себеп боп.

Саңырықтың Жүнбай (Жонбай) деген баласы боранда қоймен бірге ығып кетіп, бір бойжеткен қызбен екеуі құшақтасып өліп қалған.

Кеше жаңада Батыраш, Қотыраштың немерелері Алтай-Бекқожаның асында Нұрланмен қалжыңдасқанда бір айтқан сөзі бар. Сол үшін жаздым [11].

Арғын-Сүйіндік-Күлік шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Қойтан].

Бұл Қойтаннан-Ақбай, ..., Боқаш. Ақбайдан – 1. Тыныбек. 2. Қалыбек. 3. Жанқожа. Қалыбектен-1. Бектұр. 2. Мұсай. Жанқожадан – Малқыста, Ораз, мұның баласы – Төлекғұл (Тұлаңғұл). Малқыста балалары – 1. Аманжол. 2. Есенжол. 3. Абайыл. Тыныбек балалары: Еңлі (Екі), Берген. Мұнан-Тоқыш, Тілеу.

Ақбайдың кенже қатынынан – Масакбай, Жарты. Жартыдан – Алдан. Масакбайдан – Бекбау, Құлатай.

[Күліктен]: 1. Өтепберді. 2. Данияр. 3. Сексен; Дәулет – тоқалдан. Өтепбердіден-Ғақыл. Қошқар мұнан туады [12].

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Тайкелтір]. Тайкелтір-ағасы, Қожакелді – інісі. Айдабол би бәйбіше балаларынан аса алмай, Тайкелтірге енші бере алмаған. Қошетерді еншілес қылып, соны берген. Қошетер Тайкелтірдің қара бауыры. Тайкелтірдің Өрік деген тоқалынан Өтеп. Сақау жалғыз. Үлкені – Тоғас, (Байылы), кенжесі Бармен – «Құмардың тоғызы» – атанған. Өріктің жалғызы бәріне тең болған. Барменді шешесі алпысында тапқан. Құдайдың пәрменімен болды деп атын Бармен (Пәрмен) қойған.

Арғын-Сүйіндік – Күлік жалғасы

Күліктің бәйбішесінен-Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет; тоқалдан: Ғақыл, Сексен. Тілеуімбеттің он бес ұғлы болған. Ең үлкені – Аспантай, мұнан тұқым жоқ. Онан соңғысы – Амантай. Мұның балалары: Қарашек, Айтқожа, Жанабай. Бір баласының аты – Күнту. Мұнан Жаксы Жанайдар, мұнан – Өтеміс абыз. Жанайдардың тоғыз ұлы болған – бәрі өсіп-өнген.

Екі немересінің аты – Бесім, Қойтан. «Айтымбет, Бесім, Сейтімбет, Шегір» – деп сөйленеді екен.

Он бес ұғлы мен Тілеуімбет өзі бас болып, қарақалмақ Қатысыбанның соғысында бір жауда қырылып қалған.

Үш баланы жаралы болып жау ішінде жығылып жатқан жерінен Орманшы – Тайлақ батыр алып шыққан. Екі немере: Бесім, Қойтанды сары атты Сексен алып қашып құтылған. Сол бесеуінен тұқым бар. Ойдағы, қырдағысын жиғанда, толық бір ауылнай ел, екі жүз үй бар шығар.

Бұрынғы күнде іштен жақсы кісі шыққан екен: Жанайдар би, Өтеміс абыз, Ізден абыз. Бұл күнде – шежіре, Мәшһүрден басқа кісі білерлік кісісі қалмады.

Бесімнен – Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс. Ақжігіттен – Құлмұхаммед, Сермұхаммед, Досмұхаммед, Ізмұхаммед. «Ізден абыз» атанған – осы кісі.

Сермұхаммедтен – Шаншар молда, Мыңжасар, Көпей, Мағрыб.

Көпейден – Мәшһүр Жүсіп, мұның үш баласы бар: Мұхаммедшарафидден, Мұхаммедәмен, Мұхаммедфазыл.

Өзі [әкесінің] қырық сегіз жасында, жылан жылында дүниеге қой жылы, ережеп – ілміржіп айында жұмға күні келген.

Бес жасында ғылым мектебі үйіріліп, алты жасында Шар (шаһар) кітап оқып, сегіз жасында Баянаулада молда Қамардин ахонның алдына отырып, сарып ой бастап (баслап), тоғыз жасында ғылым фиақа махытсыр алуқаяға мышрух қылып, он бес жасында шағырлық илан шәкірт (шаһырыт) тәбиб, жиырма тоғыз жасында Бұхарай Шәрифке барып, медресе шықорда сытқамит еріп, мырза Ұлығбейнеде медресе Хамза қожадан, Пайастанада ноғай Мұсасаждин мүфтиден дәріс оқып, Мираканда хазірет ишан Миан, Мәлік ишан Сахыпзада биниресінің тәрбиесінде болып, отыз жеті жасында Ташкент шаһарында Бестағаш махалласында Әбілқасым хан ишан хан қасында тұрып, бәнирелері Әкірамхан төреден ғылым алып жүру-тұруы көп болып, оқып – білуі аз болып, сыжырай мірік апаты илан ғирмұғық дәрежесінде қалған.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт].

Ақжігіт, Жанжігіт – қызы өз күйеуімен қашып кеткенін естіп, Есқара би көңіл айтқан екен:

– «Қыз ұзатқан қырғыз шапқанмен бірдей» – деп еді. Жасаусыз қыз ұзатыпсыз. Өзімен-өзі қашып кеткен баланың алдын не қылайын?! Арты өзіңе қайырлы болсын! Құдай берген адам екенсің, ырысыңа қой түнетсе де болар. Кетейін деп кеткен жоқ шығар. Сенің ырысыңда қой түнетсе де жарайды. Күйеудің қалың соры (қоры) да, ықтиярсыз өз үйінен өзін кетірген, – дегенде, Ақжігіт Есқараға риза (ырза) болды дейді.

– «Ат төбеліндей жаман Малайдан не қылғанда, би туатұғын болды» – деп, жақсылықты анық саған қимай жүруші едім. Сен Құдай анық би қылып жаратқан жақсының өзі екенсің. Жаңа мойын қойдым артық жақсы екендігіне, – депті.

Осы қыздың барған жері қара қасқа кедей болған. Онан туған жиен: «Керейіт – Шоңай абыз» – атанған.

Бұл Қатық Олақ мергеннің моласы – Терісаққан бойында жаудан өлген. Өлген жеріпе қойылған.

Бесімнің бәйбішесінің аты – Бөктік бәйбіше. Қыпшақ-Қатықұлақ мергеннің қызы, үлкен зор тәуіп болған кісі: үшкіргені ем болып, айтқаны айтқанындай келеді. Келіншек күнінде қалмаққа түсіп кетіп ішінде көтеріп барған баласын қалмақ ішінде тауып, сол бала қалмақ қолында тірі қалған. Өзі қашып келг[ен]. Жаяу жалғыз елдің шетіне келіп, оз аулына жуырда жете алмай жүрген жерінде өлі жүн түтіп, екі кесек кигіз басып алған. Бұл Бесім заманында күллі Төртуыл Ұлытау, Кішітауда екен. Жайлауы Сорқара [мен] Сортыны жайлайды екен.

Баянаула, Қызылтауға ел аумақшы болғанда, Бесім Ақжігіт, Жанжігітке:

– Биыл көшпендер, мен өлемін. Мені осы Ұлытау[ға] қойып, ендігі жыл көшіндер, – деген.

Балалары:

– Жерден құр қаламыз, алдыңғы барған ел алып қояды, – десіпті.

– Ендеше биыл – менің өтетұғын жылым. Мені: «Осы Ұлытаудың басына әкеліп қоямын» – десеңдер, көшулеріңе рұқсат беремін, – депті.

Сонан балалары уағда қылып, көшіп барып, Қызылтау[да] Ашамай тасқа қыстаған жылы өліпті. Алып келіп балалары Ұлытауға [жерлепті].

Сонан «Бесім дарасы» – атаныпты. Тілеуғабыл дарасының өре (үзе) басында (жасында).

Ақжігіт абыздың ең үлкен қызы – Зарауха. Онан соңғы қызларының аты – Дәме, Дана. Зарауханы Қозыкерейге ұзатқан. Бір қызынан туған жиен – Төртуыл халфе. Бір қызынан туған жиен – Керейіт – Шоңай абыз деген. (Қатынының аты – Әбуалка: Қақсал – Аманбай қызы). Қатынын «Құдағи» – деп сөйлейді екен. Ең үлкен қызы Зарауха сегіз жасар күнінде, онан соңғы қызлары үйелмелі – сүйелмелі. Еркек бала көрмей тұрған уақытысында екі туысқанының екі қызын нәзір қылып қалыңсыз беріп Оспанқұл әштірді мектепбасы молда қылып ұстап, үйінің сыртына ақ қос тігіп, Құдай үшін бала жинатып дүкен қылған екен. Қазақта әуелі молда ұстап, бала оқытуды бастаған осы кісі екен. Сонда бір күн өзі намаз оқып тұрса, от басында отырған кішкене қыз балалар төрт ши шаншып от басына: бірінің аты – «Құлмұхаммед», бірінің аты – «Сермұхаммед», бірінің аты – «Досмұхаммед», бірінің аты – «Ізмұхаммед», – деп, намаз оқытып ойнапты. Ақжігіт абыз намазын оқып болып:

– Құдағи, құдағи, Құдай береді екен. Балалардың ойынын байқадың ба? Сен төрт ұл табады екенсің. Осы төрт атты қояды екенбіз. «[Бала]ның аузы, періштенің аузы» – деп еді, – деп ырым қылыпты. Айтқанындай, құдағи кідірмей бала көтеріп, бір ұл тауып, атын Құлмұхаммед қойып, онан соң бір ұл тауып, атын Сермұхаммед қойып, онан соң бір ұл тауып, атын Досмұхаммед қойып, сол шағында Ақжігіт абыз қырық тоғыз жаста екен. Ел жайлауда отырған[да], Көкшетау бауырында Қыздың қара суы, Шүртек қарағай деген жерлерде бір жақтан жолаушы келе жатып, түсте ат шалдырып, ұйықтап жатқанында түс көріп, оянсымен астында жирен жорға атын: «Түс садақасы!» – деп айтыпты.

– Түсімде көк кептер келіп, ұят жерімнің басына қонды. Ол – жұмақтың (ұжмахтың) құсы. Енді мен өлемін. Мені осы түс көрген жеріме қойыңдар, – депті.

Сол күні үйіне келе ауырыпты. Қатыны екіқабат екен.

– Мына ішіндегі еркек бала туар, атын Ізмұхаммед қой, менің ізімді жоғалтпас, – депті. Кідірмей опат болып, айтқан жеріне алып

барып қойыпты. Өзі өлген соң, «құдағиы» еркек бала тауып, атын Ізмұхаммед қойып, «Ізден абыз» – атаныпты.

Ендігі жыл ел жайлауға келгенде, ауыл-аймағы басына бата қыла барса, моласының үстіне үйрек ұя жасап, жұмыртқа салған екен. Соны заманындағы қариялар:

– Мынаның арты жақсы болады екен-ау! – деп, ырым қылысыпты. Айтқанындай-ақ Ізден, Дос заманында Ақжігіт ұрпағы бір түрлі бай болып, өзінен жақсы кісі шығып, Алашқа білікті (билікті) болыпты.

Бұрынғы өткен адамның қандай кісі екендігі сөйлеген сөзінен мағлұм. Бұл Ізден абыздың Із абыз болып тұрған күнінде Керей – Тұрлыбек Көшенов жеті дуан үстінен советник болып, Баянаулаға ревизия қыла келгенде, екі Күлік дауласып, Тұрлыбекке жүгініске барыпты. Сонда дауы бір Күлік жат елден өсіп-өніп, қатын-балалы болып, мал малданып, жан жанданып, өз халқына көшіп келген екен. Бір атын үйір қылу үшін, өз ағасына, Күліктің тұрған атына қосақтаса, қосақты аты болған себептен ол Күліктің аты буынып, пышаққа ілініпті. Адал бауыздап алып, семіз болған соң, етін иесі өзі қонақ құржысына (құрбысына) жаратыпты. «Сенің атың қосақ [болмаса], менің аяулы атым өлмес еді», – деп, осыны даулап жүреді екен. Тұрлыбек:

– Мына отырған абызекең төресін берсін, – деп, абызға салған соң, абыз мән-жайын сұрап қанып:

– Осы бейшара мал тауып, пайда қылып күн көрген жерінен не үшін көшіп келді? «Малымды – малға, жанымды – жанға, қатынымды – абысын-ажынына, баламды бауырына үйір қылайын!» – деп келді-ау! «Құданы құдай қосады. Үйірі басқаны нокта қосады» – деген сөз бар еді. Малға мал қосақтаса, үйір болады. Бұл сорлы малымды малға, жанымды жанға үйір қылайын деп келген турасында қосақтаған себепті ағайынның малы өлген үшін оған төлеу тартса: «Әлі мен көшіп келемін деп, өзі бұрынғы үйірінде жүрген жануарды зорлықпен үйір қыламын деп оған бұлайша шығындайтұғын болсам, бұрынғы үйренген жерімнен бекер-ақ келген екенмін!» – деп көшіп кетеді ғой. Сен атыңның отыз омыртқасымен отыз қонақ жөнелткен шығарсың, қырық қабырғасымен қырық қонақ жөнелткен шығарсың. Бірқатар қозыңды айырыпты, қанша малың жаныңа қалыпты. Ағайындық турасынан мен бұған төлеу бұйырмаймын дейді, – дейді.

Сонда бұл берген төресіне Тұрлыбек мырза риза болып:

– Пәлі, сөз абызекенді! Жарайды, – деген екен. Сонан Тұрлыбек атын жектіріп, арбасына мінер мезгілінде:

– Абыз-еке біздің (бізнің) хақымызға дұға қылыңыз! – деп, қол жайыпты. Сонда абыз:

– Тыра топ бин руфқа жолық! Алла Акбар! – депті. [Тұрлыбек] арбасынан қайта түсе қалып:

– Абыз-еке, бұл батаңыздың мәнісі не деген сөз? – деп сұрапты.

– Шырағым, Тұрлыбек, Жанай қиямет қайым болып, ғарасат майданы құрылғанда, тәңірі қасы мизам таразы болып, біреуді таразыға, біреуді қыл көпірге, біреуді есеп-тұсап жеріне рет-ретімен бөлгенде, қосақ арасында бос кететұғындар болады дейді. Солардан болғайсың дегенім еді, – дегенде, Тұрлыбек:

– Уай, аузыңыздан айналайын! – деп, жылап қоя берді дейді. Қазақша: «Тыра топ бин руфқа» – деген сөздің мәнісі, бұл қайдан алынған десең, арабша: «Тіллі тұға уа руфқа» – деген сөзден алынған екен.

Әз жақсылардың батасы

Ізден абыздың Боштай атасы Тұрсынбайға айтқан сөзі. Әуел Так Сүлейменнің құмырсқаға сөйлескенін нақыл қылып, артынан:

– Акку азса, қанатын суға бөлер (бұлар),
Құлан азса, тұяғын құмға бөлер (бұлар).
Хакім азса, сұмдығы жұртқа тиер,
Артынан көп кешікпей жұрты бұлер (бүлінер)!
Қаршыға қыран болса,
Айдын көлден үйрек ілер.
Бозбаладан би қойса,
Жұрты бұлер (бүлінер)!
«Ұлығы бозбала болса,
Халқы қозғалақ болады», – деген.
«Патша пілдей болса да,
Жұрт құмырсқадай болса да,
[Оны] басып өтпесін!» – деген.

Арғын шежіресі басы

Арғынның жүз алты жасында алған тоқалының аты – Айнакөз. [Айнакөзден]: Үсенбай, Елемес; Елеместен – Ерман, мұнан: Шағыр, Белтірік. Шағырдан: Ақай, Жолдыбай. Тағышы, Аманжол, Сомжүрек. Белтіріктен: Сырлыбай, Сары.

Үсенбайдан – Қарамерген, мұнан Байташы. Аманжолдан – Күшай, мұнан – Шақшақ батыр. Шақшақтан – Қошқар, мұнан Жәнібек. [Жанарыс – [Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Болатқожа (Қаракесек) – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар – Келдібек – Қазыбек].

Екі шекті: Жоғарғы Шекті – Қазыбек би, Төменгі Шекті: Бекен, Шоқай батыр. Және Бекен, Жазының баласы – Сары, Шеген, Қаражазы, қатар шыққан қара балуан Жәнібек балалары. Батыр Жәнібек балалары «Дәуітбай» – атанады. Бірімжан балалары: Қорғанбек, Дәуренбек. Қазыбектен – Әбдібек жалғыз.

Қорғанбектен – Ғазымбек. Дәуренбектен – Ахмет, – бұларды «Бірімжанов» – дейді. Шегеннің кенже баласы – Бектеміс бай.

Руы (ұруы) – Қараман. Төлөк – Қараман, Қырықмылтық – тоқал Арғынның ішінде аз атаның балалары. Сол Қараманнан шыққан Қилыбай – шаңырақшының баласы. Шолақ тон Сексенбай (Сықсанбай) Қонаккер дуанбасының заманында Шыршықтың өткелінде:

– Мен Құдайыңмын, – дегенде, сабайтұғын жері.

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – (тоқалы-Айнакөзден) – Тәнбіс].

Тәнбіс сопы – мұнан Елемес, мұнан Ерман, мұнан Шағыр, мұнан Аманжол. Аманжолдан – Күшей (Көшай), мұнан – Шақшақ батыр. Шақшақтан – Қошқар, мұнан – Жәнібек батыр, мұнан-Дәуітбай.

Бірімжаннан – Қорғанбек, Дәуренбек. Қорғанбектен – Жазымбек.

Қыпшақ шежіресі

[Жанарыс – Ақтамбердіқожа – Қыпшақ – (Қарақыпшақ) – Шелі-малып (Сүлімалып) – Ақкөбікалып – Сарыалып – Қара – Қобылан – Бұлтың] Қарадан – [Қарақалпақтан] – Е.Ж.] – Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Балық. Және бірін: «Бес таңбалы» – дейді. Бес таңба болған жаһаттан әлиф таңбалы Бұлтың Қыпшақ жақтан басады. Мойын

Сонда бұл берген төресіне Тұрлыбек мырза риза болып:

– Пәлі, сөз абызекеңді! Жарайды, – деген екен. Сонан Тұрлыбек атын жектіріп, арбасына мінер мезгілінде:

– Абыз-еке біздің (бізнің) хақымызға дұға қылыңыз! – деп, қол жайыпты. Сонда абыз:

– Тыра топ бин руфка жолық! Алла Акбар! – депті. [Тұрлыбек] арбасынан қайта түсе қалып:

– Абыз-еке, бұл батаңыздың мәнісі не деген сөз? – деп сұрапты.

– Шырағым, Тұрлыбек, Жанай қиямет қайым болып, ғарасат майданы құрылғанда, тәңірі қасы мизам таразы болып, біреуді таразыға, біреуді қыл көпірге, біреуді есеп-тұсап жеріне рет-ретімен бөлгенде, қосақ арасында бос кететұғындар болады дейді. Солардан болғайсың дегенім еді, – дегенде, Тұрлыбек:

– Уай, аузыңыздан айналайын! – деп, жылап қоя берді дейді. Қазақша: «Тыра топ бин руфка» – деген сөздің мәнісі, бұл қайдан алынған десең, арабша: «Тіллі тұға уа руфка» – деген сөзден алынған екен.

Әз жақсылардың батасы

Ізден абыздың Боштай атасы Тұрсынбайға айтқан сөзі. Әуел Так Сүлейменнің құмырсқаға сөйлескенін нақыл қылып, артынан:

– Аққу азса, қанатын суға бөлер (бұлар),
Құлан азса, тұяғын құмға бөлер (бұлар).
Хакім азса, сұмдығы жұртқа тиер,
Артынан көп кешікпей жұрты бүлер (бүлінер)!
Қаршыға қыран болса,
Айдын көлден үйрек ілер.
Бозбаладан би қойса,
Жұрты бүлер (бүлінер)!
«Ұлығы бозбала болса,
Халқы қозғалақ болады», – деген.
«Патша пілдей болса да,
Жұрт құмырсқадай болса да,
[Оны] басып өтпесін!» – деген.

[Жанарыс – Ақтамбердікожа – Қыпшак – Қаракыпшак – Бұлтың – Шуақ – Уәріс – Төлек – Құдас – Ожыралы – Майрық – Күсілқара – Сүйіндік – Өтеміс – Түгел – (Түрке) – Төбет – Жанкелді] Төбет ішінде Жанкелді...

Алданазар байдың балалары – Байторы, Ерторы, Жанторы. Мұның баласы Сармантай жалғыз. Мұның баласы Оразбай жалғыз. Шама-тай – Алданазар баласы, мұның баласы: Қалдыбай қажы, Тұрлыбек бай кісілер.

Және Алданазар баласы Байтаңат ұста, мұның балалары: Жанғыс, Қылышбек. Егізқара Қалмастың түбінде Алакөлде Шаматай балалары: Болыс, Қуаныш. Көбе баласы – Қорғалжын болысы.

Қалмақ – Нұралы баласы: Жауғаш, Биғаш. Жауғаш баласы – Арыстан. Биғаш баласы – Шожан. Абылай ханды жезде біліп, Топыш ханымды: «Апа!» – деп, жан тартып келіп, сіңіп кеткен қалмақтар.

Қырғынкүшті Шүршітке елшілікке жіберген. Қайта мұнда жібермесін деп, олар сонда қалған Топыш ханымның екі бауыры. Бұл қалмақтардың қыстауы Байжігіт Сынтас пен Көкпектінің аралығында бір көлде Балқұдық маңайында, Теңіз елінің ішінде.

Оразбайды Бытығайда Нұра бойында Төбежан деген жаңылды баян қылды. Иман деген де әбден біліп еді. Қорғалжын теңізінің солтүстігі – Сайдалының қызыл түбегі. Бір ауызы – Байжігіт, Сынтас, бір ауызды – Бозшасай. Күншығысы Ақтайлақ моласы – Қандыарал. Оңтүстігі – Бескемпір түбегі, Сұлтанкелді көлі. Күнбатысы – Ақсай – Ақтайлақтың ақ даласы, Сары оба. Ортасында Мыңжылқының аралы бар. Қасқырарал, Бүркітарал деген ұсақ аралдар толып жатыр. Айналасы алты күндік жер десе болады. Теңіздің үлкендігі айналасы – тоғыз жүз алпыс бес шақырым.

Тарақты шежіресі

[Жанарыс – Қаракожа – Арғын жиені-Тарақты]. Тарақтыдан-Қармыс. Бұл Қармыстан – 1. Апа. 2. Тоқтауыл. 3. Әлеуке (Алауке). 4. Көгедей. 5. Әйти. 6. Қосанак. 7. Әлі. 8. Сары. Қыдырып келген қатыннан туған үшін Қыдыр қойған. Ол қатынның бұрынғы байынан туған бала – Жашы.

Бұлардың руын: «Қыдыр, Жашы» – деп атайды. Бұл Қыдыр, Жашының шешесінің байының аты – Қармыс. Ол Қармыс – Тарақты баласы. Тарақтыдан – Қармыс. Қармыстан – Қыдыр. Қыдырдан – Есенкелді. Есенкелдіден – Итемген. Итемгеннен-Наймантай. Найман-тайдан алтау туады. Ен үлкені – Жантөре, Естөре, Есілбай, Акқозы, Атақозы, кенжесі-Байқозы. «Тарақты – Байқозы батыр» атанған кісі – осы кісі. Бұл Байқозыдан – Босмомын. Оның ұғлы – Құлжан, оның ұғлы – Жауын. Оның ұғлы – Қасболат, оның ұғлы – Сыздық. Осы күнгі Тарақтының болысы 1908-інші жылда.

Байқозының бір баласы – Сары батыр. Оның ұғлы – Қарауыл (Қырауыл), оның ұғлы – Шелімбет. Байқозының бір баласы – Естеміс, оның ұғлы-Есбол, оның ұғлы – Құлкүбән, оның ұғлы-Жақып молда. Тама: Алып жүгінің ішінде Апақ-Бапақ балаларын да, кеше Есен-Шора Сапақ баласының қолында бала оқытып көп тұрған.

Сарыдан – Сойылғас, онан – Бұғышы, онан – Молда, онан – Оразкелді, онан: Мойнақ, Барак. Мойнақтан-Қалыбай, онан – Еркінбай, онан-Тәш. Барақтан-Қазыбек, онан Ерке – Есіл бойындағы Тарақтылар.

Қуандық шежіресі жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық – Алтай – Мойын] Мойын: бірі – Қареке, бірі – Итболды, Байболды.

[Мойын] – Рақпанқұл: Сарша, Шанай, Мұраттан: Аманқұл-Ажым – Мажым дейді. Үдербайлар алтау.

Рақпанқұлдан – Әлібек (онысы Аманқұлдан), Қалыбек.

Қалыбек. [1177-папкаға сүйенсек (317 б.), Мұраттан – Е.Ж.]:

1. Әлмәмбет. 2. Мырзамбет. 3. Үмбет. 4. Үкібас. 5. Мәмбет. 6. Таубұзар.

[Әлібек]: Аралбай, Сармантай. Әлмәмбеттен: 1. Жылкыайдар.

2. Қожағұл. 3. Бекайдар. 4. Қалкаман.

Бекайдардан тоғыз – үш қатыннан. Мырзамбеттен – Қошқар туып қалды, шешесін Бекайдар алды, онан соң Елібай, Жайықбай туды. Теңізбай туды. Бұлар – Төмен бәйбішеден. Салия – тоқалдан: Төлебай, Дербес, Қожамсейіт. Баяу тоқалдан: Ізбасар, Баба және біреу бар – үшеу.

Жылкыайдардан: Ақкісі, Жанкісі, Бердіс, Түлек. Бердістен – Жапалақ, Ботбай, Шымыр. Шымырдан – Бармақ, Бармақтан – Та-
наш, Анай, Қанай (Манай). Токсанбай, Көбекен. Токсанбайдан-Есбай.
Көбекеннен – Ақбай. Алтай-Мұрат – Жиенәлі батыр-Төлебай баласы.

[Аргын – Мейрам – Қуандық – Алтай – Мойын – Ракпанқұл,
Әлібек – Сармантай]

Жапалақ батырдың қызы – Қосаяқ – Бәйтен салдың шешесі. Бұл
Жапалақ батырға асылық жағады екен. Мұны айтқан Алтай-Игілік бай
жерде қалмай, жиенде қалып, Бәйтен салға да асылық жаққан.

Мәулім бәйбішеден – Байдәулет, Келдәулет, Өмірзақ, Ерназар,
Бекназар, Назар. Тотиядан – Алдажұман, Қаражігіт. Ерназардан –
Алшағыр, онан-Бижан, онан Жантемір, Тыныбек, Сәдібек, Жәнібек.
Үш жүз кісі келіп Алтайдың тоқсан қос жылқысына тигенде, Есен-
байды өлтіріп, Қырбас – Баубектің Баубегі қашып құтылған. Есен-
келді Алшағыр Қарсұн Кернейді қырған. Қырбас, Баубек – Жарылғап
баласы, Қарабас баласы – Байсейіт, онан Нұрлан. Қарсұн – Керней:
Жарылғаптың балалары – Қырбас, Баубек, Сәдібек, Жәнібек.

Қуандықта «Өтебай (Отабай) жынды» – атанған. Өтебай – Тоқа –
Енем баласы деген таптан шыққан. Ескене, Балапан, Күшікбайдың, сол
Күшікбайының баласы. Күшікбайға он екі мың біткен. Сол байлықтың
мастығымен адам қылмағанды қылғаннан, «Өтебай жынды» – атанған.
Аска келгенде, астына түйе мініп, басына сәукеле киіп келген: «Жұрттан
биік боламын!» – деп. Баласы Айдынбекке Торайғыр бидің қызын алып
берген. Ол Айдынбектен туған балаларының аты: Әбділда, Мағзұм, –
деген. Мағзұмы – би осы күнде. Біз ол күнде елу жаста едік.

Ескенеден – Байбек, онан Жәнібек, онан Мысытқы. Оның бала-
сы Жәкен болыс осы күнде Енем баласына. Балапаннан – Балта. Бал-
тадан – Тойымбек ақсақал. Бұл Тойымбек ақсақалды көрдік. Мұса
мырзаның Тайкөк атанған атын ап келіп, Қияштың құласымен таласып
келді.

Сайдалыдан – Сүгірәлі, Арыстан. Арыстаннан – Барқы. Қаңтар-
байдың Ғайсасы – бұл Барқыдан.

Сүгірәліден: 1. Төкенай. 2. Қабай. 3. Әлсейіт. 4. Жабай. Қабайдан-Айтқұл, Бақыбек. Мұнан – Қуандық батыр, мұнан-Есен, Досан. 1. Қосақ. 2. Сары. 3. Бәйіл. 4. Бәйтерек.

Сарыдан: Бекбау, мұнан: Мінәсіп, Тұтқыш. Тұтқыштан: Тәшім, Сүлеймен. Мінәсіптен – Бұлтай, басқа туысқанлары толып жатыр. Сүлеймен Тұтқыш баласы – осы күнгі Сайдалының болысы – 1908-інші жылында [13].

Қанқожа-Бопының әкесі Тәтен төре Шоң, Торайғыр заманында Тоғай бойына төрелік қылған. Тәтен әкесі Орыс төре: «Көзі шегір, өзі сары болған соң, «Орыс»-атанып кеткен. Бұрынғы аты – Наурыз екен, – деседі. Бәсентин: «Төре қыламын», – деп, ап келген екен. Ханқожа баласы – Арынғазы, онан – Бастами (Бәстеми).

Құсбек пен Арыстанбек бір туысқан. Арыстанбектен: Мірхан, Исмаилхан; мұнан-Темірхан, мұнан-Батылхан, бұ да бала-шағалы.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Күлік]

Тымақ киіп жүрген күң көгеннің басында, жер-ошақтың қасында жатып жүріп, бір еркек бала тапқан. Атын Қабыла қойған. Жасында қой, түйе бағып, онан жылқы бағып жүрген. Күнінде көтінен ерген баласы бар қатынды алып, баланың көзі шегір болған соң, «Шегір» – атанып кеткен. Онан соң және бір балалы қатынды алып, ол баланың киген тоны май-май болған соң: «Майлытон» – атанып, Майлытон, Шегірдің аталары – осы екеуі. Ол балалардың тегін, түбін жан білмейді.

Құлболдының қара шаңырағы Мамыттың кенжесі – батыр Бәрменнің Бәрменінде болып, оның кенжесі Сарыбайдікі болған.

Кеше Мұса, Секербай заманындағы ат атанған жақсылар: «қара шаңырақ» – деп, сол үйді атап жүретұғын.

Ол Сарыбайдың бәйбішесі Қарашаш бәйбіше-Қарауыл-Сарының қызы. Шоқыбай, Тәсбектің Тәсбегімен бірге барып, қонақ болып аттанарда Тәсбекпен қош айтысып қалған бір ауыз өлеңі:

Торышам, аяңдай бер алдында ел жоқ,
Арқада Сарытайдай үлкен көл жоқ.
Көргенше, көріскенше қош – аман бол,
Енді айналып (айланып) көргенше, кім бар, кім жоқ?!

Арғын-Сүйіндік-Тұлпар тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Тұлпар]

Тұлпардың қатыны қалмақ қолына олжа болған. Қатынын іздемекші болған соң, Күлік ағасы, Айдабол інісі:

– Екеуіміз екі қыз алып берейік. Іздеме. Қатын соңынан барма, – деп, екі қыз алып берген. Күлік алып берген қыздан екі бала туады: Байкүшік, Болат. Айдабол алып берген қыздан екі бала туады: Дәуетей, Сарша. Тұлпар өлген соң, Дәуетей, Саршаның шешесін Жанғозы алады. Жанғозы алған соң, Сары туады. Сарының шикілік жері – осы. Тапқан қатын белгілі, таптырған кім екені дүдәмал [14].

Арғын-Қаракесек шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Болатқожа (Қаракесек) – Түйте (Төйте) – Майқы – Әлтеке – Сарым]

Әлтеке, Сарымның Сарымынан – Өтеміс, Тоқсан. Тоқсаннан: 1. Жиенкелді. 2. Мастан. 3. Алдияр. Мастаннан: 1. Қожағұл. 2. Құлжан. 3. Мамыр. Құлжаннан – Айдабол. Айдаболдан: 1. Дербісәлі. 2. Маман. 3. Шуаш. Шуаштан: 1. Атантай. 2. Ботантай. 3. Абайылда. [Абайылдадан]: Сайызбай, Боқай. Ботантайдан – Жанқұтты. Жанқұтты баласы-Сәтбек, Сәндібай, Боқай. Бұл Жанқұтты Мұса, Секербай заманында ауызға ілініп, көзге түскен қазақ жақсыларының қасқа маңдайы болған кісі. Өзі қажы барып, Медине мүнәреде жаннат-ал-бақияда қалып, басына қойдырған тасында: «Қазақ-Арғын-Жанқұтты-Ботантай ұғлы. Мекке мен Мединені көрмеген кісі анадан тумадым десе де болар!» – деп жаздырған.

Қаратауға әулиелерді зиарат қыла барғанында айтқан: «Қыпшақ – Ыбырай, Тобықты – Құнанбай, Төртуыл – Қаржас – Мұса – қазақ мандайына не ғып сыйып жүрген жандар екенін білмеймін!» – деп.

«Шыңғыс – орысқа жуық, мұсылманға суық» – деген. «Қыпшақ Ыбырай – қажымас қара болат!» – деген. «Тобықты Құнанбай – биік шыңның басынан шыққан қайнар бұлақ!» – деген. «Қаржас: Мұса қабыршағы жоқ, жып-жылмағай, қолға тұрмас қара балық!» – деген. Себебі Мұса деген кісі заманындағы жандардың ішінде жорғасы болса керек.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Болатқожа (Қаракесек) – Ақша – Бошан – Машай – Бораншы – Тілеуберді – Керней] – Кернейден төртеу туады – Дау, Шаң, Балапан, Самырза. Даудың бәйбішесінен-Қалқаман; тоқалдан – Балта, Түйте. Түйтеден – Жарылғап. Дау – 18 старшын, Шаң – 3 старшын, Балапан бірер старшын. Самырза бар болса, он үй. [Жарылғаптан]: Қырбас, Жәнібек, Сәдібек, Баубек. Бәзілбек Зыликамен тамыр. [Қырбас] жеті қатын алған. Иіс Айыртауда жарты старшын. Бұл [Бәзілбек пен Иіс болу керек – Е.Ж.] екеуі [Қаракесек – Ақша – Бошан-Машай-Бораншы – Тілеуберді – Керней – Шаң-Сүйіндік-Жомарт – Бәйтiк] – Бәйтiк баласы.

Сүйіндіктен – Қарашолақ, мұнан: Адамбай, Тұрсын. Борсылдақ – Бөгенбайқызы, онан – Байсейiт [Қарбасұлы] жалғыз туады. Жәнібектен жеті Сейiт туады. Оның бірі – Ақсейiт, мұнан – Құлжамбек туады. Байсейiттің бәйбішесі – Шандеке қызы. Керней балалары: Дау, Шаң, Балапан, Самырза. Борсылдақ-Қанжығалы: Бөгембайдың кенже қызы, Жарылғап батырдың тұңғышы Қырбас алып, онан – Байсейiт жалғыз туады. Даудың бәйбішесінен – Қалқаман, тоқалынан: Балта, Түйте. Омарұлы Садуақас 37-сінде өлді: адамның сұлуы, толығы еді. Алтынсандық-Ақшатау болысы еді. Сазанбайдан екеу: Исабай, Жарбай. Исабайдан: Бөде, Төскей, Керней, Балапан дейді. Машай [Қаракесек-Ақша-Бошан-Машай]: 1. Байымбет. 2. Бораншы. Байымбеттен – 1. Қояншы. 2. Тағай. 3. Дәулеткерей. Бораншыдан туады: 1. Қарсұн. 2. Тілеуберді. Тілеубердіден – Керней.

Қарсұннан: 1. Есенаман. 2. Наурызымбет. 3. Жүзі.

Есенаманнан-Қыдыр, Асан, Қалыбай.

Қыдырдан – Орынбай. Орынбайдан – 1. Нұрпейіс, 2. Өмірзақ, 3. Түбішак. Нұрпейістен – Садырбек, Қозыкөрпеш. Садырбектен – 1. Қарпықбай, 2. Сәтбай.

Кернейден – 1. Дау, 2. Шаң, 3. Балапан, 4. Самырза. Дадан – 1. Балта, Түйте – тоқалдан; бәйбішеден – Қалқаман.

Балтадан – 1. Қараша, 2. Қаратай, 3. Қазкелді, 4. Қазыбай.

Түйтеден – 1. Жарылғап, 2. Тілеуберген, 3. Қабыл. «Батыр Жарылғап», «би Жарылғап» – атанған.

Жарылғаптан-Баубек, Жәіібек, Қырбас, Сәдібек. Қырбастан – Байсейіт, мұнан Нұрлан туады. Нұрланнан-Омар, Омардан-Садуақас-Ақшатау болысы.

Кернейдің екінші баласы (37-нде) Шаңнан: 1. Ес, 2. Жар, 3. Қуандық, 4. Сүйіндік. Естен – Байдәулет, Кенелдік. Байдәулеттен-Күлік. Күліктен – Жамбол, Жамболдан – Тоғай, Тоғайдан-Құрам, Құрамнан – Жүйісбек. Сүйіндіктен – Жомарт, мұнан – Байтік (Батек), Тайтік, онан-Қара, мұнан – Секен (Өскен), мұнан – Абдыр, Абдырдан – Мұқаш.

Қуаныштан – Бозтайлак, Қайыпберді, Жемсейіт, Қаратеке, Балык. Бозтайлақтан – Медет, мұнан – Қарақай, мұнан-Баймамыр. Балықтан – Сағаман, мұнан – Лекер.

Тағайдан – Тастемір, Жетес. Тастемірден – Еділбай. Жетес-тен – Сазанбай, Тілеміс, Өміртай, Кешубай. Сазанбайдан – Бөде: ұры, қарақшы Бөде.

Өміртайдан – Құтан, Құлмырза. Құтаннан – Төгінтай, Төгінтайдан – Ақжан, Жаумам. Төгінтай – Қотырдың Қотырынан – Жанырақ, мұнан Қуандық.

Машайдан тарағанды айттық. Манаттан: Ыдықбай (Ырықбай), мұнан Қояпкөз, Тұрым. Тұрымнан – Абыз, Байымбет. Абыздан-Есімбай. Есімбайдан тарайды: Дәулет, Қыстаубай, Қордыбай, Бексейіт, Бердікүл.

Байымбеттен – Ниязқұл, Қойқұл, Жарқымбай. Ниязқұлдан – Жамболды. Қойқұлдан – Итеке, Кедейбай, Таз, Байтөбет, Еркеш.

Қаракесек атасы – Болатқожадан – Акша, Түйте. Мұның Түйтесінен – Майқы, Танаш. Майқыдан – Алтеке, Сарым. Алтекеден-бірінші бәйбішеден – Өтеген. Өтегеннен – Байдәулет, Байымбет, Жанықұл («Жаманке» – дейді), Қойқұл («Қойкел» – дейді).

Екінші қатынынан-1. Есболат, 2. Дос, 3. Әлмұрат (Алмұрат).
Үшінші қатынынан – Сапақ. Бұл Сапақтан – Жиёмбай, Боғұқ.
Жиёмбайдан-Байжігіт, Боқан. Боғұқтан – Жәнібек, Қоянбай.

Әлмұраттан-Атымбек. Атымбектен-Иманәлі, Көрсары, Тамай, Бақы, Қазыбай, Басбалдақ, Жанақа, Марлак, Төлек, Бөлек. Атымбектен туысады: Ақбота, Жарас. Жарастан: Абыл (Әбіл), Қабыл, Есенкелді. Сарымнан – Өтеміс, Тоқсан. Өтемістен – Құлсары, Құлық, Боксары. Құлсарыдан – Көшкін, Көшкіннен – Өрісбай, Қазыбай, Шақабай, Жұманбай, Түлкібай.

Өрісбайдан – Саумал, мұнан – Күзембай, мұнан – Көлімбай, мұнан-Бәкір. Құлықтан – Жалаңтөс, Түнғат. Жалаңтөстен – Байыңкел (Байкел), мұнан Тарбак, мұнан Әбдірахман. Түнғаттан-Байсүйеу, мұнан – Ақпан, мұнан-Жанғұтты, мұнан-Жұртбай, мұнан-Жүніс.

Боксарыдан: Жоламан, Еламан, Шабанбай, Қойлыбай, Тәңірікұл. Жоламаннан – Майлы, Күлембай, Күлембайдан-Арықбай.

(... орыңқа кенелі жай (жер) бұлақ).

Алтекенің бәйбішесінен: Байдәулет, Байымбет, Жаманке, Қойкел – Алтекенің бел балалары. Екінші қатынынан: Есболай, Дос, Алмұрат.

Дос – батыр болған, жетпіс сегіз жасында жалғыз баласы Қожаназармен екеуі қалмақтың қолына түскен [15].

Сонда қалмақ: «Қазақты өлтірін тастайық!» – деп біріне-бірі сыбырласады дейді. Сонда Дос батырдың айтқаны:

– Сыбыр, сыбыр етеді,

Сыр (сыбыр) құлақтан өтеді.

Сырласпаған жат шіркін

Әлде не етіп кетеді?

Өзім өлсем боғым-ай,

Қожаназар құлыным-ай! – деп, жылай береді екен.

Найман шежіресі

[Жанарыс – Момынқожа – Төлегетай – Қаракерей] Қаракерей баласы – Ерторы, Байторы. Ерторы баласы-Қызылым, Жиренім. Жиренім баласы-Байсыйық. Бұларды «Семіз Найман» – дейді. Семіз Найман беске бөлінеді: Мыңдыбай, Төбет, Жаңғұлы, Жаңбыршы, Қарамолда, – үш қатынның баласы.

Байторыдан – Тайлақ, Жайнақ, Айрам, Майрам (Мейрам). Айрамнан – Қожамбет. Майрамнан-Байыс. Байыстан бесеу: 1.Сыбанқұл (бұл Сыбан атанды), 2. Ақбамбет (бұл Ақымбет атанды), 3.Мәмбетқұл, 4.Сары, 5.Тоқабай: «Тоқабай Сарыны сәнге сабайды».

Мәмбеттің бір аты – Қыржы. Және бір қатыннан: Алдаберді, Әлмәмбет (Алмамбет). Бұл Қыржы атанғаны жасында асқа өкпелеп, қыржиып отыра бергеннен Қыржы атанған.

Әлмәмбеттен – Шорантай, Шорантайдан – Мұңайтпас, Тума. Мұңайтастан – Тоқбақ. Тума, Тоқпақ – екі болыс ел.

Мақта апай деген бір ұрғашы бар. Әркім әр түрлі сөйлейді.

«Байыспен бір туысқан Майрам қызы» – деп біреу айтады. Тоқтар қожа деген Түркістандық қожа алып, Байжігіт, Жанжігіт туып, Жанжігітті қожа өзі алып, жеріне кетіп, Байжігіт Мақта апайдың қолында қалып, бұл Байжігіттен өрбіп-өнген сегіз болыс ел Темірсу бойында. «Байыс ұлы Ерсары – Мұрын» – атанған ел осы Ерсарыдан өскен» – дейді.

«Мұрын – Ерсарының бәйбішесі[нің] аты – Ақбике екен» – дейді. Мұрны зор болғандықтан, байының аты қалып, бәйбішенің мұрнымен атанып кеткен.

Бұл Мұрын да сегіз болыс ел бар шығар.

– Мен көппін, – деп, Байжігіт – Қызайдың Байжігіті мақтанады.

– Мен көппін, – деп Мұрын – Сыбанның Мұрны мақтанады.

Үй саны мен жан санына қарағанда, Мұрын көп.

Байыстан – бесеу [16]. Сыбанқұл мұны: «Сыбан-Найман» – дейді. Ақымбет, Мәмбетқұл, Сары, Тоқабай.

«Тоқабай Сарыны сәнге сабайды» – дескен. Тоқабайдың жуаны-Кегенбай. «Білсең, Кегенбаймын, білмесең, Дегенбаймын» – дейді екен.

Кегенбай Бәйел екеуі бір туысқан. «Қаракерей Қабанбай батыр осы Тоқабайдан-Кегенбайдан шыққан» – деседі.

Момынқожадан-Найман. Найманнан жалғыз бала – Шұбартай. Бұл Шұбартайды да зарығып кеш көрсе керек. Шұбартай қыршын жастай өліп қалып, келіншегі жесір қалса керек. Сол уақытта Арғынның балалары таласса керек. (Арғын алты ауыл болғанда, Найман жалғыз үй болған күні бар). Бұл жесір келін:

– Мен тоқсандағы атам көзі бақырайып тірі отырған күнде жалғызының жайрап қалғандығының үстіпе оны күңіренітіп ешқайсына тимеймін және тоқсан асқан атамның бір атары бар шығар, – деп, атасына бір қыз алып беріп, атасының қойнына салғанда, байланып қалған шаһут жас қызға бар күшін аямағандықтан, жұмыс үстінде өкіріп өліп, «Өкірек шал» – атанған Найман – сол. Сол қыз өкіріп өлген шалдың бір атар оғынан буаз болып, ұл тауып, атын Төлегетай қойған. Шұбартайдан жесір қалған қатын осы Төлегетайдың ер жетуін тосып күтін отырып қалған.

Төлегетай заманында әулие аталған. Қылыш қожаның қойын бағып, қойшысы болып, соның қызметінде жүрген күнінде Қылыш қожаның бойжеткен қызы болып, сол қызды айттырамыз деп сарттар жан – жағынан таталап, сөз салдыра берсе керек. Сонда қой бағып жүрген Төлегетай айтқан екен дейді:

– Бұ қазақ қатынсыздан өлейін деп жүрсе, жожа қызын сартқа береді екен-ау! – деп.

Қылыш жожа қойшысының бұл сөзін естіген соң, қарқ-қарқ күліп:

– Рас айтады. Сөз Шұбартайдың орнына алған төлеу тайымдікі, – деп, Төлегетайға қызын қосыпты.

Қаракерей, Садыр, Матай, Төртуыл – жожа қызынан туады. Баяғы тосып отырған жеңгесін және алып, онан Қытай туады. Қытайдан Балталы [туады]. Қытайдың бір аты – Балталы. Төлегетай бәйгеге ат қосып, ат бәйгесіне келген күннен туады – Сүгірше. «Бағаналы» – сол Сүгіршенің бір аты.

Жасында лағлып қалып, келіншегі жесір қалып, қайынатасына бір жас қыз алып, соған жұмысқа кіріскенде, өкіріп өлген «Өкірек шал», – атанған себебі осы дейді. Сонан туған бала – Төлегетай. Өсы Төлегетайдың ер жетуіне қарап отырып келіншек [Төлегетай] өскен соң, бұған тиген. Сол келіншектен туған баланың атын «Қытай» қойған Балталы – осы. Қылышқожаның қызын алған, мұнан туған балалар: 1. Қаракерей, 2. Садыр, 3. Матай, 4. Төртуыл. Шоры қатыннан болған – Байжігіт, Жанжігіт, Бурал, Көкжарлы.

Матайдан – Аталық, Қаптағай, Кенже. Аталықтан – Имамғалы, мұнан – Нәжит, Түйіс, мұнан – Елтынды. Елтындыдан туған – Байназар. Елтынды алған соң, Мізкөр қатыннан-Қожас, мұнан туған – Епке, Жұртшы, Қоқан, Жырық, Өріс, Қоғыс, Жылқыайдар.

Қаптағайдан – Жарылғамыс, мұнан – Езнеке, Жиёмбет, Сүйін, Бөлек. Бұлар төртеуі нәм кара рен екен. Бұл себептен «Қара» – атанды. Және нәм Ақтаз деген бір бала ғайыптан келіп, еншілес болған екен. Мұнан: Ажым, Жұмық, Тіней, Сейіт, Балықшы, Қармақшы.

Әуелде Жеке батырға жекеліктен келген Шоштан – Бесбала, Жабай. Шоштан қызынан жұртта туып қалған – Тоңболат, мұнан Байкөнек, Баскөнек. Мұнан Боқыш, Мәмбет болған. Боқыштан – Сары, Сарғалдақ болған. Мәмбеттен-Қарауыл. Сарының Аққыз деген бәйбіше қатынынан Әзеке (Зеке), Жағыл, Жауғашты, Бодық.

Сарының сарт қатынынан-Асан, Шұңқыр болған. Үйсін қызы қатынынан – Бекболат туған. Кебеп деген қатынынан – Кәрішал, Қодас туған.

Найманның өрбіген қанша жан болса да, қайынатасына қыз алып беріп, ол қыздан Төлегетай туып, оған өзі тиіп, өзінен Қытай туып, сонда Қытай бәріне қожайын есепті иығы жоғары болып, ат бәйгесіне келген күннен туған Сүгіршіге күн көрсетпей, айбалтаның астына алып, өлімші қылып тастапты.

Сонан Сүгірше ажалының жоктығынан өлмей жаны қалып, «Қалай, қалай?» – деп сұраушы көп болғанның, «Сүгірше, Сүгірше» – деп, Сүгірше атанғаны – сол.

«Бағанағы қайтті екен, бағанағы қайтті екен?» – дегеннен «Бағанағы»-атанып, үрім-бұтағы «Бағаналы» – атанғаны-сол. Осы

күнде: «Бағаналы, Балталы» – дейді. Балталы аз, Бағаналы көп: «Руымды сұрасаң, Бағаналы // Байлықпенен жылқымыз көк алалы.»

Бекқожа – Таңсыққожаға күйеу, тұңғышы Сүйіндікті Таңсыққожаға беріп, еліне көшіп кеткен. Еліне барған соң, ол жақта да өсіп-өнген.

Жанзактан – Бекқожа, Қыдырәлі, Мұстафа. Мұстафа баласы-Жанқораз, мұнан – Өкіл (Өкіп...) – Балталының бір тәуір ғытбарлы адамы, өзі – мировой судья, үшінші учаскіде – Атияспада, Құмқоңыр болысында.

Сүйіндік баласы – Сүйін. Сүйін баласы – Әбділда, Баймолда, Қалимолда, Байділда. Үшеуі қатынды-балалы.

Жарғышақ (Жартышақ) бай болған кісі. Әр баласы әр ауыл, тұңғышы – Сейітқазы бөлек шығып кеткен басқа жерді қыстап.

Соғым сойғанда келіндердің атасына сыбаға әкелетұғын әдет-салты болады. Сейітқазының қатыны соғымның жылы-жұмсағын асып, қапқа салып еттік үйге апарып қойса, Сейітқазы өзі түнде бәрін соғып алып, ылғи жас күшікті өлтіріп салып, қаптың аузын буып қоя салыпты. Қатынның ойында дәнеме жоқ. Ертең таң атсымен ала жөнеліп атасының үйіне барыпты:

– Жарғышақтікіне – Қарқаралыға барамын, – деп, Тәттімбет келіп қонып жатыр екен:

– Келің ап келген сыбағаны жеп кет, – деп тоқтатып, жібітіп жеу үшін, қазан астырып, қаптың аузын шешсе, ылғи өлген жас күшік. Мұны көзі көргендердің бар әлі келгені:

– Мына шіркін оңбас, – дейді ғой.

Сейітқазының арты оңған жоқ.

Жарылғаптан төртеу: Жоламан, Тастемір, Атыбай, Кенжебай. Жоламан: «Он алты ұлды Жоламан» – атанған. Бәйбішеден – Ақтанберді, онан – Жанысбай.

Бір қатыннан жеті сары: ең үлкені – Тоқтамыс, Тайкелді, Көбдік, Құл, Көкім, Қойсоймас, Мұнтақай.

Тайкелдіден – Жарғышақ, Қасқарау.

Жарғышақтан – Сейітқазы, Оңғарбай, Бұлдырық. Сейітқазы ку болған. Нағашысы Тобықты екен. Нағашысына катынап жүргенде, бір ауылға қонып жатқанда, бір кісі өліп, соның сүйегіне түсіріпті. Киімін жұлып тастай беріп, шидің ішінде жатқан өлікті тырдай жалаңаш қылып, құшақтап көтеріп алып:

– Ойбай, мынауың тірі жатыр екен. Міне, мені, мені жағамнан алып буындырып өлтіремін, – деп, буынған кісідей булығып сөйлеп, өлікті олай бір көтеріп, бұлай бір көтеріп жүрген соң, отырғандар үйден шыға жөнеліп, бірінің үстіне бірі топырласып, жығылып жатыр дейді.

Қаракесек шежіресі жалғасы

Болатқожадан [Қаракесектен] – Ақша, Түйте. Түйтеден-Майқы, Танаш, Шұбыртпалы, Шекті – бір қатыннан.

Майқы, Бошан, Танаш. Танаштан – Тымырсық (Темірсейік), Сары. Тымырсықтан – Бөтей, мұнан туады – Шор (Қарашор). Майқы: Өлтеке (Алтеке), Сарым.

Жанту, Таз, Байбөрі, Манат, Машай, – «бес Бошан» – атанды. Сарыдан – Қара, Тымырсықтан – Шор. Машайдан – Байымбет, Бораншы туады. Қоянкөз, Торым, Қойке, Қыдырәлі, Кедей, Тоқтауыл.

«Қыдырәлі, Кедейміз,
Қойке келсе, не дейміз?».

[Таз]дан – Наманай, Бұлбұл. Бұлбұлдың екі қатынының аты – Қаракемпір, Құбакемпір. Құбакемпірден – тұңғышы Күшік... 1. Шаншар, 2. Алдияр, 3. Көшім, 4. Құдайберді, 5. Үсен.

Шаншардың үш қатыны бар: Қызданбике, Айбике, Нұрбике. [Айбикеден]: – Келдібек, Тыныбек, Асыр[кеп] (Есіркеп), Жәнібек – төрт бек атанған. [Қызданбике] – Алысай.

Нұрбикеден-Тілеуке, Бертіс. Тілеукеден – Шақабай, Жарылғап. Жарылғаптың бәйбішесінің аты – Манқан бәйбіше. Мұнан төрт ұл: Атыбай, Тастемір, Жоламан, Кенжебай. Жоламан «Он алты ұлды Жоламан», – атанған. Базар бәйбішеден – Ақтанберді, онан Жанысбай.

Бір қатыннан жеті сары: Тайкелді, Көбдік, Құл, Көкім, Қойсоймас, Монтақай, ең үлкенінің аты – Токтамыс.

Тайкелдіден – Жарғышақ, Қасқарау. Қойсоймастан – Кешкел, Толыбай, Шоңай, Баймұрын, Шұмақ. Жарғышақтан: Сейітказы, Балықбай, Оңғарбай, Бұлдырық. Тоқыш жалғыз. Қоңқабай, Аманбай, Қуандық, Мылтықбай.

Баймұрыннан – 1. Шотақ, 2. Матақ, 3. Ақай, 4. Жаманай – бәйбішеден. 5. Қоржынғұл, 6. Дүйсек, 7. Бейсек – бұлар үшеуі бір қатыннан. 8. Әбіш, 9. Жұбаныш – Шайдан тоқалдан бұл екеуі.

Ақайдан – Мақат қажы, Хасен болыс – Шаншардан бір белгілі адам болып тұрған кісісі жеті атадан келе жатқан.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды-Күлік – Наурыз] Күліктің екінші баласы – Наурыз. Мұның алты баласы бар: Шобалай, Шобай, Ақай, Түкей (Дөкей), Ерсімбек (Ырысымбек), Мәмек.

Шобалайдан – Жаңабатыр, Өміртай. «Жаламенен Жаңабатыр үш шабылыпты» – деген Жаңабатыр би – осы. Жүз төрт жақса келіп өлген. «Қаһарлы Жанақ» – деген баласы болған. Заманында «Доғал оқ» атанған. «Аттым!» – десе, адам да болса, мал да болса, мұрттай ұшады екен. Хикаясы көп.

Жаңабатырдың балалары: Аққожа, Қоспақ, Таңсыққожа, Атан, Жанақ – бәйбіше балалары.

Екінші қатыннан – «Бес қара» – дейді, бесеу: Татан, Шөкк, Құлмырза, Киік, Қабыл.

Шобай балалары: Жаманқара, Бәйтен, Бат. Үшінші қатыннан: Бос – мойын, Бекбас. Ақай балалары: Санмырза, Бекмырза. Төртінші қатыннан: Алдияр, Байбарақ, Қожамсейіт. Ақылдан (Ғақылдан): Бейбіт, Жапалақ, Айбас. Ғақыл, Қошқар – екі ағайынды бұл екеуі – Өтепберді баласы. Сексеннен: Райымбек, Рай, Қараша.

Бекқожа баласы – Сүйіндік, Таңсық – жиені балалары осы күнде сол елде... Жанқораз баласы – Үкібай (сол). «Бәріміз Жанзақ баласымыз» – деп...

Райдан-Көтеш ақын:

Ау, балам, танымаймын, не ел боларсың?
Не дәулет, не перзенттен кем боларсың?
Көтешті жүзге келген тонаймын деп,
Айдабол мен Күлікке жем боларсың, –

дейтұғын.

Бейбіт балалары – Таңашбай, Күнтай. Таңашбайдан – Байқуан, онан – Молдабай, Ноғай, Дәндеба[й].

Күнтайдан – Есіркемес, онан – Итқара би.

Санмырзадан – Мешітбай, мұнан – Әлдебек, мұнан – Әкімбек, Ақылбек.

Әкімбектен – Қабылбек. Ақылбектен – Дабылбек. Бекқожа баласы – Сүйіндіктің екі баласы екі үй: біреуі Тоғай (да), біреуі Ақкөлде.

Бұл екеуі де тұқымсыз кетті. Я, Құдай, сондайдан сақтасын!

Қаракесек шежіресі жалғасы

[Қаракесек – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар – Келдібек – Қазыбек]

Айбикенің, төрт бикенің біреуі Келдібектен: Қазыбек, Сәдібек, Балапан, Бөдене, Асан, Үсен, Құланшы.

Бұлардың шешесі – ақсақ, екі емшегі үлкен, беті толған мең – Ақымбет Керей қызы.

Сол себептен «Ақсақтың алтауы» – атанған. Шешелері балаларын емізгенде, бір емшегін иығының үстіне салып қойып, бір емшегін емізеді екен. Асан, Үсен – егіз бала да сүтін тауыса алмаған. Жалғыз-ақ тауысып емген Қазыбек болған.

Қазыбектің үлкені – Қазымбет, онан: Анай, Жанай, Қанай, Атымбай.

Қазымбеттің баласы-Қанай, Жанай.

Органшысы – Атымбай, кенжесі – Анай.

Қараұзақ, Сарыұзақ, Қаракалпак.

Құлтекесін сұраймын әлде қалай?

Бұлардың шешелері басқа.

Қазыбектің бір баласы – Бекболат, онан Тіленші би, онан – Алшынбай, онан – Иүсіп (Жүсіп), Қақабай, – екеуі екі қатыннан. Бұлардың

әрқайсысының басқа туысқан-туғандары көп, атын жұрт білетұғынын жазып жатырмыз.

Қызданбике Шаншар абыздың құманына күндестікпен бок тастап, сонан тұқымы аз болған.

Қазыбектен: «Екі бие саума, екі үйің бір ауыл болмасын» – деп, қарғаған балалары айтқанындай болды.

Бертістің он жеті ұлы ат арқасына мініп, жауға шауып жүргенде, ақ тышқақтан үш күннің ішінде қырылып қалып, сонан соңғы алған тоқалынан: Бектемір, Ауыз, Қызылқұрт. Бектемірден – Мейтін, Шейтін, Мөшке.

[Қаракесек-Ақша-Бошан-Машай] Машайдан-Байымбет, Бораншы. Байымбеттен: Дәулет, Қояншы, Тағай.

Бес Бошанның біреуі – Қарсұн-Керней. Қояншы, Тағай, Дәулеткерей – бұл үшеуі Байымбеттен.

Бертістің он жеті ұлы ат арқасына мініп, өзімен бірге жүруге жараған күнінде Ташкентті талап: «Қарқаралы хан Бертіс» – атаныпты. Сонда мұны естіп Бұхара ханы келгенде, сонымен ерегіскенде айтыпты:

– Он жеті ұлым бар, сен түгіл Алушының (Алланың) да өкпесі қабынып алар, – деген асылық сөзінен, он жеті ұғлы тегіс ажалдан қырылып қалған күнде, «Бегімсыйық (Бекмысық) әулие балаларына бата, Бертістің өзіне көңіл айта келгенде:

– Бір асылықты қағар деп, сенің әулиешілігіңе сенемін деп, жоғалып (жоғалап) қалдым-ау! – дегенде:

– Терекке түскен өрт еді, бұтағына тайдырып түсіргеніме шүкіршілік қыл! Тұр, жатпа, көтер басыңды, жай қолыңды! Ал бір тоқалды, үш ұл туады. Бірінің атын – Бекмырза [қой]. Құдай бекітіп береді: байлық, бектік тұқымынан кетпес. Бірінің атын – Қызылқұрт қой. Құртша қайнап мал бітер. Бірінің атын – Әуез (Ауаз) қой. Сылдыр, моншак, секекшіл; ертеңгі уағдасы (уәдесі) түске жетпейтін, сықаққой, сылдырамалау болар, – дейді.

Қаз дауысты Қазыбек бала күнінде екі аяғын екі жаққа, екі қолын екі жаққа жіберіп жатады екен. Сонда қалмақтың сыншысы ұйықтап жатқан жерінде көріп:

– Төрт жақты бірдей тіреп: «Дүниенің төрт бұрышын түгел аламын!» – деп жатқан қас маңғаздың өзі екен! – деген Қарабас ханым екен. – Қара бақайына шейін құт екен. Өлгенде, моласының тұсынан, иа арулаған жерінен басып өткен ел бай болар, – деген.

Бегімсыйық әулие жаназасын шығарғанда, таяқпен құлаштап тұрып, келістіріп сүйекті үш салған.

– Мұныңыз не?-деп, шошып қалғанда:

– Сал әулие деген әулие еді. Етінен өтіп сүйегіне жетпесе, қимылдамаушы еді. «Құтын артына тастап кетсін!» – деп жатырмын, – деген екен.

Қазыбектің «Екі үй болма, екі бие саума» – деп қарғаған балалары, айтқанындай, өмірінде екі бие саумай, екі үй бола алмай кетіп барады.

1906-ншы жылда – Анайдың өлгеніне биыл 73 жыл. Жылқы жылы өліп, тамының кірпішінің қалыбын Токсанбай шапқан – Тіленші баласы.

Жазғытұры ел жайлауға көшіп бара жатқанда, Жаманаулада «Көршінің көлі» – деген көлінің басында өліп, өзінің өсиеті бойынша Шідерті бойына алып барып қойған.

Сонан әлі иом алқиямете «Анай тамы» – атанып қалды.

73-інші жылда басына барып көріп едік. Қақ жартысы құлап қалған, жартысы түзу қалпымен тұр екен. «Құлағанына биыл бес жыл болды» – десті. Ұрылар жылқы бекітемін деп, ойып балталап, шапқылап, сонан осалданып құлапты.

Кіші жүз: Алшын шежіресі

Кіші жүз – Алшын – Бекарыстан. Алшыннан – Алау батыр, мұнан – Құзырлы, мұнан: Садырқожа, Қыдырқожа, Нәдірқожа.

Садырқожадан – Қаракесек, Әлім, Шомып. Қыдырқожадан – Мысық, Нәжит, Сыйық. Әлім ағасы – Бактыбай, Шекті.

Жақым (Жақжым), Жанқылыш, Аруана, Татыран балуан. Мүкі деген бір токалы бар еді.

Ізен, Тілеу, Қабақ, Назар, Шоран, Көтібок. Тілеу ұраны – «Арғымақ», Жағалбайлы ұраны – «Елді ай, болды-ай!».

Нәдірқожадан – Рамадан, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы. Жағалбайлыдан – Малтау, Біліс (Беліс). Малтаудан – Елсіз мырза. Елсізден – Мәлікжан, Шерің, Кенже. Мәлікжаннан – Төлеген, мұнан: Мырзакелді, Жаңқара, Оташы, Жылкелді, Мүлек, Хылқа, Аман, Елемес, Саржан, Қожабек.

Мәліктен – Тай, Қылыш, Аман, Қабай, Хасен. Хылқадан тоғыз бала болған. Бірден, Жақып – бұл – Хылқа балалары Шымкент үстінде. Мәліктен болған жаушы балалары-Сыйған (Есған), Қалмұрат, Тағыбай, Көркембай – дегендер бар. Түркістан мен Сыр араларында болады.

Тама балалары: Құрақ, Жабал. Алып, Жөкі дейтұғын екі руы тағы бар. Бұл Алып, Жөкінің ішінде болған Заманқожа. Ұмысынмен айтысатұғын Заманқожаның атасы – Ханқожа. Оның атасы – Тұрсынқожа, оның атасы – Шатбезек қожа Сейітжан Иұхызымның (Мағзұмның) аталарымен тұқымдас. Сейіт атадан бұлар: «Сейітпіз!» – десіп келеді.

Заманқожаның баласы – Азаматқожа. Мұның баласы – Ниязқожа. Бұл Ниязқожа ... жакқан кісі екен. Баласы бар Мыстыққожа деген.

Азаматқожа мен Тама-Қылыштың моласы Ата суында, ат ойнатқан Шүкіманның күнбатысында, Қоңырөлең тарапында. Ол Қоңырөлеңде Тама-Манамбай-Нұрша балалары бар.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Күлік] Дәл жолдың аузында Өтеміс абыз балалары. Тотаы баласы Ысқақ молданікі бар: «Балта мен кісенді сол үйге беріп кеттік. // Сол жерден Актауға қарай жүріп кеттік». Күлік – Өміртай Қайнарбай-Қанайға құда екен. Бір ұрғашы жетім берген үстіне: «Өз балаңа қос, бөтен, жатқа қоспа», – деп берген екен. Қанай өз баласы Бәзілге қосып, Жылқыбай, Саржан сонан туады. Солай болғаны үшін Жылқыбайды кеміткенде, «құл» – деп кемітеді екен.

Саржаннан-Жаманкөт қажы, Жылқыбайдан – Қорабай, Шал. «Қорабайды қоқиттық, // Қақабайды қакиттық», – деп, Жама[нке] қажы сөйлейді екен.

Қайнар, баласы – Бәйтек. Бәйтек баласы-Сәрсенбі, Сәрсенбі баласы Абыр, ... Апажай. Біздің іштерімізден шыққан Арғын.

Қоңырат-Көктің ұлының ішінде Алып тайпасында: «Қанай балаларының араларында жүрген Төртуыл руынанбыз» – дейді.

Ақмырза: Шейітқожа ұғынан туған – Төлебай, Нұрбай (Тұрбай) деген. Төлебайдан – Алғыбай деген бар. Тәуірбайдан – Төлеген, Өтеген деген бар. Алғыбайдан – Нұрмұхаммед, Сермұхаммед, Мүтәліп дегендер бар. Өтегеннен – Әшім (нашым), Нысан бар. (Төртуыл шежіресінен қарарға тиесілі).

Мақал

Жылқыны он жыл мінбесе,
Бие он құлындаса,
Сиыр он бұзауласа, – ер (бір) болады.
Аяғын аңдап басқан,
Қыдырдың ізін басады.
[Аңда]май басқан-
Жын-шайтанның ойнағын басады.
[Жаман]нан жақсы туса,
Нұрдан пайда болады.
Жақсыдан жаман туса,
[Жын]нан пайда болады.

Құдай рахмет қылсын – Шалғынбай диуана сөйлеп еді.

... қар жылының келер қысына қарсы тауға қонған мезгілде... ат Мәліктен алынды. 8 жасар күні делінін, ... н – 9 ұлу – 10 жылдан – 11 жылқы – 12 қой – 13 мешін – 14 тауық – 15 ...дар – 16 қаракиік – 17 тышқан – 18, сиыр – 19.

1913-нші жылында сиыр жылы 19-нші октябрьде жазып қойдым.

[Сұ]лулап сөз шығару өнер емес,
Өнімді обыр пайда берер емес.
[Шық]қан жеріп тауып сөйлемесе,
Шежіре болса-дағы шебер емес, – (д)еп айт.

Аз айтсаң да, тазасын айт.
Жағымды сонда жайыма келер кеңес.
...[3]аман азбас, ел азар,
Ел неден азар, сөзден азар.
Ер қартайса, көзден азар,
Көп отырған жерден азар.
(Қа)тыны жаман ер азар.
Қарашасы жаман хан азар.
Имансыз болса, көр азар.

Бәсентиін шежіресі жалғасы

Бәсентиін: Есен, Аманбай, Азат. Азат шығарған Толықбай кісі екен. Жалғыз баласы Ботасқа екші беріп қой... жатқанда «Бөрі тонды, бөрте атты» бір жалғыз жас бала жігіт үй сыртынан келіп сүйе [се] қылыпты.

– Жөнінді айт, кімсің? – дегенде:

– Атым – Келмесек. Жалғыз балаңа енші беріп жатыр деп естіп, қосағының басына ие болайын және өзіңе бала болайын деп келдім, – депті.

Сонан соң бай ырым көріп, асықты жілікті ұстатып, бала қылып, атын – Бөрі қойыпты. Осы күнде Апай-Бөрі десіп келеді.

Кірмелер тарауы

Үш ата Қозған ішінде өсіп-өнген Уақ Баржак[сын] бар.

Қозыбақ – Алдаберлі Мәулімбердіге жезде болған Мыңжасар деген – заты Уақ екен. Соның балалары-Байтөбет, Тоқбура.

Байтөбеттен – «Шолақ би» – атты Қилыбай, Итқара.

Тоқбурадан – Саржан. Саржан баласы – Байжан, Тойжан, Қора, Қорабай, Қайныкеш (Тайшық).

Шолақ балалары – Тойжан, Баймағамбет, Құлмағамбет. Битолдыдан – Ыбырай ұста, Қошқарбайдан-Қозғанбай, мұнан: Мамыр, Тон. Мамырдан – Қыпшақбай, Өскенбай. Қилыбайдан – Әлжан, Жаналы. Павлодарда Мамыр, иа Жатақ, Төйтү – бұлар бар. Бала-шағалы Төйтү менен Жайлаубай. Шолақ баласы – Тойжаннан – Керейбай Қараөткелде «Баймағамбет, Керейбай» – десе, әркім біледі, дөкей алыпсатарлар [17].

Найман шежіресі жалғасы

Бескарағай Сейтенде екі болыс ел: «Уақпыз» – дейді. Түбін-тегін сұрастырып келгенде, Найман болып шығады. Найман – Сары – Жомарт батыр: бәйбішесінен – Қаратай, асыранды баласы – Бура. Токалының аты – Торқа. Уақ қызы екен, төрт баласымен төркінінде қалып, балаларының аттары: Бұйдалы, Жансары, Баржақсы, Шайкөз. Уақ ішінде өсіп-өнгендіктен: «Уақпыз» – деп кеткен. Таңбалалары – Ергенек таңба, Найман таңбасы. Сары-Жомарттың өсиетімен салынған.

Жаманайдан: Рысқыл (Ырысқұл), Қойсары, Қозыбақ, Сағынай, Тайлақ.

Рысқұлдан: Шақабай, Қарабатыр, Бөкебай. Шақабайдан – Жәнібек, Имамбет. Жәнібек балалары: Сарықұл, Айқұл, Байқұл, Кейкі – бәйбішеден; Сорыпкел, Манамбай – тоқалдан. Айқұлдан – Жаманбай, Тасболат. Тасболаттан – Шәкір (Шәке).

Төрелер шежіресі

Шыңғыс хан ұлы Жошы хан. Бұл Жошы ханның балалары: Бату хан, лақабы – Сайын хан. Бір баласы – Шейбани хан, бір баласы – Тоқайтемір, бір баласы – Бөрке (Бөрте) хан. Бұлардың заманында Маурайалыныңырдағы Десті Қыпшақ үшке бөлініп: «Ақ орда, Көк орда, Алтын орда» – атанды. Алтын ордада – Бөрке хан болды. Ақ Ордада – Шейбани хан болды. Көк ордада – Тоқайтемір хан болды.

Тоқайтемірден – Өзтемір. Мұның ұғлы – Қожақұл, мұның ұғлы – Бадақұл, мұның ұғлы – Өріс (Орыс) хан, мұның ұғлы – Құйыршық хан, мұның ұғлы – Барақ хан, мұның ұғлы – Өз Жәнібек хан, мұның ұғлы – Жәдік хан, мұның ұғлы – Шығай хан, мұның ұғлы – Есім хан. «Еңсегей бойлы ер Есім» – атанған. «Есім ханның ескі жолы» – деп, артына үлгі қалдырған. Есім ханнан – Салқам Жәңгір. Салқам Жәңгірден – Өз Тәуке. Өз Тәукеден – Болат (Полат) хан. Болат ханнан – Әбумәмбет, Сәмеке. Салқам Жәңгірдің екінші қатыны – Ғайша ханым – Қатағанның хан[ы] – Тұрсынның қызы. Мұнан туған – Уәлибақи. Бұл Уәлибақи Өз Тәукемен таққа таласып, жеңіліп қалған соң, Үргеніште

нағашысы Қайып ханға қашып кетіп, онда барып қатын алып тұрып қалып, жалғыз бала туып, атын – Абылай қойған. Бұл Абылай – «Абылай Жолбарыс» – атанып, ұлғая бара: «Қанішер Абылай»-атанған. Бұл Қанішер Абылайдан жалғыз бала туып, «Көркем Уәли» – атанған. Мұнан бір жас бала «Сабалақ» – атанып жүріп, «Абылай-лап» жауға шауып, Абылай атанған. Арғы тегі – «Еңсегей бойлы ер Есімнен», бергі тегі – «Қанішер Абылайдан» – шыққандығы білінген соң, жұрт басына көтеріп, хан көтеріп, «Атақты Абылай хан» – атанған – осы кісі. Абылайдың әкесінің атын ешкім білмейді. Уәлибақи атанған ұлдың мұнда қалған бір қатынынан – Сұлтанбет төре. Сұлтанбеттің бір баласы – Нұралы. Нұралы баласы – Серғазы. Осының бәрі шежіреден көріп жазған сөз емес, естуменен жазылған сөздер: «Құлақпен естіген – танық».

Абылай хан өлген соң, орнына бел баласы Уәли хан болған. Ол жүз беске [105] келіп, алжып өлген. Асын Ошақты көлде берген. Абылай ханның асында Тұрсынбайдың атқа шапқаны. Сонан соң Уәли ханның бәйбішесінен туған Абайділдәны хан көтерген. Осының тұсында орысқа қараған. Абайділдәның бәйбішесімен – Болат. Болаттан – Сұлтанғазы төре. Уәли ханның Айғаным деген тоқалынан – Шыңғыс төре. Сұлтанғазы мен Шыңғыс баласы Шоқан орысқа қолбасшылық қылып, Ташкентті орыс алғанда, Черняев жанаралмен бір жүріп, бір тұрған...

Мағжан Жұмабаев рас айтады, естуімізге дәл келді.

[Уәлибақи][бала]сы – Сұлтамбет. Бұл Сұлтамбеттің баласы – Нұралы. Нұралының баласы – Серғазы.

[Ш]ығай ханның бір баласы – «Ұзын оқлы Ондан». Ұзын оқлы Ондан, бұл қайда болсаң, сондай бол. Ұзын оқлы Онданның балалары – Қайнар, Көшек. Мұның балалары-[Бөке]й, Дайыр.

Бөкей балалары – Жамантай, Құсбекке тарайды. [Дай]ыр баласы Айшуақ Нұра бойында Жантөрелерге тарайды.

Қарсұн – Керней: Жарылғап батыр балалары: Қырбас, Баубек, Сәдібек, Жәнібек.

Еңсегей бойлы ер Есімнен – Жәңгір хан – «Салқам Жәңгір» – атанған. Болат хан, Болат ханнан. Бұл Жәңгірден – Әз Тәуке, бұл Әз Тәукеден – Әбілмәмбет, Сәмеке – бәйбішесінен, тоқалынан – Уәлибақи.

Шежірелік әнгімелер

Алтай-Алшағыр – батыр Қарсұн – Керней: Жарылғап баласы Баубекпен өмір бойы жауласып өткен. Алшағыр өз ажалынан опат болғанда, естіген Қаракесектің бірі – қуанған немедей Баубектен сүйінші сұрапты. Сонда Баубек ұшып түрегеліп, [оны] ал саба, өлімші қылып тастапты. Жұрт әрең айырып алыпты. Тірі күнінде бірін-бірі балағаттап, жамандап отырады екен. Баубек Алшағырды: «Қанішер Алшағыр», - дейді екен де, Алшағыр Баубекті: «Қаракшы Баубек», - дейді екен. Сонда Баубек Алшағырдың өлгеніне жылаған, өксігін баса алмапты:

– Енді маған тіршіліктің текке де керегі жоқ. «Ай, соның шекесін шайнасам-ау, қол-аяғын байласам-ау!» – деп, зор үмітпен жасаушы едім. Енді кіммен жағаласып, кіммен қарсыласып, мауқымды басамын?! – деп, атын тұлдап, Алшағырдың үйіне келіп, сойып, бата қылыпты:

– Бастасым едің, тұстасым едің! – деп.

Қарақалпақ қызы Сайман ханымнан: Уәли хан, Шыңғыс сұлтан, Әділ сұлтан ... Уәли ханның балалары – Ғаббас, Хамза, Абайділдә...

Шыңғыс балалары: Сартай, Әбілфейіз, Самай, Мамай – бұлар бәйбіше ханымнан. Қалмақ қатынынан – Өртай (Ортай). Әділ баласы – Нұралы, мұнан Тезек төре, Әбти сарт қызы Бабақ ханымнан – Рүстем сұлтан, Шеген сұлтан, Сыдық сұлтан, Әбубәкір сұлтан, Ғабдолла сұлтан.

Бұл Сыдық Абылай ханның тірі күнінде Түркістанға бек болды. Абылай мұны өз қолынан Түркістанға хан көтеріп, Бұхара, Самарқандқа қарай шеру тартты.

Қожа қызы ханымнан – Тоқ сұлтан, Қосым сұлтан, Досалы сұлтан. Қарауыл қызы Тоқтадан – Шығай (Сипай) сұлтан, Тағай сұлтан, Сөкі (Сүйік) сұлтан.

Қалмақ төресінің қызы Топыш сұлудан – Қасым сұлтан жалғыз. Қалмақ қумасы Тоқтадан – Төлек сұлтан. Қалмақ қумасы Рыстан – Шамен сұлтан, мұның баласы – Уатай төре, оның баласы Аймақ төре – Қаракесек ішінде болған.

Абылай ханның алғашқы алған бәйбішесінен жалғыз қыз – Жамантай ханның шешесі: «Шамен» – дейді, «Шама» – дейді. 1. Босқын,

2. Есім, 3. Қаратышқан, 4. Жәңгір, 5. Уатай. 6. Досым, 7. Самырат, 8. Исахан, 9. Сыздық. Бұл Уатайдан – Аймақ төре,

Жәңгірден – Досымақ, мұнан: Қажеке, Қожан, Аманжол.

Тоқ сұлтаннан – Бірәлі төре, мұнан – Шалғынбай төре – Қарқаралыға аға сұлтан, дуанбасы болды.

Бірәлі төре де Аягөзде Нохалов деген жасауылға қосын болып, Кенесары – Наурызбаймен соғысуға шыққан. Наурызбайды Ақбоз атпен қуып жете бергенде, Наурызбай тұра қалып, найзаны өніреткенде, Ақбоз аттан анадай ұшып кеткен.

...төренің әкесі Батыр төре – «Нан атқанның» тұқымы [18] [... бір наубай басына нан қойып], келе жатса: «Бір наныңды төбеңе қойшы, атып түсірейін» – деп, нанды атқан. Сол нанды атқанлығы үшін Бұхарай шәрифінің ханы... қылып жер аударып жіберген. Бұлардың аталарын «Абылайша» – дейді.

[Қар]қаралы төрелері: Бөкей, Дайыр, Ұзын оқлы Онданнан – бұлар қол таңбалы.

Ш[ығ]ай тұқымы: Есім, Тәуке, Әбілмәмбет, Сәмеке – бұлар бәрі сан таңбалы.

«Сан таңбалы атқа мінсе, қол таңбалы аяғының астында қалады», – деген сөз бар.

Баянаула бауырында «Ханбаба» – аталған жер – осының моласы. Барақтың бір қатынын[ан]: Ханбаба төре, Маман, Таһир (Тәһәр), Бөкей есімлі төрт ұғыл.

Ханбаба ұғлы – Досан. Досан ұғлы – Қылыш төре, мұның ұғлы – Ибраһим төре, Иүніс (Жүніс) төре. Бұ әулет Бура Найманда Өскемен атырабында.

Үш ұғылға: Маман, Таһир, Бөкей төрелер әулеттері Қарқаралы елінде жүрулері.

Қарқаралы мәдесінде – Жазылан, Сахып, Мансұр (Маншор), Бөкей хан болып [Уәли]ұғлы Шыңғыс төренің ұғлы – Жамантай хан дүр.

Шығай хан Ташкенде тұрып тірап намында бір сарттың қызын алып, онан Ондан туып, Ұзын оқлы Ондан. Бұл: «Қайдан болсаң, сон-

дай бол» – атанған. Қазақ ішіне келіп, Есім хан әулетіне ғылбалық қылған.

Керей төресіне – күнлік, Найман төресіне уәзипалық, Арғын төресіне ханлық берілген – Шүршіт ханы Еженнің ескі жорасы. Сонда Арғында ханлық алған екі төре: бірі – Абылай, бірі – Бөкей. Абылай көп дәурен сүрген. Бөкей дәуірі аз болған. Хан сайлансымен, бір жыл жарымнан ұзамай орысқа бағынған. Мың жеті жүз елу (1750)-інші жылдарда Бөкей ханның келгені Арқаға.

Қаракесек шежіресі жалғасы

Қаракесек Болатқожадан – Ақша, Түйте. Түйтеден – Майқы, Танаш. Майқыдан – Әлтеке, Сарым. Танаштан – Тымырсық, Сары. Тымырсықтан – Жансүйер, Қырғызбай, Бөтей. Жансүйерден – Тәңірберді, мұнан – Алтөбет. Бұл Алтөбеттен: Бекбірлі, Аңдамас, Асан, Ескелді. Бекбірліден – Арын. Ескелдіден – Мырзабай. Аңдамастан – Байбатыр. Асаннан-Байыр. Байырдан – Бөгенбай (Бөкембай). Бөгенбайдан-Қайдауыл, Тайкелді. Қырғызбайдан – Нәуетей, мұнан – Майлық. Майлықтан – Арыстанбай, Байсары, Қожамберлі, Қораз. Байсарыдан – Құттымбет, Тәттімбет. Қораздан – Түлкібай, Көсеп (Көсәп), Ақкозы, Дүрше, Тұманбай.

Тымырсықтың үшінші баласы – Бөтейден: Батишор. Батишордан: Шашты, Жарылғап. Түнқатар, Байатар, Дүйсенбай, Шекшек.

Жарылғаптан – Алтөбет, Құттыбай. Алтөбеттен: Жанақ, Мырза-келді, Дәулет. Құттымбайдан-Тана, онан Байкенже. Түнқатардан-Тілеубай, онан-Тайшық, Саймақ. Байатардан – Бостыбай (Бөстібай)-Тоқа. Тілеубайдан-Тайшық, Саймақ дедік, Дүйсенбайдан: Тоғалақ, Қожан. Тоғалақтан: Матақ, Ұлытау. Ұлытаудан – Олжабай, Олжабайдан – Ханкелді. Ханкелдіден – Бексейіт. Матақтан – Дәумен. Дәуменнен-Бекберген қажы – Сәкенге сөйлеген бір сөзі бар. Шаштыдан – Тұрсынбай, Құрманбай, Намаз. Тұрсынбайдан – Райымберді. Райымбердіден – Айттын. Намаздан – Дарабай, Тәттібай. Дарабайдан – Бекет. Бекеттен-Сасықбай. Сасықбайдан-Райымбек. Шекшектен – Нұралы, мұнан – Мырза, Байкісі, Жанкісі, Бикелді.

Есенаман, Темірші, Болсын, Шұңқырша.

Шұңқыршадан – Сүйіншәлі, Сүйіншәліден – Қонақай. Қонақайдан – Тілеу, Тілеуден – Жаныс. Жаныстан – Жұматай. Жұматайдан – Рысбек. Есенаманнан: Ботабек (Бөтебек), Мырзабай, Жұмабай. Ботабектен – Айқымбай.

Достан – Өтепберген, Кенжетай, Бөгембай, Келте, Тоғызбай. Өтепбергеннен: Қожаберген, Байқадам, Манасбай, Далғыр (Ділгір), Танатай, Жанжак, Бабыл. «Майлық» – деген ел атанады.

Бексейіт баласы – Имаш, мұнан: Күлікбай, Секербай, Тындыбай. Мұның баласы – Азанбай. Бостыбайдан – Қайран, Жабық, Жабай. Жабайдан – Матай, Сасықбай. Матайдан алтау: Момын, Мыңбай, Тұрлыбек, Жүзбай, Кәрібай. Жүзбайдан-Жақсылық, мұнан – Садық, Садыктан – Сағынтай. Жүзбайдан – Жақсылық, мұнан-Садық. Садыктан-Сағынтай. Жүзбайдан – Жақсыбай, Есім – өзі бар кісі.

Олжабай, Ханкелді, Бексейіт, Имаш, Азанбай. Олжабай, Дәулет (Дулат), Арыстанбай, Имамбек, Байбек, Мұзаффар. Байатардан – Бостыбай, – Тоқа дейді. Бостыбайдан – Қайран, Жабық, Жабай. Жабайдан-Матай, Сасықбай. Матайдан алтау: біреуі-Жүзбай. Жүзбайдан-Жақсылық, мұнан – Садық, Садыктан-Сағынтай.

Диуана тауы Абыралыда. «Сегіз ауыл» – деген өзеннің аты. Көкшетау Темірші мен Абыралы арасында Диуана тауы, сол – Табылды. Толыбай, Шана-Қамбардың бел балалары, Диуананың қонысы болған. Тілеу, Сарман, Есен, Сағындық, Мыңдыбай, Бердәлі. Сағындықтан – Өтеміс. Өтемістен – Тимеш. Тимештен – тоғыз – екі қатыннан. Бәйбішеден: Табылды диуана, Манақ, Жанақ, Жайпаң (Жайған). Ақын Жанақ – осы.

Аршабай, Баршабай, Бітімбай, Тынымбай, Қаражігіт. Тынымбайдан – Ақпан қажы. Ақпан қажыдан – Сылахдин, Мұхаммед деген екі бала бар. Қамбар, Тілеу, Жабық. Біркөз – ел аты, Мойнақ – ел аты, Асан, Жаумен – ел аты, Өтеп – ел аты. «Бір старшын Өтеп, Жүзен» – дейді. Бәкізе, Құрман, Алдажұман.

Ұлытаудың қатыны бала көтермей, пұшпағы қанамай жүрген. Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай бір жорыққа бара жатып, ауыл сыртында қонып, итарқа күркеде жатқанда түнде қойнына бір қатын кіріп келіпті:

– Мен борбайымнан суым сорғалап жүрген жалаңбұт қу емеспін. Жұрттың байымды: «Қу бас» – дей бергендігінен ызыланып, долданып: «Мергеннен – сыралғы, батырдан – сауға» – деп еді. «Бір атым оғын аямас» – деп келдім, – депті.

Сонда ер Олжабай:

– Атым – Олжабай болып, ат арқасына мінгелі арам кісінің етегін ашып көрген жоқ едім. Болатымды бокқа суармайын деп, – Менде бар болса, сен бір ұл табасың. Атын Олжабай қой! – деп, кіндігінен жүндігінеше бір сипап қоя беріпті. Сол қатын ұл тауып, атын «Олжабай» – қойып, Ұлытауұлы Олжабай атанып, қазақ орысқа алғаш бағынып, дуан аузы ашылғанда, Қарқаралыға қазы сайланыпты.

[Қаракесек – Түйте – Танас – Сары – Жаманқара – Алдабай-Жақсыбай – Жарас – Киікбай] Киікбайдан: Жандерке, Ақбай, Жақып, Ыбырай – бес ағайынды.

Өтептен – Ақсары, Бәйтік – бір қатыннан; бір қатыннан: Бәкізе, Құрман, мұнан Алдажұман. Жұманнан – Байғұтты. Байғұттыдан – Райымбек. Райымбектен – Ахмет. Ахметтен-Қасымбек. Алданазардан – Байжігіт, Сыбанай. Байжігіттен – Әбдірахман. Сыбанайдан – Есберген: бала-шағалы. Шекшектен – Нұралы. Нұралыдан туады – Мырза, мұнан-Бейсеке. Бейсекеден – Еркебай. Еркебайдан – Тәті. Тәтіден – Батыр. Бейсекеден – Аяған, мұнан Байжомарт, мұнан: Төлеутай, Жаманкот.

Сарыдан – Жаманқара, мұнан Андабай, мұнан Жақсыбай, мұнан Жарас, мұнан Киікбай, мұнан Жандерке, мұнан Ақбай, мұнан Жақып, Ыбырай бес ағайынды. Өтеп Сапар баласы, Сапар Қойбас баласы, Қойбас – Андабай баласы, Андабай Жаманқара баласы, Жаманқара Қожас – кара Тымырсық Сарының Сары баласы – бұл екеуі Танаш балалары. Тымырсық – Сарының Сарысынан бұл Сенгібай, Қарашор, Қожасқара, Жаманқара. Қожасқарадан: Бекбас, Құлбас. Бекбастан – Оразқұл (Оразкелді), Бөрікөз (Боркөз), Мойнақ. Оразқұлдан – бірінші қатыныннан: Сенгібай, Ақкісі, Желтау, Найза, Қылыш, Ақжол. Шой (Шуай) Тайсары, Қойсары – бұл үшеуі екінші қатыныннан.

Құлбастан – Адай, Асан. Адайдан – Жаумен, Сәдіғұл, Алшын (Ел-шін). Асаннан – Бөгембай, Бірден. Бірденнен-Байтілі. Байтіліден – Қиял. Жаманқарадан – Жайлау, Андабай, Сеңгірбай. Жайлаудан – Қалыбай, мұнан – Есен, мұнан Баймәмбет. Андабайдан – Жақсыбай, Қойбас, Бекболат. Жақсыбайдан – Жарас, Жарастан – Киікбай. Қойбастан – Сапар, Өтеп. Бекболаттан – Тоқан (Туысқан). Сеңгірбайдан – Тініке, мұнан Тақабай.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Қаракесек – Қамбар] Сейтін, Тұрлыбек, Шаншар. Олжас, Алданазар, Айт, Шана. Олжастан – Малкелді, Жанкелді, Жылкелді, Иекелді, Бикелді. Шанадан – Наурызбай, мұнан – Аманбай, мұнан – Қарсақбай.

Және Қамбардан – Бөлек (Бүлік). Бұл Бөлектен – Төлеген, Бөлембай. Бөлембайдан – Қарабас, Итбақпас. Қарабастан-Жанқара, Құлбай. Итбақтастан – Аю, мұнан: Тастемір, Жабағы, Байжігіт.

Және Қамбардан – Мойнақ. Мойнақтан – Жарылғап. Жарылғаптан – Ерәлі, Мырзалы, Жолдасбай. Және Қамбардан – Сарыбай. Сарыбайдан – Тәті, Барлыбай, Құдайберген.

Алшын, Зортымақтың асында Болатқожаның Тортөбел аты бәйгеден келіп, соның бәйгесіне тігілген күнді Болатқожа алып, Қамбар сонан туған. Қалмаққа аттанған жорықта Болатқожаның олжасына бір бала түсіп, жалықпайтұғын мінезінен атын Жалықпас қойған.

Біз көрген күнде ұрлықтан өзге ел жалықса да, Жалықпас жалықпады.

Шаншар Нұрбикені алды. Қарпық Дәулетбикені, Байбөрі Оразбикені, Тобықты Қоңырбикені. «Қатағанның хан Тұрсын, // Қай неткенді ант ұрсын» – хан Тұрсынды өлтіріп, Қатағанды қырғанда, олжаға қырық қыз түскен. Екі қыз хан Тұрсындының өз қызы еді. Бірін – Есім хан Жәңгір деген баласына алып берді. Бірін – Шақшақ батыр баласына алып беріп, Жәнібек батыр сонан туды.

Еңсегей бойлы ер Есім қырық кісімен барып, шапқанда түскен олжалар.

Бәсентиін шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін] Барлыбай ұранды Бәсентиін. Бірінші қатынынан – Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан. Екінші қатыннан – Ақтілес, Күшік. [Күшіктен]: Жылқыайдар. Үшінші қатыннан – Бөрі. Төртінші қатыннан – Сырым. Ақмайданнан – Көкшекөз, мұнан Байымбет, Жолымбет. Бекмайданнан – Апай, [Апайдан]: Нарбота. Тоқмайданнан – Қатыс. Байымбеттен – Жаманай, мұнан: Қойсары, Қозыбақ, Рысбек (Ырысбек), Сәтібек. Қатыстан – Бөрі, мұнан: Келден, Қыстау, Қака, Сатыпалды, Жаңбыршы. Жаңбыршыдан – Жәнібек. Күшіктен: Итемген, Байымбет, мұнан – Ханкелді, мұнан – Байбол, мұнан – Жетібай (Жетесбай). Байымбет-Жолымбеттің Жолымбетінен: Маңдай, мұнан – Сәмеке. Байымбеттен: Бейсен, Жаманай, Қоянбай, Рысбек (Ырысбек), Көшен, Шүрек, Таңатар. Бейсеннен – Таз.

Жаманайдан-Қойсары. Таз торт ағайынды: Бөкі(ге), Шоқай, Өтеп, Матай, Таз. Матайдан: Қосымбай, Құтымбай, Қаржау, Өмір, Қойбақ.

Қыпшақ-Еламан, Қосайдардан – Секен, Қожан. Секеннен – Бегәлі. Бегәліден – Тілеуберді. Қожаннан – Сүйеркұл. Сүйеркұлдан – Үмбетей, Жарылғап, Есіркеп.

Қожалар шежіресі

Диуана қожаның ұғлары: Қозжан, Қылыш. «Қозжан диуана» атанған. Бұл Қозжан балалары: Қожакелден қожа, Нияз қожа, Заман қожа, Сүлеймен қожа, Хылует қожа, Қажы қожа.

Қожакелден қожаның тоғыз ұғлы болған. Тоғыздың бірі – Сейітмұхаммед қожа. Мұның баллары: Бекмұхаммед (Бекқожа), Досмұхаммед (Досқожа), Сұлтанқожа. Бұл Сұлтанқожадан-Құлболды ишан. Бұл кісіден Фазыл (Пәзіл) қожа, Күлекеші Мағзұм Мәжүзіптерден болып өтті.

Бекмұхаммед қожадан төрт ұғыл бар: Бәйтен, Бошан, Кешубай, Шынтемір. Шынтемір баласы – Біржан қожа, мұның баласы – Ыбырайым қожа. Нұрмұхаммед қожа, Оразмұхаммед қожа, Жанмұхаммед қожа. Жанмұхаммед қожадан – Сүлеймен қожа. Оразмұхаммед қожадан – Мұстафа қожа.

Мыңғой – қалмақ шешесінің аты. Мұпан: Жапдайбай. Жандайбайдан – Сүлеймен, Әбу қожа, Мұғалім, Балқожа.

... мұнан Жандайбай. Жандайбайдан – Сүлеймен. Сүлейменнен – Әбу – қожа. Әбуқожадан – Мұғалім, Балқожа.

Бекқожа, Досқожа, Сұлтанқожа, Күрең атты Сарман (Садман) қожа.

Кешубайдан – Шыңқожа. Бошаннан – Шейіт қожа, Жиен қожа, Алдаберген, Бердіқожа, Жолдықожа, Мырзақожа. Тоқалдан – Ғалымқожа, Мұхаммедғабды қожа. Пирмұхаммед қожа, Нұрмұхаммед қожа, Ораз – қожа, Жанмұхаммед қожа, Алпыс (Алтмыш) қожа, Жетпіс қожа, Сексен қожа, Ханқожа.

Тоқыр (Тұқыр) балалары: Тоқыр – Бәйтен қожа баласы. Қозжан диуананың тілғаты (тілғынты). Бошан... Рыфтым, Бабағы, Нәштім, Бәкірсі, Шындым, Киасдайы, Дыржы.

Айтқожа, Жанқожа, Құттықожа, Майлықожа, Оспанқожа. [Айтқожадан]: Гүлқожа, Ысқақ қожа шешесінің аты – Аясын – Күлік қызы.

Қозжан, Қылыш – Қожакелден, мұнан тоғыз, кенжесі – Қажықожа. Қажыдан – Байторы, Фатса. Байторыдан – Күнқожа, Айтқожа. Күнқожадан: Қиғаш – бәйбішесінен. Тоқалдан – Ашамай, Қорғанбай, Келгенбай.

Қиғашқожадан – бәйбішеден бесеу: Жүніс қожа, Жүсіп ишан, Садық қожа, Сыздық қожа, Риза қожа. Тоқалдан – Әлжан қожа, Мырза қожа. Әлжан қожадан – Сапарғали қожа.

1909-ыншы жылында тауық жылы еді. Сол уақытта 28 жасында жылы жылқы еді.

Қылыш қожадан болады: Оспанқұл Әздір (Әшдүр), мұнан-Шонабай қожа, мұнан – Қарауыл қожа, мұнан – Байқожа. Жұрт: «Тазқожа» – деуші еді. Мұнан Жұмаділда қожа. Қазақ: «Қызыл қожа» – дейді. Қарауыл қожаның кенжесі – Кенже қожа Бораншоқы бауырында Сынтасты құдықтың шөлейт жағында оқу оқып жүргенде өлген.

Төрелер шежіресі жалғасы

Мекке Мекерме Медине мұнирәден Ферғана заминға ыжырет қылып кәпірлермен хазірет қылу үшін келген Ғабдірахман бап, Ғабдірахим бап, Ғабдіжалил бап ханлары Ғабдірахим бап екен. Бұл кісінің әулетінен Қарахан деген хан болған. Ықыласлары Әулиеата аталған. Бұл Қарахан аталмыш Әулиеатаның үрім-бұтағы. Әбілқасым хан ишан бин Қантөре хан Ташкент шаһарын Бесағаш махалласында Метфүн ұлығ зиаратке Мешіт уа медресселері бар. Бұлар балашағасына: «Әліиом (Әліжұм) алқиамытахан» – деген лағұзды қосып атайды. Хантөре ханнан: Әбілқасым хан, Истан (Ыстан). Онан – Сейітбақи хан, Сейітғына хан, Сейітғалым хан, Сейітьәшім хан. Сейітғына ханнан – Әкірәмхан, Ғабитхан. Бірі – Ташкентте бабасының медресесінде мүддәріс һәм бабасының орнында сүлік жолын жүргізіп тұрғышы. Мершіткәмил Ғабитхан Әулие – атада мүтілі, онда һәм бабалары салдырған мешіт, медресе бар. Оқға ашиналар бар.

Сопы Дәнішмент Ғабдылхалық хан хазірет сұлтанға көп оқынлар қылған. Берке хан деген ханның һәм зиараткелері бар. Әулиеатада. Әулиеатаның заман хадимда атлары «Тараз шаһары» – аталған ұлых шаһар болған. Қырық қақпалы Қарғалықта Бап ата болған. Ысқак бап үш түрбет еді. Тастан (Ташдин) ұстынлары болған. Хазірет сұлтанның қазаны Шекелі қазаны һәм болған. Бір ұстынларын Мәделі хан алдырған. Өзіне жетпей өліп кеткен. Бұл Ысқак бап заманларында «Сауыр тонды Өтеміс» – деген қалмақтың ханы болған. Сонымен ұрыссып, соны тірілей байлап алып, тікесінен – тік өзіне қамал үшін қалаған қорғанының бір бұрышына қалап жіберген. Сол қорғаны әлі бар. Қиямет қайымғаша бұзылмаса керек. Тас ұстынлары – өзлері алып келіп орнатқан ұстынлары. Бұл Қарғалық Шолаққорған деген жерге жақын. Алатау, Қаратаудың аралығында Әулиеата мен Шымкент, Сайрамның маңайында.

Көшек, Дәуіт [Дәуіттен] – Күдері, Таспа

Таспа қоғам,

Атыңды ұра берме басқа , қоғам,

Атыңды ұра берсең басқа, қоғам,

Кем боларсың мал менен басқа, қоғам.

Сұлтан қожаның бәйбішесінен – Айдабол қожа, Төрежан-Күлік қожа, Орман қожа тоқалынан – Тоғай деген: Құлболды, Асан, Нұржан, Шайжан. Құлболдының бәйбішесінен – Омар, Оспан, Әубәкір. Сарша тоқалдан – Миян, Фазыл. Мағзұм: «Күлекеш Мағзұм» – атанып өтті: мәж – зүблерден болып.

Қылыштан: «Шонның Қарақожасы» – атанған Қарақожаның жалғыз баласы – Берет қожа: Күлік диуананың бір сүйегінен болған бала. Берет баласы – Бәзіл (Бізал) қожа. Мұның баласы – Дәулетбасқыр, шын аты – Тілеу қожа. Мұның баласы – Омар қожа: шолақ қол. Мұның баласы – Жүсіп қожа. Уақ – Нүрекен бай ауылында өсіп-өнген аталары. Төрежан қожа, мұның балалары: Асан қожа, Тілеу қожа. Асан баласы – Ақай қожа. Мұның балалары: Қарахан, Қожахан, Нұрхан. Қараханнан – Кәдірхан, Тәйіхан. Қожаханнан: Хасен, Хұсайын. Нұрханнан – Шайхан, Әлімхан, Таукен, Саркыт. [Саркыт] іште қалғандықтан, солай қойған.

Тимушин Шыңғыс хан. Ең үлкені—Жошы хан, Шейбани хан, Тоқай, Темір (Тимур), Бөрке хан. Бату хан: лақабы – Сайын хан. Бұл өзі қыз болса керек, Орыс жұртына хан болған, орыс тілінде: «Бати» – дейді.

Бұлардың заманында Мауаралһырдағы Дешті Қыпшақ үшке бөлініп: «Ақ орда», «Көк орда», «Алтын орда» – атанды. Ақ ордаға Шейбани хан болды. Көк ордаға Тоқай-Темір хан болды. Алтын ордаға Бөрке хан болды.

Тоқай-Темірден – Өзтемір, мұның ұғлы – Қожақұл; мұның ұғлы – Бадақұл. Мұның ұғлы – Орыс хан; мұның ұғлы – Құйыршық хан; мұның ұғлы – Барак хан. Мұның ұғлы – Әз Жәнібек хан; мұның ұғлы – Жәдік хан; мұның ұғлы – Шығай (Шапай) хан. Мұның ұғлы – Есім хан: «Еңсегей бойлы ер Есім» – осы. Есім хан ұғлы – Жәңгір хан. Есім хан Қатаған ханы хан Тұрсынды өлтіргенде, Ғайса деген қызын Жәңгір деген баласына алып беріп, мұнан екі бала: бірінің аты – Уәли, бірінің аты – Бахи. Уәли бала күнінде өлімнен қашып, нағашысы Үркенжі жұртында Қайып ханға барып, сонда тұрып қатын алып, жалғыз ұл туып, атын «Абылай» – қойды. Бұл Абылай «Қанішер Абылай» – атанды. Бұл баласының атын «Көркем Уәли» – қойды. Мұнан бір бала

туды – Әбілмансұр қойды. Бұл Әбілмансұр жауға шапқанда: «Абылай-лап» – шапқаннан, «Абылай» – атанып, қазаққа 48 жыл хан болған.

[Бір ескерту]:

Сырымның бәрі Жабықтан өсіп өнеді: Мұрат, Танаш аз.

Керей шежіресі

Көрсары (Құрсары), Ақсары. Көрсарыдан – Есбол, Есенәлі. Есенәліден – Құдайқұл, Қодас, Жебеге. Құдайқұлдан-Құдайберді. Құдайбердіден: Елубай, Байқошқар, Жәдік, Оразымбет, Бердібай. Жәдіктен – Сәттібай, Байболат. Жебегеден – Жаңбыршы, Жәнібек. Жәнібектен – Жанғабыл, Досай, Соқыр. Жанғабылдан алтау: ең үлкені – Сүйінбай. Сүйінбайдан бесеу: ең үлкені – Ақыл. Күлік: Ақыл – Сексеннің Ақылының ауылында туғаннан, атын «Ақыл» – қойған. Бұл Ақылдың інісі Көгібақтан туған баланың атын – Қызылтауда туғандықтан, «Тау» – қойған. Өз замандарында «Ақыл», «Тау» – атанған. Осы Ақыл – Әкімбектің нағашысы. Ақылдан тоғыз: ең үлкені – Асаубай. Асаубайдың кенжесі – Бәзіл. Бәзілден: Бопкен, Ғұбайдолда. Бопкеннен – Жебалла (Жебе Алла), Нұрхамит.

Бәсентиін шежіресі жалғасы

[Бәсентиін – Көкшекөз – Балықшы – Сырым – Жабық – Самай – Досым – Тоқтауыл – Малайсары] Малайсары балалары: бәйбішеден-Тілеукабыл, тоқалдан – Жолдыбай. Жолдыбайдан – Садақ, Садақтан-Қашқын. Қашқыннан-Қозғанбай. Қозғанбайдан – Тұран. Тұраннан-Қабдым: жас жігіт қатын-балалы.

Бәсентиіннің төртінші қатынынан – Сырым. Сырымнан: 1. Танаш абыз. 2. Жабық. 3. Мұрат. Жабықтан: 1. Бөлей (Болай), Самай. Бөлейден – Тілеу, онан-Өтебай. Самайдан: Сексенбай, Тоқсан, Досым. Тоқсаннан-Қара. Досымнан – Төлебай, мұнан-Нарымбай, мұнан

Тәуірбай (Науырбай), мұнан – Ыбырай, мұнан – Қыстаубай – Керекуде тұрады. Мұраттан: Дөнен, Сегізбай, Сасық, Бестібай, Теңізбай, Алтыбай.

Қанжығалы шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын-Ақсопы – Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай] Әжібай (Ажыбай), яғни егіз Сары. Әжібай: Қарабұжыр, Құдияр, Мұрат, Сары, Жәдігер, Қаратілес. Қарабұжыр – «Тентек Қанжығалы».

Мұрат, Байболат, Айтуар, Көшпен (Күшпен), Әжіке, Дәніп. [Мұраттан]: 1. Құнан. 2. Дөнен. 3. Бестібай. 4. Алтыбай. 5. Жетібай. 6. Сегізбай. 7. Тоғызбай. 8. Сасық.

[Арғын – Ақсопы – Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Қаратілес – Өтеген – Елқонды – Қорлыбай] Қорлыбай, Қойлыбай, Жантай, Алмаш. Тентек Қанжығалының қарындасынан туған Ақкөл болысында. Елқонды қайдан шыққаны білінбеді.

Сырым – Токсаннан – Қара: «Қысырау Қара» – атанады. Қысыраудан – Ақбалық, Азылаттар. Қарадан – Тегісбай (Текебай), мұнан-Жанқожа, мұнан-Сүгірәлі, мұнан Рысқұл (Ырысқұл). Жабықтан – Самай, мұнан-Досым, мұнан – Тоқтауыл батыр. Мұнан-Малайсары батыр, мұнан-Тілеуғабыл, мұнан-Бесмолда, мұнан-Араб, мұнан-Афи (Ақы). Мұнан-Омар: жас жігіт. Сырым – Әбде батыр баласы: Байжан, Бекше (Биікше). Байжаннан – 1. Мұжық. 2. Әлтеке. 3. Қозыбақ. 4. Құдайқұл. 5. Қасай (Каптай). Бекше батырдан – Таупық (Тофик) батыр жалғыз, мұнан тұқым жоқ.

Қожалар шежіресі жалғасы

Күлік қожа диуана болған: Мәжізүп (мәшүріп) қатын-баласыз, үйсіз-күйсіз, қыжырытлік (тыжырыдлік) жалатта (калатте) хыраятлардан болған. Заманындағы адамлар таһир әулиешілігін көрген. Мұның заманында «Шоң бидің Қарақожасы» – деген әулие өткен.

Сол Қарақожаның Бибісі (бәйбішесі) пұшпағы қанамай, перзент көтермей кешіккен. Жаздың күнінде Қарақожаның Бибісі құрт қайнатып, бір ошаққа құрты қойылған соң, қазанын түсіріп, өзі шар-

шап, сілесі қатып, шалқасынан жата қалыпты. Ұйықтап қата қалыпты. Күлік диуана шап беріп, үстіне мініп алып, бетінен бір сүйгенде, қатын бар күшімен шалқасынан итеріп теуіп жібергенде, диуана жерошаққа жығылып, үсті күйіп, көлге қарай жүгіріп, ит қуып, азан-қазан суға барып түсін, жаны қалыпты. Артынан Қарақожа естіп, қатынына ұрсыпты:

– Жұрт мені әулие дейді. Мен әулие емес, бұл әулие еді. Бекер қылған екенсің. Ол неше сүйсе, сонша бала болатұғын еді. Енді жалғыз-ақ сүйген болса, бір бала табасың да тұрып қаласың,-депті.

Айтқанындай, бір бала тауыпты да тұрып қалыпты. Ол бала нәм диуана мызажы болыпты. Қожалық кылып келгенде, заманындағы жұрт көріпті. Қолына түскен малды сояды да, жұртқа үлестіреді. Сол малдың етін жеген есіне ие болмайды. Нәзірді гулетіп бере бастайды. «Бір қойды сойса, жүз қой жиылып қалатұғын болды», – дейді.

Күлік қожа. Бұл кісінің зиараты Ажы бойында Жүсіп ишан Байтоқ тамының солтүстігінде, төбенің ығында, айналасын орлаған тас мола. Басында сынтас бар. Ең төменгі жазық далаға қараған қара жолға жақын.

Көп ұлды бөлғандар туралы

Қожан тентек «Жүз ұлды Қожан»-атанамын деп, бала-шағалы, байы өлген жесір қатынды ала берген екен. Балаларының бәріп аяқтандырып, өсіріп: «Жүз ұлды Қожан» – атанған. Бұл бұрынғыдан бар сөз: «Жүз ұлды Қожан, отыз ұлды Байзақ». Және кіші жүзде: «Отыз ұлды Дастан, жиырма ұлды Суай, он алты ұлды Жоламан, он ұлды Еламан, он бес ұлды Тілеуімбет, он сегіз ұлды Бертіс.

Қуандықта: тоғыз ұлды Аралбай, тоғыз ұлды Тоқбура, тоғыз ұлды Қиқымырза, тоғыз ұлды Бекайдар, Тінәліде: – тоғыз ұлды Түгелбай; Айдаболда – тоғыз ұлды Мамыт.

Қожан Тентектің қатыны көп болған соң, ілуінен қашып ешкім қызына айттыруға батпай, қызының алды қырыққа келгенше күйеу алмапты. ... қырық қызы үйінде отырып қалыпты. Бір қатыны айтыпты:

– Бір ... шақырыңыз. «Менің қызымды алатұғынның өз шешесінен басқа ... ілу қылушы» болмандар», – деген соң, бір жұртта он төрт қыз ұзатып, бәйбішесінің кенжесі Кенже тоқал бала қылып асырап алып, Қожан өлген соң, сол бала қара шаңырақты да иеленіп, Кенже тоқал иеленіпті. Сонда Торайғыр би Қаракесекке барғанда, Қаракесектің шешенлерін сөйлетпепті. Шешен Байқараға да алып барыпты. Оны да екі айлануға келтірмепті. Қожан Тентектің Кенжесін де: «Шешен» – десіп, ылғи мақтасып жүр деген, сонымен сөйлестіруге алып барғанда, Кенже мырза үйде жоқ болып, Торайғырды әдейі тоқтатып, тостырып[ты]. Бір күндерде Кенже мырза үйіне келіп, Торайғыр бидің алдына шарт жүгініп, отыра қалып:

– Ай, Торайғырым, кінә не? – депті.

– Айғыр кісінесе, үйірін шақырады ғой. Мен кісінесем, құдайдың құлын – Мұхаммедтің үмбеттігіне шақырамын: ораза ұста, намаз оқы, зекет бер ... асыңнан өсім, басыңнан пітір бер, – депті.

– Бәрін қылғанда, онда о[л] немен не қылады?! – депті.

– Оның не қылатұғынын айтайын. Осы айтқанның бәрін орнына келтірсең, кінәнің ең зоры ... азы сексенде құтқарып алып шығады, – дегенде, [жа]была тұр-ақ жөнелді дейді. ...қылып жүрген жұмысының төбесінен түскен соң, үн жоқ, түн жоқ барып бүркеніп жатып қалыпты да, сол бойымен төсегінде жатып қалып[ты]. Міне, бұрынғылардың әулиешілігі – Торайғыр би ешкімнен [қайт]пай, аузына Құдай салуымен жасырын қылып жүрген... сырының, жұмысының үстінен түсті. Анау ұялғаннан жұрт бетіне қарай алмай, қорыққаннан, жүрегі жарылып ілездің арасында өліп кетті. Құлайдан қорқып, адамның ұялғанының белгісі – осы. Енді бұл Құлайдан қорыққаннан, адамнан ұялғаннан тақыты жоқ болғандығынан өліп кетсе: «Уа, Алла, ғалам жарылғандай ғой!» – деп, қашан зын қыламыз?! Бұған қарағанда, бұрынғының жаман іс қылғаны осы болса, бұ да әулие өлімінің өзі.

Қаз дауысты Қазыбек қартайып, жүгі жетіп өлген екен. Далбада Қарағайлы бұлақты қыстап қалып, қыс ішінде өзінен күдер үзген соң, ел-жұртын шақырта кісі жіберсе, Бекболаттан басқа кісі келе қоймапты. Сонда арман қылған екен:

– Бауырдың өті күйерлік, қатынның көті күйерлік күнде өлмеген соң, Күлтөбеде қалған кәрі саулықтың жемтігі есебінде қалдым-ау! – деген екен.

Арғын-Сүйіндік-Күлік жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Күлік – Өтепберді – Ақыл – Жапалақ] Ақылдан: Жапалақ, Дербісәлі, Мырзакелді, Бейбіт, Айбас, бұл бесеуі-бәйбішеден. Қалмақ қызы Сұлымқарадан: 1. Қойкелді. 2. Жылкелді. Бұхарай Шәрифтің бас балуаны болған Қоңыраулы балуанды жыққан Қойкелді балуан – осы.

Дулығаны бала күнінде Қойкелді балуан алып қашып келген. Атка отырысы дулығадай болғандықтан, атын: «Дулыға» – деп атап кеткен.

Ақыл, Бейбітті бәйбіше шаңырағына ие қылған. Айбасты Сұлымқараның қолына шығарып, соның шаңырағына ие қылған. Айбастың өз кіндігінен үш бала бар: Байтемір, Бектемір, Жантемір. Дулыға балалары: Тоқанай, Топай. Тоқанайдан – Өтебай молда.

Бәсентиін шежіресі соны

[Жанарыс-Қарақожа – Арғын-Кенжесопы – Бәсентиін – Күшік] Сүйіндік, Тоқшора, Әлімбет, Алтай, Төртсары. Мұнан-1. Мұрат. 2. Танаш. 3. Рысқұл (Ырысқұл). Мұраттан: 1. Аралбай. 2. Байсейіт. 3. Жауқашар. 4. Жаубасар. Аралбайдан: 1. Токпан. 2. Ақпан.

Байсейіттен – Барақ, онан Жабағы. Жауқашардан: 1. Сармырза. 2. Баймырза. Жаубасардан: 1. Тілеуберді. 2. Қуат. 3. Саржан. «Төртсары-Токпан ұрпағымыз» – деді Аждағын деген бір жас. Рысқұлдан-Шыңдауыл, мұнан: Қошқар, Мойнақ. Осы айтылғандардың қай ел екенін біле алмадық. Бұл күнде білдік – Бәсентиін: Төртсары, Иманнның Төртсарысы екен.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет] Тілеуімбет,

Наурыз – бәйбішеден-Дәулет; тоқалдан: Сексен, Өтепберді, Данияр. Наурыздан – 1. Шобалай. 2. Шобай. 3. Ақай. 4. Түкей. Шобалайдан: Өміртай, Жаңабатыр, Ырысымбек (Ерсiмбек), Мәмек, Ханкелді, Қарақұс, Шерiн. Шобайдан: 1. Тәттімбет. 2. Байтобет. 3. Жаманқара.

[Наурыз]-Ақайдан: 1. Санмырза. 2. Бекмырза. 3. Есбол. 4. Сейiт (Бейбiт). [Күлiк – Өтепбердi – Ақыл] Ақылдан: 1. Бейбiт. 2. Жапалақ. 3. Дербiсәлi. 4. Мырзакелдi. 5. Айбас.

Өтепбердiден: Ақыл, Қошқар. Сексеннен: Рай, Райымбек, Қараша, Базар. Тiлеуiмбеттен: Айтқожа, Жаңабай, Күнту, Бесiм, Қойтан.

Арғын-Сүйiндiк-Ақбура

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйiндiк – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Ақбура – Аққошқар] Аққошқар, Кенже, Тiлеулi, Жетiбай, Көкен. Жетiбайдан – Есен тентек. Осы Ақбураға шатақ бiр сөз бар. Рас-өтiрiгiн бiр Құдай бiледi. «Бураның бiр көзiнiң құнына алған бала екен» – деседi. «Сондықтан Ақбура атанған екен» – дейдi.

«Арқадағы Алтыбай, // Ақкiсi мен Сеңгiбай» – деп, өлеңге қосылған Қаракесек-Ордабай әкесi Ақкiсiнiң моласы Шiдертiде – Қарайғыр шатында, қасына Көсте, Қазыбай қойылған. «Қазыбайдың қара моласы – аталсын» – деп, Шоң би қойдырған. Ащы бойында Ақмола, Қаракесек ел[i] күздiгүнi көшiп келгенде, басына бүркiт байлап, асыранды түлкi байлап кеткен екен. Басқа жабдықтар да болса керек. Бiр сыр бар: «Салтанатты хандыкi екен», – деп, аңыз қылысыпты. Басына тақтай қойып, атын-жөнiн жазып кеткен екен. Мұнан бұрын бiр естiн едiм: «Анай тамын, Қожа қорығындағы Бертiс-Үкiбай тамын, осы Ақмоланы –үшеуiн бiр кiсi қалаған» – деп. «Жарылғап ұғлы Тастемiрдi де осы Ащы бойына қойылып едi» – деседi. Бұл Тастемiр қожаның Темiрқазық тарапында, өзен жағасында әлi күнге «Тастемiр моласы» – делiнедi. Кейбiреулер: «Сары қыздары – «Қыз» – деген қыздың моласы екен» – деседi. Шiдертi бойында Қожан шаты: «Қаракесек – Қарашорынмын, // Құдайдан соңғы зорынмын!», – деп

сөйлеп жүрген Қожан тентек байдың кенжесі, әкесі жеті қатын алған. Жеті ұлдың кенжесі – Қожан тентек өзі он жеті қатын алған. Осы күнде үрім-бұтағы теңіз жағасында екі болысқа жақын ел.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Сугыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан-Тұрсынбай] Тұрсынбайдан: Бәзіл, Боштай, Құдияр – Көрпе бәйбішеден; [тоқалы] Айдайдан-Қылжырбай, Тәсібек, Шоқыбай, Қосаяқ; [екінші] тоқалдан – Бәйтен сал жалғыз. Көрпе бәйбіше Қанжығалы: Атажан қызы. Айдай – Керей қызы. Бәзілден: Әйтен, Шегебай, Бәйменгөт, Досқара, Исабек (Ғайсабек), Мұсабек, Сабыр, Есмұхаммед, Серікбай. Бір «Омартаз» деген шешесі бар. Боштайдан: Хұсайын, (Хасен), Сүлеймен.

[Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Тұрсынбай – Құдияр] Құдиярдан – Кепешбай, Қартбай, Исабай (Ғайсабай), Мұсабай, Ыбырай.

[Айдабол – Малғозы] Малғозыдан – Жаманай, Байымбет, Сары батыр, Толыбай (Төлебай)

[Айдабол-Жанғозы – Лапақ] Лапақтан – Мамыт, Көсте. Бір Есағасы деген болмашы біреуі бар. Қаракозыдан-Қарабатыр, Қалт. Қарабатырдан: Құлнияз, Бабыр. Құлнияздан: 1. Айдарбек. 2. Соқыр. 3. Аманкелді. 4. Сары. 5. Қабан. 6. Жаманке (Жәменке); тоқалдан: Мәтібек, Жадар (Жаудар).

[Айдабол-Жанқозы-Сары] Сарыдан – Қонды, Таңырық. Қондыдан: Байдалы, Төлепберген, Әлике. Байдалыдан – Мыстықжан, Ғайса, Ес, Төлеубай. «Ожар» – атанған мұның баласы Қасымтай мұғалім болып жүр. Ғайсадан – Мұхаммедия, Мақұл. Қосқұлақ, Төлебай – бір қатыннан: бәйбішеден; Лапақ, Сары – бір қатыннан. Құлболдының карашаңырағы Лапақ баласы Мамытта қалып, Бәрменнің кенжесі Сарыбайды қариялар: «Бабамыздың шаңырағы осы Қарашаш бәйбіше отырған шаңырақ», – деуші еді.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

Қаржас-Алтынторы Өтебай байдың заманында келіп, ел ішіне сіңісті болып кеткен Тама-Есен-Қарағай Сүтей (Шоты) деген. Онан Тоғызбай, онан-Жұмабай, онан-Ахмет-Керегетаста Жыландының түбінде Торпақ балаларымен бірге ауылдас.

Асылдың әкесінің аты – Тоғызбай, шешесі – Назым-Тарақты: Сағал-Сапақ қызы. Боштай – Боштай болып тұрған күнінде сұлулығына қызығып, Асылды алпыс жылқы, он түйе беріп алған. Сондағы Асылдың айтатұғын өлеңі:

Ауылымның қонғаны Қарабүрген,
Сол Бүргенді паналап түлкі жүрген.
Сен мені алам дейсің, Әбушәке,
Қарауылдың Дәржаны иттей үрген.

Боштай марқұм өлген соң, Бәзіл алып, Исабек сонан туған.

Бұл Бақалбай да Қарашордың Шоры болса керек. Осы күнде тұқымы бай және болыс.

Тотияның бауырында «Айдос» – деген төбе бар. Ол ғам Қаракесек және «Мыңшұқыр» – деген жерде «Қаракесектің қарамоласы» – атанған бір мола бар. Оны: «Бақал деген бай екен» – деседі. Әуелінде ағаш мола екен, ағашын «Әлжаббар» деген алып жаққан екен. Оның тұқымынан жалғыз-ақ Бейсекей деген бар.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Қаржас] Оразкелдінің бір аты – Қаржас. Үш қатыны бар. Үш қатыннан үш жалғыз: Алтынторы, Құлықе, Бегім. Құлықеден: Ойым, Телі. (Ойымнан – Әлімбет, Ақша, Байболат).

[Ескерту: Жақшаға алынған сөздердің үстінен сызу, яғни теріске шығару орын алған. Оны сызған Мәшһүр Жүсіп пе, жоқ кейінгілер ме, – бұл арасы белгісіз болғандықтан, жақша ішінде беруді жөн көрдік – Е.Ж.] Теліден – Анай. Анайдың қазақ қатынынан – Нияз; сарт қатынынан – Құл; қалмақ қатынынан – Жәдігер. Тәйтеке қызы Аққабақтан: Мырзақұл, Құдайқұл. Мырзақұлдан: Ақмырза, Баймырза, Жанмырза, Сатыпалды, Тәті, Наурыз. Ақмырзадан-Азнабай, онан: Тайжан, Сейтен. Тәті мырзаның бәйбішесінің аты – Баяу бәйбіше,

пұшпағы қанамаған кісі. Тәтіден: Байкісі, Жанкісі, Күшік. Бәтіш тоқалдан – Мамыр, Шымыр (Шытымыр), Байқұлақ. Және бір тоқалдан: Садыр, Қарыке, Қарқабат.

Бұл үш мырза Бұхардан келе жатып, әкесі Тәтінің балдызы Бейтіш сұлудың інісі Кішіқұтайды атып өлтірген. Сонан соң ағайынды үшеуі қорасаннан бір жұртта өлген, нұныз осы күнге шейін қорқақлық әсері (ашыры) тұқымында қалған. Исі қазақта Шорман тұқымынан қорқақ жан болмайды.

Күшіктен – Шорман, онан – Мұса, Мұстафа, Ғайса, Әужан.

Мұсадан – (Сағит, Оқас), Біләл, Жәминкеш.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ, - Құлболды] Құлболдының бәйбішесі Мақпалдан: Тұлпар, Күлік, Айдабол. Он үш жасында: «Айдабол би» – атанған. «Артың болса, Айдаболдай ұл тап», – деп, Мақпал бәйбіше айтқан.

Сол Айдаболдың бәйбішесінен: 1. Жанқозы. 2. Малқозы, 3. Кенжеқозы. Ортаншы қатынынан: 1. Аққозы. 2. Бозқозы. 3. Қарақозы.

Кенже тоқалдан: Қожакелді, Тайкелтір. Бозқозы дүниеде үш үй болмайды. Айдабол би Қошетерді (Қосжетерді) Тайкелтірге: «Енші орнына кара бауыр қылып ал!» – деп, берген. Қошетердің шешесі Шанышқылы – Қошетер (Қосжетер) бағырдың қызы екен. Айдабол би нағашы атасының атын қойған екен.

Шанышқылы сартқа (Жанқозы) бір атасы жуық. Қаңлы, Шанышқылы – Қатағаннан қалған ел тегіс ұста болғандығы бұл сөзді растайды (расталайды).

[Айдабол-Жанқозыдан]: Қосқұлақ, Төлебай, Лапақ, Сары. Төлебайдан: Жолан, Еламан, Едіге; тоқалдан: Елкелді, Малкелді.

Еламаннан – Мәулімберді – бәйбішеден: 1. Атан. 2. Жәуке. 3. Тұрсынбай. 4. Шонты. 5. Текебай, 6. Көрпембай. Меңдібике – қарақалпақ қызы тоқалдан: [7] Ботан (Бұтан), [8] Нұралы, [9] Жауқашар, [10] Бақбай. «Он ұлды Еламан» атанған.

Атан жастай өліп, қатынын Жәуке алып, онан туған баланың атын Ізден қойып, онан Өтеміс туған. Өтемістен – Белгібай жалғыз. (Бұл тұқым құрыды Ахметбекте).

Кенжеқозы жасында өліп қалып, қайыны Ұлы жүз-Қаратай батыр скен, қалыңдығы оң жақта қалған.

Айдабол би: «Тайкелтірге қосамын» – деген соң, Жанқозы онысына көнбей, тетелес інісі Малқозының баласы Төлебайға (Толыбайға) алып беріп: Олжабай, Қожабай, Орман, Рысқұл (Ырысқұл) – төрт бала туған. Батыр Олжабай – Үйсін: Қаратай батырдың жиені. Қыс ішінде ұзатып келе жатқанда, жолда босанғаннан атын «Олжабай» – қойған.

Үйсін-Қаратай батыр қызын ұзатқанда, Шанышқылы – Қошетер батырдың қызын қызының түйесінің басын жетектетеуге берген. Жолда келе [жа]тып бала тапқан соң: «Бұған ат болуға қос жетер», – деп, атын «Қосжетер» қойған. Шешесінің аты – Бөктік, Қошжетер – осы.

Олжабайдың қазақ қатынынан – Бектен, онан – Тоғай, онан-Түктібай, онан-Төлепберген. Тоғаймен туысқан: Көшімбай, Бекжандар. Қалмақ қатынынан – Дәулет, онан – Арыстанбай, онан-Жанқұлан. (Қарадүржан), Иманбек, Мұсабек.

Дәудің шын аты – Есмұрат, Дәу – қатындар қойған аты. Мұныменен туысқан Досмұраттан – Омар. Иманбектен-Байбек, Жәнібек, Сіләмбек (Исламбек). Қырғыз қатыннан да тұқым бар. Қарақалпағы толып жатыр. Малқозыдан – Сары батыр, Төлебай (Толыбай), Жаманай, Байымбет. Сары батырдан – 1. Омар. 2. Байкелді. 3. Дәулен. 4. Майкөт. Омардан – Талтақбай, Құтаяқ. Байкелдіден – Алдаңғор, Қошай, Қаймақ, Маймақ. Дәуленнен: Кәден, Есімбек, Көнек. Майкөттен – Андамас. Андамастан – Дәу. Дәуден – Есберген.

Толыбайдан (Төлебайдан): Олжабай, Құлжабай, Рысқұл, Орман. Олжабайдан: Бектен, Дәулет, Есенаман, Жалаңтөс, Өтебай. Қалмақ қатынынан: Есенаман, Жалаңтөс, Бұлан, Дәулет. Қазақ қатынынан-Бектен. Жалаңтөстен – Былшық, онан-Жүніс, онан-Рысбек, Әшірбек (Ашырбек).

Шежірелік деректер

Қалмақтан барып, [Қаракесек ішіндегі]Қарсұн-Қыдыр батыр алып келген, баласының бодауына атын Орынбай қойған. Орынбайдан өсіп-өнген нәсіл-Орынбайдан бесеу: Нұрпей, Өмірзақ, Қаракұла, Құлыншақ, Тобышақ. Нұрпей баласы – Сәдірбек. Сәдірбек баласы – Ақжарқын. Ақжарқын балалары: Қошқарбай, Бимұрат, Әлмұрат.

Өмірзақтан – Қуатбек, Құрманбек. Қуатбек балалары Қасымбек, Мұсабек. Құрманбек балалары: Биқадам, Байқадам, Сүйінбек (Сүйкінбек), Мырзағұл.

Тобықшақтан – Кәрібоз жалғыз, онан – Әбді жалғыз.

Ақжарқын сегіз ағайынды. Белқожа – Қарықбай баласы, Нұрпейдің – ең үлкені.

1915-інші жылында Өлмұрат Ақжарқын баласы бір қыс біздің қолымызда тұрып, жаяу келіп, ат мініп қайтты. Сол жылда өзі 38 жасында, жылы тышқан екен.

Орынбай моласы[н] «Шошақ мола» – дейді: «Сарысудың басында, Бұғылы – Тағылы тұсында, жайлауда өліп, жайлауға қойылған» – дейді. Иа болмаса, олардың тұсында қонысы сол жер болған болса, ғажап емес. «Ақтау, Өртау бұрынғы заманда Қарсұн, Керней қонысы екен», – деседі.

Фатихалла, Сейфілмәлік, Андабай. 1. Балға. 2. Балта. 3. Бармақ. 4. Жарық.

Балға, Балта: мұның балалары – Андабай, Сандыбай – Балғадан туады.

Сандыбай баласы – Нұрекен, Қуанбай. Сейфілмәлік қажы. Сейфілмәлік балалары – Фазыл, Ахмет, Ғабдолла, Фатихалла, Рахметалла, Ғабиталла.

Нұрекен баласы – Мұқаш, Құнанбай баласы Мұқы – (Моқы), Мұқат.

Қыпшақ – Қаш (Қыш).

... Абай әкесінің аты – Махамбет, мұның әкесі – Кенжәлі, Кенжәлі әкесі-Сапар. Бұйдалы, Жансары, Баржаксы, Шайкөз (Шайкүз) – шешесінің аты – Торқа. «Жамансарының інісінің баласы» – дейді. Жамансары-Бураның әкесі. Бураның бейіті Киғынанға (Кифінанға) жеті шақырым жерде тұрады.

Жансарыдан – Қожа, мұнан-Игілік, Сүйіншәлі туады. Сүйіншәлі: Кенебай, Құттыбай, Өтеген, Бабалы. Кенебайдан-Жамансары, Боздақ

тоғыздың [бірі]: 1. Байбөрі, 2. Қараман. 3. Жоламан. 4. Тасан. 5. Шаьбан. 5. Әзберген, 6. Қожаберген.

Жамансарыдан – Нүрекен бай, Балта, Балға, Түйте (Төйте), Әбдірахман, Ыбырайым, Біге, Жақып.

Айдабол – Сары ішінде Бердігей (Бірдігей) деген бар. Нешеуі екенін өзі біледі. Бердігей – Тәуірбай етікшінің баласы. Ол Тәуірбай – Қондыбай баласы. Қондыбай – Аманжол баласы. Аманжолды Оразак батыр қоржынға салып алып келіп, атын: «Аманжол» – қойған.

Қарсұн – Кернейдің Қарсұнынан Қыдыр батыр шыққан. Қыдыр батырдың жас баласы қалмаққа олжаға түсіп кеткен. Соны Қыдыр батыр зерттеп (ызарттап) қоймай, қалмаққа жеті барып, жеті жас баласын алып келген. Сонан соң қалмақ елші жіберген: «Біздің балаларымызды алып келсін де, баласын алсын», – деп. Сонда Қайып төре деген төреден де бір жас бала қалмаққа түсіп кеткен екен. Қыдыр батыр мен Қайып төре балаларын танып алуға елдесе барған.

Сонда қалмақ жұрты айтқан:

– Біздің қолымызда қазақтан олжаға түскен жалғыз-ақ бала бар. Қолына асықты жілік ұстатып орталарыңа жібереміз. Бала қайсыңа барса, соның ал, – деп баланы жібергенде, бала Қыдыр батырдың тізесіне келіп отырып алған. Қыдыр батыр сол баланың атын Орынбай қойған. Өз баласы болмағандығына дәлел осы – Орынбай деген аты. Неге десең, «Баламның орнына келді», – деп, атын Орынбай қойғандығы.

– Бұл баланы алатұғын жол менікі еді. Төре тұрғанда, қара алушы ма еді?! – деп, Қайып төре. – Маған байламады!-деп, ауып көшіп кеткен.

Осы Орынбайға мен жала жабамын. Біздің шешеміздің қалмаққа тірі тастап кеткен бала – осы. Қалмақ балаларын қайтып алу үшін, Қыдырды рас қылу үшін, Қыдырдың баласының орнына берілгендіктен, атының Орынбай қойылғандығы.

Осы күнгі Орынбай ұрпағы мен біздің Бесімнің ұрпағын таразыға салып өлшестіріп байқаса, қалыпқа құйғандай мінездер.

Біздің бұрынғы Күлік қариялары айтқан екен:

– Бесімнің ең жаман деген біреуіне бір нәрсе десең, қолынан дәнеме келмегені бір жылға шейін есігіңнен қарамайды, – дескен екен. Беклік мінезі, абыздық, тақуалыққа келгенде де, бұл Бесімнен шыққан абыздар, тақуалар қатты сүйек болып, дүниеге мойны бұрылмайтын болып шығады. Дінқұмар, оқуқұмар шалдіріктігі[нің] өзі бір жын есепті. Олар тірілеріп білмейтұғын, беті бұрылмайтұғын да бар. Орынбайдан өрбіп, өсіп-онген жандармен мұндағы Бесім ұрпағын шамаластырып, салыстырып қарап едім. Жалғыз-ақ Тобышақ болғаны табылмады. Өзгесі түгел мінезестігі қалыпқа құйып қойғандай. Бұл Тобышақтың артына айдаһар түссе де, арыслан (арыстан) түссе де Тобышақ бұрылып артына жалт қарағанда, бұғып жатып қала береді екен.

Айдаһар да жоқ, арыстан да жоқ заманда бір бала туды. Отыз үште өлді. Мұның көзіне де ешкімнің көзі шыдамаушы еді. Орыс ұлықтарының алдына барып сөйлегенде:

– Ай, өзің арырақ тұрып сөйлеші. Көзің өтіп барады ғой, – дегеннен басқа сөз айта алмайды екен.

Аты – Мұхаммедәмен Мәшһүр – Жүсіп ұлы. Орынбайдан – Нұрпей (Нұрфи), Нұрпейден – Садырбек, Садырбектен – Ақжарқын, Ақжарқыннан – Әлмұхаммед.

Ақжігіттен – Сермұхаммед, Сермұхаммедтен-Көпей, Көпейден – Мәшһүр Жүсіп. Мәшһүр – Жүсіптен – Мұхаммедәмен,

Әлмұрат Ақжарқынның кенжесі де Мұхаммедәмен. Мәшһүр – Жүсіптің ортаншысы – Мұхаммедәмен Әлмұрат екеуі жылдас шықты. Жылдас та екен, жындас та екен.

Бұл Мұхаммедәмен 1921-інші жылы 18-інші июньде Ташкент шаһарында 14-інші интернатта мұғалім болып тұрған күнінде дұшпанның пышағынан қаза тапты 33 жасында.

Қойлыбай-Шағырайдың Шағырайынан туған Үмбетей өз ағайынына өкпелеп:

– Айдабол – Күлікке ауамын. Құлнияз Бабырға барып қоңсы қонамын, – дегенде, бір қария айтқан екен:

Бұ барғаннан барарсың,

Құлнияз бен Бабырға.
Сыйласа қояр сындырмастан қабырға!
Сұлу қызың бар болса,
Бозбалаға жағарсың.
Жүйрік атын бар болса,
Барымтаға жарарсың.
Сен Үмбетей – Жәнібек едің,
Күнінде ел көшкенде,
Құлнияз бен Бабырдың
Түндігіне қарарсың ! –

деген екен. Сонан соң Үмбетей көшпей, тоқтап қалған екен.

Бөлтірік сөзі

Бір ханның жалғыз баласы өлгенде, Асан қайғының айтқан көңілі [19].

Ноқталы басқа бір өлім,
Ақыр бір күн келмей ме?
Ажалдың соқса дауылы,
Өмірдің шамы сөнбей ме?!
Қанша күн сақтап тұрғанмен,
Сұрай келсе Иесі,
Аманатты бермей ме?!
Енеден туған шырқырап [20],
Біткен соң ажал өлмей ме?!
Құдайдың қылған ісіне
Жаралған пенде көнбей ме?!
Шариғаттың шын сөзі
Құлақ құршын қандырар,
Ғалымлардың хақ сөзі
Өлгенінді тірілтіп,
Өшкенінді жандырар!
Дос көтерер көңілді,
Мал көтерер өлімді,
Бекем бу, тақсыр, белінді!

Мұнайтап баққан елiндi,
Жүйрiк мiн де, сұлу құш,
Болсын десең көңiл хош,
Ал, [сiрә] менiң тiлiмдi! [21]

Арғын-Бегендiк тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйiндiк]

Нұрфая бәйбiше кенже баласы Сүйiндiктi, Қаржасты, Бегендiктi, Шегендiктi – төртеуiн бала қылып, төртеуiне қатын алып берiп, еншi берiп, сол төртеуiн: «Төртуыл» – деп атаған екен. Бегендiк өлген соң, қатынын Сүйiндiк алып, Оразкелдi Бегендiктен туып қалған бала екен. Сүйiндiк алған соң, онан Суғыншы туады. Оразкелдi, Суғыншы[ның] ана[сы] бiр, ата[сы] басқа. Екеуi бiр кiсiнiң баласындай ауыз жаласып тату-тәттi болып өседi. Оразкелдiге қатын алып берiп, еншi берген – Сүйiндiк.

Суғыншының балаларының аты: Шуманак, Мәжiк, Оразкелдiнiң балаларының аты – Тәңiрбердi, Сәрiк. Тәңiрбердiнiң үш баласы бар: Ораз, Малқар, Жолым (Жұлым) сопы. Сәрiктiң балалары-Қожамбердi, Токтас, Қожакелдi. «Қозған» – деген кiсi аты жоқ, қозғала берген соң, «Шiркiн, коза бердi ғой!» – деп, «Қозған» – қойған екен. Сүйiндiк өлген, соң, Оразкелдi, Суғыншыны тапқан қатын – Темешке тиiп кетiп, онда да бала тауып, ол бала да өсiп-өнiп ел атанады. Жас кезiмiзде Темеш (Тимеш) ортасында қариялары айтып отырғанын естiп: «Бiр қатын осындай үш-төрт елдi өсiрген!» – деген сөздi.

Бұрынғыдан қалған сөз бар: «Қозғанның қозылы-қойлық залалы болады» – делiнген.

Қожамбердiнiң балалары: Байназар, Есназар, Қозыбақ. «Сарғыз» – деген – Токтастың тоқалының аты, оның балалары: «Сарықозған» – атанады. Елтiзер (Елтызар), Шөлен (Шолын), Молдақияқтар, Өтетай, Таласбай.

«Тәңiрбердi тауып алған бала» – дейдi. «Сондықтан аты Тәңiрбердi қойылған», – деседi. Бұрынғылардың: «Ораз түбi – Үйсiн» дейтiнi осындай болғаннан айтылса керек.

Қозғаннан бiр келiншек қатын қалмаққа олжаға түсiп кетiп, соны Малқар iздеп барып алып келiп, қатын қалмақтан екiқабат жүктi болып, мұнда келген соң, ұл тауып, «Қалмақшы» – сол бала», – дейдi.

Найман шежіресі жалғасы

Бөкейхан әкесі Барақтың айтып ұнатуымен Сарыарқаға келген.

Жанқабыл, Дөңгелек, Тілеуқабыл, Баян – Бөкейханмен бірге келгендер, Тоқатай тұқымынан тараған адамдар...

Жоғарғы Байсұйықтың төрт баласы: 1. Жанқұлы. 2. Мындыбай (Меңдібай). 3. Төбет. 4. Ақбелбеу. Бұл төртеуімен асыранды Қарамолда нәсілі «Семіз Найман» – атанды. Жоғарғы Матайдың үш баласы: 1. Аталық. 2. Кенже. 3. Қаптағай.

Аталықтың қатынының аты – Қызай. Мұның атыменен тұқымы «Қызай» – атанды:

Білсең, Қызайыңмын,

Білмесең, Құдайыңмын, – деседі.

Саржомарттың бәйбішеден – Қаратай, Уақ кызы Торқа деген токалынан: Бұйдалы, Жансары, Баржақсы, Шайкөз. Саржомарт жорыққа кеткенде, бұл тоқал «Шапшаңшыл тоқал»-атанған мінезінен төрт баласын алып, Уақ ішіне келген. Сонан Саржомарт келген соң: «Қатын баласын алып қайтамын», – деп шыққан жолы ауырып, жолдан қайтып, сол аурудан құтылмасын білген соң, балаларына өсиет айтыпты:

– Менің таңбамды сала көрсін!-деп. Балалары сол таңбаны салыпты. Сол бойымен Уақ ішінде «Уақпыз!»-деп қалыпты. Саржомарттың асыранды баласы – Бура. Бұл Бураның бейіті Киғытанға жеті шақырым жерде тұрады.

Жансарыдан – Қожа, мұнан: 1. Игілік. 2. Сүйіншәлі. Бұл Сүйіншәліден: 1. Кенебай. 2. Құттыбай. 3. Өтеген. 4. Бабалы. Кенебайдан – Жамансары, Жамансарыдан – Нүрекен бай, бәйбішесі Бөкенай – Текей кызы, Жаңабатыр немересі. Мұнан туады: Балта, Балға, Түйте, Әбдірахман, Ыбырайым; токалынан – Біте, Жақып.

Оттың басына, көгеннің қасында жататын күннен туған: Манасба[й], Жарасбай. Онан-Үзілген (Өзліген), Қожахмет молдалар.

Кенебайдан тоғыз туады: 1. Байбөрі. 2. Қараман. 3. Жоламан. 4. Тасан. 5. Шабан. 6. Азберген. 7. Қожаберген. 8. Жамансары. 9. Боздақ.

Мұнайтпа баккан елңді,
Жүйрік мін де, сұлу құш,
Болсын десең көңіл хош,
Ал, [сірә] менің тілімді! [21]

Арғын-Бегендік тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік]

Нұрфая бәйбіше кенже баласы Сүйіндікті, Қаржасты, Бегендікті, Шегендікті – төртеуін бала қылып, төртеуіне қатын алып беріп, енші беріп, сол төртеуін: «Төртуыл» – деп атаған екен. Бегендік өлген соң, қатынын Сүйіндік алып, Оразкелді Бегендіктен туып қалған бала екен. Сүйіндік алған соң, онан Суғыншы туады. Оразкелді, Суғыншы[ның] ана[сы] бір, ата[сы] басқа. Екеуі бір кісінің баласындай ауыз жаласып тату-тәтті болып өседі. Оразкелдіге қатын алып беріп, енші берген – Сүйіндік.

Суғыншының балаларының аты: Шуманак, Мәжік, Оразкелдінің балаларының аты – Тәңірберді, Сәрік. Тәңірбердінің үш баласы бар: Ораз, Малқар, Жолым (Жұлым) сопы. Сәріктің балалары-Қожамберді, Тоқтас, Қожакелді. «Қозған» – деген кісі аты жоқ, козғала берген соң, «Шіркін, коза берді ғой!» – деп, «Қозған» – қойған екен. Сүйіндік өлген, соң, Оразкелді, Суғыншыны тапқан қатын – Темешке тиіп кетіп, онда да бала тауып, ол бала да өсіп-өніп ел атанады. Жас кезімізде Темеш (Тимеш) ортасында қариялары айтып отырғанын естіп: «Бір қатын осындай үш-төрт елді өсірген!» – деген сөзді.

Бұрынғыдан қалған сөз бар: «Қозғанның қозылы-қойлық залалы болады» – делінген.

Қожамбердінің балалары: Байназар, Есназар, Қозыбақ. «Сарғыз» – деген – Тоқтастың тоқалының аты, оның балалары: «Сарықозған» – атанады. Елтізсер (Елтызар), Шөлән (Шолын), Молдақияқтар, Өтетай, Таласбай.

«Тәңірберді тауып алған бала» – дейді. «Сондықтан аты Тәңірберді қойылған», – деседі. Бұрынғылардың: «Ораз түбі – Үйсін» дейтіні осындай болғаннан айтылса керек.

Қозғаннан бір келіншек қатын қалмаққа олжаға түсіп кетіп, соны Малқар іздеп барып алып келіп, қатын қалмақтан екіқабат жүкті болып, мұнда келген соң, ұл тауып, «Қалмақшы» – сол бала», – дейді.

Найман шежіресі жалғасы

Бөкейхан әкесі Барақтың айтып ұнатуымен Сарыарқаға келген.

Жанқабыл, Дөңгелек, Тілеуқабыл, Баян – Бөкейханмен бірге келгендер, Тоқатай тұқымынан тараған адамдар...

Жоғарғы Байсұйықтың төрт баласы: 1. Жанқұлы. 2. Мыңдыбай (Меңдібай). 3. Төбет. 4. Ақбелбеу. Бұл төртеуімен асыранды Қарамолда нәсілі «Семіз Найман» – атанды. Жоғарғы Матайдың үш баласы: 1. Аталық. 2. Кенже. 3. Қаптағай.

Аталықтың қатынының аты – Қызай. Мұның атыменен тұқымы «Қызай» – атанды:

Білсең, Қызайыңмын,

Білмесең, Құдайыңмын, – деседі.

Саржомарттың бәйбішеден – Қаратай, Уақ кызы Торқа деген тоқалынан: Бұйдалы, Жансары, Баржаксы, Шайкөз. Саржомарт жорыққа кеткенде, бұл тоқал «Шапшаншыл тоқал»-атанған мінезінен төрт баласын алып, Уақ ішіне келген. Сонан Саржомарт келген соң: «Қатын баласын алып қайтамын», – деп шыққан жолы ауырып, жолдан қайтып, сол аурудан құтылмасын білген соң, балаларына өсиет айтыпты:

– Менің таңбамды сала көрсін!-деп. Балалары сол таңбаны салыпты. Сол бойымен Уақ ішінде «Уақпыз!»-деп қалыпты. Саржомарттың асыранды баласы – Бура. Бұл Бураның бейіті Киғытанға жеті шақырым жерде тұрады.

Жансарыдан – Қожа, мұнан: 1. Игілік. 2. Сүйіншәлі. Бұл Сүйіншәліден: 1. Кенебай. 2. Құттыбай. 3. Өтеген. 4. Бабалы. Кенебайдан – Жамансары, Жамансарыдан – Нүрекен бай, бәйбішесі Бөкенай – Текей кызы, Жаңабатыр немересі. Мұнан туады: Балта, Балға, Түйте, Әбдірахман, Ыбырайым; тоқалынан – Біте, Жақып.

Оттың басына, көгеннің қасында жататын күннен туған: Манасба[й], Жарасбай. Онан-Үзілген (Өзліген), Қожахмет молдалар.

Кенебайдан тоғыз туады: 1. Байбөрі. 2. Қараман. 3. Жоламан. 4. Тасан. 5. Шабан. 6. Азберген. 7. Қожаберген. 8. Жамансары. 9. Боздақ.

Үзік шежірелер

«Жалғыз үйлі Керейміз» – дейді. Дүйсен, Таймас-Молақ баласы. Молақ-Сырлыбай баласы. Томан, Дүйсен-Таймас баласы. Томаннан-Қықым – Қықымнан-Сәмекбай, Сәмекбайдан: Оспан, Теміржан. Теміржаннан-Қоржын. Қоржыннан – Шалабай – бір жасар бала – Тереңкөлде Сәмек ішінде өсіп-өніп отыр. «Әуелі Дегеленде, Қызылтау, Баянауладан Шақшан елінің ішінде Қанжығалымен ауылдас, Бесшоқы маңайында болған екенбіз» – дейді.

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Өтепберді – Ақыл – Дербісәлі]. Дербісәлі балалары: Қаржау, Нұржау, Олжас, Мырзас, Құдас. Қаржаудан: Әнен (Анын), Байты, Байкөншек, Жанас, Байсақал; қалмақ қатынынан – Қозыбақ; бір қатыннан – Байқабыл. Байкөншектен: Көжек, Бажыр, Сағынай. Көжектен – Еңберді (Екіберді), Жақсылық. Сағынайдан: Жаманқұл, Мұса. Мұсадан-Оспан. Мұның балалары: Біләл, Хамит, Мәжит.

Көтеш ақын айтқан:

Дереке, жолдас болдым Олжашыңа,
Қайрылмастай жан екен жолдасына.
Байлау да жоқ сөзінде, матау да жоқ,
Қол ап кел Олжашыңның оңбасына!

Айтқанындай болды деседі. «Дербісәлімін» – дейді. Ғабдығалыбек Балта баласы, мұның өзі – Ербай баласы. Бұл Ербай – Жанкөт (Жаңұт) баласы.

Бұрынғы қазақта үш түрлі жат мінез болған: бірі – мырзалық, бірі – тентектік, бірі – салдық. Осы үшеуі де дүниені керек қылмағаннан, өздері мейлінше жұрт асқан бай болғандықтан. Сонда сол байлықтың мастығымен адам қылмаған жұмыстарды қылғандықтан болған. Өзіміз естіген мырзалықтың алды – Малай: Жәдігерден шыққан: Байкелді,

Бостан екі ағайынды мырза болған. Бұрынғы қариялар батасына қосқан екен. Сонан аңғарғанымыз: бұрынғылар бата қылғанда [22]... – дейді екен.

Абылай мен Данияр билігі: бірі – Арқада хандық қылған, бірі – Бұхарды билеп дәуір сүрген. Қойкелді – Қаракесек – Байбөрі деген табынан шыққан. Сақау-Тоғжанның өлеңінде бар:

Әкесі әкеміздің-Жаңылды бай,
Салғанда қара өлеңге көңілім жай.
Бес тауда қойы сыймай толықиды,
Бір шеті Дегелеңде Қойкелді бай.

Қойсоймас о да – Қаракесек: он алты ұлды Жоламанның баласы. Баймұрын мырзаның әкесі – Тоқа-Алтай – Токаның Тоқасы. Ақыл – Күліктің тоқалының баласы. Өмірінде тұқымынан байлық арылмаған. «Құлпы» – дегені Жерұйықтан жібек көген алған екен. Заманындағы жұрт соны көзінен көрген екен. Құлпырып тұрған сон: «Дүниенің құлпы екен, Мұның үрім-бұтағынан байлық кетпейді» – делінген сөз халық аузына ілінген екен.

«Қара мал жылқы малды таппай ма екен, // Қойы бар бай Қуанның он екі мың» – делінген. Қуан бай осы тұқымнан шыққан. Боқты-Қанжығалы: Әжібайдан шыққан. Ол заманда Бұхар, Ташкент сарты Арқаға адам көрмеген бұйым алып келеді. Бір белбеулігі – жүз қой. «Мұнша қымбат, мұныңды кім алады?» – деген қазаққа: «Абыз, Шумақ – Боқты алар, // Басқа қазақ боқты алар», – деген сөз мақалдай боп қалған.

Боқтыбайдың жалғыз баласы Добал жұрттың бас қосатұғын бір жиынына қырық сабаны қымызға толтырған екен.

– Бас қосатұғын кеңес қайда болады? Хан кімдікіне түседі? – дегенде.

– Қырық сабаны қымызға толтыруға шама-шарқы әбден келетұғын үйге түсу керек, – дегенде, сонда Боқтыбайдың жалғыз баласы Досбол:

– Біздікіңде болыңыз, – деп, бір күнде қырық саба толтыруға мойнына алыпты да, оны қырау құрлы көрмей, толтырыпты. Отырған жері сонда Баянаула тауының солтүстігі, Жасыбай асуының аузы.

Шала осы күнге шейін сол жері «Добал жұртты» – атанып қалған. Айдай әлемге білікті (билікті) болғандығы сонша.

Байкелді, Бостан «Айтқожаның алтауы» – атанған. Жауғаш, Биғаш, Мырзалы, Мырзас, Байкелді, Бостан – алтауы да әйдік болып ауылға ілінген [23]. Тентек жайын біраз сөйлейік [24].

Қаракесек, Сүйіндіктен екі тентек шыққан: бірі – Қожан тентек, бірі – Ақбура – Есен тентек ...Еламан баласы – Тұрсынбай [25].

Қанжығалы-Ырғақты тарауы

[Жанарыс – Қаракожа, – Арғын – (Момын деген тоқалынан) – Ақсопы – Қанжығалы] Ерте заманда жалғыз түйемен жүріп саудагерлік қылған бір сарт болыпты. Түйесіне мініп, алашаға буып алған ұсақ – түйегімен ана ауылға да, мына ауылға да танымал болып, «Ырғақты» – атаныпты.

Сонда Қанжығалының бір қызы жасырын жұмыстан еркек бала тауып, баласын шөптің ішіне жасырып тастаған жерінен жұрт тауып алып: «Бұл бала қайдан пайда болған бала?» – деп сұрағанда, Ырғақтыдан болғандығы білінген соң, баланың атын: «Шөптеміс» – қойып, қызды Ырғақтыға қосыпты. Және Ырғақтының өзі Қаракесек ішінде Байбөрі деген елден бір қыз алып, Қанжығалы қызынан туған – «Шөптеміс», Қаракесек қызынан туған «Ырғақты» атында қалып, осы күнде «Ырғақты», «Шөптеміс» – деген ел болды. Түбі-тегі үш жүздің баласы қазаққа қосылмайды, қадуілгі сақалы қаудиған сарт.

«Пәлі, Төлебайдың» заманында Ырғақты, Шөптемістен шыққан бір жігіттің аты «Төлебай» – екен. Бай болып, заманындағы қожаға нәзір, ниязды үсті-үстіне төпелеп бере бергендігінен, қожа «Ыстықмұрт»-деп атап, сонан «Ыстықмұрт» атанып кеткен.

Кеше Мұса, Секербай заманындағы қариялар бәрі де: «Ырғақты, Шөптеміс» – деп қақсап кеткен.

Ыстықмұрт Айдабол ішінде кірме бұратара.

Арғын-Бегендік т.с.с. ішіндегі кірмелер

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Бегендік (Қозған)]. Шеттен келіп ел болған Қозған ішінде де бар. Қозған – Қожамберді: Тоқтастың Тоқтастының бәйбіше балалары Есіл бойында. Тоқтастың тоқалының аты – Сарғыз. Бұл «Сарғыз – Қозған» – Есіл бойында да бар, Қызылтауда да бар. Қожамбердіден үш бала: Есназар, Байна-

зар, Қозыбақ. Осы күнде «Қозыбақ-Шолақ» – дейді. Шолақ қайдан қосылған?

Бұрынғы қариялардың айтуы:

«Шолақ – өзі Кіші жүз, түбі-тегі Рамадан екен. Атадан туғанда, жеті ағайынды екен. «Жетеу болса, жеті ит» – атанатұғын бұрыннан бар сөз. Бесеуі бірыңғай, екеуі бірыңғай болып, екі айрылып кеткен екен де, сонда екеуі бірыңғай кеткеннің аттары: «Айдар», «Шолақ» – екеуі екен.

Ағасы Айдардың қатынын Шолақ бауыр басып кетіп, бармақтың көлеміндей нәрсеге бола ағасы Айдарды Шолақ өлтіріпті. Сонан соң жеңгесі өкпелеп, бұған тимей, сартқа тиіп кетіп, ол сарттан бала тауып, атын Айдар қойыпты: «Байымның атын жоғалтпаймын» – деп. Жұрт құлақтанып, біліп қойып, өзін өлтіретін болған соң, Шолақ зым-зия жоғалып, Арқаға қашып кетіп, Қозыбаққа келіп сіңіп, қатын алып, мал малданып, жан жанданып: «Қозыбақ – Шолақ» – атанып кеткен. Айдай әлемге аты шыққан Алдар көсе Рамаданнан шыққан. Бұрынғылардың аузында мақал болып қалған: «Рамаданның өлген өлігі жеті кісіні алдаған» – деген сөз. «Құлақ кәрі, бой жас» – деген бұрынғының сөзі.

Мен өзім айта білген, шежіре болған бұрынғының көне қарияларына көп сөйлестім. Қаракесек ішінде Бердәлі қожа, Қанжығалы қарт Бөгенбайдан шыққан Саққұлақ – сондай жұрт аузына: «Шежіре» – аталған қариялардан естіген сөзім.

Кітап болған шежірені сұрасаң, Хорезм, Үргеніште болған Әбілғазы (Абуалғазы) хан шежіресін құрттайымда көрдім. Рuzтасыпа, Тібәрмилер, Шахнамаларды – бәрін ақтардым. Түркі уалаятынан шыққан Мерғалы Шырнызамдин, әмір Науайының «Хамса Науайы» – күллияты қолымда.

Ұлан (олан) жасымнан Мұса мырза Шорманов, Бұхарай Шәрифтен хәтімгерде болып шыққан Қамар хазіреттің мәжілісінде сәжітінде ғұмыр кешірдім.

Мұны жазғаным мақтан емес, ақтан. Алхам диллә, шүкір, құдая, шүкір!

Арғын-Қаржас тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Олжакелді (Қаржас)] «Толыбай ұранды Қанжығалы» – дейді. Сол Қанжығалыға ұран болған Толыбай сыншы заманында бір жаққа жорыққа бара жатып, бір көлдің басынан бір тірі еркек бала тауып алыпты. Аяғын апылтапыл басқан, тілі шықпаған баланың мойнында алтынды айкіл шұбар төсі бар екен, асулы ішінде бір алтын сақа бар екен.

– Өзіміз жолаушы, өзі қысқа қараған суық күн. Бұл қиын болды-ау! – деп дағдарып тұрса, көз ұшында бұлдырлап қара-кұра көрінген соң, доған келсе, түйе екен, бақташысы бар.

– Бұл кімнің түйесі? – десе:

– Нұрфая бәйбішенің түйесі, – деген соң,

– Менің атым – Толыбай. Мына бала жолдан тауып алған олжам. Мойнындағы – баланың өзінікі, Нұрфая бәйбішеге байлағаным. Екі баласына серік қылып, асырап алсын, – деп, түйешіге беріп кетінті.

Сонда түйенің үстінде жабуы бар екен. Басын қылкитып, түйенің өркешіне тығып, ауылға алып келген соң, Нұрфая бәйбіше:

– Бұл өзі олжалы келді, Олжалдым, – деп, атын Оразкелді қойыпты.

Сонда Нұрфая бәйбішенің өзінен туған екі бала: бірі – Қуандық, бірі – Сүйіндік. Қуандық марка туған екен де, Сүйіндік кенжелеу туған екен. Қуандықтың алты ұлы ат арқасына мінгенде, Сүйіндіктің отауы сонда түссе керек.

Қайыр, Қуандық енші алысқанда, Оразкелдіге таласады: «Еншілес қылып, қара бауыр қылып аламын!» – деп.

Сонда Нұрфая бәйбіше:

– Екеуің таласпас нәрсеге таласпаңдар. Мұның өзінің алтын сақасы бар. Соны алып берейін. Жүз асықтың ішіне салып қаржысыңдар да, алтын сақа қайсыңның қолына тоқтаса, мұны солайша алыңдар, – деген соң, Қуандық, Сүйіндік асық қаржысқанда, алтын сақа Сүйіндіктің қолына тоқтапты. Қуандық тұрып үлкендік зорлығын қылыпты:

– Мен жалаң қаржысқанға тоқтамаймын. Алтын сақаны иірісіп, алайық. Бүкесі де менікі, шікесі де менікі, алшысы да менікі, тайкесі де менікі, оңқа түссе, сенікі, – деп, Қуандық өзі иіріп жібергенде, оңқасынан дірілдеп тұра қалып, сонан Оразкелдіні Сүйіндік алып

кетіп, өзіміз Нұрфая бәйбішенің қойған атымен «Оразкелді» – дейміз де, басқа ел: «Асықтың қаржуына келген», – деп, «Қаржас» – атанып кеткен себебі – сол.

Бұған дәлел – Құдай рахмет қылсын, Төртуыл – Қаржастан шыққан Шорман бидің бір сөзі.

Кеше жаңа көз алдымызда – өткен заманда Ереймен тауына Қанжығалы мен Қаржастың тартысы болып жүрген күнде Ерейменде «Шуактың ақ Шоқысы», – дейді, «Торғынбай шаты», – деген жерлер – Қаржас қыстаулары.

Қанжығалы мен Қаржастың екіұдай төбелесі болып [26], сонда Боштай Шорманға болысу үшін қырық орыс алып шығып, орыс атып, Қанжығалының жеті ері өлген қасқа жайсаңынан. Қазақтың орысқа жаңа қараған кезі, ол күнде қазақты орыс еркімен ұстап тұрған күні.

– Бұрынғы өздеріңнің ғұрып – әдеттеріңмен (ғадаттарыңмен) бітіңдер, – деп, орыс жарлық қылған соң, Керей, Қанжығалы бірыңғай, Айдабол, Қаржас бірыңғай екі жар болып бітімге бас қосуға уәделескен (уадаласқан) соң, Шорман Шоңға келді:

– Керей, Қанжығалыға бітімге жүріңіз, – деп. Сонда Шоң би айтты:

– Екеуіміз бірдей бармайық, сен өзің бар. Екеуіміз бірдей барып, бітіп-тынып келсек, дұрыс-ақ. Жараса алмай, бітіп тына алмай қайтсақ, ісіміз басқаның аузына қарап кетеді ғой. Сен өзің барып бітсең, бітің. Бітпесең: «Үйде Шоңым бар» – деуіңе жақсы ғой.

Керей, Қанжығалыда қазақ тілін түгел білетұғын жалғыз-ақ – Тұрлыбек. Ол өзіңмен Құдай дескен құда, құшақтасқан дос. Сенімен қарсыласып сөйлеспейді. Онан соң Нұрхан төре: оның сөзі де ар жағында көзі бар бұлақтың суындай емес, жазғытұрғы қардан іркілген қақтың суындай үш күнгі ыстықты көтере алмай, суалып қаларлық. Бұрынғылар айтқан: «Момынның ақылы үш күндік» – деген. Үш күн сөзден талдырсаң, үш күннен соң, Момынның аузына: «Өзің біл» – дегеннен басқа сөз түспейді, – деп, – «Өзің білге!» – бір келген соң, кісіден сөз үйренетұғын сен емессің де?! Үйде Шоңы бардың, түзде Шорманы бардың арманы бар деймісің?! Бар, жүре бер, жолың болсын! – деп, қоя беріпті.

Шорман соңынан ерген: Айдабол, Қаржас тобымен Керей, Қанжығалыға бітімге барыпты. Ол күнде Қанжығалының биі – Ба-

пан мен Сасық би, төресі – Нұрхан төре. Керей, Қанжығалы өзді-өзі кенесіпті:

– Бітімге шығуға Төртуылдан кімді аламыз? – деп, – Шоңы келген жоқ, Шорманнан басқа кімі бар? Шорманды аламыз-дағы, – депті.

– Өзіміз Қаржаспен даулымыз. Қаржастан қалай аламыз? «Қарына тартпағанның қары құрысын!» – демеді ме? – десіпті.

Сол күнде Әжібайдан (Ажыбайдан) шыққан Сүгірәлі абыз деген кісі бар екен. Сол топта болған уақытында жасы жүз жиырма бесте екен:

– Шорман баланы маған оңаша шақырып беріңдерші! Мен оның әділ ме, әділ емес пе – сынайын. Бұрынғылардың сөзі бар еді: «Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ» – деген. // Туғанына бұрған биде иман жоқ» – деген. Мен Шорман баладан ата-тегін сұрайын. Егер Шорман бала әділ болмаса, бұрақтатып, Қаржасқа ата табар. Шын әділ болса, Қаржасқа ата таба алмай, дағдарып тұра қалар. Оның турашылдығы осымен танылады, – деп, Сүгірәлі абыз бір төбенің басына оңаша шығып:

– Шорман бала маған жолығып кетсінші! – деп, шақыртып алып, қасына келген соң сұрапты:

– Осы, Шорман бала, сенің әкеңнің аты кім? – депті.

– Менің әкемнің аты – «Үшқасқа» – атанған Жанкісі, Байкісі – Күшіктің Күшігі, – депті.

– Күшік әкесі кім? – дегенде,

– «Мырзағұлдың алты ұлы атанған» – Сатыпалды – Тәтидің Тәти, – депті.

Тәти әкесі кім? – дегенде,

– Құдайқұл, Мырзағұлдың Мырзағұлы, – депті.

– Мырзағұл әкесі кім? – дегенде,

– Анай, – депті.

– Анай әкесі кім? – дегенде,

– Телі тентек, – депті.

– Телі тентек әкесі кім? – дегенде,

– Алтынторы – Құлыке – Бегімнің Құлыкесі – депті.

– Құлыке әкесі кім? – дегенде,

– Қаржас, – депті.

– Қаржас әкесі кім? – депті.

– Уай, абыз-еке-ай, бұрынғының айтқаны қайда: «Өзен тұрып, өзге жерге қонған нәмірд, // Өзі болған жігіттің түп атасын сұраған – нәмірд» – деп. Қаржастың әкесін де с...н, оның әкесін сұрағанның тап аузын с...н! – дегенде, Сүгірәлі абыз қарқ-қарқ күліп:

– Пәлі, Шорманым, жарайсың! Пәлі, Шорманым, жарайсың! – деп, арқаға қаққан екен. – Сені жұрт: «Шорман бала» – деп, білмей айтып жүр екен: «Шорман бұлбұл» – деп атауға дөп туған ұл екенсің! – деп, тобына айтып барыпты. – Қара кылды қақ жаратұғын әділ екен. Шорманның өзін алыңдар! – деп.

Сонан Төртуылдан Шорманды алып, Керей, Қанжығалы болып, Нұрхан төрені: «Шорманмен айтысып, тартысуға осы жарайды», – деп, скеуін оңаша шығарған екен. Екеуі үш күндей оңаша шығып сөйлесіпті. Осылай біттік, тындық деген сөз жоқ. Сөйлескендерін білген жан және де жоқ. Төртінші күн болғанда бұлардың үш күн ұдайымен не сөйлеп, не қойғанын есітпекші болып, жұрт басын қоспақшы болған жеріне «Шорман бұлбұл» алдымен келіп, жұрт: «Былай шық!» – десе де, төрге шықпай босағаға оқтай болып отырып алыпты.

Бір мезгілде Нұрхан төре кіріп келгенде, жұрт:

– Алдияр, тақсыр, – деп, ду түрегеліп (тұра келіп) жатқанда, босағада отырған «Шорман бұлбұл» Нұрхан төренің етегінен шап беріп ұстай алып:

– Соқыр түйеше аңқаңдап қайда барасың? Отыр мына менімен бірге. Кеше төбенің басында өзді-өзіміз бітіп – тынсақ, бүгін төрде отырып, қандай мазаттанып сөйлер едік?! Көп ортасына екеуміздің бітіп-тынып келмеген жазамыз: екі босаға – екі даугердікі, төр-төре айтқыштікі. Менімен бітіп, тынбай, төрде не ақың бар? – деп, қасына отырғызып алыпты. [Жұрт]:

– Сөз сөз-ақ, пәлі, Шорманым, пәлі! – десіпті.

– Не сөйлестің, не дестіңдер? – депті.

Сонда Шорман бала айтыпты:

– Төре: «Өзің біл!» – дейді. Мен өзім білсем: «Жеті еріңнің құнын алып, Ерейменнен күллі Қанжығалы шығып кетсең де өзің біл. Жеті ерің құнсыз, Ерейменді түгелімен алып қалсаң да, өзің біл!» – дедім, – деген соң,

– Бұ да сөз-ақ екен, – деп, Қаржас Ерейменнен қол жуып шығып, Қанжығалы «Ерейменді түгелімен ал!» – деген сөзге тойып қала беріпті. «Қаржастан жеті қыстау-дейді, – кеткені».

Қара сөздің дәлелі – ақындардың өлеңі. Қаржас – Талас деген табынан шыққан Елтай деген ақын мен Қанжығалы – Жеті ру – Қоскелді деген табынан шыққан Досан ақын екеуі айтысқан Қанжығалының қалың ортасында.

Сонда Досан ақын айтқан:

Ұры Қаржас деген соң, ұры Қаржас,
Жан торсығың жаныңда, сірі, Қаржас.
Жаз жіберген көбенді күз қоймайсың,
Тұқымың мұнан жаман құры, Қаржас!

Онда Елтай ақын айтыпты:

Керей менен Қанжығалы сен емес пе ең,
Байлаулы бұзауыммен тең емес пе ең?!

Кешегі жеті ерінді құнсыз қылған

Балам-ау, әкең Қаржас мен емес пе ем?! –

дегенде, Қанжығалы:

– Мынаның өзін өлтіріп, өртеп жіберу керек! – депті.

Өйткенмен: «Ер екенің білейін, // Ел өлтірші көрейін!» – деген бар емес пе?! Өлтіру қайда, өртеу қайда?!

1915-інші жылында екінші ноябрьде, 1332-інші хижраның сегізінші махирам дүйсенбі күнінде қоян жылының жазы өтіп, қысында жазылды. Мәшүр Жүсіп Көпеевтің өз қолымен 57 жасында [27].

Молда Жүніс сөзі [28]...

Алданазар паңға жүйрік тұқымы қайдан келді [29]?»

Күлік ішінде сіңісті болып отырған Жағалбайлы [30]...

Қаракесек шежіресі жалғасы

«Жоғарғы шекті» – Қазыбек би, «Төменгі Шекті» – Бекен – Шоқай батыр және Бекен Жазының баласы. Сары, Шеген, Қаражазы қатар шыққан – Қара балуан Жәнібек балалары.

[Арғын тоқалы – Айнакөзден – Тәнбіс сопы-Елемес-Ерман-Шағыр – Аманжол – Көшей – Шақшақ] Шақшақ ұғлы Қошқар, Қошқар ұғлы Жәнібек батыр. «Қара балуан Жәнібек» басқа, «батыр Жәнібек» басқа – екеуі де тоқал Арғыннан шығып, бірінен-бірі дөкей болған ерлер.

Батыр Жәнібектен – Дәуітбай. Бұл Дәуітбайдан – Мұса (Мосы) батыр. Бұл Мұса батырдан: Бірімжан, Қазыбек. Бірімжан балалары: Қорғанбек, Дәуренбек. Қазыбектен-Әбдібек жалғыз. Шегеннің кенже баласы – Бектеміс бай. Бұл Арғынның ішінде Төлек (Түлек), Қырықмылтық деген кара бауырлары бар.

Кеше Кенесары, Наурызбай заманында Қырғыздың соғысында аты аталған батырлардың бірі болған: Шәкір мен Жәуке, Төлебай. Сол Жәуке тоқал Арғын: Төлек деген табынан шыққан ер. Шәкір – ноғай, Төлебай-қырғыз Жекебатырдың бұрынғы аты.

Төлектің бөлек екендігіне ақындардың мына бір өлені дәлел. Арғынның бір ақыны мұны айтқан.

Әжеке, қастастың ба Төлекпенен,
Арғыннан шығып жүрген бөлекпенен.
Төлекті сен ұрғанда, мен де ұрайын,
Бір салып қолымдағы көнекпенен.

«Аздың атасы бір», – деп, Қырықмылтық, Төлек бір ыңғайлас болады.

Арғын шежіресі басы

Бұл жақтағы Арғұл (Әргүл) мен Момыннан туғандары: «Алты атаның ұлы Арғын» – аталады. Ол жақтағы Айнакөз бен тағы кісі білмейтұғын қатындардан туған төрт жалғыз бар. Айнакөзден екеу, ол төртеу – о да алты ата болып, шын Арғын он екі атаның ұлы болады. Солай болғандықтан бұрынғылар: «Арғын болдың – әркім болдың» – деген көптігіне дәлел сөз.

Күні Кеше Мұса, Секербай заманында: «Керей – Сағынай асы» – деген ас болған. Сол аста Қанжығалы Бөгенбай, Бапан баласы Сакқұлак айтқан:

– Арғынның жолаушысының аты құрлы жылқысы жоқ, Керей шіркін, несіне байлық айтады?! – деп.

Мейрам сопының бәйбішесінің аты-Нұрфая бәйбіше: «Алшын-Қодас байдың қызы. Бұл бәйбішенің үстіне бір тоқал алған. Ол тоқал өлген соң, Нұрфая бәйбішенің өзінің үйінен ертіп келген, бәйбіше өзі қосқан:

– Басқа жерден қыз іздемей-ақ қой, осыны ал, – деп, бұл күннің аты – Қарқабат. Бәйбішеден туған: Қуандық, Сүйіндік; тоқалдан: Бегендік, Шегендік; күннен туған – Болатқожа. Онан күллі Қаракесек – «Бес Мейрам» – атанған.

Қуандықтан алтау: Аманқарт, Есенқарт, Алтай, Қарпық, Борыш, Темеш.

Екі қарттан – Ағыс, Қалқаман, Алтай...

[Арғын – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Жаңабатыр – Таңсыққожа – Өзден]

Жаңабатыр немересі Өзден Таңсыққожа баласы менен бел бала Татан, Шөкектің Шөкегін қосып, көп жолдаспен Найман төресі Досан төреге ел бітімін сөйлесуге жіберіпті.

– Алдияр, – деп, – сәлем беріп, – отырған соң, би баласы:

– Сөйле, – дегенде, Өзден:

– Өсетін елге с...с кіреді. Өспейтін елге сыбыс кіреді, – депті.

Бидің немересі:

Сен сөйлеші, жаным, – дегенде, Татан –Шөкек.

– Ханкелдінің қатыны, Медеттің шешесінің өлгенін жасырамыз, көмгенде не дейміз? – депті.

Сонда жұлып алғандай Күнту [Күлік-Тілеуімбет-Күнту] баласы Жанайдар сөйлепті:

– Он екі тарау қара жол,
Бірден болар сағасы.
Қозғалмайды арғымақтың,
Төстен тартқан доғасы.
Қанша жұрт жиылса да,
Хан , сұлтан болар сөздің ағасы.
Қарашыларың сәлем айтты.
Қор (Хор) мен зорды теңгерсін,
Жаман менен жақсыны теңгерсін.
Жарлық сізден болғанда,
Жабдық бізден, –

депті. Сонан соң малын – тағалы, торы тайын қалдырмай жиғызып берген екен.

Бұл Досан төре – Ханбаба баласы. Бұл Ханбаба Бөкей ханмен бір туысқан кісі, үрім-бұтағы Бура – Найман ішінде. Ханбабадан – Досан төре, Досаннан-Қылыш; Қылыштан-Ибраһим төре, мұнан Жүніс төре.

Ханбаба өзі – жер аты, Баянаула бауырында Қара мола[ны] қыстайды.

Мейрам сопы бабамыз Кіші жүз: Алшын-Қодас байдың қызы Нұрфая бәйбішені ұзатып алып келе жатқан жолында, жеңгесі ертіп келген екен. Және бір Қарқабат деген күң түйесінің басын жетектеуге берген.

Сол жеңгесі ел арасы жаугершілік болып, еліне қайта алмай қалған соң:

– Ағамның қойнында жатқан жеңгемді өзің алмасаң, басқаға кимаймын,-деп, Нұрфая бәйбіше Мейрамның өзіне қосыпты. Және күңін қосыпты: «Бір жұрттан келген үш ұрғашы бір туысқан бауырдай болып жүреміз», – деп.

Нұрфая бәйбішеден: Куандық, Сүйіндік; жеңге алған катыннан: Бегендік, Шегендік; күннен туған – Болатқожа. «Бес Мейрам» – осылар. Күңнің аты – Қарқабат екен.

Бір нәрсенің екі басы жібек болса,
Ортасынан жүн [шығып],
Жаксы кісінің үстінен қой айдаса,
Үн шықпас.

Бақты адамның маңайы-
Мұз үстінен от жағар.
Жаксы туған баланың,
Атасы жүн болса (да),
Төрде отырып сый табар.
Жаман туған баланың,
Әкесі жаксы болса да,
Түйе үстінен ит қабар.

Алшын – Зортымақтың асына Болатқожа Құлақасқа атып апарып қосып, бәйгесіне буаз күң келіп, туған баласы қарны қабақтай болған соң, атын Қамбар қойған.

Қазақ шежіресі басы

Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс – осы үшеуінен үш басқа болып тарайды.

Жанарыс баладан зарығып, қатыны да, өзі де күдер үзіңкіреп баратқан кезінде, алты қожа:

– Құдайы мейманбыз, – деп, сау етіп түсе қалыпты. Сонда Жанарыс қуанғаннан алтауына алты қой сойыпты.

Қожалар әбден риза (ырза) болғандықтан:

– Осы алтауымыз да атымызды саған бердік. Алты ұлдың атасы боласың, – депті. Қожалардың аттары: Қарақожа, Ақтамбердіқожа (Ахтамбердіқожа), Дарақожа, Момынқожа, Смағұлқожа, Қосымқожа.

Сонан соң Жанарыс алты ұлды болып, алты қожаның атын қойыпты. Төртеуі – бәйбішеден, екеуі – тоқалдан. Бәйбішеден туған Қарақожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Момынқожа. Тоқалдан туған – Смағұлқожа, Қосымқожа.

Қарақожадан – Арғын, Ақтамбердіқожадан – Қыпшақ, Дарақожадан – Қоңырағ, Момынқожадан – Найман. Смағұлқожа, Қосымқожадан – Керей, Уақ. Тарақты-қыздан туған жиен. «Орта жүздің жеті арысы» – осылар. «Ел жаманы Тарақты, // Ит жаманы барак-ты» – деген де сөз бар.

«Төре жоқта Тарақты, // Төре болуға жарайды», – деген де сөз бар.

Тарақты – Арғынның апасынан туған бала еді. Қыз күнінде төременен шатысып, сонан тауып, ұялғаннан шашын тарай берген екен де, сонан баласының аты «Тарақты» қойылған – деп сөйленеді.

Өзі Арғынның баласына нокта ағасы болатұғын да жері бар. Не нәрсенің болса, хақиқатын Алла біледі. Біздікі: «Естіген құлақтың жазығы жоқ» – деп соға бермек.

Айта Кериме де бар: «Ағуз билла мин Ал-шайтан ал ражим!..»

Хазіреті Ибраһим халил Алла мен ан Хазіретіміз екі арасындағы заманларға айтылған сөз. Олай болғанда, қазақ шежіресіне де Құраннан дәлел керек пе?

Қазақтыкі өзінің кигіз кітабы ауыздан – ауыз айтылып, біреуден біреуге қалып келе жатқан сөз.

Бұл жоғарыдағы сөзлердің сөйленгеннен бері карай қағаз жүзіне нұсқа болып түскені – осы Мәшһүр – Жүсіптің қаламы. Онан бұрын нұсқа болмаған.

Және пайғамбар құда Мұхаммед Мұстафа ғалия алсалауат уалсалам Хадис Шәриф айтқан...

Кінәң жоқ болса,

Күн есепте.

Жазығың жоқ болса,

Жер өрте, – дегендей, ғадам Құдірет бағыш тауық болып, ұрлық, ойнас қолымнан келмеген соң: «Тіпті кінәсы жоққа Құдайдың рахметі жоқ», – деген сөзден қорқып, «Май жесең, тойғанша», – деп еді ғой – деп, надандықтың бейпіл байлығына тартынбай-ақ кіріп кеткенім ғой. Алла өзі фазылына алып, рахметінен нүмид қалдырмасын!

Қарақожаның керемет билігі

Қарақожа жасында жалаңаш жүреді екен. Үстіне киім кигізе, жұлып тастай беретұғын болыпты.

Мұның бала күнінде, заманында бір Шатша (патша) болыпты. Қазақша: «Береке (аят)» – деп айтады. Ол патша бір байдың жалғыз баласы қырық жігітпен жорыққа аттаныпты. Аттанып кеткен күн кешке байдың жалғыз:

– Басым ауырды, атқа жүре алмадым. Қырық жігітім кетті, өзім үйге қайттым, – деп, келіп жатып алыпты. Екі келіншегі бар екен. Бірінен-бірі откен сұлу екен. Екі келіншегінің бірі ұл тауып, бір қыз тауып, бай төменгі елді шақырып, ту бие сойып, жоғарғы елді шақырып, жорға бие сойып, үлкен зор той қылыпты.

Жыл он екі ай өткенде, баяғы жорыққа кеткен қырық жігіт, мырзасы қасында, көп олжамен олар да келінті. Байдың жалғыз баласы екеу болыпты.

– Мен ауырып үйге қайтқанмын. Бұлар өзі түзден біреуді тауып алып, менің орныма аумаған мен қылып жасап жүрген қулықтары, – деп, үйде жатқан мырза айтады.

– Былтыр өзімізбен бірге үйден аттанған мырзамыз, басшымыз, бала жастан бірге ойнап, бірге өскен Баяу жалғзың – осы. Ауырған да, сырқаған да жоқ. Үйден бірге аттанды, бірге жүрді, міне, бірге келіп түсті, – деп, қырық жігіт айтады.

Не жұрт, не бай, не қатын ешкім екеуін айырып, бөлектеп тани алмайды. Сол замандағы тірі жұрт осыған айран-асыр болып дағдарып, күнде жиылыс, күнде кеңес болыпты. Сонда Қарақожа жалаңаш бала шаршы топтың ортасына келіп:

– Мен мұның күмәнын ашып берейін. Бай, қырық түйе сексеуіл алдыр да, бір араға үйіп, от қойып өрте. Сонан соң маған бір шойын құман тауып бер, аузына құятұғын қалайы, қорғасын, мүсәтір даярлап бер де, екі баланың екеуін алдыма алып келіп жүгіндір. Мен төре айтамын, өз балаң қайсысы екенін айырып беремін, – деген соң, бай баланың айтқанының бәрін даяр қылды.

Жұрт қоршап: «Не қылады екен?» – деп, тамаша[ла] ды.

Екі баланы алып келіп, жалаңаш баланың алдына жүгіндірді. Сонда айтқан төресі:

– Міне, менің қолымдағы құманның аузынан кіріп, шүмегінен шығып, шүмегінен кіріп, аузынан шығып, үш кіріп, үш шығып, түбіне барып жата қалуға жарағаның байдың баласы боласың. Екі қатын да соныкі, мал да, жан да, қырық нөкер де соныкі. Оны қыла алмағаныңды мына жанып тұрған отқа тастатамын. Менің берген төрем, – осы, – дейді.

«Қырық жігітпен барып, бірге келіп тұрмын» – деген құманның аузын бір созды, шүмегін бір созды. Ол заман мен бұл заман адам баласы құманға сыйған ба? Мұнайып, салбырап қалды да отырды.

Бір жыл үйде жатып, ұл-қыз таптырып жүрген мырза жып етіп, ұшып түрегеліп құманның аузынан кіріп, шүмегінен шығып, шүмегінен кіріп, аузынан шығып, үш кіріп, үш шығып, түбіше барып жата қалғанда, Жалаңаш бала құманның аузы мен шүмегін тарс бекітіп, отқа тастады да жіберді.

– Ал, бай, мына құманға сыя алмай, қалған – балаң да, анау – шайтан Ғалия ал лағына, – деген соң, жұрт шулай қоя берді:

– Мынау өзі жалаңаш бала болмады, жалаңаш баба болды ғой, – деп, «Жалаңаш баба» – атанған екен дейді. Қыздың аты Елеңбике қойылыпты. Құрттай бала күнімде естіген сөзім еді.

[Ескерту: Әулеттік мұрағатта сақталған жазбада (2 – папка, 315 б.) мына бір дерек орын алған: «Байдың баласы қырық жігітпен жорыққа кеткенде, орнында қалатұғын шайтанның таптырған баласының аты: «Ылаңбике» (Елеңбике) қыз туған. Қарақожаның бала заманында болған оқиға»].

Арғын шежіресі деректері

«Ақжол» – деген кісі аты емес, осындай бабаларымыздың басқан – тұрғаны, қайда барса да, ақлық-туралықтан шыға бергеннен, «Ақжол»-атанып, Арғын ұраны – «Ақ жол» болған себебі солай деседі. Қарақожадан Арғын болады. Арғынның бәйбішесінің аты – Арғұл. Арғұл бәйбішеден – Құтан (Қотан) жалғыз. Құтаннан – Мейрам жалғыз.

Құтан-Бұтан – екі ағайынды екен. Бұтаны жасында өліп, онан нәсіл, тұқым жоқ болғандықтан, аты өшіп қалған есепті болыпты.

Бұрынғылардың «Ой, атың өшсін!» – деген қарғысы жаман қарғыс екен.

Аты өшкен – тұқым – жұрағатсыз болғандық екен.

Алғыс түбі – ақ май,

Қарғыс түбі – қара қан, – деген осындайға келеді.

Арғынның екінші қатынының аты – Момын. Бұл Момынан туған – Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан – «Толыбай» ұранды – Қанжығалы мен «Маябоз» ұранды – Тобықты. Қарасопыдан – «Қаратай» ұранды – Қарауыл мен «Барлыбай» ұранды Бәсентиін. Сарысопыдан – Ұшыбай (Өсібай) ұранды Атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт. Керей, Уақ – Орта жүзге тоқал қатын баласы болып қосылады. Осы Момынның балаларымен ыңғайлас болғандықтан: «Желкілдеген жеті Момын» – аталған.

Арғын бабамыздың жүз алты жасында алған Айнакөз дейтұғын тоқалынан – Тәнбіс сопы. Бұл Тәнбіс сопыдан – Үсенбай, Елемес. Елеместен – Ерман. Бұл Ерманнан: Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан – Ақай, Жолдыбай, Тағышы, Аманжол, Сомжүрек, Бөлтіріктен – Сырлыбай, Сязы (Сабары).

Үсенбайдан – Қарамерген, мұнан – Байташы. Аманжолдан – Көшай (Күшей), бұл Көшайдан – Шақшақ батыр. «Шар жетім Шақшақ» – атанған Шақшақ – осы.

Ақташы, Байташы, Бұғышы, Тағышы – «Шар жетім» – атанатұғын – солар.

Бұл Айнакөзден тарағанды: «Тоқал Арғын» – деп атайды. «Жоғарғы Шекті, Төменгі Шекті» – деп, екі руға бөлінеді. Таңбалары – Арғынның дөңгелек таңбасы. Жоғарғы Шекті сабағын жоғары қаратады. Төменгі Шекті сабағын төмен қаратады. Оқшантай таңба [31].

[Жанарыс – Қаракожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық – Алтай-Алысай] Алысай (Әлісай), Нұрбай, Әлеке, Байдалы, Сайдалы, – үш қатынның баласы да бір бас. Жалғыз Момынның өзі де бір бас.

[Алтайұлы] Момыннан тарағандар: Рақпанқұл, Аманқұл, Сарша, Шаңай, Мұрат. Рақпанқұлдан: Әлібек, Қалыбек. Әлібектен: Аралбай, Сармантай. Сарша – Шаңайдан: Қарыке, Итболды, Байболды. Мұраттан: 1. Әлмәмбет. 2. Мырзамбет. 3. Үмбет. 4. Үкібас. 5. Мәмбет. 6. Таубұзар.

Әлмәмбеттен: 1. Жылқыайдар. 2. Қожағұл. 3. Бекайдар. 4. Қалқаман.

Бекайдардан – тоғыз. Мырзамбеттен – Қошқар туып қалды. Қошқардың шешесін Бекайдар алды. Бұл алған соң: 1. Елібай. 2. Жайықбай. 3. Теңізбай туды. Бұл бәйбішенің аты – Төмен бәйбіше.

Сәлия, Баяу деген – екі тоқалдың аты. Сәлиядан: 1. Төлебай. 2. Дербес. 3. Қожамсейіт. Баяудан – Избасар, Баба және біреу бар. Үшеу[і] бәрі де өскен-өнген.

Мұраттың алты баласының ең тұңғышы – Әлмәмбет. Бұл Әлмәмбеттен төртеудің тұңғышы – Жылқыайдар. Жылқыайдардан төртеу: 1. Ақкісі. 2. Жанкісі. 3. Бердіс, Төлек.

Бердістен – 1. Жапалақ. 2. Ботбай. 3. Шымыр. Жапалақ батыр болған, өзінде ұл жоқ, екі-ақ қызы болған. Қосаяқ деген қызын Айдабол Еламанұғлы Тұрсынбай батыр алып, бұл Қосаяқтан Бәйтен сал жалғыз болып туған.

Шымырдан – Бармақ. Бармақтан: Танаш, Қанай, Анай. Танаш қызы Ұлбала марқұмнан туған бала – Мәшһүр Жүсіп.

Жиенәлі батыр тұлпары

(үшінші нұсқа)

Мұрат [Әлмәмбет] – Бекайдардың тоғызының бірі – Төлебай. Бұл Төлебай туған Алтайда-ат атанған, аруақ шашқан Жиенәлі батыр [32]. Атасының қара құлы болған Демікті ертіп алып жиған кезген, «Жүзден асқан Жүзей әулие бар» – деумен, Қара теңіз, Ақ теңіз, Шап (Шаб) теңіз – үш теңізді жағалап отырып, үш жыл ұдайымен жүрін барып тапқан. Барса, Жүзей әулие тірі екен. Көп жасағандықтан, екі көзден айрылып, самардай қақсап отыр екен.

– Қай жерді басып келдіңдер? – дегенде,

– Сырдарияның ар жағынан келдік, – деген соң,

– Уа, ку дүние! Біз көргенде, Сыр бұлақ еді. О да дария болып па? – деген екен.

Көп жасағандығының мөлшері сол сөз. Жүзей әулиенің өзі де, ел – жұрты да жылқы деген малды көрген емес екен. Бұлардың мініп барған атын тамаша қылып сөйлесіпті.

– Мұндай мал болады екен-ау! Мұны адам баласы мініп жүре алады-ау! – деп, таң-тамаша болысыпты. Сонда жүзден асқан Жүзей әулие әдейі шығып, қолымен сипалап көріп, жалын, құйрығын, аяқ, тұяғын сипап тұрып айтқаны дейді:

– Жылқы деген ерендер,

Жүрген жерін перендер.

Төрт аяғы болат-ты,

Жал-құйрығы қанат-ты.

Мұның жүрген жері үргін-сүргін,

Күлік, Күлік, жүрген жері бүлік.

Жүрген жеріне заман ақыр орнатып жүреді екен. Мұнан жылдам құтылыңдар, тұрғызбандар, – деп, қайтарып жіберген екен.

Жиенәлі батырдың қайыны Уақ екен. Екі мың[нан] аса жылқы біткен кісі екен. Соның жылқысынан бір күрең бесті атты сынап, қалап алыпты. Жылқышысының айтуыменен: «Екі мың жылқыны жиғанда, тоқымдығы терлемейді», – дегендіктен, соны бір балаға мінгізіп, Демікті қасына ертін алып, Ұлы жүзде шақырмаған бір асқа барыпты. Ол Ұлы жүзде сол заманда «Мыңтайлақ» атанған бір жүйрік бар

екен. Бас бәйгеге мың тайлақ тіккен ас болып, соны сол алып, сонан «Мыңтайлақ» атанған. Сол Мыңтайлақтың иесі үйде отырып айтыпты, Жиенәлі батыр асқа тіккен үйді жағалап өтіп бара жатқанда:

– Тұлпардың дүбірі шықты. Менің атыма «бәйге бермеймін!» – деп, – бір қу ауыз жүірік келді-ау!-деген екен..

Сонда Күренбесті жалғыз келіп, басқы аттың бәйгесі «Шежекөз» деген алтынды сауыт екен.

– Шақырмаған жердің кісісі екен, өзінің жүзі [«Орта жүз екенін меңзегені – Е.Ж.»] басқа екен, – деп, қиып бермейді.

Бір құлын жарғақты, ақбоз атты келіп, Жиенәлі батырға:

– Атыңның бәйгесін қолыңа бір тигізсем, алып кетуге жараймысың? – дегенде,

– Қолыма бір тигізсең, көрер едім, – деп, ақбоз аттының қасына еріп, шаршы топқа кіріп барып, ақбоз атты:

– «Жаксыны көрмек үшін» – деп еді. Басқы аттың бәйгесі қай түрлі бұйым, алып берші, көрейік, – дегенде, біреу:

– Мінеки, – деп, шежекөз сауытты алып бергенде,

– Міне, қарашы, қалай оңды? – деп, Жиенәліге беріпті.

Жиенәлі ат шапқан балаға беріп:

– Ал да, жөнел. Үш күндік жерге бармай, тоқтама!-деп, қоя бергенде, бала ала жөнеліп, жұрт жабыла қуып, жалғыз жанға шалдырмай, қарасын көрсетпей кетіпті.

Үш күннен соң артынан Жиенәлі келсе, бала ұшып жығылып жатыр екен. Ат бетімен кетіп, ауыздығымен жайылып жүр екен.

– Ыстықтай су ішіп кетті-ау! Енді зорығып өледі-ау! – деп, Жиенәлі дөңбекшіп жатқан үстіне, бір сыншы кез болып:

– Бұл атың өлімші болған ат кой?! Сау – аман күніндегі басына алайың, сат, – деген екен. Сатуға қимай дегбірсіз болып, аласұра берген соң, сыншы шыдай алмай айтып жіберіпті, – Сенің бұл атың өлмейді де, қанша күн шапса да, дәнemesі құрымайды. Екі қоржын басы құм теңдеп, үш күн, үш түн ұдайымен шапса, сонда тоқымдығы (тұқымдығы) бусанады. Өзің қарасайшы, неше күн шапқаны не керек, атыңның тоқымдығы терлеген жоқ. Ендігәрі мұны жаратқанда, терін алмақшы болсаң, екі пұт құм теңдеп үстіне жабу жауып, сөйтіп шапқайсың, – деп, бабын, сынын айтып берген екен.

Қаракесек—Қарашордан шыққан: Жаныс-Алтай-Мұрат – Сикымбай әкесі Тіпей байдың жылқысын түп көтере алып кеткен соң, Тіпей бай Жиенәлі батырға келіп, мойын салып, көзін сүзіп отырып алыпты:

– Сен бармасаң, бермейді, – деп.

Жиенәлі батыр тұрып:

– Кісі алдына еңкейіп барған жоқ едім. Мені қой, басқа біреуді жібер, – десе де, Тіпей бай қайдағы-жайдағы сөзін айтып:

– Бір жолға мен үшін бармасаң болмайды, – деп жіберіпті.

Жаныс Керім де Тіпейдің мал-жандылығын және Жиенәліге тілін алғызатұғындығын біліп, жорта алған екен: «Жиенәліні алдыма бір келтіріп, жылқысын сөйтін берейін», – деп, Жаныс – Керім айдалаға отау шатыр тіктіріп алып, жалғыз барып жатып алды дейді.

– Жиенәлі келсе, онаша барып ұйықтап жатыр дендер. Жалғызын маған келуші болмаңдар, өзі келіп сөйлессін, – деп.

Сонда Жиенәлі батыр мұның немен қылып жатқанын сезіп білген соң, шатырға бет қойып келе жатып:

– Бабам Бекайдар, сарт болмасаң, ат бәлемді! – деп, атының басын бұрып, қайтып жөнеле бергенде, Жаныс Керім жалма-жан шақыртты дейді.

– Құрғырдың оғы бар екен. Атып кетті –ау!-деп, малын да берінті. Қазір (хазір) Жиенәліні жөнелткен соң, кідірмей Жаныс Керім өліп қалыпты.

Құдай рахмет қылсын, Жиенәлі батырға! «Жерде қалмайды, жиеңде қалады» – деген бар ғой, сол үшін сөйлеп жатырмын.

Қуандық шежіресі жалғасы

Қуандықтан алтау, бұл алтаудың бірі – Алтай, мұнан алтау. Бұл Алтайдың алты баласының бірі – Мойын. Бұл Мойыннан алтау. Бұл Мойынның алты баласының бірі – Мұрат. Бұл Мұраттан алтау. Бұл Мұраттың алты баласының бірі – Әлмәмбет (Алмамбет). Бұл Әлмәмбеттен төртеу, Бекайдардан тоғыз, Қошқардан алтау, Қарыкеде: Ақбурадан алтау, Тоқбурадан тоғыз, Аралбайдан тоғыз. Сайдалыда: Итқарадан тоғыз; Тінәліде: Түгелбайдан тоғыз.

Қарыке – Саңырықтың бәйбішесі – Қаракесек: Асан – Тастемір қызы – Ұлбала, мұнан-Опан, тоқалынан үшеу.

Ақбураның алты баласы: Арзықұл, Құдайқұл, Мендіқұл, Жанықұл. Жанықұлдан: Аманбай, Аманжол. Аманжолдан. Мәмбет, Үрпек, Күшікбай.

Мәмбеттің бәйбішесінен-Саңырық. Бір қатынынан: Мұнайтпас, Қашаған; бір қатынынан: Тоғалақ, Сәтбай, Сәтек. Аманжолдың қара шаңырағы осы Сәтек орнында қалған. Саңырықтың Жүнбай деген баласы боранда қоймен бірге ығып кетіп, бір бойжеткен қызымен екеуі құшақтасып өлін қалған.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық – Алтай – Мойын – Рақпанқұл – Әлібек – Сармантай] Сармантайдан – Мәулім бәйбішеден: Байдәулет, Келдәулет, Өмірзақ, Ерназар, Бекназар, Құлназар.

Тотия тоқалдан: Алджажұман, Қаражігіт. Ерназардан – Алшағыр, Алшағыр ұғлы – Бижан. Мұнан: Шынтемір, Тыныбек.

Сақаудың өлеңінде:

Не дейді мынау кәрі күң Құдай ұрған,
Кім бар еді қонысынан желмей (жылмай) тұрған?!

[А]ктауды, Өртауменен бірдей алып,
Кернейді Алшағырым қойдай қырған.

Сол Алшағыр батыр өлерінде өсиет қылған: – Мені пәлен биіктің басына қойыңдар. Қаракесек жылқы алып бара жатқанда, [көріп] жаттайын, – деп.

Онан кейін бір замандарда Қаракесек Қуандықтан жылқы алып, саулатып айдап қуып келе жатқанда, Алшағырдың моласы көрінген. Сонда жылқы қуалап келе жатқан желбас бозбала:

– Кеше сен: «Қаракесек жылқы алып бара жатса, көре жаттайын!» – деген Алшағырсың ғой. Міне, алып кетіп бара жатырмыз. Дәмең болса, көрден басың көтеріп, айырып ал!»-деп, келемеждеп өте берген. Ілездің арасында, көк пен жердің арасын тұман алып, сасық тұманда жылқыны айдағаннан айдап отырып, «ес кетті, жан шықты» – деген мезгілде бір өзеннің бойында жағалай сынысып отырған елдің үстінен түскен. Өзені-Нұра екен де ел [і] – жылқының иесі ауылдар екен. Сонда өздері:

– Біз аруакқа ұшырадық. «Өліп қалған кісінің қолынан не келеді?!» – деп, келемеждейміз деп, – өз аяғымыздан жылқыны қуып келіп тұрған жайымыз мынау, – деген.

«Аруақ соғар!» – деген сөз де бекер сөз болмайды екен. «Құдай, аруақ», – дейді. «Құдай қуатласа, аруақ қолдаса» – деген сөз құр бос ... сөз болмаса керек.

Алшағыр ұғлы Бижан да заманасында батыр атанған. Алдажұманның Жұманына он жеті мың жылқы біткен. Бір түндікте мұнан жылқы көп біткен қазақ болмаған. Жұман баласы Жақсы Тәті, – бұ да бай болған. Тәті баласы Азына да бай болып өтті. Осы күнде Азына балалары-Қуандық байы. Кіші жүз – Тілеу. Қараша: «Ұрысса, бермес араша»-атанған кісі екен. Жалғыз басты, «салт атты, сабау қамшылы», – болып келіп, Арғын ішіне орныққан. Өз жерінде алты ағайынды екен: Баяу, Қараша, Күнбет, Самбет, Әлібай, Толыбай. Қараша екі қатынды болған. Бәйбішесінен: Кейінбай, Жанбай. Тоқалының аты-Тілеубике, онан туған: Қыпшақ, Шуақ-Қазыбек заманында келіп сіңісті болған.

Кейінбайдан – Сәт, Сәттен сегіз туады. Соның бірі-Алдамжар: бәйбішесінен – Жылтыр, Смағұл, онан-Қалым, Қалымнан – Жұмаш. Тоқалынан – Оспан, Оспаннан – Айдабол, Күлік.

Қыпшақ – Шуақтан: Бекше (Биікше), Шудак. Бұлардың жұрағаты: Есбай, Досбай, Тілеу, Жүніс қажы. Мұның ағасы-Шорабайдан: Кәрібай, Қарымсақ балалары [33].

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак-Құлболды – Күлік] Әкесінің аты-Құлболды, шешесінің аты – Мақпал. Мақпал бәйбішенің тұңғышы – Күлік, ортаншысы-Тұлпар, кенжесі – Айдабол. Он үшінде «Айдабол би» – аты әлемге жайылып, Сыр дариясынан Сарыарқаға қарай өткенде, өткел аузында тұрған Алшын мен Қарақалпаққа Мақпал бәйбішенің: «Артың болса, Айдаболдай ұл тап!» – деп өте бергені.

«Күлік» – қырғыз тілі, «жүйрік» – делінген сөз. «Ат – арыстан, // Нұр – пейіштен» – қазақ мақалы. «Ат асманы ғарыштан құйылады», – делінген сөз.

Күліктен шыққан жүйріктен жүйрік озған емес. Шобалай баласы Жаңабатырдан би асқан емес. Күнту баласы Жанайдардан шешен асқан емес. Жаңабатыр баласы Жанактан қасиетті ер асқан емес. Жанайдар баласы Өтеміс абыздан бір басты, екі аяқтының әулиешілігі асқан емес. Көтеш ақыннан ақын асқан емес. Күні кеше Мұса, Секербай заманында Ақжігіт ұғлы Ізден абыздың алдына қара сөзде жан пар келмеген Күліктің бел баласы Ақылдың байлығы үзілместен үрім-бұтағына бұл күнгеше келді. Наурыздан туған Ақайдың байлығы үзілместен үрім-бұтағына бұл күнгеше келді. Мырзалықта Ақай немересі, Санмырза баласы Байғанадан мырзалық асырған қазақ жоқ.

Күліктің бәйбішесінен: Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет; тоқалдан: Өтепберді, Данияр, Ақыл, Сексен. Сексен Күліктің сексен жасында туған.

Орманшы баласы Қайдауыл Күлікпен құрдас екен:

– Сексендегі сенікі бала болушы ма еді? – дегенде, Күлік Қайдауылды қарғаған екен. Сонан мәтел болып қалған: «Қайдауылға қарғыс кеткен», – делінген сөз. Қайдауыл ортасына Есенғұл-Мәуке ұрпағына келіншек болып түскен Тоғжан ақынның өлеңі бар:

Түндіктің жары өспейді, талы өседі,
Мәукеннің жасы өспейді, шалы өседі.

Қозы бұты, қой саны көздей іске

Ертеден кешке дейін ғулеседі.

«Жасы өспейді, шалы оседі» –

деген сөздің мағынасы: бір тұқымға қарғыс тиген болса, қыршын жас мұрттай ұшып, шалдары іркіліп, самаладай болып қала береді екен.

Мұны заманымызда қозбен көріп, қолмен ұстадық.

Тілеуімбеттің он бес ұлы ат арқасына мініп, соңына ерген. Көшіп келе жатқан қазақтың көшіне қарақалмақ Қағысыбанның қосыны килігіп, алты ұлды Наурыз қашып құтылған. Он бес ұлды Тілеуімбет қашуды ар-намыс көріп соғыса берген. Қалмақ рабайсыз көп. Қашпай қалған қазақ аз. Жанын тәтті көріп, басын қорғап, балалары қашып шықса, Тілеуімбет отағасы өзі жауға қарай қайта қуып тығады дейді:

– Жаудан қашып барып, қатын қойнына қорғалағанша, жаудан жаралы болып, жарқырап жатсаң, әне, сонда кісілігіңді беремін (берумін), – [деп].

Басы үлкен отағасының өзі болып он бес ұл сол жолы қырғын тауып, бықбырт болыпты.

Орманшы: Бапке – Тайлақтың Тайлағы батыр кісі екен. Жайрап, жарқырап жатқан жерінен қайта-қайта кіріп, Тілеуімбеттің үш баласын алдына өңгеріп алып, қашып құтылған.

Күліктің тоқалының баласы – сары атты Сексен екеуін алып қашып құтылған. Егер Тайлак пен Сексен болмағанда, Тілеуімбет деген елден дүниеде нәм-нышан болмақшы емес екен.

Сол бес тұқымнан өсіп-өнген Тілеуімбет осы күнде: Күнту, Айтқожа, Жаңабай, Бесім, Қойтан – бес атаға бөлінеді.

Он бес ұлдың ең үлкені – Аспантай, оған тетесі – Амантай екен. «Аспантай тұқымсыз кетті» – дейді. Сол жолы алдымен жайрап, сол қалған бойымен қалыпты. Амантайдан тұқым бар, онан соңғыларының атын анықтап, жан біле алмаған.

Қалған бесеудің үшеуі – бел бала, бел баладан [баска] қалған жоқ – бәрі немерелер. Екеуі немере болса керек. Күнту, Айтқожа, Жаңабай – бел баладан өсіп-өнген тұқым.

Бесім, Қойтан – немереден өсіп-өнген тұқым. Қалмақ пен қазақ жай жүрген бе? Бесім ат арқасына мініп, үйлі-баранды болған күнде, қазақ-қалмақтың тағы бір тоғысы болып, Бесімнің қатыны – Бөктік бәйбіше қалмаққа олжаға түсіп кетіпті.

Өзі – Қыпшақ – Қатықұлақ мергеннің қызы екен. Аузы-мұрнынан шығып отырған екіқабат күні екен. Қалмақ қолына барған соң, бір ұл тауып, «бит (бет) терісін биялай қылатұғын» – кісі екен. Қол ісімен күн кешіріп, баланың бойындай дорба тігіп алып, соны құртқа толтырып, күнде бірін аузына салып, суын жұтумен ауқат кешіріп, өзін әбден жаратып, қатырып алып: «Қалмақ қолында тірі болып, құлдығында жүргенше, өлгені артық қой!» – деп, баласына ине шаншыпты да, өзі жаяу қашыпты.

Артынан қалмақ қуып құтқармасын білген соң, бүркенген көк шапаны бар екен. Шапанын бүркеніп жата қалыпты. Жатқан жері быжырмақ қойтас екен. Алыстан қара бойын қалқиғандығын көрген екен. Шапанның көк түсі Қойтастың тасына түстес болғандықтан ба, иа Құдайдың қорғап сақтауына ұшырағандықтан ба, олай-бұлай қарап, былдырлап-былдырлап таба алмай қайтып кетісіпті.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак-Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Бекмырза] Ақай Төкейдің (Дөкейдің) Ақайынан – Бекмырза, Санмырза. Бекмырзаның үш баласы бар: Бұзау, Сары, Байкел.

Сары – «мырза» атанған екен, заманында жақсы-ақ кісі болыпты.

[Арғын ішінде-Күлік – Тілеуімбет] Бесімнің үш баласы: Жанжигіт, Ақжигіт, Қармыс. Жанжигіт балалары – Бектемір, Байтемір. Бектемірден-Ыбырайым, Мөске (Мүсек), Бірәлі. Сол Бірәліні бала күнінде әкесі Бектемір Сары мырзаға бір жұмысқа жіберіпті. Сәлем беріп кіріп барған соң:

– Қай баласың? – депті.

– Бектемір баласымын, – депті.

– Неше ағайынды едің? – дегенде,

– Үш ағайынды едік, – депті.

– Үлкенімісің, кішісімісің? – деп және сұрапты.

Сонда Бірәлінің берген жауабы:

– Уай, Сары-екей, жұрт сізді жақсы кісі, есті кісі дейді. Алжыған екенсіз ғой, – депті.

– Жаным, жазығым не? Неден жазып қалдым? – депті.

– Алжымасаңыз, кенжесі екенімді мына шалбарымның бауының ұшындағы көк түйме моншақтан-ақ білсеңіз керек еді ғой, – деп, шалбарының бауындағы көк моншағын көрсеткен екен. Сонда Сары мырза мырс-мырс күліп:

– Күлікте белгілі жеті жаман бар еді. Жаман да білінбей аяқ астында жүре береді екен-ау?! Мынаумен сегіз болды ғой, – деген екен.

Қасында отырған бәйбішесі сұрапты:

– «Күліктегі жеті жаман» – дегендеріңіз, олар кім-кім? – депті.

– Қой, бәйбіше, өзгені білсең де, аз болмас. Бұларды сен сұрамай-ақ қой, мен айтпайын, – депті.

– Неге, сіздің қасыңызда отырып, білмей қалғандығым – жамандығым болады ғой?! Білейін – дағы! – депті.

– Ендеше, пәлен жаман, түген жаман, – деп, бесеуін санап айтып беріпті. Екеуін айтпапты.

– Енді екеуі кім? – деп сұраған екен.

– Қой, бәйбіше, оны сен білмей-ақ қой. Мен айтпай-ақ қояйын. «Жабулы қазан жабуымен» қалсын. Айтсам, менің суым жасып қалар да, сенің көңілің қайтып қалар, – деген екен.

Бәйбішесі сұрап қадалып: «Айтшы-айтшы-лап» – қоймапты.

– Ал, қоймадың, айтайын. Өзімнен тудың демесең, осы Барақ, Бапақ – екі балаң да жақсы ма? Сол жеті жаманның сәнді [санды] екеуі өзіңнің осы екі балаң емес пе?-дегенде,

– Не дейді, көтек, не бетімді айтайын?! – деп, бетін жұлып – жұлып алған екен.

Құдай рахмет қылсын Сарыға! Кісі болса, сондай болсын! Есі-темің: «Сол Барақ, Бапақ ұрпағы-Байтастың Ысмайылы», – деп [34].

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды-Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт] Ақжігіт, Жанжігіт болып, ауызға ілініп тұрған күнінде [35].

Ақжігіт абыздан туған төрт Мұхаммедтің біреуі-Сермұхаммед [36].

[Арғын – Құтан – Мейрам-Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Наурыз] Наурыздың алты баласы: Шобалай, Шобай, Ақай, Төкей, Ырсымбек, Мәмек. Ырсымбек – Қожабергендер . Қаракыз, Шырын – екі күн, өздері тоқал. Қаракыз – әуелі Шобайдың тоқалы, ол өлген соң, Шобалай алған, екеуінен де бала тапқан. Шырын – Өміртай тоқалы. Қанкелді сұлтан, Тоққаралар...

Ырсымбек, Мәмектен – Қожаберген деген біраз үйлер бар. «Сол Қожабергеннен Жақып балалары» – дейді. Қозыбақ, Малбағарлар туады. Қозыбақ балалары: Байсалық, Жансалық. Малбағар баласы – Арын. Арын баласы – Шәріп – Тоғайда; Қойсары-Ағжап ауылында.. Әкімбекке сиыр беретұғын осы Малбағар өзі Әкімбекпен құрдас екен [37].

Тілеуімбет [38].

Құдай рахмет қылсын! Жанақ деген жаралуы басқа жан болыпты [39]. Жаңабатырдан, Жанақтан соң...[40].

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Самырза – Мешітбай – Әлдебек] Мешітбайдан – Әлдебек, бұл Әлдебектен – Әкімбек, Ақылбек. Бұл

екеуінен екі жалғыз – Қабылбек, Дабылбек. [Дабылбектен] тұқым-нәсіл, жұрағат жоқ болды.

Санмырзабек мырзаның Бекмырзасынан: Бұзау, Сары, Байкел, Дәулет. Тоқалдың балалары: 1. Өтепберді. 2. Данияр. 3. Сексен.

Өтепбердіден – Нияз, Ақыл, Қошқар, Дербісәлі, Мырзақелді, Ай-бас. Ақылынан – Бейбіт, Жапалақ.

Бейбіт балалары: Таңашбай, Күнтай. Токашбайдан – Байқуан, онан: Молдабай, Ноғай.

Молдабайдан – Омар, Ноғайдан – Тайшық. Омардан – Шайман, басқа балалары да толып жатыр. Тайшықтан – Баспақ, басқасы қаймақ емес, қаспақ. Сексеннен-Райымбек, Рай, Қараша.

Райдан-Көтеш ақын. Өзін тонап жатқан жауға айтқан өлеңі:

Ау, балам, танымаймын, не ел боларсың [41].

Көтеш ақынның бала күнінде Қаратауға ел қопарыла ауып барып: «Арғын ауды» – деген бір заман болған [42].

Бұл кісінің енді бір көзге түсіп ауызға ілінген жері – Абылай хан Алатауға жорыққа бара жатып, Қаракесек Шаншар деген елдің бір ұлы жиын асына кез болды дейді [43].

«Төлеген қожа» – деген қожаның өлеңінде бар [44].

Көтеш ақын жаздығүні таңертең Шоң бидің үйінің сыртына келіп сөйлестейді [45]. Жеп отырған еттері: «Ұрлық қылды» – деп, бір Ыстықмұртты шауып талап алған, соның малының еті екен. Сонда Көтеш айтты дейді. Ақын Шөженің осындай бір ауыз өлеңі бар: «Апа[м] бүгін түсімде: «Сәлем!» – дейді [46].

Көтеш ақын қартайған кезінде ауыл көшіп жатыр екен [47].

Қазақ алғаш орысқа жаңа караған кезде Қаракесекте – Қамбар-Жанак ақын [48].

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Арғын – Сүйіндік – Қаржас – Құлықе] Құлықе – Бегімнің Бегімі өліп қалып, қатыны, бір баланың анасы, жесір қалып, көл басында кір жуып отырған қатынға жылқы суара барып, [Құлықе баласы]Телі – Тентек тентек[тің] ойы ауып кетіп, бас салып, сонан буаз болып, туған баланың атын Анай қойған. Бегімнен қалған баланың аты – Сатылған.

Өзінен туған баланың аты – Анай. Екеуіне бес-бестен он қатын алып берген.

– Ұрпағымды өсіремін, – деп.

Сатылғанның төрт қатынынан төрт бала бар. Бір қатынының пұшпағы қанамаған. Жансары Таңаттың Жансарысын сол қатынның бауырына салған.

Қоныс, Мәмбет, Жансары, Таңат – бір баласының тұқымы. Сағын қажылар: «Тастен, Дулат – Қарақалпақ» – дейді: бір өзінде үш ат бар.

Бұрынғы заманның адамдарының қандай екенін танытуға сөйленген сөз. Күлік баласы – Тілеуімбет, мұнан туған – Күнту, мұнан туған – Жанайдар [49].

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Айтқожа-(Арғынбай) – Жылқыайдар – Бибала] Жылқыайдардан – Бибала, Бибаладан – Байдәулет. Жылқыайдар Арғынбай баласы болса керек! Жарылғаптан – Мұсабай, мұнан-Шортанбай.

[Күлік – Тілеуімбет – Айтқожа – Тілеуке] Тілеукеден – Биғозы, мұнан-Нұрмақ, мұнан Әубәкір болып аты өшті. Бұл Тілеуке Айтқожаның токалынан батыр болып, ер туған ұл болған.

[Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Жаңабай] Жаңабайдың тұңғышы – Бошай, мұнан туады: Қабай, Бабай.

Қабайдан – Дәрменбай, Сарман. Дәрменбайдан-Найман, Имамбек. Имамбектен бала бар.

Бабайдан – Сүтемер (Сутемір) абыз, мұнан – Байбол үш ағайынды.

Керейіт Рысбай (Ырысбай) абыз баласы Алжамжар молда сөйлеп еді: «Ізден абыздан естідім» – деп.

Тілеуімбеттің тұңғышы – Аспантай, онан тұқым – нәсіл жоқ. Қожаның сәлдесін жыртып шұлғау қылған екен. Соның қарғысынан тұқымсыз кетіпті. Оған тетесі – Амантай, мұның тұқымы Дәрменбай, Сармандар деп еді. Бұл сөзге қарағанда, Амантайдан – Жаңабай туған болады.

Қалмақ казақты шапқанда, койнында көк құраны бар бір қожанын бойжеткен қызы қалмаққа олжаға түсітті. Қалмақ келіп бір қопаға түстеніп жатқанда, қыз қопаға кіріп ұйықтап қалыпты. Қалмақтың ыстығын ішкізбей, бір жау келіп қалып, қалмақ үркіп қашып, жұртта қалған отынан қопа өртеніп кетіпті.

Қыз оянып түрегелсе, қалмақ та жоқ, қопа да жоқ, тып-типыл.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Күнту]

Бір көлдің басында жалғыз қалып, сопайып тұрған үстіне Күнту деген кісі мал суара келіп, кез болыпты. Күнтудың бұрын алған қатыны бар екен. Құдай бұйрығы болып, осы қызды тоқалдыққа алыпты. Бұл қыздан екі бала туып, бірінің аты-Жанайдар, бірінің аты-Бекайдар. Бекайдар жасында өліп, тұқымсыз кетіпті.

Жанайдардан – Өтеміс абыз туып, көк құран Өтеміс абызда қалып, Өтеміс баласы Әбді молдада қалып, Әбді молдадан бел баласы Бесмолдада болып, Бесмолдадан соң қайда қалғанын жан білмейді.

Бұл Өтекеннің, Жанайдардың жақсы туып жүргендігі – нағашысы қожа болғандықтан екен.

Әбді молданы бала күнімізде көрдік. Таңертеңгі азаны елді шырт ұйқысынан шошытып оятушы еді. Дауысы ащылығынан ол кісі азан айтқанда, елдің иті улап-шулап... Өтеміс абыз бар тіршілігінде өмір[і] ораза болып өтіпті [50].

Найман-Бояубайдың аулында Күліктен шыққан Жаманбай ақын мен [51]...

Арғын-Сүйіндік-Орманшы тарауы

[Мейрам-Сүйіндік-Суғыншы-Шуманақ-Жолболды (Орманшы)] Орманшы – мұның шын аты – Жолболды. Шешелерінің аты-Жолбіке. [Орманшыдан]: Қайдауыл, Өтек, Тілеке, Тілес, мұның бір аты – Қасқыртымақ. Қайдауылдан: Есенқұл, Мәуке. Мәукеден – 1. Кеспелік, 2. Түрмелік. 3. Елік. Есенқұлдан – 1. Бекқұлы. 2. Тоққұлы. 3. Аққұлы. Мәуке қатын аты болса керек.

Бекқұлыдан: 1.Нарторы. 2. Нарбота. 3. Ақсары. 4. Шотана. 5. Тайкелді. 6. Ее. 7. Дос.

Аққұлыдан – 1. Ақбике. 2. Балға. 3. Есенәлі. 4. Дербісәлі.
5. Бармақ. 6. Қыдырәлі.

Өтектен: 1. Жақсылық. 2. Қарабай. 3. Шобалай. 4. Бағай.
Жақсылықтан: 1. Сұңқар. 2. Тайқұл. 3. Алакоз. 4. Әлімбет.

Қасқыртымақтан – Арықпан, мұнан: 1. Сақұлан. 2. Қосай.
3. Қойбағар. 4. Күшегін (Көшекен).

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік –
Сәрік] Тәңірберді, Сәрік – Қозған – шын аты – Бегендік.

Сәріктен: Қожамберді, Тоқтас, Қалмақшы. Қожамбердіден:
1. Байназар. 2. Есназар. 3. Қозыбақ.

Байназардан: 1. Қарабатыр. 2. Жиёмбет. 3. Қарабай. Қарабатырдан –
Мәмбетәлі. Қалмақшыдан: 1. Андауыл. 2. Қайдауыл. Қайдауылдан –
1. Қожакелді. 2. Қасқа. 3. Желкілдек.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік – Тәңірберді] Тәңірбердіден –
Малқар, Ораз. Ораздан: 1. Кенжебай. 2. Жиенәлі. 3. Құрманәлі. 4. Аю.

Кенжебайдан: 1. Құлықе. 2. Бекше.

Жиенәліден: 1. Шерін. 2. Бапан.

Құрманәліден: 1. Жайлаубай. 2. Сармолда.

Ырыс, Текебай, Дүйсенбай.

Қозғанның алты атасының ұлына билік қылған Мәмбетәлі-
Қарабатыр баласы. Ол Байназар баласы, мұның тұқымы – Атажан
қажылар.

Уақ шежіресі

[Уақ – Көкше – Қосай – Байназар] 1. Байназар. 2. Шаға. Байна-
зардан – 1. Әжібек. 2. Абырай. 3. Елек. 4. Сүлік.

Шағадан: 1. Қырғызәлі. 2. Сыбанғазы. 3. Көзмірек (Көрмірек).

Әжібектен: 1. Тәмен (Сәмен) 2. Құрмантай. 3. Жылқыайдар.
4. Жолапбас. 5. Өтеген.

Тәменнен: 1. Мәмбет. 2. Жаныс. 3. Үмбет. 4. Шерубай.

Құрмантайдан: 1. Жантілеу. 2. Тоқтілеу. 3. Бетеге. Жылқыайдардан:
1. Жантөбет. 2. Байтөбет. Жолапбастан: 1. Мінзек (Мезек). 2. Аманбек.

Абырайдан: 1. Көтен. 2. Оразкелді. 3. Таттық. 4. Самамбет.

Көтеннен: 1. Жылқыайдар. 2. Саламат. 3. Бекен.

Шежіре үзіктері

[Керей – Ашамайлы – Тарышы] [Ескерту: «Ашамайлы Керейді С.М. Мұқанов былай бөледі: «Тарышыдан: Ақсары, Құрсары...» Қара: Қазақ шежіресі, Целиноград, «Қаламгер» шығармашылық алқасы, 1991, 21 б.»] Көрсары, Ақсары, Көрсарыдан: Есбол, Есенәлі. Есенәліден-Құдайқұл, мұнан: 1. Құдайберді. 2. Қодас (Құдас).

Құдайбердіден 1. Елубай. 2. Байқошқар. 3. Жәдік. 4. Оразымбет. 5. Бердібай.

Жәдіктен: 1. Сәттібай. 2. Байболат.

Ақын Шөже Қаржаубай баласы... Балта ақынмен айтысқаны [52.]

[Қаракесек – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Шаншар – Бертіс – Бектемір – Мүсеке] Мүсекеден-Қазанғап, онан:Тәттімбет, Ерсымбат (Ырсымбат), Жақсымбет.

Тәттімбеттен: Мұсатай, Қысатай. Мүсеке моласы-Бабалы тұсында, Қызылтаудың Едірей (Ыдырай) Мыржыққа қараған тұмсығында. Қазанғап моласы – Көрпеш тұсында. Шама төренікі –Жыланды мен Үшқара аралығында...

Тышқан жылы Шөже мен Балтаның айтысқаны. «Көкқоян» – деген жұттың келер жазы Қуандық қатты жұтаған. Қоңырқұлжа төренің он жеті мыңы – тағалы торы қалмай, жылқышылар жаяу шұбырып ел тапқан. Осыны жазып отырған Мәшһүр – сол «Қояннан» кейін бес жыл өткен соң туған бала.

Балта ақынның жылы – кой. Соның алпыс бір мүшелінде туған – бұл Мәшһүр.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы

[Күлік-] Бесімнің бәйбішесінің аты – Бөктік бәйбіше, Қыпшақ Қатықұлак мергеннің қызы. Бөктіктен: Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс. Жанжігіттен: Байтемір, Бектемір.

Байтемірден: Сүгірәлі, Кенжекүл, Тәбе, Соқыр, Темеш.

Бектемірден: Ыбырайым, Мүсек, Бірәлі. Серкебай, Мырзағұл, Таңатбай, Байтоқа, Абдыра (Әбдіра) сол.

Ақжігіттен: Құлмұхаммед, Сермұхаммед, Досмұхаммед, Ізден.

Құлмұхаммедтен: Оңайбай, Ыдырыс. Сермұхаммедтен: 1. Шаншар (Санжасар). 2. Мынжасар. 3. Жүзжасар. 4. Көпжасар. 5. Мағырыб. Шаншардан – Ысмақ (Есмақ) бала-шағалы.

Мынжасардан: Нүрке, Имамәлік, Жүніс. Нүркеден-Біләл.

Жүзжасардан – Көшімбай бала-шағалы, Керей ішінде.

Көпжасардан – Мәшһүр – Жүсіп, мұнан: Мұхаммедшарафиден, Мұхаммедфазыл, Мұхаммедәмен атлы баласы отыз үште шаһид болып тұкымсыз кетті.

Мұхаммедшарафиденнен – Бап, Төлеубай, Олжабай, Төлеутай.

[Арғын – Құтан – Мейрам-Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак-Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Күнту] Күнту баласы Жанайдардан – Орындық бәйбішеден: 1. Өтес. 2. Өтеміс абыз. 3. Сәдібек. 4. Үйсін (Үсен). Сәдібек: Таубай, Әлі.

Айса тоқалдан: 1. Төлес. 2. Бөкей. 3. Уәлібай. 4. Омар. Апақаннан: Әйти, Андас.

Өтестен – 1. Тілеміс. 2. Апан. 3. Қожақай. 4. Жұбаныш. 5. Кенжесі – Қуан.

Тілемістен – Елбісін (Ілбісін), мұнан – Әлия, шын аты – Илияс, Керей-Жөкен аулында өсіп-өнген.

Апаннан – Төке, Лекер, Елембек. Тоқалдан: Сүлеймен, Молдабай. Сүлейменнен – Аққасық жалғыз. Төкеден – Арбабай, мұнан: Кеген, Әлібай, Жүсіпбай. Әлібайдан – Желін.

Қожақайдан – Мамыр, мұнан-Желдібай. Жұбаныштан-Сабыр, мұнан: Нысанбай, Шәріп. Қуаннан-Нұрқан (Нұрпан).

Сүлейменнен – Аққасық, нағашысы – Жарықшак. Өтеміс-Әбдімолда, Аппас.

Әбетай: 1. Кесекбай. 2. Аузыбілда. [Кесекбайдан] – Имамбай.

Әбдімолдадан: 1. Керуен. 2. Саудагер. 3. Бесмолда. 4. Қосым. Саудагерден: 1. Өсебай (Усабай). 2. Жұмабай.

Төлестен – Тұрдыбай. Тұрдыбайдан – Бұйымтақ, мұнан – Жәкі.
Үсеннен: Әбдіраман, онан: Ахмет, Қожан. Ахметтен: Шөкен,
Үлгібай (Өлкебай), Көжекбай.

Үлгібайдан-Есімсейіт. Төлестен – Нұрсейіт: 1. Орымбай (Орым-
бай, мұнан – Кенжебай). 2. Сәрсенбай.3. Ерсенбай, мұнан-Сенбе.
[Сәрсенбайдан] – Мақаш, [онан] – Тұрсынбай. [Орынбайдан] – Кенже-
бай.

Бөкейден: Оразәлі, Сүйіндік, Мырзабай, Рәжіп.

Ауылбайдан: Нұрбай, Татсейіт, Сапақ, Қозыман.

Омардан: Күлдірбай, Бурыл.

Күлдірбайдан: Ермекбай, Екемен (Екиемен).

Ермекбайдан: 1. Байдүйсен 2. Атанбай. Екеменнен: Есенбек
(Иманбек).

Ізден абыз ұрпағы-Байтоқа немерелері – үш бала Қарағайда
Нұрекен ауылында жүр. Тасболат, Бекболат, Әбілмәжін – Шорабай ба-
лалары. Өтеміс абыздан үш бала бар: Әбдімолда, Аппас, Әбетей.

Нұралыдан: бәйбішеден-Жанабай. Жанабайдан – Мылтықбай.
Мылтықбайдан – Байділда. Бір қатыннан: Алтайбай, Сексенбай.

Ақанай деген қатыннан-Пұшай, Жантай, Байжан.

Қалан тоқалдан сегіз: Қантай, Ертай, Күзембай, Қаракесек,
Қамбар, Базаршы, Қожыр, Қарымсақ.

Қантайдан-Көржекей, мұнан – Әбдірахман, мұнан: Дүйсен,
Өмірбек, Жұқақұлақ.

Ергайдан – Әлжапар, Жәкеш. Күзембайдан – Өбді, Айып.
Қаракесектен-Омар. Қамбардан-Әжекей, мұнан: Ыбырай, Ысмайыл,
Ысқақ. Базаршыдан-Бұзау.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ –
Құлболды – Айдабол – Жанкозы – Сары] Сарының бәйбішесінен –
Нар. Бұл Нардан – Ботбай, Шымыр, Құл (Қол), Жанан. «Қарала аттың
несі-Жанан» – осы. Онан соңғы қатыннан-Лаба, Майқар, Қосан.Кен-
же тоқалынан, Сарының Бике деген тоқалынан-Ақкіс, мұнан – Бекбау,
мұнан – Асқар балуан.

[Айдабол – Жанкозы – Төлебай – Еламан] Еламанның тоқалы-Қарақалпак қызы – Ботан: Нұралы, Жауқашар, Бакпай. Жауқашардан: 1. Түйеші 2. Бозбай. 3. Тауасар. 4. Шаумен. 5. Тасай.

Түйешіден: Қалмұхаммед, Құлмұхаммед, Кәткі, Күржік, Бұршай, Базарбай. Бұл Базарбайдан: Жамақай, Ыбырай, Бесақай, Жұмақай, Салықшы, Тайбасар, Жұмағұл.

Шауменнен – Темеш. Тасайдан – Жаңбыршы, Тасыбек (Тасбек), Бәжік (Бәжеке).

Тауасардан – Мәліт, Шәкөт, Жалтын, Жақсыбай.

Көжек пен Бұршайдан тұқым жоқ.

Бесақайдан – Бошбан, Сыздық, Ахмет. Жұмақайдан – Омар, Оспан.

Арғын-Сүйіндік-Күлік

Күнту баласы Жақсы Жанайдар, есіл ер-ай! Ұрым-бұтағынды жазсам да болар, жазбасам да болар. Жанайдардың бәйбішесінің аты – Орындық бәйбіше. Мұнан туғандар: 1. Өтес. 2. Өтеміс абыз. 3. Сәдібек. 4. Үсен.

Айса тоқалдан – 1. Төлес. 2. Бөкей. 3. Әуелбай. 4. Омар. Апақаннан-Әйти, Андас. Өтес пен Өтеміс ұрпағын бар да болса, бұл күнде жан білмейді. Сәдібектен – Таубай, онан-Әлі. Үсеннен-Әбдіраман, онан: Ахмет, Қожан. Ахметтен-Шөкен. Төлестен: Нұрсейіт, Орынбай, Сәрсенбай, Есебай. Орынбайдан-Кенжебай. Бөкейден: Оразәлі, Сүйіндік, Мырзатай, Рәжіп. Ауылбайдан: Сапақ, Құрман, Нұрбай, Татсейіт. Омардан: Күлдірбай, Бұрыл. Күлдірбайдан: Ермекбай, Екемен. Өтеміс абыздан үш бала бар: Әбдімолда, Аппас, Әбетей. Әбетейден – Аузыбілдә, Кесекбай. Бұл Кесекбайдан Иманбай.

Қаракесек шежіресі

Бұл [Қаракесектен] Болатқожадан туады: Ақша, Түйте. [Түйтенің] Түйтесінен-Майқы, Танас (Танаш). Майқыдан – Әлтеке, Сарым. Әлтекеден: бірінші бәйбішеден – Өтеген. Өтегеннен : Байдәулет, Байымбет, Жанықұл, Қайқұл. Екінші қатыннан: Есболай, Дос,

Әлмұрат. Үшінші қатыннан – Сапақ. Бұл Сапақтан – Жиенбай, Боғық (Бұғық). Жиенбайдан – Байжігіт, Боқан. Боғықтан: Жәнібек, Қоянбай. Әлмұраттан – Атымбек. Атымбектен: Иманәлі, Көрсары, Тамай, Бақи, Қазыбай, Баспалдақ, Жанақа, Марлақ, Төлек, Бөлек. Атымбекпен туысады: Ақбота, Жарас. Жарастан: Әбіл, Қабыл, Есенкелді. Сарымнан: Өтеміс, Тоқсан. Өтемістен: Құлсары, Құлық, Боксары. Құлсарыдан – Көшкін. Көшкіннен: Орысбай, Қазыбай, Шақабай, Жұманбай, Түлкібай. Орысбайдан – Саумал, мұнан Күзембай (Көзімбай), мұнан Күлімбай, мұнан Бәкір.

Құлықтан: Жалаңтөс, Тұнғат. Жалаңтөстен – Байкел, мұнан Тарбақ, мұнан-Әбдірахман. Тұнғаттан – Байсүйеу, мұнан-Ақпан, мұнан – Жанғұтты, мұнан-Жұртыбай, мұнан-Жүніс. Боксарыдан: Жоламан, Еламан, Шабанбай (Шопанбай), Қойлыбай, Тәңіріқұл.

Жоламаннан: Майлы, Күлембай. Күлембайдан – Арақбай. Әлтек-Сарымның Сарымынан: Өтеміс, Тоқсан. Тоқсаннан: Жиенкелді, Мастан, Алдияр. Мастаннан: Қожағұл, Құлжан, Мамыр. Құлжаннан – Айдабол. Айдаболдан: Дербісәлі, Маман, Шуаш. Шуаштан – Атантай, Ботантай, Абайла. Ботантайдан – Жанғұтты. Жанғұтты баласы – Сәтбек.

Бұл Жанғұтты Мұса – Секербай заманында ауызға ілініп, көзге түскен қазақ жақсыларының қасқа жайсаңы болған. Өзі қажы барып, жәннәт ал-бақияда қалған, басында атын жаздырып орнатқан тасы бар.

Тобықты шежіресіне дерек

Тайланның Ақшиінде Тобықты-Шүрек бидің шошақ моласы бар. Шаған өзенінде Тобықты – Кебенек бидің шошақ моласы бар. Дегеленнің оңтүстігінде екі домалақ тау көрініп тұрады. Екеуін де: «Шонай» дейді, маңайында дәнеме жоқ болғандықтан. Шыңғыс көрініп тұрады Шонайдың алдыңғы жағында.

Арғы атасы белгісіздер туралы

Айдабол: Боштай ауылында өсіп-өнген құл-құтандар [бар]. Бір Қойшыбай деген, түбі-тегін жан білмейді. Шешесі Боштайға жетімдікке келген күн, аты – «Сапар» екен, Бағаналы қызы екен. Ауру түйені

емдейді екен. «Бағаналы қызы бақанмен емдейді» – деп айтқанынан ба екен?

Қойшыбайдан: Шәфіл, Шөфіл, Жақсыбай. Қаракесектен келген күң аты – Ырыстық. Оның соңынан еріп келген бала, аты – Жолдасбай. Мұның да әкесі кім екеніп жан білмейді. Ырыстықтың Қаракесек ішінде қалған баласы шешесіп іздеп келіп, өзі өліп, қатыны қалған, аты – Бөржық. Ол Боржықты Жолдасбай алып, Боржықтан туған балалар: Абыл, Әбіш, Тонай. Байбосын деген бір қызтеке Жолдасбаймен еншілес болып жүріп өлген, малы Жолдасбайда қалған.

Бала күнімізде көріп едік. Қойшыбай Құсайынның түйе-сиырын бағушы еді де, Жолдасбай қойын бағушы еді.

Бір Көшен деген Қойшыбайдың қатыны, Батпанның енесі (інісі) еді, «Түбі-тегім – Орманшы», – деуші еді.

Арғын-Сүйіндік-Ақбура

Үшкүрт тұқымы [53].

Қалшадан-Жұматай. Жұматайдан – Сағындық. Баутаннан-Қаракесек. Қаракесектен – Жұмакелді. Жансарыдан – Жаңабай, Жаңабайдан – Бұрал. «Тілінен жазған Бұрал» – атанған. Нұрекен ауылындағы Байбосын – соның ұрпағы.

Қариялардан естуіміз: Күлік жылқысын түп көтере жау алып қуа жөнелгенде, күліктің қуғыншылары: «Иа, ер Сұлтеке!» – деп, қуыпты.

Сөйтсе жау Қарсұн – Керней Жарылғап балалары батыр басы-Ақылбек екен: «Сұлтекесін с...н. Осы немелердің былшылдап айтып келе жатқан «Сұлтекесі» кім? – деген екен.

Жолшыбай Қаржастың жатағы, пішен шауып жатқан – көріп, үстінде боз жейдесі бар, әкесінің аты – Аткелтір, өзінің аты-Жақсылық, жиырмаға жетпеген бала, жауыр Кершолағына жайдақ міне сала қуғанда, Ақылбек қашсын ба, найзасын ұстап, көлденең тұра қалыпты. Дәл найзамен түйреп тастайын деп ұмтылғанда, бала найзаның ұшынан ұстай алып, жұлып алып, Ақылбектің өзін мұрттай ұшырыпты. Ақылбек тілге келмей мұрдем кетіпті. Қасындағы жолдастары: «Не бетімізбен елге – жұртқа мал айдап барамыз?» – деп, және: «Ақылбекті кімнен өлді дейміз?» – деп, Ақылбектің сүйегін алып жүре беріпті. Күлік малын айырып алып қалды. Аткелтір баласы Жақсылық деген; кім екенін

жан білмейді. Қаракесек ауызға алып айтуға ұялып, осы сөз жым-жырт қала берген. Сол күндерде Сатылған – Жансары – «Бұрал» – деген қайыршы қаңғып барып, Ақылбектің үйіне қонады.

– Кімсің? – десе,

– Қаржаспын, – дейді.

Ақылбектің қатын-баласы:

– Мұны біз естийік, енді аузыңнан шығарма, бұл үйден басқа жанға «Қаржаспын» – дей көрме? Неге десең, «Ақылбекті өлтірген Қаржас дейді» – деген сөз жұртқа жайылып кетті. Ашумен сені біреу өлтіріп тастаса, Ақылбектей жанның бодауына сен қайшы болып кетесің де, онан соң бізге өлімнен ол ауыр, – деп, басқаға айтпай, ауылынан ұрлап, жасырып, жөнелтіп жіберіпті. Сонан шығып Қаракесектің біреуіне қоныпты. – Қайдан шықтың? – десе,

– Өліп қалған Ақылбек қатындікінен шықтым, – депті. Қонып отырған үйі Ақылбектің туысқан бауырының үйі екен.

– Мына иттің сөзі өтіп кетті-ау! – деп, тұра бас салып өлтіріп тастапты. Сонан: «Тілінен жазған Бұрал» – атанған деседі.

Күліктің «Ер Сұлтеке», – деп жүргені «Сұлтан қожа» – деген әулие қожа болып, Күлік деген елдің сенімді сыйынатуғын пірлері екен-Қаракесектің Қазыбегі сықылды.

Арғын-Қаржас тарауы

[Арғын – Сүйіндік – Қаржас] Қаржастың үш баласы: Құлықе, Бегім, Алтынторы. Бегімнен-Сатылған. Сатылғаннан: Тілеуімбет, Таңат, Қоныс, Мәмбет, Жансары. Таңаттан – Батырбек, Атанбек, Тауасар. Батырбектен – Өтеужан, Қылыш. Тауасардан-Қосағал, Қоске, Қожаберген, Атамбек. Атамбектен – Қожамберді, «Қожамберді Дорбауыл» – дейді. Дорбауыл-Найман. Қалба тауындағы Дорбауыл Найманнан – Айтымбет төрт қос жылқымен келіп, бір қыс қыстап жатып, Атамбектің Мөр деген қызын тоқалдыққа сұрап, сонда Мордің ағасы Қожамбердінің қатыны жылқышының ішінде Аткалтір, Шарық деген құл бар екен. Шарық өзі балуан, өзі жылқы ұстампаз, құрығына екі жылқы қабаттанып түссе, Шарықтың тартып қалған күшіне шыдамай, екеуі де мұрттай ұшып, пышаққа ілінеді екен. Сол Шарықты: «Жеңгетайына бер» – деп сұраған соң, беріпті. Сонда Аткалтір:

– Мұны берсең, мені айырма, қоса бер. Егер айырсаң, Найман, сен де онбайсың, Қаржас, сен де онбайсың! Екеуіңнің де түбіне жетемін, бастарыңды мүжімей қоймаймын! – деген соң, Аتكелтір, Шарық – екеуін қоса қабат беріпті.

Айтымбеттің бәйбішесінен бала бар болса, өз елінде де Мөрден туған балалар «Дорбауыл» – атанып, Қаржас ішінде қалған.

Аتكелтірден – Жақсылық. Жақсылықтан-Үсен батыр. Үсеннен – Араб батыр. Арабтан нәсіл-тұқым жоқ. Үсеннен – Ержан, білмеймін не бар, не жоғын.

Шарықтан – Бекжан, Мамай. Өнан – балуан Жақып: Мұса – Секербай заманында балуандықта бас бәйгені алып, Мұсаның өз асында бас бәйгесін алып және ас тарқарда Қуандықтың бір балуаны Сакқұлаққа арыз қылып, күресіп, Жақып оны да жығып, жауырыны жерге тиместен қартайды.

Осы Ақылбек өлтірілген қарсаңда Тәті мырзаның Жанкісі деген баласының қайыны Қаракесек екен. Қайынына барып жатқан жерде Ақылбек Қаржастан өлгендігі естіліп, қашып келіп, үйдегі екі ағасына қып-қызыл шиедей қотыр шығып жатқанның үстіне келіп, үшеуі бір-жолата өліп, өлген жерлері «Үш қасқа» атанып қалды. Сөйтіп Ақылбек құнын даулай алмай кетті. «Бөз жейделі бала өлтірді, – деп, қалай ұялмай сөз қыламыз?» – деп.

[Қаржас – Бегім – Сатылған] Сатылғанның бес баласының бірі-«Сарсадақ – Қоныс» – атанған. Садақ тартымпаздығына сенемін деп, «Ақтабан шұбырындыда» қалмақ қамағанда, бала-шағасымен қырылып қалған. Бір-ақ баласы қалған, аты – Майлыбай. Бұл Майлыбай да жау жолында өлген, екі немере тірі қалған: Есенаман, Жарқын.

Жарқыннан-Бақыр, Қазан, Мұрынбай. Мұрынбайдан-Қоймас, мұнан Сұлтанбек. Сұлтанбектен – Ысмайыл, Әмірбек – Қартқожаның шешесінің інілері.

Ойым, Телінің Ойымынан – Жейнет, Жейнеттен – Өтен, Баян. Бұл Баян жеті ағайынды. Баяннан төртеу. «Торыала атты Досымбет» – деген баласы қоныс қарап, жер бұғанда, Қотырқызылтауда Қарақуыс деген жерді алдымен келіп бұғандықтан, Баян үрім – бұтағы күні бұл күнге шейін сол жерде қалған. Баянның Асан деген баласы есті тентек емес, жынды тентек болған.

– Сен жерді сұрағанға беріп, әркімге үлестіре бересің?! – деп, әкесі Баянды, – көрмейміп! – деп, ант ішіп, «Жиделібайсын кетемін!» – деп, жалғыз үй Қызылтаудың сыртында «Үш сала» – деген жерге барып отырып алған. Әкесі баласын сағынып: «Көремін» – деп барса, жонға шығып кетіп, етпетінен түсіп жатып алады дейді. Сонан соң әкесі ыза болып:

– Мұның барынан жоғы жақсы! – деп, айдалада жатқанында ту сыртынан орт салдырған: «Өртеніп күйіп кетсін!» – деп. Айналасының бәрі өртеніп, Асанның жатқан жері өртенбей аман қалған. Соны көзінен көргендіктен айран-асыр қалған. Бұл Асан:

– Мыналар мені жатқан жерімде өлтіріп тастайды екен, – деп, – Жиделібайсыннан ағайын іздеймін. Жер-қоныс тауып келіп, солай кетемін, – деп, – салт атты, сабау қамшылы болып қаңғып кеткенде, қалған үйін, мал-жанын жау шауып, тып-типыл қылып кеткен. Асан төрт ағайынды болған. Асаннан төрт бала қалған, бірі – Тоғымбай. Тоғымбайдан екі бала, біреуі-Тәтенқара. Тәтенқарадан үш бала, бірі – Жанан. Жананнан-Қартқожа Қартқожа өзі екі ағайынды. Ағасы өлген, онан бір бала бар. Өзі осы 1927-інші жылы, Қоян жылында, отыз екі жаста. Желтаудың бөлек желіндей өзінде жел де бар, Асан дегендей күшті жын да бар.

Түпкі атасы белгісіздер шежіресі

«Найманбыз» – дегеннен басқа білері жоқ. Шақанақ – Қызылтауда жер аты болған дейді. Шақанақтан-Бөрібай. Бөрібай балалары: Айтысқан, Тәттібай, Күтікей (Көтекей). Бөрібайдың тоқалынан-Бектеген, мұнан үшеу: Бекболат, Байжан, Тайжан. Бекболаттан – Жұмабек. Байжаннан-Ыбырай, Қитан. Тайжаннан-Шораз, Бетім.

Едігенің құл-құтандары:Күтемген – құлы, Шілікбай – күннің аты.

Айран екеуінен туған бала-Оразбай, мұның баласы-Сары қажы, мұның балалары көп.

Итемген құлы-Бесен, мұның да ұрпағы көп.

Ақынбайдың құлы – Тұяқ, мұның баласы – Қарашолақ, мұның баласы Қарашолақтың – Дүйсенбайы. Қыс болсын, жаз болсын, өз алдына бір ауыл.

Баянаулада Шоңай Қарағашында Құдайберген сарттың балалары бар, екі қатыннан – төрт ағайынды.

Құдайберген әкесі-Асан, Асан әкесі кім екенін жан білмейді.

Еламан ішінде «Ишан қари» – атанған сарт бар, бала-шағалы.

Ишан қари әкесі – Керуенбасы. Мұса-Секербай заманында келіп, Мұсаға төлеңгіт болған. Керуенбасы әкесі-Баймұрат. Керуенбасы – Баймұрат әкесі – Ерназар. Керуенбасы түбі-тегі Бұхарлық, Уапкендік Шағылбас руынан: «Түбі-тегіміз Түрікпендік екен» – деуші еді.

Қаржас ішінде Алтынторы ортасында: «Ахметжанның Сүлеймені» – дейді. Төрт ағайынды, әкесі Ахметжан – «Шолақ» атанған, оның әкесі кім екенін жан білмейді.

Бәсентиін шежіресі жалғасы

Бәсентиін ішінде «Бұқа, Күбір» – дейді. «Бұқакүбір кім баласы?» – десең, әкесінің атын жан білмейді. Көзінен көріп, қолынан туғызып алған ешкім жоқ. Айтушылардың айтуы – бұрынғы заманда Бұхар, Қоқан ханларының біреуінің – Татарбай деген құл екен: «Тамақ үлестіруші болған» – дседі. Қазынаға қиянаты білінген соң, «Елге – жұртқа жолама!» – деп, қуып жіберген екен. Елсізде жүрін, жетекке саяқ бір қатын кез болып, екеуі қосылып, ерлі-байлы болып жүргенде, буаз болып, бірінің аты – Бұқа, бірінің аты – Күбір қойылыпты. Екеуі ер жаткен кезінде бір қоңыр бұқалары болып, жалғыз қаңғып кете беріп, сонда бір тауды жатақ қылып, сол таудың аты «Қоңырбұқа» – деп аталып қалған дейді. Басқа сиыр жоқ, өзі жалғыз бұқа болған соң, бір кесу білетұғын жан кез болған соң, кестірсе, бұқаның ені жалғыз-ақ екен. Соны «Мен пісіріп жейміп!» – деп, екі бала өзді-өзі таласып, төбелесіп, бірін-бірі көргісіз болып, бірі ойға қашыпты, бірі қырға қашыпты. Бұқа қырға қаңғырып шығып кетіпті. Күбір Сырға кетіпті. Сонда Бұқаға жолдан бір қатын килігіп, ерлі-байлы болысып келе жатқанда, жұртта қалған бір қара күшік еріп, жолдас болып, Сарыарқаға келіп, Мандай-Байымбеттің дүрілдеп, дәуірлеп тұрған күшінде елге келіп, үйір-шүйір болуға беттей алмай, қамыстан шайла жасап алып жата беріпті. Қара төбет түн болса, алыс жердегі ауылдан майды қарныменен, ірімшік-құртты боғжамасымен тасып бұларды ас-судан тарықтырмапты. Бір күндерде Мандай-Байымбет біліп:

– Сендер бүйтіп елсіз-күнсiзде жатпаңдар, елге келiңдер. Асқа барамыз, бiзден ат мiнiп, сол асқа жүр, – деп, Бұқаны ерте жөнелiнтi. Сонда Байымбет-Маңдай:

– Мұны қайсымыз қарабауыр қылып аламыз? – десiн, – Екеумiз екi бөлек түсейiк. Бұл өзi атын қайсымыздың атымыздың мойнына байлар екен? Сол байлау болсын, – деп. Сонда атын Маңдайдың атының мойнына байлаған екен де, Маңдай алған екен.

Бұқадан-Майемер, Тауасар. Бұлардың түпсiз-тексiз екендiгi мынадай жұмыстан бiлiнедi. Тауасар өлгенде, үш күн жаназасыз жатыпты. Кiм болса, ол болсын.

– Мен жаназа бiлемiн, – деп бiреу жаназа оқыпты. Сонда жаназаға айтқан дуасы:

– Мұның тегi Бұқа-ды,
Бұқа шабы жұқа-ды.
Өзiң, өзiң, өзiңе,
Өзiңдiкi көзiңе.
Бар, Тауасар, бар,
Жаназаңды кеше оқығанмын, –

– дептi. «Тауасар жаназасы» – деген Бәсентиiн ортасында күлкi болған. Мұнан да әдемлiлеп айтушылар бар едi, олар өлiп қалды. Сол Тауасар тұқымынан Рамазан баласы Жақай ахун (ахон) шығып, ескi законде байымен араз болып барған қатындарды: «Қазақта неке жоқ», – деп, пара алып босатып жiбере берген.

Жұртта аты шыққан Уақ-Нүрекен байдың қызы Зылиханы Қасқырбай-Жақсыбайдың Жақсыбайы алып қашып, сонда «Қазақта неке жоқ», – деп, Жақай ахун некесiн қиып тастай берген соң, айырып ала алмаған. Сонда Зылиханың өлеңi мынау:

Ар жақтан Секербай мен Мұса келсiн,
Жақсыбай Қасқырбаймен коса келсiн!
Некемдi мен Жақайға қидырған соң,
Законды жаман Уақ қайдан бiлсiн?!

Базардан алып келген сауыр-кебiс,
Мұса-еке-ау,айналайын, маған болыс.
Балға ағам, Түйте ағаммен барып келген,

Жандарал көтке үйіскі (үскі) қоймақ емес.

«Қазақта неке жоқ» – деп, пара алып, босатып жібере берген соң, иісі (исі) қазақ болып өкпелеген. Сол замандағы Мұса-Секербаймен замандас ақсақалдардың аузында әңгіме болған, түбі-тегі қазақ еместігі.

Сонда Рысбек (Ырысбек) – Манамбай деген кісі :

– Жаназасыз қалған Тауасардан туған, әкесі қоянға құрық жіберген жаман Рамазанның баласы ай! Өзімнің ақ өгізімді ұрлап сойып, төлеу төлеген Жақай еді. «Әфтиектен алты қағаз оқыдым», – деп, жұрттың төбесіне ойнақтап кетті-ау! – деп отырады екен.

Манамбайдың ол сөзінің мәнісі: Рамазан баласы Жақай жасында қылған қылығынан ұялып қашып кетін, Көктеректе Уаледен хазіретке қызмет қылып, сол әулиеден құлағына тиген сөзді ұғып алып, қайыр фатихасын алуменен көгеріп, алғаш дуан аузы ашылып, жұрт орысқа бағынғанда, мүфти – хазіреттеріне ахун сайланып, «Жақай ахун» – атанып, Жаксыбай Зылиханы алып қашқанда, «Қазақта неке жоқ» – деп, некесін қиып тастап, мүфти-хазіреттері оның сөзін қостап, дуанбасы біткен намыс қылып: «Қазақта неке жоқ» – деген указ мүфтиінің бізге керегі жоқ!» – деп, мүфтиден шығып қалған.

Мұса Шорманұлы бас болып, тамам дуанбасы өзін приговор (піриғуар) қылып көрсетіп, Ташкент, Түркістанға қашып бара жатқан бетінде, Керекуден отряд шығып, Баянаула маңынан ұстап, өмірінше үйден шықпаса, олай-былай жұрмеске қолынан қағаз алып, өз үйін озіне абақты қылып қойған.

Осы нұсқаны жазып отырған мұхәррә оқудан басқа дәнеме қолынан келмейтұғын бала күні. «Жақай ахунды орыс ұстап алып келінті» – деген соң, бір табақ ет, бір самаурын шай алып барғанда, атамыздың соңынан бірге еріп барған бала күніміз еді.

– Орыс ұстап алып тінткенде, басымда сәлдем бар еді. Жиған-терген материалдарымды сәлдемнің астына қабат орап алған едім. Кәне, сәлдеме, қол тигізші, – деп тұрдым да, сәлдеме қол тигізбеді, – деп еді. Ұлан жасындағысын ұмыта ма?! Сол орыстың үйінде өзіме иіс тигендіктен, көшке шықсымен, қалпақтай түсіп қалғанымда, қожа Мұрат сарттың баласы Міржақып үйге көтерін алып барды.

Дәл сол күнде Баянаулада туған Файзолла указ, мешітке имам еді. Құдай рахмет қылсын! Мұса мырза үйін саттырып, көшіріп жіберген.

Түбі-тегі Бөкейлік Қамардин хазіретті Омбыдан көшіріп алып келіп, Баянаулаға мешітке имам сайлатқан. Сонда біз тоғыз жасқа аяқ басқан бала едік.

Арғын-Қаржас шежіресі жалғасы

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Қаржас – Құлеке – Анай – Өлімбет] «Өлімбет – Анаймыз» – десіп келеді. Өлімбеттен үш бала бар. Бәйбішеден – Дәулет жалғыз. Кіші қатыннан-Қасаболат, Үмбет. Қасаболаттан – Базар жалғыз. Дәулеттен екі бала: үлкені – Рысқұл, кішісі – Байболат. Рысқұлдан үш бала: үлкені-Бекше, ортаншысы-Ақша, кішісі – Бекболат. Жұрт өңгесін білмейді. Ақша-Байболат дейді, – сол екеуін ғана біледі. Ақшадан үш бала болады: үлкені – Жиенәлі, ортаншысы – Манақ, кенжесі – Маман. Бекше жастай өліп қалып, екі қатыны жесір қалған. Үлкен қатынын ішінде төрт айлық баласы бар күнінде Жиенәлі алып, мұның қолына келген соң, бес айда бала туып, атын Есенаман қойған. Жиенәлінің өзінен бір ұл тауып, оның атын Жолшара қойған. Есенаман батыр атанған, бес қатын алған. Бәйбішесі қалмақ қызы, аты – Көкіш. Мұнан үш бала бар: Қарашора, Төлеп, Байшағыр. Онан соңғы қатынынан – Өтеке, Ботыш. Бір қатынынан – Бокбасар, бір қатыннан-Тақай, Төтей. Бір қатыннан бала жоқ. Қарашорадан – Бекен; Бекеннен – Қожан, Масак.

Өтекеден он екі ұл бар. Қарабас бәйбішеден алтау, кенжесі Шөкей, онан Екібас қажы. Тоқалдан төртеу, төртеудің бірі – Құтыбай. Құтыбайдан: Дос, Махамбет қажы, Жанысбай.

Жолшарадан: бәйбішесінен – Таңқара, Бәкі. Бәкіден – Бақтыбай қажы. Бәйбішесінен – Бұғыбай, Екібай (Еңібай). Бұғыбайдан-Нұрмағамбет, Балтан. Жолшараның тоқалынан – Жарылғап, Бекбай, Қарауыл, Жолдас.

Жарылғаптан: Молдабек қажы, Алдабек, Өбділда.

Байболаттан төрт бала бар: Жылкелді, Малкелді, Байкелді, Сұлтанкелді. Жылкелдіден екі бала: Жантілес, Байтілес. [Байтілестен] – бәйбішеден бес бала бар: Едіге, Еламан, Жолан, Сарт, Шадай. Тоқалдан алтау: Титәуір, Бөлекте, Мейірбан (Мейірман), Көсеген, Жақыбай, Байты.

Байкелдіден тоғыз бала бар: Кенжекара, Жаманкара, Байкара, Тайкара, Қойкара, Шымыр, Мамыр, Токбура. Сұлтанкелдіден тұқым жоқ. Малкелдін тоқалынан: Қашқынбай, Сартымбай, Жарқымбай. Малкелдіден тоғыз: Есенкелді, Есенжар, Асамбай, Алдамжар, Қожамжар, Көлбай – қалған үшеуі мағлұмсыз.

Мұса-Секербай заманындағы қариялар Жақай ахунды: «Қоянға құрық жіберген жаман Рамазаннан осындай бала туушы ма еді? Бұл Қойсары, Балтабай – Тұранның Тұранының баласы – деуші еді.

Қанжығалы шежіресі

[Арғын – Аксопы – Қанжығалы (аралары белгісіз)... Әлдекүн-Ақша – Көлбай (Құлбай)]

Қанжығалы: Көлбай (Құлбай), Қожамберді. Бөгембай қойшысы – өзінің Қожамбердісі, Жабағы баласы Рақы, Малқозы, Баубек – бәрі бір заманның кісілері.

Сатылған – Үндемес кемпір, Күлік – Былшық қызы Бейіс кемпір, Баяқмет шешесі – бір замандас кемпірлер.

Бүйеннің қатынының аты – Күрлеуіт. Қонақ-Қаракесек: Жылқыбай. «Ашуым келген жоқ» – дейтұғын Есек – Жаныс баласы. Өзі Тілеу – Хұсайын: «Саба!», – дегенде, сабамайтұғын, сабатам деген кісісі Кішіауыл – Әлжапар-Ертай баласы.

– Мына Темірболатты саба деші, сабайын. Әкемдей ақсақалды қалай сабайын? – деп, сабамаған.

Есіл бойындағы Қақсал-Жайпаң (Жайғаң) қажы ауылыныңкі – Мүсәпір сөзі. Көзі көріп, құлағынан естігендерге тамаша сөздер.

Дәулет басқыр, Қожамбер[ді] – той-домалақ көп жиылған жерге кіріп келгенде, бұрынғының қара аяғымен тола аяқ асты қолына ұстатқанда, айтқан батасы:

Астың алды – аяқтың толысы,

Бар батаның сонысы.

Оңғарылсын жануардың

Қысқы-жазғы қонысы!

– депті. Отырған әлеумет:

– Қожеке, не дедіңіз? Тағы айтшы, тағы айтшы, – дегенде:

Ноғай матасын сатады,

Қожа батасын сатады.

Текке неге айтайын? –

деген соң, отырғандар нәзір – ниязын беріп, жалынып тағы айтқызыпты.

Аргынның ортаншы тоқалының аты – Момын. Бұл Момыннан туған – Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан – «Толыбай» ұранды Қанжығалы, «Маябоз» ұранды – Тобықты. Қарасопыдан – «Қарақай» ұранды – Қарауыл, «Барлыбай» ұранды – Бәсентіін. Сарысопыдан – «Ұшыбай» ұранды – Атығай. Ана екі сопыдан нәсіл-тұқым жоқ. Алты атаның ұлы – Әжібай, төрт атаның ұлы – Қамбар, Жапар. «Желден келген жеті ру» – дейтұғыны тағы бар.

Қанжығалыдан – Ішпек (Ешбек), Піспек. Піспектен ұл жоқ, ылғи қыз. Онан өрбіп – өнген Қуандықта – Алтай ұрпағы. Өр Алтайы, төменгі Алтайы – бәрі Піспек байдың қыздарынан туған. Ішпектен-Қамбар, Жапар, Қармыс. Қармыстан – Есен, Бозым. Есеннен ұл болмаған, жеті қызы болған, Қыздарын қалың малсыз жеті жерге берген. Өр қызынан бір ұл асырап алып бала қылған. Сол жеті жиеннен жеті ру өсіп-өнген: Қоскелді, Қылтышар, Лабашы, Бошқантай, Есіркеп, Нияз, Жолымбет.

Бозымнан – Әжібай (Ажыбай), Әжім (Ажым), Әжімбет (Ажымбет). Әжібайдан: Ақтамақ, Акбура, Қаратілес, Қарабұжыр, Қара, Сары. Ақтамақтан – Құдайберді. Құдайбердіден – Киікбай, Малай, Досқана, Төлеке, Абыз, Шумақ.

Қаратілесте – «Тентек Қанжығалы»: Айтуар, Көшпен, Құдайсүгір, Өтеген. Айтуардан: Әжеке, Дәнен. Әжекеден – Байдалы, онан Тәшім.

Өтеген батыр болған, қалмақтан «Елқонды» – деген бір баланы алып қашып келген. Аты «Елқонды» – болғандықтан.

Қарабұжырдан: Мұрат, Байболат. Мұраттан сегіз туады: Дөнен, Сасық, Алтыбай, Тоғызбай, Теңізбай, Бестібай, Сегізбай, Құнан.

Байболаттан – Шыңғыстың Жұмабектері сонан тарайды.

Алмашының қызынан туған – Жантай, күннен туған: Қойлыбай. Бірі қыздан туған, екеуі күннен туған болады, «үш жиен» – деп сөйлейді.

Алты атаның ұлы Әжібайдың бір баласы – Қара. Қараның бәйбішесінен: Елібай, Сары; тоқалынан – Жәдігер. Жәдігер бәйбіше балаларынан зорлық көрген соң, Құдайбердінің қолына қашып шығып кетін, мал бағып түзде жүргенде, Найманның көп кісісі жолаушылап келе жатқан. Оқтай ұшырап, ол Наймандар Амалдық-Сарының құдалары екен. Амалдық – Сары баласына қыз айттырып, малын беріп құтылып қойған күнінде күйеу бала өлін қалып, қыз оң жақта жесір қалған. Соның мән—жайын сөйлескелі келе жатқан құдалары екен. Еліне барған соң:

– Жесір жібермейміз, – дейді де, – бір жаманына бер! – дейді.

– Онан да осы баланы еріксіз алып кетіп, қызымызды осыған берейік, – деп, – Жәдігерді ұрлап алып кетіп, қызын беріп, енші беріп, мал малданып, жан жанданып, байыған соң, ағайын іздеп келіп, үйіріне косылыпты.

Жәдігерден: Тоқсанбай, Сатыпалды, Мәмбетбай. Тоқсанбайдан: Жанзақ, Байзақ, Құлжан, Бертіс-Жанзақтың бәйбішесінен – Бекайдар, тоқалынан – Сазан. Байзақтан-Айдабол. Бертістен-Тезекбай. «Тезекбай соры» – аталған жер аты бар. Мәмбетбайдың «Төрткіл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып» – бала қылған баласының аты – Алдаберді. Тегін – түбін жан білмейді, жігіт күнінде душар болған. Өзінің екі баласын былай қойып, қара шаңырағына Алдабердіні ие қылған. Ол Алдабердіден – Құттықожа, онан-Маңабай, онан – Сарыбел.

Сарыбелден-Молда; Молдадан – Лекер қажы. Лекер қажыдан – Жақып. Алғаш қызылдар келгенде, Шақшан еліне исполком председателі болып тұрды.

Бұқар-екеңнің: «Тексізді төрге шығарып, // Тендік тимес құлыңнан», – деген сөзіне дәлме – дәл келеді.

Елібай – Сарының Сарысынан – Жылкелді, Қойбас, Айбас. Жылкелдіден – Ақжігіт. Ақжігіттен-Күлен, Байты, Шақар. Күленнен – Сембай, Қожан.

Қойбастан: Тұрсынбай, Есілбай. Тұрсынбайдан – Жаманша. Есілбайдан – Нұрпейіс, Тақан. Нұрпейістен-Ток, Тілеу.

[Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Құдияр] Құдиярдан: Ақдәулет, Келдәулет, Ақтайлақ, Қатпа, Құрамыс, Жанат (Жайнат).

Ақдәулеттен – Алтыбасар, онан Жүндібай, Шара. Жүндібайдан – Әбен, Әбеннен: Есімбай, Бесімбай.

Қазақ-орысқа ең алғаш қарағанда, Иван Семенович деген полковой келіп, Баянауладан қала салдырып, дуан аузын ашқанда, дуанбасы, болыс сайлаған. Сонда Қанжығалы: ойдағысы – қырдағысы өз алдына бір болыс болып Жолға байлаған.

Жол:

– Маған байлағандарың рас болса, мен Әжіке-Дәненнің Дәненіне бердім деген. – Дәнен күндердің күнінде кімге берсе, өзі білсін, – деген. Сондықтан Қанжығалыға ең алғаш Дәнен болыс болған, Дәнен өлерінде өз балаларына байламай, Жол баласы Алдабекке берген. Алдабек өлерінде Дәнен балаларына бермек болған. Мұстапа деген баласы тілін алмай, өзі болған. Соған өкпелеп, Қанжығалы екі айрылып, жеті руымен Әжібай Баянаулаға қарап калып, Қама, Жапар, Қарабұжыр – «Тентек Қанжығалы» Ақмолаға қарап кеткен. Қанжығалының қақ жарылған жері – сол.

Қанжығалыдан Бөгенбай батыр шықты. Үш жүздің баласының кәрі құлақтысынан ақымыз бардай қадалып сұрадық – түбін-тегін білуге: «Бөгенбай әкесі – Ақша, Ақша әкесі-Әлдекүн, Әлдекүн әкесі – Әлдекім» – дегеннен басқаны білмейді. Әлібек, Ақша – екеуі бір туысқа керек.

Ақшадан екі бала – Көлбай, Бөгенбай. Көлбай есер, есалаңдықпен бір аста Әлібектің үсті-басын майлай берген. Сонда айтқан Әлібек екен.

– «Ерке баладан жынды бала көп жақсы! – деген осы екен-ау?! Мынау-өскенде, менің тұқымыма таң атырып, күн шығармас, – дегенде, Ақша:

– Мұны айтасың ба?! Үйде бір шой қара бар. Тұқымың соның тепкісінде шіриді, – депті.

– Ендеше мен тұқымымды оның тепкісінде шірітпейін, – деп бөлініп көшіп кеткен. Сол бойымен бөлек өсіп-өніп, Көкшетаудан әрі «Әлібек қараған» – деген жер бар, сонда, – деседі. Ол айтқан «шойқарасы» Бөгенбай батыр болып шығыпты.

Бөгенбай батырдың бәйбішесінің аты – «Баяу» бәйбіше. Мұнан: Тұранәлі, Тұрымбет туады. Тұранәліден – Бапан би, мұнан-Саққұлақ.

Саққұлақтың бәйбішесінен: Бектұрған, Жұман, Нұрмағамбет, Байымбет; Талас қызы тоқалынан – Әжімбет, Нұралы, Ералы.

Нұралы қыршын жас болыс күнінде өлген. Саққұлақ сонда:

– Жалғызым-ау, жалғызым! – деп зарлаған екен. Көрге салғанда:-
Бөгенбайдан келе жатқан кәрі аруақ, кара бақ, көзім тіріде сені қолымнан
көрге салдым-ау! – деп боздаған екен. Манайында болғандар:

– Перзентсіз, баласыз емессіз. Алтауы аман тұр ғой, – дегенде,

– Орыстың оразасындай бірде бар, бірде жоқ. Көшпелі шіркінді
не қылайын?! – деген екен.

Саққұлақ өзі болыс күнінде Қыпшақ-Ыбырай аға сұлтан дуан-
басы алым тапсыру үшін Жаншуақтың Мұсасына балаларының біре-
уін қосып жібереді екен. Басқа балалары барғанда, дәнеме демеген.
Нұралыны қосып жібергенде:

– Саққұлақтың өз баласы жаңа келді ғой, – депті.

Айыбы қыршын жастай өлгені, онан басқа айыбы болмаса керек.
Нұралыдан:Барлыбай, Олжабай, Төлебай.

... Бөгенбай батырдың қалмақ қызы Қамарқан деген қатынынан-
Жылқыбай, мұнан-Төлеген. Тағы бір қалмақ қызы Лаба деген
қатынынан кісі білмейтін уақ – түйек толып жатыр.

Төлеген бай жиексіз мырза болған. Ас сайын алты атанға қымыз
артып барады екен. Таудан көшерінде қыстауына қырық сан тастап
кетеді екен: «Әркім тауып алып, олжалансын» – деп. Өзі жасынан
көксау, түні бойы ұйқы көрмей жөтеліп шығады екен. Жөтеле – жөтеле
жалығып, тіріліктен безер болып:

– А, Құдай, иман бер, – дейді екен.

Онда қой күзетіп жүрген Бестемше деген жалшысы:

– Бердім, бердім, – дейді екен.

– Құлдық, Құдай, құлдық! – деп сүйсінеді екен.

Ертең таң атқан соң, ауыл – аймағы, балалары:

– Ол Бестемше ғой, – дегенде,

– Кім болса, ол болсын. Беруші берді де, мен алдым, – дейді екен.

Иман алғанына айылы берік, әбден сенімді екен. Өмір бойы қатынға
жатқанда, суға түсуді білмейді екен. Оны ұнатпағанға беретін жауабы:

– Бұқа бұтын жуа ма?! Айғыр бұтын жуа ма?! Қошқар бұтын жуа
ма?! Құтың жуған оңа ма?! – дейді екен.

Өзіміз: «Әулие ғой» – дейміз. Ақжүрек, нанғыш, арам ой жоқ.

Шоң би, Құдай рахмет қылсын, катынға жатқанда, қыстай ағаш кертеді екен. Жаз шыққанда, көлге түсіп, ағаштың кертігін санап отырып қана суға басын сүнгітіп тазаланып, арылады екен.

Құдай рахмет қылсын, Үкібай би де суға шомылумен жұмысы болмайды екен. Құрбы-құрдасы көп алдында ұялтамын дегендей сол жұмысын айта қалса:

– Күнәлы болған к...ді жудым, с...ге баратұғын бетімді жудым. Осы, шіркін, маған мұнан артық не қыл дейді?-деп, қайырып тастайды екен. Айтқожа – Жаңабайдың Айтқожасынан – Құдайкүл, Барсақ, Тарақ, Байқозы, Шойтак. Құдайкүлдан-Қаражігіт, Дәуітбай. Дәуітбайдан: Көлбай, Жартықұрт, Жақсылық.

Жартықұрттан – Жақай. Қаражігіттен: Сәрсен, Үмбетжан, Тайжабан, Дүйсек. Барақтан – Итжан. Итжаннан-Азбанбай, Самай.

Тарақтан – Бегібай (Бігібай). Бегібайдан – Ықылас, мұнан-Есімбек.

Байқозыдан – Ырысты, мұнан – Боқтыкөт, Алтыаяқ. Боқтыкөттен-Қожан, Шайым.

Айтқожадан – Мергенбай, Арғынбай болып, Құдайкүл, Барак, Тарақтар – Мергенбайдан туып, өсіп-өнеді.

Айтқожаның алғашқы алғаны – қалмақ қызы. Сондықтан Айтқожа ұрпағын «Қалмақ» – дейді. Тоқалынан – Тілеуке туады. Тілеукеден-Биқозы, Жарылғап туады. Бикозыдан-Нұрмақ. Жарылғаптан-Мұсабай, мұнан Шортанбай, Қоса[яқ]. Байдәулет – Бибала баласы.

Шортанбайдан – Мөлгаждар. Бибала – Жылқайдар баласы, Айтқожа Тілеуімбетке немере, Жаңабай да немере. Жылқайдар әкесі кім екенін жан білмейді.

Жаңабайдан – Баймағамбет, Бошай. Бошай тұңғышы болса керек. Бұл Баймағамбеттен: Өтеу, Төйте, Үкі. Өтеуден-Естібай, Аятай. Естібайдан – Дүйсекей, Халы, Хасен, Сембай (Дүйсекеден – Елубай). Халыдан-Қыпшақбай. Төйтеден-Қорабай, онан: 1. Омар. 2. Оспан. 3. Сыздық. [Оспаннан]-Қайырбек бала, Дүйсенбек. Үкіден – Қарабала (Жақсыбала), Бакей. Бакейден-Исабек. Аятайдан – 1. Ноғайбай. 2. Тоғайбай. 3. Жұман.

Бошайдан-Қабай, Бабай. Қабайдан – Дәрменбай, Сарман. Бабайдан – Сүтемер абыз, мұнан-Байбол, Ысқақ, тағы біреуі бар.

«Үшқұрт»

(үшінші нұсқа)

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Ақбура – Жетібай – Есен – Үшқұрт]. Ақбура: Есен тентек жолаушы болып, бір ауылдың сыртына түсіп отырса, бір бала жүгіріп келіп қасына отыра қалыпты [54].

Қоржынының аузын сөгіп, балаға үш құрт алып беріпті. Бала құртты алып, ауылға қарай жүгіріпті. Есен тентек өз қоржынын өзі пышақпен жарып, құртты жерге төге салып, баланы қуып барып жа-тып жабысыпты:

– Менің қоржынымды жарып, үш құрттымды алып қашты, – деп.

Даулап, айыбына сол баланы алыпты. Атын «Үшқұрт» – қойыпты. Есен тентек өз балаларынан артық ұстап, бала – жігіт болған соң, Есен тентектің бір тоқалын меншіктеп кетіпті. Есен тентек баланың бетіп қайырмай, тоқалын өз қолынан соған қосыпты. Үшқұрттан туған баланың аты – Айтқожа, онан туған Байсалбай. Бұл Байсалбайдан: 1. Қалша. 2. Баутен (Баутан), 3. Байсымақ. «Күлікпін» – дейді, айтушылар: «Дөкей (Төкей) болса керек» – дейді.

Нүрекен аулында Мырзабай деген баласы «Бекбау-Мырзабайдың Бекбауы» – атанған. Мұның баласы – Сұлтанғазы, мұның баласы-Жұмаш және біреу жаздырды.

Жұманғали, мұның әкесі-Әбіш, мұның әкесі-Жашке, мұның әкесі-Досымбек, мұнан арғы атасын білмейді.

Нүрекен байдың аулында Рамазан-Құттымбет баласы бір жасарында анасының емшегінде әкесінен жетім қалып, шешесі Қыпшақ: Тасыбек (Тәсібек) дегенге тиіп, «Тасыбек баласы» – деп кеткен. Бұрынғы әкесінің аты Құттымбет екен. «Құттымбет төрт ағайын екен» – дейді. Бұлардың әкесінің аты-Тышқан. Тышқан әкесі Танабай дейді. Бар білгені – осы. Тұрашап, Құлт, Құттымбет, Шойынбай, Уақбай.

Тұрашаптан – Мөшке, Жетімек, Тауасар.

Мөшке баласы-Кәпіш. [Сол беттің оң жағына көлденеңдеп жазылған ескертпе: «Жамшыбай ақын айтты дейді: «Төкібай, Танабай бір туысқан» – деп. «Тасыбектен—Жолалды» – дейді. «Жанақ балалары – Орманшы» – дейді].

Қазақ орысқа бағынбай, қарамай, малшы бетімен жайылып жүрген күнде... [55].

Тайшы – қалмақ тілі [56].

Тобықты-Көкше атанған табынан шыққан Дұтбай болыс тоғыз биімен бір съез қылып жүргенде, Құнанбай баласы Ибрай [Абай] да болыс екен [57]

Байқарадан жеті ақын әзіретке барып...[58].

Қаракесек ішіндегі Қырғыз

...кты Кент болысында Бөкейханға төлеңгіт болып сіңгендер: Ғайса, Мұса – екі ағайынды Қалдыбай балалары. Қалдыбай, Қырымқожа – Қылыштың Қылышының балалары. Қылыш әкесі – Байымбет, Байымбет-«Байқұл» – атанады. Байқұл баласы: Ордабай, Күшікбай. Күшікбай баласы – Айдар молда, мұның баласы Зият мұғалім.

Омарбай үш ағайынды: 1. Рамазан. 2. Омарбай. 3. Мәді. Байымбет, Байқұл әкесі – Қашы: «Жиырма шақты үй бармыз» – дейді Кент елінде.

Қанқожа-Бопының әкесі – Тәтен төре Шоң бидің заманында Бәсентіін төресі болып тұрған. Бұған бітім-тыным жөніне Шоң, Торайғыр келген. Ұлы жүз-Үйсін-Ботбай – Шымырдан шыққан Құдайменде тәуіп те келген. Екеуінің де әңгімесі бар. Тәтен әкесі – Орыс төре. Бәсентіін: «Төре қыламыз» – деп ап келген. Аты Наурыз екен, өзі сары, көзі шегір болған соң, «Орыс» – аталып кеткен.

«Тобықты – Олжайдың үш баласы болған, біреуі – Ырғызбай – «Үш Олжай» – деседі [59].

Арғын – Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік] Күлік ішінде: Шынтемір, Кешубай, Бошан, Бәйтен – төрт ағайынды бай-қожалар болған. Балаларына Боштайдың қызын айттырып, бас «жетімі» үшін Шанагер деген күң берген. Сол күңмен қожаның жылқышысы Рыскелді (Ырыскелді) ойнас екен.

– Осының барған жеріне бірге барамын, – деп, қалың мал үшін берілген жылқыны айдасып келіп, Шанагерді алып, тұрып қалған. Рыскелдінің соңынан Атығай, Байкүшік деген екі інісі іздеп келіп тұрып қалған. Шанагерден-Шақай, Шақайдан-Баймағамбет, Баймағамбеттен төрт бала бар.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанғозы – Төлебай – Едіге – Шоң] Шоң бидің Құтемген деген баласының құлы – Шелекбай (Шілікбай). Бұл Шелекбайға Айран деген күнің қосады. Мұнан туған бала – Оразбай қажы атанды. Оразбайдан-Сары.

Едіге биден бесеу: Шоң, Қиғара, Сарман, Торайғыр, Қосдәулет. Қиғарадан: Нақ бәйбішеде[н] – Шаржау жалғыз. Шаржаудың бәйбішесінен-Добан жалғыз. Осы Добанды, қатыны Балдай үш ұл тапқаннан кейін, Шоң бидің тоқалынан туған Қорабай Балдаймен ойнас болып, Өлеңтінің Қарасеңгірінде-Бозталда мойнынан қыл шылбыр салып, буындырып өлтіріп, Қарасуға тастап, сүйегін ошақ салып, сүзіп тауып алған. Балдайды Қорабай алып кетіп, Қорабайға тиген соң, Садық туған.

Добан өліп, Балдай Қорабайға қатын болғанда, ақын Шөженің бір ауыз өлеңі:

Қызы едің ол Байыстың, атың-Балдай,
Іс қылдың, естіген жұрт таң қалғандай.
Жігіттің өзі құрбы, сарасы еді,
Дегенге не айтасың, Добан қандай?!

Төкі-Шоң баласы, Добан-Шаржау баласы, Шоркен – Ақын баласы – осы үшеуі Ерейменде, бір көлдің басында. Сондықтан ол көлді «Үш мырзаның көлі» – дейді. Өтеміс абыз сонда, моласына қайың шыққан.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанғозы – Төлебай – Елкелді]

Елкелді: бәйбішеден – Құдық бай (Күдік бай), Арыстан, Бекен, Доғалақ; тоқалдан-Өтебас.

Құдыктан: бәйбішеден-Ақымбет, Шокаман, Қожабай. Бір қатыннан – Қожанқұл жалғыз. Бір қатыннан-Көндімбай. Тоқалдан бесеу: Адырбай, Садырбай, Нұржан, Ташкенбай, Рахмет молда. [Садырбайдан] – Оспан. Ақымбеттен: Боқан, Тоқай, Быжықай. Тоқайдан-Жақып, Камен, Төгетай, Добюал. Рахмет молдадан – Фазыл (Файыз) (Файғана), Нәби.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанғозы – Төлебай – Жолан] Жолан: Баркей, Отар, Тәуке.

Баркейден; бәйбішеден – Баймырза, Шау (Шаң), тоқалдан-Жүндібай, Түктібай. Баймырзадан: Құлмырза, (Көлмырза), Асан, Матаған; тоқалынан-Байдәулет. Құлмырзадан – Өмірзақ, онан Рахымбет.

[Беттің сол жақ қапталында көлденеңдеп жазылған ескертпе]: Ескелді – Қарағайлы бұлақта – Көсте – Құтпан бай жерлес болған. Құдықтың тоқалынан бесеу туып, бесеуі бірдей өсіп: «Бес Шоқпар» – атанған. Сонан соң Көсте – Құтпан бай.

– Өзіңнен зорға жерімді сатып, сенен кегімді сөйтіп алайын, – деп, Еламан – Мәстек абызы жерін сатып, шығып кеткен. Бұлар «бес Шоқпар» болса, Мәстек абыз – он шоқпар.

Шоң бимен құрдас екен.

– Сен туған жылы, мен де туғанмын, – деп, «қатты ауыр сөйлегендігінен, Шоңнан қарғыс тиген, – деседі.

Өзіне Жалжа киіп кетіп:

– Сен шіркіп оңбассың – деген екен.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Қаржас – Алтынторы] Алтынторы, Құлыке, Бегім. Бегім – Сатылғаннан: Айтымбет, Таңат, Қоныс, Мәмбет, Жансары. Таңаттан: Батырбек, Атанбек, Тауаса[р]. Батырбектен-Отау, Жанкылыш.

Атанбектен – Қожамберді. Тауасардан: Қосағалы (Құсағалы), Қоске, Қожаберген. Қожабергеннің сексен жасында таптырған баласы – бала күнімізде өзіміз көрген Сексенбай.

Отаудан: Келдібек, Найзабек, Ермек.

Қоныстан – Майлыбай, Майлыбайдан: Есенаман, Жарқын. Жарқыннан – 1. Бақыр. 2. Қазан. 3. Мұрынбай. Бақырдан – Шыман, Шамен.

Айтымбеттен – Қарақалпақ: өмір бойы кара қалпақ киіп жүрген Қарақалпақ – [осы]. Онан [Қарақалпақтан]: Тастен, Дәулет, онан – Пұсыр[ма]н, Сағын, Тоғайбай, Доғалақ. Бактыбайдың «Ұзын Жаманы» – Ермектен: Тоғандық, Сағындық, Қуандық, Еркебұлан. Тоғандықтан – Өмірзақ, мұнан Имамбек, мұнан: Әбу, Айтым.

Жарқын-Қарайғыр шатында, Қаракесек – Асан – Аккісі тамының қасында қойыл[ған]. Құдайберген Қуандықұғлы сөйлеген.

Өтеу, Найзабек, Ермек – үшеуі бір жерде, бір Мұралтайдың Шопан шаты мен Қарайғыр шатының аралығында. Қарайғыр – кісі аты, түбі-тегі Уақ. Қабанбай да – Уақ, Қорымшы Дауылбай да – Уақ.

Баянаула болысында «Жапалақ» – деген жер аты, «Жансары» – деген елдің қо[нысы] – Қа[қ]сал-Жапалақ батырдың қонысы екен. Мұса ат арқасына мінген күнде Қаржаспен қарсыласуға оның үрім-бұта[ғында] көт қайда? Жапалақ ұрпағы тоғайға түсіп кетіпті. «Қақсал – Боранбай – соның ұрпағымыз» – дейді. [Сол 308 – беттің оң жақ қапталында көлденеңдеп жазылған ескерту]: Қарақалпақ, Тастен, Дәулет – үшеуі бір кісінің аты. Шын аты – Тастен, өзі келіпге барұмған (бару маған) болғаннан «Дәулет» – атанған.

Қазақта екі сөз шешілмей жүр: бірі – «Ана тілі» деген [60].

Арғын-Сүйіндік-Күлік

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Өміртай]. Сол Айдабол – Күліктің – Күлігінен – Жаңабатыр бидің інісі Өміртайдың бел баласы Қайнарбай деген бай болған. Бұл Қайнарбай: « Жеті соққанның бірі— Мыңсоққан» – дейді. Сол Мыңсоққан болғандықтан:

– Балама орынды, аруақты, атақты жерден қыз алып беремін, – деп, Қаракесек – «Қаз дауысты Қазыбек» немересі Қанай байдың Ұрпая деген қызын-Жәдік деген жаман баласына айттырып құда болған. Сонда қалың мал бергенде, бес «жақсысы» үшін бір «жетім» берген екен. Ол «жетім» дегені – аты-Болыс екен де, өзі қыз екен.

– Осы, Болысым, с...і асыл, жатыны жақсы. Мұнан туған бала таптырмайтын жақсы болып туады. Және өзі тойшыл болады, өсіп-өнейін деп тұр. Өз балаңа қос, басқа бөтенге беріп жібере көрме, – деп, сынап айтып берген екен. Бұрынғылар бірінің сөзін бірі тақайыр қыла ма?! Болысты Қанай сүткенжесі Бәзіл деген баласына қосқан екен. Қанайдың келіні Бәзілдің [қатыны] болған соң, «Өйелдің болысы» – болыпты.

«Болыс» бәйбішеден: Жылқыбай, Саржан туады. Саржаннан – Жаманкөт қажы. Жылқыбайдан-Қорабай, Шалабай туады. Жылқыбайды, онан туған Қорабайды, Саржаннан туған Жаманкөт қажыны көрген-білген кісілер: «Болыс бәйбіше» – демей, «Дуанбасы бәйбіше болды! – десем нанады. Иа, Қаракесекке барды, құтты да болды, сүтті де болды, бұтты да болды.

«Күлікте кімнен туды, күң болғандығы қалайша?» – сөйлеп өтейік. Күлік – Шобалай баласы-Жаңабатыр – Өміртай болады.

Жаңабатыр «Үш жүзге білікті Жаңабатыр би» – атанған. Және: «Жаламен Жаңабатыр да үш шабылды» – деген жұрт аузында сөз болып қалған.

Өміртайдың төрт баласы болған: Ақбота, Тайлак, Қайнар, Көшек. Бұрынғы заманның бай емесі жоқ, бәрі де бай болған. Оның ішінде өте-мөте: Қайнар ебдейсіз (ептейсіз) бай болған.

Қайнардың балалары: Жәдік, Байтек. Бұл Қайнар байдың заманында Күлік ортасына қалмақтан Қаракөз деген бір қыз олжаға түседі. Жұрт оны Қайнар байға байлайды. Байға қыз зәру ме, күн зәру ме?! Өзінің де малма саналатын ай шелегі бар шығар. Жерошақтың басында, көгеннің қасында жатып жүрген күнінде Шобалай алты ағайынды болған. Бір інісінің аты-Ақай. Ақайдан: Бекмырза, Санмырза. Бекмырза балалары: Бұзау, Сары, Байкел. Сонда Сарысы – «Сары мырза» – атанған. Сол Сары мырзаның Боқа деген баласы бұқалық қылып, Қаракөз қыз тауып: «Іннің түбі – өзімдікі, аузы-әлдекімдікі» – деп, Қайнар бай қыздың атын «Болыс» қойған. Туған кезінде оған ат қойыла ма?! Тілі шыға бастағанда, қылықты, құлықты болып, көзіне көрінгенді жұмсай бастауынан: «Болысым, болысым» – деп, байдың сүйгенінен «Болыс атанған екен» – деседі.

Бұл Қайнар байдың Тоғай бойында Апай – Бөрі деген елде «Қарға тамырлы» қазақ құдандалы сүйек шатысы болады. Сол Апайдың

Тоқтыбай деген бір мосқал кісісі қасына Шалбай деген он жеті – он сегізге жаңа жеткен бір баланы атқосшы қылып, жаз жайлауда жоғалтқан малға жокшы болып Қаракесек – Шаншар елін аралайды. Жолаушыға тамақты тойғыза беретұғын үй керек болып, Қайнар байдың сүйек шатыс жерін іздейді. Бір жаңаөспірім судан шыққан сүйріктей бала атқа мініп, шапқылап жүрген – ел шетінде кез болып қалып:

– Осы елде Күлік-Қайнар байдың күнінікі бар деп еді. Соның үйін білесің бе, шырағым? – дейді. Баланың өні қашып, түсі бұзылып кетеді де:

– Сонау аппақ шағаладай ауылға барсаңыз, сол ауылдағы бас үй, сол сұраған үйіңіз, – дейді.

Бұлар барып түсе қалады. Қанайдың кенжесі Бәзіл байдың үйі екен. Бағанағы ауыл жөнін айтып берген бала сол үйдің өз баласы екен. Қонақ аттанып кеткен соң, бала әкесінен сұрайды:

– Менің нағашым кім? – дейді.

– Сенің нағашың-Күлік – Шобалай немересі – Қайнар бай, – дейді.

– Жоқ, түндегі қонақтар «Қайнар байдың қызынікі қайсы?» – деген жоқ. «Осы елде бір күңі бар – деп еді. Сол күнінікі қайсы?» – деді. Күңнен туып, мен қалай кісі қатарына кіріп жүре аламын?! – деп, долданып жылап жарылуға таяп:

– «Осыны қатын қыламын», – деп, алған сені де, «Балама қатын алып бердім», – деп, біреудің күңін алып берген әкеңнің де...!-деп, екеуінің аузына бірдей жіберді.

Ал, жыла, ал, жыла,-отырғандар баланы аяды, сөзін қостаушы жоқ болса, жарылып өлерлік халге тақалған сықылды. Бір ақсақал Бәзілге ұрысты:

– Жорға бие сой, жоғарғы елді шақыр. Төбел бие сой, төменгі елді шақыр. Ала бие сой, аймақ еліңді шақыр! Бұл «Болыс» келінің сүйегі қалай қылса, ағарады?! Мұның сүйегін ағартудың есебін табу керек. «Көйлек кірі – жуса, кетеді. // Көңіл кірі айтса, кетеді. // Сүйек кірі қайтсе, кетеді?!» Ал, енді жатпа – тұрма, осының қамын қыл. «Бір қыдыр бар – құт қыдыр, // Бір қыдыр бар – тұт-пұт қыдыр», – деп. Түндегі қонақ саған құт қыдыр болмай, тұт-пұт қыдыр, қыдыр болған неме ғой, қайдан қаңғып келді?! Балаға қайдан есіттірді?! – деген соң, Бәзіл бай ағайын – аймағын жиып, ол жиынға сойылатын малды жан-

тәнімен қиып, бұрынғы айтқан емес пе: «Пайғамбар үмбеті көп жиылмайды. // Көп жиылса, тек жиылмайды!» – деп айтыпты дейді.

– Бәзіл бұл «Болыс» келінді қырық кісімен жіберіп төркіндетсін. Төркіндеп барған жолына малдан бөлек, бірі-еркек, бірі – ұрғашы: екі «жетім» берсін! Қара қазанын, қара кебежесін қара бураға артып берсін! Сонда Қайнар байдың өзінің қызы екендігі айқын болып әйгіленеді. Төркіндеп барған жолына екі «жетім» ап келген жанды «күн» – деп ешкім айта алмайды. Сүйек солай қылса, ағарады, – дескен екен.

Бұл мәслихат бойынша Бәзіл қырық кісімен Болысты төркініне жіберді. Қайнар бай да қайнап-тасып төгіліп тұрған күні екен:

–Құдам Қанайға да ризамын (ырзамын), балам Бәзілге де ризамын! Мен өз көзім тіріде оларды жерге қаратпақшы емеспін, – деп, не берсе де, жасып бермеді, тасып берді. Малдан бөлек бір еркек, бір ұрғашы екі «жетім» беріпті.

Еркегінің аты – Малайдар, ұрғашысының аты-Дәнеш. Қара бура-сына қара кебежесін, қара қазанын ошағымен қабат арттырып:

– Мына Болыс өз қызым болмаса, осынша сый – сияпат қыламын ба?! Алшынбай мен Итемген енді былшылдауын қойсын! – депті. Алшынбай-Тіленші бидің баласы.Алшынбай «Бошанның ақ серкесі» – атанған. Сірә, сол екеуі Бәзілмен құрдас болса керек.

Малайдар мен Дәнештен: Томпақай , Күшік – екі бала туып, Күшіктен: Қонақбай, Қоқанбай, Әйнекбай, Тезекбай, Тойлыбай, Қисық, Кенжебай. Томпақайдан да бала-шаға бар, толық бір ауыл болып, бұлар «Жылқыбайдың күшігі» – атанған.

«Токсан ауыз сөздің түймедей түйіні бар»-деп, бұрынғылардың ажжүрек, адал пейілді екендігін мұнан білу керек. Қайнар бай құрттай бала күнінен сезіп, сынап, не боларын, қандай бала туарын айтып беріп тұр.

Өзімшіл емес, жақсылықты, өсіп-өнуді жақын болған кісісіне қиып: «Не болса, соған болсын!» – деп, Қанай да мұның тегін кісі емес екенін танып, аузынан шыққан сөзін жерде қалдырмай, баласына қосып тұр.

Құдайдың шеберлігі, Жылқыбай мен Қалдыбай қожаны оқтай ұшырастырып, екеуінің қағысып бір ауыз тілдескенінен мұнша әңгіме тарап, кейінгіге көп олжа қалып жатыр.

Білгенге – жыр, білмегенге – дүр.

Қайнардың өз ұрпағының мән-жайы Қанай қызы Ұрпаядан екі бала туады. Аттарын: Қорысбай, Сапақ – қояды. Жар-жар айтып был-шылдап: «Нағашым Қазыбек еді!» – деп жүргеннен басқа түк бітірген жоқ.

Сапақтан – Ашықбай, мұнан-Жолды: бала-шағалы, осы күнде бар. Ел ішінде Жәдікпен бір туысқан Бәйтік кедей болған соң, үй ішімен түгел Тоғай түсін кеткен. Бәйтіктен – Сәрсембі. Тоғайға барған соң, Сәрсембі аты қалып, «Берінкетпе» – атанған. Онан туған Әбділда бала-шағалы, осы күнде бар: Тоғайда-Апай ішінде. Бұрынғылар айтқан екен, «Бұхар-екең айтады екен» – деседі:

– Отан алсаң, Жантақтан ал,

Қатын алсаң, қалмақтан ал, –

деп, қартайып кеттім-ау, жасымда – ақ есіткен сөзім еді: «Тентектің ақылы түстен кейін енеді» – делінген.

«Әй, бәрекелді! Әттегене, қап!» Осы үш сөзден басқа тапқан-таянғаным көрінбейді.

Дәнеш-Жалықпастан мал төлеуіне келген қыз екен де, Малайдар іштегі Уақтан мал төлеуіне келген ұл екен. Құл-күң деген байларда болады. Байлар ұрлық қылып, мал төлеуіне құл-күң бермейді. Ұрлықты кедей қылады да, күшті жуан жердің малын ұрлаған болса, төлеуіне ұлы болса – ұлын, ұлы жоқ болса – қызын береді. Бұлай шамалағанда, Жылқыбай Күшіктерінің ата-тегі – Уақ болды да, ана-тегі – Жалықпас болды.

Дәнеш тегі Жалықпас екендігі шын болса, ұрлыққа жалықпайтұғын үрім-бұтақ табылмақ. Және бір сөз – көп ортасына салатұғын. Біз бұрыннан естуші едік: «Үш Жәнібек болған», – деп [61].

Құнанбай Алшынбайдың Жүсіп дейтұғын баласының қызын...[62].

Бұл газет-журналдардан...[63].

Тақпақ. Төйтенің Қондыбайының айтқаны

Уақ: Таңатбай баласы Жаңқабаймен құрдас екен. Жаңқабайды келемеждеу үшін тамам Уақтың мінезін тақпақтап сөйлегені:

Менің атым-Жаңқабай,
Сөз сөйлеймін байқамай.
Ана бетте-Қалдыбай,
Қалмайды онан ол Шабай,
Адьюдант болды Аязбай,
Ойбайшыл болды Молдабай,
Күміс шапты ол Итбай
Жылқы бакты Жолдақай.
Малына жазған Тезекбай,
Өтірікші, суайт Көжекбай.

Көкшетау жағында бір үйге қонған екен: әкелі-балалы екеуі [64].
Уақ-Молдабай деген ойбайшыл, беймаза болғандығы сондай [65].

Сыр бойындағы Төртгөбе-Қыпшактан шыққан Қорлыбай бидің баласы – «Балаби – Досбол атанған [66].

Досболдың бір көп бас қосқан жерде сөйлеген сөзі: «Ханға бергісіз қара бар...» [67].

Қыпшақ баласы Досбол қартайған кезінде Қоңыраттың көп жас билерінің ішінде отырғанда [68]...

Кенесары, Наурызбай: «Балаби-Досболмен» сөйлестіремін, – деп [69].

Досбол бидің қартайып далаға шықпай, үйде отырып қалған шағы [70].

Денсаулық-ғылымының бір тарауы. Дүниедегі жан иесі нәрселердің бәрі де өздерінің есен-сау рақатта болуына тырысады [71].

Қажыға жеті барған –Абылай ханға пір болған – Бегім шайкының... [72].

Жәудіркөз Боздақ бидің қызы екен [73].

Көтеш ақынның өлеңі:

Енем ене болмады, деген болды [74].

Қазақ шежіресі

(үшінші нұсқа)

Арғын-Тобықты шежіресі

[Жанарыс-Қарақожа-Арғын-Мейрам (Момын деген тоқалынан)-Тобықты]

Тобықтының екі баласы: Рысбек (Ырысбек), Дәулетбек [75]. Бұл Дәулетбек бір аста жуан таяқ ұстап, жерошақ басын қорығаннан, «Жуантаяқ» – атанып [76], нәсілі де сол атпен атанды. Дәулетбектің үш баласы: Байқара, Байшора [77], Жиеншора. Байқараның екі баласы: Арқар, Бөкен. Байшораның балалары – Шағырбұға. Мұның үш баласы: Құдайқұл, Қожағұл, Андағұл. Андағұл баласы-Батбанақ. Батбанақ баласы-Қарабатыр. Жиеншораның төрт баласы: Абдал, Жұмық, Абыла, Жаржак [78]. Абдалдың баласы-Ескене. Жұмықтың екі баласы: Нарымбет, Жиенбет. Ескененің үш баласы: Тәңірқұлы, Жұмаш, Бектас. Нарымбеттің үш баласы: Өтеғұл, Бердібай, Өтебай [79].

Өтеғұлдың екі баласы: Төлебай, Көрпе. Жиенбеттің екі баласы: Құлсары, Тоқсан. Төлебайдың бес баласы: Қожакелді, Қара, Қожамбет, Жанқожа, Айтқожа. Құлсарының екі баласы: Құдайсүгір, Берсүгір. Тоқсанның екі баласы: Жәнібек, Тоғызак.

Тобықтының бір баласы-Рысбек, соның балалары: Мұсабай, Көкше, Дадан. Мұсабайдың Үйсінге берген қызынан туған жиенінің аты-Құлық. Жоғарғы «Жуантаяқ» – атанған Дәулетбек, – осы бесеуні: «Бес атаның ұлы-Тобықты» – деседі. Көкшенің екі баласы: Топыш, Томан. Топыштың екі баласы: Башей (Бәши), Шобан. Томанның екі баласы: Қаракүшік (Қаракөшек), Балтай. Шобанның алты баласы: Нәдір, Бірит, Әлім, Жасыбай, Қарабақан, Турабай.

Даданның үш баласы:Есенбақты, Дәулетбақты, Ақсақ. Есенбақтының екі баласы: Манас, Танас. Манастың үш баласы: Базарқұл, Кенжебарак, Тоқал. Дәулетбақтының екі баласы: Ейбескі (Ебескі), Қалдау. Бұл Дадан-Тобықты Қарқаралы оязында (уезінде) екі болыс ел.

Жоғарғы Мұсабай бидің екі баласы: Төленқожа, Сүйірбас. Бұл Төленқожаны Арғынның бір жақсы кісісі: «Мына бір жаман

Тобықты», – дегендіктен, өзі де, тұқымы да: «Жаман Тобықты», – атанды. Сол Төленқожаның екі баласы: Баянай, Шегір. Баянайдың екі баласы: Еспентай, Елібай. Еспентайдың баласы-Текебай, Елібайдың баласы-Мұғал. Мұғалдың баласы-Жөкен. Мұның төрт баласы бар: Таз, Нүрке, Бірке, Ожар.

Жоғарыда айтылған Шегірдің баласы-Байбол, Шегірдің Қыпшаққа берген қызынан туған жиені-Жүзбенбет. Байболдың баласы-Бораншы, оның төрт баласы: Есболат, Әлмәмбет, Айғана, Әбіл (Абыл) және асыранды баласы – Есім. Есболаттың асырап алған баласы – Қайыпберді, оның төрт баласы: Қошқар, Сенгір, Бекей, Текзан. Әлмәмбеттің екі баласы: Кәдір (Қадір), Түбек. Айғананың екі баласы: Игілік, Ораз.

Жоғарғы Мұсабай бидің бір баласы – Сүйірбастың үш баласы: Әлі, Сары, Қожаберген. Сарының бәйбішесінен екі баласы: Мәмбетей (Мәмбетбай), Үмбетей. Қатаған [80] қызы Қоңырбикеден туған екі бала: Мәмбетсопы, Кішік. Мұны жұрттың қобі: «Күшік»-дейді. Қожабергеннің екі баласы: Бегімбет, Жапал. Мәмбетейдің үш баласы: Тәңірберді, Тасболат, Байғазы. Тәңірбердінің бәйбішесінен: Базар, Сағындық, бір қатыны[нан] – Жапар [81], ең кіші қатыннан: Тосбай, Төлек.

Жоғарғы Мәмбет сопының екі баласы: Боранай, Қабас. Боранайдың екі баласы: Жұмағұл, Қожан [82]. Жұмағұлдан алтау: Мамай, Мырза, Баян, Бөкен, Ерсабай, Манай. Тобықтыны Өрдің (Ордың) кара ағашынан осы жерге шейін бастап [келген] Мамай батыр еді.

Қанжығалы абыз Шумақ Боктыбайдың жасауын ұрлап алатұғын мырза Мамайдың ұрлағандығы айқындалғаннан кейін, Арғын ортасында тұра алмай, өзіне ерген Тобықтыны ертіп алып, Найманға ауып кеткен. Боктыбайдың жасауын ұрлағандықтан, бұл жақтағы қалың Арғынға жексұрын болғандықтан, Еңлік, Кебек те бұл жаққа беттей алмай жатқандығы – сол [83].

Жоғарғы Кішіктің бәйбішесінен: Саңмұрын, Байымбет, токалынан: Әнет, Әйтек. «Әнет бабан» – атанып, «Жеті жарғы» – атанған бидің бірі болған және Сырдан ауғанда, «Ақтабан шұбырындыда» тоқсан жеті жасында жүре алмай, төбе басында отырып қалған – осы Әнет бабан. Отырып қалған жері – әулиелі Қызылтау [84]. Артынан іздеп келіп, тірі күнінде тауып алып кеткен. Әулиелі Қызылтауда Әнет аты – жер аты болып қалған елдің барып тоқтаған жері – Ұлы Ертістің белдеуі.

Мамырдың атылған жері – «Мамыр көлі» – атанып қалған. Қалқаман-Мамырдың моласын күзетіп қалып, ақырында сол маңайда өлгеннен, көмілген жері «Қалқаман» атанып, «Қалқаман тұзы», «Қалқаман беті» – аталған.

Бұл сөздің тарихы – Бәсентиін-Қойсары деген ел бар. Қойсарының балалары: Байзақ, Өмірзақ. Өмірзақ-Байзақтан-Байқожа жалқы. Байқожа ебдейсіз бай болған. Бір күн оның үйіне салт атты, сабау камшылы өндірдей бір жас жігіт келіп қонған. Жөн-жобасын сұраса:

– Түбі-тегім жоқ, ұлсызға – ұл болайын. Жақсы болсам, «ұлым» дер, жаман болсам, «кұлым» – дер, – деп, – әке-шеше іздеп жүрген жанмын, – дейді.

– Олай болса, сен маған бала бол, – деп, төбел бие сойып, төрткіл ошақ қаздырып, асықты жілік ұстатып, бала қылды, жылқы бақтырды. Байдың ауылы Мамыр көлінің басында отыр екен.

– Атың кім? – дейді.

– Атым-Қалқаман, – дейді.

Заманындағы жылқышының қақ маңдайы болды. Түн болса, ұйықтамайды. Өлең айтып, зарлайды да, жүреді. «Мамырдан» басқа айтар сөзі жоқ.

Бұл Жәнібек батыр қырғыздан бір баланы қоржынға салып ап келіп, атын Бертіс қойып, онан Күреңше туып, онан – Олжабай. Олжабайдан – Айтбай, Айтбайдан-Сейітахмет, мұның да балалары бар, ағайын-аймағы[да] бар.

Сол заманда Рысбектен шыққан Жәнібек батыр қалмақтан олжалап екі қыз алып келеді. Бірін тоқалдыққа өзі алады, бірін Байқожаға байлайды. Байқожа ол қызды Қалқаманға қосады. Ол қыздан туған баланың атын Байтілеу қояды. Байқожа Байқара шаңырағына ие болатұғын кенже баласы Жұмағұлмен еншілес қылып, малын екеуіне қас бөліп береді.

Қалқаман өзі өлгенде, сол жерге қойылып, «Қалқаман» атанады, көп ұлт бөлады. Түбі-тегін жан білмейді. «Мұнан бұл атақты аламыз» – деп, Бәсентиіннің не шонжары өзін сол жерге қойдырып, көрнекті там салдырған болса да, аталмайды. Қалқаман атын көптік қылып, ешкім

тартып ала алмайды. Ат атанып қалған «Қалқаман тұзы», «Қалқаман бекеті» сол «Мамыр көлі» қасында бұл күнге шейін «Мамыр көлі» атанып қалған.

Қалқаманнан-Байтілеу, онан-Әжібай, онан – Сүлеймен қажы. Өзі: «Бұқа-Күбір» ішінде кімсің?» – дегенге: «Қойсарымын» – дейді. Қалқаман өзі Жұмағұлмен замандас болып, еншіге бірдей болды. Жұмағұл баласы Ағыжан мен Байтілеу бастас, тұстас болды. Ағыжан баласы Жүсіп пен Әжібай бастас, тұстас болды. Әжібай баласы Сүлеймен –Жүсіп балаларымен бастас, тұстас болды. Сүлеймен қажы жалғыз үй емес, он шақты үй бар шығар.

Өнет бабанның бәйбішесінің бес баласы «Ақтабан шұбырындыда» қалмақтың оғынан өлінті. Бәйбішесінің Байболат деген баласынан: Балуан, Бақай деген екі бала бесікте екен. Балуаннан тұқым жоқ. Бақайдың үш баласы: Құрманбай, Жарылғап, Токкожа. Бұлардан тұқым-жұрағат бар. Бұл – Өнет ұрпағы өсімі кем болған... Әйткінің бәйбішесінен-Олжай, тоқалдан-Байбөрі, Қалқаман. Байбөрі «Бәкең» атанып, оның нәсілі мұнда жүз үйдей бар.

Олжайдың үш баласы: Айдос, Қайдос, Жігітек. Жігітектің бәйбішеден: Кеңгірбай би, Сеңкібай; тоқалдарынан: Түлкібай, Қарсақбай, Күзенбай, Жолымбет. Айдостың төрт баласы: Ырғызбай, Торғай, Топай, Көтібоқ, – «Үш Олжаймыз» – десіп келеді [85].

[Мәшһүр Жүсіп ескертпесі]: Шәкәрім шежіре жазғанда, Тобықтыны дұрыстап жаза алмапты: «Жігітектің бәйбішеден: Кеңгірбай би, Сеңкібай» – депті. Және жазады: «Жоғарғы Ырғызбай – біздің төртінші атамыз», – дейді. «Абылай хан мен жолдас болған кісі, оның төрт баласы: Өскенбай, Үсір, Мырзатай, Жортар», – дейді.

Бұл өзі шатасқан да, қағаз бетін орын алдырып толтырып, жан білмейтін жамандарын жазады. Дадан-Тобықты-Қараменде биді жазбайды. Өз заманымызда айдай әлем атын білген Нармамбетті жазбайды. Құнанбай – Бөжей – он бір жыл Құнанбаймен дауласуға жараған Бөжейді жазбайды. Айдай әлемге байлықпен атағы шыққан соқыр Ор[аз]ба[йды] жазбайды.

Құнанбайдың Ыбырайы [Абайы] жолбарыс болып шыққанда, қасқыр болып шыққан: Базаралы, Бағаналы, Қарымсақ, Шопан, – бұл төртеуі қайдан шыққанын жазбайды.

«Естіген құлақтың жазығы жоқ»: біз естіп едік: «Бірі қалса, мені өлтірмей тынбайды!»-деп, Ыбырай осы төртеуін түгел айдатты. Сондай болғаны үшін:

Апырм-ау, аты құрсын Абай деген,
Жылатты мұсылманды талай неген.

Абайың жақсы кісі болған болса,

Қасқырдай өз күшігін қалай жеген?! –

деп, «Осыларды айдатқанына айтылған сөз» – деп, – «Екі кәпірінің бірі – өзінің «үш Олжайы екен» – деп [86].

Біз естіп едік: «Ырғызбайдың қатыны «Елти қатын» атанған. Ол қатын – Өскенбайдың шешесі екен», – деп. Бұл сөздің қайдан шыққандығы Қаракесек-Балта ақын Құнанбаймен құрдас екен. Өз ағайынының бір қызын алып қашып, қатын қылып, Құнанбай елінде көп жүріпті. Бір күн[і] Балта ақын Құнанбайдың үйіне кіріп келсе, Құнанбай өлеңді қоя беріпті:

Ақ құрлар, кара құрлар, құрлар, құрлар,

Бұрынғы хақиқаттан сөзін жырлар.

Қарындасын қатын қып алып қашып,

Ел аралап жүреді-ау арсыз мұрдар.

Сонда Балта ақын айтыпты:

Әуеде ұшып жүрген қара құрлар,

Бұрынғы хақиқаттан сөзін жырлар.

Баласы әкесіне балта жұмсап,

Жынды қатын тұқымы бәдік мұндар! – депті.

Құнанбайдың үйінің сыртында тоғай бар екен. Құнанбай онан бір шыбық кестірмей кориды екен. Бір күн[і] ағаш кесіп жатқан бір балтаның тақ-тақ дауысы естіліпті. Құнанбай қолына балта ала жүгіріпті:

– Ағаш кескен әкем Өскенбай болса да, басын шабайын! – деп.

Барса, әкесі Өскенбай екен, әкесін шаба ала ма баласы?! «Әкесіне балта жұмсап» – дегені сол екен. Және біреудің кейбір мі-

незін жақтырмай, сөйлегендерге: «Нармамбет қанша айтқанмен, Елти қатынның ұрпағы ғой» – дейді екен.

Осыны жазып отырған Мәшһүр де – «Елти қатынның» ұрпағы. Бесімнің бәйбішесі – Бөктік бәйбіше Қыпшак: Қатықұлақ мергеннің қызы. «Қақырғаны – қайма алтын, түкіргені – түйме алтын» болған, моласы Қызылтауда, Қатықұлақ мерген моласы Терісаққан бойында [87].

Бала күнімізде естіген сөз еді: «Тобықты ұраны – Маябоз» – деп. «Ол қалайша ұран болған?» – деушіге былай деуші еді:

– Бұрынғы заманда қазақ-қалмақ жауласқан күнде қалмақ жеңіп, қазақ қашып, ажалсызы басын құрттап құтылған...Қояндай боз атқа мінген бір қатын қалмақтан қашып құтылып, қазаққа келіпті. Байы қалмақта өліп қалған, мұндағы қатынға бай боларлық азамат аз, танымал-танысы жоқ осы қатын аяқсыз қаңғып, қазақ ортасында жүріп, өзі буаз, [е]кіқабат екен. Балгерлік, бақсылық кылып, дерт қарап: «Қақырғаны – қайма алтын, түкіргені – түйме алтын», – болып ауру-сырқау жерге айтпай біліп, сұрамай танып, өз аяғымен жүрні қарайтұғын болыпты. Мінгені қояндай боз ат, өзі күй[лі], жуан, семіз, оның үстіне екіқабат, буаз болған соң, қай ауылға барса, «Маябоз келеді», – дей бергеннен, «Маябоз» – атаныпты. Өзі босанып, ер ұл тауып, баласының атын: «Елетан», – қойыпты. Енді бір сондай түпсіз-тексіз бала пайда болып, оның аты «Елехан» – болыпты.

Елетан, Елехан егіз қозыдай болып өсіпті. Ер жете бастаған соң, қызықты, сүйкімді, өнерлі болып, әркім қызыға бастапты. «Бала қылып аламыз!» – деп, біреуге-біреу қи[май], Арғын, Найман, Қонырат, Қыпшак, – төрт арыс – Орта жүз таласыпты. Сонда бұлар көп ортасында сөзге байлау, матау қылып: «Бәйгеге ат қосайық, қай атымыз озғанымыз алайық!» – десіп, бәйгеге ат қосыпты. Арғынның Ақтобық аты алдып[да] келіп, Арғын алып: «Мұның тұңғыш[ы]...[А]қтобық аттың бәйгесіне келді, [келіп еді]» – деп, баланың атын «Тобықты» қойыпты.

Бұрынғылар айтушы еді: «Ақсопының балалары: Толыбай ұранды Қанжығалы мен Маябоз ұранды Тобықты», – деп. Және қазақта бір сөз бар еді: «Елетан елге тең келді, // Ешкі қойға теңелді». «Бұл Елетан дегені кім?» – дегенде: «Тобықтыны айтады», – деуші еді.

«Кіші жүз орысқа қарап қалыпты, Орта жүз де қарайтұғын сықылды», – деп естігенде, Дадан-Тобықтыдан шыққан Қараменде бидің Кеңгірбайға айтқан сәлемі:

Басында Сырдан көшіп Орға келдік,
Табан тесіп, қалжырап зорға келдік.
«Құл (қол) алдынан құрулы талқы», – деген,
Бұл жаққа баққа келмей, сорға келдік!
«Сәлем, – де Кеңгірбайға, – кел, кетелік,
Мықты сабаз атанды терлетелік.
Дін – мұсылман жұртына бетті түзеп,
Аты жақсы дариядан әрі өтелік!»

Мақалдар

1. Өзі тоймағанның сарқытын ішпе!
2. Боқ жисаң, палау жегеннің боғын жи!
3. Өзі боқ жегеннің боғын жеме!
4. Ақымақтың тізгіні құлағында болады,
Ақылдының тізгіні кеудесінде болады.
5. Ақымақ не істесе, соны малданып жүре береді,
Ақылды ойланады, ақылына сыйса, ұстайды, сыймаса, тастайды.

Тобықты шежіресі жалғасы

Шәкәрім шежіресінде: «Тобықтының аты – таупықты (тауфикты) екен» – дегені өтірік. «Тауфик» – араб тілі. Қазақ оны білмейтін күні балаларының атын «Бокбасар», «Итаяқ», «Құтаяқ» – қойып жүрген күндері.

Екінші өтірігі – біздің аналарымыз: «Қатаған ханы хан Тұрсынның қызы екен» – дегені Қатағанды шапқан, хан Тұрсынды өлтірген «Еңсегей бойлы ер Есім» қырық кісімен барып шапқан. Сонда қырық қыз олжаға түскен, хан Тұрсынның екі қызы олжаға түскен. Біреуін «Еңсегей бойлы ер Есім» өзі олжаға алған, біреуін «Шар жетім Шақшақ» – атанған Шақшақ батыр олжалап алып, баласы Қошқар батырға қосқан. Онан туған – ер Жәнібек. Дәулетбек деген қызды Алтай Тоқаның Тоқасы алған. Ол қыздан туған балалардың аты: Айыт, Қожабарған, Сатыпалды.

Нұрбике деген қызды Шаншар тоқалдыққа алған. Мұнан туған балалардың аты: Тілеуке, Бертис. Оразбике, Қоңырбике деген екі қыздың біреуін Байбөрі алған. Онан туған балалардың аты: Қойке. Және Байборінің: Қыдырәлі, Кедей деген балалары болған. «Қыдырәлі, Кедейміз, // Қойке келсе, не дейміз?» – деседі екен. Бұл екеуі Қойкемен бір туыса ма, жоқ, ежелері басқа ма, – ол жерін айырып біле алмадым. Енді біреуін Тобықты алса, алған шығар: «Тұрсын ханның қызы екен» – дегені өтірік.

«Еңсегей бойлы ер Есім ханның ертегісі [88].

Манатхан баласы Баиір төре Арқаға келгенде, Маңғыт деген төлеңгіті болып [89]...

Айдабол: Сары – Қоңыратбай баласы – Досжан молда:

– Қажы барайын деп едім, не айтасыз? – деп, Ыстықмұрт: Бұқабай қажыға ақылдастым. Сонда маған айтқан ақылы:

– Шын қажыға барғың келсе, жындан: есі бүтін кісі өлсе, бармайды. «Бір кісі жынданса, он кісінің әлі келмейді. Он кісі жынданса, жүз кісі байлап ала алмайды», – деген. «Мал шашқың келсе, сараңға ақылдаспа, // Ерлік қылайын десең, қорқаққа ақылдаспа!» Ағаң сараң еді, ағаңа айтып, аузынан шығара көрме!

Ағасы Есжан молда еді. Бажықтың Әшімінің үйінде Жолмұратқа «Ибраһим-Әдһамды» айтқызғанда, айтқан:

– Саған да мот, өлең қылып шығарғанға да! – дейді.

Керей шежіресі жалғасы

Көрсары, Ақсары, – төрт Сарының екі Сарысының нәсілі-жұрағаты: «Орысқа қарамаймыз!» – деп, Алатау, Алтай тауларынан әрмен (арман) ауып кеткен. Олар бұл күнде Қытайға қарап қалды: «Бодамсыз Керей» атанған. Көрсары, Ақсарыны Тұрлыбек орналастырған Ақмола облысына. Көрсарыдан: Есбол, Есенәлі. Есенәліден: Құдайқұл, Қодас, Жібекке. Құдайқұлдан-Құдайберді. Жібекеден: Жаңбыршы, Жәнібек. Мұнан: Жанғабыл, Досай туады. Соқыр Жанқабылдан алтау.

Сүйінбайдан: Ақыл бес ағайынды. Тау-Көтібақ баласы: Қызылтауда туғандықтан, атын «Тау» қойған. Ақыл-Күлік: Ақыл-Сексен ішінде жүргенде туғандықтан, атын «Ақыл» қойған. Ақылдан тоғыз: үлкені-Асаубай. Асаубайдың кенжесі – Фазыл (Базыл). Фазыл балалары: Бопкен, Ғұбайдолла. Бопкен баласы: Жипалла, Нұрхамит.

Арғын-Қаржас-Талас тарауы

Талас: Қобдан (Қоблан), Имаңке (Именке), Туатай, Жаманқара – «Төрт қара» атанған осыла[r]. Бұлар-Елқонды (Елғонды) балалары. Жаманқара баласы-Дүйсен балуан. Қобдан баласы Құнан талғағындағылар. Қобданнан – Құнан, мұнан-Байбосын. Туатайы – Ораз – саудагер. Әбікейдің Омары. Имаңкеден-Бабатай.

Алтынторы балалары: Азына, Жандос. Жандостан-Кедейбай, онан-Өтебайлар... Азынадан: Айман, Төлек. Төлек ұрпағы-Қарақойтас[та]. Айманнан: Алтай, Қардык, Темек, Төртуыл. Төртуыл баласы-Жантобак. Мұның баласы-Күлік. Ажыны қыстағанына 1931-інші жыл, қой жылында 73 жыл болған: балалары: Ниязбек, Анафия, Сүлеймен, Әубәкір. Анафияның тоқал[ы]-Керей-Көпен қызы. Онан туған балалар: Сұлтан, Қажыбек.

Түрлі деректер

«Ғышмания» аталған түркілерінің баба уаждатлары: Оғуз, Түрікмендерінде (түрікменлерінде) қайы шығпасынан бәдәуи көшпелі (көшмелі) тірлік еткен ұлан бір қыбыла еді. Шыңғыс уақытына қыдыр елі мың ғана дін алұрға бір қыбыла өлмішлар Сүлеймен Шатұғлы ортғырыл діндер. Сұлтан ғылайалдулеге қатар. Монғол әскерін (ғаскерін) тармар қылып, 70-ғада опат болып. Ұғлы Ғышманқазының орнына қалдырмыш. Ол күнде тұрған жері Анқарада болмыш Сұлтан ғылайалдуладен кейін оның орнына тахытқа отырып халайха болған дейді.

Ескі тарихтар баяны бойынша Быжнактар Оғыз ханның төртінші ұғылы, Көк ханның екінші ұғлы Быжина хиғадына мініп түркілерді:

Түрік, түрікмен, қазақ, қарақалпақ тұқымдас жұдалысы: түрік,, түрікмендер, жұрыны: қазақ, қарақалпақтар.

Бір уақыт Иран мемлекеті, не ындіста, не қыдыр кеңейтміш ұлан Мәшһүр нәдіршат фиша рәсімлі бір түрікмен қыбыласын діншат етпес бір түркі еді.

Кешегі Исатай батырға жолдас болған Махамбет батыр: «Осы Нәдіршат жұрағатымыз» – дейді екен.

Манжұр – татардың бір атасының ұлы. Бұ күнде исламит (силамит) ұлған Қытай падишаһлары Манжұр-Құмындин – Татар ұғлы бір

түрік дүр патша Есірейіні қоршаған. Татар шаһары дүр-сыл. Қытай шаһары-Татар шаһары Харжында дүр. «Қытайда жетпіс миллион мұсылман бар» – деседі. «Қытай патшасының пай тахтысы-Пекин шаһарында отыз бес мешіт жанғы бар», – дейді.

Ұлы жүз Үйсін-Ошақты-Жалайырдың Жалайырынан Болтірік би деген би шығыпты [90].

Бәсентиін шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін – Токмайдан] Акмайдан – Токмайданның Токмайданынан – Қатыс. Қатыстан: Маңдай, Тілмәмбет. Маңдайдан: Айтай (Айтпай), Есенкелді, Андас, Келдес. Жаугершілікте екіқабат буаз қатын Андасқа келіп тиген.

– Кімнің қатыны едің? – дегенде:

– Сарайкентте Сары абыздың қатыны едім, – деген.

Іштегі бала туғанда, атын Иман қойған: – Бұл Иман толық жерден келген бала, – деп.

Бұл «Сарайкент» деген жер – Алтын орда-Жошы ұлысының зор дөкей ханы тұратұғын жер. Бұрынғы заманның ноғайлары: «Сарайкент» – атаған. Бұл күнде Еділ суының бойында Астрахань (Аштархан) мен Саратовтың арасында Тсарив деген қала.

Иманнан Өкей (Укай) туады. Өкейдің бәйбішесінен-Есенбай (Исамбай). Бұл Есенбайдан: Бағай, Секербай. Органшы қатыннан – Тілеуберді, кенже тоқалдан-Дәулетбай. Дәулетбайдан: Тілеукабыл (Тілеуғабыл) батыр туады. Тілеукабыл аты қалып: «Батыр» атанып кеткен. Тілеукабыл батырдан: Түгелбай, Құндақбай, Серкебай, Еділ, Еркебай, Қабанбай. Түгелбайдан – Құрамыс. Құрамыстың қатыны Күлік: Ақай – Сары мырзаның баласы-Бапақ, Барақ. Құрамыстан – Сәрсен. Сәрсеннен-Тұрсынхан. Тұрсынханнан: Ағзам, Симазым. Исмайыл – Самарқан-Сәрсеннің тоқалының балалары. Тілеукабыл батырдың тұңғышы-Ақша, мұнан-Дербісәлі, мұнан-Таңатар, мұнан-Жүсіп, мұнан-Қалимолда. Қалимолдадан – Хамитмолда, Ақсақмолда, – десе, әркім біледі.

Имандағы екі мұртымыз: Хамитмолда, Тұрсынхан.

Иманның бір тарауы: Иманнан-Жирентай, мұнан Орал, Байқұлақ. Бұлардың заманында қалмақ шауып тоғыз кісі «салт басты, сабау қамшылы» Найманға қашып барып, онда да қалған, мұнда да келгені болған. Бұл Орал, Байқұлақ тұқымын: «Боранбай», – деседі.

Арғын шежіресі басы

«Ұлан жасындағысын ұмытпайды», – деген бар ғой. Мұса, Секербай заманында бұрынғыларға заманы жақын, «құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар: ұқпа құлақ», – қариялардан естуімізше жазылған сөздер.

Алшын:Құдыс байдың қызы Нұрфая бәйбіше қолында қалған кенжесі: Сүйіндікті, Бегендік, Шегендікті, Қаржасты, – төртеуін бала қылып асырап, төртеуіне қатын алып беріп, енші беріп, сол төртеуін: «Төртуыл», – деп атаған.

«Қуандық марка туып, ерте ер жетіп, алты баласы ат арқасына мініп, азамат болған күнде Сүйіндіктің отауы сонда түсіп, қайыны – Ұлы жүз: Үйсін – «Өгізби» – атанған кісі екен» – дейді. Қуандық та өсіп-өніп кетеді, Қарқабаттан туған Болатқожа да құрттай құжынап, ... быжынап өсіп-өніп кетеді.

Мына төртеуі бірен-саран аз туып, «аздың атасы бір», – дегендей, ұйымдасып, «бір ауыл, бір бауыр» болысып: «Төртуыл» – атында қалған. Әрқайсысы өз алдына ел атанып бәрінің ішінде өспегені Малай, Жәдігер болғандықтан, олар күні бұл күнгеше «Төртуыл» атында. Және өздері бауырмал, Найман ортасында өсіп-өнгендіктен, Ұлытау, Кішітау солардың ата қонысы еді. Кеше Кенесарыға еріп кеткендіктен, ол қоныстарынан айырылып қалған.

Бегендік ерте өліп, қатынын Сүйіндік алып, Оразкелді Бегендіктен туып қалған. Сүйіндік алған соң; бұл қатын бір ұл тауып, баланың атын Сүйіндік қойып: «Суғыншы» – аталған. «Оразкелді, Суғыншы» – аталып жүрген осы екі бала – Сүйіндік өлген соң, бұл қатынды Темеш алып, онан туған баланың атын Ораз қойған. «Осы қатын – тиген байы да өле береді – соңғы тиген байынан бір ұл таба береді. Бір қатын бес елді өсіріпті», – деп, Темеште бір Балабек деген тақылдақ қария сөйлеп еді.

Орақкелді баласы – Тәңірберген, Суғыншы баласы-Шуманак, Мәжік болады. Тәңірбергенді бесік баласы күнінде тауып алғаннан, «Тәңірберген» қойған екен. Тәңірбергеннен: Ораз, Малқар, Жұлым, Хомн. Сәріктің балалары: Қожамберді, Тоқтас. Тоқтастың бәйбішесінен: Абыл, Тілеу, Құлтай, Тінібек, Төлек, Темір, Сәдібек – Есіл бойындағы «Қара Қозған». Сексен жасында алған тоқалы – Сарықыз. Мұның балалары «Сары Қозған», шешесінің атымен «Сарықыз Қозған» атанды.

Шуманактың қатынының аты-Жолбике, мұнан туған: Жанболды, Құлболды, Жолболды. Жолболдысы – Орманшы. Қожамберді балалары: Байназар, Есназар, Қозыбақ: «Үш ата Қозған» атанған осы үшеуі «Байназардан бір Мәмбетәлі деген шығып, «алты атаның ұлы»-Қозғанға өсиет-үлгі сөйлепті» – деген сөз бар. «Есіл бойындағы «Қара Қозғаннан»: Абыл, Тілеуден – «Әз Тәйтеке» шығып, Үш жүздің баласына өсиет-үлгі сөйлепті» – деген сөз бар.

«Әз Тәйтеке, би Тәйтеке, құт Тәйтеке, зайыр Тәйтеке – бір өзіне жеті ат қойылған Тәйтеке» – атаныпты. «Қозған – деген кісі аты емес, қозғала бергендіктен, қоза бергендіктен, «Қозған»-аталған», – дейді. «Қаксал – деген де кісі аты емес, қақсай бергеннен, «Қаксал» – қойылған», – дейді. «Қаксал-алты атаның баласы», – дейді. Қоңыр, Сары, Пұлтай (Бұлтай), Шекем, Қырғызәлі, Нәдір – бұрынғылар: «Қозғаншың қозы-қойлық залалы болады» – [деген].

Қозғаннан: бір келінше[к] қатын қалмаққа олжа болып кеткен жерінен Малқар батыр іздеп барып, алып келіп, сол қатын буаз екен, келсімен, ұл тауып, атын Қалмақшы қойған.

«Бұрынғылар айтқан екен, – деседі, – Қаржаста – Мәмбеттен қыз алма, Айдаболда – Баяннан қыз алма, Күлікте-Жапалақтан қыз алма, Қозғанда-Қалмақшыдан қыз алма! – дескен екен» – дейді.

Қозыбақ баласы: Матай Құдайқұл, тоқалынан-Жылқыайдар. Матай балалары: Сатай, Шумақ, Жәнібек; тоқалынан-Есен. Жәнібектен: Итаяқ, Ноғай балалары: Отыншы, Сушы. Есеннен-Батырбек, мұнан-Шоқат; мұнан-Ербай, мұнан-Хамит, мұнан-Мұбарак. Жылқыайдардан: Абыз, Намаз. Абыздан: Шабар, Шаншар. Шабардан-Қуаныш, мұнан: Мергенбай, Тұрғынбай (Тұрғымбай). Мергенбайдың бәйбішесінен – Абылқас, тоқалынан – Серікбай. Шаншардан-Шәкі, мұнан Жүзбай молда, мұнан – Сағынбай.

Шу ауданы Қырғызстанмен шектес, Жетісу орталығы Алматыдан 250 шақырым [91].

Қазак шежіресі

(төртінші нұсқа)

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан, Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол]. Тайкелтір, Қожакелді – Айдабол бидің тоқалының балалары [92] қалмақтың қосынына кез болып, екі бала жау қолына түсіп Қожакелді өліп, Тайкелтір тірі қалған. Сонан соң Айдабол мұндағы балаларына енші үлестіріп, екі балаға арнап сыбаға қалдырмаған. Қалмақ ханы Тайкелтірдің бір ауыз тауып айтқан сөзіне риза (ырза) болып, босатып қоя берген. Келген соң:

– Еншіден құр қалдым, – деп, жылап қоя бергенде, Айдабол би айтты дейді:

– Мұндағыларға шөп кіндікті малды бердім, саған ет кіндікті адамды бердім. Мына Бөктік, онан туған Қосжетер—сенің еншің. Қара бауыр қылып ал, менің кісілігім сенде қалады, – деген соң, риза болған екен.

Қарабатыр мен Қошқарбайға қатысты шежіре

Орал тауындағы Естектің ханы – Байындер ханның жалғыз баласы Қарабатырды бала күнінде Түрікпен жұртының жортушылары ұрлап алып кетіп, еліне апарған соң, қозы бақтырып, қой бақтырып, аш-жалаңаш сақтап, жөнді тамақ бермеген соң, бала далада қой сауып, қорықтық қылып ішіп, ауқат кешіріпті. Бір күн[1] бала далада қамығып жылап отырса, қасына қарғалар келіп қонады. Бала қарғаларға айтады:

Қарғалар-ау, қарғалар,
Қанды көрсе жорғалар.
Тұмарымды ал сана,
Біздің үйге бар сана,
Сағынып жүрген әкеме
Тұмарымды берін қуантып,
Жүрекжарды ал сана!

Қарға бір қарқ етті, ұшып кетті. Бір мезгілде сауысқан келіп қонды.

Ай, сауысқан, сауысқан,
Өлексе жеп тауысқан.
Тұмарымды ал сана,
Біздің елге бар сана.

Сауысқан да шик-шиқ дейді де, ұшып кетті. Келіп тырна қонды.
Ұзын мойын тырналар,
Қайырымды мырзалар,
Тұмарымды ал сана,
Біздің елге бар сана.

Тырналар да тырау-тырау дейді де, ұшып кетті. Қаздар келіп қонды.

Ай, қаздар-ау, қаздар-ау,
Сіздерге айтқан наз бар-ау,
Тұмарымды ал сана,
Біздің елге бар сана.

Қаз да қанқ-қанқ деп ұшып кетті. Аққу келіп қонды.
Колден ұшқан қуларым,
Құс төресі туларым,
Тұмарымды ал сана,
Біздің елге бар сана!

Аққу тоқталыңқырап, көлденеңдеп тұрды да, ұшып кетті. Біраздан соң қарлығаш келді.

Ай, қарлығаш, тамыр-ай,
Жауда қалдым жабыдай.
Тұмарымды ал сана,
Біздің елге бар сана!

Қарлығаш ұшып олай да кетті, бұлай да кетті. Ақырында кимады, баланың келіп тізесіне қонды. Бала ойлады: «Әкем тұмарымды көріп, таныса да қай елде екенімді біле алмас. Бұған бір белгі салайын!» – деп, өзінің қолын пышақпен шаншып қанатты да, қанымен тұмар үстіне түрікпеннің таңбасын салды. Сөйтіп тұмарды қарлығаштың мойнына байлап, елінің, әке-шешесінің, жалғыз қарындасының барлығын айтып, ұшырып қоя берді.

Қарлығаш ұшты аспанмен,
Баланың айтқан жұпшармен (жоспармен),
Асқар-асқар таулармен,
Айдын шалқар көлдермен,
Батпақты лай шөлдермен,
Түрлі-түрлі жерлермен,
Қос қанатын қамшылап,
Аспаннан катер көрінсе,
Таса жерді жамшылап,
Үстінен тері тамшылап.
Неше мерзім жерді өтті,
Неше мерзім елді өтті.
Нак отыз күн болғанда,
Бір ауылға дәл жетті.
«Баланың айтқан ауылы
Осы ма?» – деп, мезгепті.

Бұл ауылға келген соң, қарлығаш әр үйдің төбесіне қонып, адамын байқап жүрсе де, баланың айтқанына ешқайсысы ұсамайды [ұқсамайды]. Сөйтіп шаршап қалғып отырғанда, бір ыңырсыған кемпірдің дауысы шығады. Қарлығаш құлағын салып тыңдаса, кемпір айтады дейді:

Ау, шырағым, құлыным,
Маңдайымда тұлымым.
Көлге біткен құрағым,
Жалғызым-ау, шырағым,
Жау алды ма, білмедім,
Су алды ма, білмедім,
Аң алды ма, білмедім.
Жөніңді біліп, шырағым,
Құрбаның болып олмедім.
Жиырма төрт ай болды
Мінеки, мен жалғызды көрмедім.
Онда қасында отырған бір еркек:

– Сен қоя тұршы! – деп, оны жылатпай, тоқтау айтқан кісі болып, өзі еңкілдеп жылап қоя береді:

Жалғыз біткен тал шыбық,
Келбетің келген, қарағым,
Бір дерегің білінбей,
Дүниені кезіп қарадым,
Аш бурадай жарадым!
Он екі мүшем сөгілді,
Аш күзендей бүгілді.
Таулардың тасат тасындай
Берік-ақ еді сүйегім,
Өрт шалғандай егілді.
Қайда да кетті, сұңқарым,
Үміт еткен тұлпарым,
Бір көрсетіп алмады,
Сол ғана болды-ау іңкәрім!

Мұнан кейін бір жас қыз бала әке-шешесін тоқтатып, сөйледі:

Наркескен деген алмастай,
Асыл еді негізің.
Бірге туған егізім.
Сен тұрғанда ойлаушы ем:
«Арғымақ ат мінермін,
Асыл киім киермін.
Тең құрбымнан ілгері
Мен жарқырап жүрермін,
Биіктен талап тілермін!
Ойын-күлкі сауықпен
Қызық дәурен сүрермін!
Егізімнен айрылып,
Ақша беттен қан кетті,
Денемнен қызу жан кетті.
Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жап-жас қана күнімде
Мына бізден сән кетті!
Ай, қартымыз, қартымыз,
Көзіңнің жасын тартыңыз,
Мен бүгін бір түс көрдім,
Әжептәуір іс көрдім.

Түсіме жору айтыңыз.
Қолдан ұшқан сұңқарым,
Қайта қонып жүр екен.
Үйірден жойған тұлпарым
Қайта келіп жүр екен.
Тетелес туған бауырым,
Үйге келіп жүр екен.
Бізге Құдай берген-ді,
Кісі көрмес өлгенде.
Бабай түкті Шашты Әзи
Нақ сарт болып кетпесе,
Өтірік елес етпесе,
Хабар алып алыстан
Бір қарлығаш келген-ді!

Бұл сөзді естіген соң, қарлығаш сып етіп жетіп келіп, бай, бәйбішенің алдына қонады. Мойнында жүрген тұмарды көріп, танып, қуанғаннан жылап жіберісті. Тұмарды алып, таңбасынан Қарабатыр Түрікпен қолына түскенін біліп, ат жаратып, адам жиып, Байындер хан Түрікпенге аттанып кетеді.

Сол күндерде біздің қазақта Құлан-Қыпшақтан шыққан Қошқарбай батыр деген батыр болған күні екен. «Қошқарбай келеді!» – дегенде, қалмақтың, қырғыздың, Естектің жылап отырған баласы уанғандай болған екен. Осы Қошқарбай батыр: «Орал тауындағы Естекті шабамын!» – деп, аттанады, қолында имандай сақтаған түбітегі Естек Жақып деген молдасы бар екен. Аттанарда:

– Осы жолғы олжамның алды – сіздікі. Молдам, батанды бер! – деп, молдасынан бата алып аттанады.

Бара шетіпен кіре Естекті шабады. Алдынан үріп шығар итен басқа жан жоқ. Іздегені – дүние, белшесінен (белсесінен) батып, «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» жебір-жесір қылып қайтады. Артынан желмаяға мінген бір қатын жалғыз қуып жетеді.

– Қошқарбай батыр қайда, Қошқарбай батыр қайда?-лап.

«Анау-Қошқарбай, мынау-Қошқарбай», – дегеннің бір де біріне назар да салмайды, тұпа – тура айтпай танып, сұрамай біліп, Қошқарбай батырдың тап өзіне келеді. Атағы жер жарған Қошқарбай киіктің асығындай, иттің шөкісіндей, бас-аяғы бармақтың көлеміндей –

көер көзге көруге тұрмайтығын тырнақтың көлеміндей, көздің көлемі толмай тұғын жан екен.

– Қошқарбай батыр сенбісің? Бәрекелді даңқына, өлім берсін сиқыңа! – депті. – «Иесіз елді батыр шаппайды, қатын шабады» – деуші еді. Батыр емес екенсің, қатын екенсің! Жалғыз балам Қарабатыр Түрікпенде тұтқында қалып, қарлығаш қанатынан хабар алып, байым Байындер хан елінің іске жарар азаматын алып, Түрікпенге кетіп еді. Қолымда қалған жалғыз бибегім мына бір құрттай бала олжаңа түскен екен, ұрғашының құмайы еді. Өзің ал, басқаға берме! Әйелдігіме бақсам, бір бала айырып алып қаларлық әл-қуат өзімнен де табыларлық, атың шыққан ер едің, меселінді қайырмайын. «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» – деп еді. Қарабатырым аман келер! – деп, жақсылыққа жорып тұрмын! – деп, баланың маңдайынан бір иіскеп, қайтып жүре беріпті. Қошқарбай батыр үйіне аман-есен келіп түскен соң, Жақып молда:

– «Батыр кісі айтпайды, айтса, айтқанынан қайтпайды» – деуші еді. Уәденіз бар еді: «Олжамның алды – сіздікі» – деген, – деп айтқан соң, Қошқарбай батыр сөзге келмей, қызды молдаға беріп, жеті ұл туып, біреуінің аты – Жайықбай. Жайықбайдан Қыпшақ-Ибрай: «Молда баласымыз» – деп атанған мән-жайы – осы. Бұрынғылардың: «Ат – биеден, алып-анадан» – деген сөзіннің мәнісі – осы. Айғыр да естек, бие де естек, туған бала тұлпар жалғыз Ибрай емес, Молда баласы теп-тегіс дұрыс адам сияқты туады. Шонтыбай, Батырқожаларды: «Ибрайдан басқаң болды», – деп ешкім айтпайды. Біздің бұл Арқада Ибрай сөкеу болды, үшеу тіпті болған жоқ. Бірі – Қыпшақ-Ибрай – Жайықбай баласы, бірі – Тобықты – Ибрай Құнанбайбаласы. Ол екеуінен басқа Ибрай болса, сұмырай болды дей бергіштен сөз қалмақ, томырлықты тұнжырлардан бөз қалмақ.

Найман шежіресі

[Жанарыс – Момынқожа – Найман – Төлегетай – Қаракерей] Қаракерей баласы: 1. Ерторы, Байторы. Ерторы балалары: 1. Қызылым. 2. Жиренім. Жиренім баласы-Байсыйық (Байсасық). Бұларды «Семіз Найман» – дейді, беске бөлінеді: Мыңдыбай, Төбет, Жанқұлы, Жаңбыршы, Қарамолда – үш қатынның баласы. Байторыдан: Тайлақ, Жайнақ, Айрам, Майрам. Айрамнан-Қожамбет, Майрамнан-Байыс.

Байыстан бесеу: Сыбанкүл, Ақымбет, Мәмбеткүл, Сары, Тоқабай [93]. «Тоқабай Сарыны сэнге сабайды» – делінген. «Білсең, Кегенбаймын; білмесең, дегенбаймын» – деп келеді. Тоқабайдың жуаны Кегенбай, Байел болады.

Байыс жуан ел, оған қарағанда, Байсыйық – нашар ел. Бұрынғы заманда Байсыйық малы қолға түссе, Байыс ата малындай көріп, меншіктеп, төлеу бермей кетеді екен.

Біздің қазақта Қожа деген бар. «Бұл Қожа дегенің кім?» – деп сұрасақ, «Пайғамбар әулеті» – дейді [94].

Қанжығалы шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – (Момын деген тоқалынан)-Ақсопы – Қанжығалы – ... Әлдекүн – Ақша – Бөгенбай. Ескерту: Қанжығалы мен Әлдекүн аралығындағы жалғастырушы аталар аты белгісіз – Е.Ж.] Қанжығалы – Бөгенбай батырдың бәйбішесінің аты-Баяу, мұнан: Тұранәлі, Тұрымбет. Тұранәліден-Бапан би, мұнан-Саққұлақ. Мұнан жеті ұл: біреуі – Нұралы, мұнан: Барлыбай, Олжабай. Барлыбайдан – Төлебай (Толыбай).

Қалмақ қызы Қамырқаннан – Жылқыбай, мұнан –Төлеген. Төлегеннен толып жатыр: біреуі – Жұман. Жұманнан: Ахмет, Әліакпар. Және қалмақ қызы бір қатынның аты-Лаба. Мұнан да кісі білмейтұғын уақ-түйек толып жатыр. Қалмақтан олжаға түскен екі қыз: бірі – Лаба, бірі-Лаға. Лабаны Бөгенбай алған да, Лағаны Олжабай алған. Екеуі де жайсыз оңбаған қыздар болса керек.

Төлеген « бай Төлеген, мырза» – атанған. Ас айын алты атанға қымыз артып барады екен, қыстауына қырық сан тастап кетеді екен: «Өркім тауып алып олжалансын», – деп. Өзі көксау, түні бойы жөтеліп шығады екен. Жөтеле-жөтеле жалығып, тірліктен безер болып: «А, Құдай, иман бер!» – дейді екен. Онда кой күзетіп жүрген жалшысы Бестемше:

– Бердім, бердім! – дейді екен.

– Құлдық, құлдық! – деп, сүйсінеді екен. Ертең таң атқан соң, ауыл-аймағы, балалары:

– Ол Бестемше ғой! – дегенде,

– Кім болса, ол болсын: беруші берді де, мен алдым, – дейді екен. Иман алғанына айылы берік, әбден сенімді екен.

Өмір бойы қатынға жатқанда, суға түсуді білмейді. Оны ұнатпағанға беретұғын жауабы:

– Бұқа бұтын жуа ма? Айғыр бұтын жуа ма? Қошқар бұтын жуа ма? Құтын жуған оңа ма?! – дейді екен.

Әлдекүннен: Әлібек, Ақша, Ақшадан: Көлбай, Бөгенбай. Көлбай есер, есаландықпен бала күнінде бір аста Әлібектің үсті-басын майлай берген. Сонда Әлібек:

– Мынау өскенде, менің тұқымыма таң атырып, күн шығармас, – дегенде, Ақша:

– Мұны айтасың ба, үйде бір қара бар. Тұқымың соның тепкісінде шіриді, – деген.

– Ендеше мен тұқымымды оның тепкісінде шірітпейін, – деп, бөлініп көшіп кеткен. Сол бойымен бөлек өсіп-өніп кеткен. Көкшетаудан әрі «Әлібек қарағай[ы]» – деген жер бар. Сонда ол айтқан шойқарасы Бөгенбай екен. «Бөгенбай әкесі – Әлдекүн, Әлдекүн әкесі – әлде кім» – делінген бұрынғыдан айтылып келе жатқан сөз бар.

Саққұлақ балалары: Бектұрған, Жұман, Нұрмағамбет, Байымбет – бір қатыннан. Талас қызынан: Ахмет, Нұралы, Ералы. Нұралы өлгенде, Саққұлақ:

– Жалғызым-ау, жалғызым! – деп зарлаған екен.

Көрге салғанда:

– Бөгенбайдан келе жатқан кәрі аруақ, қара бақ, көзім тіріде сені қолымнан көрге салдым-ау! – деп, жылаған екен.

Маңайында тұрғандар:

– Перзентсіз, баласыз емессіз ғой, алтауы аман тұр ғой, – деушілерге:

– Орыстың оразасындай бірде бар, бірде жоқ көшпелі шіркінді не қылайын?! – деген екен.

Саққұлақ болыс күнінде Қыпшақ Ыбырай аға сұлтан күнінде алым тапсыру үшін қызмет жұмысына Жаншуақтың Мұсасына

бір қой, Керімнияз Бакибаласына бір қой, – осылар бәрі де айтқа шалды. Сол жазда Баязит бір қошқар, Әшім (һәшім) бір қошқар, Акмырза бір қошқар, Керімнияз Бакибаласы бір қошқар, топ аяқ Аршалы диуана бір қошқар, Шұғаевқа бір қошқар және екі қой. Әміре Көппайбаласына бір қошқар. Екі Әбенге екі қой, Қоқышқа бір қой. Әбен Аязбаевқа бір ту қой. Қабылға (Фабылға) бір ту қой, Мәдине қарындасымызға бір қошқар, Сүлеймен Шақотбаласына бір ту қой және бір тоқты.

Осы жылдың қысына қарсы Мұхаммедәмен Ташкентке кетті, бір қыс Ташкенде тұрып, жаз шыққан соң, июнь айында қайтыс болды. 21-інші жыл, 18-інші июньде-Құдай рахмет қылсын! Мәшһүр мұнан бұрын өзі айтқан еді: «Батасында қабылдық жоқ шайтанның, Құдай сорлы жаратқан кедей иттің!» – деп. Осынша иттің бірінің аузына Құдай салмаған ғой: «Малы-басың аман болсын!»-деп.

Осы қойларды үлестірген жаз Разембург мал санап алды. Сонда Мәшһүрдің өз қолында қойдан он үш тұяқ бар екен, бөлек көгендеулі жатты. «Мәшһүрдікі» – деген соң, алмады. Басқа кедейлерден: төрт қой болса, бірін алып отырды. Сонан соң Мәшһүр айтты:

– «Орыстан қалды деп, олжа кормейін, Құдайға берейін!» – деп, жылқыдай қошқарды дәл сол күні қарындасым Мәдинаға бердім. Бір үлкен қой Шақоттың Сүлейменіне бердім. Және бір тоқты, о да Сүлейменге бұйырды. Бұ да бір харық ғадет.

Күліктен шыққан Жамшыбай ақын [97]...

Күліктен шыққан Котеш ақын [98]...

Тоғай бойында Едігебаласы Бейсенге біреудің айтқаны:

Сенің әкең Едіге,

Сарнаушы едің еліге.

Сарнамасқа бола ма

Қызыққан соң төс пен теріге.

Қозыбақ, Малбағар, Қойбақ. Қозыбақтан: Жансалық, Байсалық. Малбағардан-Жақып. Малбағар өзі Әкімбекпен құрдас екен.

Ес, зейін: көру есі, есту есі [99].

Арғын-Сүйіндік-Күлік шежіресі жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Шобалай]. Күлік – Шобалай баласы – Өміртай. Мұның балалары: Ақбота, Тайлақ, Қайнар, Көшек. Сол Қайнар бай болыпты. Қаракесек-Қаз дауысты Қазыбек ұрпағы Қанаймен құда болып, Жәдік деген жаман баласына Қанайдың Ұрфая деген қызын айттырып, сонда қалың мал бергенде: «Бас «жақсысы» үшін бір «жетім» бер» – депті. Ол «жетім» аты – Болыс екен, өзі қыз екен. «Бұл өзі жатыны асыл жақсы бала туайын деп тұр және де өсімді, төлшіл болады» – депті.

Сонан соң Қанай өзінің кенжесі Бәзілге қосып, онан: Саржан, Жылқыбай туып, Саржаннан – Жаманкөт, Жылқыбайдан Қорабай туған. Күндердің күні болғанда, бұл Болыс бәйбішені «күндіктен» – шығару үшін, қырық жолдаспен төркіндете жібергенде, малдан бөлек бір еркек, бір ұрғашы, – екі «жетім» берген. Еркегінің аты – Малайдар, ұрғашысының аты – Дәнеш. Қара бурасына қара кебезесін, қара қазанын ошағымен қабат арттырып:

– Мына Болыс қызым болмаса, осынша сый-сыяпатпен жөнелтем бе? Алшынбай мен Итемген енді былшылдауын қойсын! – депті. Сол Малайдар, Дәнештен:Томпақай (Томғақай), Күшік – екі бала туып, Күшіктен: Қонақбай, Қоқанбай, Әйнекбай, Тезекбай, Тойлыбай, Қисық, Кенжебай – өз алдына толық бір ауыл болып, бұлар «Жылқыбайдың күшігі» – атанған.

Болыстың шешесі – Қаракөз деген күң – қалмақтан олжаға түсіп, Қайнарбай байланған екен де, ол Қаракөз Сарымырзаның Бұқа деген баласымен ойнас болып, сонан туған бала – өзі Қызаты болыс екен.

Қанайдың қызы Ұрфаядан туған балалар: Қорысбай, Сапақ жар-жар айтып былшылдап жүргеннен басқа түк бітірген жоқ. Сапақтан-Ашықбай, мұнан-Жолды. Ұрфаяның байының аты-Жәдік. Жәдікпен бір туысқан Бәйтiк кедей болған соң, әкесі Қайнармен туысқан Күшікті қанжығалап, Апай, Бөрі ішіне барып, сонда қалған. [Ескерту: Осы мәтін орын алған 1176-папканың 82-бетінің оң жақ қапталына көлденеңдеп мына қосымша жазылған: «Алшынбай – Тіленші баласы: Итемген, Сәдібек. Мұның баласы-Жұман, Жұман баласы – Хасенолла еді»].

Бәзіл – «Байлықта үш Бәзілдің бірі» – атанған. Жылқыбай жиексіз мырза болған. Сонда қалың малдың бас «жақсысы» үшін берілген

күн «Болыс апай» атанып, Сүйіндіктің ең жақсысына «Болыс апай» атанған.

Дәнеш – Жалықпастан мал төлеуіне келген күн. Малайдар – іштегі Уақтан ұрланға мал төлеуі үшін алынған құл.

Апай, Бөрінің Апайы – Тоқтыбай, қасында Шалбай деген он жеті – он сегізге жаңа жеткен бала жолдасы бар, жаз жайлауда жоғалған малға сұрау сала Қаракесек – Шаншар елін аралап жүріп, атқа мініп шауып жүрген бір сүйріктей жас баладан сұрайды:

– Осы елде «Қайнарбайдың бір күңін берген жер бар», – деп еді. Соның үйін білесің бе? – деп.

Баланың өңі қашып, түсі бұзылып кетеді де:

– Сонау аппақ шағаладай ауылға барсаңыз, сол ауылдағы бас үй – сұраған үйіңіз – сол, – дейді.

Барса, Қайнардың кенжесі Бәзіл байдың үйі екен. Бай да, бәйбіше де Құдай қосқандай жарастықты толық. Бағанағы ауыл жөнін айтып берген бала сол үйдің өз баласы екен. Қонақ аттанып кеткен соң, бала әкесінен сұрайды:

– Менің нағашым кім? – дейді.

– Сенің нағашың-Күлік-Шобалай баласы Қайнар бай, – дейді.

– Жок, түндегі қонақтар «Қайнар байдың қызынікі қайсы?» – деген жок. «Бір күні бар – деп еді, күнінікі қайсы?» – дейді. Күннен туып, мен қалай кісі қатарына кіріп жүре аламын? – [деп], бала долданып, жарылып кете жаздап жылады. – Осыны: «Қатын қыламын», – деп алған сені де, «Балама қатын алып бердім» – деп әперген әкеңнің де [деп], екеуінің аузына бірдей жібереді.

Отырғандар баланы аяды, сөзін қостаушы жоқ болса, жарылып өлерлік. Бір ақсақал Бәзілге ұрысты:

– Жорға бие сой, жоғарғы елді жи! Төбел биені сой, төменгі елді жи. Бұл Болыс келін сүйегі не қылса, ағарады? Соның лажын (ғылажын) тауып, ешкім «күң» деп айта алмастай қылу керек, – деген соң, Бәзіл бай жұртты жиып, оған сойылатын малды жан-тәнімен қиып, сонда жұрт айтқан екен:

– Қырық кісімен төркіндет. Төркіндеп барған жолына малдан баска екі «жетім» берсін, қара қазанын, қара кебезесін берсін. Сонан соң Қайнардың анық өз қызы болады. Төркіндеп барып, екі «жетім»

ап келген жанды «күн» – деп ешкім айта алмайды. Сүйегі сонымен ағарады, – дескен екен.

Найман шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Момынқожа – Найман – Төлегетай – Қаракерей – Ерторы – Жиренім – Байсыйық (Байсасық)]. Байсыйық (Байсасық), Байыс деген Найманда екі арыс: өскен-өнген ел. Байсыйықтың төрт баласы: Жанқұлы, Мындыбай (Меңдібай), Төбет, Ақбелбеу. Бұл төртеуінен басқа асыранды баласы-Қарамолда нәсілі «Семіз Найман» атанған. Жоғарғы Мағайдың [Найман – Төлегетай – Мағай] үш баласы: Аталық, Кенже, Қаптағай. Күллі Найманға ұран болған Қаптағай-осы. Аталықтың қатынының аты-Қызай. Мұның атыменен тұқымы «Қызай» атанды. «Білсең, Қызайыңмын, // білмесең, Құдайыңмын» – дейтұғын Найман осылар. [Найман – Төлегетай – Қаракерей – Байторы – Майрам-Байыс-Сары (мырза болғандықтан «Сарыжомарт» атанған.)]

Сарыжомарттың бәйбішеден – Қаратай, асыранды баласы – Бура. Тоқалының аты – Торқа. Бұл Торқадан туған төрт ұл: Байдалы, Жансары, Баржақсы, Шайкөз.

Бұл Торқа шапшаңшыл тоқал болғандықтан, Сарыжомарт батыр жорыққа кеткенде, төрт баласын алып төркініне көшіп кеткен. Төркіні Уақ екен. Сарыжомарт жорықтан келген соң, тоқалын көшіріп алу үшін аттанған жолында ауырып жолдан қайтқан. Өлерге ыңғайланғанын сезіп, төрт балаға сәлім айтқан:

– Менен туғаны рас болса, малдарына менің ергенек таңбамды салсын, – деп.

Сондықтан төрт бала ергенек таңбаны салған. Сол бойымен Уақ ішінде қалған. Төртеуі де өсіп-өнді. Бұл күнде: «Уақпыз» – деседі.

Іштегі қарағанда: Сейтен болысы, Маралды болысы, Бесқарағай болысы – осылар.

Жансарыдан – Қожа, мұнан: Игілік, Сүйіншәлі туады. Сүйіншәліден: Кенебай, Құттыбай, Өтеген, Бабалы. Кенебайдан: Байбөрі, Қараман, Жоламан, Тасан, Шапан, Әзберген (Азберген), Қожаберген, Жамансары, Боздақ. Жамансарыдан – Нұркен бай. Бұл Нұркеннің бәйбішесі-Күлік – Жаңабатырдың бел баласы Текейдің (Тикейдің) қызы – Күнекей. Мұнан туған балалар: Балта, Балға, Төйте,

Әбдірахман, Ибраһым; токалынан: Біте, Жақып. Кенже токалы Жалайыр қызы екен, ол пұшпағы қанамай, Нұркеннің қарашаңырағына ие болып, өзін күзетін қалған [100].

Бұл Нұркен Қызылтауда туған бала. Осы күнде мұның жұртында Самай ауылы отыр. Алты жасына шейін мешел болып, жер қазып салып қойған. Қалың беріп, мал төлеп Керей, Уақ ауып, ішке түскенде, бірге түсіп кеткен, жарлы болып қалған. Сонда қайнына ат, тон жоқ, жолдас жоқ, бір торы байталға мініп, жалғыз келген. Ауылға келуге қаймығып, атын оттатып, далада отырғанында бір жақтан келе жатып, «Қаһарлы Жанақ» кім екенін білмейді, қасында жолдасы айтқан соң, кірпігін, қасын көтеріп қарапты да, үн жоқ, түн жоқ, жүре беріпті. Ауылға келсе, ауыл күйеу екенін біліп, намыс қылысып:

– Ауыл маңайына жолатпаймыз! – деп, дуылдасып жатыр екен. [Қаһарлы Жанақ] ақырып ұрсыпты:

– Бағанағы мен көрген торы байталды болса, екі иінінен шамшырақ жанып тұр екен. Былшылдамандар, бере беріңдер. Күндердің күнінде кейінгі үрім-бұтаққа азық, тамақ болады! – деген соң, қол ұстатып берген екен.

Басы – сол. Онан соң өрттей қаулап, мал да бітеді, бас та өседі. Түйтесі дуанбасы болады. Балаларының бірі – қазы, бірі болыс болады. «Жерде қалмайды, жиенде қалады» – деген – осы. Барып жүрген Жаңабатыр аруағы екен. Ақыры Темірғалы баласы Хұсайынға шейін келіп тоқтады.

Бұл қырғыздардың Кенесарыға қарсыласып жатқандығы: 1846 жылы патша үкіметі Аягөзден Кенесарымен соғысуға Нухалев деген жасауылды қосын қылып шығарған [101].

Еңсегей бойлы ер Есімнен – салқам Жәңгір [102].

Қанжығалы шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын («Момын» – деген токалынан) – Ақсопы – Қанжығалы – Ішпек] [Қанжығалыдан]: Ішпек, Піспек. Піспектен ұл жоқ, ылғи қыз. Онан өрбіп – өнген-Қуандықта: Өр Ал-

тай, Төменгі Алтай, – бәрі Піспек байдың қыздарынан туған болады. Ішпектен: Қамбар, Жапар, Қармыс. Қармыстан: Есен, Бозым. Бозымнан: Әжібай, Әжім (Ажым), Әжімбет. Алты атаның ұлы Әжібайдың екі атасының баласы: Қаратілес, Қарабұжыр, Ақтамақ, Ақбура. Ақтамақтан: Құдайберді, Құдияр, Қара, Амалдықсары. Қарабұжырдан: Мұрат, Байболат. Мұратын сегіз туады: Дөнен, Сасық, Алтыбай, Тоғызбай, Теңізбай, Бестібай, Сегізбай, Құнан. Байболаттан – «Шыңғыстың Жұмабектері» – сонан тарайды.

Қаратілестен [туғандар] «Тентек Қанжығалы» – атанады: Айтуар, Көшпен, Құдайсүгір, Өтеген. Айтуардан: Әжіке, Дөнен, Әжікеден – Байдалы, онан-Тәшім. Шолан деген біреу бар, оның қай жерде орналасуын айыра алмадық. Өтеген – батыр болған кісі: «Елқонды» – деген бір баланы қалмақтан алып қашып келген екен. Аты Елқонды болғандықтан, Алмашының қызынан туған Жантай, күннен туған: Қорлыбай, Қойлыбай. Бірі қыздан туған, екеуі күннен туған, – «үш жиен» – деп сөйлейді.

Есен, Бозымның Есенінен еркек тұқым жоқ. Жеті қызын жеті жерге беріп, әрқайсысынан бір бала алып асырап өсіріп, мал малдандырып, жан жандандырып: «Жеті ру» атанған солар: Қоскелді, Қылтышар, Лабашы, Бошқантай, Есіргеп, Нияз, Жолымбет. «Ұзын оқты оннан (ондан) бол, // Қайдан болсаң, сонан (сондан) бол» – дегендей, онан-мұнан бас қосылып, Қанжығалы болды.

Алты атаның ұлы Әжібайдың [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Қара] бір баласы – Қара. Қараның бәйбішесінен: Елібай, Сары; токалынан-Жәдігер. Жәдігер бәйбіше балаларынан зорлық көрген соң, Құдайбердінің [Қанжығалы – Ішпек-Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Құдайберді] қолына қашып шығып кеткен. Мал бағып түзде жүргенде, Найманның көп кісісі жолаушы[ла]п келе жатқан, соған кез болыпты. Ол жолаушы Амалдықсарының [Әжібай – Ақтамақ – Амалдықсары] құдалары екен. Амалдықсары баласына Найманнан қыз айттырып, малын беріп, құтылып қойған күнінде күйеу бала өліп қалып, қыз оң жақта жесір қалған соң, соның мән-жайын сөйлескелі келе жатқан құдалар екен. Еліне барған соң: «Жесір жібермейміз» – дейді де: «Бір жаманға бер» – дейді. «Онан да осы баланы еріксіз алып кетіп, қызымызды осыған берейік» – деп, Жәдігерді ұрлап алып кетіп, қызын беріп, енші беріп, мал

малдандырып, жан жандандырып, байыған соң, ағайын іздеп, көшіп келіп, үйіріне қосылыпты.

Жәдігерден: 1. Тоқсанбай. 2. Сатыпалды. 3. Мәмбетбай. Тоқсанбайдан: Жанзақ, Байзақ, Құлжан, Бертіс. Жанзақтан – Бегайдар, тоқалдан-Сазан. Байзақтан – Айдабол, Бертістен – Тезекбай. «Тезекбай» – деген сор аты – «Тезекбай соры» атанған.

Мәмбетбайдың төрткіл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, бала қылған баласының аты-Алдаберді – тегін, түбін жан білмейді: жігіт күнінде душар болған. Екі баласын былай қойып, қарашаңырағына [Мәмбетбай] Алдабердіні ие қылған. Ол Алдабердіден – Құттықожа, онан – Мәнкебай (Маңабай), онан – Сарыбел, онан-Молда, онан-Лекер қажы. Мұнан – Жақып. Алғаш қызылдар келгенде, Шақшан еліне исполком председател[і] болып тұрды. Бұқарекеннің [Бұқар жыраудың]: «Тексізді төрге шығарып, // Теңдік тимес құлыңнан» – деген сөзіне дәлме-дәл келді. Мәшһүр де айтқан екен:

Орынды аталары асыл тектен,
Орыстың малайы озды қосын жеккен.
Қан жеген ауқат үшін сауыскандар
Дәмелі осы күнде қаз бен жектен.

Шақшан елінің ішінде сіңісті болып өсіп-өніп кеткен қарақалпақ та бар, қызылқұлақ та бар. Қанжығалының нағызынан тартасы көп ел. Сондықтан қатықтай қатып, сүттей ұйып тұра алмайды. Ең мақтаулы зоры – Бөгенбай. «Бөгенбай әкесі – Ақша, Ақша әкесі – Әлдекүн. Әлдекүн әкесі – Әлде кім?» – деген сөз бар.

Қыпшақ шежіресі

[Жанарыс – Ақтамбердіқожа – Қыпшақ – Шелімалып – Ақкөбікалып – Сарыалып – Қара – Қобылан – Бұлтың] Жанарыстан алты бала туады: төртеуі – бәйбішеден, екеуі – тоқалдан. Бәйбішеден: Қарақожа, Дарақожа, Момынқожа, Ақтамбердіқожа. Қарақожадан-Арғын, Дарақожадан – Қоңырат, Момынқожадан – Найман, Ақтамбердіқожадан – Қыпшақ. Қыпшақтан – Шелімалып (Сүлімалып), мұнан-Ақкөбікалып, мұнан: Мүйізді – Сарыалып. Мұнан туған балалар: 1. Құлан. 2. Қытай. 3. Қара. 4. Сары. Қарадан-Есімсейіт, Қобылан: «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр». Қобыланнан он екі бала: Токтар,

Бұлтың, Торы, Көлденең, Ұзынбалық. Кейбіреулер: «Тоқтардың баласы бес таңбалы» – дейді. «Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Балық – оның үшін бес таңбалы» – дейді.

Бес таң[ба] болған Жаһаттан: Әліф таңбалы-Бұлтың Қыпшақ жақтан басады. Мойын таңбалы Торықыпшақ. Төйішке, Қитаба, Көкмұрын, Шашты. Бұлтыңнан үш санға: Уәріс, Күрлеуіт, Жолаба. Күрлеуіттен: Нияз, Қожамжар, Алдаберді.

Қол таңбалы – Ұзынқыпшақ: Атыс, Кеделі, Бірдікі. Қырықжігіт [Таңбалы] – Қарақыпшақ. Қарын таңбалы-Қарабалық, көсеу таңбалы-Көлденеңқыпшақ. Құланықыпшақ жалғыз. «Құланы жалғыз, Құдай жалғыз» – деген мақал да бар.

Бұлтыңнан: 1. Боғыс. 2. Уәріс (Орыс). Боғыстан: Жолаба, Бұлатай. Жолабадан: 1. Есенкелді. 2. Әбілқасым. Уәрістен: 1. Төбет. 2. Құлатай. 3. Мадияр. 4. Құдас. 5. Сандық. Төбеттен: 1. Еламан. 2. Қосайдар. Құлатайдан-Қоскел. Қоскелден: 1. Қарыке. 2. Нарбота. 3. Әжібай. 4. Асан. 5. Әлібай. Құдастан: 1. Жарымбет. 2. Қосқұлақ. [Қосайдардан]: 1. Сексен. 2. Қожан. Сексеннен – Бекәлі. Бекәліден – Тілеуберді. Қожаннан – Сүйірқұл. Сүйірқұлдан: 1. Үмбетай. 2. Жарылғап. 3. Есіркеп. 4. Егізек.

[Қыпшақ – Шелімалып – Ақкөбікалып – Сарыалып – Қара – Қобылан-Бұлтың – Уәріс – Төбет – Қосайдар – Қожан – Сүйірқұл – Егізек][Егізектен]: 1. Сейітпенбет. 2. Ақпейіш. 3. Айтолы. 4. Күрлеуіт. [Сейітпенбеттен] – Борбас. [Айтолыдан]: 1. Құттыбай. 2. Қойбас. 3. Жарас.

Жеке бір деректер

Тоқхат арыз беріп, Хұсайынды жамандап, сонда: «Құран ұстатып, «жанын алып» сұрасаңыз екен!» – дегенде, жан бермей, Құран ұстамай қалған. Төрт кісі: бірі – Алпыс Малкелдібаласы, Секербай ағасы. Бірі – Баймағамбет Бекбаубаласы. Бірі – Әлібай Бекбаубаласы. Бірі – Баян: Жауқашар Шалғанбаласы.

Бұлардың аналары балалары бойына біткенде, айтқан екен дейді: «Ұзын бітті бойыма, // Ерлік, батырлық толды үйіме (ойыма)» – депті.

Қол таңбалы Ұзынқыпшақ атанады: Атыс, Кеделі, Бірдікі, Қырықжігіт. «Бұлтың бітті бойыма, // Көптік толды үйіме (ойыма)» – депті. Әлиф таңбалы-Бұлтың Қыпшақ жақтан басады. [Бұлтыңнан]: 1. Боғыс. 2. Уәріс (Орыс). Боғыстан-Жолаба, Уәрістен:Төбет, Құлатай, Мадияр, Құдас.

«Торы бітті бойыма, // Кемшілік толды үйіме» – депті. Мойын таңбалы – Торықыпшақ. Бұлар таңбасын мойыннан басады. Төйішке, Қитаба, Көкмұрын, Шашты. «Балық бітті бойыма, // Байлық толды үйіме» – депті. «Қарын таңбалы Қарабалық» – атанады: таңбасын қарыннан басады. Көсеу таңбалы көлденең Қыпшақ бар. Бұлардың бәрін: «Бес таңбалы» – дейді.

Ұзын, Көлденең, Бұлтың, Торы, Қарабалық – бес таңба (таиха) болған жаһаттан. Бұлардың арғы атасы «Қара Қыпшақ Қобыланды» – атанған. Оның аталары – Мүйізді, Сарыалып. Оның атасы – Аتكөбікалып, оның атасы – Шелімалып (Сүлімалып). Оның атасы – Қыпшақ.

[Ескерту: алдымен жазылып, үстінен сызылған нұсқа: «Кейбір ата білемін деушілер: «Мүйізді Сарыалыптан-Құлан, Қытай, Қара, Сары туды, – дейді. Қарадан: Есімсейіт, Қобылан. Қобыланнан – Тоқтар. Тоқтардың баласы бес таңбалы дейді. Білмейтұғын біреу сөйлеген»].

«Темірқазықта: «Тоқтамыстың биінің бірі – Қарақыпшақ Қобыланды батыр» – депті. Ол қате жаңылыс сөз. Не үшін десең, би басқа, батыр басқа. Бұрынғылар айтқан: «Би деген – ақ шарифат: ілуде бір-ақ қатын табады. // Батыр деген – бір барақ ит: екі қатынның бірі табады.» «Ақылы мол би атанады, // Ақылы жоқ батыр атанады.» Әрі батыр, әрі би бір кісінің бойына сыймайды. Және Қобыланды батыр өзінен басқа пендеге бойсұнбаған, ханға нөкер болмаған. Өз мәнінде оқшау шыққан батыр. Осы күнгі аты шыққан Қажымұқан Мұңайтбасов Ұзынқыпшақтан шыққан батыр.

Бұл Құнанбай қажымен сапарлас болып, Бәсентиін – Апайбөрі-Құдияр қажы барып, тірі қайтып келіп, көп жасап өлді. Алтай-Ешмұхаммед қажыны Құнанбай жолдастыққа алған: «Өлсем, басымда, тірі болсам, қасымда бол!» – деп. Сұлтан кожаны Егізек-Жанайдар

жолдастыққа алған. Бұлармен бірге Атығай-Қожахмет қажы деген сапарлас болған. Біздің Арғыннан білікті болып екі кісі тұрды. Бірі – Орманшы – Хасен шайхы, бірі-Тоқал Арғыннан Есмұхаммед Бұхарадан барды.

Первый человек – Адам ата топырақтан жаратылды [103].

1499-ыншыда Әбілқайыр немересі Шейбани хан Әмір-Темір нәсілінен-Бұхара, Самарқанды алып [104]...

Бәйбіше балалары – Қозыбақтан –Матай, тоқалдан:Есен, Итаяк, Ноғай. Матай балалары: Сатай, Шумақ, Жәнібек. Сатайдан:Қабылан, Жалдес.

Ескерту: 1176 – папка, 107 – бетінің оң қапталында көлденеңдеп жазылған дерек: «Баянаулада басшілік қыстаған «Төлеш жұрты» – деген жер аты бар. Қарабұжы[р] –Төлеш батыр, оның үлкен ұлы-Тайсары – Қыстауы-Аякшілік».

Сахабалар және қазақ тарихы деректері

(үшінші нұсқа)

Замандардан заман откенде, бұрынғылар өліп таусылып, қалғандарға нәубет жеткенде: «Араб жұртынан бір Мұхаммед деген пайғамбар шығыпты!» – деп, әуезесі айдай әлемге жайылып кеткенде, Түркістан аймағынан түрік ұрпағынан үш оқ нәсілінен «Токсан екі баулы Қыпшақ» атанып тұрған заманда тоқсан екі батыр атқа мінді дейді [105].

«Сол пайғамбарды барып корелік. Жақсы болса, жанына жолдас болып ерелік», – деп. Мінген көліктері-ат, ұстаған қарулары – бір-бір сойыл; құрғақ шөлмен жүріп барса, Мұхаммед пайғамбар екі соғысты мұнан бұрын өткізіп, үшінші соғыстың үстіне барған екен.

Жан-жақтан ереуілдеп шаң шығады екен де, шаңдатып келе жатқандар кәпірлер тобына қосыла береді екен. Мұсылманға

үйден шыққан өздерінен басқа ешкімнің шаңы қосылмайды екен. «Күншығыстан бір шаң шықты, о да кәпірлерге қосылады ғой!» – деп тұрысып еді. Бұл шаң кәпірлерге бармады. Мұсылмандар тобына келіп килікті. Ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғалиасалауат араб (ғараб) тілімен сөйлеп еді, білмеді. Парсы тілімен сөйлеп еді, білмеді. Әбубәкір Сыдық Расул-Аллаға көлденеңдеп жетіп келді:

– Иар сол Алла, – дейді, – Менің атам – Қахафа Түркістаннан келген екен. Бұлар Түркістан жұртының саяқтары болса керек. Түркі тілімен айтсаңыз, білер, – дейді. Түркі тілімен сөйлеп еді, бастарын изеп, шұлғып, оқырана түсті:

– Өзіміз әдепті сізге: «Біріміз – оқ, біріміз жақ болып, қазылған жол, шашылған топырағыңызда арқамыз – соқпақ, басымыз омақа болсын!» – деп, келдік, – деп, кәпірге қарай лап қоя шауып, дүрсе қоя берді.

Кірген жерін – есік, шыққан жерін – тесік қылып, ілездің арасында апа-сапа кәпірлер – қой, бұлар бір оған тиген топалаң есепті болып, көп кәпір мұсылман дініне кіріп, бұрын-соң көрмеген тамаша майдан болды. Сонда бұлардың батыр басы, азаматы Ақкөсе екен де, оған таяулары: Мәлік, Ақтам, Құттықожа, Имамбайыр дегендер екен.

Сонда пайғамбарымыз шатланғаннан:

– Алла түркі ғайыр мин үмбеті! – дегенде, Сәлмен парсы сахаба ұғып алып:

– Ал Түркі ғасайы, – дегенде, Ақкөсе бабамыз ұғып алған екен.

Сонан кейін бұлар қалған өмірін пайғамбар қасында өткізіп: «Ансары» – атанған екен. «Мұңажырын ансары» – деген қауым қыбыла, ру, тұқым, ел аты емес, Меккеден пайғамбарды іздеп (іздеп), ынжыр қылып көшкендер «Мұңажырын» – аталған екен де, пайғамбарға болысып, күш-көмек бергендер «ансары» аталған екен. «Уалсабтұн Алла ұлынмен әл мұңажырын уа әл-анзар» – «Бәйгенің озып алдын алған Мұңажырын мен Ансарылар» – делінген сөз екен. Ақкөсе мен Мәлік – екеуі бір ағайынды. Нәзір деген әкелерінің аты екен. Мәліктен Әнес туады да, сол Әнестің үрім-бұтағынан: түрікпен, қарақалпақ, қазақ тарайды.

Ерте заманда бұрынғы ата-бабаларымыз: «Біз Ақкөсе сахабадан екенбіз» – деп жүргені-Пайғамбар дүниеден қайтқаннан кейін: «Мұхтарса» – деген кәпірмен соғыс ашамыз!» – деп, хазірет Ғұмардың халифа күнінде Ақкөсе, Имамбайыр, Құттықожа сахаба-

лар Қаратауда шаһид болып, зиараттары сонда болғандықтан, «Ақкөсе сахаба бабамыздың моласы» – деп, зиарат қылғандықтан, «Соның ұрпағымыз» – деп жүргені солекен. Бұл күнде Қаратудың күнбатысында ол кісіні «Домби ата» – десе, жұрт біледі. Басқа жұрттан шығып тарих жазушылар – мұндай қайдан шығып, қайда барып ұшырасқанын білмейді де: «Әнес ибн Мәлік хазіреттері – ғараб. Қазақ өзін ғарабтан туғызып, пайғамбарға туысқан, бауыр болғысы келеді» – дейді. Мына мен Мәшһүр Жүсіп Көпеев алпыс бес жаста (1923 ж.) осы сөзді жазып отырмын. Бақсыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, жауырын жағып, құмалақ салып, айтып отырғаным жоқ. Мен де нұсқалардан көрумен, кәрі құлақтылардан естумен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шындап тыңдап, айтып отырмын.

Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман заман болғаннан айтылып келе жатқан ат. Ғараб (араб) тілінде «Қызбағы» – деп жазылған (иазылған). Шағатай түркісінде: «Хызағы» – деп жазылған, өзіміздің қазақ тілінде: «Қазақ» – деп жазылған [106].

Ақкөсе сахаба пайғамбардың туын ұстап жүріп, жауырынындағы нәбут мәһірін [мөріні] көрген. Ахтам сопы хазірет Ғали үшін басын берген. Ташкент шаһарындағы Жанаділ патшаның Мақатіл деген балуанына оң киссашы Мәшһүр мағрұп. Әнес ұрпағы кім болғанын, оны өз алдына сөйлеп таратамыз [107].

Сонда пайғамбарымыз бұл тоқсан екі батырдан сұраған екен [108]:

– Сіздер не дінде боласыздар? – деп.

Сонда бұлар айтқан екен:

– Біздер дін-сінді білмейміз. Ораза жоқ, намаз жоқ, Құдай деген жанбыз. «Озған пайғамбар» – деген бабаларымыз осылай үйретіп кеткен екен, – десіпті.

Осындай ұғылмаған сөзден біздің қазақ: «Біздің бабамыз – Озған [Уыз хан] пайғамбар екен»-десіп те жүрді. Сөйтсе, онысы Уыз хан екен.

Тарауихларда Уыз ханды – «Оғуз хан» – деп сойлейді. Уыз хан балаларына өз ойымен: Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз – деп ат қойыпты. Сол ат хала бұл күнгеше біздің қазақта: айдың басында туған баланың атын: «Айбас» – қояды. Таң ата туса, «Танатар» – қояды. Күн шыға туса, «Күншығар» – қояды. Түн ортасында туса, «Түнқатар» – қояды. Көлде туса, «Көлбай», тауда туса, «Таубай», жайлауда туса, «Жайлаубай», қыстауда туса, «Қыстаубай», күзекте туса, «Күзек» – Уыз ханнан алған өрнек – үлгісі – осы.

Және кигіз үй: «Уыз үйлі елден таба алмадың ба?» – десіп сөйлегені.

Қазақ түбі – Мұғыл-Татардың Мұғылынан, арғы атасы Түркі болады [109].

Бұл өмірімде кісі аузына қарап көргенім жоқ. «Ай кірсіз, Құдай мінсіз». Айдан басқада кір көп, Құдайдан басқада мін көп. «Келін киімсіз болмайды», – деген бар ғой. Жас күнімде қариялардан естіп едім: бұл күнде көп жасағандық па, болмаса, «Жазуға сеніп, жаңылшақ; оқуға сеніп, ұмытшақ» болғандық па, көбі ойда жоқтай сезіледі.

Науан, Шуан деген аталар бар еді. Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Ақсақкелімбет деген аталар бар еді. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс – деген аталар бар еді. Жаслықта талай нұсқа қылып жазып жүрген сөздер еді. Осылар бұл күнде ұмыт болыпты. «Жанарыс әңгімесі» бар, өзгесінен әңгіме жоқ. Мен өзім әңгімесі жоқ атаны айтқым келмейді. Тамата тамам. Осы – менің болған шамам.

Біздің бұл қазақта құлақ естіген жерде Уақ-Нұрекен байдан бұрын қажыға барған кісі жоқ [110]. Ол кісі тоқал қатынымен кетіп, барып-қайтуы төрт жыл жүріп, аман-есен барып келген.

Ар жақта аты шыққан Нұрекен бай,
Ішкені алтын аяқ, ақ құйрық шай.
Байлығы бұл Алаштан асып кеткен,
Жылында құлындайды жеті жүз тай, –

деп, ауызға ілінген. Байлығы өз тұсында керден кеткен жан болған.

Онан соң қажыға барған Күлік – Самай менен «Баянауланың ескі хазіреті Байжан хазірет» – атанған кісі. Бұл екеуі: бірі-қазақтан, бірі – ноғайдан қой жылы кеткен кісілер, екеуі сонда барып өлген. Осыны жазып отырған Мәшһүр Жүсіп сол жылғы туған бала, осы күнде алпыс бесте [1923 ж.], өмір бойы жұмысы қағазға салғаны шимай кесте.

Үшінші барған кісілер: Тобықты – Құнанбай [111]; Айдабол – Кишыл-Қыстаубай; Малай – Жәдігерден: Егізек – Жанайдар; Аққұм-Қоскопадан Төртуыл – Шекшек қажы. Қыпшақтан – Шонтыбай, Батырқожа. Сілеті бойындағы Қыпшақтан – Хасен қажы, Құрман баласы-Мәмбет – Тоқадан. Өзден – Сазан ұрпағынан – Мұхаммедсәлім қажы. Егізек – Жанайдармен бірге барған Сұлтанқожа қари, Қишыл-Қыстаубаймен бірге барған Жәмікқожа бар. Файзолла ишан бар, Алтай-Ешмұхаммед қажы, Алдажұман – Шүберек (Шұбарат). Бұларды қалдырмай жазып жатқаным – тірі қайтып келгендерінің бірсыпырасына ауыз сөйлесіп, мән-жайына әбден қанық болғандығымды түсіндіру үшін. Орта жүзден – жиырма кісі болыпты, Кіші жүзден табандаған жүз кісі болыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет, Досжан халфе бар дейді.

Мұнан бұрын қазақ бүйтіп бас қосып, қажыға бармаған екен. Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері де көзге түсерлік әр таптың қасқа жайсаңы – көрген таңырқарлық болыпты. Қошқарбай немересі. Қазақ байғұстың салпиган тымағының құлағын, сүйретілген тонының етегін, аңқиған аузын көрген соң, көрген қызығып, сұқтана бастайды ғой.

Ноғай далилі мен сарт далилі таласыпты. Ноғай далилі:

– Бұлар Масковтік, мен Масков кісісімін, – деп.

Сарт далилі:

– Бұлар Бұхартил, мен Бұхартил кісісімін, – деп.

Сонан соң екі шарифтің (шәріптің) шайхылары (шейхлары) шарифтары бұлардан сұрапты:

– Сіздер Масковтіксіздер ме, жоқ, Бұхартилсіздер ме? – деп.

Сонда қажы басы Құнанбай екен. Ол кісі сөйлепті:

– Біз Масков-сасковінді де білмейміз, Бұхартил-сухартілінді де білмейміз. Тіріміздің билігі – «Алдияр» ұранды төреде, өліміздің билігі – «Алла» ұранды қожада. Жайлауы мал сықылды, жусауы аң сықылды – бетімен өскен қазақ деген жұрт боламыз, – депті.

– Қазақ деген де жұрт болады екен-ау! – деп, аң-таң қалысыпты.

Тарих ақтарып, шежіре қаратыпты, таба алмапты. Күптені жоқ біреу айтыпты:

– Бұл табылса, Бағдат шарифте «Имам Ағзам кітапханасы» бар, сонан табылады, – деп.

Сонан Бағдат шарифке кісі жіберіп, бұлар өз ішінен Кіші жүз-Досжан халфені жіберіпті. Барған кісілер: «Табылды: қазақ деген жұрт Әнес сахабадан өсіп-өрбіген екен» – десіп, нұсқа көшіріп алып келіп, сонан бұл жүз жиырма кісі ортасынан расход шығарып, «Қазақ тәкиесі» – деген тәкие салдырып, мұнан былай: «Қазақтан келген қажы осында түсетұғын болсын», – деп, Құнанбай атына жаздырып, тәкие салыпты. Және оған шайхы (шейх) Арғыннан тұратұғын қылыпты.

Бұлардың қажыға барған жылы баяғы жұт «Қояннан» бұрын Қаракік жылы, Тышқан сол екі жылдың бірі еді. [Ескерту: осы тұстағы «тышқан» сөзінен кейінгі айналасы алты сөз үстінен сызылған. Оны Мәшһүр Жүсіптің өзі сызды ма, жоқ кейінгілердің бірі өзгеріс енгізді ме, ол белгісіз – Е.Ж.] Қишыл қажы қажыға кеткенде, екіқабат катыны буаз қалып, ұл тауып, атын Мекебай қойған. Сол Мекебай тірі, қырықтан әлдеқашан асты, елуге тақап жүрген шығар. Біздің бұл Баянаула, Қызылтау жып-жылтыр мұз болып, жылқы біткен Сілеті, Теңгешолақ деген жерге кетіп, мал семіз, күйлі шығып, «Маймұз» атанған. Ол күнде «екінің бірі, егіздің сыңары» – сөйлеп, айтып жүруші еді. Бұл күнде алай-түлей, ұйқы-тұйқы, аласапыран заман болып, бүтін естінің өзі де қалған жоқ, жарым естілер шала-шарпы білгенінен айрылып қалды.

Қазақ шежіресі басы

Бұл Әнес ибн Мәлік ан хазіретімізге жарлылығын шаққандай қылып сөйлеген соң, ан хазіретіміз: «Лытмуал лырзық балынкәх» – деген екен. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды». «Бас құралмай, мал құралмайды» – делінген сөз сол күннен қалған» – дейді. «Жүреміте бірінің үстіне бірін үш қатын алып, ешкі сатып алып, ол лақтап, сонда соның алғашқы уызын пісіріп, пайғамбарға алып барып, батасын алған екен» – деседі. Сонан кейін басы да көбейіп, малы да көбейіп, ұзын өмір жасты, малды-басты болып, Басра деген жерді отын-жай

қылып, жүз (иүз) жиырмадан жасы да асып, басы да асып, сахабаның ақыр-тақыры, сарқыншағы болып, Һарон Рашид халифа алдырып, сөз сұраған.

Әнестен-Жабал, Құрақ. Онан: Мағаз, Мұрат, онан: Бұхарбай, Сейіл. Онан:Ақшолпан, Қурай; онан: Аламан, Алаш. Алаштан: Сейілхан, Жайылхан. Сейілханнан – Сегіз арыс түрікпен. Жайылханнан-Майқы, Майқыдан: Өзбек, Сыбан. Сыбаннан-Айырқалпақ, онан-Қазақ пен Созақ. Созақтан-Қарақалпақ. Қазақтан:Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс.

Көзінен көрін, қолынан ұстаған ешкім жоқ. Айтушыларың айтып, Әнестің өзін де бір нұсқада-«Алаш» – деп айтады. Не қылса да, «Алаш» деген де – атаның аты, «Қазақ» – деген де-атаның аты. Қайсысы бұрын, қайсысы соң, [ол] жерін бір Алла біледі. Біздікі – – «Ұзын ұрға, шыпшырғасын» шығармай, сөйлеуге жай жоқ.

Хазірет Әнес ризаллығының ұғлы-Жабал, оның ұғлы Мағаз, оның ұғлы-Сеиіл (Сейіл). Оның ұғлы-Ақшолпан илан Қурай. Қурайдың ұғлы-Аламанның ұғлы-Алаш, оның ұлы: Сейілхан, Жайылхан, Елхан. Сейілханнан-Сегіз арыс түрікпен, Елханнан-Түркі жұртында Құндыгер. Жайылханнан – Майқы би. Майқы бидің ұғлы: Өзбек илан Сыбан. Сыбаннан туған – Айырқалпақ. Оның ұғлы-Қазақ илан Созақ. Созақ ұғлы-Қарақалпақ. Қазақтан туған: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Ақарыстан – Ұлы жүз, Жанарыстан – Орта жүз, Бекарыстан-Кіші жүз.

«Қаракелімбет, Ақсақкелімбет, Сарыкелімбет, Науан, Шуан» – деген аталар бар. Қайсысы-Мықтым, қайсысы-Мұхыр екендігін көп шежірелерден қарап, таба алмадық.

Арғын-Қуандық тарауы

[Қазақ – Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық – Қарпық – Күзей – Тоқа] Қуандық: Алтай-Тоқаның Тоқасы-«Қаратоқа» атанған. Қаратоқаның бәйбішесінің аты-Дәулетбике. Онан туған-Айтынқожа Барғана, Сатыпалды. [Қаратоқаның] тоқалының аты – Бөтей. Мұның балалары: Бесім («Бесімнің бесеуі» – дейді), үшеуінің аты – Ескене, Балапан, Күшікбай. Ескенеден – Байбек, онан: Жамантік, Жәнібек. Жәнібектен: Мұстафа, Мақажан. Мұстафадан – Жәкін. Жамантіктен – Есжақ. Күшікбайдан – Өтебай жынды, мұнан: Әбділда, Мағзұм. Балапаннан – Балта, мұнан – Тойымбек. Оның бала-

сы – Дәулетхан. «Мұның бәрі – Енем баласы» – дейді. Көктің көлінде болады.

[Осы 1176 – папка, 127 – бетінің он қапталына көлденеңдеп орнаған ескертпе: «Сәкен Сейфуллин – Көктің көліндегі Енем баласынан. Сейфулланы Мағжан бала қылып өсірген.»]

Баржаксы, мұнан – Мыңжасар, мұнан – Қошқарбай, мұнан – Қозғанбай. Қозғанбайдан: Мамыр, Тотым.

Мамырдан: Қыпшақбай, Өскенбай. Тотымнан – Жайлаубай.

Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы.

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды (тоқалынан) – Ақбура – Жетібай] [Ақбура]: 1. Аққошқар. 2. Тілеулі. 3. Жетібай. 4. Кенже. 5. Көкен. Ақбурадан – [Жетібай] – Есен тентек балалары: Батырбай, Ербай, Асан, Шөкіл, Қарамырза, Балта, Атабай. Батырбайдан: Балға[бай], Жанқожа, Қожай; Дәулет – тоқалдан. Балғабайдан – Мәдібек, онан – Қайып.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Өтепберді] [Күліктен]: Өтепберді, Данияр, Сексен. Сексеннен: Рай, Райымбек [112]. Райдан: Айдар, Көтеш. Камен тентек – Айдардан. Райдан-Құлбай, мұнан: Көсеміс, Тілеміс. Көсемістен – Байқозы, мұнан-Ізет (Изат). Райымбектен: Алыпқара, Байбура, Токбура, Тасболат. Байбурадан: Тілепберген, Берген, Барқынбай, Жарқынбай, Шолық, Қарқынбай, Қарқабат, Кенже. Жарқынбайдан – Болтай балуан.

Тілепбергеннен: Еркебай, Жақсыбай, Жақсылық, Игілік. Қарқынбайдан – Тінәлі жалғыз, тоқалдан жалғыз – Дүйсенбі. Тінәліден: Еділше қажы, Арын. Алыпқара[дан] – Тілепбай жалғыз. «Шолық жақсыдан» – Тұрлыбек, Байыш. «Жақсы Шолықтың» тоқалы басын байына беріп, кейінгі жағын бозбалаға беретін.

[Күлік-Ақыл-Қойгелді] Қойгелді балуан Бұхарада Қоңыраулы балуанмен күрескен. [Қойгелді] Дулығаны бала күшінде қалмақтан алып келген.

Қуандық шежіресі жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Қуандық – Алтай – Мойын – Рақпанқұл – Әлібек – Сармантай – Алдажұман – Жұман] Тәңірбердінің бес баласы: Қопа, Сапақ, Қорысбай, Мықты, Жарқын. Жұман байдың бәйбішесі – Мәулім бәйбіше, онан Қорым жалғыз. Бәсентиін қызы – Мапашты (Мапаны) тоқалдыққа алған. Өзінің іргесінде отырған төрт-бес үй қоңсы с...п отырғанда, с...гінің сарылдағанынан Жұман байдың астындағы аты үріккен. Әдейі барып қараса, қара жерді қарыс айырып жіберген екен. Онан [Мапа тоқалдан] туған балалар. Қошқарбай, Тәті, Сәттібай, Тәтінің кенжесі – «Жақсы Тәті» атанған. Азынаның әкесі, Қошқарбайдың немересі – Алтай – Ешмұхаммед қажы.

Сәттібай баласы-Есмақай. Екі мың жылқысы бар Азына балаларымен партия болғанда, он алты жылқымен болыс болып шыға берген. «Жақсы Тәтиді» жоқтаған Шортанбай қожа екен. Бір түйе, бір ат берген жоқтағаны үшін.

Дәулетбике, Оразбике, Нұрбике, Қоңырбике-бәрі бір елдің қыздары шабыншылықта олжаға түскен. Бұл төрт қыздың біреуін Тоқа алған, біреуін Байбөрі алған, біреуін Шаншар алған, біреуін Тобықты алған. Қатағанды шауып, хан Тұрсынды өлтіргенде, олжаға түскен қыздар.

Жәуке шешен

(екінші нұсқа)

... ауыздан-ауызға алынып жүрген сөздер.

Қазақ-Арғын-Әлике-Байдалы, Аққошқар – Сайдалы [Қуандық-Алтай-Сайдалы-Аққошқар] сол Аққошқардан естілген сөз. Сол кішкентай баласы Аққошқар сөйлейді [113]:

– Он жеті, он сегіз жастағы күнімде базар базарлап Бұхар[а] шығып, «Алтай керуенбасысы» – атанып, «аттыға жол, жаяуға сөз

бермейтұғынның дәл өзімін ғой!» – деп жүрген шағымда естідім: «Ұлы жүзде бір «Би қатын» деген қатын бар, – деп. «Аты «Сарайбике» екен. Ол аты былай қалып, «Би қатын» – атаныпты, – деп, Алатаудың теріскей бойындағы Ұлы жүздің баласы соның алдынан тарайды» – деп. «Қатын би болып, қандай болады екен? Сонымен бір бетпе-бет сөзге келіп, қажасып, қағыссам-ау!» – деп, құмарландым да, Бұхарадан келе жатып, елінің шетінен сұрастырып едім: «Үйінде болса, бір жолығайын» – деп.

– «Арқаға жолаушы кетті», – деп естіп: «Ай, бәрекелді-ай, кездеспедім-ау!» – деп кіжініп келе жатқан кезімде «Би қатын» Арқадан қайтып келе жатыр екен. Бетпақтың шөлінде қарсы ұшырастық. Олжасы жоқ болып, аты арып, жүдеубастанып келеді екен.

«А, Құдайым берді ғой, // Табандатар ретіме (иретіме) әбден-ак келді ғой!» – деп:

– А, Құдағи, «Ит мініп, ирек қамшылап» қайдан келесіз? – дедім. Сонда қатын бұрын көріп танып қойғандай:

– «Жуан коныш, делегей етек» – Арғынның аңғал, желбасының бірі шығарсың! «Қара құйын Қашырлы деген жерге барып едім, Әлике-Байдалы деген елге барып едім. Тайын Тәңірісіндей, құнанын Құдайындай көреді екен. Сонан келемін, – дейді.

Аузыма құм құйылды, тас тығылды, дәнеме дей алмадым. «Мұны Құдай кездестірсе, Жәукемен бір кездестіріп, екеуін бетпе-бет бір сөйлестіріп, қызығын көрсем-ау!» – деп, ойыма алдым да, жүре бердім. Ол жыл өтті, келешек жылы қысқа қарсы Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек, Қанжығалы – Арқадағы жұрт тағы Бұхараға қой айдадық. Іріктеліп он сегіз керуенбасы болдық. Ақсақалымыз Жәуке – керуенбасы, Айдабол-Күліктің Айдаболынан шыққан Едіге-Еламанның Еламанының баласы, Тұрсынбай, Шонтының ағасы. Жолшыбай «Би қатынды» «Үйінде бар ма?» – деп сұрап едік, «Түркістанда Тоғай хан қонаққа шақыртып, соған кетті» – десті.

Тоғай ханның ордасына бардық. «Тоғай алды Түркістанның қаласын, // О да зар еңіретті бұл Алаштың баласын!» – деп, өлеңге қосылған ханның дәуірі жүріп тұрған кезі. Тоғай ханға сәлемге барсақ, Тоғай ханның ордасында «Би қатын» тақтың үстінде ханмен тізелесіп, жалғыз қара болып отыр екен. Тоғай ханның мұнан басқа кадрлейтұғын кісісі көрінбеді, дастархан да соның алдында, сый-құрмет бәрі

қатынның басында көрінді. Төменгі жақтағы жастар – өзімен өзі мастар күңкілдесіп, күлістік:

– Хан мұның қойнына барады ғой, солай болғаны үшін осынша ардақтап күтеді ғой! – деп.

Қатынның құлағы шалып қалған екен, жырқылдасып, күлісін отырған біздерге қарап:

– Мұндар, не дейсің, жағынды тас-талқан қылайын ба? – деді.

Ең жоғары өре баста Жәуке би отыр еді, басында тымағы бар еді. Тымағының маңдайын қолымен түрін көтеріп, қатынға қарап:

– Сүндетің бар ма? – дейді.

Қатын:

– Жоқ, – дейді.

Жәуке би:

– Ох!—дейді.

– Жаназаға кіріп, еркекке имам болған жерің бар ма? – дейді.

Қатын:

– Жоқ, – дейді.

Жәуке би:

– Ох! – дейді.

Ердің құнына нардың пұлын төбеге шығып төре берген жерің бар ма? – дейді.

Қатын:

– Жоқ, – дейді.

Жәуке би:

– Ох! – дейді, – Тең теңін олжалайды, тезек қабын олжалайды. Олжа алуға қатын аттанса, жорықта жүріп, сақар мен сабын олжалайды. «Құралай бастаған киік оңбайды, // Қатын бастаған көш оңбайды». «Байтал шауып бәйге алмайды, // Қатын қайраттанып қазан қайнатпайды». «Оңбаған ханды төлеңгіті билейді, // Қараң қалған елді қатын билейді» – деген. Сен бір қараң (қаран) қалған елдің ішінде тұрған немесің-дағы! Сен кімнің жағын тас-талқан қыласың?! Мен Арқада жатқан «Он сан Орта жүз» – деген елмін, // «Абылай аспаған сары бел»-мін! Басында будыраған шашы бар, көтінде жырмашы бар, төмен етекте жаралған әйел сен түгіл, мына отырған Тоғайың менің атымның шаужайынан ұстауға жарар ма екен? Ашып қара көзіңді, танып алып сөйле өзіңді! – дейді.

Қатын ұялып, ұшып түрегеліп:

– Біз сіздердің кім екендіктеріңізді танымадық. Білмегендігіміз болса, кешіріңіз! – деп, Жәуке бидің үстіне үстіндегі шапанын өз қолымен ап келіп жапты. – Және қайтуларыңызда қонақ болып кетіңіздер! – деп, «жайылып жастық, иіліп төсек» – болды. Базар базарлап, қайтып келе жатып, салт атты керуенбасылар қатынның аулының жөнін сұрап, әдейі жолдан бұрылып, қонақ болдық. Үлкен абажадай үйі бар екен, қожа білмес байы бар екен, перзенті кемтар екен. Зарығып, тарығып көрген бір қызалағы бар екен: жаңа тілі шығып, тәтті болып жатқан. Қатын баласының тілінің тәттілігін қызық көріп, сүйгенде:

– Жасаған жақсы Ием бір-екі елі сіңірді сенен несінен аяды екен?! – деп сүйіпті.

Сонда Жәуке би:

– Құдағи, ол баланың тірлігін сұра. Тірі болса, ол ол жері екі елі сіңірсіз болмас, – дегенде, қатын ұялып, өзі сары түсті қатын екен, шұғадай қып-қызыл болыпты. Құдай рахмет қылсын Жәуке биге, қатынды келістіріп екі табандатыпты.

Шотана батырдың Абылай ханға айтқан сөзі: «Бақ – бір қу таяқ, ырыс-құт» – деген [114].

«Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі (бесінші нұсқа)»

Ғаламда он сегіз мың жан болыпты [115].

Төртуыл ішінде жүрген Төлеген қожаның өлеңі [116].

Шоң – Торайғыр бидің, Шоңның қартайғанда Қуандықта бір асқа барған әңгімесі [117].

Қазақ түбі-Мұғыл – Татардың Мұғылынан [118].

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды-Айдабол] Айдабол ішінде бір Баян деген аз ғана қаралдысы ие басындай ел бар. Сол Баян өз балаларына тақымы толмай, Бұхара, Самарқан жағынан Көшен деген баланы алып келіп бала қылған. Өз баласынан ілгері ұстап, жүргізіп-тұрғызған. Сол Көшен Бұхара базарына барып келгенде, айта келіпті:

– Көшеде қаңғып жүрген шешемді көрдім, Досак деген інімді көрдім. Мен кеткен соң, қаңғып қалған екен, сізден батып [алып] келмедім, – дегенде.

Баян айтыпты:

– Мен іске жарай ма де[сем], жарамай қалдың ғой! Шешенді алып келсең, оны мен алсам, онан туған балалар, сендер маған бала боласыңдар ғой! – деген соң, ендігі барғанында алып келіпті. Осы күні жүрген Баян-Көшен, Досақтың ұрпағы.

Мұхаммедәмен өлеңі «Еділ, Жайық, Сырдария» [119].

Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Ақбура – Аққошқар – Қаралтай – Шәуке]. Қаралтай – Аққошқар баласы. Бұл – Ақбура баласы. [Қаралтайдан]: Мұратай, Шәуке, Байшуақ, Жарқынбай, Қарқынбай, Майқы, Жаныс (Жантас), Қыдырбай, Әбден. Шәуке [балалары]: Керней, Байбөрі, Көшім, Шаншар. (Ескерту: «Шаншар» сөзі үстінен бір сызылған), Қазыбек, кіші қатыннан-Бекболат, Тасболат, Тасыбай. Бекболат баласы – Шалқыман, онан-Исабай, онан Әліш. Тасболаттан: Дербес, мұнан-Иламбай балуан. Кернейден – Елубай, мұнан туады:Әбжан, Қайке. Әбжаннан – Әбділда (Ғабділда).

Байбөріден: Жантас, Айтас. Айтастан – Әбділда, Айділда. Әбділданың екі баласы бар: Әлихан, Ибаділда. Қарсыннан – Сырлыбай, онан-Шайке ғәм Уәзірбай. Байшуақтан: Ботбай, Дәулет, Қайырбек, Қаратай. Қарамырзадан-Шелхан, онан-Нәкібай балуан.

Қаралтайдың тоқалынан: Ербас, Борібай, Қыпшакбай. Бөрібайдан-Қобылан ақын. Ербай – Есен тентектің бел баласы. Ербайдан-Шанышқұл, мұның балалары: Бабыр, Қожақ. Қожақ баласы-Есір. [Ақбура – Қаралтай – Мұратай]. Мұратайдан:Майқы, онан-Жаныс, онан-Қыдырбай, онан-Әбділда. [Ақбура – Қаралтай – Жарқынбай] [Қа]рқынбайдан: Алданғор, Төлембек. Төлембектен – Намазалы, Молдатай. Қарқынбайдың бәйбішесінен-Тоқтар, мұнан-Ақберген, Әйкен; екінші қатыны-Қапия – мұнан-Алданғор, Төлембек сопы.

Жатар, Тұрар екі ағайынды. Жатардан тұқым жоқ. Тұрардан-Жақып, одан: Еділбай қажы, Ақшал. Еділбай қажыдан-Нұрғали. [Тұ]рардан алтау: үшеуінен тұқым бар, үшеуінен жоқ

Ибраһим Әдһам әулиенің сөйлеп кеткен насихаты:

Жалғаннан біреу қашып кетіп жатыр [120].

Ташкенте қаза тапты Әмен өзі [121].

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

Бұл Күлік ежелден ел-ақ едің [122].

Қараңғы түннің жарық таңы атар ма?! [123].

Алашқа күйінішті болған қаза [124].

Ақыл – шам: керек оған май мен білте [125].

Бұрынғы заманда бір адам қатынымен араз болыпты [126].

Қыпшақ шежіресі жалғасы

[Қыпшақ – Қаракыпшақ – Бұлтың – Шуақ – Уәріс – Төлек – Құдас – Ожыралы – Майрық – Күсілқара – Сүйіндік – Өтеміс – Түгел – Бөсен – Көптұр-Қанафия]. [Ескерту: Осы орайда бұл тізбекті ұсынуға Тілеке Жеңістің «Шежіре» кітабы (Павлодар, Дауа 1995, 327-329 б.) негіз болғанын атап айтамыз-Е.Ж.] Қыпшақ Көптұр қажы баласы-Қанафия молда. Бұл дат (зат) ьәм халқына қадірлі тәбәрік (табарңы) адам болған. Қажыға неше қабат барған. «Аққар» жылы Шорманның Исасы (Ғайсасы) барған жолы сапарлас болған, аман қайтып келген. Көптұр қажы хазірет Сұлтанға зиаратқа барып келе жатып, Бозкөл деген жерде мумин болған, басына күмбез орнатылған. Көптұр қажының әкесінің аты – Бөсен би. Сол Көптұр қажы әкесі Бөсен [биге] биде Исабек (Ғайсабек) ишанға: «Бала бол!» – деп алып барғанда:

– Әке, ишан алдында сөйлей көрмеңіз! – деген екен. Екі-үш күн жатып, қайтуға бет түзегенде, Бөсен би:

– Айналайын, Исабек, мына балам Көптұр менің аяқ-қолымды бос қойса да, аузымды буып, ноқталап: «Ишан алдында сөйлей көрмеңіз!» – деп. Ұрыспаңыз, бір ауыз сөз айтып кетейін. Рұқсатыңыз бар болса, оны айтыңыз. «Жоқ!» – десеңіз, үн жоқ, түн жоқ, қайта берейін! – депті.

Ишан:

– Сөйле, рұқсат, рұқсат! – депті.

Сонда Көптұр әкесі Бөсен бидің сөйлегені:

– Ағайын, туған кімде жоқ,

Сыйласпаса, жат жақсы.

Қарағайдан сұлу ағаш жоқ,

Қарсы бітсе бұтағы,
Онан бұтақсыз келген тал жақсы.
Арғымақтан жақсы хайуан жоқ,
Шаба алмаса, онан тай жақсы.
Қол алған пір қайда жоқ,
Кереметі болмаса,
Онан есек пенен сарт жақсы!
Қой, хош-аман болыңыз! – деп, тұрып жүре берген екен.

Ишан тоқтатыпты:

– Енді бір үш күн жатып, сөзіңізді есіттіріп кетіңіз. Аузыңыздан шыққан сөздеріңіз кітап сөзінен де асыл екен! – депті.

Көптұр қажы баласы – Қанафия молда. Бұл дат (зат) нәм халқына қадірлі [а]дам болған. Қажыға неше қабат барған. «Аққар» жылы [Шорман]ның Исасы (Ғайсасы) барған, жол сапарлас болған.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Күлік – Шобалай – Жаңабатыр – Қосақ] Қосақ балалары: Жанқара (Жаңқара), Баба, Сапқай, Торсықбай. Сапқайдан – Тайжан, Тайжаннан – Құтбай, Өтебай (Отбай). Өтебай балалары: Темірболат, Теміржан.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Жаңабатыр – Аққожа] Аққожа балалары: Үстемір, Құлжан, Бижан, Құнан, Дөненбай, Құлбек. Бижан балалары: Балықбай, Шабакбай, Қабақбай, Шыңғысбай. Балықбай балалары: Бесмолда, Қыпшақбай. Мұның балалары: Исахан, Төлеубек. Шабакбай балалары: Көтбай, Баймұрын, Беделбай, Исабек, Есепбай. Дөненбай балалары: Құлатай, Томпай. Томпай баласы – Суатбек.

Құлбек баласы: Байқозы, Тайқозы, Тойбазар. Тайқозы баласы-Қосмағамбет, Қосқақ(Қостак). Қосқақ баласы-Нұрмағамбет. Нұрмағамбет баласы-Мағауия, Ермахамбет, Ержігіт, Сары.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Жаңабатыр – Таңсыққожа] Таңсыққожаның үлкен қатынынан: Өзден, Байтемір, Жаксы, Жабағы; тоқалдан: Жанқұтты, Құттыберлі, Айыт, Жанпейіс (Жампейіс). Өзденнің үлкен қатынынан: Бекболат, Қатты, Қорықпас;

токалынан: Жорытпас, Шабанбай, Жаманбай, Қабанбай, Жетпісбай. Бекболат баласы: Қантөре, Жантөре. Қағты баласы-Жүзқайтпас, Жолдыбай, Жұмағұл. [Ескерту: «Байтемір балалары» – деп басталып, «Еленғай баласы Жандайбаны көрдік» – деп бітетін шағын мәтін бет ішіндегі Қыпшақ шежіресі соңына арналған мәтінге (1176-папка, 192 б.) карама-қарсы жазылып, 1176-папка, 192 «ә» б. жалғасы ретінде берілген].

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Жаңабатыр – Таңсыққожа – Байтемір] Байтемір балалары: Дүйсен, Бейсен. Дүйсеннің үлкен қатынынан: Мұса, Иса, Қуанышбай, Байбөрі; тоқалдан: Құланбай, Қисық. [Таңсыққожаұлы] Жақсының баласы: Естек, Бошан, Шитек. Бошан баласы: Бекбай, Текбай, Көпбай, Мақан, Дәулет. Бекбай баласы-Жүсіп. Шитек баласы: Жоламан, Айкымбай, Артықбай. Айт баласы – Елғай (Елпай) деген шалды көрдік. Елғай баласы Жандайды көрдік.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Тайкелтір] Тайкелтір, Жиен, Төлен, Әлсейіт. Бұл Әлсейіт – Жиенбаласы. Әлсейіттен – Оразбай, Оразбайдан-Кеншімбай бай. Кеншімбайдан-Белгібай. Тайкелтірдің бәйбішесінен: 1. Өмірзақ. 2. Тентек, мұнан – Дәуітбай. Дәуітбайдан: Мәнен, Таутан (Тутан). Екеуі де ебедейсіз (епетейсіз) бай болған. Мәненнен-Исабай, Исабайдан ұрпақ көп. Әлсейіттің тоқалынан: Қасболат, Тоқболат, Байболат, Мықтыбай, Шектібай. Қасболаттан – Аян, Аяннан сегіз: ең үлкені – Анай. Бұл сегізбен туысқан Жирен қыз. Маңдай – Жандайдың Маңдайы дуанбасы күнде аяғын[ан] барып, соған тиіп, тұрып алған. Маңдайдың бәйбішесінен: Сәбді, Қапар. Қапары-қазы, Сәбдісі болыс екен сол күнде. Сонда Аянның үш баласы Маңдайға қоңсы болып, жанында отырып қалған. Елеңке деген өткір шоттай, берекесі жоқ, ылпың-жылпың біреуі болған. Он үш жасар Кемпір [деген] қызбен айтысқан өлеңі бар.

Байболаттан-Байбатыр, онан Шалқарбай қажы. Тоқболаттан-Байқұтты-лар. Мықтыбайдан: Бектұрсын, Сағырбек, Қырықбай. Шектібайдан: Нысан, Ақбас. Ақбастан-Асқар, онан-Қорабай. Шектібай-

дан – Азына. Азына кызы – Кенже[ні] Қаржас-Досан дегенге берген, бұл күнде Павлодарда.

«Хан сүйегі» атауы туралы

(бірінші нұсқа)

Нұра бойында «Хан сүйегі» дейді: Жамантай хан әкесі Бокей хан қойылған екен. Қамбар-Жанак ақын қаңғып жүріп, сол жерде өлгендіктен, хан тамының ішіне қойылған екен. Жамантай Қамбар деген елді бидайықтай қуырыпты:

– Қаңғып жүріп өлген шалынды әкемнің қасынан аулақ әкетіндер! Қамбардың қаңғыған шалына бола салынған там емес! – деп.

Сонан Қамбар қарсы айтар қаруы болмаған соң, Алшынбайға айтысыпты. Алшынбай кісі жіберін:

– Қойсын, қозғамасын, – десе, Жамантай болмапты.

Сонан:

– Бас қосқанда, сөйлесейік, – деп, соған қаратып, Жамантай ханмен Алшынбай көптің басы қосылған бір қалың жиылыста:

– Өлген кісінің сүйегін алдырып, әуре қылмаңыз, – десе, Жамантай болмапты, сонда Алшынбай айтыпты:

– Ақ патшаға сен де барған едің, мен де барып едім. Сонда саған: «Қалағаныңды ал!» – дегенде, «Анамның баққан-қаққан елін берсең, болады!» – дегенінде: «Бердім» – деп еді ғой. Маған: «Сен не сұрайсың?» – дегенде: «Жеті атамнан қоныс қылған жайлау-қыстау жерімізді берсеңіз!» – дегенімде, «Бердім жайлау-қыстау, – жерінді!» – деп еді ғой. Сен елді алып едің де, мен жерді алып едім ғой! Бұрынғылар айтқан екен:

Шөлде жүрген дуадақ

Көл қадірін не білсін?!

Көлде жүрген қоңыр қаз

Шөл қадірін не білсін?!

Жарлыдан жаңа байыған,

Жалғыздан туып, көбейген

Ел қадірін не білсін?!

Садағын сағымға ілген
Хан Шыңғыстан емес ең,
Қатағанның – хан Тұрсын
Қай неткенді ант ұрсын! –

деген ант ұрған Тұрсынның тұқымысың ғой. Ата-бабамыз айтады екен: «Төренің түбі-сарт, // Сарттың түбі – Сары ит!» – деп. Сондығына кеткенің ғой! Әкеңнің моласын с...ін, ал әкеңнің сүйегін! Қай кенттің қаңғырған сарты екенінді Құдай білсін! Бар, өзіңнің ата-бабаң қайда болса, ұлтыңа апарып қой! Қазақтың өз жерін өзінен қызғанамысың? – дегенде, Жамантай ләм-мим деп, аузын аша алмапты.

Амалдық сопы әңгімесі

Күлік-Амалдық сопы Қаракесек Балықбаймен күр[дас]. Сол Балықбай қалжың-сықаққа ұста кісі. Амалдық сопыны ашуландыра алмай, шаршап қойған екен. Бұл –Ақбура –аңқау Амалдықтың кіс[ісі]:

– Біз бүгін қайда қонамыз? – дегенде, бір қонақ сыйлап көрмеген сараң үйге жіберіпті де және ол баратұғын үйіне алдынан кісі жіберіпті: «Біз жорта қасақана жібердік. Аш салсын, құрметтемесін, – деп.

Қайта оралғанында сұрапты:

– Пәленшенікі сізді күтті ме? – деп.

– Барын берді, жоқты қайдан тапсын? Ықыласына риза болдық. Жаман үйді сіздер бізге айтасыздар ма? – деген екен.

Және бұл Амалдық сопының әдеті – балалармен құрдасындай ойнайды екен. Баланың не қылған ырқына көше береді екен. Балықбай ойын балаларына үйретіпті:

– Өзі сендермен құрдасындай ойнап алды ғой. Енді мұны бір ашуландырыңдар. Киімімен суға түсіріп жіберіндер, – деген соң, бала нені тыңдасын, суға салып ойнапты.

Сонда Бәкейекен деген кісі жүгіре шығып, балаларды қуып, Амалдық сопының қасына келсе, дәнеме көрмеген кісідей ыржиып күліп тұр дейді.

– Құрдастарыңыз сыйлаған екен, – дегенде,

– «Шал кісі көтере алмай, өліп қалады» – демесе, балалардың ойыны қызық – ақ ойын, – деген екен.

Тоқа – Шоң болыс:

– Өмірімде Құдай жаратқан жанда толық бір жан көрдім:Күлік-Амалдық сопы деген кісі екен. Мұса аға сұлтан күнінде сол кісінің хат-мөрімен келген екен және өзі де кісінің күтуіне тұрарлық кісі екен.

– Он бір тұяғы – бір қысырағын ұры алып кетіп, менің қол астымдағы он бір ұры көп жылқымен ұрлап, сонан екі жыл өтіп, үшінші жылға айналғанда келді.

Бұл Шоңның айтқаны, Күлік – Амалдық сопы.

– Сонда қасындағы жолдасы-Қантай мырза Жаутен баласы еді, – дейді.

Бір кедей қазақтың еркек баласы жоқ екен, ұзатқан жалғыз қызы төркіндеп келіпті [127].

Қанжығалы шежіресі жалғасы

[Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Қара]. Алты атаның ұлы Әжібайдың бір баласы – Қара. Бұл Қараның бәйбішесінен: Елібай, Сары; тоқалынан-Жәдігер. Сарыдан: Жылкелді, Қойбас, Айбас. Жылкелдіден-Ақжігіт, онан-Томан, онан:Көлен (Күлән), Байты. Жәдігер – бәйбіше балаларынан зорлық көрген соң, Құдайбердінің қолына барып кіріп тұрған. Мал бағып жүрген күнінде Найман даладан ұстап алып кетіп, қыз беріп, сонан мал малданып, жан жанданып көшіп келген. Найман алып кететін бір себеп бар бұл жерге.

Құмға қазық тұрмайды қаққанменен,

Қойға қоңырау жараспас таққанменен.

Қызға жеңге бақташы бола алмайды,

Қойды қасқыр жемей ме, баққанменен?

[Мәшһүр Жүсіп ескертуі болса керек]: «Сыймаған соң жазылмай қалды». Ол себебі – Амалдық Сары Найманнан бір баласына қыз айттырған. Күйеу бала өлін қалған, сонан Наймандар:

– Жесір жібермейміз, бір жаманыма бер, – деп айтады. Онан да адам болайын деп тұрған бала екен. Осы баланы еріксіз алып кетіп, қызымызды осыған берейік, – деп, берген.

Торайғыр бидің сөздері

Қара жерді жамандама,
Жататұғын жерің-ді.
Ғалымдарды жамандама,
Алдыңда басшы, пірің-ді!
Халық-жұртты жамандама,
Көп табады мініңді.
Құдайыңды табарсың,
Тәрбиелесен, ғылым менен білімді!
Аузынан шыққан өлеңінің түрі:
Атың барда жер таны, желіп жүріп,
Асың барда ер таны, беріп жүріп.
Бұ дүниенің өтерін білген сырбаз,
Малың бер де, сұлуды ал, көріп жүріп.

Торайғырдың жас кезінде бозбалалық салтын құрып жүргенде, Тоғжанға айтқан өлеңі – бара жатқан бір кісіден: «Айта бар!» – деп:

Ертістің арғы жағы – жалтыр теңіз,
Өзі сұлу Тоғжанға сәлем деңіз.
Бізде көңілі бар болса, ақын Тоғжан,
Ортадағы шатырға келсін деңіз.
Онда Тоғжан жауап қайырыпты:
Ертістің арғы жағы – жалтыр теңіз,
Торекеме: «Сәлем, – де, – келсін!» – деңіз.
Бізде көңілі бар болса, біз даярмыз,
«Керей менен Кернейді берсін!» – деңіз.

Торайғыр сөзі:

Сары атан молақ өркеш нар бола ма,
Жабуы, келте пішсе, тар бола ма?
Керей менен Кернейді бірдей сұрап,
Бойында жігіттігі бар бола ма?

Тоғжан қалта қарап тұра қалыпты. «Жүйріктің тері кеппес», – деген бар ғой, онан ерте айрылған жан болса керек.

«Керей» мен «Керней» – деген Торайғырдың екі қатыны бар екен. Бірі-Керей қызы екен де, бірі – Қарсұн-Кернейдің Керней деген елдің қызы екен.

Бір келіншек қатынға біреу:
– Енең келеді, – дегенде [128]...

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Күнту – Жанайдар – Өтеміс]. Жанайдар: Орындық бәйбішеден: Отас (Өтес), Өтеміс абыз, Сәдібек, Үсен, Әбісе; тоқалдан: Толас, Бөкей, Әуелбай, Омар. Отастан – Тілеміс, мұнан-Ілбісін, мұнан-Ілияс – Керей: Жөкін ауылында. Өтемістен: Әбді молда, Аббас (Апқаш), Әбетей, – үшеу туған. Сәдібектен – Таубай, онан-Әлжан. Үсеннен – Әбдірахман, онан: Ахмет, Қожан. Ахметтен-Шөкін. Толас-тан: Нұрсейіт, Орынбай (Орұмбай), Сәрсенбай, Исабай. Орынбайдан-Кенжебай. Исабайдан-Шанеба (Пісанба). Бұл «Өтел тұзы» жақта жүр. Бөкейден: Оразәлі, Сүйіндік, Мырзатай, [Е]режеп. Әуелбайдан: Сағақ, Құрман, Нұрбай, Татсейіт. Омардан: Күлдірбай, Бұрыл. Күлдірбайдан: Ермекбай, Егемен (Икаман), Егеменнен-Ишанбек.

Мырзатай балалары: Ержан, Біржан Керекуде [тұрады].

Орманшы – Қазанғап кенже қызын ұзатқанда, айтқаны. Әуелі күйеуіне айтыпты:

– Шырағым, Жамғытжан, «Байсақтың кенжесімін» – деп, менің баламды азсынба. Балам, сен: «Қазанғаптың кенжесі едім» – деп, Жамғытжанды тазсынба.

Сол Қазанғаптың моласына оғадар (Рағадар) жылы алпыс төрт жасымызда [1922 ж.] Құдай айдап кез болып, Құран бағышлап, бата қылдық. Біржанның жалғыз баласы – Ғаббас. 25 жаста өткен екен. Онан туған бір жас немересі де өліп қалыпты. 1922-інші жылында ескі сентябрьде Жамшыбай тауының Ақасудың аузында болады екен.

Бәсентіін шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентіін] Бәсентііннің төртінші қатынынан – Сырым. Сырымнан тарайды: 1. Танаш абыз. 2. Жабық. 3. Мұрат. Абыздың шын аты-Баубек. Мұның тұқымы Отыншы балалары Тоғайда. Мұраттан алтау туады: 1. Дөнен. 2. Сегізбай. 3. Сасық. 4. Бестібай. 5. Теңізбай. 6. Алтыбай. Жабықтан: 1. Болай. 2. Самай. Болайдан – Тілеу, онан-Өтебай. Самайдан: 1. Сексенбай. 2. Тоқсан. 3. Досым. Тоқсаннан-Қара: «Қысырау Қара» – атанады [129]. Қарадан-Рысқұл (Ырысқұл). Бұл Рысқұл-Сүгірәлі баласы, бұл-Жанқожа баласы – Тегібай (Тікібай) баласы, бұл Қара баласы. [Бәсентіін – Сырым – Жабық – Самай – Тоқсан – Қара – Тегібай – Жанқожа – Сүгірәлі-Рысқұл] Сырымның бәрі Жабық болады, Мұрат, Танаш аз.

[Бәсентіін – Сырым – Жабық – Самай – Досым] Досымнан – Дөнентайлар. Дөнентай – Қазанғап баласы. Досымнан – Тоқтауыл батыр, мұның баласы – Малайсары. Малайсарының баласы: Тілеуқабыл, Бесмолда, Араб, Апқа (Афха), Омар, Жасқұт. Досымнан – Төлебай, мұнан-Нарымбай. Мұнан-Тәуірбай, мұнан-Ибрай, мұнан-Қыстаубай. Сырым-Әбде батыр баласы. Байжаннан: 1. Мұжық. 2. Алтеке (Әлтеке). 3. Қозыбақ. 4. Құдайқұл. 5. кенжесі-Қаспай (Қасай).

Таулық әңгімесі

Жас бозбала күнінде ел-жұрты жауға басшылыққа алып аттана берген соң, шешесі Томан бәйбіше елінен алып қашып, Жаңабатыр ортасына келген. Таулықтың (Тондың) қайыны Қосақ екен. Қалыңдығы оң жақта қыз екен, аты Ақборық екен. Өміртай баласы Ақбота – байдың жылқысын жау алып[ты] Шідерті бойында. Сонда Таулық «Жібермеймін!» – деген шешесіне болмай, аттанып, Ақботаның аулына келгенде, Ақботаның қызы Таулыққа жалынған екен:

– Торы жорға атымды жаудан айырып әкеп берсең, қалағаныңды берейін, – деп.

Бұрын Таулықтың ырқына көнбей жүреді екен. Күлік деген ел гулесіп, көтеріле аттанып шығыпты. Жау Жаманшатта бекініп жатыр екен. Таулықтың аты жиренше ат екен. Талай жауға танымал болған жануар екен. Жау Қаракемпір – Наманай-Мендеке батыр екен.

– Жиренше атты қу бала, осы-ақ менің соңымнан қалмады. Қайтсын, жабысқырды жайратармын! – дегенде, Тауфық айтыпты:

– Осы жолы кәрі Берсектің зығырланын қайнатармын, қыржанын кесіп, өзіне шайнатармын! Онан да сыйлағанды білсін. Ат-тоны өзіне олжа, жылқыны тастап, жүре берсіп! – деген соң,

– Жаңа талап, жаужүрек, беті қайтпай жүрген жас еді. Болмас, болмас! – деп, жылқыны тастап, жүре берітті.

Жылқыны араласа, торы жорға ат жоқ екен. Торы жорға атты алып бармаған соң, қыз бетіне қарай алам ба? – деп, жауға барып, жалғыз кіріп кетіпті.

Жау да қарап отырып қалып берген жоқ, қызыл шеке төбелесті салып, торы жорға атты алып шығыпты. Күлік жылқыны қуалап, мұны «Жауда өліп қалды» – деп, каша жөнелген екен. Он жеті жерден жаралы болып, атқа әзер жүріп келіпті. Басына сойыл көп жауған екен. Жарылған жоқ, бітеу жара, басының дүрдиісіп ісіп кеткендігі: өзі бөлек екі бастай қаралдысы болып, атқа жүргізбепті.

– Мені суға тастандар, бір күн, бір түнсіз алмандар! – деп, өзіп суға тастатыпты.

Бір күннен, бір түннен соң, бар қан басына жиылып:

– Пышақ салындар, – десе, жалғызы батып, пышақ сала алмапты.

Сонан соң пышақты өзі қолына алып, екі жерден салып жібергенде, ұйып қалған қан домаланып түсіпті. Есен-аман жазылып, елге келіпті. Ақботаның қызы мал бергенінен артық өзінікі болыпты. Сойылдан енек (иін) жасап, елге алып келген соң, шешесі-Күлік:

– Соғымды өзін бақ! – деп, үйіне түсірмепті. Сонан соң Ақбота бай үйіне түсіріп, боз қасқасын Құдайға айтып сойып, бір ту бие сойып, қазыға бөлеп, терісініе салыпты. Айдан аса жатып оңалыпты.

Бір күні көш –жөнекей Тауфық батыр Ақботаның қызымен қалжыңдасып, ойнап келе жатқанын өз қалыңдығы Қосак қызы көріп, күндестік қылып, күйеуіне бір ауыз тілі тиіпті.

– Сені біржолата жоқ қылайын! – деп, дүрсе қоя бергенде, қыз каша жөнелгенде, қаһарлы Жанақ қарсы алдынан оқтай ұшырап, қасындағы желбастар Жанаққа шағыстыра сөйлепті:

– Сізді жан екен демей, мынаның қылып жүрген қылығын! – дегенде, Жәкең жазған:

– О баламды аттым! – депті.

Мұрттай ұшып жөнеле беріпті. Бұрынғының адамдары қанша жақсы болғанмен, осындай надандықтары болады. «Қасиетті кісі болған!» – деп, мақтайын десең де, көңіл қалдырарлық, естіген жанды ренжітерлік мінезі көп болады. Осы орынсыз жерде: «Аттым!» – дей бергеннен арты онша болмады. «Мынау пәленшекеңнің ұрпағы» – дерлік бір жан, іздесең, емге таба алмайсың. «Ажалдан қашсаң, аяғыңнан алады, // Бейнеттен қашсаң, жағаңнан алады» – деген осы ма? Обалына шешесі қалғандай болды-ау! Өз ұлтында жүрсе, жаудан өліп, Кенесары, Наурызбайдай артында атағы қалар еді. Бок басында, жоқ жерде өліп кеткен соң, жан білмейді, аты өшті де, қалды.

Наманай – Мендеке батыр аты шыққан, атакты батыр. Шоң, Тұрсынбайдың жылқысын жау алғанда,

– Мен Торайғыр! – лап, Торайғыр қуып жеткенде,

– Сен Торайғыр болсаң, мен ала бас айғыр! – деп, Торайғырға жылқы бермей кеткен Мендеке батыр Тауфықтың бетіне шыдай алмай, жылқыны тастап жөнелген – басы аманын олжа көріп.

Қаракесек шежіресі жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Болатқожа (Қаракесек)–Ақша-Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар – Бектемір (Бертіс) – Мүшеке – Қазанғап]. [Бектемірден]: Битен, Шитен, Мүшеке-Бертістің балаларының аты. Бұл үшеуінің әкесінің аты-Бектемір. Мүшекеден-Қазанғап, онан-Тәттімбет, Ырсымбет, Жақсымбет. Жамантөренің-Жыланды мен Үшқара аралығында-Мүшеке моласы – Көрсө тұсында; Бабалы тұсында – Қазанғап моласы.

Бұл жорықтан бұрын Наманай – Мендеке батыр Бәсентиін жылқысын түп көтере алып келе жатқанда, жолда [Бәсентиін] – Сырым елінің тұсынан өтіп бара жатқанда, қара құлын жарғағы бар, жиренше аты бар Таулық бала Мендекемен соғысып, жылқыны айырып алып қалған екен. Бұл жолы Шідертінің аяғында отырған Күлік жылқысын қуа жөнелгенде, тағы артынан баяғы жиренше атты, қара құлын жарғақты бала тағы жеткен соң, Мендеке:

– Сенің ағайының Бэсентиін малы емес, Күлік жылқысы. Енді менде не ақын бар? – дегенде,

– Күлік менің бөтенім бе, бір жұртым. Өзім осы күнде Күлік ортасында отырмайын, «Саған тегіндікпен беріп жібере алмаймын!» – депті.

Қанжығалының болыс болуы

Қазақ орысқа ең алғаш карағанда, Иван Семенович деген полковой келін, әр жерге қала салдырып, дуан аузын ашқан, дуанбасы, болыс сайлаған. Сонда Қанжығалы: ойдағы-қырдағысы өз алдына бір болыс болып, Жолға байлаған. Жол [130]:

– Мен қартайдым, сендер[дің] маған байлағандарың рас болса, мен Әжіке-Дәненнің Дәненіне бердім, – деген.-Дәнен күндердің күнінде кімге берсе, өзі білсін, – деген. Сондықтан Қанжығалыға ең алғаш Дәнен болыс болған. Дәнен өлерінде өз балаларына байламай, Жолдың баласы Әлдебекке берген. Әлдебек өлерінде Дәнен балаларына бермек болғанда, Мұстафа деген баласы тілін алмай, өзі болған. Соған өкпелеп, Қанжығалы бөлек болыс болуға кіріскен. Қанжығалының болыстығы бытыраған[ы] басы-сол.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Бекмырза – Сары – Бұзау]. Бұзау: Аю, Бапан, Қабан, Жолбарыс.

[Қаракесек – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар – Келдібек – Асан – Тастемір – Күсеміс]. Күсеміс, мұның баласы – Салмақбай-Қызылжарда бала-шағалы. Бұл Салмақбайдан тұқым қалған жоқ.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Жаңабатыр]. Жаңабатырдан он төрт:бәйбішеден:-Таңсыққожа, Аққожа, Қосақ, Жанак; екінші қатыннан – «Бесқара» – дейді, бесеуі: Татан, Шөек, Құлмырза, Тікей, Қабыл; үшінші қатыннан-Босмойын, Биікбас; төртінші қатыннан: Алдияр, Байбарак, Қожамсейіт. Жаңабатыр өзі жүз төрт жасында өлген:

– Құдайдың маған берген өмірі жүз он төрт еді, он жасым кем болды. Себебі үш жан берген топтың ішінде болып едім – деген. «Жаламен Жаңабатыр үш шабылды» – дегені – «Аққа» да бір ауыз сөз айта алмай, жалаға үш төлеу төлеген.

Бұрынғы заманда ас болғанда, Жаңабатыр биге түйе бастатқан «тоғыз» алып келеді екен. Сонан соң Жаңабатыр: «Осы ас ас-ақ болды!» – дейді екен. Басқа елдің күтілген, күтілмегені шот емес. Өзінің бәйбішесіне ас бергенде:

– Бәйбішенің балалары түйе бастатқан «тоғыз» алып келіп, босағама байламаса, асқа бармаймын! – деп, отырып алған соң, бәйбішесінің балалары түйе бастатқан «тоғызды» босағасына алып келіп байлапты. «Қатынының асына өкпелеген Жаңабатыр» – атаныпты. Моласы Қызылтауда: «Қарасуда көп ұлыт Самай аулының іргесінде. Бұл күнгі Ғабдолла хазіреттің мешіті соның басында. Ғабдолла өзі де сол молаға қойылған, бір белгілі зиарат болды.

Уақ-Нүрекен бай Қызылтауда туған екен, қыстауы сол Самай сопы ауылы отырған жер екен. Кішкене күнінде мшел болып, алты жасқаша жер қазып отырғызып қойыпты.

Жаңабатырдың тоқалынан туған «бес қараның» біреуі Тікейдін Бөкенай деген қызын айттырып, ішке ауып, түсіріп кеткен. Сонан қайнына барғанда, торшолақ байталға мініп, жалғыз өзі барған.

Күлік – Торсықбай – Жаңабатыр немересі он жеті жыл ескі зақонда болыс болған. Болыстықтан түсіп қалып қарт басқан кезінде аға сұлтан дуанбасы Мұса Шорман би баласына –Баянаулада жатыр деген соң, амандыққа барады. Қасында Елпай (Елғай) бар, өз баласы Уызбай бар. Барса, Мұса: «Ұры тыямын!» – деп, өзінің Қаржасынан Үсен қаракшы мен [Қаракесек] – Ақша-Байболат-Табан-Қаракшыны: «Айдатамын!» – деп, абақтыға салып қойып, Қозған-Орман қаракшы, Паң қаракшы; Қанжығалы Жабас қаракшы, Төке – батырларды (батырлары) алдырып, бәрі бір үйде қамалып отырған үстіне Торсықбай кіріп барыпты. «Мырза өйтіп жатыр» – деп, бәрі қалтырап отыр екен. Тотаң [Торсықбай] ол үйде биттей кідірмей, Мұсаның өзі жатқан төр үйге сөйлей кірінті, сондағы сөзі:

– Дария теңіз қатар-ау, Мұса! Түлкі де, қарсақ жортар-ау, Мұса! Жиылған көп тарқар-ау, Мұса! Бақ деген, шіркін, – сый қонақ, о да бір

күн қайтар-ау, Мұса!—дегенде, ұйықтап жатқан Мұса шошып кеткендей ұшып түрегеліп, Қожамұратқа ұрсыпты:

– «Тотаң келді!» – деп, мені неге оятпадың? Тұр шапшаң, Тотаңа таза албарға бір кигіз үй тіктір, союға бір жылқы алдыр! – депті. Сонда Тотаң:

– Мұсажан, мені құрметтеп күтуің рас болса, «Түбі-тегі басқа, туыспағандығын қылды» – дер, мына өзіңнің Қаржасыңның екі қанішерінен басқа жиып алғандарыңды босат. Оларға қатты қаһар қылма! – деген соң,

– Дұрыс, Тота, бәрінің күнәсын (күнәһын) бабаң Жаңабатыр аруағына байладым! – деп, ол жолы Үсен мен Табаннан басқаны «ұры» – деп бермеptі.

– Ой, Жаңабатыр, аруағыңнан айналайын! – деп, қамалып отырған «қырыпсалдар» мез-мейрам болып тарқасыпты. Бір ауыз өлең – айтушысы кім екені белгісіз:

Қожаға қол берейік, ғалым болса,
Неге сәлем берейік залым болса?!
Сарт-сауан өз жеріне қайтса керек,
Өзіне келген жері мәлім болса.

«Мұны айтқан Жаншуақтың Мұсасы», – дейді. Түбі Қарауыл екен-Жаншуақ асырап алып, бала қылған екен.

Бәсентиін шежіресі

(ең толық нұсқасы)

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін] Бәсентиіннің бір қатынынан: Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан. Ақмайданнан – Көкшекөз, мұнан: Байымбет, Жолымбет. Байымбеттен: 1. Бейсен (Піскен). 2. Жаманай. 3. Қоянбай. 4. Рысбек. 5. Көшен. 6. Шүрек. 7. Танатар. Піскеннен: 1. Таз. 2. Бөкіш. 3. Өтеп. 4. Матай. Матайдан: 1. Құттыбай. 2. Қаржау. 3. Өмір. 4. Қойбақ. [Көкшекөзден]: 1. Өнти. 2. Байымбет. 3. Балықшы. 4. Түрікпен. Біреу: «Құтымбай – дейді – Жолымбеттен». [Жолымбеттен] – Маңдай, мұнан – Сәмек. Жаманайдан: Қойсары, Қозыбақ, Рысқұл, Сағынай, Тайлак.

Бекмайданнан-Апай. Апайдан – Нарбота. Токмайданнан-Қатыс, Қатыстан – Бөрі. Бөріден: 1. Келден. 2. Қыстау. 3. Қақа (Тақа). 4. Сатыпалды. 5. Жаңбыршы.

Бәсентііннің екінші қатынынан: 1. Ақтілес. 2. Күшік. Күшіктен: 1. Жылқыайдар. 2. Итемген. 3. Жанкелді. 4. Қайып. 5. Кенжебай.

Байымбеттен-Ханкелді (Қанкелді), мұнан-Байбол, мұнан-Жегібай. [Байымбетұлы]-Жаманайдан: 1. Қойсары. 2. Қозыбак. 3. Рысбек. 4. Сағынай. 5. Тайлак. [Байымбетұлы] Бейсеннен: Таз, Бөкі, Шоқай, Өтеп, Матай.

Күшік балалары: 1. Жылқыайдар. 2. Итемген. 3. Ханкелді. 4. Қайып. 5. Кенжебай.

Бәсентііннің төртінші қатынынан-Сырым. Сырымнан тарайды: Танаш, Жабық, Мұрат. [Бәсентіін-Сырым-Жабық-Самай-Досым]. Досымнан-Тоқтауыл батыр, мұның баласы-Малайсары, мұның баласы – Тілеукабыл, мұнан-Бесмолда, мұнан-Араб, мұнан-Апай, мұнан: Омар, Жасжігіт. [Бәсентіін-Сырым-Мұрат] Мұраттан тарайды: 1. Дөнен. 2. Сегізбай. 3. Сасық. 4. Бестібай. 5. Теңізбай. 6. Алтыбай. Сырымның көбі Жабық болады, Мұрат, Танаш аз. Жабықтан: 1. Болай. 2. Самай. Болайдан-Тілеу, онан – Өтебай. Самайдан: 1. Сексенбай. 2. Тоқсан. 3. Досым. Тоқсаннан – Қара: «Қысырау-қара»-атапады. Қарадан-Текебай, мұнан-Жанқожа, мұнан-Сүгірәлі, мұнан-Рысқұл. Қысыраудан-Ақбалық хазіреттер, Қазанғап баласы Дөнентайлар. Бұлар да – Досымнан.

Малайсарының өлімі

[Бәсентіін – Сырым – Жабық – Самай – Досым – Тоқтауыл]. Тоқтауыл батыр болған кісі. Ауылы бір қопаға қонғанда, қопаға қаптап жайылып кеткен түйелерді бір нәрсе аспанға лақтыра бергенін көрісіп: «Дәу де болса, жолбарыс шығар», – деп, жұрт ду котеріле аттана шапқанда, Малайсары бала күні екен. Шұбар тайға мініп, олай-былай шапқылап жүрген бала жұрттан бұрын жолбарысқа барып қалғанда, жолбарыс Шұбартайды құйрығынан алып аспанға бір-ақ атқанда, түсіп қалған баланы Тоқтауыл жолбарысқа ауыз салдырмай, айырып алған екен.

Малайсары қалмаққа неше қабат қолға түскен. Бір түскен жолында өзінің баласы Тілеуқабылды қалмаққа «ақ үйліге» бермек болып, ақ мылтықтың аузын жаласып, бір-біріне жау болмасқа анттасып қайтқан екен.

Абылай хан жорыққа аттанып, Малайсарыға келеді:

– Мені қой, мен бармайын. Жауласпасқа ақ мылтықтың аузын жаласып, анттасып қайтып едім. Антқа ұшырап қалармын, – дегенде,

– Қалмақ шіркіннің анты не қылар дейсің? Сен жүрмесең, болмайды!-деп, еркіне қоймай алып аттанып, қалмаққа барған екен.

Барса, қалмақ берік қорғанға қамалып, жауды беттетпес болыпты. Сонда Абылай төрт батырды жіберіпті: «Қамалды қорғанды айналып, болжап келіндер. Бұзып кірер жері бар ма екен?» – деп. Сонда Уақ – Сары – Баян жоғары ұмтылып, қорғанның үстінен үніліп, ішіне қарай бергенде, дулығаның қақ маңдайынан оқ тиіп, дулығаның артына қарай кайқайып қалғанын көріп, қалмақтың мергендері қорғанның үстіне шығып қалғанын көре сала батырлар қашқанда, арт жағынан оқты жаудырыпты.

Сонда Абылай хан:

– Бір қандыауыз мылтықтың аузы Малайсарыға дөп келді-ау, Құдай-ай, сақтай көр! – дегенше болмай, Малайсарыға сауыттың жігінен, шонданайдан оқ тиген екен. Жүреміте сол қалмақ үш атқанда, үш оқ бірдей Малайсарыға тиіп, батырлар аман-есен көбіпе келген соң: «Аман келдік қой!» – деп, өзгесі қуанғанда Абылай хан:

– Малайсарының аты киреңдеп қалды, аман емес! – депті.

Қараса, Малайсарының белін оқ қиратып тастаған екен. Сонан соң қосына ап келін түсіріп жатқызыпты, жаралы болып қалыпты.

– Енді бұған өзге тамақты бере беріндер, жалғыз-ақ ескі қатқан сүр ет бермеңдер. Егер сүр ет берсеңдер, онда жазылып, үйірге қосыла алмайды, – депті.

Өзгесі жауға кетіп, қоста жалғыз бақыршысымен қалғанда:

– Сүр етті сағындым, кішкене сүр ет тауып бер! – деп, бақыршысын қысыпты. – Егер сүр ет тауып бермесең, басыңды шабамын! – деген соң, жанынан қорыққанынан, ала қоржынды ақтарып, бір сүр қазыны алып беріпті.

Абылай хан келіп көрсе, [түсі] бұзылып, келіспей қалған екен.

– Ұрған екенсіндер ғой, сүр ет бердіңдер ме? – дегенде,

– Сүйемдей қазының ортасын беріп едік, – депті.

– Енді болмады, жалғыз-ақ ілініп тұрғаны – шектің бүтіндігі еді. Ай, бәрежелді-ай, келіспеді-ау! – десіпті.

Ақырында өлер болыпты. Сонда Малайсары батыр айтқан екен:

– «Әзірейіл, шіркін, қайда жүр өзі!» – десем, ала қоржынның түбінде жүреді екен-ау! – депті.

Сол жолы өліп, сүйегін елге алып келіп қойыпты. Барған жауын жебір – жесір қылып, шауып, шаншып алып, мұқатып қиратып қайтысыпты.

Бұрыннан естуші едік: «Белін үш жерден оқ үзгенде, жауды Олжабай алыпты – деген – Аруак Олжабайдікі болып кетеді!» – деп. «Белін үш қабат орап алып, жауға шауыпты!» – деген сөз бар еді.

Мәшһүр Жүсіп өмірі

Желтау, Шоқпар маңайында Күйеушоқы деген жерге атамыз Көпей марқұм саудагер күнінде төрт үй бір жаз жатып, үй қора мүлік сайман салдырып, қыстаған жылында «Тауықтың жұты» болып, тастап көше қашыпты. Ол жерге қыстау қыламын деп жүргені... Алтуайтқа Әуелбай қыстап, Құсмұрынға Досбай қыстап, сонда Досбайдың тұңғышы Серкебай отырып қалып, Қожамберді Дорбауылмен ұрыс, төбелес болып, кісі өлімі болып, еркегі елдің ішінде отыра алмай, тынышы кеткендіктен, тастап кеткен екен. «Досбайдың Құсмұрыны», «Әуелбайдың Алтауұрты» – атанған екен.

– «Көпейдің Күйеушоқысы»-атандырамын, – деп, орнығып отырып, атандыра алмапты. Сол «Тауықта» жұтағанда, үш жасар бала екенбіз. Саудадан жиылған төрт жүз кой, жүз сиырды қарға салған екен: Үй шаруасынан басқа. Қызылтаудан жаз шыққан соң, бес үй болып көшіп, Баянаулаға... көшіп, зорға жетіпті.

Мұса, Секербай заманында торышолақ атпен, Тұяқ деген жолдаспен қырық бір жасында Ошақты: Қоңырбай халфе Арқаға келген. Бұхарай-шарифте халифа Хасенұғлы Ғабалыстар Мағзұмнан бес жыл қызметінде тұрып, қайыр фатхасын алып шыққан. Момын ахон Сағындық ахоннан тағылым алған. Осыны жазып отырған Мәшһүрден бір мүшел бұрын келген кісі екен.

Қалдыбай қожа өлендері

(екінші нұсқа)

Асан-Тастемір балалары тоқсан жаста өткен Өтеміс деген шалына құнан шаптырып, ас беріп жатқанда, Қалдыбай қожаның айтқаны [131]:

Бие тәуір көреді құлыншағын,
Қарай көрші сөзімнің ұрыншағын.
Токсандағы шалына құнан шауып,
Жаңа қойып жатыр ма тұлымшағын?!

Тастемір балалары долданып, гулесін, қожаға сөйлей бастапты. Сонда айтқаны:

Тастемірдің баласы Делбе (Далба), шіркін,
Сені делбе жаратқан мен бе, шіркін?!
Бір атадан туған жан тегіс нақұрыс,
Бірің тәуір тусайшы емге, шіркін!

Бәзілдің Жылқыбайы Қалдыбай қожаны аттандырып, үзеңгісінен басқанда:

– Бәлекеттің үзеңгі бауы ұзарған екен, – дегенде, қожаның айтқаны:

Бұл сөзді не деп айттың, жаным, ботам,
Аяғым ұзын емес, бір-ақ тұтам.
Аяғым күннен-күнге қысқарады,
Елді билеп тұрған соң құл мен құтан.

Және бір өлеңі Қалдыбай қожаның:

Бес ақсақтың біреуі – Қалдыбай-ды,
Молдашбайдың қадамы мандымайды.
Байы болыс бір катын арбада отыр,
Ақсақ, сауын еш адам аңдамайды.

Және бір өлеңі Қалдыбай қожаның:

Қарашордан Шаншарды ірі көрдің,
Алшекеме бір таспа, сірі бердін.

Сойып берсең, көп қиын болып еді,
Бар абиырың (абыройың), өлтірмей, тірі бердің!
Және бір өлеңі:

Бұ койың құнан кой ма, дөнен қой ма,
Мойнында мылтығы бар мерген қой ма?
Жаманшылық болғанда, жан сақтайды,
Тіл алсаң, осы қойды, тіпті, сойма.
Өлді ме қаза жетіп батыр Шерін,
Кәпірдің өртер ме еді жатқан жерін?!
Ораза мен намазға жоламаған,
Сендердің де сондай ма әкелерің?
Алшеке, алтын толған етегіңе,
Есер қазақ көп ерген жетегіңе.
Пара менен ұрлықты қабат соғып,
Қара сүйел шықты ма көтеніңе?

Абылайдың алғаш көзге түсуі

(төртінші нұсқа)

Абылай атасы Уәли нағашысы Қайып ханға қашып келген [132]. Қайып ханның еліп қалмақ шапқан соң, қашып, Бұхар жаққа кетіп, бір екі атаның тұсында сол жақта қашып жүріп, күн өткізген. Солардан бір жетім бала қашып, Түркістанда Әбілмәмбет ханға келіп, онан Үйсін-Төлеге келіп, онда кой бағып, атын Сабалақ койған. Онан қазақ ішіне шығып, Қаракерей – Қабанбай, Қанжығалы-Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұғлы Жәнібек замандарында қазаққа хан сайланған.

Жекпе-жекте «Абылай»-лап шауып, қалмақтың жайсаңын өлтіріп, камал бұзып, көзге түсіп, ауызға ілінгендіктен, әкесі «Қанішер Абылай» екені сол жерде білінген.

Құлбөлді әулиелері туралы

Шорманұлы Мұса марқұм сөйлеп отырады екен:

– Құлболдыда үш әулие бар. Бірі – Мәстек абыздың Қанафиясы Бұхарай-шарифтан ғылым тахсил қылып келіп, отыз тоғызында сил науқастан өлген. Ол кісі дауам сөйлеп отырады екен: «Біздің Жанқозы

ғылымның апатына ұшыраған ел» – деп. Бірі – Күлік – Токпанның Самайы. Бұл кісі қажы сапарына кетіп жоғалған, қайда өлгені белгісіз. Бірі – Айдабол – Аккозы батырдың Сопағы. Бұл кісі диуана екен. Екі тұлмы белінен төмен салбырап жүреді екен. Түсі суық, көрген шөшып қалады екен. Жүрісі аттан, түйеден қалыспайды екен. Бір қара қой дуам соңынан қалмай еріп жүреді екен. Әзіретке үш апарып, үш қайта алып қайтыпты. Өзі тауық жылы оліпті. Жұрттың жота иттері сөйлеп жүріпті: «Өлген соң, денесі көрден ғайып болған», – деседі.

Онан соң өзіміз көргенде, Орманшы – Батыр диуана, Акбура-Шалқыман диуана, Қаржас-Ескендір диуана, Шалқыман баласы Исабай қажы да диуана еді. Әлтеке-Сарым: Жанқұтты сөйлеген екен:

– Алатау, Қаратауға барғанда: «Үйсін – Төле бидің төре берген төбесін көремін» – деп барып, Үйсін, Қоңыраттың: «Қандай жан?» – деп сұраушыларына: «Тобықты: Құнанбай – шыңнан шыққан қайнар бұлақ; Қыпшақ: Ыбырай – қажымас қара болат; Мұса-қабыршағы жоқ, қолға тұрмас жылмағай қара балық; Шыңғыс төре – орысқа жуық, діп-исламға суық. Құнанбай, Ыбырай, Мұса, – үшеуі қазақтың маңдайына қалай сыйып жүргеніне айран-асырмын!» – деген екен.

Онан соң қазақ маңдайына сыймай кеткендерді көрдік: Теміршот Айтбакин, Моллағали Күзембаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхаммедәмен Жүсіпов, Найман биі Ахмет Сәрсенов, Мұқыш Боштаев. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» – дейді. Осы өмірі қысқа болғандар – бақсыздар. Онан соң Сыздық төре Кенесарин бақсыз болды, дәл бүгінге шейін Бөкейханов та солай болды. Қаракесекте Алшынбайдың Қақабайы, Қанжығалыда Алшынның Жаманы, Байтұрсынов, Дулатов, Акбаев, – жаратылуы түгел болғанмен, бақ шіркін жоламаған соң, болмайды. Осыны жазып отырған жан да – осы айтылғандардың біреуі.

Топан суы әуел таһрор қылғанда, хазірет Нұх ғалайссаламның нан жабатұғын тандырынан білінді [133]. Соңы: «Ант жеткен қарғыс кеткендердің тұқымы бар [134]...

Үкібай сөзі

(екінші нұсқа)

Үкібай би сөз бастағанда былайша бастайды екен:

Адам ата, хан Шыңғыс,
Дін мұсылман құл бейіш (пейіс) [135].
Алаш Алаш болғанда,
Алаша хан болғанда,
Үйіміз ағаш болғанда,
Ұранымыз: «Алаш» болғанда,
Алты сан Алаш,
Жеті сан қазақ,
Тоқсан екі баулы Қыпшак,
Он екі баулы өзбек,
Тоғыз таңбалы Арғын.

Жағалбайлы – бір байдың баласы қыз таңдапты [136].

Шанышқылы мен Тама қоныстас қона қалыпты [137].

Бір ыртақ-жыртақ желбас бозбалалар келе жатса, бір қыз бен бір келіншек бие сауып тұр екен [138].

Айдабол – он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай ұрпағы [139]...

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» – дегеннің шығу төркіні

(екінші нұсқа)

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» – кімнен басталған? [140].

Бұрынғы заманда бір қазақ өзіндей бір қазаққа:

– Тамыр болайық, алысып-берісейік, – десе, бір кара жорға тайын қолқа кылып, қоймай, қадалып, сұрап алыпты. Оның үстіне тай берген тамыры бір аласы бар жерінен бір қозылы қой алып келе жатып, үйіне қонса:

– Мұны айдап жүріп әуреленіп қайтесің? – деп, қозылы қойын да алып қалыпты.

Екеуі де насыбай атады екен. Қолқа қылып сұраған емес, тамырының бір шақшасын алып кетіпті. Екі ортада екі-үш жыл өткен соң, баяғы қара жорға тай жүзіктің көзінен өткендей, кісі қызығып қарап тұрғандай сұлу жорға ат болып, ауызға ілініп, көзге түсе бастаған соң: «Толық қылып берсе қолқамды алайын, бермесе, не өткізген ақысы бар, жорғамның өзін алайын!» – деп, тамырынан қолқа сұрата қатынын жіберіпті. Қонағасын беріп, сыйлап, қатын:

– Қолқа сұрай келдік, – дегенде, берген жауабы:

– Қолқа реті менікі еді, білмей жіберген, – деп, дәнеме бермей қайырыпты. Онысымен де қоймай:

– Тамырдан қолқа алатын рет біздікі, барып, қолқа сұрап кел, – деп, бұ да қатынын жіберіпті. Барған соң, ол ашуланып, бұрқанып-бұрсанып:

– Онда менің қара жорғам мен бір қозылы қойым бар. Өсімімен қанша мал болды, мен ол иттен не алыппын? – деп, айтысып-тартысуға бет қойып, биге шақыртыпты.

Би екеуін алдына алып сұрағанда, тай мен қозылы қойды мойнына қойыпты.

– Ал, бұларды алған, тамыр, сен не айтасың? – дегенде,

– Рас, мен мұның бұл айтқан малдарын алғаным рас. Және Қара жорғаны осы күнде астымда мініп жүрмін, қозылы қойын малдандым. Бірақ менен бұл қолқасын алып еді. Алған күнде керек қылып алса да, бұл күнде оған көңілі толмай, мына атына қызыққандықпен дауласып жүр.

– Сенен мен не алып едім? – депті.

– «Не алып едім?» – деп, Құдайдан қорықпай, адамнан үялмай, қалай айтасың? Шақшамды алғаның қайда? Мен саған тамыр болғаның үшін, қимастықтан бергенім қайда? Басқа кісіге: «Көріп берейін» – десе, ұстатам ба? – депті.

Отырған жұрт та мұның сөзін ерсі көріп, күлісіп:

– Жаным, шақшаң немене еді, несі бар еді? – деп сұрасыпты.

Сонда берген жауабы:

– Шақшам серке мүйізінің тақысы еді, қозылы қой өзінің ақысы еді. Орай салған жезі бар еді, тоқсан маржан көзі бар еді. Толық бір тайды соны жездеп, маржандаған ұстаның қолқасына берілген кезі бар еді. Және: «Өзін сатса, бір түйе, бір атқа алар едік-ау!» – делінген сөзі

бар еді. Сол шақшамды өзіме қайырса, мұның малын өзіне қайырайын және шақшамды өзіме бергендігі үшін астына өзі қалаған бір атты мінгізейін, – депті.

– Жаным, мынау өз төресін өзі айтты ғой! Шақшасын өзіне бер де, жорғаңды, қозылы қойынды ал, – дегенде,

– Шақшасы жоқ еді, – депті.

– Қайда жібердің? – дегенде,

– Құс салып, далақтап шауып жүргенде, қалтамнан түсіп қалған еді, – депті.

– Ендеше бұрынғының айтқаны бар: «Сөздің өтірігіне нанба, келісіне нан» – деген. Шақша жоқ болса, сөз құрыды, – десіпті.

Сонда «Қолқа аламын» – деп жүрген батыр:

– Сөз тапқанға қолқа жоқ, сөз тапқанға қолқа жоқ, – деп, екі санын қолымен сабалап, тұра жөнелген екен.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» – делінген сөз сонан қалған екен» – десе ді.

«Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» делінген сөз

Оның мәнісі: бір ақсақ пен бір соқыр өмір бойы жолдас болыпты. Екеуі де қайыршы. Ақсақ нашар, әлсіздігінен тапқан-таянғанын көтеріп, арқалап жүруге кемдігі бар. Соқыр біреу жетелемесе, өз бетімен жүре алмайтындығы бар. Шайтан осы екеуін азғырып, айыра алмай, көп әуре болған екен.

Күндерде бір күн Алланың шайтаны мен адамның шайтаны ұшырасыпты:

– Не ғып жүдеп салбырап келесің? – дегенде,

– Мына бір соқыр мен ақсақтың татулығына сұқтанып, осынша азғырып айырайын десем де, айыра алмай, қалжырап, шаршап келемін, – депті.

– Мен екеуін өзіңнің көз алдында қайтып қосыла алмастай қылып айырайын. Маған өзің қол тапсырып, пір қылып, аяғыма бас ұрамысың? – депті.

– Жарайды, ондай қылсаң, не айтқаныңды қылайын! – депті.

– Ал, ендеше тамашама қара да тұр, – деп, ақсақты шақырыпты. – Ай, ақсақ, бері кел, бері кел, тез, жылдам. Ана соқырың кейін тұра тұрсын! – деген соң, ақсақ шойнаңдап басып, шолақ аяғын арбаның дөңгелегіндей дөңгелеттіріп, жетіп келгенде, ақсақтың екі қолын бір қолымен мықтап ұстап алып, оның жағына шапалақпен аямай-ашымай періпті кеп:

– Мынаны соқырға бер, соқырыңның сыбағасы, – деп, сол жағына келістіріп құлаштап тұрып періпті. – Мұны өзің ал, бұл өзіңнің сыбағаң! – деп, қолын қоя берін, жүре беріпті.

Төбелесуге әлі келмейді: «Бүлк етсем, мұнан [да] жаман ұрып тастар!» – деп, салбырап, жүдеп, соқырдың қасына барыпты. Соқыр жаққа сабағанын көрген жоқ, «Мынаны соқырға бер, мынаны өзің ал!» – дегенді естіген.

– Маған бергені қайда, алақаныма сал, – деп асығып тұрған байғұс дүрсе қоя беріпті.

– Дәнеме берген жоқ, о жағыма бір салды, бұ жағыма бір салды, – дегеніне соқыр өлсе нанар ма?

– Аса бір қызықты, ешкімге беруге қимайтұғын нәрсе ғой! Көзім жоқ болған соң, мені нандырайын деп айтасың ғой! – деп, нану қайда – өз құлағымнан естідім ғой! – деп болмады.

Қанша айтып нандыра алмаған соң:

– Нанбасаң, бергені мынау, – деп, – ап келші екі қолыңды, – деп, қолынан ұстап тұрып, өзіне қандай ұрған болса, ыза болып, долданып, соқырды сондай ұрыпты. – Қайран көзі құрғырдың жоқтығы-ау! Бергенін бермегеніңмен тұрмай, өзімді келемеж қылдың ба?!-деп, – Өлсем де, өз бетіммен қаңғып өлейін! – деп, айрылып кетіпті.

Сонда Алланың шайтаны өзінің шайтан болып, жүргендігі[не] ұялып, адамның артық екендігіне ден қойған екен. «Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» – делінген сөз осындайдан айтылған екен.

Құранда: «Мин-ал-жанната уалиасынын» – Мығнай Шарифы: «Жыннан болған шайтаннан да сүйсінемін, адамнан болған шайтаннан да сүйсінемін-деп айт» – деген бұйрық сөз ғой. Мұндай сөзге өзгеден гөрі оқыған ғалымдар тез нанады. Тағы басқа нанарлық дәлелі толық.

Ақан серінің «Құлагер» өлеңі

Жануар, Құлагерім, қолдан кетті [141].

Ақанның Құлагерінің мерт болу әңгімесі

Керей-Сағынай асында болып, Құлагердің қалай жығылғанын көзіне көрген кісінің сөзі [142].

Бір өнерлі жігіттің өнері

Бір жақсы жігіттің қатынының әкесі өлген екен [143].

Кемпір мен қарға

Ертеде бір елсіз тауда бір жалғыз үй қыстап қалыпты [144].

Бір әйелдің бөтасын жөқтағаны

Ертеде бір қатын[ның] бойжеткен қызы болыпты [145].

Манар деген әйел тапқырлығы

Қаракесекте: Шаншар руынан Тәттімбетбаласы Мұсатай бір жігітін жіберіпті: Асан-Нұртазаникінен бір нәрсе сұратып. Сонда Нұртаза үйінде жоқ екен.

– Нұртаза мырза қайда кетті? – дегенде, Манар деген қатынының берген жауабы:

– Былтыр өтерменің қасында жандамада отырғанда, бір мойнақ шөкедей дәуметті сөткелшіге сатқан еді. Сол сөткелшісін сұрай кетті, – депті.

Барған жігіт:

– Маған бір жұмбақ айтты, түсе алмадым, – деп қайтып келіпті.

Шөженің өлеңі

Шөгіп жатқан Алшекем нар секілді [146].

Қаракесек-Бердалы жожа айтқан екен:

– Шаншар деген елден сексеннен аса бала оқыттым. Шүкір Құдайға, Құдайдың маған бір мол бергендігі – бәрі ұры болды, – депті.

[Мақал]:

Дұшпан аттан қорқады, шайтан оттан қорқады.

Шөженің өлені

Шөгіп жатқан Алшекем нар секілді,
Жүсіп жанның ақылы бар секілді.
Тоқсанбайдың баласы өңшең жаман [147],
Жаңбыр езіп құлаған жар секілді.
Алшекемнің баласы мырза Жүсіп,
Алдыңа Шөже келді құстай ұшып.
Асанбайдың баласы Әбен болыс,
О да берді үстінен шапан шешіп.

Тоқсанбай – Алшынбайдың бірге туған ағасы [Абай, Алшынбай мен Мәшһүр Жүсіп әулетін салыстыру]:

Ырғызбай – Өскенбай – Құнанбай – Ибрай [Абай] – Тұрағұл.

Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпей – Мәшһүр – Жүсіп – Мұхаммедшарафи.

Тіленші – Алшынбай Жүсіп-Слаибек.

Қорқыт ең алғаш бақсы болған кісі [148].

Абылай хан жұрт жиылған бір мерекеде ат үстінде тұрып, Бұқар жыраудан сұрады дейді:

– Асан қайғының: «Қилы-қилы заман болар, // Қарағай басын шортан шалар» – дегені – не деген сөз? – деп.

Бұқар жырау атының басын бұрып, қырын қарап тұрып, көзіне жас алып, қамшысын еріне арта салып:

– Ай, хан, бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді.

Ханға жауап айтпасам [149]... –

деп сөзіп аяқтағанда, Абылай хан: «Уһ» – деп, сұрағанына өкінген екен.

1918-інші жылында, қой жылы жұрт көзінен көрді. Ауызға алынған сөз періштенің құлағына шалынады. Сөз жерде қалмайды екен. Қанша заманнан бері сөйленіп келген сөз жұмбақ болып, бұл күнде шешілді. Күніне жетпей жүр екен.

Хазірет Сүлеймен ғалайссаламға бір қатын тоқсан жүзік келтірген, баршасында: «Сүлеймен» аты бар [150].

Қаракесекте әкесі Ақтанбердіге төрт мың жылқы біткен Жаныс байдың... [151]

Үлгілі сөз

(бірінші нұсқа)

Ақсұңқар құстың баласы
Өзі өлтірмей, жем жемес.
Әулиеге түнемей,
Жолбарыс адам мал демес.
Алған жардан айрылса,
Ер азамат сәнді емес.
Артыңда қалған аруың
Қанша айтқанмен емдемес.

Ақан серінің: «Ақтоқты айтады» – деп шығарған өлеңі.

Көкшетау, адыра калғыр, күнде боран [152].

Бір жолаушы бір жақтан келе жатса, бір үйде екі бойжеткен қыз отыр екен [153].

Үлгілі сөз

(екінші нұсқа)

Таңдап алған жардан соң,
Шын айрылып қалған соң,
Қанша қырлы болса да,
Ер азамат сәнді емес.
Қатын ерге қарысса,
Арпалысып жарысса,
Қажымас па қайран ер?!
Туған бала мәнді емес,
Асыл болса алғаны.
«Сіз» – деп сөйлер, «сен» демес,
Мұндай ару алғандар
Зынданға түссе, шерлі емес.
Шын асылмен дос болсаң,
«Алсаңыз, ал, бер» – демес.
Түзу жолда жүрген соң,
Теңім түзу көрген соң,
Жарлы да болсаң, тұқым шаш,

Еңбегінді жер жемес.
Қайсыбірін айтайын,
Бәрінен де, жігіттер,
[Ағай]ынға жалынып,
Сүйенбеген пенде емес.
Көрінгенге бой ұрып,
Жастан болдық далбаса.
Түрлі сәулет құлпырып,
Шыдап тұрмас алдаса.
Жастықта қызба, жалын от
Артығы ақылға салмаса,
Дариядан ғауһар кім алар,
Тереңге сүңгіп бармаса?!
Жігіт болмас, құр қалар,
Қайрат қолын қармаса.
Естілер ардан танар ма,
Шара жоқ еңбек жанбаса.
Бір ұстатпай қала ма,
Соңынан қуып қалмаса?!

Тағы бір деректер

Шамлық бір ғалымға бір қасабының даугер болғаны. Кісі хақысының қиынлығы. Кәпір мұсылманның мүлкіне келіп, намарат салса, күнінде мұсылман ортасында қалса, мұсылманға халаллығы кәпірдің өз ұлтынан барып нәрсе алу дұрыс емеслігі. Закот хақ [ақ] әдеттен (ғабдадтан) пақыр хақысы жайының асылы – адамзаттын кінә – сұмлығынан жаралғандығы.

Шайхы Сағдидің саяқат Һарон ал-Раинид халифаның Әнес сахабаны алдырғаны, Шамсы тәбриі диуана хикаясы. Молла Нармиға кез болғандығы. Шатмансұр диуананың аналыққа (ана лыхқа) демегіне себептен ергенлігі. Нысохы тәубесі хикаясы. Аш аруақтың хазірет Мұсаға жолыққаны. Әбілқасым қашыры хикаясы. Ғабдолла ибн Мүбәрактің атасы құл екендігі. Нылакуының хыружиға шайхы Жамалдин кебірінің мүбәрак назлары себеп болғаны. Имамқазы ханның оған берген жау-

абы. Шайхы Мүсілімалдин күннің шығысына қарап, табан аудармай отырғандығы.

Бүркіт пен құзғынның қатысканынан құмай туатұғындығы. Құзғын, қарға тақ Сүлейменге көргенін сөйлегені.

Атаулар туралы

Бұрынғы заманда: «хан», «хан ием», «ханым», «ханша» – делінуші еді. Бұл заманда қоян көрсе, қорқушыларды «батыр», «хан» дейтұғын болды. Шүберек қалып кигізіп: «ханым» – делінді. Мес (миш) мойыны басты қыстарды «ханыша» – дейтұғын болды. Ешкіні «апа», текені «жезде» – деген заман болды. «Бике», «бикеш» – бұрынғының қыздарға айтылатұғын тілі. Бұл заманда «би», «биеке» «биби» – атына қалды. Өз үйіндегі аты ол болса, бір жерге келген соң, «келін», «келіншек» – атымен аталды. Оң жақта «күйеу» аты, үйге келіп орнаған соң, «байы» – делінетұғын болды. Оң жақта «қалыңдық» аты үйге келген соң, «қатын» – атанды.

Ғибратлы сөздер

Ғыжыла шеке (шикі) ғақылда хикмет те қатшымаз. Диуаналар еледғуала шырға кіріспес.

Адам өзінің шүкір қыбылынан бір диуана...

Дұшпан опаты үшін жаз ағызмазлар.

Дұшпансыз адам бақытсыз адам дүр.

Бар малын бір қызға берген жігіт алтын тауып алғаны. Ханның ақылы – қатынның ақылы, қа...ң ақылы бап бара-бар (пара-пар) дегені: «Мауранлыһыр патшалары қытай патшаларынан олар қалай көп жасайды?» – деп сұратқаны. Жеті жыл зарлап, Құдайдан тілегенде, бір кара өгіз үйге кіріп келгені. «Қазақ тілін үйрендік» – деген үш сарт – кісі құнын төлегені. Қырғыз Ташбек қудың қосы. Тама-Шөптенбай қудың сарттарға сөйлеген сөзі. «Тайдың белін сындырасың» – деген Фабылғандықтардың әңгімесі. Ташкенлік бір байбатша: «Сағаны қазақ ұрлап кетті» – деп, тұра шапқан бір азаншыны бір надан боктағаны. Екі басты (башлы), төрт (дөрт) қолды (қоллы) кісі болғандығы естіледі.

Мікір – екі көңілді кісі болғаны естілген емес [154]. «Арзымықдасада» әуелі отын тұтынған Ғымалқа деген жұрт [155].

Арғын-Бегендік тарауы

Нұрфая бәйбіше қолында қалған кенжесі – Сүйіндікті, Қаржасты, Бегендікті, Шегендікті, – төртеуін бала қылып, төртеуіне қатын алып беріп, енші беріп, сол төртеуін «Төртуыл» [төрт ауыл] – деп атаған. Қуандық – алты баласы ат арқасына ерге ер жетіп мініп, Болатқожа да өсіп-өрбіп, ол екеуіне карағанда, мына төртеуі бірен-саран аз туып, «Аздың атасы бір» – дегендей, ұйымдасып, «бір ауыл, бір бауыр» – болысып, Төртуыл атында қалған. Әрқайсысы өз алдына ел атанып, бәрінің ішінде өспегені-Малай – Жәдігер [Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Мәжік: Малай, Жәдігер] бөлғандықтан, олар бұ күнгеше Төртуыл атында және өздері бауырмал, Найман ортасында-өсіп өнген себептен, Ұлытау, Кішітау – солардың ата қонысы. Кеше Кенесарыға еріп кеткендіктен, ол қонысынан айрылып қалды.

Бегендік ерте өліп, қатынын Сүйіндік алып, Оразкелді Бегендіктен туып қалған. Бұл Оразкелдіге Сүйіндік қалың беріп, қатын алып берген. Сүйіндік өлген соң, Оразкелдінің шешесі Темешке тиіп кетіп, онан да бала тауып, ол бала да өсіп-өніп ел болған. Оразкелді Сүйіндіктің баласы есепті болғандықтан, Сүйіндіктің жалғыз баласы Суғыншымен ыңғайлас өсіп, Оразкелді – Суғыншы атанып, Суғыншыдан: Шуманак, Мәжік; Оразкелдіден – Тәңірберген, Сәрік болған. [Осы мәтін жазылған 248 – беттің оң жақ қапталында Мәшһүр Жүсіптің көлденеңдеп жазылған мына ескертуі орын алған: «Ұлы жүз-Үйсіннен асырап алған бала атын «Тәңірберген» қойғаны сол – деседі»]. Тәңірбергеннің үш баласы бар: Ораз, Малқар, Жолым сопы. Сәріктің балалары: Қожамберді, Тоқтас, Қожағұл. «Қозған» деген кісі аты жоқ. Қозғала берген соң: «Шіркіп, коза берді ғой!» – деп, «Қозған» қойған екен. «Қозған – тозған, Қозғанның козылы қойлық залалы болады» – деген. «Қақсал» деген де кісі аты жоқ, қақсай бергенінен «Қақсал» атанған. [Арғын – Мейрам – Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді] Қожамберді балалары: Балназар, Есназар, Қозыбақ. [Осы мәтін жазылған 249 – беттің сол жақ қапталында көлденеңдеп жазылған Мәшһүр Жүсіп ескертуі орын алған: «Қозыбақ балалары:

Матай, Құдайқұл; тоқалынан-Жылқыайдар. Матай балалары: Сатай, Шумақ»). Шолақтың түбі –Рамадан. [Арғын – Мейрам – Бегендік-Оразкелді – Сәрік – Токтас] Токтастың бәйбішесінен Есіл бойындағы Қозған. Әбіл, Тілеу, Құлтай, Тыныбек, Төлек, Темір, Сәдібек, Әзтәйтеке. Әбіл – Тілеуден бір өзіне жеті ат койылған: «Әзтәйтеке, Битәйтеке, Дайыртәйтеке, Құттәйтеке, Алшынтәйтеке, Арғынтәйтеке» – атанған. Саркыз-Токтастың тоқалының аты, оның балалары «Сарықозған» атанады. Бәйбіше балалары зорлық қылып, күн көрсетпеген соң, Айдабол, Күліктің қолтығына кіріп кеткен, сонан бұл жақта қалған. Сырбай деген бір атасы бар.

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды-Тұлпар]. Тұлпар – Байғананың Досым деген баласы он –он бір жасар күнінде Қуандық ұғлы Құдайберген үйіне қонып отырғанда, дәрет алғанда, қолына су құйып тұрғанда, баланы жақсы көріп:

– Шырағым, нағашың кім? – деп сұраған екен.

– Қақсал, – депті.

Сонда Құдайбергеннің жолдастары:

– Қоңыры ма, Сарысы ма? – десіпті. Онда Құдайберген марқұм айтыпты:

– Қақсал болған соң, қоңыры да құрысын, сарысы да құрысын! – деген екен. Бұрынғылар айтқан екен:

– Қаржаста Мәмбеттен қыз алма, Айдаболда Баяннан қыз алма, Күлікте Жапалақтан қыз алма, Қозғанда Қалмақшыдан қыз алма! – деген екен.

Қозғаннан бір келіншек қатын қалмаққа түсіп кетіп, Малқар батыр барып алып келіп, сол қатыннан туған баланың атын Қалмақшы қойған. Қатын-казактікі, бала–қалмақтікі.

Аққозыдан: Сағындық, Жекен. Жекеннен жетеу: Ажы, Әзберген, Ақтау, Бектау, Сары, Қазы, Қасқа. Ажыдан-Балта алты ағайынды, Балтадан бесеу туады: 1. Алтынсары. 2. Қошқар. 3. Тілеуберген. 4. Асан. 5. Үсен, мұнан – Жарылқасын [Осы мәтін жазылған 250 – беттің оң жақ қапталында көлденеңдеп жазылған Мәшһүр Жүсіптің мына жазбасы орын алған: «Осы Алтынсары Елкелдінің бел баласы Құдыққа жолдас болып, әзіретке бара жатқан бетінде Кіші жүздің перзент

тілеп – бір кемпір-шалына: «Бір бала бердім, атын «Құдық» кой! – деп, сол баланың атын «Құдық» қойған»]

Тілеубергеннен-Табылды, мұнан-Жаксыбай, мұнан-Сүйіндік. Алтынсарыдан: Оразбек, Жылқыбай. Балтамен бір туысқан –Төйте. Тойтеден: Байбол, Баян. Байболдан: Естен, Серік.

Балтамен бір туысқан-Кәдір, мұнан-Ержан, мұнан-Жүсіпбек, – Әзбергеннен.

Ақтаудан: Жорқа, Шолақ. Жорқа баласы-Мыстыбес. Бес баласы: Әлике, Ысқақтың Әликесі.

Аққозы батыр өзі сексеннен асқан кезінде жалғыз баласын атып өлтірген. Тайкелтір би Ұлы жүзден оған қыз айттырып, қалың мал берген. Күйеу барғанда, шалсынып: «Қыз бермейміз!» – деген. Үйсін-Төле би естіп: – «Аруакты елдің баласы, аты шыққан ер еді. Малын қайтармасын, маған қонаққа жіберсін. Сынайық: «Сынға тұрса, бір өкірер!» – деген. Бір сыны – сід...ін байқаңдар. Көпіре ме екен? Жерге із түсуге – жар[ай ма екен] деген. Бір сыны: «Ал, жау келіп қалды!» – деңдер. Жайдақ атқа қарғып мініп тұра жөнелсе, бозбаладан не кемдігі болады? – деген. Бір сыны – андаусызда артынан: «Міне, жау!» – деңдер. Сонда артына бұрылып, оңай тезбе-тез болар ма екен, жоқ, балжырап қалған...»

Осы үш сынның үшеуіне де дұрыс шыққан соң, қыз... Ол қыздан – Сағындық, Жекен туады. Ақыры өлген соң, Ақбу[ра] алып, Ақбурадан: Кенже, Көкен туады.

[Мәшһүр Жүсіп өлендері]

Қолыма қағаз, қалам алайын да [156].

Орта жүз: Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман [157].

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол – Жанғозы – Лапак – Көсте. Ескерту: кейінгі 4 ата Екібастұзда тұратын зейнеткер, Мәшһүр Жүсіп мұрасын тікелей жинап көшірушінің бірі – Жұқаш Кәрібаев (1917 ж. туған) мәліметінен алынды.] Көстеден – Қазыбай, Қазыбайдан – Балық. Балықтан-Қанжығалы, Қанжығалыдан – Бейсақай молда, мұнан-Білал молда. Көстенін

төрт баласы болған: Қазыбай, Үкібай, Есенкелді, Қабан. Балықтан-Қанжығалы. Әнжеке, Асубай. Қанжығалыдан: Желдібай, Бейсақай. Әнжекеден-Шопан, Асубайдан-Нұрсейіттер.

Көсте –құтпан бай, жерін Мәстек абызға сатып, Қарағайлы бұлақтан көшіп кеткен.

Бәсентиін шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Жаманай – Рысқұл – Шақабай – Жәнібек – Бертiс] Бәсентиін – Рысбек, Жәнібек батыр Қырғыздан бір баланы қоржынға салып ап келіп, атын Бертiс қойып, онан-Күреңше туып, онан – Олжабай. Олжабайдан – Айтбай. Бұлардың түбі-тегі-қырғыз болады. Ырысбике (Рысбек) – қатынының аты. Рысқұл он екі жасар күнінде жау өлтіріп кеткен Естек жұртының (жығбиртының) бір ұрылары. Наманай – Бұлбұлдың Бұлбұлының тұңғышы – Күшік, бала өле берген соң, атын Күшік қойған. Ерке бала болып, қағусыз өскендіктен, қиянқылықтан, бір Қожаның басын қағып тастаған. Сол себепті тұқымы өспей қалған.

Үйсінбай, Тулақбайлар: «Қай Наймансың?» – дегенге: «Естібай Найманбыз» – дейді.

Арғын-Қаржас шежіресі жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Қаржас – Телі – Сатылған]. Сатылғанның тұңғышы-Тілеуімбет, мұның балалары: Қожамқұл, Қошқарбай. Біреуінен – Тастен, біреуінен-Дулат. Бұлардың ұрпағын: «Қарақалпақ» – деседі.

Құрамыс шаты, Мейірман отырған шат, Дауылбай шаты, Түктібай отырған шаты, Қабанбай жартасы, Имамбек қажы отырған жері, Қарайғыр шаты, Көстелер отырған жер, – бәрі Уақ жерлері.

Қарайғыр да – кісі аты, түбі-тегі-Уақ, ең арты – Дауылбай [158]. Шоң бидің бітіміне көнбей ауып кеткен.

Құдайберген Қуандықбаласы айтқан екен: «Қарайғыр шатында, Ақкісі қасында [Қаржас-Телі-Сатылған] Сатылған – Есенаман – Жарқынның Жарқынының моласы сонда – деп. – Жанқылыш –

Өтеудің Өтеуі, Найзабек, Ермек – үшеуі бір жерде – деп. – Ермек моласында Жанкылыш, Домби, Шөбінің көтеріп алып қойған тастары бар», – деп.

Қожан, Нұрке, Мәкен, Оспан, Озғанбай балалары. Бұл – Жарқын баласы. Жарқын Елікбаймен туысады. Аталары – Қалқаман. Бұ[л] – Ердес баласы.

Қарайғыр шатында өзеннің оң қабағында Қаракесек-Қожантай моласы, сол қабағында жазықта бір жалғыз мола «Қаракесек елінің бір қызы» – дейді.

Пендесі бір Құдайды білмей ме екен [159].

Ақынның шек келтірме тіл-жағына [160].

Шопанның ұшырамаңдар таяғына [161].

Қан түсті алпыс үште аяғыма [162].

Ж. Аймауытов сөзі

Табиғат пен мәдениет тартысы, ұлтшылдық пен адамшылық тартысы, өз мақсаты мен ұлт мақсатының тартысы, ізгілік пен жауыздық тартысы, – басқа да толып жатыр. Бұл сықылды екі тартыстың сезімін [Әмен Көпеев] әбден айырып біліп еді. Туысы-қазақ, өскен жері – қазақ, – табиғаты – осы, тәрбие де осы болды.

Сезім – білімі Европанікі (Иауропанікі). Ол сезімді, білімді болғандықтан, табиғатты, ұлтты сүйді. Білімді болғандықтан, надан елден, надан жардан өзгеш[e] табиғаттан ақылға азық, жанға сусын таппады, жиренді. Туған елінде білімнен жалғыздық көрді, жат елде туғаннан жалғыздық көрді. «Елін сүймейін» – десе, надан жаттан зорлық көріп барады. Сүйейін десе, жауыздығы көп. Жауыздар өзін де аямай барады. Оның үстіне қазақтың келешегі не боларына көзі жетпейді. Кім үшін, не үшін қызмет қылып жүргенін өзі де білмейді.

Табиғаттан, елден, қызметтен торықты. Бас қосылған жерде: «Аттың орысшадан жетіле алмағандығы бар екен» – деген сөз құлағына тие берді де: «Орысшаға әбден жетіліп алып, кісі аузына жалтақтап қарамастай болып, халқыма қызмет қылсам-ау!» – деген арманмен Ташкент барып, болмашыға болысам деп, жок жерде зая болды.

Бұрынғы әулиелер айтқан сөз есінде болмады:

«Құдай ұрғанды қоса ұрмаса, Құдайдың жандай досы бола алмайды» – деген. Қанша сөзден дәнеме өнбейді. «Жақсының аттан жығылғаны да жақсы» – деген сөзге сап ете түсті. Ауызға ілініп, көзге көрініп, өлімі бәйгенің алдын алып өлді. Ан Алла, уана Алла, иар жыған Құдай рақмет қылсын, бізге шапағатын несіп қылумен иа мых-жиб асулин!

Ақан серінің Ақтоқтының өзіне бетпе-бет айтқан өлеңі:
Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа [163].
Ғашық отына күйгендердің әңгімесі:
Жасымнан жел (жыл) жаратты Хақ тағала [164].
Шаштым жұртқа Алланың берген сыйын [165].
Қожа Хафиз [өлеңі] [166].

Мақалдар

Қой көбелесе, өседі.
Жылқы кенжелесе, өседі.
Уайым түбі-теңіз – ді:
Түсерсің де, кетерсің.
Тәуекел түбі – қайық-ты:
Мінерсің де, өтерсің.
Бақсыны көрсе, аурудың дерті козады,
Ұстаны көрсе, айылбас тозады.
Елді көрсе, ит озады.
Үлгілі өткен Абылай қазақ ханы [167].

Күдері қожа өлеңі

Абылай ханның қалмақты аударғанын Көшекұғлы Күдері қожа сөйлеген:

Қырық сан қара қалмақта Қоңтажы деген ханы болған [168].

Он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт Кәрі Аюке деген ханы болған. «Аюкенің ауыр қолы» атанған құба қалмақтың Қалдан Шерін деген ханы болған. Қаратауда, Шудың аяғында Уса, Серен деген

жайсандары болған. Солардың тұсында қалмақ қазаққа таң атырып, күн шығармаған: шапқан, талаған. «Ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы сол кезде болған. Тілеуімбет батыр он алты ұлымен: «Жасқанып, қашпаймын» – деп, қалмақтан қаза тапқан. Інісі Наурыз алты ұлды жан сауғалап қашып, аман құтылған. Тобықты – Әнет бабандар жаяу жүре алмағандықтан, төбе басында отырып қалған. Сонда соның кегін Абылай хан ат арқасына мінген соң алған. Сонда қалмақтың қалайша ауғандығын, бүлген – жарылғандығын Көшек ұғлы Күдері жожа жырлап сөйлеген – кейінгіге тарих (туарық) болсын үшін Мәшһүр Жүсіп Көпеев қағаз жүзіне нұсқа қылып қалдырған.

Ла-ила, Алла, Алла мен
Әуелі Құдайды айтайын.

Бұл дүниені кең еткен,
Жапырақтан дене еткен, –
– Құдайым!

Бәз (баз) пендесін күлдіріп,
Бәз пендесін еңіреткен
Қаһар қылған Құдайым!
Ғазаппенен жан алған,
Жігітлер, мен ғазірейіліні айтайын!

Қара жерді қақ жарған,
Пенденің күнәсын сұраған (сорған)
Жігітлер, мен Жебірейілді айтайын.

Хаққа шынысын айтқан,
Пендеге несіп таратқан.
Таразысын тең тартқан
Жігітлер, мен Мекайылды айтайын!

Тауды ұшырған қаңбақтай,
Тасты ұшырған бұршақтай,
Исрафил сорын үрген,
Өлген адам тірілген,
Қырық жыл жаңбыр жаудырған,
Жігітлер, мен Исрафилді айтайын!

Өзі туып, дін ашқан,
Бұ дүнигеге нұр шашқан,
Біләлға азан шақыртқан,
Жігітлер, мен Мұхаммедті айтайын.

Кәпірге қарап оқ атқан,
Мұсылманға жан тартқан,
Исламның қылышын шапқан,
Жігітлер, мен Ғалыны айтайын!

Құдайға пәрменменен сөйлескен,
Жігітлер, мен Мұсаны айтайын.
Атасыз бибі Мәриямнан туған –
Жігітлер, мен ол Ғайсаны айтайын.

Шайхы Бурхи диуана
Адам Атадан болған,
Мекіре балықтан туған,
Жігітлер, мен ол Бурхины айтайын.

Ол Иакуптың (Жақыптың) он ұғлы
Тоғызы көре алмастық қылған.
Аулақ түзге апарған,
Үстінен киімін алған.

Зындан түбіне салған,
Қырық жыл Кінғанде қалған –
Жігітлер, мен ол Иосифті айтайын!

Бибісімен бәс (бәсе) болған,
Өз ұғлымен қас болған
Кереметін тыймаған,
«Екі қошқардың басы
Бір қазанға сыймаған» –
Жігітлер, мен ол құл Сүлейменді айтайын!

Тірі ғайып болған,
Оның ұғлы ер Жуасыны (Жүссіні) айтайын!

Ғазірейілмен дос болған,
Құдай жолын бос қылған,

Тірі кірген пейішке, –
Жігітлер, мен ол Ыдырысты айтайын!

Аталарын еңіреткен,
Аналарын боздатқан,
Өткір пышак қайратқан,
Қол-аяғын өз еркімен байлатқан,
Құбылаға жүзін (иүзін) қаратқан,
Құрбандыққа жан қиған,
Жігітлер, мен ер Смағұлды айтайын!

Молдаға кітап аштырған,
Шариғат турасын (төресін) берген.
Қалыңсыз катын құштырған,
Кешегі өткен Ғазизім –
Ер Абылайды айтайын!

Аюкенің ауыр колы, жігітлер,
Ер Абылай аруақты.
Дұшпанына салмақты,
Тәубесін Тәңірі жаңылтып,
Тоз-тоз қылды, кордің бе (мү),
Кешегі Торғауыт, тоғыз сан үйлі қалмақты?!

Ел қыдырған қожаның,
Қожа менен молданың,
Бақсы менен құшнаштың
Өйтіп – бүйтіп кәріптің (ғарібтің), –
Есіл-дерті-алмақ-ты!

Алаш, тіле тілеуін
Абылайдың – жаны үшін!
Ер Абылай жатпады,
Сол мезгілде жігітлер,
Дін мұсылман баласының қамы үшін!
Сол мезгілде, жігітлер,

Қалмақ бүлді(бүлінді), көрдің бе?!
Еділ менен Жайықтан

Қараңғыда сол өтті.
Кеме менен қайықтан.
Дат тіледі бұл қалмақ
Қазекене шыдамай,
Ерәлі мен Нұралы,
Батыр ұғлы Қайыптан!

Өзінен елші жібермей,
Бел шешісіп, елдеспей,
Бұ қазақты ел демей,
Айтқан сөзін елемей,
Ұлытаудың баурында
Серен айтты Усаға:
– Абылай сені шақыртар,
«Уса мұнда келсін!» – дер,
«Ақ үйлісін берсін!» – дер
«Зияным жоқ қалмаққа,
Жөніменен жүрсін!» – дер.

Ай, Уса хан, Уса хан,
Менің айтар кеңесім:
«Шақыртса да, барма!» – деп.
«Алтын берсе, алма!» – деп,
«Абылайды көрме!» – деп,
«Ақ үйлінді берме!» – деп,
«Қазақ бізден қаймығар,
Біз ортасынан өтерміз,
Өтерміз де, кетерміз!
Көке Тәңірім жар болса,
Әуелгідей, жігітлер,
Біз баяғы кең қонысқа жетерміз!

Сол мезгілде, жігітлер,
Қалмақ бүлді, көрдің бе?!
Сарысуды жағалап,
Үлгіртені көбелеп,
Арғымағын тағалап,

Боталы түйе боздатып,
Құлынды бие кісінетіп,
Бұзаулы сиыр мәңіретіп,
Қозылы қойын маңыратып,
Боз ордасын құлатып,
Бозбаласын сорлатып,
Балаларын жылатып,
Қалмақ бүлді, көрдің бе?
Аударыстың зоры үшін,
Қонысының тары үшін.
Жалаң аяқ жүре алмай,
Етік қылды сабасын.

Ішеріне қорек жоқ,
Толағайын тулақ етіп,
Асып жейді баласын,
Бар Құдайым білмей ме-
Пенденің көңілі аласын?!

Аласы жоқ Абылай
Хаққа айтады шынасын (шынын)
Ұстап алып күнінде
Кәріп етті, жігітлер,
Кәрі Аюке тәпсіре
Кешегі Шабдаршаптың баласын.

Абылай мұнан аттанды,
Мінген аты астында.
Басқа, көзге төпелеп,
Үлгіртені көбелеп,
Қарсы алдына шыққалы
Жайдақпенен жебелеп,
Жауған қардай себелеп.

Қалмақ қайда құтылар,
Арық атын төпелеп?!
Бұ қалмақ алмай жүрген қол емес,
Көрмей жүрген ұл емес.

Алаш, сен Құдайына тәубе қыл,
Маңдай тайған жыл емес.

Онда Абылай тағы айтады:

– Һай, Һай, Алаш, Һай Алаш,
Бұ қалмаққа барма! – деп.
– Қыр соңынан қалма! – деп,
– Һай-Һайлап ат салма! – деп.
– Аттан түсіп жатпа! – деп,
– Қараңғыда от жағып,
Темекі, шылым тартпа! – деп.
– Ат үстінен мылтық атпа! – деп,
– Сен атқанда, ол да атар,
Сен атқан жерде ол жатар.
Сен Алаш, сен – бейбас жұртсың,
Басыңды сонда бір байталға ұстарсың.

Онда Алаш тағы айтады:

– Бұ Абылай бармас, – деп,
– Барса да олжа алмас, – деп,
Сол жердегі Алаштың
Көбі қайтты ерініп.
Атадан артық туған Абылай
Жер қабысқан қол алып,
Желкілдеген ту алып,
Науалыдан торсыққа су алып,
Барды да, алды қалмақты.
Еш дұшпаннан ғама жоқ,
Абылайдың, жігітлер,
Құдайдан басқа жағы жоқ.
Қосын салды ер Дайыр,
Құлан өтпес көндерге.
Шабуылшы шығады,
Күнде шауып дөндерге.
Хабар келді Дайырдан
Егіз бенен Тайымға,
Ордадағы ханымға:
«Қалмақ бар, – деп, -үрікпесін».

Балаларым ұйықтасын
Малым жайылып оттасын!
Иірімесін түйесін,
Сауып ішсін биесін!

Жоқтай ма екен бұ Алаш
Дайырдайын иесін?!
Ақылына жеңгізіп,
Көшекұлы Күдері
Сол келтірді, жігіттер,
Күнінде сөйлер сөздің жүйесін!..

Егіз, Тайым – Малай, Жәдігерден шыққан батырлар, заманында «Аталық» атанып, хандардың көші-қонын билеп-төстеп жүрген ерлер. Дайыр-төре, Бөкей – Дайырдың Дайыры. Барақ, Көшектің Барағының балалары «Қырық сан Барақ ханның елі» – атанған, Ташкентте тұрып ханлық қылған. Бөкей, Дайыр, Шығай, Ханбаба, Маман, Қанқожа. Бөкей ұрпағы: Жамантай, Құсбектер. Осы күнгі Өлихан Бөкейханов сол нәсілден.

Қалмақ ауғанда, жылаған балаларына айтқан сөзі:

Соркара, Сортың бар ма?! [169].

Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап, жылағандағы зары:

Қайран да, қайран, қайран тау,

Тиюші еді пайдаң, тау [170].

Сонда қалмақты Сарыарқадан аударған Абылай хан батырлары [171].

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік] Қармола елінің қазағы Бояубай асырап алған қыз[ды] Күлік Дүйсенбайбаласына берді. Дүйсенбай – Өлеңті Күлігі. «Қызылтау елі Бірәлі (Абыралы) Байқарабаласының інісі Балжанға берген» – дейді. Бояубайда ақ шалта тұр, Дүйсенбайда ақ шалта тұр. Бибала Жылқыайдарбаласы – Бояубайдың қолындағы асыранды қыз. Бояубай өзі жас жігіт: сақал-мұрты жаңа шығайын деп келе жатқан. Байдәулет-Бибала баласы; Мұсабай – Жарылғап баласы. Мұса-Тәшен

немересі, Садықбаласы сөйледі. Дүйсенбай қырық – елуге таянған кісі.

1. Дүйсекей. 2. Қали. 3. Әсембай (Асымбай). 4. Хасен, – әкелерінің аты-Естібай, мұның әкесі-Өтеу, мұның әкесі-Баймахамбет, мұның әкесі – Жаңабай, мұның әкесі-Амантай. Айтқожа-Жанабайдың Жаңабайы.

Баймахамбеттен: Өтеу,Төйте, Үкі. Төйтеден-Қорабай, онан: Өмар, Оспан. Өтеуден: Естібай, Аятай. Аятайдан:Ноғайбай, Тоғайбай. Қалидан – Қыпшақбай, Тілеуімбет, Алтынторы. Есенқұл, Шойтақ, Мергенбай, Айтқожа. Жоқ болғандар: Азына, Жандос. Жандостан – Өтебайлар. Өрдабай, Нұрмақ, Биқозы, Тілеуке, Байқозы, Ырысты, Алтыаяқ, Боктыкөт. Азынадан: Айман, Төлек. Айманы-Қаржас, Күліктер. Қарсұн – Бабайбек балалары. Төлегі Қаракойтаста. Керей-Бөкен ауылында жүрген: Әлжан, Хасен Жантурин, бұл-фамилиясы. Әлжан, Хасен –Бабайбек баласы. Бабайбек-Жантөре баласы: 1. Өтес. 2. Илияс. 3. Елсібен. 4. Тілеміс.

Шортанбай қожа сөзі:

Алаштан алған алымым
Көлденең тұрды көмейге.
«Ақын, шешен, көсем» – деп,
Айласпаңдар мендейге.

Айбас, Қарпық, Тәш – Төртуыл – Мүтік баласы-Жантөбет.

Бұрынғы заманда қолдан Құдай жасап алып, күшті Құдаймен құдайлық салыстырғанның әңгімесі. Баяғы заманда Хыбыш деген жұрт болыпты [172].

...көрмейсің бе, білмейсің бе, мұнан ғибрат алмайсың ба?.. Қандай қылды сенің Раббың Басхаб лығыл пейіл иелеріне Біршаға қырық пілмен келген. Оның әскеріне: «... қылма... дәнемеге тұрмайтұғын орынсыз қылып... жіберді. Оларға ындар басының жағасынан Тайра, Бабыл, Абабыл дейтұғын құстарды: тұмсықтары құз тұмсығындай, табандары ит табанындай, бастары жыртқыш хайуанлардың басындай жасыл, көк түсті, сары тұмсықты. Әр құстың тұмсығында екі тас, – Тырмыным, быхжарт мен сыжил аттары.

Ол құстар тұмсығындағы, аяқларындағы таспенен. Ол тастар лай балшықтан жасалған тастар. Кәпір қанша болса, тас саны сонша. Және ол тасларда кәпірлердің бас-басына аттары жазулы... жерде

түсіп қалған ағаштың жапырағын құрт түтіп жеп тастағандай қылды. Есебі сонша қырылған жаннан жерде бір дене қалмаса керек. Өлімтігі қынадай болып қалса керек.

Пайғамбар заманында аға, інісі бір туысқан екі жігіт болды [173].

Бұхара – таң қаламын барғаныма [174].

Ескі сөз жаңа сөздің үлгісі еді [175].

Ашылар дәл он бесте қыздың бағы [176].

Абайділда хан орыс қолында тұтқын болып, сегіз жыл Итжекеннен әрі кетіп... [177].

Құдайды қолдан жасаушылар әлегі

(екінші үзік нұсқа)

Абыраға күліп:

– Ой, жарықтық, ақсақал-ай, ақсақал емес екенсің [178]... сақал екенсің. Мен қаралдынды көрумен тойып қалып едім. Мына сөзіңді естіген соң, қарным ашты ғой. Мен үйіліп-төгіліп неменеңе келіп жатырмын? «Мына кара жабулы үйдің қарасын өшірейін, тып-типыл жоқ қылып, орнынан көшірейін!» – деп, келіп жатырмын ғой! «Соның мәнжайына келген екен ғой!» – десем, сырты-түк, іші [боқ] мал үшін жүр екенсіз ғой!

Онда Ғабдолмүтәліп айтыпты:

– А, балам, «Иттің иесі болса, Бөрінің тәңірісі бар», – деген. Ол үйде менің не жұмысым бар? Ол үй менің үйім емес, өзінің иесі бар. Ол өзі бір қу жалғыз, онда не әке жоқ, не шеше жоқ, не туған-туысқан жоқ. Біздің бауыр ағайын, туысқанымыз емес. Құдай қосқан құда, құшақтасқан досымыз емес. Не ұлымның қайыны, не қызымның қайыны емес. Айдалада біреудің үйі үшін мені кіммен жауласып, кіммен қастасады дейсің?! Төрт жүз тұяқ түйе мен өз мойнағым мен сол түйенің иесімін. Өз малымды жоқтап келіп отырмын. Айдалада біреудің үйінде не ақым бар? Үйіне иелік қыла ма, қылмай ма? Өзі біледі-дағы, – депті.

– Иа, ақсақал, ертең сол үйге қол қоямыз. Сонда сен оған болысып, бізге, жасаққа қарсы шықпайсың ба? – депті.

– Жоқ, жоқ, шырағым, мен осы барған бетіммен үйін де, өзін де саған тастап, айналаммен көшіп шығып кетем. Ризасың ба? – депті.

– Жарайды, онда. Ақсақал, онда сен табылмайтын жақсы кісі болдың, – деп, түйесін кайыртыпты.

Ғабдолмүтәліп түйесін айдап келіп:

– Ал, қатын-қалаш, бала-шаға, көшіндер, бір жан қалмай шабардан шығындар. Бізді: «Бар екен!» – деп, үйінен айрылып қалар. Өз үйін өзі қорғап алып қалса, қалсын! Қалмаса, қойсын! – деп, қыбырлаған жан тайлы-таяғына шейін қалмай, жабырлап шығып жатыр дейді.

Абыраға да қуанып, масайрап отыр дейді:

– Кешегі ақсақал сөзінде тұрарлық, жарайтын кісі екен! – деп.

Жұрт арылып, шығып болды. Түн өтті, таң атты. Ал Абыраға:

– Айдаңдар пілді, қол қойыңдар, орнында бір кірпіш қалмасын! – деп...

Қазақ айтады: «Ұлын өссе, ұлы құлықтымен, қызың өссе, қызы кылықтымен ауылдас бол» [179].

Бір шежіре үзіндісі

Қалшадан – Жұматай, Жұмабайдан – Сағындық. Баутаннан – Қаракесек, Қаракесектен – Жұмакелді.

Қалба тауындағы Найман: Дорбауылдан Айтымбет деген бір қос жылқымен келіп, Қаржас ішін бір қыс қыстап жатып, Қожамбердінің қарындасын айттырған, аты – Мұр[ын]. Сонда соның жеңгетайына Аткелтір Шарықтың Шарығын берген. Аткелтірден-Жақсылық, онан Үсен, мұнан: Араб, Ержан. Шарықтан-Бекежан, онан-Мамай, онан-баулан Жақып.

Есен тентек әкесі Жетібайдан жеті жасында жетім қалған [180].

«Еңбекші қазақ» 87-нөмірінде [1418] бір сабаз жазған сөз. Біздің ұлан. Кім еңбекшіл табының шын қорғаушысы болса, соған арнадым [181].

Қыпшақ шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Ақтамбердіқожа – Қыпшақ – Қаракыпшақ – Бұлтың] Бұлтың, Торы, Ұзын, Көлденең, Балық – бұларды «Бес таңбалы» – дейді. Әліф таңбалы – «Бұлтың Қыпшақ» – жақтан басады. Мойын таңбалы «Торы Қыпшақ» – мойыннан басады. Қол таңбалы «Ұзын Қыпшақ» – қолдан басады. Көсеу таңбалы – «Көлденең Қыпшақ» – саннан көлденең басады. Қарын таңбалы – «Қара балық» – қарыннан басады.

Бұлардың аналары айтқан екен деседі: «Бұлтың бітті бойыма, көптік толды үйіме» – депті. «Торы бітті бойыма, үйіме» – депті. «Ұзын бітті бойыма, ерлік, батырлық толды үйіме». «Балық бітті бойыма, байлық толды үйіме».

Бұлтыңнан: Боғыс, Орыс. Боғыстан – Жолаба, Жолабадан – 1. Есенкелді. 2. Қасым. Орыстан: Төбет, Құлатай, Мадияр, Қодас. Төбеттен: Еламан, Қосайдар. Қосайдардан: Сексен, Қожан. Қожаннан-Сүйеркұл, Сүйеркұлдан: 1. Үмбетай. 2. Жарылғап. 3. Есіркеп. 4. Егізек.

Тән мен жан туралы

Өр пендеге төрт жұрт даяр. Олардан ешкім қашып құтыла алмайды. Әуелгі жұрт бәрінен тар. Ол жұрт-Рахымәдір ананың жатыры. Екінші жұрт – Ғалым алшабадат: жарық жалған дүниенің жүзі. Үшінші жұрт – Ғалым лабырзық. Төртінші жұрт – Ғалым ларуахы. Мәселе жынын оқыт ұлатте рахымнан (рахымдан) дүние кәмік, істе мәз. Бірақ жарық жалған дүниенің жүзіне келіп, рызах мәдірден ләззат уансит болдык та бір дахи мекеніне кетпек істе мәз. Кезлік мүмин мүтден жизых, фызых етіп (идоп), өлмек істе мәз. Олу бірлан мүмин моласына мылаки олдыкта бір дахи дүние ие рақым істе мәз [182]...

Біреуді біреу аяп, қайғысына ортақтасқандай, қуанышына ортақтаспайды. Біреудің қуанышына ортақтасу орнына адамда күншілік пайда болады. Бұл – жалпы адамзаттың ұнамсыз бір жарамаған мінезі. Бір ғалым айтыпты:

– Қайғыға ортақтасу үшін, адам болу жетеді. Қуанышқа ортақтасуға періштелік те толық емес. Неге десең, күншіліктің дөкей ірісі соларда болған.

Құдай тәбәрік отғылы оны: «Жағылпи ларзи халифа – деген де, – Қалуа тыжғил фиһа мен иғыт фиһа деспің алды ма? Ныхын лынбых михмідік үнгідісілік, – деген.

Осыны адамға қимай, күнде ойымнан айтқан. Болмаса, білімі жетіп, білгіштікпен айтқан емес. Қайдан біледі? Ғақыл мен ғылым – олардың сыбағасы емес. Періште деген бар. Бала – кішкене құрттай балалардың біліміндей.

Хақ Мызһабының дәлелі:

Әркім өзін бар деп біледі. Сырты көрініп тұрған дене: он екі мүше. Бұлардан бөлек, көрінбей тұрған: қуану сықылды; ренжу сықылды; бір нәрсені ойлану сықылды; бір нәрсені ұмытпай, ойында сақтау сықылды; бір нәрсеге рас, шын деп нану сықылды; бір нәрсені: «Бекер, өтірік, – деп тану сықылды, – жасырын күш барлығын сезеді.

Бірақ бұл жасырын күш тар денемен; он екі мүшемен болып тұрған жұмыс емес. Оларды қозғап, жұмыстатып тұрған және бір жасырын күш. Ол жасырын күш жан деп ұғады.

Олай болса, әркім өзінде: «Жан бар, мен жанды кісімін ғой!» – деп ойлайды.

Өзінде жан барлығын мынадай жұмыстардан сезеді. Адамда бір нәрсені ойына алып, илану бар, сезу бар, ойланып, сезген нәрсесін орындап, орынға келтіру бар. Жалығу бар, тынығу бар, – толып жатыр, қайсы бірін айтайын. Осының бәрі жанның күшімен жұмсалатұғын жұмыс. Ендеше өл жан да қолға түспейтұғын, кісі өзі жасап ала алмайтұғын бір зор күшті қуат. «Ондай күшті нәрсе өзінен күшті, өзінен жоғары, бір жақтан келген күш-қуат қой» – деп білеміз.

Денемізде жан барын білеміз. Бірақ сол жан денеміздің қай жерінде тұрғанын білмейміз. Түрі қандай, өзі не нәрсе екенін сезбейміз. «Көрмегенмен, сезбегенмен денемізде жан жоқ» – деп, айтпаймыз да, ойламаймыз.

Сондықтан бұрынғы өтіп кеткен Сократтың сөзі деген сөзге шын ғытқадымызбен нанамыз. Бұрынғы заманда да: «Құдай жоқ», – деушілер болған екен. Онда оларға Сократ айтқан екен дейді: «Дененде тұрған жанды көрмейсің де, жанды жоқ деп айтпайсың. Көрмегенге неге ішің пысады? Харекет, қозғалыс – Құдай барлығына дәлел. Денедегінің не нәрсе болса, бәрі харекетте, қозғалыста. Бұл қозғалысқа себеп керек. Себепке мұсабба керек. Жел диірмендей орнатып қойды.

Жел жок болса, айналмайды (айланбайды). Сол диірменнің иелері: «А, Құдай, жел бере гөр!» – деп тілейтұғыны анық. Көктің астында, жердің үстінде болған нәрсе-асыл жаратылыс тек тұру. Оны өзгерту үшін күш керек. Иа екеуі тең-теңдікті бұзу үшін тағы күш керек.

Ғаламда низам бар: күндіз бен түн, қыс пен жаз, ай мен жұлдыз, көк пен жер. Ол низамды жүргізетін бір низамшы керек. Низа, низамшы, низамды білетін зат болу керек. Солай болатұғын болса, Алла бар. Табиғатта білім жок. Менде шексіз пікір бар. Бұған бір бас керек. Мен бас бола алмаймын, шектімін. Әр шектіге бір нәрсеге барып тұрақтауына қажет зірер (хірер). Ол нәрсенің өзі шексіз болуы керек, – азылы болып. Ол – Алла. Менде ғақыл бар, ғылым бар. Бұл ғақыл, ғылым өзінен ұстын болған заттан боларға керек. Ол – Алла.

Табиғаттағы күш-ғақыл, ғылымға құл: екі қол, бір басқа құл болған сықылды.

Білім екі түрлі: кінһын білу, ұжһын білу. Нәрсені жыныс пісілмен білсе, кінһын білгеніміз. Сағаттарымен білсек, жызымғаумат алсақ, ұжһын білгеніміз.

Алланы жоғарғы айтылғанмен біле алмаймыз. Алла міркіб емес. Латерекке олайдәркі күһнат бір нәрсенің хақиқатын білгенде, сезім, ғақыл, шыншылдың хабарымен білеміз. Алла сезімнің тиесінде (тысында) шексіз, өлшеусіз, ғақылдың ауданына сыймайды. Шыншылдар заты туралы айтқан жоқ. Құран айтқан: «Ома қадару Алла хақ қыдре». Хадис Шариф айтқан: «Тығкір уафи-ала Алла тағала ула тағкір уафи зата тағала фақімлін тақдыр уақдыре».

Екіншісімен білуге мүмкін, сипаттарымен білеміз. Сипаттарды – ғаламдағы сипаттарға салғастырмаймыз. Құран айтқан: «Лис – ламшыли – шиы». Бұрынғылардың: «Ұқсасы (ұхшашы) жоқ» – деулері – осы сөз.

Алланы ислам діні өзіне лайықты пенделер білетін толық сипаттарымен сипатлайды. Бірақ ол дүниедегі сипаттар мен салғастыру жөнімен емес, ғаламда қандай толық сипат болса да, мұқтаждық ісі шығып тұрады.

Біз Алланың затын біле алмаған соң: «Алланың сипаты дәл заты ма, яки басқа ма?» – деп, пікір жүргізіп, сөз таластырып отыруымыз ұят нәм ақымақтық. Алла міркіб емес, біз кемиакер емес, айырып білуге хақымыз жоқ. Қарсы айтушылар, қай заманда болса да, Алланы:

«жөк» – деп айтушылар болған. Көп ұзданға карағанда, ондайлар жөк есебінде. Соқыр туған кісі күнді «жөк» – деп таласса, оған дәлел айтып әуре болмаймыз [183].

... әр адамда үш куат бар: ашу, шаһуат, ғақыл. Сол үш куаттың параты бар, тағриты бар, әуесеті бар. Ашудың параты – өрлік, тағриты – үрейлік, әуесеті – ірілік. Шаһуаттың параты – өтегендік, тағриты – ездік, – осы (ұсты) ғағғат. Ғақылдың параты – далбаса; тағриты кісі-кешелік. Осы хикмет. Паратқа кетпей, тағритта қалмай, әуесетте болған адамнан шыжағат, ғағғат, хикмет, – үшеуі түгел табылады.

Шора батыр

(екінші нұсқа)

Ерте заманда қырық үйлі Тама мен мың үйлі жасыл Түрікпен қоныстас болып, мың үйлі жасыл Түрікпенде Қарахан деген хан бар екен, Әліби деген биі бар екен [184]. Сонда қырық үйлі Таманың қырық баласы мен мың үйлі жасыл Түрікпеннің мың баласы ойнайды екен. Ойнағанда, мың бала қырық баланың асығын ұтып алып, тірідей көрін қылып, танауларын жырып, тырнадай бақыртып жұлып, білгенін қылады екен. Қырық үйлі Таманың ішінде Нәрік деген бай бар екен, баласы жөк екен, малы есепсіз көп екен, жылқысында бір шұбар ат бар екен. Заманасында ондай ат ешкімнің малынан тумаған екен. Сол атты мың үйлі жасыл Түрікпеннің Әліби деген биі сұрапты:

– Нәрік бай меніменен ел болып отырамын десе, шұбар атын берсін, әйтпесе екеуміздің ат құйрығын кесіскен жеріміз – осы! – деп.

Сонда Нәрік бай:

– «Баласы жөк қу бас, мұнысын кім мінеді?» – дегені ғой, – деп, долданып жылап, -А, Құдай, бұл малға ие бер, бермесең, мені ал! – деп, түйеден – бура, жылқыдан – айғыр, сиырдан – бұқа, койдан – қошқар, ешкіден – теке айтып, бәйбішесімен екеуі жонға шығып кетіпті.

Жылқыдан басқа малып бірге ала жөнеліп, Сырлытам деген тамға барып, Құдайға айтқан малдарын соның басына апарып сойып, жаңа туған жас төлдің тілерсегін қиып, ең аяғы итіне шейін қалдырмай, сол тамның басына жиып, малын улатып – шулатып, азан-қазан қылып аңыратып, қырық күн басын көтермей дөңбекшіп сұлап, көз жасын

бұлап, қосағымен екеуі әнін қосып жылап жатып қалса, ала есегі айкалап, ала қоржын аркалап, Шар кітабы қойнында, аса таяқ қолында, жүрген Хақтың жолында бір ақ шалмалы адам келіп:

– Уай, байғұс, мұнды-зарлылар – ай, Құдайдың [құлағын] шулаттыңдар ғой! Үн-зарларың Құдайдың құлағына барып, мені жұмсады. Көтер басыңды, жай қолыңды! Мыңды аламысың, мыңға балап бірді аламысың?! Қалағаныңды, ойыңа алғаныңды айт! – дейді.

Ұшып түрегеліп, қолдарын жайып:

– Оттың басын боқ қылып,
Қырға шығар жоқ қылып,
Мен не етейін көбінді,
Құлан көде шөбінді?!
Берсең, маған қалап бер,
Бір басын мыңға балап бер! – дегенде,
– Ал, мүсәпірлер, көз жасыңды Құдай иді, тілегенінді берді.

Қалағаның ұл болса,
Ойлағаның сол болса,
Атса, мылтық өтпесін,
Шапса, қылыш өтпесін,
Бір Алладан басқадан
Сірә да бұйрық жетпесін!
Атын Шора қой! – деп, жөнеле беріпті.

Бай, бәйбіше жүрегі жарылып қуанып, үйлеріне қайтып келісіп, мырза Құдайдың мырзалығын білісіп, боз кемпір буаз болып, айы-күні жетіп, жиырма күн жіп құрдырып толғатып, «ес кетті, жан шықты» – дегенде, бір ұл перзентті зорға тауыпты. Төбел бие сойды, төменгі елді жиды. Жорға бие сойды, жоғарғы елді жиды. Ала бие сойды, аймақ елді жиды. «Отыз күн ойыны бар, қырық күн тойы бар» – деп, жұртқа сауын айттырды дейді.

Мың үйлі жасыл Түрікпеннің Әлихан деген ханы, Әліби деген биі:

– Қырық үйлі Тама еді, байлық көрсетіп, той қылып жатыр. Қалаған шұбар атты маған бермеді. Біздің Түрікпеннен жалғыз жан бұл тойға бармайық. Сабасы ішусіз қалсын, еті жеусіз қалсын! Кімге

берерін білмей, дағдарсын! – деп, шақырған тойына бір де бірі бармапты, дүние берсе, алмапты.

Шора бес жасқа жетті дейді. Қырық баламен бірге асық ойынына шықты дейді:

– Ай, ағалар, ағалар, ана топқа баралық, асық саудасын салайық! – депті.

Онда Таманың балалары шулай қоя беріпті:

– Қарағым, олар көп те, біз азбыз. Оларға бармайық, бір пәлеге қалмайық. Тірідей көрімізді қылады, тырнадай тонап жұлады. Асықтан жеке доп салады. Шымбайымызға батырған, таңдайымызды қатырған, барсақ, өлеміз, – дейді.

– Жүр, ағалар, ағалар,
Алдыңда жүріп өлейін,
Өз көзіммен көрейін!
Көптік қылып шуласса,
Жан жазасын берейін.

Сендер барып ойынды сала беріңдер, мен жылқыға барып, Шұбар атты мінейін, көп кідірмей келейін! – деп, жүгенді қолына алып, тоқымды қолтығына қыстырып, Шора жылқыға жөнеле берді. Жылқыға барса: «Айналайын, ием жаңа келді ғой!» – деп, Шұбар ат оқыранып, басын шұлғып алдына жетіп келгенде, жүгендеп алып, үстіне тоқым салып, жайдақ жалаңдап жетіп келсе, мың бала қырық балаға білгенін қылып, тырнадай жұлып, атпас таңды, шықпас күнді бастарына орнатып жатыр екен. Сонда Шора айтады:

– Донғалақ арба жүрместей,
Қарлы ма еді жеріңіз?
Азды түтіп жегендей,
Бассыз ба еді еліңіз?
Іздегенің ұрыс пенен төбелес болса,
Кәне, маған келіңіз! –

дегенде, мың баланың басшысы бір таз бала бар екен.

Ол айтты дейді:

– Қырғауыл жүнді қызыл таз,
Төбе шашы ұшын таз,
Атып таста жалғызды,

Қырып таста жалғызды,
Жұлып таста жалғызды,
Қағып таста жалғызды! –

деп, дүрсе қоя бергенде, ұзыны мен көлденеңін бірдей көреді. Мын баланың бәрін бірдей қырады.

– Алла жығып берді ме, адам жығып берді ме? – деп, қырық бала мың балаға білгенін әбден қылады. Қырғауыл жүнді қызыл таздың, төбе шашы ұзын таздың айдарын жұлып алады, мылтығын тартып алады. Қызыл ала қан қылып, көргендерге таң қылып, аунатып тұрып сабады. Қойдай иіріп қамады.

– Не көрсен, еліңе айта бар, – деп, баяғыдан бергі қырық баланың өшін, кегін алады.

Қырғауыл жүнді қызыл таз, төбе шашы ұзын таз Қарахан деген ханының, Әліби деген биінің алдына барып:

– Таксыр, дат! – дейді.

– Арызың болса, айт! – дейді.

– Аана Шора ер екен,
Ерлігінің белгісі –
Осы топтан қара да бойы зор екен!
Аана Шора ер жетсе,
Ат арқасына бір мінсе,
Он үйіңе астар қыл[а]ды бақыр, мосыны.
Атқа да артар қосыны.
Мың баланы жайратты,
Кірерге көрін сайлатты.
Бізге де қылмайды деменің,
Қарахандай хан ием,

Әлібидей би ием,
Сізге де қылар осыны! – дейді.

Әліби деген би екен,
Қақырғаны қақсиды,
Түкіргені түксиді:
– Қырық үйлі Таманы
Қырып тастамасқа немене,
Жүр, атқа мінейік, жүр! – дейді.

Қарахан деген хан айтты:

– Қырық нөкерінің қырық кісілік күші бар, бір өзінің қырық сан ерлік күші бар. Оған біздің әліміз келмейді ғой! – дейді. –Нәрік меніменен дос еді, Әліби қоятұғын емес. Елін хабарландырсын, не малына, не жалғыз баласына кәдік қылар. Үріксін, аусын, елін, жерін тапсын! – деп, бір хабар берді дейді.

Қырық үйлі Тама күн-түн қатып, үрке бастады. Шораны оята алмады. Шора өзі бір ұйықтағанда, жиырма күн ұйықтайды екен, жан оятып ала алмайды екен.

– Мұны қайтеміз? – деп, сасып қалғанда, қырық бала айтты дейді:

– Қырық қашыр қазына мен қымызды тастап кете беріңдер, – дейді.

Ел үркіп кетті. Қырық бала қасында қалды. Бір заманда өзінің оянатұғын мезгілі жетіп, Шора оянды. Ел-жұрт жоқ, тып-типыл. Қырық қашыр қазынасымен қасында, қырық бала басында.

– Бұл немене? – деп шошып қалды.

Қырық бала мән-жайын айтты.

– Ел – Мың үйлі жасыл Түрікпен: «Шабамыз!» – деген соң, үркіп кетті. Сені қимай, біз қасыңда қалдық, – деген соң,

– Ай, олай болса, маған бола сендер өлмеңдер! Аманыңда ел табыңдар.

Қырық қашыр қазынамен

Жалғыз өзім қалайын.

Көтерсе Құдай талайым,

Түрікпеннің басына

Заман ақыр салайын!

Аллам аман сақтаса,

Бір күндерде өзім жетіп,

Соңыңнан барайын! –

деп, бәріне де рұқсат берді. Қырық қашыр қазынаны далаға үйді. Қырық қашырды жалғыз өзі жайып тұрды. Әліби келе жатып, анадайдан Шораның қарасын корді:

– Қата қалғыр, қабысқыр! Жүресінен жатып қан құсқыр! «Хан болса, қазынаға шабар; қара болса, маған шабар!» – деп тұрғанын қарашы! – дейді.

Сонда Шора сөйледі дейді:

– Қазынаны алсаңызшы,
Алып ханға барсаңызшы!
Қалағаның Шұбар ат болса,
Оны өзің күшінді асырып алсаңызшы! – дейді.

Онда Әліби айтады:

– Қазынаны ала білме,
Алып ханға бара білме,
Хан тілегі бұл емес,
Алып, пәлеге қала білме! – дейді.

Шора тұрып айтты:

– Қазынаны алыңыз,
Алып ханға барыңыз!
Алмасаң және өзің біл!
Кеше көрген қарындас
Бір күн тағы керек болар,
Өзіңе олжа жаныңыз,
Төгілмесін қаныңыз! – дейді.
Әлібидің қақырғаны қаксиды,
Түкіргені түксиді.
Ителгі құстай өңештеп (отантап),
Балаға қарай ұмтылды.
Сонда Шора ұмтылды,
Қаршыға құстай талпынып,

Ашуына сыймай алқынып, айқаса кеткен жерде Әлібиді-ей тақымына қыстырып, бір төбенің басына апарып тастай берді. Әліби аттан жығылған соң, қалған қырқы сасады, өткелсіз суға қарай кашады. Ебідей мойнын созады, жер басқаннан озады. Қыркын қырық жерге домалатып бықбырт қылып тастайды. Қырық қашыр мен қырық атты алып, елінің соңынан барады. Елі: «Жасыл Түрікпеннің ауыр қосыны келіп қалған екен!» – деп, мал-жанын тастай қашты дейді. Атты, қашырды, – бәрін тастай беріп, жалғыз өзі барып, елін тоқтатты дейді. Ел тыныштанып қонды. Жатып, ұйықтайын деп еді, шешесі:

– Жатпа, балам, – дейді, – Сен бір жатып қалған соң, жиырма күнсіз оянбайсың. Мың үйлі жасыл Түрікпен артымыздан келіп қалса, сені өлтіреді, елді жесір қылып шабады. Қазан деген жерің бар, Тама

деген елің бар. Бізден өзің аман кетсең, басың аман күнінде туған-туысқан еліңе жетсең, сен тірі аман күнінде Түрікпен келгенмен, біздің бір бүртігімізге тие алмайды,-деген соң, бала ұшып түрегеліп, «Елің бар, жұртың бар» – деген сөзді естіп, қуанып кетіп, Шұбар атқа қамшы басып, «Шу!» – деп, жөнеле берді.

Сонда Шораның жүріп бара жатқанда айтқан сөзі:

Түрікпеннің төрінде
Шамбылдың асқар беліпде
Шыға жайлап, шет қонған,
Дұшпанға қарсы бет қонған,
Қырық үйлі Тама ішінде
Кірсіз киім кимеген,
Аллаға (Алдаға) тілі тимеген,
Күндік жерге жүрмеген,
Өз үйінен басқа үйге
Басын сұғып кірмеген.
Қара басы хан болған,
Өз алдына шар болған.
Нәріктің ұлы Шорамын,
Мен Қазанға барамын.
Мен Қазанға барғанша,
Күн жаумасын, қар жаусын,
Қар жаумасын, мұз жаусын!
Мұз жаумаса, қан жаусын,
Ат басын неге бұрамын?!

Сонда Шора келе жатса, тас бұлақтың басында, Тасыр мерген жатыр екен.

– Атысарға оғы жоқ, шабысарға қылышы жоқ болғандықтан, Әлібиді өлтірді, – деген соң, Қарахан жіберген екен:

– Алдынан озып барып, жолын тосып, жасырынып жатып, Шораны көздеп атып, жалғызынан жайратып, зығырланын қайнатып кел! – деп.

Тасыр мерген күндік жерден көреді екен де, түстік жерден естиді (есітеді) екен.

Шора Тасыр мергенді көріп, астындағы атына сөйлесті:

– Айналайын, Шұбар ат,
Тамағыңда қылың бар,
Өкпе-бауыр, жалың бар.
Заты хайуан демесең,
Адамнан есті жануар.
Ана жатқан залымның
Мылтыққа оғын салғызбай,
Қолына қару алғызбай,
Ұмтылып тұра бергенде,
Орнынан өзін тұрғызбай,
Олай – былай қарауға
Босатып мойнын бұрғызбай,
Көзді ашып-жұмған арада
Мені соған жеткізіп,
Алқымынан шап беріп,
Алып жерге ұруға,
Мұршамды еркін еткізіп,
Бір қимылды бастауға,
Жайратып жауды тастауға
Қарағым, қандай әлің бар?!
[Ат сөзі]:

– Сен – Шора да, мен – Шұбар,
Жалымнан гу-гу жел шығар.
Қызып алып шапқанда,
Маңымда болған тұншығар.
Төрт аяғым болатым
Ұшқан құстай қанатым.
Желіге басып, «Шу!» – десем,
Екпініме кім шыдар?!
Құйрық маймен жемдесең,
Екі пұт құм теңдесең,
– Шу, Шұбарым, шу! – десен,
Ай-отыз күн шапқанда,
Сонда менен тер шығар!
Дедің ғой мені сынайын,
Айтқаныңдай қылайын.

Мен де Хакқа жылайын!

Жалғанда тең боп қосылған

Екеуміздей кем (кім) шығар?! –

деп, аты зырылдап, ала жөнелді. «Ал!» – деп аузын ашқанша, «Көр мені!» – деп, көз жұмып ашқанша, сып етіп жетіп барып, Тасыр мергеннің жағасынан шап беріп ұстай алып ұрды.

– Жан сауға, батыр, жан сауға! «Мен де бір кісідей-ақ батырым!» – деп жүруші едім. Батыр емес екенмін, қатын екенмін, шын батыр сен екенсің. Екеуміз құшақтасып, дос болайық, – дейді.

– Жарайды, болсақ, болайық. Бірақ кейінгілер: «Тасыр мерген мен батыр Шора бірін-бірі алыса алмаған соң, дос болыпты» – деседі ғой. Менің жеңгенім, сенің жеңілгенің кейінгіге айқын болсын. Менімен дос болатұғын ойың шын болса, бір құлағыңды ки! – дейді-Мен шыбындай жаныңды, бір қасық [қаныңды] өзіне байлағанда, сен бір құлағыңды қимасаң, дос болғаның қайсы?! – дейді.

– Жарайды, жарайды, басқа келген пәледен, бастан құлақ садаға! Қолқа қылып сен сұрасаң, ол құлағым бос кеткен жоқ далаға. Екеумізден бір қалған өрнек – үлгі, сөз болсын артта қалған кейінгі ұлан ұсақ балаға! – деп, бір құлағын өзі шорт кесіп алып, Шораға берді. Шора алып, кісесіне салды, өзін еліне аман-есен қоя берді:

– Барсаң, сәлем дегейсің

Қарахан деген ханына.

Бес қапқалы (қақпалы) жанына,

Анада Шора кетті деп,

Сұқтанбасын қалған мал мен жаныма.

Тама деген елім бар,

Қазан деген жерім бар,

Мен ел, сол елге барып, қайта артыма айланғанша мұрсат берсін, тимесін қартайған кемпір-шалыма, қыбырлаған жаныма, өрістегі жатқан малыма, – деп, жүре берді.

Келе, келе жатса,

Оқыр-шұқыр жер жатыр,

Бетегелі бел жатыр,

Құлан жортпас шөл жатыр,

«Құс қонбас» – деген көл жатыр.

Толып жатқан мал жатыр,

Какпан құрған шал жатыр.

Сонда жатқан шал басын көтеріп сөйледі:

– Жол, жол болсын, жол болсын!

Жеке де басың қол болсын!

Атыңның жүні тасыңқы,

Көп шабуыл көргендей,

Қабағың сенің қатыңқы,

Түн ұйқыңды бөлгендей.

Аузыңнан сүтің лапылдап (лыпылдап),

Шығып тұрған баласың!

Алды-артыңа көз салсам,

Өрттей қаулап жанасың.

Аш бүркіттей түйіліп,

Лашын құстай шүйіліп,

Жол тартып қайда барасың?!

[Шора жауабы]:

– Арғы атамды сұрасаң,

«Қара бура» ұранды

Қырық үйлі жүрген Тамамын.

Өз әкемді сұрасаң,

Нәріктің ұлы Шорамын.

Қазан деген жеріме,

Тама деген еліме

Танысуға барамын.

– Нәріктіңұлы Шора, сені де Құдай көрсететұғын күн бар екен–ау! – деп, ұшып түрегеліп – Ой, бауырым, қолқа жүрегім, өкпем–бүйрегім! – деп, ұшып түрегеліп, көрісе бастапты. Әкесінің туысқандары екен.

– Бұл жапанның сары даласында не ғып жатырсың? – дейді.

– Уай, шырағым-ай, «Тозған қазды топтанған қарға жейді» – деген бар емес пе? Баяғы басымыз түгел, малымыз есен тұрған шақта қазақ калмақты шапқанда, қоржынның түбіне салып, бір Садырқұл деген бала алып келген екен. Сол Садырқұл ер жетіп, елін тауып, калмақтан қосын ертіп келіп, елімізді «қысқа күнде қырық шауып», жалаң малды алдына салып, айдағанына қанағат қылмай, аспандағы жұлдыздай, маңдайдағы құндыздай – іріктеп, таңдап, он қыз алып кет-

ті. Оны іздеп баруға елімізден еркек болып туған ұлдың жоқтығынан тағы шапқалы келе жатыр деген хабар естіп, соның жолына қақпан құрып жатырмын.

– Өзіңнен басқа ер танырлық елінде жан бар ма? – дейді.

– Бір Есім деген аған бар, о да қарап жатқан жоқ шығар. Ас ішіп, аяқ босатарларды жиып: «Аттанайық қалмаққа» – деп, қалбаң-құлбаң кармалап, атқа мінуге жарамайтын жамандарды арбалап жатқан шығар. Қарсы алдыңнан жолығар, – деп, қош айтып қала берді.

Онан келе жатса, басы құралған көп-көп болып жиылған топ қарсы алдынан дөп келді. Отырған жері омардай, күйген ғана томардай қол бастайтын түрі жоқ біреу отыр екен.

Жол, жол болсын, жол болсын!
Жеке де басың қол болсын!
Атыңның жүні тасыңқы,
Көп шабуыл көргендей,
Қабағың сенің қатыңқы
Түн ұйқыңды бөлгендей.
Уыз сүтің аузыңнан
Шығып тұрған баласың!
Жүзің жылы көрініп,
Ішім еріп барады,
Екі көзің алаңдап,
Аш бөрідей жалаңдап,
Қарағым, қайда барасың? – депті.

[Шора сөзі]:

– Арғы атамды сұрасан,
«Қара бура» ұранды,
Қырық үйлі жүрген Тамамын.
Өз әкемді сұрасан,
Нәріктің ұлы Шорамын.
Қазан деген жеріме,
Тама деген еліме
Жол тартып солай барамын, – дегенде,
Күйген томардай шал өкіріп түрегеліп:

– Қарағым-ай, өңім бе, түсім бе?! Сені көріп тұрғандығым өтірік пе, шын ба? – деп, бас салып көрісіп, о жағынан бір сүйіп, бұ жағынан бір сүйіп – жалғанның жарық сәулесін жаңа көрдім ғой! – деп, қуанғанда, жарылмаған жүрек, енеңді с...н! Шырағымды құшақтап тұрғанда, шығып кетпегенінді қайтейін! – деп, жылап, өксігін баса алмапты. – А, шырағым, Құдай өзіңе өмір берсін, қызығыңды кейінгі ұлан-ұсақ көрсін! Осы бетіңмен Қазанға бар, өзің құрбы балалар бар, шешелерің бар, жеңгелерің бар, – олар да сені көріп, қуанып мәре-сәре болсын! «Қалың қосын – ел садағасы, // Қарауылшы – қол садағасы!» Біз өңшең садаға жұмыртқа болып шыққандар. Енді өлсек те, Құдайға ризамыз. Артымыздан жоқтап алар сендей ұл туғанда, бізге өлімнің өзі бір тиген теңдік, – дейді.

– Ой, ағалар, олай деме, былай де: «Берді саған Құдай де. Атысарға жау таппай, алысарға ер таппай, тіресерге тең таппай: «Қайда кеткен бұл жұрттың найза ұстаған батыры? Тап менің тұсымда еркек біткен қырылып, қалған ба жұрттың қатыны?», – деп, «Жау қайда» – лап, жалақтап екі көзім төрт болып алақтап жүргенімде, мен қалай қалайын?! Қалай қалған ұлан-ұсақ, қатын – қалаштың қасына барайын?! Жүріндер, жау қайда, «Жау қайда бар?» – деген жаққа мені айда. Таста мына үйілген-төгілген, қара қарғадай шуласқан қобінді, өзін көргенде, кісінің үрейін ұшырып, құтын қашырады. Мұны көрген жау бізді басынады, – деген соң, көптің бәрін қайырып тастап:

– Қарағымның қызығын көремін, алдан жүріп, ажалды өзім іздеп тауып өлемін! – деп, қырық азаматпен Есім ақсақал жүрді.

Көптен былай бөлініп шыққан соң, Шұбар ат біресе олай, біресе былай ойнақшып, басын тұқырып алып қашып, Шораның астына тұрмай, қолын ауыртқан соң:

– Кел, ағалар, елсізде ат сынайық, «бөрі қашты» қылайық. Жақсы жора болсын, – деп, – Ал!-деп жөнелгенде, Шұбар ат басына бой бермей, Шораны алып, көзден ғайып болды да кетті. Көзінен көргендер аузы ашылып аңқиып, танаулары таңқиып, құр көкке қараумен бастары қайқиып: «Жын ба, шайтан ба бізді алдап жүргендер ме, пері ме, жәдігөй сиқыршының бірі ме?» – деп, ілгері басып жүрерін де білмеді, кейін қайтарын да білмеді. Айран (хайран)-асыр, таң-тамаша қалып, ілгері басқан аяқтары кейін кетіп, құр сулделері келе жатқан сықылды.

Шора сол кеткеннен мол кетіп, жалпақ сары далада тоқтата алмай тұғындығын білген соң, аспан көкпен таласқан, бұлттан бойы әрі асқан Қапсағайдың қара тауының басына зымыраған бойымен ұшқан құстай барды да, шықты. Ар жағына қараса, қара құрттай қыбырлап, құмырскадай жыбырлап, бақайшағы майысып, қабырғасы қайысып келе жатқан қалмақтың қалың қосынын көрді. «Қой, мұның алдынан шықпайын, асылық болар, артына түсейін, – деп, қыран жерден қылт етіп, ойпаң жерден бұлт етіп, артынан зып етіп, жетіп келді дейді. Жөн сұрауға да аузына түспей, сасып қалды.

– Не ғып жүрген жансың? – дейді.

Сонда Садырқұлға [Шора] былай жауап қайырды:

Мен бір арық қазғанмын,
Су таба алмай азғанмын.
Жоқ жоғалтқан сергелден,
Жоқ іздеген жазғанмын!
Аяулыда алты ат жоқ,
Тоқымды жүзде торы ат жоқ,
Оны-дағы қайтейн,
Сылдырлаған еді сырғасы,
Сенделіп жүр жорғасы,
Мақпалдан еді дорбасы,
Он атым және қабат жоқ.

Сөз түріп таныды. Жалғыз-ақ сасқаннан, аузына сол сөз түсті:

– Атып таста жалғызды,

Қағып таста жалғызды,

Жұлып таста жалғызды! – деді дейді.

Ол пәлен-паспадан (балан – басбадан) деп былшылдап жүргенде, айтқан аузын жиғызбай, тақымына басып, ала қашып, Қапсағайдың Қара тауының басына апарып домалатып тастай берді де, қайта ора-лып, қалың қосынға топалаң тиген қойдай болды. Қынадай қырып, танауларын жырып, тірідей көрін қылып, тырнадай түтіп, жұлып, тып-типыл қылып тастап, жалғыз өзі қалып, Қапсағайдың басына шығып, демін алып отырғанда, кейінгі қырық азамат үрейі ұшып, зәресі қалмай шошып, әрең зорға келіп жетті.

– Не көрдің, не білдің?

– Ел көріне ме, жау көріне ме? – дегенде,

– Дәнеме де көргенім жоқ. Мына жерде домалап, біреу жатыр. Сөйлескенім де жоқ, – дейді.

Бұлар барса, Садырқұл екен.

– Не ғып жатырсың? – дегенде,

– Өз еркіммен осылай жатуға мені жынданды дейсіндер ме? Нәрікұлы Шора деген ер шығып, жеке де басы зор шығып, тулак сабағандай шаңымды қағып, бақайшағымды шағып, ыңыршағымды отқа жағып, көшірменің қу басындай домалатып тастаған соң, жатпағанда, не қылмақшымын?! – дейді.

Сонан соң бұлар Садырқұлдың танауын таңкитып кесті, ұртынан тесті. Бәрі бас қосып, көтеріле аттанып барып, қалмақтың қалған елін шауып, шаншып, таптап, жаншып, шек-қарынын әбден аршып, өздерінен олардың қолына түскен малдың, жанның көзін түгел алып, бетіне келгеннің басын шайнап, қарсыласпағанның малын айдап, ұлын-отын, қызын қатын қылып, қызыл ділдә, ақ жамбыға етегі толып, ырғап-жырғап еліне аман-есен қайтып келді, Қазанды бір толтырды дейді.

Баяғы кейін қалған қырық үйлі Таманы мың үйлі жасыл Түрікпен Қарахан бас болып келіп, қайта көшіріп алып кеткен екен. Тасыр мерген:

– Тиме, мұның түбі насырға бір шабар – деп, көп айтқан екен. Жалғыз оның тілін адам алмапты. «Жаяудың шаңы, жалғыздың үні» шықпақ па? Сонан соң Тасыр мерген хабаршыға жалғыз өзі келген екен.

Шора батыр Тасыр мергенді қасына ертіп алып, жапа-жалғыз барып, мың үйлі жасыл Түрікпенді шауып, шаншып, езіп, жаншып, елін көшіріп, ырғап-жарғап, Қазандағы көп үйіріне аман-есен әкеліп бір қосты дейді. Сөйтіп барша мұрат басына, сақалы көтіне жетті дейді.

Бала күнімізде естуші едік:

– Тама басын сұрасаң, батыр Шора әр жерге ұрыс салды. Ағаш қора, жаз жайлау, қыс қыстаудың бәрін де алды. Балаңды беремісін соған бола. Ақырында: «Бұл жерді орыс алады! – деп, Стамбул жұртына ауып кеткен» – деп есітеміз [185].

[Дін ғылымы]

Шып базар ғытард [186].

Әз Жәнібек-Ноғайлының ханы болған [187].

Арғын-Сүйіндік-Тұлпар тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Тұлпар... – Ботақан – Дүйсен – Шынтемір – Нұрлыбай] [Нұрлыбайдан]: Серғазы, Нұрғазы, Айымғазы, – бұл үшеуі Нұрлыбай баласы. Нұрлыбай – Шынтемір баласы. Шынтемір – Дүйсен баласы. Дүйсен-Ботақан баласы. Ботақан тоғыз ағайынды болған, қиянқы, тентек болған.

Шобайдан: Жантобет, Байтөбет. Жантөбеті – Жаманқара. Байтөбеттен-Ақкісі, Сеңкібай; тоқалдан: Бақтыбай, Текебай. Ақкісіден бесеу: Маңабай – Баймырза-лар. Маңабайдан – Амалдық сопы. Жәуке керуенбасы: бәйбішесінен: 1. Наурызбай. 2. Ақүйек. Наурызбайдан: 1. Тілеубай. 2. Нысаналы. 3, Есенәлі; тоқалынан: 1. Ыңғайы. 2. Шөже. 3. Жанқожа. Жанқожадан-Иса.

Атан өлгенде, қатыны екікабат қалып, буаз күнінде Жәуке алып, іште қалған баланың аты – Ізден. Ізденнен-Өтеміс, Өтемістен: бәйбішеден: Мейірман, тоқалдан-Белгібай. Белгібайдың қатынын Ниязбақы алып, Керім, Жүсіпбек туған.

Қилы деректер

Не түспес тіршілікте ғазиз бастан [188].

Күлік-Көтеш ақын, өзі-бай болған кісі [189].

Қылсаныз тағат, құлдық бұ дүниеде [190].

1925 жылы Баянауладан Қызылтауға бара жатып, алпыс шақырым жер жүргенде, күрделі мал көре алмағандықтан, Мәшһүрдің өлеңі [191].

Атығай-Қарауыл – бір төрт жігіт жаламен абақтыға түсіпті [192].
[А.С.Пушкин өлеңі]

Пушкин сөзі деп біреу жазыпты:

Қаңғыдым жан қинадым шындықты іздеп [193].

Бұ да өзіне қалай дарығандығын айтқаны: «Дәл он бесімде түсімде үш ауыз өлең үйретті қызға жазатұғын өлең. Ояна келсем, ойымда сайрап тұр. Сонан соң гу-гу өлең ойыма келе берді. Өз ойымда: «Түсімде өлең үйреткен Көтеш ақын-ау!» – дедім. «Күлікпін!» – деп айтқаны есімде».

Атығай-Қарауыл: Зілғара, Шопан, Әлібек, Мұса деген атақты кісілер өткен. Сол Әлібектің інісі Исаның айтқан өлеңі [194].

Айтқанмен таусыла ма оны-мұны [195].

Қара-Бұжыр-Төлеш батырдың баласы Тайсары Аяқшіліктен көшерінде айтып көшкен:

Ұлдының ұлына айт,
Қыздының қызына айт,
Көшіп кеткен жұртына айт,
Ұлып, жұртта қалған итіне айт:

«Тайсары деген жерге қоныс қыламын демесін!» – деп, сақалын үш кескен екен. Осы күнде ұрпақтары – Шыңғыс қажы баласы Жұмабек қасында дейді.

Афырайтым аллат уалғыри умнат [196] .

«Тайбай көлі» – дейді. Тайбай – Орманшы – Қайдауыл – Есенәліден. «Нұралының кара суы» – дейді. О да – Орманшы – Өтек-Байсақтың әкесі. Желтаудағы Қожамберді-Бөгенбай ақсақал өлейін деп жатқанда, өзінің «әліфті» – таяқ деп білмейтін малшысы-Рахи Жабағыбаласы: «Иман»-деп, аузына түскенін шатқанда, өлейін деп жатқан шал:

– Балам, иманың иман-ақ екен! Сусыным жаңа қанды ғой! – деп сүйсініпті. Сүйегіне Құдайдың өзі берген күшті иман осылардікі.

Қаратау мен Шудың аралығында құмда болады екен [197].
Дударай, сен кеткелі көп күн болды [198].

Қаруы ер жігіттің қылыш екен,
Қылыштың үлкен пышақ інісі екен.
Құрбының алған жары жақсы болса,
Төрт елі маңдайының ырысы екен.

Мариям Жагор деген орыс қызы [199].

Шора батыр

(үшінші нұсқа)

Тама-Нәрік байдың бәйбішесінің аты-Гүлканыс – Шора батырдың шешесі [200]. Нәрік байға Қыдырдың алты қой баққан ақсақал шал болып сөйлескені:

– Қаратаудың қарсысында бір үлкен бәйтерек бар. Сол бәйтеректің жанында бір түп ақ шеңгел бар. Нақ сол ақ шеңгел – Бабай түкті Шаштазының моласы. Соған түнесендер, Құдай перзент береді, – дейді.

Бұлар жалғыз тоқтысын сойып, әулиеге түнеген. Аш қалғанда, бір бидайық келіп, бір топ аққу мен қазды қырып, Құдай бұларға қорек (хорак) қылған. ...[а]паратынды хабарға жіберді. Қырық қашырға асыл қазына артып, бір қашырға Талла[ны] артып, ортасына бір қап, оған ат басындай алтын салып, мұны құндаса, ... алдына тастатқан. Оған айналмай, маған келсе, әуелі өзіне ысқырып атса, киікке обал жоқ деген, – деп.

Қараханның әкесі Темір ханды Әліби у беріп өлтірген екен. Тасыр мерген – Әлібидің інісі.

Кәріпбай, Нәрік бай, Есім би – үш ағайынды екен. Анасбай той кылып, ел шақырғанда, шұбар дөненді [Та]сан мырза сұраған.

Қалмақтың ханы Қараман қырық мың әскер алып, өзбектің шаһарын шабуға кеткен екен. Қайнекей, Тінекей деген екі қарындасын: «Елге ие болыңдар!» – деп, Қараманның Бозтұлпар деген тұлпары жылқыдан жалғыз шығып, ойнақтап шаһарға келінті. Соны Қайнекей, Тінекей көре сала:

– Япырмау, бұл не сұмдық? Біздің жылқыға жау қарасы көрінген екен. Бізге батып беттеп жан келе алмаса [керек еді]. «Ақкала деген жерден, Тама деген елден Шора батыр деген ер туды» – деп еді. Дәу де болса, сол шығар, – деген.

Ауызды жиғанша, қалаға шу толып кетті. Үш күн ұдайы талан-таражы кылып, қырғын басылып, Қайнекейді Есім би алып, Тінекейді Тасан мырза алып, Қараман ханның қызын Шора батырдың қойнына салып, Шораны таққа отырғызып, хан көтерді. Сөйтіп, арада бір ай өткеннен кейін баяғы Өзбектің қаласын талауға кеткен Қараман өзбектерді жең[ін], қыламын деп барғанының бәрін түгел кылып, өзбектің қыздарын әскерлерінің басшыларына алып беріп, еркектерін құл кылып алып қайтып қаласына ке[лсе], Тамалардың әскері өз елін сондай кылып тұрғанының [тұ]сында Қараман Шораға елші жіберді:

– Менің боз тұлпарымды беріп жіберсін, өзі жекпе-жекке маған шықсын! Жаман – жасықтардың жанын түкке тұрмайтын қанын шығынға шықпайық, шығармайық. Ел үшін Есім би, Тасан онда да бар шығар, [осы]нда бар шығар, бірақ Шора мен Қараман жоқ шығар! – депті.

Шора Қараманның ол сөзін мақұл көріп, қол бастап, сахара майдан далаға шықты. Қараман мен Шора жекпе-жекке шықты. Шора Қараманды жықты, алқымынан сықты.

Тобықты еліне қатысты деректер

Құнанбай Алшынбайдың Жүсіп дейтұғын баласының қызын [201] тұңғышы Ибрайға [Абайға] алып берген. Ибрайдың бәйбішесі – Жүсіптің қызы. Баласына баласының қызын алып берді. Құнанбай

Алшынбаймен замандас болды. Құнанбай әкесі Өскенбай Тіленшімен замандас болды. Кеңгірбай Өскенбай әкесі болса, Тіленшімен замандас деуге сыяды. Болмаса Дадан-Тобықты-Қараменде бимен замандас болған Қабакеңіз Тіленшімен бас қосуға тіріліп келген болады. Ондай болғанда, Ибрайдан [Абайдан] да дәмеліміз. Тұқым – жұрағатында өлгені тіріліп келіп, кейінгі заманның кісісімен бастас болатұғын әуелден ата-тегінде бар болғандықтан, Көкбай сыбағасы. Жабайы жанды, тар ауданды кісіден не шығады? Соқыр сезімдіден не шығады? Шұбыр (шұбар) адамның жаны жабайы, ауданы тар болады. Көкбайдың Шұбыр екендігін Әріппен айтысқан өлеңінен әбден танығанбыз.

Ерте заманда қазақ, қалмақтың шабыншылығында бір қояндай боз атқа мінген қазақ қатыны кашқан-босқан елдің соңынан келіпті [202]. «Қалмақтан кашып құтылдым», – деп, өзі екіқабат буаз екен. Келгенмен бұл елде байы да бар бола қоймапты. Үй жоқ, күй жоқ, оны ала қоятын елде тірі жүрген қатынға бай жетпей жатқан күн. Өзі балгерлік, бақсылық қылып, аты боз ат болғандықтан, қазақ ортасында «Маябоз» – атаныпты. Бір еркек бала тауып, атын Елатан қойыпты. Енді сондай аяқсыз қаңғыған бір бала болып, онын аты Елехан болыпты. Елатан, Елехан егіз бала сықылды болыпты. Елехан кім болғанын анық білген ешкім жоқ. Елатанға: «Мен алам, мен алам!» – деп, талас тартыс болып, бәйгеге ат қосып: «Қай атымыз озғанымыз алайық!» – десіп, Арғынның ақ тобық аты алдында келіп, Арғын алып, сонан сол бала: «Тобықты» – атанған екен» – деседі. Бұрынғы заманда кеміту үшін сөйлегендер: «Елатан елге теңелді, ешкі қойға теңелді» – деседі екен. «Сол Елатаны Тобықты екен» – деп сөйлеуші еді.

Көз таңбалы Арғыннан оқшау шығып кеткені түбі-тегімен де шатақ барлығына дәлел: әкесінің аты Жұмағұл, өз аттары – Мырзабай екеуі – екі кісі Тобықтыны ол жаққа аударғанда, Қанжығалы алты атаның ұлы Әжібайдан шыққан Абызшумақ Боктыбайдың жасауын ұрлап, сонан кашып; үркіп ауып кеткен. Еңлік-Кебек әңгімесі болғанда, бұл жақтағы Арғынға беттей алмай жатқан мән-жайы – сол.

Бұрынғы заманда бір сарттың бір шұлғаулық бұйымын бір қазақ: – Ай, сарт, мынауыңның құны немене? – дегенде,

– Оның құны жүз қой , – депті.

-Мұнша қымбат мұныңды кім алады? – дегенде,

Сарт айтқан екен:

– Абызшумақ-Бокты алар, // Басқа қазақ бокты алар, – деген екен. Еңлік, Кебекті жұртқа әңгіме қып шашқан кісінде шайнам ақыл жоқ болса керек. Не үшін десен, естіген жұрт жастарға жаны ашиды, аяған болады. Сонан соң қарап отыра алмайды. Соларды өлтірушіге, өлімге қиып, ұстап берушілерге аузының әлі жетеді: «Тобықты деген ел тасбауыр екен, рақымсыз, кісі аямайтын ел екен!» – деседі.

Япырм-ау, аты құрсын Абай деген,
Жылатты мұсылманды талай неген.
Абайың жақсы кісі болған болса,
Қасқырдай өз күшігін қалай жеген?!

Арғын – Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанғозы – Сары – Ералы – Тастен]. «Құтан тайшы» – деп сөйленеді екен. Құтан екеу: бірі-Құтан – Қоғамның Құтаны, бірі-Құтан – Бұтанның Құтаны. Бұл соңғы Құтан Аргүл (Әргүл) бәйбішеден. Бұтан жасында оліп қалып, онан нәсіл тұқым жоқ дейді. Құтаннан – Мейрам жалғыз, Қарашаш деген қарындасы болған.

Сұрасаң, арғы атамды-ер Құтан-ды,
Сұлтаны Бекзедерден ол бата алды.
Мейрам ұғлы Қарашаш бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндікпен сонда атанды.

Қыпшақ-Аллаберген (Алдаберген) қажы баласы Зиалдин Қояндыда душарласып, бірімізді-біріміз көріп, маз – мейрам болып қалдық.

1925-інші жылында сиыр жылы атшабыс болған күн.

Төлебай, Қосқұлақ, Лапак, Сары.

Сол Сарыдан шыққан Тастен сегіз өрме қамшымен бір салып қалып, кісі алатұғын бураны қалпақтай түсірген, бауыздауға келмей

өлің кеткен. Және атанды қамшымен бір тартып қалып қалпақтай түсірген.

Уастымых иұм инады алмина демін мекен қырып [203].

Нармамбет өлеңі: «Кең дала, кеткенің бе, кер бетеге» [204].

Қараменде бидің өлеңі: «Сәлем де Кеңгірбайға, кел, кетелік» [205].

[Ғылым дерегі]. Қашан сидыға анар хамына [206].

Бала алты айда туса, кәміл бала болады. Жеті айда туса, әм кәміл бала болады. Сегіз айда туса, кәміл бала болмайды. Не үшін? Зыхыл тысырыфы – өзі суық, өзі ауыр нахсыкібір. Тоғыз айда туса, толық...

С. Торайғыров өлеңі

Жықсаң, бәйге аласың, алысқанда [207].

[Әр замандағы ғашықтар әңгімесі]

Біреу: «Ғашықты жұрттан асырамын!» – деп, әкесі ғашық болған қызға ғашық болып, әкесін өлтіріпті. Сонда мағшығына хат жазған [екен]: «Ғашық екендігіне нандырамын» – деп, былай сөйлепті: «Дәлел есітерсің дұғай сұрап мен, ғашығында (кеғшығыңда) атамны өлтіріп мен».

Онда қыз былай жауап қайырыпты: «Тілеп жат үлгісі өлтіргей атаны ғажақ жоқ, кәм үшін не қылса, әні» – дейді. Көрмек оныменен жырактан, оны көрмектен өлім жақсырақ дүр. Егер тапсам өлімді көрмей, оны буа өлмек дүр хаят жадиданы. Атасын өлтіруші – Хысыраудың ұлы, жауап қайырушы – Шырын сұлу. «Фархад-Шырынның» Шырыны.

Тіршіліктің бір артықдығы – есітпегенді есіттіріп, көрмегенді көрсете береді екен. Біздің қазақта Абылай хан заманында Уақ-Сары-Баян тап бір сап, бір өзімен бір туысқан Ноянды он бестегі уыздай күнінде:

– Менің ғашық болған қызымды неге алып қаштың? – деп, атып өлтіріп тастапты.

Екі арман өмірінше сүйегімен бірге кетті. Бірі – ғашық болған қызын ала алмағаны. Бірі – өз інісін өзі атып өлтіргені.

Құнанбайдың тоқалына барғандықтан, Ыбырай [Абай] айдатты: Базаралы, Бағаналы батыр[ды].

Қарамсақ-Шопанның Шопанын [бір] ай әбдіреге салып сақтаған екен. Төрт ағайынды екен, төртеуін де [айдатты].

Ноғайдан шыққан Шахабдин хазіреттері Мұстафа [208].

М. Дулатов олеңі

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.

Қалғанша жарты жаңқа мен сенікі,

Пайдалан, шаруаңа жараса ағаш.

Жұрт көрген сонда Мұса салтанатын [209].

Мен өзім үйден шығып Далба бардым [210].

Лашын үйрек ілді көлді көріп [211].

Тауыққа көзі соқыр – бәрі бидай [212].

Қазақ шежіресі

(бесінші нұсқа)

Бәсентиін шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Қаракожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін].

Бәсентиін[нің] төртінші қатынынан-Сырым [213]. Сырымнан тарайды:

1. Танаш абыз. 2. Жабық. 3. Мұрат. Мұраттан алтау туады, Жабықтан

екеу: Болай, Самай. Самайдан: 1. Сексенбай. 2. Токсан. 3. До-

сым. Досымнан: Төлебай, Нарымбай (Наромбай), Тәуірбай, Ибрай,

Қыстаубай. Рысқұл (Ырысқұл) – Сүгірәлі баласы, бұл-Жанкожа бала-

сы. Бәсентиіннің үшінші қатыны Бөриден: 1. Келден. 2. Қыстау. 3. Қақа.

4. Сатыпалды. 5. Жаңбыршы. Жаңбыршыдан-Жәнібек. [Бәсентиін-Бе-

кмайдан-Апай]. Апайдан-Нарбота

Біреу сөйлепті: «Бәсентиіннен-Қарабұжыр, онан-Қойбағар,

онан – Жарылғасын, онан-Шегір, онан-Сырым» – депті. Матайдан:

1. Құттыбай. 2. Қаржау. 3. Өмір. 4. Қойбақ. [Бәсентиін – Сырым –

Жабық – Самай – Токсан] – Қысырау, Қара; Қарадан-Рысқұл.

Бәсентиіннің бірінші қатынынан: 1. Ақмайдан. 2. Бекмайдан.

3. Токмайдан. [Бәсентиіннің] екінші қатынынан: 1. Актілес. 2. Күшік.

Күшіктен-Жылкыайдар. [Бәсентиіннің] үшінші катынынан: Бөрі. [Бәсентиіннің] төртінші катынынан: Сырым.

Ақмайданнан – Көкшекөз, мұнан: 1. Байымбет. 2. Жолымбет. Бекмайданнан-Апай; Тоқмайданнан – Қатыс. Байымбеттен-Жаманай, мұнан: 1. Қойсары. 2. Қозыбақ. 3. Рысбек (Ырысбек). 4. Сағынай. 5. Бұқа. 6. Күбір.

Сырымнан: Мұрат, Танаш абыз, Жабық. [Мұраттан]: 1. Дөнен. 2. Сегізбай. 3. Сасық. 4. Бестібай. 5. Теңізбай. 6. Алтыбай. Жабық: Болай, Самай. Болайдан – Тілеу, онан – Өтебай. Самайдан: 1. Сексенбай. 2. Тоқсан. 3. Досым: Қазан ап, Дөненбай, Маса. Тоқсаннан-Қара.

[Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Жолымбет]. Жолымбет-Мандай, мұнан-Сәмеке (Сәмек). [Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Байымбет] Байымбеттен: 1. Бейсен. 2. Жаманай. 3. Қоянбай. 4. Рысбек. 5. Көшен. 6. Шүрек. 7. Танатар. [Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Байымбет – Жаманай] Жаманайдан – Қойсары. Бейсеннен: 1. Таз. 2. Бөкіш. 3. Өтеп. 4. Матай. [Бәсентиін – Тоқмайдан – Қатыс] Қатыстан – Бөрі, Бөріден: 1. Келден. 2. Қыстау. 3. Қақа. 4. Сатыпалды. 5. Жаңбыршы. [Бәсентиін – Күшік] Күшіктен: Итемген. [Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Байымбет] Байымбет, мұнан-Ханкелді (Қаңылды), мұнан-Байбол, мұпан-Жетібай.

Қыпшақ шежіресі

[Жанарыс – Ақтамбердікожа – Қыпшақ – Қаракыпшақ – Бұлтың – Боғыс] Бұлтың: 1. Боғыс. 2. Уәріс. Уәрістен: 1. Төбет. 2. Құлатай. 3. Мадияр. 4. Қодас. [Төбеттен]: Еламан, Қосайдар. Құлатайдан-Қоскел. [Боғыстан] – Жолаба, [Жолабадан]: Есенкелді, Әбілқасым. [Қыпшақ-Қаракыпшақ – Бұлтың – Уәріс – Құлатай – Қоскел] Қоскелден: 1. Қареке. 2. Нарбота. 3. Әжібай. 4. Асан. 5. Әлібай. [Қыпшақ – Қаракыпшақ – Бұлтың – Уәріс – Төбет – Қосайдар – Сексен] [Қосайдардан]: 1. Сексен. 2. Қожан. Сексеннен-Бегәлі, Бегәліден-Тілеуберді. Қожаннан – Сүйірқұл, Сүйірқұлдан: 1. Үмбетей. 2. Жарылғап. 3. Есіркеп. [Есіркептен]: Сейтімбет, Ақпейіш, Айголы, Күрлеуіт. [Күрлеуіттен]: 1. Нияз. 2. Қожамжар. 3. Алдаберді (Аллаберді). [Сейтімбеттен] – Бөрібас. [Қыпшақ – Қаракыпшақ – Бұлтың – Уәріс – Қодас] [Қодастан]: Жарқымбет, Қосқұлақ.

Арғын-Бегендік тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік – Оразкелді – Тәңірберді] [Оразкелдіден]: [Тә]ңірберді, Сәрік. Сәріктен: Қожамберді, Тоқтас, Қалмақшы. Қожамбердіден: Байназар, Есназар, Қозыбақ. [Ба]йназардан: 1. Қарабатыр. 2. Жиёмбет. 3. Қарабай. Қарабатырдан: Мәмбетәлі. Қалмақшыдан: Андауыл, Қайдауыл. Қайдауылдан: 1. Қожакелді. 2. Қасқа. 3. Желкілдек. [Тә]ңірбердіден: 1. Малқар. 2. Ораз. Ораздан: 1. Кенжебай. 2. Жиенәлі. 3. Құрманәлі. 4. Аю. Кенжебайдан: Құлықе, Бекше. Жиенәліден: 1. Шерін (Шырын). 2. Бапан. Құрманәліден: 1. Жайлаубай. 2. Сармолда. Ырыс: 1. Текебай. 2. Дүйсенбай.

[Бәсентиін шежіресіне Мәшһүр Жүсіп ескертуі]: «Сырымның бәрі Жабық: Мұрат, Танаштар».

Арғын-Сүйіндік-Орманшы тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак] Сүйіндік – [Бегендік] – Оразкелді. [Суғыншыдан]: Шуманак, Мәжік – Төртуыл. [Құлболдыдан]: 1. Жанболды. 2. Жолболды. 3. Құлболды. Жолболды – Орманшы: 1. Қайдауыл. 2. Өтек. 3. Тілеш. Бұл-Қасқыртымақ. Тілештен: -Арықпан, мұнан: 1. Шақұлан. 2. Қосай. 3. Қойбағар. 4. Көшкін. Қайдауылдан: 1. Есенқұл. 2. Мәуке. [Мәшһүр Жүсіптің осы 368 – беттің сол жақ қапталына жазған ескертуі: «Мәуке-қатын аты, тоқал қатын]. Есенқұлдан: 1. Бекқұлы. 2. Тоққұлы. 3. Аққұлы. Бекқұлыдан: 1. Нарторы. 2. Ақсары. 3. Нарбота. 4. Шотана. 5. Тайкелді. 6. Иіс. 7. Дос.

Аққұлыдан: 1. Ақбике. 2. Балға. 3. Есенәлі. 4. Дербісәлі. 5. Бармақ. 6. Қыдырәлі. Мәукеден: 1. Кеспелік. 2. Түрмелік. 3. Елік. Өтек: 1. Жақсылық. 2. Қарабай. 3. Шобалай. 4. Бағай. Жақсылықтан: 1. Сұнқар. 2. Байқұл. 3. Алакөз. 4. Әлімбет.

Уак шежіресі

[Жанарыс – Қасымқожа (не Есімқожа) – Уак – Көкше – Қосай – Байназар] [214].

[Қосайдан]: 1. Байназар. 2. Шаға. Байназардан: Әжібек, Абрай (Ыбырай), Елік, Сүлік. Шағадан: Қырғызәлі, Сыбанғазы, Көзмірек. Әжібек: 1. Тәмен (Шәмен). 2. Құрмантай. 3. Жылқыайдар. 4. Жолдыбас. 5. Өтеген. Тәменнен: 1. Мәмбет. 2. Жаныс. 3. Үмбет. 4. Шерубай. Құрмантайдан: 1. Жантілеу. 2. Тоқтілеу. 3. Бетеге. Жылқыайдардан: 1. Жантөбет. 2. Байтөбет. Жолдыбастан: 1. Міндек. 2. Аманбек. Абырайдан: 1. Көтен. 2. Оразкелді. 3. Қатық. 4. Сәмәмбет. Көтеннен: 1. Жылқыайдар. 2. Сәлемет (Саламат). 3. Бекен.

Керей шежіресі

[Жанарыс – Қасымқожа – Керей – Ашамайлы Керей – Тарышы – Көрсары (Құрсары)] [Тарышыдан]: Көрсары, Ақсары. Көрсарыдан: 1. Есбол. 2. Есенәлі. Есенәліден – Құдайқұл, мұнан: 1. Құдайберді. 2. Қодас. Құдайбердіден: 1. Елубай. 2. Байқошқар. 3. Жәдік. 4. Оразымбет. 5. Бердібай. Жәдіктен: 1. Сүттібай. 2. Байболат.

Қанжығалы шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Ақсопы – Қанжығалы – Ішпек] [Қанжығалыдан]: Ішпек, Піспек. [Ішпектен]: 1. Қамбар. 2. Жапар. 3. Қармыс. 4. Өтеген. [Қармыстан]: Есен, Бозым. [Бозымнан]: Әжібай, яғни Сары Әжібай. [Әжібайдан]: – Ақтамақ – Құдайменде. [Әжібай] – Қаратілес, Қарабұжыр, Ақбура. – «Тентек Қанжығалы». [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Қарабұжыр – Мұрат] [Қарабұжырдан]: Мұрат, Байболат. [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Қаратілес – Айтуар] [Қаратілес]: 1. Айтуар. 2. Көшпен. [Айтуардан]: Әжіке, Дәнен. [Мұрат]: 1. Дәнен. 2. Сасық. 3. Алтыбай. 4. Тоғызбай. 5. Теңізбай. 6. Бестібай. 7. Сегізбай. 8. Құнан. [Байболаттан] – Жұмабектер. [Әжікеден]: Байдалы – Тәшім. [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Қаратілес – Көшпен]. Көшпеннен туған: Қорлыбай, Қойлыбай, Алмашы. «Үш жиен» – деп сөйлейді: бірі қыздан туған, екеуі күннен туған боқ-ты. Жантай-Алмашының

қызынан туған, «Тентек Қанжығалының» қарындасынан туған. [Сонда күннен туғандары: Қорлыбай, Қойлыбай да, қыздан туғаны – Жантай]. Добал – Мәшен – Таша. Елқонды қайдан шыққаны білінбеді. Елқонды[ны] алып келген – Өтеген батыр.

[Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Қара]. Қара[дан]: Елібай, Сары, Жәдігер. [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Сары – Жылкелді]. [Сарыдан]: 1. Жылкелді. 2. Қойбас. 3. Айбас. [Жылкелдіден]-Ақжігіт, [онан]-Томан. [Қойбастан]: Тұрсынбай, Есілбай. [Айбастан-?] – кіші қатыннан – Бердібек – бес ағайынды. [Тұрсынбайдан]: Жаманша, Нұрпейіс, Тақан. Нұрпейістен-Токтілеу. [Қанжығалы-Ішпек-Қармыс-Бозым-Әжібай]. Бозымнан: 1. Әжібай. 2. Әжім. 3. Әжімбет.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Арғын-Сүйіндік – Олжакелді (Қаржас) – Құлыке – Телі – Сатылған] Қаржастан: Алтынторы, Құлыке, Бегім. Бегімнің бір аты – Сатылған. Сатылған: Айтымбет, Таңат, Қоныс, Мәмбет, Жансары. [Қаржас – Құлыке – Телі – Сатылған – Таңат – Батырбек]. [Таңаттан]: Батырбек, Атанбек, мұнан-Қожамберді. [Қаржас-Құлыке]. Құлыкеден: Ойым, Телі. Ойымнан – Әлімбет. Теліден-Анай туады. Әлімбет, Анай. Әлімбеттен: Байболат, Ақша. Анайдан: сарт қатынынан – Құл, қалмақ қатынынан-Жәдігер, қазақ қатынынан-Нияз, Тәйтеке қызынан: Құдайқұл, Мырзақұл. [Қаржас – Бегім – Сатылған – Таңат] Таңаттан: Батырбек, Атанбек, Тауасар. Тауасардан: Қосағал, Қоске, Қожаберген. Батырбектен: Өтеу, Жанқылыш. Телі тентек Анайға да бес қатын алып берген, Сатылғанға да бес қатын алып берген. Сатылғанның өзі бұрынғы әкесінен туып қалған бала. Мұның шешесінен – Телі алған соң, Анай туады. Некесіз туған, буаз болып қалған соң алған екен.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Күлік]. Күлік[тің] [бәйбішесінен]: Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет; тоқалдан: Өтепберді, Данияр, Сексен. Наурыздан: Шобалай, Шобай, Ақай, Дөкей. Шобалайдан: Жанабатыр,

Өміртай. «Ханкелді» деген біреу қыстырылып қалмайды: Қаракұс, Шерін (Шырын). Шобалайдан: Тәттімбет, Байтөбет, Жаманқара. Ақайдан: Санмырза, Бекмырза, Есбол, Есет. [Күлік – Өтепберді] Өтепбердіден: 1. Ақыл. 2. Қошқар. Ақылдан (Ғақылдан): Бейбіт, Жапалақ, Мырзақелді, Дербісәлі, Айбас. Сексеннен: Рай, Райымбек, Қараша, Базар. Тілеуімбеттен: Айтқожа, Жаңабай, Күнту, Бесім, Қойтан. Айбас бай болған, құт болған, сүйегін Өзірет Сұлтанға апарған, Ұлытауда жер аты болған.

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Ақбура] Ақбурадан: Аққошқар, Кенже, Тілеулі, Жетібай, Көкен. Жетібайдан-Есен тентек.

Арғын-Сүйіндік-Тоқшора тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Тоқшора].

Сүйіндік – Тоқшора – Әлімбет – Алтай – Төртсары: Мұрат, Танаш, Рысқұл. Мұраттан: 1. Аралбай. 2. Байсейіт. 3. Жауқашар. 4. Жаубасар. Аралбайдан: 1. Тоқан. 2. Ақпан. Байсейіттен: Барак, Жабағы. Жауқашардан: 1. Сармырза. 2. Баймырза. Жаубасардан: 1. Тілеуберді. 2. Қуат. 3. Саржан. Рысқұлдан-Шындауыл, мұнан: 1. Қошқар. 2. Мойнақ. Осылардың қай ел екенін біле алмадық. «Төртсары-Тоқпан ұрпағымыз», – дейді.

Бәсентиін шежіресі жалғасы

Жағалбайлы, Жымған. Сөйтсе бұлар Бәсентиін екен. Бұлғашбай, мұның баласы-Балқожа. Бұл Балқожаның бір қызын Жәуке керуенбасы алып, Сарысудан көшіріп алып келген.

Балқожадан – Тасболат. Тасболаттан – Қисық, Шөлбай (Шолбай). Абылай ханнан: «Жалғызыма серік қылсын!», – деп, Бөжікті сұрап алған. Онан – туған – Құлтөбс, мұның балалары: Жанболат, Қоңыршы.

Аққыз-Жағалбайлы қатыны балаларының аты: Ақжігіт, Жанжігіт, Байжігіт-Қарқаралы жағына көшіп кеткен.

Қанжығалы шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Ақсопы – Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Қара] Қарадан-бәйбішесінен: Елібай, Сары, тоқалынан-Жәдігер, Жәдігерден: 1. Токсанбай. 2. Сатыпалды. 3. Мәмбетбай. Тоқсанбайдан: 1. Жанзақ. 2. Байзақ. 3. Құлжан. 4. Бертiс. Жанзақтан – Бегайдар, тоқалдан – Сазан. Байзақтан-Айдабол, онан – Отас (Өтес), онан-Еркінбай, онан Алмахамбет, онан-Асқар. Бертiстен – Тезекбай. «Тезекбай соры» деген жер аты. [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Сары] Сарыдан: 1. Жылкелді. 2. Қойбас. 3. Айбас. Жылкелдіден – Ақжігіт, онан-Томан, онан:Күлен, Байысты, [Шақар]. Мұстафаның әкесінің аты – Салпаң. Шақар деген кісі баласыз болған соң, Мұстафаны қолына кіргізіп алып, сонан «Шақардың Мұстафасы»-атанған. Мұса, Секербай заманында болыстың қақ маңдайы болған. Жалғыз баласы қыршын жас күнінде өліп қалып, ақыры тұяқсыз, жақсы аттыға «Мұстафа тамы» – атанған.

[Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Қара – Жәдігер – Мәмбетбай] Мәмбетбайдың төбел бие сойып, төрткіл ошақ қаздырып, бала қылған баласының аты – Алдаберді, тегін, түбін жан білмейді. Жігіт күнінде душар болған. Өзінің екі баласын былай қойып, қарашаңырағына Алдабердіні ие қылған. Ол Алдабердіден-Құттықожа, онан-Маңабай (Мәнкебай), онан –Сарыбел, онан – Молда. Онан-Лекер қажы, мұнан-Жақып: Шақшан еліне исполком председателі болып, «Тексізді төрге шығарып, // Теңдік тимес құлыңнан» – демеді ме?!

Шақшан елінің ішінде сіңісті болып, өсіп-өніп кеткен қарақалпақ та бар, қызылқұлақ та бар. Қанжығалының нағызынан шата-бұтасы көп ел. Сондықтан «сүттей ұйып, қатықтай қатып» тұра алмайды. Ең мақтаулы зоры – Бөгенбай, Бөгенбай әкесі-Ақша. «Ақша әкесі-Әлдекүн, // Әлдекүн әкесі әлде кім?!» – деген бұрыннан айтылып жүрген сөз болатұғын.

[Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Құдияр] Құдияр: Ақдәулет, Келдәулет, Ақтайлақ, Қатпа, Құрамыс (Құрымыс) Жанат. Ақдәулеттен-Алтыбасар, онан-Жүндібай, Шара. Жүндібайда. Әбен, онан: Есімбай, Бесімбай.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Өтепберді – Ақыл – Қойкелді] «Бұхар балуаны» – атанған Қоңыраулы балуанды жыққан – Қойкелді балуан. Дулығаны бала күнінде алып қашып келген, атқа отырысы дулығадай болғандықтан, атын «Дулыға» қойған.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Данияр] [Күлік]: Данияр, Өтепберді Сексенмен туысы бір болса да, «Аш Данияр» атанған. Өтепбердіден-Ақыл (Ғақыл), онан-Бейбіт, онан-Күнтай, Танашбай, онан-Қуан, онан: Молдабай, Ноғай.

[Күлік]: Өтепберді, Данияр, Сексен. [Өтепбердіден]: Ақыл мен Қошқар. [Ақылдан]: 1. Бейбіт. 2. Жапалақ. 3. Дербісәлі. 4. Мырзакелді. 5. Айбас. Ақылдың қалмақтан алған қатынынан туған: 1. Қойкелді. 2. Жылкелді. 3. Дулыға, – қалмақ қатынынан. Сұлым [Ақылдың қалмақ қатынының аты – «Сұлым»] мен Айбасты [Айбас-Ақылдың ұлы] еншілес қылып шығарған. Ақылдың қарашаңырағы Бейбітке қалған. Сұлымға аяқ салған Ақылдың өзі.

Дулыға балалары: Тоқанай, Топай. Тоқанайдан – Өтебай молда. Сұлым – қалмақ қызы, Ақыл оған аяқ салып, үш бала туып, Айбасты Сұлымның шаңырағына ие қылып, Айбастың өз кіндігінен үш бала: Бай – темір, Бектемір тағы бір темір.

Кірмелер туралы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол] «Айдабол ішіне әуелі келген Тілеу – Қараша» – дейді. Арық, Шаншар, Өтеп[бе]рді, Шоңай, Толыбай. Толыбай балалары көп: «Тілеу» – дейді. Тілеу-Жүсіп қажы: Қарымсақ баласы. Бұл Қарымсақ... Шұдақ балалары. «Ілгергі күнде көшіп келген Керей боламыз»-дейді: Төлеке, Тобылбай, Қосқұлақ, – үш ағайынды кісі екен. Төлекеден туған бес ағайынды: Төлебай, Күшікбай, Байтелі, Қойсары. Төлебайдан туған – Смағұл (Исмағұл), Тымха. Күшікбайдан туған: Омар, Айдарқан. Байтеліден туған – Бура, Ысқақ. Қойсарыдан туған тұқым жоқ, Қосқұлақтан ұрпақ жоқ.

Тобылбайдан ұрпақ бар. Төлеке әкесі – Шажа, Шажа әкесі – Артықбай. Кейінгі немерелер бар. «Балталы – Керейміз» – деседі. Мұхаммедфақым – Нарбота баласы, Нарбота – Орымбай баласы. Қайырхан Көпейбаласының жазып бергені.

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

Тиеді ер пайдасы сасқан жерде,
Етегің, ер жаңылып, басқан жерде.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге.

Қайырсыз толып жатыр Қарынбайлар,
Қолы ашық аз табылар Атымтайлар.
Ет-майын ағайынға берер ме екен,
Ат аяп, тайын мініп, жүрген байлар [215].

Төрелер шежіресі

Барақтың бір қатынынан-Ханбаба төре, Маман, Таһир, Бөкей, – төрт ұл (ұғыл) болған. Ханбаба ұлы – Досан, Досан ұлы-Қылыш төре, мұнан-Ибраһим төре, мұнан – Жүніс (Иүніс) төре. Бұ әулет Бура елінде өскеннен атырабында дүр. Үш ұлға (ұғылға): Маман, Таһир, Бөкей төрелер әулеттері Қарқаралы елінде жүрірлер. Қарқаралы медресесінде жазылған-Сахип-Маншор-Бөкей хан болып, мұның ұлы-Шыңғыс төре, мұнан-Жамантай хан дүр.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Қосқұлақ] Жанғозы баласы: Қосқұлақ, Төлебай, Лапақ, Сары. Сарының Төлебаймен туысқан-туыспағанын анық білуші жоқ. Кейбіреулер: «Жеке жігіт екен, Төлебайға еншілес болып, сіңіп кеткен екен. Өзі бай болған екен. Сонан Төлебай тамақ қылу үшін: «Сарым, Сарым!» – деп еркелетіп жіберген екен», – дейді. Төлебай «Қу Жарғақ Төлебай» – атанған екен. «Пәлі, Төлебай!» – атанған екен.

«Пәлі Төлебай!» – атанған себебі – бұрынғы заманда Арғынның қойшысынан өрт кетіп, Ұлы жүз-Үйсіннің бірнеше қотан қойлары күйген екен. Соны Ұлы жүз – Үйсін Арғыннан даулаған екен. Сонда соның бітіміне Ұлы Жүз Үйсіннен Төле би шыққан екен. Арғыннан Төлебай шыққан екен. Үйсін – Төле би:

– Қолықмен салған өртті етегіңмен қалай сөндіремін деп келдің, Төлебайым?! – дегенде,

– Алладан деп білсеңіз, қойыңыз да, адамнан деп білсеңіз, алыңыз, – деген екен.

Пәлі, Төлебайым, жарайсың, жарайсың! – деп, Төле би так тұра қалған екен.

Сонан «Пәлі, Төлебай!» – атанған екен деседі. Және бір далилі – атқан оғы жаза соқпайды екен, өзі атып, өзі: «Пәлі!» – дейді екен. Өзін аң көрмейді екен. Бір топ киіктен киік жібермейді екен. Қара бойын аң көрмеген соң, қанша атып, қиратып жатса да, алдынан аң ешқайда қашып құтылып кетпейді екен. Сонан: «Пәлі, Төлебай!» – атанған екен.

Тама – Сарыбас мерген: «Менен асқанда, жалғыз-ақ «Пәлі, Төлебайдың» мергендігі асты», – деген екен.

Мықанлық Бабабек деген сартқа жалшылыққа жүрген жері де болған екен. Сонда Бабабек қатынына айтқан екен:

– Осы қазақтың, ұйықтап жатқанда, үсті жап-жарық болып жатады. Бойында жанып тұрған шам-шырағы бар екен, – депті. Сонда Бабабектің бір бойжеткен қызы бар екен:

– Қалайша мұның үсті жарық болып жатады екен? – деп, есікті ашып сығалап қараса, қараңғы үйдің өзге жерінің бәрі қараңғы, жатқан қазақтың үсті шам жаққанда қандай жарық болса, онан да жарық және өзі ашылып, шашылып қаннен-қаперсіз бейғам жатады екен. «Бері кел», – деп, қол бұлғап шақыратұғын қолы жоқ болса да, «Мені көрдің бе?» – деп, қаққан қазықтай қақиып тұрған батырды көрген соң, аяғын кейін салуға шамасы келмей, жүгіріп келіп: «Бейәдеп қазақ!» – деп, шап беріп ұстап, отыра қалды дейді. Жан жерін біреу бөріктей бүріп, шеңгелдеп жатқан соң:

– Бүрген олай емес, бұлай! – деп, бауырының астына басып алып, жұмарлай бастағанда:

– Есебі рақым, казак, есебі рақым, казак! – деп, бір жаққа кетін қалар дегендей, екі қолымен аш белден қысып алып, шамасы келгенше босатпасқа тырыса бастады дейді.

Бұл жұмыс болған соң, көп кешікпей-ақ сол қызды алып, Арқаға қарай жөнеліп берді дейді. Сары сонда кез болып, жолдастасып, үшеуден-үшеу жапан түзде оттас-ораздас болған. Елге алып келген соң: «Енді мал керек»-деп, Төлебай жапа-жалғыз Орал тауындағы Естекке аттанбақшы болды дейді. Сонда сарт қызы:

– Сіз кешіксеңіз, мен қандақшын қыламын? – деп, қайта-қайта айта берді дейді.

– Мені бір жыл күт. Егер бір жылда келе алмасам, Қосқұлаққа тие бер, – деп, солай дығаса [десе] жібермейтін болған соң:

– Қой, хош-есен бол! – деп, жөнеле берді дейді.

Төлебай сол кеткеннен кете берді дейді. Бір жылда қайтпаған соң, сарт қызы Қосқұлаққа тиіп кетті дейді. Сол жорығында үш жыл жүрген екен. Сонда айтқан екен:

О, көк көгершін, көгершін,

Көк кептер ұшар жем үшін.

Қара сабам жоғы үшін,

Қатын-бала қамы үшін,

Тең-құрбымнан кем үшін

Ерлер жортар мал үшін! – деген екен.

– Елде менімен теңмін деген көп еді, сөйткенімен менен басқа теңнен өткені жоқ еді, – деген екен.

Үш жылдан соң жапа-жалғыз өзі үш жүз жылқы айдап, жолшыбай биесін байлап, қара сүйретпені қымызға толтырып, ырғап-жырғап келе жатқанын естіп, ағайын-аймағы жүректері лүпілдесіп, қуанысып тұрды дейді. Қосқұлаққа тиген соң, бір ұл тауып, талпынып, шоқақтап, еңбектеуге тырмысып қалған баланы:

– Мұны ұялмай не деп көрсетеміз және не бетімізді айтамыз? – деп, қатын-қалаш бетін үзіп алып, бір-біріне күңкілдесе бастады дейді.

Сонда сарт қызы:

Сізлер өз амандасуыңызды түзеңдер, мен не деп амандасуды кісіден сұрамаймын. Менімен, баламен ісіңіз болмасын! – дейді.

Төлебай келіп аттан түсіп жатқанда, сарт қызы баланы көтеріп алып шықты:

– Үш жыл жоқ болып келгендегі сіздің олжаңыз қандағы? Үйде отырған менің олжам қандағы? Көрініз мына менің олжамды! – дегенде.

– Жарайды, жарайды, бұ да осы жолдың олжасы ғой, – деп, атын «Жолан» қойған екен.

Сонан соң қатынын өзі қайта алып, Едіге, Еламан туған екен. Онан соң Ырыс тоқалды алып, онан Елкелді, Малкелді туған екен. Бұл балалар туған соң, енді Төлебай түгелденді. «Қандай Төлебай?» – десең, сондай Төлебай болды. Бұхарай – Шәріптей шаһарда әмірінің әркінде: «Пәлі, Төлебайдың қайсысы халал?» Осы күнге шейін ілулі тұр. Ғабдолла хан салдырған шаһи патсайы дүрие сатылатұғын тамда тартқан жағының оғы шеге болып қадалып тұр. Басқалар оғын кіргізе алмағанда, бұл кісінің оғы кіріп кеткен. Ешкім қайта суырып ала алмаған.

Өзі үлкен зор қасиетті кісі болыпты, ғұмырында – кісі қарамаған, сыйла қылмаған. Бар қасиеті бойында түгел кеткен бір жан – осы кісі. Өзі өлерінде айтыпты:

– Қырық төрт «кәмикуәрім» бар еді, соның қырық Елкелдіде қалды, – депті. – Біреуі – Сары – Тастенде қалды – депті. Үшеуі – Тұрсынбайда қалды, – депті. – Ана қырық бірі де – бір бас, Тұрсынбайда қалған үшеуі де – бір бас! – депті. Және айтыпты:

– Менің тұқымымның малы-басы дәуірлеп өсіп, аса ілгері озық болып, жұрт алдына түспейді, – депті. – Неге десең, менің тұқымым шешесі – сарт қызы ғой! Сарт сықылды күншіл, бірінің басы, не малы ілгері басайын десе, бірі күндеп, атып жыққанша асығады. Сол үшін бірінің көзі, бірінің тілі сап ете түседі де, ілгері бастырмайды, – депті.

Ай, жігітлер, әулиенің сөзінде жалған бар ма? Бұл Төлебайдың баласында болмаған бар ма? Болғанында солмаған бар ма? Толарына келгенде, аспанға ұшады, соларына келгенде, мұрттай ұшады. Үш жүздің баласы қазақты араладым. Күншілдікке келгенде, бұл Төлебайдың баласындай ешқайда ешбір жанды көргенім жоқ.

Өз Тәйтеке, би Тәйтеке, құт Тәйтеке, дайыр Тәйтеке, – бір өзіне жеті ат қойылған Тәйтеке би айтқан ғой:

– Төлебайға қонған бақ – күншіл бақ: біріне бақ қонса, бірі күндеп, кетіргенше асығады. Бір тұқымда бақ тұрақтап тұра алмайды, – деп.

Бақ деген – көшпелі қыз: алған күйеуге де кетеді, қыздан туған жиенге де кетеді. Кеше Жанқозы екіге бөлініп, Серізбай мен Хасен-

нен бақ тайып жүрген күнде Ерейменде Шоқыбайдың қызын алған Кәрібайға кетіп, Далбада және Шоқыбайдың қызын алған Есентайға да кетін жүрді ғой.

Білуші Құдай ғой. «Ел аралаған – сыншы, ағаш аралаған – үйші», – дейді. Бақ паналайтын кісінің түрі (төрі) жоқ дәл осы күнде. Уа, Алла, ғылым мұнан былай не боларын Алла біледі. Өзінде де бұрын бақ орнаған жер еді. Бір қыз барған жерге барып тұр. Ерейменде өзінде он жеті жылқы бар, үш мыңы біткен Азына баласымен жағаласып қалмай жүр. Соған қандай барып жүрген бақ деп білесің?

Қазақ шежіресі

(алтыншы нұсқа)

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Жанарыс – Қаракожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол] Айдабол бидің бәйбіше қатынының балаларының ең үлкені: Малқозы, Жанқозы; ортаншы қатынының баласы: Аққозы, Бозқозы, Қарақозы. Онан бір қатынынан-Қожакелді жалғыз. Және бір тоқалынан – Қошетер жалғыз, және бір тоқалынан Тайкелтір – баланың ең соңғы кенжесі болып, Айдабол бидің шұбыралан замандасы болды депті. [Жинақтап айтқанда, Айдабол балалары: Малқозы, Жанқозы, Аққозы, Бозқозы, Қарақозы, Қожакелді, Қошетер, Тайкелтір]

Байдалы және Айғаным

(үшінші нұсқа)

Қуандық – Байдалы бидің әңгімесі. Уәлиханның ханымы Айғанымға: «Амандасамын» – деп келіп, сөйлес қылып:

– Ханым: «Түсе берсін» – деп шықпаса, түспеймін! – деп, ат бұрып алғанда, ханым шыға келді. Көріп, түсіріп алып тұрғанда, Байдалы би айтқан сөзі мынау депті [216]:

Ер қартайды, мал тайды,
Екеуледің, Айғаным (Айханым).
Қатын-шайпау, ұл – тентек,
Төртеуледің, Айғаным!

Ат арыды, тон тозды,
Жұрт билеген жақсыдан
Жұртқа қайтқан ит озды,
Алтауладың, Айғаным!

Етік тозды, ұлтан жоқ,
Қадір білер сұлтан жоқ,
Сегіз болдың, Айғаным!
Кәріптік (ғаріблік) қатты, жан тәтті,
Ол он болды, Айғаным! – деді дейді.

Сонда ханым айтыпты:

– Алда балаңыз бар емес пе, ауқатты ініңіз бар емес пе?! – дегенде,

– Уай, ханымжан-ай, баладағы мал – даладағы мал. Інідегі мал-ін түбіндегі мал. Даладағы мал мен ін түбіндегі малға шалдың әлі келе ме? – депті.

Сонан соң Айғаным ханым ханның өзінен қалған «Сырғанақ жорға» – деген аты мен қамқа тонын үстіне жауып, кигізіп, Сырғанақ жорғаны мінгізіп қайырған.

Осы Байдалы бидің тамы Шідертінің бойында, Жаманшатта. Өзі айтқан екен: «Сүйіндіктің індет тиген малына ем болуға жараймын!» – деген екен дейді.

Өрнайман көк етікті Тілеубердіге барып келе жатып, ауырып өлген екен. Жолдастарына:

– Мені елге сүйреп алып барма, – деп, – Сүйегімді ауыр қылмандар! – деген екен депті.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Олжакелді (Қаржас) – Бегім – Сатылған]... Сатылғанның ең үлкені – Тілеуімбет. Бұл Тілеуімбеттен: Қожамқұл, Қошқарбай. Біреуінен – Тастен, біреуінен-Дулат (Дәулет). Жұрт бұларды «Қарақалпақ» – деседі. Тастен, Дулат, Қарақалпақ – үшеуі бір кісінің аты.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Самырза – Тайғана – Жақып] Жақып баласы – Малбағар, мұның баласы – Арын, мұның баласы – Шәрін. «Күлік-Ақай» боламыз дейді...

Ноғай, қазақ шежіресі

(екінші нұсқа)

Ноғай, қазақ шежіресінен жазылған бір сөз. Қазақ жұрты – ескіден бір сөз сөйленсе: «Бұрынғы ноғай-қазақ – қазағын» – десіп келеді [217]. «Бұл қазақ демектің мағынасы не?» – деп, қариялардан сұрасақ: «Ноғай-қазақ әуелінде бір тұқымдас болған», – дейді. Ноғайлы мырзаның тоқсан екі баласы «Тоқсан екі баулы ел» атанған. Сол қазақпен тұқымы бірге болған ноғайлар: «Қызлар ноғайы, Құндырау ноғайы, Астархан ноғайы, Қара ноғай, Қырым ноғайы, Орал тауындағы Естек, Башқыр – қадимнан келе жатқан ноғайлар – осылар», – дейді. Онан соң: «Мынау Қазандық», «Көшер ауылы», «Мешер ауылы», Армықша, Шуаш, Шерміш, – бұлар-татар. «Татар қолына дәнеме түспесе, атасы да болса, сатар» – деген сөзден қашып: «Біз де ноғаймыз» – деседі. Олар[дың] «Біз де ноғаймыз» – демегі: «Зікір Алла лұқдығафи сажита ғышбытырық емеш-кіле», – дейді. Және татар болса, даукес, қажетшіл, іздегені – жанжал болатындығына бір нақлия сөйлейді.

Ан хазіретіміз Мұхаммед-Мұстафа ғалияссалам өз тірлігінде жеті құран жаздырған екен: «Жеті ықылымға үлестіремін!» – деп. Сонда ең әуелі бірін – Арабка (ғарабқа) беріпті. Ол қолына алып, көзіне сүртіпті. Бірін – Ғажамға берген екен. Ол қолына алсымен көзіне сүртіпті, төбесіне қойыпты. Бірін – өзбекке берген екен, қолына тисімен, қойнына тығып жіберіпті. Бірін-татарға берген екен, аларын да білмей, алмасын да білмей:

– Айналып келіп, жүрерде алып кетейін, – деп, мешітке қайта келсе, Құран жоқ. Терезенің тұсынан бір сиыр өтіп бара жатқанын көріп:

– Менің сыбағам тиген Құранымды жеп қойды, – деп, сол сиырдың иесімен жатып дауласып, төбеге шығып, төреге барысып, сиырды сойып, ішінен қараспақшы болыпты. Сиырды сойып, ішін жарып, шек-қарнын ақтарып отырғанда, сиырдың бір тоғайрақ қарынын көре салып:

– Әне, әне, сиясы өшіп қалыпты, қағаздары қалыбында тұр, – деп, дауласыпты.

– Ол қағаз емес, Құдайдың жаратқан өзінің дүниесі, – десе де, ызаланып болмапты.

Сонан соң қасында отырған сахабалары ан хазіретімізден сұрапты:

– Араб алды, көзіне сүртті. Ғажам алды, төбесіне көтерді. Өзбек алды, қойнына тықты. Мына біреу айрылып қалып, мұнша дау болды. Мұның мәнісі қалай? – деп.

Ан хазіретіміз салиалла ғалайссалам айтыпты:

– Араб: «Өзімнің көзім» – депті. Менен соң дін өзгерін, нұсқа ғалатқа айналса, Арабтың жатқа алған хафизлары түзетеді, – депті. – Көзіне сүрткені-сол, – депті. Ғажам Құранды төбесіне көтерді, мұнан ғалым көп шығады. Ғылымды басына көтеруші бұлар болады, – депті. – Ғалымның оң зүбде ұғымдасы хазірет имам ғызым рақым Алла Ғалия Ғажамнан шықты. Өзбек алып қойнына тықты. Бұл Құранның қара затын оқи – білмесе де, қасиеті жүрегінде қалады. Өзбектен әулие көп шығады, – депті. – Онан соң осы күнде айрылып қалып, мұнша жанжал шығарғаны – өмірі талас, тартыс, даумен өтеді, – деген екен.

Татарлардың арасында: «Шуаш, Шерміш, Әрмүкша, пәлен – түген» – деген: ру-ру, ата-атасының тұқымы бар. Олар бүгінге шейін: «Құран сиырдың ішінде қалған, молдалар өз ойымен жасап алып, жоқты сөйлей[ді] – деп, қанша айтылған уағыз, насихатқа түсінбей, миына кірмей, бірінен-бірі сыбырласып сұрайды:

– Хазірет не айтты, не іс[теді]? – деп.

Қазан жұртында бір молда шәкірттеріне «Мұхтасар», «Алуқаядан» кітап «Әлбихтан» дәріс беріп отыр екен, раббы фәсілі екен – айтып отырған дәрісі.

Сонда махалласының бір байшыкеш саудагері молдада бір жұмысы болып, дәріс үстінде келіп қалған соң, балалар сабақ алып шыққан соң, болсын деп, молда ол байғұсты тоқтатып отырып қалыпты. Балалар да дәрісін бітірін шығыпты, бай да жұмысын реттеп, үйіне қайтыпты. Молдадан көп сөз ұғып келген кісі болып, масайрап сөйлепті:

– Бүгін хазіреттің мәжілісінде болып, балаларының сабақ алғанын тыңдап, хазірет Һәм бек матур айта, балалар Һәм бек иа шабыт тың[да]ды. Бұрынғы молдалар не оқыған, білген? Олар – ағаш басында жүргендер. Хазірет бүгін: «Раббы харам» – дейді. Мына мен құлағымнан естідім. Кеш артынан түгелдеп өзі балық жалдап, егер балық жуып алып, сатушы екен. Мұның өзі Һәм арам (иарамы) екен, ақшасы Һәм арам екен! – деп, балықтарын далаға апарып, төктіріп тастапты. «Хазіреттің қасында отырып, бір мәселе естіп шығамын!» – деп, тапқан олжасы.

Татар халқының сөзге түсімсіздігі, жаббалы өздеріпе әдет (ғадет) болып алған жұмысы.

Араб тілінде ақшаны өсімге берген бұл Ноғай ғытжыр лұқаян кай тіл екенімен жұмысы жоқ, өзі білгені орысша болған соң: «Ибн харам»-дегенді: «Балық харам», – деп отыр» – деп ойлаған.

Бәсентиін шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін – Тоқмайдан] Тоқмайданнан – Қатыс, Қатыстан: Маңдай, Тілмәмбет. Маңдайдан: Айтай (Әйтей), Есенкелді, Андас, Келдес. «Төрт Сары» – деп, осы төртеуін айтса керек [218].

Андасқа бір буаз қатын олжаға түсіпті: «Сарайкент» – деген жеріміз еді, «Сары абыз» – деген еріміз еді» – депті. Сол қатын ұл тауыпты. «Бұл анық иманы толық жерден шыққан бала», – деп, атын Иман қойыпты. Иманнан – Өкей. Өкей үш қатын алған: бәйбішесінен – Есембай, ортаншы қатынынан-Тілеуберді. Есенбайдан: Бағай, Секербай, тоқалдан-Дәулетбай, Ырысқак (Рысак) деген бір атаның ұлы бар. «Кімсің?» – дегенде: «Төртсары – Иманбыз» – деп келеді.

Иман десе, Иман: Тұрсынхан дегендікіне үш күн мейман болдым. Бір ақсақ молда мен екеуі сөзді шын тыңдады.

Токтыбай Матайдан туған емес. Оның туысы былайша: Өмір би заманында «қара қылды қақ жарған» әділ би атанады. Мұның бір қара төбеті болады. Жас қозыны, жас бұзауды, жас құлынды, жас ботаны, жас лакты (ұлақты) көтеріп алып келе береді де, ол өсіп, етек алып кетеді. Өмір би де ол төбетті аса қадірлеп күтеді. Бір күн қонаққа сөйлейді:

– Бұл жарықтық ит емес, ырыс: жеті қазынананың бірі – анық – осы. Жалғыз-ақ екі аяқты, бір басты адам әкелген жоқ. Онан басқаның бәрін ап келді. Алып келгенінің бәрі өсіп-өніп, еріксіз байытты, – дейді.

Соны айтқаннан кейін еркек бала ап келген екен де, баланың атын «Құтымбай» Қойған екен. «Қаржауды көбейтіп, берекелендірген осы Құтымбай» – деседі.

Шотананың Абылайға айтқаны

Орманшы – Ақсары – Шотана батырдың Абылайға айтқан сөзі:

– Бак – бір қу таяқ; ырыс – құт деген оған сүйеніш болатұғын [219]. Көдедей көп сарттың ортасында жүріп, хан болатұғын болсаң, көзің көрмеді ме, қолың тимеді ме? «Дүние бұзылса, Бұхарға сыяды, // Бұхар бұзылса, дүниеге сыймайды» – деген екен. Бұхарға сыймай, Арқаға келіп едің! Қара басың қаңғып жүріп, Сарыарқаға сыймағаның ба? «Ер толқыса, ел сүйейді, // Су толқыса, жар сүйейді»-деген. Ел толқыған су емес пе, хан деген оған сүйеу боларлық жар емес пе?! Лак ойнақтағанына құлаған жар орынға тұрып, іске жарай ма?!

Қазақ шежіресі, ру ұрандары

Кіші жүз: Табын, Тілеу екеуін алыпты. Ұлы жүз: Қаңлы-Шанышқылы елуін алыпты. Тама жалғыз да-ақ қалыпты. Үш жүз балаға ат шабыстырып: – Таманы қай атымыз озғанымыз алайық! – деп, уағда қылысып, ат шапқанда, Кіші жүздің құла қасқа аты озып, Таманы Кіші жүз алыпты.

Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ-Орта жүз дүр. Таракты – қыздан туған жиен, Орта жүздің 7 арыс болған жері – осы. Абақ, Тарак, Жалбыр, Қалжыр, Шапырашты, Дулат, Қаңлы,

Шанышқылы, Сіргелі, Ошақты, Опан, Мұран, Үлкенсейіт, Кішісейіт, Зиғақ (Биғақ), Ерок (Айрок), Қаракойлы, Аққойлы, Төлек, Елқон, Жапаш, Адай, Періште, Нәзір, Жолан. Жағалбайлы, Кердері, Керейіт, Тама, Уалбан, Тілеу – Кіші жүз дүр.

Арғынның әкесі Қарақожаның атасы-Болатқұмыржа, оның әкесі-Құтан бай, оның әкесі – Науан, оның әкесі-Қуан (Хуан), оның әкесі-Құтбет сопы. Оның әкесі – Өзбек, одан (анден) әрі – Ғақаша, онан (анден)-Аршақұлгүл. Қазақ орнына Алаш, Үйсін орнына-Бақтияр. Берке, ұраны – «Ақшабат», Алшын ұраны – «Алдияр». Арғын ұраны – «Ақжол», Най[м]ан ұраны – «Қаптағай», Қыпшақ ұраны – «Үйбас». Керей ұраны – «Үшбас», Уақ ұраны – «Жабасар». Қарауыл ұраны – «Қаракан», Атығай ұраны – «Бурабай», Бәсентиін ұраны – «Барлыбай», Қанжығалы ұраны – «Толыбай», Сүйіндік ұраны – «Төртуыл», Қаракесек ұраны – «Қарқабат», Төренің ұраны: «Арқар, Абылай».

Бір шежіре сынығы

Сарыбатыр балалары: Байкелді, Өмір, Дәулет. Өмірден – Құтаяқ. Құтаяқтан: Қажырбай, Шәкі, Байқан. Байқан балалары: Айдарбек, Жандарбек, Әшірбек; қыздары: Жұмақатша, Бибекі, Қоқыш, Жаңыл, Ырысты. Құтаяқ әйелі Төрежаннан: Біләл, Досжан, Торқаш, Рахымберді. Біләл қызы-Шайда, Біләл әйелі – Нақыш Әжібайқызы. (Жаңыл Далбайқызы). (Тілеуқабыл, Жанқабыл балалары). (Байтас, Жантас балалары). (Тоқтар әйелі кімдікі).

Қаракесек шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Болатқожа (Қаракесек) – Акша-Бошан – Машай – Бораншы – Тілеуберді – Керней – Дау – Түйте – Жарылған – Қырбас]. Қарсұн-Керней: Жарылғап балалары: Қырбас, Жәнібек, Сәдібек, Баубек. Қырбастың бәйбішесі Қанжығалы-Бөгенбай батырдың кенже қызы – Борсылдақ. Бұл Борсылдақтан Байсейіт жалғыз туады. Байсейіттің бәйбішесі Зылиха Шандекен қызы. Бұл келіншек қатын күнінде Жомарт балалары – Байтек, Тайтектің Байтегімен ойнас екен. Қыстыгүні Қырбас ақсақал жалғыз баласы «Байсейіт үйде жоқ, бір жакқа кетіпті», – дегенді естіп:

«Еркегі жоқтықтан, келін-кепшек, кішкене балалар қорқар! – деп, – шетірек жалғыз үй қыстап еді, сонда барып жатайын», – десе, – келіні шыла (жыла) қулықпен есебін тауып, тамаққа сыйлап алдап-арбап, қондырмай жіберіпті. Себебі Байтекті оңаша күту үшін. Күн боран болып, ауылымен екі арада адасып, Қырбас қаңғып жүріп далада үсініп өліп қалыпты.

Қырбастың інісі – Жәнібек, онан туған жеті Сейіттің біреуі – Ақсейіт. Бұл Ақсейіттен-Құлжанбек. Бұл Құлжанбек болыс күнінде Қарқаралыға қараған жиырмадан аса болыстың дөкейі, жуаны, ешкімге сөз бермейтұғын болып жүрген күнде Саржан баласы Жаманкөт те болыс екен. Қарқаралыда тамам болыстың съезі болып, бас қосылып отырған көп болыстың үстіне Жаманкөт шешінбей, қырдан, даладан келген бойымен кіріп барғанда, Құлжанбек:

– Осынша оранып-шымқанып, жалғыз сені үсік алып бара ма? – дегенде:

– Ойбой, Құлжеке, ол не дегенің, Қырекем бізді күтінгендей қылып кетті ғой! – дегенде, Құлжанбек төмен қарап, жер шұқыпты да, отырған болыстар ду күліпті.

«Сөзден сөз туады» – деген осы. Жаманкөт марқұмның бір ауыз сөзінен атам заманда өлген Қырбастың қалай өлгендігін жаздырды.

[Осы мәтін жазылған беттің сол жақ қапталына көлденеңдеп жазылған қанатты сөз]:

«Су көлемін сақтаса да, көрінісін сақтай алмайды. // Су үлкендігін сақтаса да, суретін сақтай алмайды. // Су денесін сақтаса да, бойын, қаралдысын сақтай алмайды».

Байсейіттен – Нұрлан. Нұрланға – Керей: Сағынайдың асының артынан ас берілді. Сол екі астың екеуінде де Батыраштың күрең аты алдында келіп, бас бәйгесін алды. Нұрланнан – Омар, Омардан – Садуақас Ақшатау болысы болып жүріп, 37-сінде өлді. Бет біткеннің сұлуы, адамның толығы еді.

Зылиханың ойнас байы Байтек – Жомарт баласы. Жомарт – Сүйіндік баласы. Сүйіндік – Шаң баласы. Шаң бұл күнде 3 старшын ел. Жарылғап-Түйте баласы. Түйте – Дау баласы. Дау 8 старшын ел.

Кернейден туады: Дау, Шаң, Балапан, Самырза. Балапан бір старшын ел. Самырза бар болса, он үй.

Бұл Зылиха катыннан туған Торғай деген қызды Итемген би Әбжан деген баласына алып берген. Бұл Торғай да Әбжан сияқты байын тастап, Жәңке сияқты жалғыз баласын тастап, Қаратаулық бір қожамен қашып кетіп, Түркістанда қаптың аузын тігіп, қаңғып жүрген жерінен Шоң бидің тоқалының баласы Қорабай алып келіп, байы Әбжан маңына жолатпай, жалғыз баласы Жәңкенің қолында өлді.

Итемген балалары: Жұман, Әлжан, Абайділда. Жұман балалары: Тайлықеш, Қоңқашбай, Көшебай. Бейсен деген – Итемген бидің құлы. «Мен Бейсенге бата берсем, Бейсен бата береді» – деген Итемген би.

Арғын бабамыз тоғыз жүз алпыс тоғызыншы (969) ныжыретте махтыбыры Бұхар ханы Ғабдолланың мыхтымыд ғалия би болған. Қой жылы осы сөз Үргеніште жиырма үш жыл хан болып тұрған Арабхан баласы Әбілғазы (Абу – алғазы) хан шежіресінен алынған сөз болса керек.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Болаткожа (Қаракесек) – Акша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Күшік – [белгісіз] – Құлболды – Мырзабек – Досан – Мәмбетәлі – Жетібай – Балтабай]. Балтабай, Балғабай – Жетібай балалары. Жетібай-Мәмбетәлі баласы. Борыш (Бұршы), Мәмбетәлі – Досан баласы. Ескене, Досан-Мырзабек баласы. Мырзабек, Қараша – Құлболды баласы.

Бұл қағазда жазылған аттар: «Қаракесек – Алдияр – Күшіктің Күшігіміз» – дейді. Нүрекен ауылының қасында Жаңабатыр ұрпағы. Әмір, Шөкенмен ауылдас-Алдияр-Күшіктің Күшігі.

Қазақ шежіресі басы

Хазірет Әнес ризаллығына тарайтын – Сейіл. Бұл кісіден туған бала аты – Жабал, мұның ұғлы – Мағаз. Мұнан – Шұһабыл, мұның ұғлы: Ақшолпан илан Қораш. Мұның ұғлы – Аламан. Мұның ұғлы – Алаш. Бұдан үш ұл: Сейілхан, Жайылхан, Елхан. Сейілханнан сегіз арыс Түрікмен; Елхан[хан]-Түрік жұрты, Қондыгер. Жайылханнан –

Майқы би. «Түгел сөздің түбі бір, // Түп атасы – Майқы би», – деп, нақыл болған – осы кісі. Майқы биден туған бала: Өзбек илан Сыбан. Сыбаннан туған-Айырқалпақ, мұнан туған: Қазақ илан Созақ. Созақтан туған бала – Қарақалпақ. Қазақтан туған бала: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Ақарыстан – Ұлы жүз, Жанарыстан – Орта жүз туыпты.

Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Ақсаккелімбет, Науан, Шуан деген аталар бар. Қайсысы мықтым, қайсысы соң екенін көп шежірелерден қарап таба алмадық. Мұнан кейінгі ата – Ақжол, мұның баласы – Қарақожа, мұның баласы – Арғын. [Арғынның] бәйбішесінің аты – Аргүл, мұнан: Құтан, Бұтан. Бұтан жасында өліп қалыпты. Мұнан нәсіл тап-таза бопты. Құтаннан-Мейрам сопы жалғыз. Қарашаш деген бір қарындасы болыпты. Мейрам сопының бәйбіше қатынынан: Қуандық, Сүйіндік, тоқалынан: Бегендік, Шегендік. Бәйбішесімен бірге үйінен келген күнді Мейрам өзі аяқ салып алған, онан Болатқожа туған. «Бес Мейрам» атанған осылар болды. Арғынның тоқалының аты – Момын. Мұнан: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арыксопы, Нәдірсопы. Ақсопының баласы – «Толыбай» ұранды Қанжығалы менен «Маябоз» ұранды Тобықты. Қарасопының баласы «Қарахан» ұранды Қарауыл менен «Барлыбай» ұранды Бәсентіін. Сарысопының баласы «Ұшыбай» ұранды Атығай. Он екі атаның ұғлы – Дәуіт. Арғын бабамыздың жүз алты (106) жасқа келгенде алған тоқалынан туған Тәнбіс сопы – Орынборға қараған «Тоқал Арғын». Бұларды: «Шаржетім Шақшақ» – дейді, тоқалының аты – Игінұр және «Төрт жалғыз» атанған баласы бар: Ақташы, Айташы, Тағышы, Бұғышы, – дейді.

Асылы Арғын он екі [12] атаның ұғлына тарайды. Жұрт білетіні: «Алты атаның ұғлы Арғын» – десіп сөйленеді. Сол үшін: «Арғын болдың, әркім болдың» – деген. Мейрам сопыдан туған – Сүйіндік. Мұнан туған бала: Шуманак, Мәжік. Шуманактан туған бала – Құлболды-дағы, Мәжіктен: Малай, Жәдігер. Құлболдыдан туған бала: Айдабол, Күлік. Айдаболдан туған бала: Малқозы, Жанқозы, Қаракозы, Аққозы; тоқалдан: Тайкелтір, Қошетер; кожа қатынынан – Қожакелді.

Жанқозыдан туған: Едіге, Еламан; тоқалдан: Малкелді, Елкелді. Еламаннан: Тұрсынбай, Шонты. Тұрсынбай[дан]: Бәзіл (Фазыл), Боштай; Құдияр – ортаншы қатынның. «Сүйіндіктен: Оразкелді және Суғыншы; Оразкелдіден: Шуманак, Мәжік» – дейді. Қайсысы дұрыс, сұрап білерсің. [Түйіп айтқанда, Сүйіндікке дейінгілері былай беріл-

ген: Әнес-Сейіл-Жабал – Мағаз – Шұһайыл – Қораш – Аламан – Алаш – Жайылхан – Майқы – Сыбан – Айырқалпақ – Қазақ – Жанарыс – Ақжол – Қарақожа – Арғын – Құтан-Мейрам-Сүйіндік].

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Қаржас (Ол-жакедді) – Құлыке – Телі – Анай – Құл]. Қаржас – Құл[дың] төрт баласы: Құдайберген, Тәңірберген, Тілеке, Тілеміс. Бұрынғы қыстауы-Қызылтауда, Есеннің Қарақуысы болған. Алабас айғырдың үйірі жетиіс-сексен болған. Тілеке батыр атанған. Алабас айғырдың үйірі жоғалып кетіп, Алабастан табылған. Сонда жылқысын тауып алып, намаз оқып тұрғанда, айғыр тұрмай, тыпыршып, шиыршық атып оралғанда, қыл шылбыр мұрнынан, үстінен шорт киғанда, мұрнын кесіп тастап, мақта жапсырып жүре берген. Есен тентекті шалбарға буып домалататұғын – осы Тілеке.

Қазақ шежіресі

(жетінші нұсқа)

Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?

(төртінші нұсқа)

Қырық сан Қырым, отыз сан Рум, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, он сан Ноғай бұлгенде, Орманбет би өлгенде, Ноғайлының елі бір алаша тайдан бүлінінті [220]. «Ала тайдай бүлдірді» – деген сөз сонан қалыпты. Сол замандарда Құндыкер (Қондекер), Құбаш (Қобан), Қотан (Құтан), Қоғам дегендер болыпты. «Түгел сөздің түбі бір, // Түп атасы – Майқы би» – деген болыпты. «Тоғыз ханды қолынан таққа отырғызған кісі» – дейді.

Қырық ханның бірі болған «Қызыларыстан» – деген хан сол уақыттарда Бұхарада тұрып, уақытында Бұхараны түгел билеп: «Осы күнгі бір өзінде он бес азаншы азан айтатұғын мұнараны сол

Қызыларыстан хан жасатқан екен!» – деседі. Бәйбішесінен бала болмай, Қызылаяк деген бір елді шауып, ат көтіне салып келген бір қызға хан аяқ салып, онан бір бала туып, сауысқанның аласындай ала туып, – «аяқ салыпты» – деп, неке қидырмай алғанын айтады – бәйбіше өзінен тумай, тоқалдан туғандығын іштарлық қылып, күндеп:

– Бұл балаңды «балам» – деп, сақтама, көзін жоғалт, қарашығын батыр! Мынау өскенде, жұртыңды ала қылып, «ала тайдай» бүлдіреді! – деген соң, хан қырық жігітке бұйырыпты:

– Мына баланы да, тапқан шешесін де Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріңдер, өлсе, өлсін; өлмесе, өз бетімен қаңғып, күнін көрсін! – деп, жер аударыпты.

– Зыңар қайтып, бұл жұртты мына қатын мен бала да көрмесін, сендер де көрмендер! – депті.

Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау, Қаратаудың алыбына келіп, жан сақтап, күнелтіпті. Бала өз асын өзі алып ішерлік болған соң, ешкіммен ісі жоқ болып, бетімен қаңғып кетіпті... Дәл он екі жасында Майқы бидің баласы Үйсінге оқтай кез болып, бір ауыз тіл қатпапты. Бала қала беріпті, Үйсін үйіне барған соң, Майқы биге айтыпты:

– Бүгін далада ағаштың көлеңкесінде отырған баланы көрдім. «Ай дейін десем, аузы бар, // Күн дейін десем, көзі бар», көрген кісі «бір қасық сумен, қызығып, жұтып жібергендей» – құсбегі пішіп тіккен томағадай құнысып тұрған бір бала. Өзінде Әзірейілдің анық бір түгі бар, маңайына жан батып бара алмаса керек. Жалғыз-ақ айыбы – тілі жоқ екен! – деді.

Майқы би өзі ақсақ: өмірі арбамен жүреді екен. Арбасын көлікке салдырмайды екен, жаяу кісіге тартқызады екен:

– Сенің мына айтуыңа қарағанда, бая[ғы] «Сағымнан пайда болған Шыңғыстың шын ұлын да көріп едім. Мынау сонан соңғы жалғанға жалғыз қара болып келген жан екен! Мені арбаға мінгізіп, барыңдар, көрейін! – деп барыпты. Бала Майқы биді көрген соң, ұшып түрегеліп:

– Ассалаумағалейкум, «Хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы!» – деп, сәлем беріпті.

Майқы би:

– Әлейкумассалам, әмсе аман бол! Болайын деп тұрған ұл екенсің! Қолына алып, қайырып салушың жоғынан тұр екенсің! Кел, балам, қасыма мін! – деп, арбасына мінгізіп, үйіне алып келіп:

Төрткіл ошақ қаздырып,
Төбел бие сойдырды,
Төменгі елді шақырды.
Жорға бие сойдырды,
Жоғарғы елді шақырды.
Ала бие сойдырды,
Аймақ елді шақырды.

«Ердің ері, егеудің сынығы!» – деп, баласы Үйсінді бас қылып, жүз жігіт қосып берді:

– Қаратаудан арман (эрмен) қарай асыңдар! Ұлытау, Кішітау деген таулар бар, Қаракенгір, Сарыкенгір, Жүздікенгір, Айдаһарлы, Құдайберді деген жерлер бар. [Сол] жерлерге барып, ірге теуіп, салық салыңдар! Ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қарашы боласыңдар. «Хан әділ болса, қарашысы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді!» – деген – деп, батасын беріп, жүргізіп жіберді.

Бұл жорықшылар Алатаудан асып, Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Майқы бидің айтқан жерлеріне келіп, ұйқы бөліп, бұзып, жылқы алды. Күймені бұзып, қызды алды. Көш елді көш – жөнекей шапты, еру елді отырған жерінде шапты... Өз алдына мал малданып, жан жанданып, үйлі-баранды бола бастады. Сатусыз дүние алған соң, қалыңсыз қатын алған соң, ел болмасына немене, жұрт болмасына немене?! Бұлардың мұндай [болғанын] баяғы Қызыларыстан хан естіпті. Қотан, Қоғам, Құндыкер, Құбаш, Майқы билерге кісі салыпты, елші жіберіпті:

– Менің баламды жігіт-желең беріп, желіктіріп жібергені не қылғаны?! Баламды өзіме қайырсын! –деп, – Алып келіп берсін, менен қалағанын алсын! – [деп].

Сонан соң бұлар Қотанұлы Болатты жіберді:

– Сендер барып, шақырып кел! – депті.

Бұлар келген, бұрынғы келгендер:

–«Қайт!» – деген сөзді бізге айтпа, өздерің де қайтпа! Аты бестісінде қартаятын, жігіті жиырма бесінде қартаятын; тауықтан басқа құсы жоқ, көк шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ; еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын; тымақты тақияға айырбастап, пышақты қасыққа айырбастап; тәлімі бидайдың нанын жегенге, ожаумен көженің суын ішкенге құтыратұғын, титтей бөдененің біте санын жегенге күпті болатұғын,

сарттың жаз болса, тұзын; қыс болса, отыны мен көмірін тасығаннан басқа көретұғын қызығы жоқ жерде не ақыларың қалды?! – деген соң:

– Рас-ау, рас!

– Рас-ау, рас! – деп, шақыра келгендердің өзі де қайтуды керек қылмады дейді.

Қызыларыстан хан қайта-қайта кісі жібере берген соң, Қоғамұлы Алшынды қосып, жүз жігітке бас қылып, тағы жіберді, он үш ақсақал қосты. «Есеп санын үш жүз он үшке жетсе, дүние жүзі жиылса, бетіне шыдамайды – деген», – деп. «Үндемесе де, Бабыр еңбегі, үйден шықпаса да, Бабыр еңбегі», – дегендей, белгілі ақсақал шал жатып жұмысты бітіріп, жайлап жатқандай аңыз да бар. «Түгел сөздің түбі бір, // Түп атасы Майқы би» – аталған кісі осы болса керек. Бұлар:

– Енді ел болғанымызды, жұрт болғанымызды жұрт көзіне түсірелік! – деп, баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан сайлады. Оған: «Алаша хан» – деп ат қойды.

Бастапқы бір келген жүз жігіт: оның бастығы-Үйсін «Ұлы жүз-Үйсін [ді] атап:

– Түп қазығы – салықшысы: Жауға шапқанда, бұлар шаппасын, тас-түйін болып тұрсын! – депті.

Ортаншы келген жүз жігіт, оның басшысы – Болатқожа.

– Бұл Орта жүз тосқауылшы, орта буында жүрсін, ханның бақташысы болсын! – деп, «Орта жүз – Ақжол» – атады.

Соңғы келген жүз, оның бастығы – Алшын.

– Беті қайтпайтын, жаужүрек, жан [қадірін] білмейтін бұлар кезеуілші болып, қарсы алдында жүріп, жауға шабатын болсын! – деп, «Кіші жүз-Алшын» – ат қойды.

Қазақтың «Үш жүз» аталған жері – осы. Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» – деген аталарының да аты болған, «Алаш» – деген де аталарының аты болған. «Жүз» – деген атты руға, «Алаш» – деген атын ұранға қойып: «Жауға шапқанда: «Алаш, Алаш!» – деп, шабындар! «Алаш» демегенді, әкең де болса, ұрып жыға бер!» – деп, бата қылысыпты.

«Кеше Алаш – Алаш болғанда, // Алаша хан болғанда, // Үйіміз-ағаш, ұранымыз Алаш болғанда, // Үш жүздің баласы – қазақ емес пе ек?!» – деп айтылған сөз сонан қалған.

Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жұрт болып, көзге көрініп, ауызға ілінген емес, өз алдына отау тіккен емес. Әр жұртқа қоңсы, бұратара болып жүрген ел. Енді бұл үш жүз басын қосып, ел болып, жұрт болып, кейінгі шақырып жатқан Қызыларыстан Майқы биге баруды қойып, ұмытып, өз алдына хан сайлап, жұрт болды. Ішкені – жылқының сүті, сапырулы сары қымыз, жегені – қазы-қарта, жал-жая: жылқының еті Құдайдың құтты күні; құшқаны – сұлу қыз, келіншек, бұлар да орнығып тұрып алды.

«Қазақтың бетімен жайылған қойдай емін-еркін, өз тізгіні өзіне тиіп; қатын керек болса, ноғайлардың қыздарын еріксіз, сұраусыз алып кете бергендіктен, Ноғай халқы қазақты бұл күнге [шейін] жек көрін кеткені сол», – дейді. Қалмақ ежелден атасының асындай болған, онан олжаға ұл түссе, «құл» – дейді, қыз түссе, «күң» – дейді.

Бет[пақ] шөлінде «Таңбалы Нұра» – деген жер бар. Сонда тасқа басылған таңбалар бар. Үш жүздің баласы – қазақтың таңбаларында талас болса, сол тастан барып қарасады: «Алаша ханның тұсында басылған таңба» – дейді. «Мұнан бұрын «Сағымнан пайда болған» Шыңғыс хан да «Токсан екі баулы Қыпшаққа» таңба үлестірген, ұран қойып берген екен!» – деседі.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

Қаржас: 1. Құлықе. 2. Бегім. 3. Алтынторы, Құлықеден: Әлімбет, Телі, Тілеу, Ойым (Ұйым). Теліден – үлкен қатынынан: Токсан, Талас. Телінің екінші жеңге алған қатынынан – Анай. Жеңге алған қатыны – Бегім өлген соң, алған – Бегімнің қатыны екен деседі.

Тілеуден: Әлдеке. Әлдекеден: Жаулыбай, Сақау. Сақаудан – Шалабай, мұнан-Пісаспан. Ойымнан: Өтен, Баян.

Анайдың бірінші қатынынан – Нияз, екінші қатынынан: Мырзақұл, Құдайқұл. Анайдың үшінші қатынынан: Жәдігер, Жаңқа. Анайдың төртінші қатынынан – Құл. Мырзақұлдан: Ақмырза, Сәті, Баймырза, Жанмырза, Наурыз. Ақмырзадан – Азнабай, Азнабайдан: Тайжан, Сейтен. Сәтіден: Байкісі, Күшік. Күшіктен-Шорман. Байкісіден – Ордабай, онан-Мақан, онан-Омар. Баймырзадан: Айдос, Жандос. Айдостан – Дәстүр молда. Жандостан – Омар, Омардан: Мағауия, Рахымбек. Жанмырзадан: Мықтыбай, Сәтбай. Мықтыбайдан – Қасен,

Қасеннен – Мағауия. Сәтбайдан: Акан, Қадыр (Кәдір). Қадырдан – Садық. Наурыздан – Алпысбай. Алпысбайдан: Жакыпбай, Түсіпбай. Түсіпбайдан – Пәуен, Жақыпбайдан: Пиғая, Фаһым.

[Қаржас – Құлықе – Телі – Анай – Нияз] Нияздан: Құттыбай, Қаттыбай, Бөгенбай (Бөгембай). Бөгенбайдан: үлкен қатынынан – Аманжол. Аманжолдан: Атығай, Әшірбек. Әшірбектен – Жұмабек, онан-Әбдіғапар. Бөгенбайдың кіші қатынынан: Жансары, Байсары, Қойсары. Жансарыдан: Сарбас, Қошан, Төменбай, Жалбыр. Байсарыдан: Байшұқыр, Көшкімбай. Қойсарыдан – Ғаділбек (Қаділбек), Ғаділбектен: Нұрғали, Мерғали.

[Қаржас – Құлықе – Телі – Анай – Мырзақұл] Мырзақұлмен туысқан Құдайқұлдан – Құттық, Құттықтан: Жиенбай (Жиембай), Бәди. Жиенбайдан: Тайшық, Ахмет. Ахметтен – Сағынтай.

[Қаржас – Құлықе – Телі – Анай] Анайдың үшінші қатынынан: Жәдігер, Жаңқа. Жәдігерден: Сасық, Шөтік. Шөтіктен – Сәтбай, Сәтбайдан: Имантай, Жәмін.

[Қаржас-Құлықе-Телі-Анай-Жәдігер-Шөтік-Сәтбай] Сәтбайдың кіші қатынынан – Әмен, Әменнен-Әбікей. Жәміннен: Мағаз, Әпсәләм. Имантайдан-Қаныш. [Қаржас – Құлықе – Телі – Анай – Жаңқа] Жаңқадан – Айбат, Айбаттан – Кәрібай.

[Қаржас – Құлықе-Тілеу] Тілеуден – Әлдеке, Әлдекеден: Жаулыбай, Сақау. Жаулыбайдан: Алтыбасар, Әлкей. Алтыбасардан: Алтай, Құлтай, Құрман.

[Жолмұрат ескертуі]: «[Қаржас]: Бегім, Алтынторы таратылмады. Ақша, Жанысбай, Боранбай қалып қойды. Тоқсан мен Таласты тарата алмады. Өтен, Баян таратылмады. Құттыбай, Тәттібай таратылмады. Әлімбет таратылмады. Құл тұқымы таратылмады. Байболат-Ақша бабасы, – бұлар да таратылмады. Бай Жанысбай, Ақбесік қалып қойды».

Қаржастан – Құлықе, Құлықеден – Телі. Теліден – Анай, Анайдан – Мырзақұл. Мырзақұлдан – Сақи, Күшік; Күшіктен – Шорман, Шорманнан – Мұса, Мұсадан – Біләл, Біләлден – Жаржан, – он бір атаға келді.

Баянаула[да] Қаржас өз алдына бір болыс. «Сатылған» – аталған бұлар таратылады. Жоғарыда «Мықтыбай» – деп атап кеткен Мықтыбайдан туған көп болу керек.

Үш [жүз]дің аталары: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Орта жүзден бергі аталар: [Айдабол шежіресі]: 1. Жанарыс. 2. Қарақожа. 3. Арғын. 4. Құтан. 5. Мейрам. 6. Сүйіндік. 7. Суғыншы. 8. Шуманақ. 9. Құлболды. 10. Айдабол. 11. Жүзқозы, 12. Төлебай. 13. Еламан. 14. Тұрсынбай. 15. Бәзіл. 16. Шегебай. 17. Илияс. 18. Мансұр. 19. Қожақайыр. Күлік шежіресі: 1. Жанарыс. 2. Қарақожа [немесе Ақжол] [Жолмұрат ескертуі: «Қарақожа бабамызды: «Ақжол» – деп те айтады екен бір себептермен»] 3. Арғын. 4. Құтан. 5. Мейрам. 6. Сүйіндік. 7. Суғыншы. 8. Шуманақ. 9. Құлболды. 10. Күлік. 11. Тілеуімбет. 12. [Жолмұрат ескертуі]: «Аты жоқ». 13. Бесім. 14. Ақжігіт. 15. Сермұхаммед (Сермағамбет). 16. Көпей. 17. Мәшһүр Жүсіп. 18. Шарафи. 19. Бап [221].

Қаржас: Алтынторы-Өтебайдың заманында келіп, ел ішіне сіңісті болып кеткен екен. Түбі, тегі – Тама: Есен (Хасен), Қарағай, Шөкей, – деген. Онан – Тоғызбай, онан – Жұмабай, онан-Ахмет – Керегетаста, Жыландының түбінде мекен қылған. Асылдың әкесінің аты – Тоғызбай, шешесінің аты-Назым:Таракты – Сағал-Сапаққызы екен.

Боштай Боштай болып тұрған күнінде сұлулығына қызығып, Асылды 60 жылқы, 10 түйе беріп алған екен. Сонда Асылдың айтатұғын өлеңі мынау Боштайға:

Ауылымның қонғаны – Қарабүрген,
Сол бүргенді паналап түлкі жүрген.
Сен мені алам дейсің, ау, Бошеке,
Қарауылдың Даржаны иттей үрген.
Боштай өлген соң, Асылды Бәзіл алып, Исабек сонан туған.
Олжабай батырдың бір ауыз макалы:
Бұтынан ет кеткен соң, ат желмейді,
Мал үшін жігіт адам қайда өлмейді?! – деген екен.

Қиғарадан – Нақ, бәйбішеден Шаржау жалғыз. Шаржаудың бәйбішесінен Добан (Дубан) жалғыз. Осы Добанды қатыны Балдай үш бала тапқаннан кейін, Шоң бидің тоқалынан туған Қорабай Балдаймен ойнас болып, Өлеңтінің Қарасеңгірінде Бозталда мойнына қыл шылбыр салып буындырып өлтіріп, Қарасуға тастап, сүйегін ошак салып тауып алған. Балдайды Қорабай алғаннан кейін, Садық туады. Добан

өліп, Балдай Қорабайға қатын болғанда, Балдайға ақын Шөженің бір ауыз айтқан өлеңі:

Қызы едің сен Байыстың, атың-Балдай,
Іс қылдың естіген жұрт таң қалғандай.
Жігіттің өзі құрбы сарасы еді,
Дегенге не айтасың: «Добан қандай?»

Төкі – Шонның баласы, Добан-Шаржау баласы. Шөркен-Ақын баласы, – үшеуі де Ерейменде бір көлдің басында өліп, сол көлдің басына қойылғаннан, уақытында «Үш мырзаның көлі» – атанған. Күлік-Өтеміс абыз да сол көлдің басында. Моласының басында қайың шыққан екен. Оразкелдінің бір аты – Қаржас. Қаржастың үш қатыны болған. Үшеуінен үш жалғыз: 1. Алтынторы. 2. Құлыке. 3. Бегім. Құлыкеден: Ойым, Телі. Теліден – Анай. Анайдың қазақ қатынынан – Нияз, сарт қатынынан-Құл, қалмақ қатынынан-Жәдігер, Тәйтеке қызы Аққабактан: Мырзақұл, Құдайқұл. Мырзақұлдан: 1. Ақмырза. 2. Баймырза. 3. Жанмырза. 4. Сатыпалды. 5. Тәти. 6. Наурыз. Ақмырзадан – Азнабай, онан: Тайжан, Сейсен. Тәтидің бәйбішесінің аты Баяу екен, пұшпағы қанамаған кісі. [Тәтиден]: Байкісі, Жанкісі, Әбтеш; тоқалдан: Мамыр, Шымыр, Байқұлақ.

Төлебай, Қосқұлақ – бір қатыннан, бәйбішеден; Лапақ, Сары – бір қатыннан. Құлболдының кара шаңырағы Лапақ баласы Мамытта қалып, бәрінің кенжесі Сарыбайдікін заманындағы қариялар:

– Бабамыздың кара шаңырағы – осы – деуші еді.

Мамыт, Көсте – Лапақ баласы. Бір Есағасы деген болыпты, болымсыз.

Қаракесек шежіресі

[Арғын – Құтан – Мейрам – Болатқожа (Қаракесек) – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар]

Қаракесек ішінде Шаншар деген кісі аты бар. Үш қатын алған кісі дейді: Қызданбике, Айбике, Нұрбике. «Шаншар абыз» – атанған кісі – осы кісі. Қаракесек ішінде Тілеке-Бертістің Бертісі «17 ұлды Бертіс» атанған [222]. Он жеті ұл ат арқасына мініп, соңынан ерген соң, жалғанның жарты (жаты) пәлесі болған. Басына құстың қауырсынын қадап алып, «Қарқаралы хан Бертіс» атанған. Ташкентті барып шапқан,

талаған. Мұны Бұхар ханы естіп, соғысуға келгенде, сонда Бертістің Бұхар ханына айтқан сөзі:

– Он жеті ұлым бар, сен түгіл Құдайдың да өкпесі қабынып, алса да, зорға алар, – депті.

Бұхар ханы:

– Мынау Құдайдан қорықпаған екен. «Құдайдан [қорықпағаннан] қорық» – деп еді, – деп қайтып кетіпті.

Бертіс үйіне келіп түскен соң, он жеті ұлы үш күннің ішінде «ақ тышқактан» сап болыпты. Бертіс дым сызбай жатып алыпты. Ас-су ішпей, Бертіс тарс жатып алыпты. Сол заманда Қаракесек ішінде «Бегімысық» атанған әулие қожа бар екен. Өзі сыйынғанда: «Сақмар әулие!» – деп, сыйынады екен. «Сақмар баба» – деп жүргені – Шаххан Каһордың әкесі Шайхым Ғымыр баба екен. Соның жұрағатынан шыққан қожа екен. Бертістің балаларына бата, көңіл айту үшін Бегімысық кіріп келгенде, жанға басын көтермей жатқан Бертіс басын көтеріп, ұшып түрегеліп, қожаға қол беріп:

– Сенің әулиешілігіңе сенемін деп, жоқ жерде асылық айтып ұрылып қалдым-ау! Сенің әулие еместігіңді білсем, айтпайтын едім, – дегенде, Бегімысық:

– Теректің өзіне түскен өрт еді, бұтағына қағып жібергендігім о да қолдағаным емес пе? – деген. – Тұр, бір тоқал ал, үш ұл туады, біреуінің атын Бектемір қой. Бектік, байлық үрім – бұтағынан тепкілесе (тектілесе), кетпейді. Бірінің атын Қызылқұрт қой, құртша құжынап, битше быжынап мал бітеді. Үрім-бұтағы бай болады, – деген. – Бірінің атын Әуез қой. Байлық мұның ұрпағында болады. Бірақ сылдыр моншақ секекініл: ертеңгі уәдесі түске жетпес болады.

Солардың ұрпағы бұл күнде дәл Бегімысық айтқанындай болды да қойды. Қаракесектің сөз тапқыш, сөйлемпаздары осы Бертіс ұрпағынан шығады. Бектемірден туады: Бейтен, Шейтен, Мүшеке. Мүшекеден – Қазанғап. Қазанғаптан: Тәттімбет, Рысымбет, Жақсымбет. Тәттімбет Мұса, Секербай заманында Қаракесекте үштің біріне қосылған: өзі бай, өзі өнерлі, өзі бет біткеннің сұлуы, өзі шешен, ер көмей, темір жақ; домбыра тартып, ән салғанда, алдына адам түспеген; күні бұл күнге шейін «Тәттімбеттің сылқылдағы» – десіп тартады. [Қаракесек – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар – Бертіс (Бердібек) – Бектемір – Құлатан] Құлатан, Қожатан,

Қантай, Тонтай, – олар да осы Бектемірден шыққан. Байлықта бірінен-бірі өтеді. Соның ішінде Тонтайдың сөйлемпаздықпен аты шыққан.

Қаракесек ішінде айтылып жүрген сөз бар: «Айбикенің аулына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон!» – деген. Және Қаракесек ішінде «Қарашор» – атанған ел бар: «Қараға қонғанша, далаға қон, // Далаға қонба, молаға қон!» – деген.

[Болатқожа (Қаракесек) – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар – Келдібек – Қазыбек – Қазымбет – Қанай (Қайнар) – Бәзіл]. Қайнардан – Бәзіл, Бәзілден: Жылқыбай, Саржан. Саржаннан-Жаманкөт қажы. Жылқыбайдан: Қорабай, Шалабай.

[Болатқожа – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Құбакемпір – Шаншар – Келдібек – Қазыбек – Қазымбет – Жанай] Жанайдан: Соқыр, Бибала. [Шаншар – Келдібек – Қазыбек – Қазымбет – Анай] Анайдан – Жолшара – бұ да қазы болған. [Шаншар-Келдібек-Қазыбек-Бекболат] Бекболаттан – Тіленші би. Тіленшіден: Тоқсанбай, Алшынбай. Алшынбайдың бәйбішесінен-Жүсіп, мұнан туады: Слиябек, Тоғамбек. [Шаншар-Келдібек-Қазыбек – Бекболат – Тіленші – Алшынбай]. Алшынбайдың тоқалынан-Қақабай, бұл бес ағайынды. Айбике – ежелден толық бір болыс: «Қаз дауысты Қазыбек» туған соң, не кемдігі болсын?! Қаракесектің шын аты – Болатқожа, әкесінің аты – Мейрам сопы, шешесінің аты – Қарқабат.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Сары – Нар – Майқара]. Майқарадан: Бекет, Жылқыайдар, Бекайдар, Жылқыбай. Бекеттен: Ахмет, Оспан, Машай, Омар, Асан. Жылқыбайдан: Арын, Қареке, Нұрқа. Арыннан: Әбілда, Ерқали. Бекайдардың үлкен қатынынан: Үкімет, Әділ, Мүлке, Ақай. Ақайдан: Әлі, Әкпар, кіші қатынынан-Бексейіт. [Айдабол – Жанқозы – Сары – Нар – Майқара – Жылқыайдар – Иса]. Исадан: Саудагер, Қырықбес.

[Айдабол – Жанқозы – Сары – Нар – Қосан] Қосаннан: Қыстаубай, Жүзбай, Тілеубай. [Тілеубайдан]: Садуақас, Айнақара, Құлшәріп. [Қыстаубайдан]: Құнанбай, Бұланбай, Нұрекеш, Әбікей. [Жүзбайдан]:

Түнмұрат, Бишік (Піспек), Телқара. [Айдабол – Жанқозы – Сары – Досалы – Қабас – Босқынбай] Босқынбайдың үлкен қатынынан: Шықай, Шағала. [Айдабол – Жанқозы – Сары – Нар – Қосан – Сүйін – Түсіпбек – Асқар] Асқардан – Баязит. Босқынбайдың тоқалынан: Кобен, Қара, Тұтқыш. [Босқынбай – Шықай] Шықайдан: Тәштай, Есім, Байша, Жакен. Босқынбай, Кигізбай, Тәттібай, Тайпан, Шоқан, Қали. [Кигізбайдан]: Сердәлі, Айтбай, Теңіз. Теңізден: Атан, Үлкен. [Тәттібайдан]: Нұрке, Сағындық. [Тайпаннан] – Мақажан.

[Айдабол-Жанқозы – Сары]. Сарының үлкен балалары: Нар, Жосалы. Нардың бәйбіше қатынынан: Ботбай, Шымыр, Жапан. Нардың органшы қатынынан: Майқара, Қосан, Лаба. Лабадан 5 бала: 1. Малдыбай. 2. Тайжан. 3. Томенбай. 4. Шөкі. 5. Қаспақбай. [Нардан]: Лаба Майқара, Қосан.

Жүнісбек диуанадан естіген бұрынғы[ның] мақалдары:

Шариғат шынға тоқтар,

Асыл қынға тоқтар.

Тентек көпке тоқтар,

Жомарт жоққа тоқтар.

[Айдабол-Аққозы] Аққозы[дан]: Байтен Ысқақұлы – Рымжан деген кенже қарындасын алған; Әбіл Аяпбергенұлы, Сәду Бергенұлы бұлармен немере туыс екен. Әбіл қайтыс болып, соның орнына келгеннен кейін естіп, сонан келді...

[Айдабол – Малқозы – Толыбай – Олжабай]. Олжабайдың казак қатынынан: Бектен, онан-Тоғай, онан-Төктібай, онан-Төлепберген. [Олжабайдың] қалмақ қатынынан – Дәулет, онан-Арыстанбай, онан: Жанқұлан, Марғұлан. Арыстанбайдан: Имамбек, Мұсабек, Қара, Дүржан. Тоғаймен туысқан: Көшім, Байжан, Бекжан.

Малқозыдан: Сарыбатыр, Толыбай, Жаманай, Байымбет. Олжабай батырдан туған: Бектен, Дулат, Есенаман, Жалаңтөс, Өтебай. Қазак қатынынан – Бектен, қалмақ қатынынан – Дулат, Есенаман, Жалаңтөс, Өтебай. Жалаңтөстен-Былшық, онан-Жүніс, онан: Әшірбек, Рысбек.

Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Ақбура – Аққошқар] Ақбурадан: Аққошқар, Тілеулі, Жетібай, Кенже, Көкен. Жетібайдан-Есен тентек. Есен тентек балалары: Батырбай, Ербай, Асан, Шөкіл, Қарамырза, Балта, Атабай. Батырбайдан: Балғажан, Қожа, Қошай. Балғабайдан (Балғажаннан)-Мәдібек, онан: Қайып, Законшы, онан-Ахмет, онан-Судыр, Мағзұм. Бұл скеуінің шешесі-Ыстықмұрт – Мұстафақызы. Бұкабай, Өкірбай мен Әбен.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол]. Құлболдының бәйбішесінің аты – Мақпал. [Мақпалдан]: Күлік, Тұлпар, Айдабол. Айдабол он үш жасында би атанып, аты шыққан. «Артың болса, Айдаболдай ұл тап», – деп, Мақпал бәйбіше айтқан екен. Сол Айдаболдың бәйбішесінен: Жанқозы, Малқозы, Кенжеқозы; ортаншы тоқалдан: Аққозы, Бозқозы, Қарақозы; кіші тоқалдан: Қожакелді, Тайкелтір. Айдабол би Қошшетерді Тайкелтірге: «Енші орнына қарабауыр қылып ал!» – деп берген. Қошшетердің шешесі Шанышқылы-Қошшетердің қызы екен. Айдабол би нағашы атасының атын қойған екен. Шанышқылы сартқа бір атасы жуық: Қаңлы Шанышқылы-Қатағаннан қалған ел тегіс ұста болғандығы бұл сөзді растайды.

Кенжеқозы жастай өліп, қайыны Ұлы жүз – Қаратай батыр екен, қалыңдығы оң жақта қалған. Айдабол би: «Тайкелтірге қосамын» – деген соң, Жанқозы онысына көнбей: «Көттесімнің жесірін тоқал[дың] баласына беремін!» – деп, тетелес інісі Малқозының баласы Толыбайға алып беріп: Олжабай, Құлжабай, Орман, Рысқұл (Ырысқұл) – төрт бала туған. Батыр Олжабай – Үйсін: Қаратай батырдың жиені. Шешесін қыс ішінде ұзатып келе жатқанда, босанғаннан: «Осы жолдың олжасы болды ғой!» – деп, атын Олжабай қойғаны сол екен. Қаратай батыр Шанышқылы-Қошшетер деген елден қызына қызметкер қылып бір күн қосады. Ол қыз да жолда босанып: «Бұған ат болуға қостың аты да жетер», – деп, атын «Қосжетер» қойғаннан, «Қошшетер» атанып

«Май жесең, тойғаныңша» – деп еді ғой, – деп надандықтың бейпіл байлығына тартынбай-ақ кіріп кеткенім ғой. Алла өзі фазылына алып, рахматынан иаумит қалдырмасын!

Қарақожа бабамыз жас бала күнінде жалаңаш жүреді екен. Үстіне киім кигізсе, жұлып лақтырып тастай береді екен. Бұл Қарақожаның бала күнінде бір хадиша хикая болыпты. Ол әңгімесін қоя тұрып, кейін айтармыз.

Арғын бабамыздың бәйбішесінің аты – Аргүл. Мұнан: Құтан, Бұтан деген екі ұл туған. Бұтан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқымы қалмаған.

Құтаннан-Мейрам сопы жалғыз. Бұл туралы бұрынғы ақындардан қалған бір ауыз өлең бар:

Сұрасан, арғы атамды ер Құтан-ды,
Сұлтаны бек әзизден ол бата алды.
Мейрам ұлы Қарашаш бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды –

деген сөзіп дәлел қыламыз. Және де Көтеш ақыннан Уақ-Жарқын би сұраған екен:

– Бұл ақындық ата-бабаңызда бар ма? Иә, нағашы тегіңізде бар ма? – деп.

Сонда Көтеш ақын айтқан бір ауыз өлең:

Қазақта Арғын аға болған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Біздердің түп атамыз – ақын Құтан,
Өзгеден өлеңге ұста болса керек.

Осындай сөздерден біздің Құтан деген атамыз бар болғанын білеміз. Бұқарекен айтыпты деген бар:

Барымызды (Бәрімізді) сұрасан,
Құтан байдың баласы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болған тәубесі (тобасы) – деген.

Арғынның тоқалының аты-Момын. Бұл Момыннан туады: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арыксопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан – «Толыбай» ұранды Қанжығалы, «Маябоз» ұранды Тобықты. Қарасопыдан – «Қарақай» ұранды Қарауыл, «Барлыбай» ұранды

Бәсентиін. Сарысопыдан – «Ұшыбай» ұранды Атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт. Арықсопыдан, Нәдірсопыдан үрім-бұтақ, жұрағат жоқ.

Арғын бабамыздың жүз алты [106] жасында алған бір тоқалдапаты – Айнакөз, онан туған баланың атын «Тәнбіс сопы» – қойған. Тәнбіс сопыдан: Үсенбай, Елемес. Елеместен – Ерман, Ерманнан: Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан: Ақай, Жолдыбай, Тағыншы, Аманжол, Сомжүрек. Аманжолдан-Көшей, Көшесіден – Шақшақ батыр. Шақшақұлы Қошқар, Қошқарұлы Жәнібек батыр. «Өр Жәнібек» атанған: мойны бұрылмайтын, беті қайтпайтын жан болыпты. Жәнібектен – Дәуітбай, мұнан туған Мұса батыр. Мұнан кейінгілері: Бірімжан, Қазыбек. Бірімжаннан: Қорғанбай, Дәуренбек. Дәуренбектен – Ғазымбек. Шағыр – Бөлтіріктің Бөлтірігінен: Сырлыбай, Сары. Елемеспен туысқан Үсенбайдан – Қара мерген. Мұнан Байташы. Ауыл тілінде әңгіме болған: «Байташының есепшісі-ай!» – деп, осы Байташыны айтқан. «Ақташы, Бұғышы, Байташы, Тағыншы, Шар жетім Шақшақ» – десе, білмейтін жан жоқ.

Қараман, Төлек, Қырықмылтық – дегендер де бар. – «Тоқал Арғын» – деп бөлінеді. Орынбор жақта алты болыстан асатын шығар. «Тоқал Арғыннан» екі Жәнібек шыққан. Бірі – Шақшақ Жәнібек, бірі – кара балуан Жәнібек.

Арғын-Мейрам тарауы

Мейрам сопының бәйбішесінің аты – Нұрфая екен, Алшын-Құдысбайдың қызы екен. Өзін қыс ішінде ұзатқан екен. Нұрфаяның өз шешесі өліп қалған екен. «Бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін», – деп, Нұрфаяның ағасының әйелі – жеңгесі еріпті. Түйенің басын жетектетуге бір жетім қыз қосыпты. Көш ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел бір жерге отырып с...ен екен. Қараса біреуінің сі...гі тонды қарс айырып жіберген екен. Түнде қойнына жатқанда, Нұрфаядан Мейрам сұраса:

– Ол кім? – деп.

– Ол Қарқабат еді, – депті. – Отыра қалып күрілдеткенде, қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, аттар да үркеді, – депті.

Елге келіп орныққан соң, екі елдің арасы жаугершілік болып, Нұрфаяның жеңгесі еліне қайта алмайтын болыпты. Сонан кейін Нұрфая:

– Ағайдың төсі тиген жеңгемді басқаға кимаймын, – деп, – өзін ал! – деп, Мейрамның өзіне косыпты. – Мына күнді де өзін ал: жатыны асыл, өсіп-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш әйел бір жерде болайық, – деп, оны да алғызыпты.

Нұрфаяның өзінен: Қуандық, Сүйіндік туады. Жеңгесінен: Бегендік, Шегендік туады. Қарқабаттан Болатқожа туады. Бесеуі де өсіп-өніп, «Бес Мейрам» – аталған. Сүйіндіктің қайынатасы Ұлы жүз: Үйсін-Өгіз бидің қызы екен. Бұл қызды да жеңгесі ертіп келіп, еліне қайта алмай қалған екен. Мейрам сопы өлгеннен кейін, Нұрфая бәйбіше болып отырпты. Қара мал еншісі бөлек басқа екен де, жылқы еншісі бөлінбеген екен. Сонда Қуандық жылқы бөліп алуға келгенде:

– Өзім бір сыбаға, алты балам алты сыбаға алады, – деп, – Қарашанырақтағыларың бәрің бір сыбаға боласындар, – деп, дау қылыпты.

Сүйіндік Болатқожаны оңаша шығарып алып:

– Мына Қуандық алты баласын арқа тұтып, маған көптік қылды. Сен маған жақтасып, жасаққа шықсаң, қалай болады? Сен маған болыссаң, мен өлмей, артық мал бергім келмейді, – дейді.

Болатқожа Сүйіндіктің қолындағы жеңгесін сұрайды.

Сүйіндік айтады:

– Өзің қыз аламын демесең, сенен бір таңбалы байталды аяймын ба? Қазір алсаң да, ешкім таласпайды, – [деп], жеңгесін беріп, Болатқожаны өзіне ертіп алып Қуандыққа қарсы жасаққа шығады.

Қуандық келеді, алты баласы қасында, алты ұлдың кенжесі Сүйіндікпен тұстас. Қуандық, Сүйіндік арасы сирек туған. Сонда Болатқожаның істеген жұмысы: жерден алты томар шымды қопарып, жұлып, Қуандықтың алты ұлын алты шыммен ұрып жығып, Қуандықтың өзіне жетіп:

– Айтқан сөзге көніп, түзулікке келесің бе, иа болмаса, балаларыңның қасына қосайын ба? – деген соң, Қуандық:

– Сен бәрімізден кіші болсаң да, сенің ыркыңа көнбеске болмады. Бұрынғылар айтқан сөз бар еді: «Қой асығы деме, қолайыңа жақса, сақа қой, // Жасы кіші деме, ақылы асса, аға қой!» – деген. Енді мен аға емес, сен аға болдың. Жылқыны қалай бөлсең де, билігін саған бердім, – дегенде, Болатқожа айтты:

– Мына жақтан жылқының ортасынан қақ жарып жүремін. Сен аға едің, таңдаған жағын сен ал, қалған жағын Сүйіндік екеуіміз алайық, – деген соң, алты сыбаға артық алмақ былай тұрсын, жанынан қайғы болып, қорқып тұрған Қуандық қорыққаннан:

– Құп болады! – деп көніпті.

Айтқанындай, қаптап жер қайысып жатқан жылқының ортасынан қақ жарып жүріп, бөліп берген.

Осылай бөлген соң, Сүйіндік Болатқожаға өкпеледі дейді:

– Сені мен жеңгенді беріп, өзіме тартқанда, істегенің осы ма? Өзің, екеуіміз бір-ақ сыбаға болып қалдық. Және жылқының көп жағын ол алып кетті, – деп.

Сонда Болатқожа айтыпты:

– Жылқының бытырап жатқан, шашырап жатқан жағын алды. Артық болса, бір-ақ айғырдың үйіріндей артық шығар. Ондық ағалығы жоқ па? Біздің тумаған күнімізде, жас күнімізде ол бізден бұрын еңбек сіңірген шығар, – деп, Сүйіндікті сөзден тоқтатып қойыпты.

Артынан санап тексере келгенде, Болатқожаның айтқанындай, бірлі-жарым айғыр үйірі ғана артық болып шығыпты. Еншіні екі ағасына Болатқожа бөліп берген екен. «Сонан кейін Қуандықтың алты баласын алты шыммен ұрып жыққаннан, кесекпен ұр[у]ды, кесекпен ұрғанды шығарғаннан, «Қаракесек» атанып, «Болатқожа» – атынан «Қаракесек» аты даңқты болып кеткені – сол!» – дейді.

Арғын-Сүйіндік тарауы

Нұрфая бәйбіше [Мейрамның бәйбішесі] Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Олжакелді деген асыранды бала, – төртеуін де өз қолынан үйлендіріп, енші бөліп беріп, сол төртеуін «Төртуыл» – атаған. Бегендігі – Қозған, Шегендігі – Қақсал, Олжакелдісі – Қаржас. Туысы басқа – басқа болса да, «Төртуыл» – дегенде, қосыла кетеді. Бегендік қыршын жастай өліп, қатынынан бір бала туып, атын Оразкелді қойған. Бегендік өлген соң, ол қатынды Сүйіндік алып, Сүйіндіктен бір бала тауып, атын Суғыншы қойған. Оразкелді, Суғыншы, – екеуі де Сүйіндік баласы болып, Оразкелдіге қатын әперіп, енші берген – Сүйіндік. Оразкелдіден екі бала: Тәңірберді, Сәрік. Суғыншыдан екі бала: Шуманақ, Мәжік. Тәңірбердіден үш бала: Ораз, Малқар, Жұлым сопы. Сәріктен екі бала:

Қожамберді, Токтас. Қожамбердіден: Байназар, Есназар, Қозыбақ. Токтас екі қатын алған: бәйбішесінен – Есіл бойындағы Қарақозған. Тоқалының аты-Сарықыз, онан туғандар: «Сарықозған» – атанады. «Қозған» – деген кісі аты жоқ, қозғала берген соң: «Шіркін, коза берді ғой!» – деп, «Қозған» – аталған. «Қақсал» – деген кісі аты жоқ, қақсай бергеннен, «Қақсал»-атанған.

Қуандық, Сүйіндік екеуі енші алысқанда: «Қарабауыр қылып аламыз!» – деп, таласып, асық қаржысып алғаннан, Олжакелді (Оразкелді) «Қаржас» – атанған.

Сүйіндіктен – Суғыншы, онан: Шуманак, Мәжік. [Шуманақтың] (Суғыншының) [223] қатынының аты – Жолбике. Бұл Жолбикеден: Жанболды, Құлболды, Жолболды туады. Жолболдысы – Орманшы. Шуманак өлгенде, Жолболды емшекте қалған бала екен. Жолбикені Қаржас алып, Жолболды шешесінің құшағында кетіп, оған қатын әперіп, енші берген – Қаржас. Артынан өз қолы өз аузына жеткен соң, өз бауырларын тапқан. Құлболды балаларынан зорлық көре бастаса, Қаржаспен ыңғайласа бастайды. – «Жолбике» – легенде.

Шуманақпен бір туысқан Мәжіктен: Малай, Жәдігер. Малайдан: Қатке, Дәулет, Жәнібек, Тыныбек. Жәдігерден: Байтік, Шақай, Сары. Бұл Малай, Жәдігер өзге Төртуылдан аз болғандықтан, күні бұл күнге шейін Төртуыл атында.

Құлболдымен туысқан Жанболды аз болғандықтан, күні бұл күнге шейін Жанболды атымен аталады.

Бұрынғы ақындардың бір ауыз өлеңі:

Мәжікпен бір туысқан ер Шуманак,

Қойыпты Құлболдыны құдай қалап.

Құлболдының бәйбішесінің аты – Мақпал. Мақпал бәйбішенің үлкені – Күлік, Тұлпар, кенжесі-Айдабол.

Айдабол он үшінде «би» – атанған екен. Ол замандарда Арғын Сырдарияның күнбатысында мекен қылып жүреді екен. «Арғындар Сырдариядан өтіп, Қаратауды жайлайды» – деген сөзді естіп, Қарақалпақ, Алшындар:

– Арғын бұл жаққа келсе, таң атырып, күн шығармайды! Өткелден өткізбейміз! – деп, өткел аузын қамап, тұра қалғанда, Сыр суында аяқтап өтетін өткел болмайды. Сонда Мақпал бәйбіше астында торы жорға аты бар, сексен нар жетелеп, судан өтерде қара

шұбар манат белдемшесінің етегін жинап алды да, іркілместен аты да үйректей қайқаңдап, жүгімен нарлары да шегініп қалмай байпаңдап, өте шығыпты. «Өткізбейміз!» – деп тұрғандар ләм-мим дәнеме айта алмапты:

– Пай, пай, бәйбішенің бөкесіне болайын! – десіпті.

Сонда Мақпал бәйбіше:

– Күлсең, күлерсің! Күндердің күнінде күлкінді тыя алмай жүрерсің! Бұл қай бөксе десең, Айдабол шыққан бөксе. Артың болса, Айдаболдай ұл тап! – деп жүре берген екен.

Құлболдының бәйбішесі Мақпалдан: Тұлпар, Күлік, Айдабол. Айдабол он үш жасында «би» атанып, аты шыққан. «Артың болса, Айдаболдай ұл тап!» – деп, Мақпал бәйбіше айтқан екен. Сол Айдаболдың бәйбішесінен: Жанқозы, Малқозы, Кенжеқозы; ортаншы қатынынан: Аққозы, Бозқозы, Қарақозы; кіші тоқалдан: Қожакелді, Тайкелтір.

Айдабол би Қошетерді Тайкелтірге:

– Енші орнына қарабауыр қылып ал! – деп, берген.

Қошетердің шешесі Шанышқылы – Қошетер батырдың қызы екен. Айдабол би нағашы атасының атын қойған екен. Шанышқылы сартқа бір атасы жуық, Қанлы, Шанышқылы-Қатағаннан қалған ел тегіс ұста болғандығы – бұл сөзді растайды.

[Жанқозы балалары]: Қосқұлақ, Төлебай, Лапақ, Сары. Төлебайдан: Жолан, Еламан, Едіге; тоқалдан: Елкелді, Малкелді. [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан] Еламаннан: Мәулімнен – бәйбішеден туады – «Қарақалпақ қызы» атанған: Атан, Жәуке, Тұрсынбай, Шонты, Текебай, Көрпебай; тоқалдан: Ботан, Нұралы, Жауқашар, Бақыбай. «Он ұлды Еламан» – атанған.

Атан жастай өліп, қатын[ын] Жәуке алып, онан туған баланың атын «Ізден» қойып, онан Өтеміс туған. Өтемістен – Белгібай жалғыз. Белгібайдан-Ахметбек.

[Айдабол – Кенжеқозы] Кенжеқозы жастай өліп, қатыны-Ұлы жүз: Қаратай батыр екен. Қалыңдығы оң жақта қалған. Айдабол би: «Тайкелтірге қосамын», – деген соң, Жанқозы онысына көнбей, телес інісі Малқозының баласы Толыбайға алып беріп: Олжабай, Құлжабай, Орман, Рысқұл – төрт бала туған. Батыр Олжабай – Үйсін: Қаратай батырдың жиені. Қыс ішінде ұзатып келе жатқанда, жолда босанғаннан, атын «Олжабай» қойған.

[Жолмұрат ескертуі: «Мәшһүрдің өзінің үлкен баласы Шарафи жазған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1931 жылы, ноябрь айында, ережептің 17-ісінде [қайтыс] болған»].

Қаракесек: Апай-Бөрі туралы

Жесір қатын «Апай» атанған, Қаракесек қатыны еді» – деседі. Байы өлген жесір қатын үйінен қара торысымен төркініне келіп, артынан Қаракесек іздеп келіп, бұрында тапқан баласы бар болу керек. «Буаз екіқабат кетіп еді» – деп, даулаған. Еркек бала тапқан екен де, оны бөтен бір жерге асыратқан екен. «Екіқабат келмеді!» – деп, жан беріп, нандырып алып қалған екен. Қаракесек көзі бар балаларды алып қайтыпты. Жесір қатын байсыз отыра ала ма, бұл жақта тиген байынан бала тауып, «Апай-апай» – аталған атпен үрім-бұтағы «Апай» атанып, Апай, Бөрі оттас, ұрандас болып кеткен.

Бәсентиін шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін]. Арғынның жолаушылары сол уақыттарда бір ұзақ жолдан жолаушы келе жатып, бір жас қатын тауып алыпты. Соңынан еріп жүрген бір кішкене баласы бар екен.

– Бұл балаң кімдікі? – дегенде,

– Өзімнің күшігім, – депті.

Ол қатынды Бәсентиін алыпты. Қойнына жатқанда, буаздығы білішіп:

– Бұл қалай? – дегенде,

Бұл бір жанға айтпайтын сырым – деген екен.

Сол баланың атын Сырым қойған екен. Осы екі бала ер жетіп, қатын алып, өсіп-өніп, бірінің тұқымы – Күшік, бірінің тұқымы – Сырым атанып кеткен.

Күндердің күнінде осы қатынның артынан жоқшы келіп, белгілі бай жоқ, қыз күнінде бала тауып, тағы буаз болып, өзінен-өзі ұялып, қашып шығып кеткен екен. Бұрын белгілі байы болмағандықтан,

ешкімнің де сөзі пұл болмай, екі бала да, қатын да Бәсентиін олжасында қалған.

[Бәсентиіннен]: Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан. Ақмайдан[нан]: Көкшекөз, Көкшекөзден: Байымбет, Жолымбет. Байымбеттен: Бейсен, Жаманай, Қоянбай, Көшен, Шүрек, Таңатар. Бейсеннен: Таз, Бөкі, Шоқай, Өтеп, Матай, – «Бейсеннің бесеуі» – дейді. Матайдан: Қаржау, Өмір, Қойбақ. Бұл Өмір би болып, «қара қылды как жарып», әділ болып, атағы шығыпты. Мұның бір қара төбеті болыпты. үйінің төрінде жатады екен. Төрт аяқты демесен, «ит» – деп айту[ға] болмайды. [Жолмұрат ескертуі: «Осы сөздің басы – басқа қағазда, мынау аяғы. 35-[і]] Мәшһүр Жүсіптің екінші томынан алынған сөздер». Өмір би: «Құтым, құтым!» – дейді екен. Сонан «Құтым» – атанып кетіпті.

Бір күні өзімен сөзі бір бастас адамы қонып отырып сұрапты:

– Мұны мұнша ардақтап, күткеніңіз қалай? – деп.

Сонда Өмір би айтыпты:

– Бұл ит емес, ырыс – «Жеті қазынаның бірі» – деп айтқан анық сөз, анық – осы. Бұл жарықтық[тың] әкелмегені жоқ. Жазғытұры мал балалап жатқан уақытта төрт түлік малдың төлінен әкелмегені жоқ. Әкелгенінің бәрі де өсіп-өніп, үйірге қосылып, оралып, айналып өсе берді. Осы аз ғана ораза ашар дәулет осының арқасында болды деуге лайық болды. Сондықтан «құтым» – деп еркелетемін, – депті. – Өзімді әбден байытты. Жалғыз-ақ бір басты, екі аяқты адам әкелген жоқ, одан басқаны түгел әкелді, – депті.

Осы сөзді айтқаннан кейін Қаратөбет жоғалып кетіпті. Бір жұмадай жоқ болып кетіп, бір күні құндаққа ораған жас бала алып келін тұр дейді.

Өмір би:

– Бұл құтым алып келген Құтымбайым – деп ат қойған.

Сол Құтымбай өзі өсіп: «Қаржауды көбейтіп, берекелендірген осы Құтымбай» – деседі.

Күшіктен: Жылқыайдар, Итемген, Ханкелді, Қайып, Кенжебай, Байымбет.

Құнанбай қажының өлген жылы – 1885 жылы, 81 жасында тауық жылы өлді. Құнанбай қажының қажыға барған жылы – 1874 жылы. Меккедегі Тәкие әуелі Құнанбай атына жазылды. Арғын атынан болғандықтан. Орманшыдан барған Хасен шайқы даулап алған. Онан кейін «Тоқал Арғыннан» барғаннан Ешмұхаммед қажы даулап алған. Бұл күнде Кіші жүз-Досжан халфе атында жазылып қалыпты.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

Күліктен: Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет; тоқалдан – Өтепберді, Данияр, Сексен. Наурыздан: Шобалай, Шобай, Ақай, Түкей (Дөкей). [Шобалайдан]: Өміртай, Жаңабатыр. «Ханкелді» – деген біреу қыстырылып қалмайды: Қарақұс, Шырын.

Шобайдан:Тәттімбет, Байтөбет, Жаманқара. Ақайдан: Санмырза, Бекмырза, Есбол, Ессейіт. [Күлік – Өтепберді – Ақыл] Ақылдан: 1. Бейбіт. 2. Жапалак. 3. Мырзакелді. 4. Дербісәлі. 5. Айбас. Ақылдың қалмақ қатынынан туған: Қойкелді, Жылкелді, Дулыға деседі. Өтепбердіден: Ақыл, Қошқар. Сексеннен: Рай, Райымбек, Қараша, Базар.

Тілеуімбеттен: Айтқожа, Жаңабай, Күнту, Бесім, Қойтан. [Күлік – Өтепберді – Ақыл – Айбас] Айбас бай болған, құт болған, сүйегін әзірет Сұлтанға апарып қойған, Ұлытауда жер аты болған. Өтепбердіден Ақыл мен Қошқар бір туады. Ақылдың қарашаңырағы – Бейбітте [Ақылбаласы] қалған. Сұлым – қалмақтан алған тоқалы. Сұлым мен Айбасты [Күлік – Өтепберді – Ақыл – Айбас] еншілес қылып шығарған. Дулыға [Күлік – Өтепберді – Ақыл – Қойкелді – Дулыға] балалары: Тоқанай, Топай. Тоқанайдан – Өтебай молда. Сұлым қалмақ қызы заманында «Сұлымқара» атанған. Айбасты Сұлымқарамен бір шаңыраққа ие қылған. Айбастың өз кіндігінен үш бала бар: Байтемір, Бектемір, Жантемір. [Күлік балалары]: Данияр, Өтепберді, Сексен – үшеуі бір туса да, Данияр «Ашданияр» – атанған. Өтепбердіден – Ақыл, онан: Бейбіт, онан-Күнтай, Таңат, Шыбай. Онан – Құтан, онан-Молда-

бай, Ноғай. «Бұхар балуаны» атанған Қоңыраулы балуанды жыққан Қойкелді балуан. Дулығаны бала күнінде алып қашып келген. Атқа отырысы дулығадай болғандықтан, атын Дулыға қойған.

Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды [токалынан]-Ақбура] Ақбурадан: 1. Аққошқар. 2. Кенже. 3.Тілеулі. 4. Жетібай. 5. Көкен. Жетібайдан – Есен тентек.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Олжакелді (Қаржас)] Қаржастан: 1. Алтынторы. 2. Құлыке. 3. Бегім. Мұның бір аты – Сатылған [224]. Сатылғаннан: Айтымбет, Таңат, Қоныс, Мәмбет, Жансары. Құлыкеден – Ойым, Телі. Ойымнан-Әлімбет, Әлімбеттен: Байболат, Ақша. Телі тентектен Анай туады. Анайдың сарт қатынынан-Құл; қалмақ қатынынан – Жәдігер; қазақ қатынынан: Нияз; Тәйтекеқызы Аққабақтан: Құдайқұл, Мырзақұл. Таңаттан: Батырбек, Атанбек, Тауасар. Тауасардан: Қосағал, Қоске, Қожаберген. [Қаржас – Бегім – Сатылған – Таңат – Батырбек] Батырбектен: Өтеужан, Қылыш. Телі тентек Анайға да бес қатын алып берген, Сатылғанға да бес қатын алып берген. Сатылған бұрынғы әкесінен туып қалған бала. Мұның шешесін Телі тентек алған соң, Анай туады. Сатылғанның әкесі Бегім болуы... некесіз туған, буаз болып қалған соң, алған екен.

Қанжығалы шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Ақсопы – Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Қара – Елібай]. Қарадан: бәйбішесінен-Елібай, Сары; токалынан – Жәдігер. Жәдігерден: Тоқсанбай, Сатыпалды, Мәмбетбай. Тоқсанбайдан: Жанұзақ, Байұзақ, Құлжан, Бертіс. Жанұзақтан – Бегайдар, токалдан-Сазан. Байұзақтан-Айдабол, онан-Өтес, онан – Еркінбай [Еркімбаи], онан – Әлмағамбет, онан-Асқар.

Бертiстен-Тезекбай. «Берелтай [Тезекбай] соры» – деген жер аты бар. Сарыдан [Қанжығалы – Iшпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Қара – Сары]: Жылкелдi, Қойбас, Айбас. Жылкелдiден-Ақжігіт, онан-Тұман, онан-Күлен, Бәйтi, Шақар. [Шақардың асырап алған баласы-Мұстафа] Мұстафаның әкесiнiң аты – Салпан. Шақар деген кiсi, баласыз болған соң, Мұстафаны қолына кiргiзiп алып, сонан «Шақардың Мұстафасы» – атанған. Мұса, Секербай заманында болыстың қақ мандайы болған, жалғыз баласы қыршын жастай өлiп калып, ақыры тұяқсыз қалды. Жақсыатта «Мұстафа тамы» атанған.

Мәмбетбайдың тобел бие сойып, төрткiл ошак қаздырып, бала қылған баласының аты – Алдабердi. Тегiн-түбiн жан бiлмейдi: жiгiт күнiнде душар болған. Өзiнiң екi баласын былай қойып, қарашаңырағына Алдабердiнi ие қылған. Ол Алдабердiден-Құттықожа, онан-Маңабай, онан-Сарыбел, онан-Молда, онан-Лекер қажы. Мұнан-Жақып: Шақшан елiне исполком председателi болып тұрды. «Тексiздi торге шығарып, // Теңдiк тимес құлыңнан!» – демедi ме?! Шақшан елiнiң iшiнде сiңiп кеткен Қарақалпақ та бар, Қызылқұлақ та бар.

Қанжығалы – нағызы менен шата-бұтасы көп ел. Сондықтан сүттей ұйып, қатықтай қатып тұра алмайды. Ең мақтаулы зоры – Бөгенбай. Бөгенбай әкесi-Ақша, Ақша әкесi-Әлдекүн. Әлдекүн әкесi – әлде кiм? – деген бұрыннан айтылып жүрген сөз болатын.

Жұрт аузы уәлi.

Құдияр – Қанжығалы [Қанжығалы – Iшпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Ақтамақ – Құдияр]. Құдиярдан: 1. Ақдәулет. 2. Келдәулет. 3. Ақтайлақ. 4. Қатпа. 5. Құрамыс. 6. Жент (Жанат). Ақдәулеттен – Алтыбасар, онан: Жүндiбай, Шара. Жүндiбайдан – Әбен, онан: Есiмбай, Бесiмбай.

Арғын-Сүйiндiк-Айдабол тарауы жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйiндiк – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Олжабай]. Олжабайдың тұңғышы Есенаманнан: Күлен, Үйсiнбай, Қожабай [225]. Күленнен: Шәуке, Осыжан. Үйсiнбайдан: Самырза (Санмырза), Баймырза. Қожабайдан: Қабыл, Жанқабыл. Жанқабылдан: Сағын, Дүйсен. Есен, Төлебай, – бұл

екеуі-Дүйсен балалары. Есен: Аман, Бұлан. Бұланнан:Айбас, Күнбас. Айбастан-Әкімбек. Күңбастан-Ибрай ұста. Мұнан бір жалғыз бар.

Көшбикеден – Токжігіт – Шата. Көшбикеден белгілі бай жоқ. Бұлардың қатынының «жегімі[не]» келген Бөкетті: «Малқозы ата ұлы Баймырзаның баласы» дейді...

2 – том 249-беттен: «Толыбайдан: Олжабай, Орман. Олжабайдың қазақ қатынынан: Дулат, Бектен. Дулаттан: 1. Арыстанбай. 2. Ма... 3. Жанқұлан.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Қосқұлақ]. Қосқұлақ, Төлебай бір қатыннан, бәйбішеден; Лапақ, Сары – бір қатыннан. Құлболдының қарашаңырағы Лапақ баласы Мамытта қалып, Бауменнің кебежесі (кепесі) Сарыбайдың қариялары:

– Бабамыздың қарашаңырағы – осы Қарашаш бәйбішенің отырған шаңырағы, – деуші еді.

Кеше Мұса, Секербай заманындағы қариялар:

– Бабамыздың қарашаңырағы! – деп жүруші еді.

Ол Сарыбайдың бәйбішесі – Қарауыл – Сарының қызы еді. Өзім көргенде, Тұрсынбай баласы Тасыбекпен бірге барып қонып, аттанарда Тасыбекпен қоштасып айтқан бір ауыз өлеңі мынау еді, Қарашаш бәйбішенің айтқан өлеңі:

Торышам, аяндай бер алдыңда ел жоқ,
Арқада Сарытайдай үлкен көл жоқ.
Көргенше, көріскенше, қош аман бол,
Енді айналып келгенше, кім бар, кім жоқ?!

Бәсентиін: Бұқа, Күбір тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін]. «Бәсентиін ішінде Бұқа, Күбірміз» – дейді. «Бұқа, Күбір кім баласы?» – десең, әкесінің атын жан білмейді. Көзбен көрін, қолынан туғызған ешкім жоқ. Айтушылардың айтуы: бұрынғы замандарда Бұхар, Самарқан хандарының бір мұны болса керек. Татарбай деген құл

екен, «бөгеуіл» – дейді. Ас басшылары сол бөгеуіл атаулыға қожайын екен. Қазанға қинаяты білінген соң: «Елге, жұртқа жолама!» – деп, жер аударып жіберген екен.

Ол заманда жер аударғанда, Сырдариядан арман өткізіп тастайды екен. Қаңғып жүріп, «жетекке – саяк» бір қаңғып жүрген қатын кез болып, екеуі қосылып, ерлі-байлы болып жүргенде, қатын кез болып, буаз болып, егіз ұл тауып, бірінің атын «Бұқа», бірінің [атын] «Күбір» қойыпты. Екеуі ер жеткен кезде бір қоңыр бұқалары болып, үйде ол артылатын сиыр жоқ, қаңғып кете беріпті. Сол кеткенде, бір тауды жатақ қылып жатады екен. Соған бара беретін болған соң, сол тау «Қоңырбұқа» – атаныпты. Басқа сиыр жоқ, өзі жалғыз бұқа болған соң, бір кесу білетіп жан кез болған соң, кестіріпті. Бұқаның ені жалғыз сыңар ен екен. Туысқан екеуі таласып:

– Мен пісіріп жеймін, – деп,

– Мен пісіріп жеймін, – деп, – екеуі төбелесіп, айырар жан жоқ, бірін-бірі көргісіз болып, бірі – Сырға, бірі қырға қашыпты. Бұқа қырға қарай қашып, жолдан бір қатын килігіп, ерлі – байлы болып жолда келе жатып, жұртта қалған бір қара күшік еріп, Сарыарқаға келіп, Бәсентиін – Маңдай-Байымбеттің малының өрісіне келіп, балығы көп бір қара суға тастан кепе қылып жатыпты. Қара күшік төбет болып, бұларға түн болса, елден тамақ тасып, майды қарнымен, ірімшік – құртын боғжамасымен ап келіп, тамақтан тарықтырмапты. Малшы – құлшы көргендер елге айтып, Маңдай, Байымбеттер әдейі келіп коріп:

– Сендер бүйтіп жатпандар елсізде,-[депті].

Асқа барған жерінде атын Маңдайдың атының мойнына байлаған [соң], Маңдай қарабауыр қылып, қосып алған. [Бәсентиін – Акмайдан-Көкшекөз – Байымбет – Жаманай: Бұқа, Күбір] Бұл Бұқадан-Майемер, Майемерден-Тауасар. Бұлардың түпсіз, тексіз екендігі мынадай жұмыстан білінеді. Тауасар өлгенде, шулап, жылайтұғын ағайын жоқ, үш күн жаназасыз жатыпты. Кім болса, ол болсын, бір жолаушы:

– Мен жаназа шығару білемін, – деп, жаназа оқыпты.

Сонда жаназа оқыған дұғасы:

– Мұның тегі – бұқа-ды,

Бұқа шабы жұқа-ды.

Өзің, өзің, өзіңе,

Өзіңді екі де қара көзіңе,

Бар, Тауасар, бара бер,
Жаназаңды кеше қылғанмын, – депті.

«Тауасар жаназасы» – делінген сөз Бәсентиін ортасында күлкі болған. Мұнан да жақсылап айтушылар бар еді, өліп қалды.

Шалқаңнан жатқан екенсің,
Серейіп қатқан екенсің.
Өзің де жату ақылын тапқан екенсің!
Ренжімесен болады,
Көп күнәға кіпарат,
Дәл бір жұма жатқан екенсің!
Деген сөз бар: «Ат аспаннан»,
Кісі өлтірген жоқ тасқаннан,
Атың ат-ақ, Тауасар,
Бағыңа ешкім жоқ таласар.
Енді осы бетіңмен
Барғаның жарасар.
Жаназаң жаныңда
Сыбағаң саныңда,
Жет жаныңның барыңда,
Бар, Тауасар, бар,
Ешкім жоқ сенімен дауласар.

Дәл осындай жаназа
Кім оқиды жарасар?!
Бар, бар, Алла-акпар! –

деп, бетін сипап, бата істепті де, жүре беріпті дейді.

Ақкөсе екі ағайынды, інісі – Мәлік [226].

Қанжығалы шежіресі

Қанжығалы – Бөгенбай (Бөгембай) батырдың бәйбішесінің аты-Баяу. Мұнан: Тұранәлі, Тұрымбет. Тұранәліден – Бапан би. Мұнан – Сакқұлақ, мұнан жеті ұл: біреуі – Нұралы, мұнан: Барлыбай, Олжабай. Барлыбайдан – Төлебай. [Бөгенбайдың] қалмақ қызы – Қамырқайнан-Жылқыбай, мұнан-Төлеген, Төлегеннен толып жатыр. Біреуі – Жұман, Жұманнан: Ахмет, Әлиакпар және қалмақ қызы бір қатынының аты – Лаба. Мұнан да кісі білмейтіндері, уақ-түйек толып жатыр.

Қалмақтан олжаға түскен екі қыз: бірі-Лаба, бірі-Лаға. Лабаны Бөгенбай алған да, Лағаны Олжабай алған екен. Екеуі де жайсыз оңбаған қыздар болса керек. [Бөгенбай – Жылқыбай – Төлеген] Төлеген – бай, «Төлеген мырза» атанған, ас сайын алты атанға қымыз артып барады екен. Қыстауына қырық сан тастап кетеді екен: «Әркім алып пайдалансын» – деп. Өзі-көксау, түні бойы жөтеліп шығады екен. Жөтеле-жөтеле жалығып, тіріліктен күдер үзіп, безер болып:

– А, Құдай, иман бер! – дейді екен.

Онда қой күзетіп жүрген жалшысы Бестемше:

– Бердім, бердім! – дейді екен.

– Құлдық, құлдық! – деп сүйсінеді екен.

Ертең ауыл-аймағы, балалары жиылып:

– Ол Бестемше ғой! – дегенде,

– Кім болса, ол болсын, беруші берді де, мен алдым, – дейді екен, иман алғанына айылы берік, әбден сенімді екен.

[Төлеген] өмір бойы қатынға жатқанда, суға түспейді екен, суды білмейді екен. Оны ұнатпағанға беретіп жауабы:

– Бұқа бұтын жуа ма, айғыр бұтын жуа ма, қошқар жуа ма? Бұтын жуған оңа ма, құтын жуған оңа ма?! – дейді екен.

Әлдекүннен – Әлдібек, Ақша. [Бөгенбай әкесі] Ақшадан: Көлбай, Бөгенбай. Көлбай есер есалаңдықпен бала күнінде бір аста Әлібектің үстін майлай берген. Сонда Әлібек:

– Мынау өскенде, менің тұқымыма таң атырып, күн көрсетпес! – дегенде, Ақша:

– Мұны айтасың, үйде бір шойқара бар. Тұқымың соның тепкісінде шіриді, – деген.

– Ендеше мен тұқымымды оның тепкісіне шірітпейін, – деп, бөлініп көшіп кеткен.

Сол бойымен бөлек өсіп-өніп кеткен. Көкшетаудан әрі (ары) «Әлібек қараған[ы]» – деген жер бар. Сонда ол айтқан «Шойқарасы» Бөгенбай екен. «Бөгенбай әкесі – Әлдекүн, Әлдекүн әкесі – әлде кім?» – деліпген бұрынғыдан айтылып келе жатқан сөз бар.

Қазақ мақалдары, бұрын естімеген оқшау сөз:

Үлкейіп барып, сыпайыны көр,

Кішірейіп барып, шынайыны көр.

Дос болып, ауру болғанша,

Сауда қылып, сау бол.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Төлебай] [Жанқозы]: Төлебай, Қосқұлақ, Лапақ, Сары. Сарының Төлебаймен туысқан – туыспағанын анық білуші жоқ. Кейбіреулер: «Жеке жігіт екен, Төлебайға еншілес болып, сіңіп кеткен екен, өзі бай болған екен. Сонан Төлебай тамат қылу үшін: «Сарым, Сарым!» – деп, еркелетіп жіберген екен» – дейді.

Төлебай «Қу жарғақ Төлебай» – атанған екен, «Пәлі, Төлебай» – атанған екен. «Пәлі, Төлебай» – атанған себебі – бұрынғы заманда Арғынның қосынан өрт кетіп, Ұлы жүз: Үйсіннің бірнеше құнан қойлары күйген екен. Соны Ұлы жүз-Үйсін – Арғыннан даулаған екен. Сонда соның бітіміне Ұлы жүз-Үйсіннен Төле би шыққан екен де, Арғыннан Төлебай шыққан екен. Үйсін-Төле би:

– «Қолыңмен салған өртті етегіңмен қалай сөндіресің?» – деп келдің, Төлебайым, – дегенде, Төлебай:

– Алладан деп білсеңіз, қойыңыз да; адамнан деп білсеңіз, алыңыз! – деген екен.

Төле би:

– Пәлі, пәлі, Төлебайым, жарайсың, жарайсың! – деп, Төле би тақ тұра қалған екен.

Сонан: «Пәлі, Төлебай» – атанған екен деседі. Және бір дәлелі: атқан оғы далаға кетпейді, жаза соқпайды екен. Өзі атып, өзі: «Пәлі, пәлі!» – дейді екен. Өзін аң көрмейді екен. Бір топ киік жолықса, біреуін жібермейді екен. Қара бойын аң көрмеген соң, қанша атып, қиратып жатса да, алдынан аң ешқайда қашып құтылып кетпейді. Сонан: «Пәлі, Төлебай!» – атанған екен. Тама – Сарбас мерген: «Менен мергендігі асқанда, жалғыз-ақ: «Пәлі, Төлебайдың» мергендігі асты» – дейді. Айқандық Бабабек деген сартқа жалшылыққа жүрген жерде болған екен. Сонда Бабабек қатынына айтқан екен:

– Осы қазақтың, ұйықтап жатқанда, үсті жап-жарық болып жатады. Бойында жанып тұрған шамшырағы бар екен, – депті.

Сол уақытта Бабабектің бір бойжеткен қызы бар екен: «Қалайша мұның үсті жарық [боп] жатады екен?» – деп, есікті ашып, сығалап, қараңғы үйдің іші – өзге жері бәрі қараңғы. Жатқан қазақтың үсті шам жаққандай жарық болса, онан да жарық. Өзі жатқанда, ашылып-шашылып, ханнан – қауіпсіз бейғам жатады екен. «Бері кел!» – деп, қол

бұлғап шақыратын қолы жоқ болса да, «Мені кордің бе?» – деп, қатқан қазықтай қатып тұрған «батырды» көрген соң, аяғын кейін салуға шамасы келе алмай, жүгіріп келіп:

– Бейәдеп қазақ! – деп, шап беріп ұстап отыра қалды, – дейді.

Жан жерін біреу бүркіттей бүріп, шеңгелдеп жатқан соң:

– Бүрген олай емес, былай! – деп, бауырының астына басып алып жұмарлай бастағанда,

– Ей, бейрақым қазақ, ей, бейрақым қазақ! – деп, бір жаққа кетіп калар дегендей екі қолын аш белден қысып алып, шамасы келгенше босатпасқа тырысты дейді.

Бұл жұмыс болған [соң], көп кешікпей-ақ сол қызды алып, Арқаға қарай жөнеліп берді дейді. Сонда кез болып, жолдас болып, үшеуден – үшеуі жапан түзде оттас, ораздас болған. Елге алып келген соң, «Енді мал керек!» – деп, Төлебай жапа-жалғыз Орал тауындағы Естек деген елге аттанбақшы болды. «Естектің ен малы бар дейсің бе?» – мәтел болған. Сонда сарт қызы:

– Сіз кешіксеңіз, мен қанда қышын қыламан? – деп, қайта-қайта айта берді дейді.

Сонда Төлебай:

– Мені бір жыл күт. Егер бір жылда келе алмасам, Қосқұлаққа тие бер-деп, солай демесе, жібермейтін болған соң:

– Қой, хош-есен аман бол! – деп, жөнеле берді.

Төлебай сол кеткеннен кете берді де, бір жылда келмеген соң, сарт қызы Қосқұлаққа тиіп кетті дейді. Сол жорығында 3 жыл жүрген екен. Сонда айтқан Төлебай сөзі:

Көк көгершін, көгершін,

Көк кептер ұшар жем үшін.

Қара сабам жоқ үшін,

Қатын-бала қамы үшін.

Тең құрбыдан ке[мі] үшін,

Ерлер жортар мал үшін! – деген екен.

– Елде менімен теңмін деген көп еді, сөйткенмен, менен басқа теңінен өткенінен өткені жоқ еді! – деген екен.

Үш жылдан соң жапа-жалғыз өзі 300 жылқы айдап, жолшыбай биесін байлап, қара сүйретпені қымызға толтырып, ырғап-жырғап келе жатқанын естіп, ағайын-аймағы жүректері лүпілдесіп, қуанысып тұрды

дейді. Қосқұлаққа тиген сөң, бір ұл тауып, талпынып, еңбектеуге тырмысып қалған баланы:

– Мұны ұялмай, не деп көрсетеміз? Және не бетімізді айтамыз, айтамыз? – деп, қатын-қалаш бетін үзін алып, бір-біріне күңкілдесе бастады дейді. Сонда сарт қызы:

– Сіздер өз амандасуларыңды түзеңдер, мен не деп амандасуды кісіден сұрамаймын. Менімен, баламен ісіңіз болмасын! – деді.

Төлебай келіп аттан түсіп жатқанда, сарт қызы баланы көтеріп алып шықты. Үш жыл жоғалып кеткендегі сіздің олжаңыз қандағы, менің олжам қандағы? Көріңіз мына менің олжамды! – дегенде,

– Жарайды, жарайды бұ да – осы жолдың олжасы ғой! – деп, атын «Жолан» қойған екен.

Сонан кейін қатын[ын] өзі қайта алып, Еламан, Едіге туған. Онан кейін Ырыс тоқалды алып, онан: Елкелді, Малкелді туған екен. Бұл балалар туған соң, енді Төлебай дөкейленді, «Қандай Төлебай?» – десең, сондай Төлебай болды.

Бұхарай-Шәріф шаһарында әмірінің әрігінде «Пәлі, Төлебайдың» қамшысы хала осы күнге шейін ілулі тұр. Ғаділе хан салдырған шаһи батшайы дүриа сатылатұғын тамда тартқан жағының оғы шеге болып, қадалып тұр. Басқалар оғын кіргізе алмағанда, бұл кісінің оғы кіріп кеткен. Ешкім қайта суырып ала алмаған. Өзі үлкен зор қасиетті кісі болыпты. Өмірінде кісі қарғамаған, сіле қылмаған. Бар қасиеті бойында түгел кеткен бір жан – осы кісі. Өзі өлерінде айтыпты:

– Қырық төрт кейоларым бар еді. Соның қырқы Елкелдіде қалды, – депті. Біреуі – Сары – Тастенде қалды, – депті, – үшеуі Тұрсынбайда қалды, – депті.

– Ана қырық бірі де – бір бас, Тұрсынбайда қалған үшеуі де бір бас, – депті. Және айтыпты:

– Менің тұқымымның малы-басы аса дәуірлеп өсіп, жұрт алдына озып түсіп кетпейді. Неге десең, менің тұқымым[ның] шешесі – сарт қызы ғой! Сарт сықылды күншіл: біздің басы, не малы ілгері басайын десе, бірі күндеп, атып жыққанша асығады. Сол үшін бірінің көзі, бірінің тілі сап ете түседі де, ілгері бастырмайды, – депті.

Ей, жігіттер, әулиенің сөзінде жалған бар ма? Төлебайдың баласында болмаған бар ма, болғанында солмаған бар ма? Толарына келгенде, аспанға ұшады. Соларына келгенде, мұрттай ұшады.

Үш жүздің баласы қазақты араладым. Күншілдікке келгенде, бұл Төлебайдың баласындай ешқайда ешбір жанды көргенім жоқ.

Өз Тәйтеке, би Тәйтеке, құт Тәйтеке, дайыр Тәйтеке, бір өзіне жеті ат қойылған Тәйтеке би айтқан ғой:

– Төлебайға қонған бақ – күншіл бақ: біріше бақ қонса, бірі күндеп, кетіргенше асығады. Бір тұқымда бақ тұрақтап тұра алмайды. Бақ деген – көшпелі қыз: алған күйеуге де кетеді, қыздан туған жиенге де кетеді. Кеше Жанқозы екі бөлініп, Секербай мен Хұсайыннан бақ тайып жүрген күнде Ерейменде Шоқыбайдың қызын алған Кәрібайға кетіп, Далбада және Шоқыбайдың қызын алған Есентайға да кетіп жүрді ғой. Білуші Құдай ғой: «Ел аралаған – сыншы, ағаш аралаған – үйші» – дейді.

Бақ паналайтын кісінің түрі жоқ дәл осы күнде уа Алла ағым бастап мұнан былай не боларын Алла біледі. Өзінде де бұрын бақ орнаған жер еді. Бір қыз барған жерге барып тұр – Ерейменде. Өзінде 17 жылқы бар – үш мың біткен Азына баласымен жағаласып қалмай жүр. Соған қайдан барып жүрген бақ деп білесің?!

Бәсентиін шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Кенжесопы – Бәсентиін]. Бәсентиіннің бірінші қатынынан: Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан; екінші қатынынан: Ақтілес, Күшік. Күшіктен – Жылқыайдар; үшінші қатынынан – Бөрі; төртінші қатынынан – Сырым [227].

Ақмайданнан-Көкшекөз, мұнан: Байымбет, Жолымбет. Бекмайданнан – Апай, Тоқмайданнан-Қатыс. Байымбеттен – Жаманай, Жаманайдан: 1. Қойсары. 2. Қозыбақ. 3. Рысбек. 4. Сағынай. 5. Бұқа. 6. Күбір.

Бәсентиіннің төртінші қатынынан – Сырым дедік. Сырымнан тарайды: 1. Танаш абыз. 2. Жабық. 3. Мұрат. Мұраттан алтау туады. Жабықтан екеу туады: 1. Болай. 2. Самай. Самайдан: 1. Сексенбай. 2. Тоқсан. 3. Досым. Досымнан: 1. Төлебай. 2. Нарымбай. 3. Тәуірбай. 4. Ибрай. 5. Қыстаубай [228]. [Досымнан]: Қазанғап, Дөненбай, Маса. Тоқсаннан – Қара. [Болайдан] – Тілеу, онан-Өтебай.

Жолымбеттен [Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Жолымбет] – Маңдай. Мұнан – Сәмеке. Байымбеттен [Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Байымбет]: 1. Бейсен. 2. Жаманай. 3. Қоянбай. 4. Рысбек. 5. Көшен. 6. Шүрек. 7. Танатар. Жаманайдан-Қойсары, Қойсарыдан... Бейсеннен: 1. Таз. 2. Шокай. 3. Өтеп. 4. Матай.

[Бәсентиін-Тоқмайдан-Қатыс] Қатыстан-Бөрі. Бөріден: 1. Келден. 2. Қыстау. 3. Қака. 4. Сатыпалды. 5. Жаңбыршы. Жаңбыршыдан-Жәнібек.

[Бәсентиін – Күшік] Күшіктен – Итемген. [Бәсентиін – Ақмайдан-Көкшекөз-Байымбет, мұнан-Ханкелді, мұнан – Байбол, мұнан-Жетібай. [Бәсентиін] – Бекмайдан – Апай. Апайдан-Нарбота. [Бәсентиін – Ақмайдан – Көкшекөз – Байымбет – Бейсен – Матай]. Матайдан: Құтыбай, Қаржау, Өмір, Қойбақ.

[Бәсентиін – Сырым – Жабық – Самай – Тоқсан – Қара]. Қарадан-Рысқұл Сүгірәлі баласы, бұл-Жанқожабаласы.

Қанжығалы шежіресі

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Ақсопы – Қанжығалы – Ішпек]. «Толыбай» ұранды Қанжығалы. [Қанжығалы] Ішпек[тен]: Қамбар, Жапар, Қармыс [Қармыс-Бозым-Әжібай] – Әжібай, яғни Сары Әжібай: Қарабұжыр, Есен, Бозым.

[Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Әжібай – Қаратілес – Айтуар – Әжіке]. [Айтуардан]: Әжіке, Дөнен. [Әжікеден]-Байдалы, [онан]-Тәшім. [Әжібай – Ақтамақ – Құдайберді]. [Ақтамақтан]: Құдайберді, Құдияр Қара, Амалдық, Сары. Әжібай: Қаратілес, Қарабұжыр – «Тентек Қанжығалы». [Қарабұжырдан]: Мұрат, Байболат, Шыңғыстың Жамбеті. [Қаратілестен: Айтуар] Көшпен, Құдайсүгір, Өтеген. [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Әжібай – Қарабұжыр – Мұрат – Дөнен]. [Мұраттан]: 1. Дөнен. 2. Сасық. 3. Алтыбай. 4. Тоғызбай. 5. Теңізбай. 6. Бестібай. 7. Сегізбай. 8. Құнан. ... Туған үшеуі: Қорлыбай, Қойлыбай, Алмашы, – «үш жиен» – деп сөйлесі: біреуі қыздан туған, екеуі күннен туған. ... «Тентек Қанжығалының» қызынан туған Ақкөл болысында. Елқонды[ның] қайдан шыққаны белгісіз. Елқондыны алып келген – Өтеген батыр.

Арғын-Бегендік (Қозған) тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік – Оразкелді – Тәңірберді – Ораз]. Оразкелдіден – Тәңірберді, Сәрік болған. Тәңірбердінің үш баласы бар: Ораз, Малқар, Жолым (Жұлым) сопы. Сәріктің балалары: Қожамберді, Токтас, Қожағұл. «Қозған» – деген кісі аты жоқ, қозғала берген соң қойған: «Шіркіп, коза берді ғой!» – деп, «Қозған» қойған. «Қозған – тозған», «Қозғанның қозылы – қойлы залалы болады» – деген. «Қақсал» деген де кісі аты жоқ, қақсай бергеннен, «Қақсал»-атанған.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік – Оразкелді – Тәңірберді – Сәрік-Қожамберді]. Қожамберді балалары: Байназар, Есназар. Қозыбақ-Шолақтың түбі-Рамадан.

[Мейрам – Бегендік – Оразкелді – Тәңірберді – Сәрік – Токтас]. Токтастың бәйбішесінен – Есіл бойындағы «Қарақозған»: 1. Әбіл. 2. Тілеу. 3. Құлтай. 4. Тыныбек. 5. Төлек. 6. Темір. 7. Сәдібек.

Өз Тәйтеке – Әбіл – Тілеуден – бір өзіне жеті ат қойылған: Өз Тәйтеке, би Тәйтеке, дайыр Тәйтеке, құт Тәйтеке, «Алшын Тәйтеке би, Арғын-Тәйтеке би» – атанғандар.

Сарықыз – Токтастың тоқалының аты, оның балалары «Сарықозған»-атанады. Бәйбіше балалары зорлық қылып, күн көрсетпеген соң, Айдабол, Күшіктің қолына кіріп кеткен, сонан бұл жақта қалған. Ербай деген бір атасы бар.

Қозыбақ балалары: Матай, Құдайкүл; тоқалынан-Жылқыайдар. Матай балалары: Сатай, Жұмат.

Осы Қозғандардан бір қатын қалмаққа пленге түсіп, Малқар батыр алып келіп, қайтадан қазақтың ... құрғандардың өзіне келіп, қалмақтан буаз келіп, еркек бала тауып, атын «Қалмақшы» қойып, Қозған ішінде: «Қалмақшы Қозған» – деп аталатыны – солар.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Тайкелтір]. Тайкелтір: Жиен, Төлен. Бұл Әлсейіт – Жиен баласы. Әлсейіттен-Оразбай, Оразбайдан-Кеншімбай, Кеншімбайдан-Белгібай. Тайкелтірдің бәйбішесінен – Өмірзақ тентек,

мұнан – Дәуітбай. Дәуітбайдан: Мантен, Құтан, – екеуі де ебедейсіз бай болған. Мантеннен-Есбай, Есбайдан ұрпақ көп.

Әлсеіттің токалынан: Қасболат, Токболат, Байболат, Мықтыбай, Шектібай. Қасболаттан-Аян, Аяннан сегіз, ең үлкені-Анай. Бұл сегізбен туысқан жиен қызы-Маңдай – Жандайдың Маңдайы дуанбасы. Күнінде аяғынан барып, соған тиіп қалған. Маңдайдың бәйбішесінен: Шәбді, Қапар. Қапары – қазы, Шәбдісі – болыс екен. Сол күнде сонда Аяның үш баласы Маңдайға қоңсы болып, жанында отырып қалған. Елеңке деген өткір шоттай берекесіз иашын – жылпың біреу болған. Он жасар [күнінде] Кемпір-қызбен айтысқан өлеңі бар.

Байболаттан-Байбатыр, онан – Шалқарбай қажы. Токболаттан-Байқұттылар. Мықтыбайдан: Бектұрсын, Сағырбек, Қырықбай. Шектібайдан: Нысан, Ақпас. Ақпастан – Асқар, онан: Мұрабай және Шектібайдан-Азына, Азынақызы – Кенже. [Кенжені] Қаржас-Досан дегенге берген. Бұл күнде Павлодарда.

Орта жүз шежіресі басы

Жанарыстың екі қатыны бар болған. Бәйбішеден төртеу, тоқалдан екеу туады. Бәйбішеден туғандар: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа. Қарақожадан – Арғын, Аққожадан – Найман, Ақтамбердіқожадан – Қыпшақ, Дарақожадан-Қоңырат. Тоқалдан туған екеу: Смағұлқожа, Қосымқожа. Біреуінен-Керей, біреуінен-Уак. Естіген құлақтың жазығы жоқ. Арғынның апасы [әпкесі] қыз күнінде оң жақта отырып, буаз бо[лып], бір төремен айқасып, еркек бала тауып:

– Бұл қалай? –деушіге дәнеме айта алмай, ұялып, шашын тарай бері[пті]. Сонан баланың атын Тарақты қойыпты. Төреден пайда болғаннан, «Төре жоқта Тарақты төре болуға да жарайды» – деген сө[з]. «Қыздан туғанның киығы жоқ» – деп, «Арғынның балаларына Тарақты нөқта ағасы болған» – деседі. «Орта жүз Тарақтымен қосылып, жеті арыс ел болған[ы] аталған» – дейді.

«Хан сүйегі» атауы туралы

(екінші нұсқа)

Нұра бойында «Хан сүйегі» – дейді: Жамантай хан әкесі Бөкей хан қойылған екен [229]. Қамбар – Жанак ақын қаңғып жүріп, сол жерде өліп, «Хан тамының» ішіпде қойылған екен. Жамантай Қамбар дегенге елді бидайықтай қуырыпты:

– Қаңғып жүріп өлген шалынды әкемнің қасынан әкет аулақ! Қамбардың қаңғыған шалына бола салынған там емес! – деп.

Сонан Қамбар қарсы айтар қаруы болмаған соң, Алшынбайға айтысыпты. Алшынбай кісі жіберіп: «Қойсын, қозғамасын!» – десе, Жамантай болмапты. Сонан кейін: «Бас қосқанда сөйлесейік!» – деп, соған қаратып, Жамантай ханмен Алшынбай көптің басы қосылған бір қалың жиында:

– Өлген кісінің сүйегін алдырып, әуре қылмаңыз, – десе, Жамантай болмапты. Сонда Алшынбай айтыпты:

– Ақ патшаға сен де барып едің, мен де барып едім. Сонда саған: «Қалағаныңды ал!» – дегенде, «Атамның баққан еліп берсең, болды» – дегенде, «Бердім!» – деп еді ғой! Маған: «Сен не қалайсың?» – дегенде, «Жеті атамнан қоныс қылған жайлау, қыстау жерімізді берсеңіз болады!» – дегенде, «Бердім, жайла, қыста» – деп еді ғой, – жерінді». Сен елді алып едің де, мен жерді алып едім ғой! Бұрынғылар айтқан екен: «Шөлде жүрген дуадақ көл қадірін не білсін, // Көлде жүрген қоңыр қаз шөл қадірін не білсің?! // Жарлыдан жаңа байыған // Жалғыздан туып көбейген // Ел қадірін не білсін?!» – деген. Садағын сағымға ілген хан Шыңғысхан емес ең! «Қатаған ханы – хан Тұрсын, // Қас еткенді ант ұрсын!» – деген ант ұрған Тұрсын ханның тұқымысың ғой! Атабамамыз айтады екен: «Төренің түбі – сарт, // Сарттың түбі – сары ит». Сондығыңа кеткенің ғой! Әкеңнің моласын с...н, ал әкеңнің сүйегін! Қай кенттің қаңғырған сарты екенінді Құдай білсін. Бар, өзіңнің ұлтыңа апарып қой. Қазақтың өз жерін өзінен қызғанамысың?! – дегенде, Жамантай ләм-мим деп, аузын аша алмапты.

Қамбар тірі күнінде қобыз тартады екен. «Қобызын тартып, әкемнің мазасын алады!» – деп азап салған, көрін ақтартқан жері де болған.

Төрелер шежіресі жалғасы

Уәли ханнан соң, [оның] бәйбішесінен туған баласы-Абайдәлданы хан қойған. Осы Абайдәлданың тұсында қазақ орысқа қараған. Осы Абайдәлданың бәйбішесінен-Болат, Болаттан – Сұлтанғазы төре. Уәли ханның Айғаным деген тоқалынан – Шыңғыс төре. Сұлтанғазы мен Шыңғысбаласы Шоқан орысқа қолбасылық қылып, Ташкентті орыс алғанда, Черняев жандаралмен (генералмен) бірге тұрып, бірге жүрген.

Айғаным «Шапшаңшыл тоқал» – атанған. Ақындардың аузына Құдай салады деген: Мағжан Жұмабайбаласы айтқан: «Уәли анау қар катынмен басы қатқан»-деп, рас айтқан.

Қожалар шежіресі жалғасы

Диуана қожаның балалары: Қозжан, Қылыш. Бұл Қозжан диуана атанған. Бұл Қозжан балалары: Төленқожа, Ниязқожа, Заманқожа, Сүлейменқожа, Хауатқожа, Қажықожа, Қожакелдіқожа, – тоғыз ұлы болған. Тоғыздың бірі – Сейітмұхаммедқожа, мұның балалары: Бекмұхаммедқожа, Досмұхаммедқожа, Сұлтанқожа. Бұл Сұлтанқожадан – Құлболды ишан. Бұл кісіден: Фазыл, Мағзұм, Күлеш-ныхым мырұблардан болып өтті.

Қозжан, Қылыш, Қожакелді. Мұнан тоғыз, кенжесі – Қажықожа. Қажыдан: Байторы, Патса. Байторыдан: Күнқожа, Айқожа. Күнқожадан: Қиғаш – бәйбішесінен; тоқалдан: Ашамай, Қорғанбай, Келгенбай. Қиғаш қожадан – бәйбішеден бесеу: Жүніс қожа, Жүсіп ишан, Садық қожа, Сыздық қожа, Риза қожа. Тоқалдан: Әлжанқожа, Мырзақожа. Әлжанқожадан-Сапаралы қожа.

Қылыш қожадан: Оспанқұл, Әздер. Мұнан – Шобалай қожа, мұнан-Қарауыл қожа, мұнан-Байжұма, жұрт «Тазқожа» – деуші еді. Мұнан-Жұмаділла қожа: қазақ «Қызылқожа» – дейді. Қарауыл қожаның кенжесі.

– Кенжеқожа Бораншоқы бауырында, Сынтас құдықтың шөлейт жағында оқу оқып жүргенде өлген.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік]. Әкесінің аты-Құлболды, шешесінің аты – Мақпал. Бәйбішенің тұңғышы – Күлік, ортаншысы-Тұлпар, кенжесі – Айдабол. [Айдабол] он үшінде «Айдабол би» – атанып, аты әлемге жайылып, Сырдариясынан Сарыарқаға қарай өткенде, өткел аузында тұрған Алшын мен Қарақалпақ Мақпал бәйбішенің: «Артың болса, Айдаболдай ұл тап» – деп өте берген.

«Күлік» – кыргыз тілі, «жүйрік» – делінген сөз. «Ат – арыстан, // Нұр – пейіштен» – қазақ мақалы. «Ат асманы ғарыштан құйылады», – делінген сөз.

Күліктен шыққан жүйріктен заманында жан озған емес. Шобалай баласы Жаңабатырдан би асқан емес. Күнту баласы Жанактан қасиетті ер асқан емес. Жанайдар баласы Өтеміс абыздан бір басты, екі аяқтының әулиешілігі асқан емес. Көтеш ақыннан ақын асқан емес.

Кеше Мұса, Секербай заманында Ақжігітұлы Ізден абыздың алдына кара сөзде жан пар келмеген. Күліктің бел баласы Ақылдың байлығы үзілместен үрім-бұтағына бұл күнге шейін келеді. Наурызды туған Ақайдың байлығы үзілместен үрім-бұтағына бұл күнге шейін келді. Мырзалықта Ақай немересі – Санмырза баласы Байғанадан мырзалық асырған қазақ жоқ.

Күліктің бәйбішесінен: Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет; тоқалдан: Өтепберді, Данияр, Сексен. Сексен Күліктің сексен жасында туған.

Орманшы баласы – Қайдауыл Күлікпен құрдас екен: «Сексендегі сенікі бала болушы ма еді?» – деген[де], Күлік Қайдауылды қарғаған екен. Сонан мәтел болып қалған: «Қайдауылға қарғыс кеткен», – деген сөз. Қайдауыл ортасына: Есенқұл – Мәуке ұрпағына келіншек болып түскен Тоғжан ақынның өлеңінде бар:

Мәукеннің жасы өспейді, шалы өседі,
Түндіктің жары өспейді, талы өседі.
Қозының бұты, қой саны – көздей іске
Ертеден кешке дейін гулеседі.

[Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім]. Бесімнен: Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс. Ақжігіттен: Құлмұхаммед, Сермұхаммед, Досмұхаммед, Ізмұхаммед.

[Ізмұхаммед] – «Ізден абыз» атанған – осы кісі. Сермұхаммедтен: Шаншар молда, Мыңжасар, Көпей [Көпжасар], Мағриб. [Көпей] өзі қырық екі жасында, жылан жылында, дүниеге қой жылы, ережеп-әлміржіп айында жұмға күні [Мәшһүр Жүсіп] келген. Бес жасында ғылым мектепке берген. Алты жасында Шар (Шахһар) кітап оқып, сегіз жасында Баянаулада молда Қамардин ахунның алдында Сырып ой бастап, тоғыз жасында Ғылым фатқа, Мұхтасар, Әлуқаяға шиоқ кылып он бес жасында шағырлық илан шоһырат тауып, жиырма тоғыз жасында Бұхарай-Шәршкә барып, медресе Шоқырда астқамат етіп, мырза Ұлықбекте мүдәріш Хамза қожадан, Пайстанада ноғай мүфти Сырахдин мүфтиден дәріс оқып, Мерекенде хазірет ишан Миан, Мәлік ишан Сауыт немересінің тәрбиесінде болып, отыз жеті жасында Ташкент шаһарында Бесағаш махалласында Әбілқасымхан ишан және қасында тұрып, пірада[р]лары Әкірамхан төреден тағылым алып, жүруі тұрсын көп болып, оқып-білуі аз болып, Сахарай мірік апаты риан ғирымзык дариясына...

Шежіре жинау тарихы

Қазақта хатқа жазылып, нұсқа болып қалған шежіре жоқ, ауыздан ауыз айтылып, біреуден біреу естумен: «Естіген құлақтың жазығы жоқ» – деп, сөйлей берген сөз. Өзіміздің бала күнде оқыған ұстазымыз – Кіші жүз-Бөкейлік-Қамар хазірет те қазақтың қара биіндей тілді кісілер еді. Қаракесекте – Беделі қожа Құрманбаласы Қасен қажы «Шежіре» атанған кісі еді. Онан сұрасаң, Мұса, Секербай дуа тиген кісілер еді. Қанжығалы – Бөгенбай ұрпағы Сакқұлак та «Шежіре» атанған кісі еді. Өзімнің сөз ұғып, үлгі-өнеге алған жақсы айтқандығым. Туған жылым қой еді. Жиырма үш жасымда жылан жылы Атбасар үйезіне қараған Мейрам Жанайдаров еліне барып, бір қыс, бір жаз жұрт бас қосқан жиында сөйлеп: «Баянаула, Қызылтаудан Мейрамға бір шежіре келіпті» – деп, жұрт аузында «Шежіре» атанған Мәшһүр еді. Үш жүздің баласын араладым, Бұхарай-Шәршкә, Ташкентте, Түркістандай шаһарларда әр жүзден шыққан жүйріктермен мәжілістес болдым. Қай жерде болса да: «Бәрекелді, естүіміздей бар екен!» – деді.

Бұл өмірде кісі аузына қарап, көргенім жоқ. «Ай кірсіз, Құдай мінсіз». «Айдан басқада кір көп // Құдайдан басқада мін көп». «Келін

киімсіз болмайды» – деген бар ғой. Жас күнімде қариялардан естіп едім. Бұл күнде көп жасағандық па, болмаса, жазуға сеніп жаңылнақ болғандық па, оқуға сеніп ұмытшақ болғандық па, – көбі ойда жоқтай сезіледі. Науан, Шуан деген аталары бар еді. Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Ақсаккелімбет, – деген аталар бар еді. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген аталары бар еді. Жастықта талай нұсқа қылып жазып жүрген сөздер еді. Осылар бәрі бұл күнде ұмыт болыпты. Ақарыс әңгімесі бар, өзгесінен әңгіме жоқ. Мен өзім әңгімесі жоқ атаны айтқым келмейді. Тамам осы – менің болған шамам.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім]. Бесімнің бәйбішесінің аты – Бөктік-Қыпшақ: Қатықұлақ мергеннің қызы үлкен зор тәуіп болған кісі. Үшкіргені ем болып, айтқаны айтқанындай келеді екен. Келіншек күнінде қалмаққа түсіп кетіп, ішінде көтеріп барған баласын қалмақ ішінде тауып, сол бала қалмақ қолында тірі қалған. Өзі қашып келе жатып, жаяу-жалғыз елдің шетіне келіп, өз ауылына жуырда жете алмай жүрген жерінде өлі жүн түтіп, екі кесек кигіз басып алған дейді. Бұл Бесім заманында көшпелі Төртуыл Ұлытау, Кішітауды жайлайды екен, Сорқара, Сортыны жайлап жүреді екен.

Баянаула, Қызылтауға ел аумақшы болғанда, Бесім Ақжігіт, Жанжігітке:

– Биыл көшпендер, мен өлемін. Мені осы Ұлытауға қойындар, ендігі жылы көшіңдер, – деді.

Балалары:

– Жерден құр қаламыз. Алдыңғы барған ел алып қояды, – десіпті.

– Ендеше биыл – менің өтетұғын жылым. Мені осы «Ұлытаудың басына әкеліп қоямын!» – десендер, көшулеріңе рұқсат беремін! – депті.

Балалары уәде қылып, көшіп барып, Қызылтауға Ашамайтасқа қыстаған жылы өліпті. Алып келіп балалары қойыпты. Сонан «Бесім дарасы» атаныпты. Тілеуқабыл дарасының өре басында. [Бесімұлы] Ақжігіт абыздың ең үлкен қызының аты – Зарауха. Онан соңғы

қыздарының аты: Дәме, Дәне. Зарауханы Қозы-Керейге ұзатқан. Бір қызынан туған жиені-Төртуыл халфе. Бір қызынан туған жиені-Керейт – Шөкей абыз деген кісі.

Бесім қатынын «Құдағи» – деп сөйлейді екен. Үлкен қызы Зарауха сегіз жасар күнінде, онан соңғы қыздары үйелмелі-сүйелмелі, еркек бала көрмей тұрған уақытта екі екі туысқанның екі қызын нәдір қылып, қалыңсыз беріп, Оспанқұл әздерді мектепбасы молда қылып ұстап, оның үйінің сыртына ақ қос тігіп, Құдай үшін бала жинап, дүкен қылған екен. Қазақта әуел кітап, молда ұстап, бала оқытуды бастаған осы екен. Сонда бір күні өзі намаз оқып тұрса, от басында отырған кішкене қыз балалар төрт ши шаншып от басына: бірінің аты-Құлмұхаммед, бірінің аты-Сермұхаммед, бірінің аты – Досмұхаммед, бірінің аты-Ізмұхаммед деп, намаз оқып ойнапты.

Ақжігіт абыз намазын оқып болып:

– Құдағи, байқадың ба? Құдай береді екен, сен төрт ұл табады екенсің, осы төрт атты қояды екенбіз. «Баланың аузы – періштенің аузы» – деп еді, – деп, – ырым қылыпты. Айтқанындай, құдағиы кідірмей буаз болып, бала көтеріп, ұл тауып, жоғарыда айтылған аттардың бәрі де орнына қойылды.

Сол шағында Ақжігіт абыз қырық тоғыз жасында екен. Ел жайлауда отырғанда, Көкшетау баурында «Қыздың қарасуы – Шүртік қараған» – деген жерлерде бір жақтан жолаушы келе жатып, түсте ат шалдырып, ұйықтап жатқанында түс көріп, оянсымен, астында жирен жорға аты бар. Атын «Түс садақасы» деп[ті]:

– Түсімде кок кептер келіп ұят жерімнің басына қонды. Ол – жұмақ (ұжмақ) құсы, енді мен өлемін. Осы түс көрген жеріме қойыңдар!-депті.

Сол күні үйіне келе ауырыпты. Қатыны екіқабат екен:

– Мына ішіндегі еркек бала туар, атын Ізмұхаммед қой, менің ізімді жоғалтпас, – депті.

Кешікпей опат болып, айтқан жеріне алып барып қойыпты. Өзі өлген соң, құдағиы еркек бала тауып, атын Ізмұхаммед қойып, «Ізден абыз» – осы кісі болыпты. Ендігі жылы ел жайлауға келгенде, ауыл-аймағы басына бата қыла барса, моласының үстіне үйрек ұя жасап, жұмырткалап қойған екен. Заманындағы қариялар:

– Мынаның арты жақсы болады екен! – деп, ырым қылыпты.

Айтқанындай-ақ, Изден, Дос заманында Ақжігіт абыз ұрпағы бір түрлі бай болып, өзінен жақсы кісі шығып, Алашқа білікті болды.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам-Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол]. Айдабол би Қошетерді Тайкелтірге: «Енші орнына қарабауыр қылып ал!» – деп берген. Қошетердің шешесі Шанышқылы-Қошетер батырдың қызы екен. Айдабол би нағашы атасының атын қойған екен. Шанышқылы сартқа бір атасы жуық. Танай Шанышқылы-Қатағаннан қалған ел тегіс ұста болғандығы бұл сөзді растайды.

Батыр Олжабай – Үйсін: Қаратай батырдың жиені. Шешесін қыс ішінде ұзатып келе жатқанда, жолда босанғаннан, атын Олжабай қойған: «Жолдың олжасы» – деуге лайық көріп. Үйсін-Қаратай батыр қызын ұзатқанда, Шанышқылы-Қошетер батырдың қызын қызының түйесінің басын жетектетуге берген. Жолда келе жатып, бала тапқан соң: «Бұған ат болуға қос жетер», – деп, атын «Қосжетер» қойған. Шешесінің аты-Бөктік, қосты жидырушы.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Олжакелді (Қаржас)]. «Толыбай ұранды Қанжығалы» – дейді. Сол Қанжығалыда ұран болған Толыбай сыншы заманында бір жаққа жорыққа бара жатып, бір көлдің басынан бір тірі еркек бала тауып алыпты. Аяғын-апыл-тапыл басқан, тілі шықпаған баланың мойнында алтын сакигілі шұбар төсі бар, асулы бір алтын сақа бар.

– Өзіміз жолаушы, өзі қысқа қараған суық күн, бұл қиын болды-ау! – деп, дағдарып тұрса, көз ұшында бұлдырлап қара көрінген соң, соған келсе, түйе екен, бақташысы бар.

– Бұл кімнің түйесі? – десе,

– Нұрфая бәйбішенің түйесі, – деген соң,

– Менің атым-Толыбай, мына бала – жолдан тауып алған олжам.

Мойнындағы – баланың өзінікі. Нұрфая бәйбішеге байлағаным. Екі баласына серік қылып асырап алсын! – деп, түйешіге беріп кетіпті. Сонда

түйенің үстінде жабуы бар екен, басын кылтитып, түйенің өркешіне тығып, ауылға алып келген соң, Нұрфая бәйбіше:

– Бұл өзі олжа келді, Олжакелдім! – деп, атын «Олжакелді» – қойыпты.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол жалғасы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол – Жанкозы – Төлебай – Жолан]. Төлебайдан: Жолан, Еламан, Едіге; тоқалдан – Малкелді. Еламаннан – Мәулімберді, бәйбішеден: 1. Атан. 2. Жәуке. 3. Тұрсынбай. 4. Шонты. 5. Текебай. 6. Көрпебай. Меңдібике-қарақалпаққызы тоқалдан: 7. Ботан, 8. Нұралы, 9. Бақыбай, 10. Жауқашар. Атан жастай өліп, қатынын Жәуке алып, онан Өтеміс туған. Өтемістен – Белгібай жалғыз, онан-Ахметбек, онан ол тұқым бітті. Еламан заманында «Он ұлды Еламан» – атаныпты.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Олжакелді (Қаржас)] Қаржастың үш баласы: Құлықе, Бегім, Алтынторы. Бегімнен – Сатылған. Сатылғаннан: Тілеуімбет, Танат, Қоныс, Мәмбет, Жансары. Танаттан: Батырбек, Атанбек, Тауасар. Батырбектен: Өтеу, Жанкылыш. Тауасардан: Қосаған, Қоске, Қожаберген. Атанбектен – Қожамберді. «Қожамберді – Дорбауыл» – дейді. Дорбауыл түбі – Найман. Қалба тауындағы – Дорбауыл – Найманнан Айтымбет деген төрт қос жылқымен келіп, Қаржас ішінде бір қыс қыстап жатып, Атанбектің Мөрдеген қызын тоқалдыққа сұрап, сонда Мөрдің ағасы Қожамбердінің қатыны. Жылқышының ішінде: Аткалтір, Шарық деген екі жылқышы құл бар екен. Шарық өзі балуан, өзі жылқыұстампаз. Құрығына екі жылқы қабатталып түссе де, Шарықтың тартып қалған күшіне шыдамай, екеуі де мұрттай ұшады екен. Сол Шарықты жеңгетайына: «Бер!» – деп сұраған соң, беріпті.

Сонда Аткалтір:

– Мұны берсең, мені айырма, қоса бер. Егер айырсаң, Найман, сен де оңбайсың, Қаржас, сен де оңбайсың! Екеуінің де түбіңе жетемін, бастарыңды мүжिमін деген соң, Аткалтір, Шарық екеуін де

беріпті. Айтымбеттің бәйбішесінен бала бар болса, өз елінде, Мөрден туған балалар «Дорбауыл» атанып, Қаржас ішінде қалған Аتكелтірден-Жақсылық, Жақсылықтан-Үсен батыр. Үсеннен-Араб, Арабтан нәсіл тұқым жоқ. Үсеннен – Ержан, білмеймің не бар, не жоғын. Шарықтан: Бекжан, Мамай, онан: Балжан, Жақып.

Мұса, Секербай заманында ас, той, жиын топта бас бәйгені алысып, Мұсаның өз асында бас бәйгесін алып және ас тарқарда Қуандықтың бір балуаны Саққұлаққа арыз қылып күресіп, Жақып оны да жығып, жауырыны жерге тимей қартайды.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан].[Жанқозыдан]: Қосқұлақ, Төлебай, Лапақ, Сары. Төлебайдан: Еламан, Едіге; Ырыс тоқалдан: Елкелді, Малкелді. Жолан-Қосқұлақ баласы. Еламанның Мәулім бәйбішеден: Атан, Жәуке, Тұрсынбай, Шонты, Көрпебай, Текебай. Міндібике-Қарақалпақ қызы тоқалдан: Ботан, Нұралы, Жауқашар, Бақыбай. Еламан заманында «Он ұлды Еламан» атанған. Атан жастай өліп, қатынын Жәуке алып, онан туған баланың [атын] Ізден қойып, онан Өтеміс туған. Өтемістен – Белгібай жалғыз, Белгібайдан Ахметбек жалғыз. Ол тұқым сонымен бітті.

«Тоқал Арғын» шежіресі

1778-інші жыл – Абылай ханның Орта жүзге хан болған шамасы. 1821 – жылда Уәли хан өліп, ас берілген шамасы. Бұл Айнакөзден тарағанды «Тоқал Арғын» – деп атайды. «Жоғары Шекті», «Төменгі Шекті» де екі руға бөлінеді. Таңбалары – Арғынның дөңгелек таңбасы. Жоғарғы Шекті – сабағын жоғары, Төменгі Шекті төмен қайырады – оқшантай таңба.

Жоғарғы Шекті-Қазыбек би, Төменгі Шекті-Бекен, Шокай батыр. Және Бекен – Жазының баласы. Сары, Шекен, Қара, Жазы қатар шыққан. Қара – балуан Жәнібек баласы. Шақшақұлы Қошқар, Тұршақарұлы Жәнібек батыр. Қара балуан Жәнібек басқа, батыр Жәнібек басқа, – екеуі де «Тоқал Арғыннан» шығып, бірінен-бірі дөкей

болған ерлер. Батыр Жәнібектен-Дәуітбай. Бұл Дәуітбайдан-Мұсабай, Мұсабайдан: Бірімжан, Қазыбек. Бірімжан балалары: Қорғанбек, Дәуренбек. Қазыбектен-Әбдібек жалғыз.

Қуандықтан алтау: Аманқарт, Есенқарт, Алтай, Қарпық, Борыш (Бұрыш), Темеш. Екі қарттан: Ағыс, Қалқаман.

Қанжығалы тарауы

Алтай жігіт күнінде жүгенін беліне байлап алып, жаяу барып Піспек байдың жылқысын баққан. Ішпекбай, Піспекбай деген ағайынды екі байлар екен. Сонда Піспекбай іңірде өз қолынан арқандаған атын түні бойы қарап, таба алмай, әуре болды. Таң атса, шөптің үстінде, судың тұнығында кореді екен. Себебі Алтай жылқының өрісінен келіп, жылжытып отырады екен.

Қазақ орысқа алғаш қарағанда, Иван Семенович деген полковой келін, Баянауладан қала салдырып, дуан аузын ашқанда, дуанбасы қазы, болыстарға Шоң би дуанбасы, Сейтен Тайжанның қазы болып, Қанжығалы атындағы ел ойдағы – қырдағы бір болыс болып, болыстықты кейін Анай, Малай Борай баласы Жолға [байлаған]. Жол:

– Байлағандарың рас болса, мен Әжеке – Дәнненнің Дәнненіне бердім. Дәннен күндердің күнінде кімге [беруін] өзі білсін! – деген.

Сондықтан Қанжығалыға ең алғаш Дәннен болыс болған. Дәннен өлерінде өз бала[сына] байламай, Жол баласы Әлдебекке берген. Әлдебек болыс күнінде Ерейменнің Қызылағашында отырып, айтып отырады екен:

– Осы Қызылағашқа Қараөткел, Ақкөл, Құрмандоғалақ – үшеуі бірдей үйден шыққан Қараөткелге де қонаға барамын, Ақкөлге де қонаға барамын! Құрмантоғалаққа да қонаға барамын! – деп.

Әлдебек өлерінде болыстықты Дәннен балаларына байламақ болғанда, Мұстафа деген баласы тілін алмай, өзі болыс болған. Соған өкпелеп, Қанжығалы екі айрылған. Жеті румен Әжібай Баянаулаға қарап қалып, Қама, Жапар, Қарабұжыр – «Тентек Қанжығалы» Ақмолаға қарап кеткен.

Қанжығалының қақ жарылған жері сол себептен.

Қанжығалыдан Бөгенбай батыр шықты. Үш жүздің баласының кәрі құлақтысынан ақымыз бардай қадалып сұрадық – түбі-тегін білуге.

«Бөгенбай әкесі – Ақша, Ақша әкесі – Әлдекүн, Әлдекүн әкесі – әлде кім?» – дегеннен басқа білмейді.

Қазақ шежіресі

(сегізінші нұсқа)

Орта жүз – Арғын шежіресі

Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс, – үшеуінен үш басқа болып тарайды [230]. Ақарыстан – Ұлы жүз, Жанарыстан – Орта жүз, Бекарыстан – Кіші жүз тарайды.

Жанарыс баладан зарығып, қатыны да, өзі де күдер үзіңкіреп бара жатқан кезінде алты жожа: «Құдайы мейманбыз» – деп, сау етіп түсе қалыпты. Сонда Жанарыс қуанғаннан, алтауына алты қой сойып күтіпті. Қожалар әбден риза болып:

– Осы алтауымыз да атымызды саған бердік, алты ұлдың атасы боласың, – депті.

Қожалардың аттары: Қарақожа, Ақтанбердіқожа (Ақтамбердіқожа), Дарақожа, Момынқожа, Смағұлқожа, Қосымқожа. Сонан сон Жанарыс алты ұлды болып, алты қожаның атын қойыпты. Төртеуі бәйбішеден, екеуі тоқалдан. Бәйбішеден: Қарақожа, Ақтанбердіқожа, Дарақожа, Момынқожа. Тоқалдан: Смағұлқожа, Қосымқожа.

Қарақожадан – Арғын, Ақтанбердіқожадан – Қыпшақ, Дарақожадан – Қоңырат, Момынқожадан – Найман. Смағұлқожа, Қосымқожалардан: Керей, Уақ. Тарақты – қыздан туған жиен – «Орта жүздің жеті арысы» – осылар. «Ел жаманы – Тарақты, ит жаманы барақ-ты», – деген де сөз бар. «Төре жоқта Тарақты төре болуға да жарайды» – деген де сөз бар. «Тарақты Арғынның апасынан [әпкесінен] туған бала екен»-дейді. Қыз күнінде біреумен шатысып, сонан туып:

«Бұл бала кімнен пайда болды?» – деп сұрағандарға ұялып үндемей шашын тарай берген. «Сонан соң баласының атын: «Таракты» – қойған екен» – деп сөйленеді. Өзі Арғынның баласына «Нокта ағасы» болатын да жері бар. Не нәрсенің анығын Алла біледі. Мен солардың қасында бір жүріп, тұрыппын ба? Біздікі – «Естіген құлақтың жазығы жоқ», – деп, соға бермек. Қазақтың өзінің кигіз кітабы – ауыздан ауыз айтылып, бірден бірге калып келе жатқан сөз. Бұл жоғарыда айтылған сөздер қазақ ішінде бұдан бұрын қазақ еліне нұсқа болып жазылмаған. Пайғамбарымыз айтқан Хадис-Шарип: «Алнатын асат кәззабұн» – күнәң жоқ болса, күн есебіне жазығың жоқ болса, жер өрте»-дегендей, ғадамын күдірет бағыш. Тауфиқ, ұрлық, өтірік, ойнас қолымнан келмеген соң: «Тіпті күнәсы жоққа Құдайдың рахметі жоқ», – деген сөзден қорқып, «Май жесең, тойғанша!» – деп еді ғой, – деп, надандықтың бейпіл байлығына тартынбай-ақ кірісіп, кешіп кеткенім ғой! Алла өзі фазылына алып, рахметінен наумит қалдырмасын!

Қарақожа бабамыз жас бала күнінде жалаңаш жүреді екен. Үстіне киім кигізсе, жұлып, лактырып тастай береді екен. Бұл Қарақожаның бала күнінде бір хадиша шакаая болыпты. Ол әңгімесін қоя тұрып, кейін айтамыз.

Арғын бабамыздың бәйбішесінің аты – Аргүл, мұнан: Құтан мен Бұтан деген екеуі туған. Бұтан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл тұқымы қалмаған. Құтаннан Мейрам сопы жалғыз. Бұл туралы бұрынғы акындардың қалған бір ауыз өлені бар:

Сұрасаң арғы атамды – ер Құтан-ды,
Сұлтанбекәзиден ол бата алды.
Мейрам-ұлы, Қарашаш бір қыз – туып,
Қуандық, Сүйіндік боп сонда аталды, –

деген сөзін дәлел қыламыз. Және де Көтеш акыннан Уақ – Жарқын би сұраған екен:

– Бұл акындық ата-бабаңыздан бар ма? Иа, нағашы тегіңізде бар ма? – деп.

Сонда Көтеш акын айтқан бір ауыз өлені бар:

Қазақта Арғын аға болған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Біздердің түп атамыз – акын Құтан,
Өзгеден өлеңге ұста болса керек.

Сондай сөздерден біздің Құтан деген атамыз бар болғанын білеміз. Бұқарекен [Бұқар жырау] айтыпты деген сөз бар:

Барымызды сұрасаң,
Құтан [б]айдың баласы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болған тәубесі (тобасы), – деген.

Арғынның тоқалының аты – Момын. Бұл Момыннан туады: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан – «Толыбай» ұранды Қанжығалы, «Маябоз» ұранды Тобықты. Қарасопыдан – «Қарақай» ұранды Қарауыл, «Барлыбай» ұранды Бәсентиін. Сарысопыдан – «Ұшыбай» ұранды Атығай, Он екі атаның ұлы – Дәуіт. Арықсопыдан, Нәдірсопыдан үрім-бұтақ, жұрағат жоқ.

Арғын бабамыздың жүз алты [106] жасында алған бір тоқалдан, аты-Айнакөз, онан туған баланың атын Тәнбіс сопы қойған. Тәнбіс сопыдан: Үсенбай, Елемес. Елеместен-Ерман, Ерманнан: Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан: Ақай, Жолдыбай, Тағыншы, Аманжол, Сомжүрек. Аманжолдан – Көшей. Көшейден – Шақшақ батыр. Шақшақ ұлы – Қошқар, Қошқарұлы Жәнібек «Өр Жәнібек» атанған. Мойыны бұрылмайтын, беті қайтпайтын жан болыпты. Жәнібектен – Дәуітбай, мұнан туған Мұса батыр. Мұнан кейінгілері: Бірімжан, Қазыбек. Бірімжаннан: Қорғанбек, Дәуренбек. Дәуренбектен-Ғазымбек.

Шағыр – Бөлтіріктің Бөлтірігінен: Сырлыбай, Сары. Елемеспен бірге туысқан Үсенбайдан – Қарамерген. Мұнан туған – Байташы. Ауыл тілінде әңгіме болған: «Байташының есепшісі-ай!» – деп, осы Байташыны айтқан. Ақташы, Бұғышы Байташы, Тағыншы. «Шар жетім Шақшақ», – десе, білмейтін жан жоқ. Қараман, Төлек, Қырықмылтық дегендер де бар: «Тоқал Арғын» – деп сөйленеді – Орынбор жақта алты болыстан асатын шығар. «Тоқал Арғыннан» екі Жәнібек шыққан. Бірі – Шақшақ Жәнібек, бірі қара балуан Жәнібек.

Арғын-Мейрам тарауы

Мейрам сопының бәйбішесінің аты – Нұрфая екен. Алшын – Құдыс байдың қызы екен. Өзін қыс ішінде ұзатқан екен. Нұрфаяның өз шешесі өліп қалған екен.

– Бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін! – деп, Нұрфаяның ағасының әйелі, жеңгесі еріпті. Түйенің басын жетектеуге бір жетім

қыз қосыпты. Көш ілгері кетіп, күйсеу жігіт артта қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел бір жерге отырып с...ген екен. Қараса, біреуінің с...гі тонды қарс айырып жіберген екен. Түнде қойнына жатқанда, Нұрфаядан Мейрам сұраса:

– Ол кім? – деп,

– Ол Қарқабат еді, – депті, – Отыра қалып, күрілдеткенде, қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, аттар да үркеді, – депті.

Елге келіп орныққан соң, екі елдің арасы жаугершілік болып, Нұрфаяның жеңгесі еліне қайта алмайтын болыпты. Сонан кейін Нұрфая: – Ағайдың төсі тиген жеңгем-ді, басқаға тимесін, – деп, – өзің ал, – деп, Мейрамның өзіне қосыпты. – Мына күнді де өзің ал, жатыны асыл: өсіп-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш әйел бір жерде болайық, – деп, оны да алғызыпты.

Нұрфаяның өзінен Қуандық пен Сүйіндік туады; жеңгесінен: Бегендік, Шегендік туады; Қарқабаттан Болатқожа туады. Бесеуі де өсіп-өніп, «Бес Мейрам» – аталған.

Сүйіндіктің қайын атасы – Ұлы жүз: Үйсін – Өгіз бидің қызы екен. Бұл қызды да жеңгесі ертіп кетіп, еліне қайта алмай қалған екен. Мейрам сопы өлгеннен кейін, Нұрфая бәйбіше болып отырыпты. Қара мал еншісі бөлек басқа екен де, жылқы еншісі бөлінбеген екен. Сонда Қуандық жылқы бөліп алуға келгенде:

– Өзім бір сыбаға, алты балам алты сыбаға алады, – деп, – Қарашаңырақтағыларың бәрің бір сыбаға боласындар! – деп, дау қылыпты.

Сонда Сүйіндік Болатқожаны оңаша шығарып алып:

– Мына Қуандық алты баласын арқа тұтып, маған көптік қылады. Сен маған жақтасып, жасаққа шықсаң қалай болады? Сен маған болыспасаң, мен өлмей артық мал бергім келмейді, – дейді.

Болатқожа Сүйіндіктің қолындағы жеңгесін сұрайды.

Сүйіндік айтады:

– Өзің: «Қыз аламын» – демесең, сенен бір танбалы байталды аяймын ба? Қазір алсаң да, ешкім таласпайды, – [деп], Болатқожаны өзіне ертіп алып, Қуандыққа қарсы жасаққа шығады. Қуандыққа келеді, [оның] алты баласы қасында. Алты ұлдың кенжесі Сүйіндікпен тұстас. Қуандық, Сүйіндік арасы сирек туған. Сонда Болатқожаның істеген жұмысы – жерден алты томар шымды қопарып жұлып алып,

Қуандықтың алты ұлын алты шыммен ұрып жығып, Қуандықтың өзіне жетіп айтқаны:

– Сөзге көніп, түзулікке келесің бе, болмаса, балаларыңның қасына қосайын ба? – деген соң, Қуандық:

– Сен бәрімізден кіші болсаң да, сенің ырқыңа көнбеске болмады. Бұрынғылар айтқан сөз бар еді: «Қой асығы деме, қолайыңа жақса, сақа қой! // Жасы кіші деме, ақылы асса, аға қой», – деген. Енді мен аға емес, сен аға болдың. Жылқыны қалай бөлсең де, билігін саған бердім, – дегенде, Болатқожа айтты:

– Мына жатқан жылқының ортасынан қақ жарып жүреміп. Сен аға едің, таңдаған жағын сен ал, қалған жағын Сүйіндік екеуміз алайық, – деген соң, алты сыбаға алмақ былай тұрсын, жанынан қайғы болып, қорқып тұрған Қуандық қорыққаннан:

– Құп болады, – деп көніпті.

Айтқанындай, қаптап, жер қайысып жатқан жылқының ортасынан қақ жарып жүріп, бөліп берген. Осылай бөлген соң, Сүйіндік Болатқожаға өкпеледі дейді:

– Сені мен жеңгемді беріп, өзіме тартқанда, істегенің осы ма? Өзің екеуміз бір-ақ сыбаға болып қалдық. Және жылқының көп жағын ол алып кетті, – деп.

Сонда Болатқожа айтты:

– Жылқының бытырап жатқан, шашырап жатқан жағын алды. Артық болса, бір-ақ айғырдың үйіріндей артық шығар. Ондық ағалығы жоқ па? Біздің тумаған күнімізде, жас күнімізде ол бізден бұрын еңбек сіңірген шығар, – деп, Сүйіндікті сөзден тоқтатып қойыпты.

Артынан санап текшере келгенде, Болатқожаның айтқанындай бірлі-жарым айғыр үйірі ғана артық болып шығыпты.

Еншіні екі ағасына Болатқожа бөліп берген екен. Сонан кейін Қуандықтың алты баласын алты шыммен ұрып жыққаннан, кесекпен ұр[у]ды, кесекпен ұрғанды шығарғаннан, «Қаракесек» – атанып, Болатқожа атынан Қаракесек аты даңқты болып кеткені сол дейді.

Аргын-Бегендік тарауы

Нұрфая бәйбіше Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Олжакелді – деген асыранды бала, – төртеуін де өз қолынан үйлендіріп, енші бөліп беріп, сол төртеуін «Төртуыл» [«Төрт ауыл»] – атаған. Бегендік-Қозған, Ше-

гендік-Қақсал, Олжакелдісі – Қаржас. Туысы баска-баска болса да, «Төртуыл» дегенде, косыла кетеді.

Бегендік қыршын жастай өліп, қатынынан бір бала туып, атын Оразкелді қойған. Бегендік өлген соң, ол қатынды Сүйіндік алып, Сүйіндіктен бір бала тауып, атын Суғыншы қойған. Оразкелді, Суғыншы – екеуі де Сүйіндік баласы болып, Оразкелдіге қатын әперіп, енші берген – Сүйіндік. Оразкелдіден екі [бала]: Тәңірберді, Сәрік.

Суғыншыдан екі бала: Шуманақ, Мәжік. Тәңірбердіден үш бала: Ораз, Малқар, Жұлым сопы. Сәріктен екі бала: Қожамберді, Токтас. Қожамбердіден: Байназар, Есназар, Қозыбақ.

[Арғын-Мейрам-Бегендік-Оразкелді – Сәрік-Токтас]. Токтас екі қатын алған: бәйбішесінен – Есіл бойындағы «Қара Қозған». Екінші тоқалының аты – Сарықыз, онан туғандары «Сары Қозған» атанады. Қозған деген кісі аты жоқ, қозғала берген соң: «Шіркін, коза берді ғой» – деп, «Қозған» – аталған. Қақсал деген кісі аты жоқ, қақсай бергеннен, «Қақсал»-аталған.

Қуандық, Сүйіндік екеуі енші алысқанда: «Қарабауыр қылып аламыз», – деп, таласып, асық қаржысып алғаннан [Олжакелді](Оразкелді) «Қаржас» атанған.

Сүйіндіктен – Суғыншы, онан – Мәжік пен Шуманақ. Суғыншының қатынының аты – Жолбике. Бұл Жолбикеден [231]: Жанболды, Құлболды, Жолболды туады. [Жо]лболдысы – Орманшы. Шуманақ өлгенде, Жолболды емшекте [қа]лған бала екен. Жолбикені Қаржас алып, Жолболды шешесінің [құ]шағында кетіп, оған қатын әперіп, енші берген – Қаржас. [Ар]тынан өз қолы өз аузына жеткен соң, өз бауырларын тапқан. Құлболды балаларының зорлығын көре бастаса, Қаржаспен ыңғайласа бастайды. «Жолбике-легенде», Шуманақпен бір туысқан [болады].

Мәжіктен: Малай, Жәдігер. Малайдан: 1. Қатке. 2. Дәулет. [3] Жәнібек. [4] Тінібек. Жәдігерден: Байткен, Шакай, Сары.

Бұл Малай, Жәдігер өзге Төртуылдан аз болғандықтан, күні бұл күнге шейін Төртуыл атында. Құлболдымен туысқан Жанболды аз болғандықтан, күні бұл күнге шейін Жанболды атымен аталады.

Бұрынғы ақындардың бір ауыз өлеңі бар:

Мәжікпен бір туысқан – ер Шуманақ,

Қойыпты Құлболдыны Құдай қалап.

Құлболдының бәйбішесінің аты – Мақпал. Бәйбішенің үлкені – Күлік, Тұлпар, кенжесі – Айдабол.

Айдабол 13 жасында би атанған екен. Ол замандарда Арғын Сырдарияның күнбатысында мекен қылып жүреді екен. «Арғындар Сырдариядан өтіп, Қаратауды жайлайды» – деген сөзді естін, Қарақалпақ, Алшындар:

– Арғын бұл жаққа келсе, таң атырып, күн шығармайды, откелден өткізбейміз! – деп, өткел аузын қамап тұра қалғанда, Сыр бойында аяқтап өтетін өткел болмайды.

Сонда Мақпал бәйбіше астында торы жорға аты бар, сексен нар жетелеп, судан өтерде қара шұбар манат белдемшенің етегін жинап алды да, іркілместен аты да үйректтей қайқандап, жүгімен нарлары да шегініп қалмай байпаңдап өте шығыпты. «Өткізбейміз!» – деп тұрғандар ләм-мим дәнеме айта алмапты.

– Пай, пай, бәйбішенің бөкесіне болайын! – десіпті.

Сонда Мақпал бәйбіше:

– Күлсең, күлерсің. Күндердің күнінде күлкінді тыя алмай жүрерсің! Бұл қай бөксе дейсің, Айдабол шыққан бөксе. Артың болса, Айдаболдай ұл тап! – деп, жүре берген екен.

Төрелер шежіресі

Тоғай, Маралды бойындағы төрелер. Қанқожа, Бопының әкесі Тәтен төре – Шоң, Торайғыр заманында болған, Тоғай бойына төрелік қылған. Тәтен әкесі – Орыс төрс: көзі шегір, өзі сары болған соң, «Орыс» атанып кеткен. «Бұрынғы аты Наурыз екен» – деседі.

Бәсентиін: «Төре қыламын» – деп әкелген екен. Қанқожа баласы – Арынғазы, онан – Бастамин.

Арғын-Бегендік тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік – Оразкелді – Тәңірберді]. Оразкелдіден – Тәңірберді мен Сәрік болған. Тәңірбердінің үш баласы бар: 1. Ораз. 2. Малқар. 3. Жұлым сопы. Сәріктің балалары: 1. Қожамберді. 2. Токтас. 3. Қожағұл. «Қозған» – деген кісі аты жоқ. Қозғала берген соң, қойған: «Шіркін, қоза берді ғой!» – деп, «Қозған» –

қойған. «Қозған – тозған», «Қозғаншың қозылы – қойлы[қ] залалы болады екен». «Қаксал» – деген де кісі аты жоқ, қақсай бергеннен, «Қаксал» – атанған.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік (Қозған) – Оразкелді – Сәрік-Қожамберді]. Қожамберді балалары: 1. Байназар. 2. Есназар. [3] Қозыбақ. [Қозыбақ] – Шолақтың түбі-Рамазан.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Бегендік (Қозған) – Оразкелді – Сәрік-Тоқтас]. Тоқтастың бәйбішесінен Есіл бойындағы «Қара Қозған»: 1. Әбіл. 2. Тілеу. 3. Құлтай. 4. Тінібек. 5. Төлек. 6. Темір. 7. Сәдібек. Әз Тәйтеке-Әбіл, Тілеуден; бір өзінде жеті ат қойылған: Әз Тәйтеке, би Тәйтеке, дайыр Тәйтеке, құт Тәйтеке, Алшын-Тәйтеке би, Арғын-Тәйтеке би – атанған. Сарықыз-Тоқтастың тоқалының аты. Оның балалары «Сары Қозған» атанады.

Бәйбіше балалары зорлық қылып, күн көрсетпеген соң, Айдабол, Күліктің қолтығына кіріп кеткен, сонан бұл жақта қалған. Сиырбай (Сырбай) деген бір атасы бар.

[Арғын – Мейрам – Бегендік (Қозған) – Оразкелді – Сәрік-Қожамберді-Қозыбақ]. Қозыбақ балалары: Матай, Құдайқұл; тоқалынан-Жылқыайдар. Матай балалары:Сатай, Жұмақ, Жәнібек; тоқалынан-Есен.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Құлболды – Айдабол – Малқозы – Төлебай]. [Малқозы]: Төлебай, Қосқұлақ, Лапақ, Сары. Сарының Төлебаймен туысқан-туыспағанын анық білуші жоқ. Сарыны біреулер: «Жеке жігіт екен, – дейді, – Төлебайға еншілес болып, сіңіп кеткен екен», -дейді. Өзі бай болған екен, сонан соң Төлебай тамақ қылу үшін: «Сарым, Сарым!» – деп, еркелетіп жіберген екен» – дейді.

Төлебай «Қу жарғақ Төлебай» – атанған екен, «Пәлі, Төлебай», – атанған екен. «Пәлі, Төлебай» – атанған себебі бұрынғы заманда Арғынның қойшысынан өрт кетіп, Ұлы жүз-Үйсіннің бірнеше қотан қойлары күйген екен. Соны Ұлы жүз – Үйсін Арғыннан дау даулаған екен. Сонда соның бітіміне Ұлы жүз-Үйсіннен Төле би шыққан екен де, Арғыннан Төлебай шыққан екен.

Үйсін –Төле би:

– Қолыңмен салған өртті етегіңмен қалай сөндіремін деп келдің, Төлебайым?! – дегенде, Төлебай:

– Алладан деп білсеңіз, қойыңыз да; адамнан деп білсеңіз, алыңыз, – деген екен.

Төле би:

– Пәлі, пәлі, Төлебайым, жарайсың, жарайсың! – деп, Төле би тақа тұра қалған екен.

Сонан «Пәлі, Төлебай» – атанған екен, – деседі. Және бір дәлелі – атқан оғы далаға кетпейді, жаза соқпайды екен. Өзі атып, өзі: «Пәлі, пәлі!» – дейді екен. Өзін аң көрмейді екен. Бір топ киік жолықса, біреуін жібермейді екен. Қара бойын аң көрмеген соң, қанша атып, қиратып жатса да, алдынан аң ешқайда қашып құтылып кетпейді. Сонан «Пәлі, Төлебай!» – атанған екен. Тама-Сарбас мерген:

– Менен мергендік салыстырғанда, жалғыз-ақ «Пәлі, Төлебай!» мергендігі асты, – деген [232]. Айғандық Бабабек деген сартқа жалшылыққа да жүрген жері де болған екен. Сонда Бабабек қатынына айтқан екен:

– Осы қазақтың ұйықтап жатқанда, үсті-басы жап-жарық болып жатады. Бойында жанып тұрған шам-шырағы бар екен, – депті.

Сол уақытта Бабабектің бір бойжеткен қызы бар екен: «Қалайша мұның үсті-басы жарық жатады екен?!» – деп, есікті ашып, сығалап, қараңғы үйдің іші, өзге жері бәрі қараңғы, жатқан қазақтың үсті шам жаққандай жарық болса, онан да жарық. Өзі жатқанда, ашылып, шашылып ханнан қауіпсіз бейғам жатады екен. «Бері кел!» – деп, қол бұлғап шақыратын қолы жоқ болса да, «Мені көрдің бе?!» – деп, қаққан қазықтай қақиып тұрған «батырды» көрген соң, аяғын кейін салуға шамасы келе алмай, жүгіріп келіп:

– Бейәдеп қазақ! – деп, шап беріп, ұстап отыра қалды дейді.

Жан жерін біреу бүркіттей бүріп, шеңгелдеп жатқан соң:

– Бүрген олай емес, былай! – деп, бауырының астына басып алып, жұмарлай бастағанда:

– Ей, бейрақым қазақ, ей, бейрақым қазақ! – деп, бір жаққа кетіп қалар дегендей, екі қолын аш белден қысып алып, шамасы келгенше босатпасқа тырысты дейді.

Бұл жұмыс болған соң, көп кешікпей-ақ сол қызды алып, Арқаға қарай жөнеліп берді дейді. Сонда кез болып, жолдас болып, үшеуден үшеуі жапан түзде оттас, ораздас болған. Елге алып келген соң, «Енді мал керек!» – деп, Төлебай жапа-жалғыз Орал тауындағы Естек елге аттанбақшы болды. «Естектің ен малы бар дейсің бе?» – мәтел болған Естек.

Сонда сарт қызы:

– Сіз кешіксеңіз, мен қандашақ қыламын? – деп, қайта-қайта айта берді дейді.

Сонда Төлебай:

– Мені бір жыл күт. Егер де бір жылда келе алмасам, қайның Қосқұлаққа тие бер, – депті. «Солай демесем, жібермейтін» болған соң – Қой, қош-есен, аман бол! – деп жөнеле берді.

Төлебай сол кеткеннен кете берді. Бір жылда келмеген соң, сарт қызы Қосқұлаққа тиіп кетті дейді. Сол жорығында 3 жыл жүрген екен. Сонда Төлебай сөзі:

Көк көгершін, көгершін,
Көк кептер ұшар жем үшін.
Қара сабам жоқ үшін,
Қатын-бала қамы үшін,
Тең-құрбыдан кем үшін,
Ерлер жорғар мал үшін! – деген екен.

– Елде менімен теңмін көп еді. Сөйткенмен менен басқа теңінен өткенінен өткені жоқ еді! – деген екен.

Үш жылдан соң жапа-жалғыз өзі 300 жылқы айдап, жолшыбай биесін байлап, қара сүйретпені қымызға толтырып, ырғап-жырғап келе жатқанын естіп, ағайын-аймағы жүректері лүпілдесіп, қуанысып тұрды дейді. Қосқұлаққа тиген соң, бір ұл тауып, талпынып еңбектеуге тырысып қалған баланы:

– Мұны ұялмай, не деп көрсетеміз? Және не бетімізді айтамыз?! – деп, қатын-қалаш бетін үзіп алып, бір-біріне күңкілдесе бастады дейді.

Сонда сарт қызы:

– Сізлер өз амандасуларыңызды түзеңдер. Мен не деп амандасуды кісіден сұрамаймын! Менімен, баламен ісіңіз болмасын! – деді.

Төлебай келіп, аттан түсін жатқанда, сарт қызы баланы көтерін алып шықты:

– Үш жыл жоғалып кеткендегі сіздің олжаңыз қандағы, үйде отырған менің олжам қандағы?! Көріңіз, мына менің олжамды! – дегенде,

– Жарайды, жарайды, бұ да осы жолдың олжасы ғой, – деп, атын «Жолан» – қойған екен.

Сонан кейін қатынын өзі қайта алып, Еламап, Едіге туған. Онан кейін Ырыс (Ерсін) тоқалды алып, онан: Елкелді, Малкелді туған екен. Бұл балалар туған соң, енді Төлебай дөкейленді, қандай Төлебай десен, сондай Төлебай болды. Бұхарай – Шәріпте, шаһарында әмірінің әрігінде: «Пәлі, Төлебайдың» қамшысы хала осы күнге шейін ілулі тұр. Ғабдолла хан салдырған шаһи батшайы дүриа сатылатұғын тамда тартқан жағының оғы шеге болып қадалып тұр. Басқалар оғын кіргізе алмағанда, бұл кісінің оғы кіріп кеткен. Ешкім қайта суырып ала алмаған екен.

Өзі үлкен зор қасиетті кісі болыпты. Өмірінде кісі қарғамаған, сіле қылмаған. Бар қасиеті бойында түгел кеткен бір жан. Өзі өлерінде айтыпты:

– 44 кейорайым бар еді, соның қырқы Елкелдіде қалды, – депті.-Біреуі – Сары – Тастенде қалды – депті. Үшеуі – Тұрсынбайда қалды, – депті.-Ана қырқы да – бір бас, Тұрсынбайда қалған – үшеуі де бір бас, – депті. Және айтыпты:

– Менің тұқымымның малы-басы аса дәуірлеп өсіп, жұрт алдына озып түсіп кетпейді. «Неге?» – десен, менің тұқымым[ның] шешесі – сарт қызы ғой! Сарт сықылды күншіл: бірінің басы, не малы ілгері байсын десе, бірі күндеп, атып жыққанша асығады. Сол үшін бірінің көзі, бірінің тілі сап ете түседі де, ілгері бастырмайды!-депті.

Ей, жігіттер, әулиенің сөзінде жалған бар ма, Төлебайдың баласында болмаған бар ма? Болғанында солмаған бар ма?! Толарына келгенде, аспанға ұшады, соларына келгенде, мұрттай ұшады. Үш жүздің баласы қазақты араладым: күншілдікке келгенде, бұл Төлебайдың баласындай ешқайда ешбір жанды көргенім жоқ.

Өз Тәйтеке, би Тәйтеке, құт Тәйтеке, дайыр Тәйтеке, – бір өзіне жеті ат қойылған Тәйтекені айтқан ғой!

Төлебайға конған бақ – күншіл бақ. Біріне бақ конса, бірі күндеп, кетіргенше асығады. Бір тұқымда бақ тұрақтап тұра алмайды. Бақ деген – көшпелі қыз: алған күйеуге де кетеді, қыздан туған жиенге де кетеді.

Кеше Жанқозы екі бөлініп, Секербай мен Хұсайыннан бақ тайып жүрген күнде Ерейменде Шоқбайдың қызын алған Кәрібайға кетіп, Далбада және Шоқбайдың қызын алған Есентайға да кетіп жүрді ғой!

Білуші Құдай ғой: «Ел аралаған – сыншы, // Ағаш аралаған – үйші», – дейді. Бақ паналайтын кісінің түрі жоқ дәл осы күнде.

«О, Алла, ағылам, балсуап» – мұнан былай не боларын Алла біледі. Өзінде бұрын бақ орнамаған жер еді. Бір қыз барған жерге барып тұр. Ерейменде өзінде 17 000 жылқы бар, 3 000 біткен Азнабай баласы мен жағаласып қалмай жүр. Бұған қайдан барып жүрген бақ деп білесің?

Құлболдының бәйбішесінің аты – Макпал. [Құлболдыдан]: Күлік, Тұлпар, Айдабол. Айдабол 13 жасында «би» атанып, аты шыққан. «Артың болса, Айдаболдай ұл тап!» – деп, Макпал бәйбішенің айтқаны. Сол Айдаболдың бәйбішесінен: 1. Жанқозы, 2. Малқозы, 3. Кенжеқозы; ортаншы тоқалдан: 4. Акқозы, 5. Бозқозы, 6. Қарақозы; кіші тоқалдан: 7. Қожакелді, 8. Тайкелтір. Айдабол би Қошетерді Тайкелтірге:

– Енші орнына «қарабауыр» кылып ал! – деп берген.

Қошетердің шешесі – Шанышқылы – Қошетердің қызы екен. Айдабол би нағашы атасының атын қойған екен. Шанышқылы – сартқа бір атасы жуық Қаңлы. Шанышқылы – Қатағаннан қалған елі тегіс ұста болғандығы бұл сөзді растайды. Кенжеқозы жастай өліп, қайыны Ұлы жүз-Қаратай батыр екен. Қалыңдығы оң жақта қалған. Айдабол би: «Тайкелтірге қосамын», – деген соң, Жанқозы онысына көнбей:

– Көттесімнің жесірін тоқал баласына бермеймін, – деп, телес інісі Малқозының баласы Төлебайға алып беріп: Олжабай, Қожабай, Орман, Рысқұл, – төрт бала туған. Батыр Олжабай – Үйсін-Қаратай батырдың жиені. Шешесін қыс ішінде ұзатып келе жатқанда, босанғаннан:

– Осы жолдың олжасы болды ғой! – деп, атын Олжабай қойғаны сол екен.

Қаратай батыр Шанышқылы-Қошетер деген елден қызына қызметкер қылып, бір күн қосады. Ол қыз да жолда босанып:

– Бұған ат болуға қостың аты да жетер, – деп, атын «Қошетер» қойғаннан Қошетер атанып кеткен.

Айдабол би Тайкелтірге еншілес қылып...

Арғын-Сүйіндік-Құлболды шежіресі

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды] Әкесінің аты – Құлболды, шешесінің аты-Мақпал, бәйбішесінің тұңғышы-Күлік, Тұлпар, кенжесі-Айдабол. [Айдабол] он үш жасында «Айдабол би» атанып, аты әлемге жайылып, Сыр дариясынан Сарыарқаға қарай өткенде, өткел аузында тұрған Алшын мен Қарақалпаққа Мақпал бәйбішенің: «Артың болса, Айдаболдай ұл тап!» – деп өте берген.

«Күлік» – қырғыз тілі – «жүйрік» делінген сөз. «Ат-арыстан, нұр – пейіштен» – қазақ мақалы қосылады делінген сөз. Күліктен шыққан жүйріктен заманында жан озған емес. Шобалай баласы Жаңабатырдан би асқан емес. Күнту баласы Жанақтан қасиетті ер асқан емес. Жанайдар баласы Өтеміс абыздан бір басты, екі аяқтының әулиешілігі асқан емес. Көтеш акыннан ақын асқан емес. Кеше Мұса мен Секербай заман[ын]да Ақжігітұлы Ізден абыздың алдында қара сөзде жан пар келмеген. Күліктің бел баласы Ақылдың байлығы үзілместен үрім-бұтағына бұл күнге шейін келді. Наурыздан туған Ақайдың байлығы үзілместен үрім-бұтағына бұл күнге шейін келді. Мырзалық, Ақай немересі Санмырзаның баласы Байғанадан мырзалық асырған қазақ жоқ.

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Құлболды – Күлік]. Күліктің бәйбішесінен – Тілеуімбет пен Наурыз, Дәулет; тоқалдан: Өтепберді, Данияр, Сексен. Сексен Күліктің сексен жасында туған. Орманшы баласы Қайдауыл Күлікпен құрдас екен:

– Сексендегі сенікі бала болушы ма еді? – дегенде, Күлік Қайдауылды қарғаған екен. Сонан мәтел болып қалған: «Қайдауылға қарғыс кеткен» – деген сөз.

Қайдауыл ортасына Есенғұл, Мәуке ұрпағына келіншек болып түскен Тоғжан ақынның өлеңі де бар:

Мәукенің жасы өспейді, шалы өседі,
Түндіктің жары өспейді, талы өседі.
Қозы бұты, қой саны, – көздей іске
Ертеден кешке дейін гүлеседі, – деген.

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – [қай баласы екені белгісіз, бір баласынан] – Бесім]. Бесімнен [233]: Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс. Ақжігіттен: 1. Құлмұхаммед, 2. Сермұхаммед, 3. Досмұхаммед, 4. Ізмұхаммед: «Ізден абыз» атанған – осы кісі. Сермұхаммедтен: 1. Шаншар молда, 2. Мыңжасар, 3. Көпей, 4. Мағып.

[Көпейдің] өз[і] 42 жасында, жылан жылында [Мәшһүр Жүсіп] дүниеге қой жылы, [е]режеп (әлміржіп) айында жұма күні келген. Бес жасында ғалым-мектепке берген. Алты жасында [Шар] шаһар кітап оқып, сегіз жасында Баянаулада молда (молла) Қамариддин ахонның алдына отырып, Хырышрай (Сырышрай) бастап, тоғыз жасында ғылым ғықие Мұхтасар алутайе шырдых қылып, он бес жасында шағырлық шайыр илан шоһырат тауып, 29 жасында Бұхарай-Шәріпке барып, медіресе Шұқырды сытиғамат етіп, мырза Ұлықбекте Маудаллыш қазіре[т] кожадан, Пайастанада ноғай мүфти Сыражалдин мүфтиден дәріс оқып, Мерекенде хазірет ишан Миянмәлік, ишан Сәжіпзада нібіресінің (немересінің) тәрбиесінде болып, отыз жеті жасында Ташкент, Самарқанда Бесағаш махаласында хан Әбілқасым ишан хана қасында тұрып, пірлері Әкірамхан төреден тағылып алып тұрысуы көп болып, оқып білінері аз болып, сахырай мірік апаты илан ғирампық дарасында қалған.

Шежіре жинау мәселесі

Біздің ашыр матбұғат емес, ашыр мынқұлақ [234]. Қазақта хатқа жазылып, нұсқа болып қалған шежіре жоқ. Ауыз айтылып, біреуден біреу естумен: «Естіген құлақтың жазығы жоқ», – деп, сөйлей берген сөз. Өзіміздің бала күнде оқыған ұстазымыз – Кіші жүз-Бөкейлік Қамар хазірет те қазақтың қарабы, ескі сөзге жүйрік тілді кісілері еді.

Қаракесекте: Бе[r]далы қожа, Құрман қожа баласы Қасен қажы «Шежіре» – атанған кісі еді. Онан сұра[й]тын Мұса мен Секербай да тілді кісілер еді. Қанжығалы – Бөгенбай ұрпағы Сакқұлақ та «Шежіре» атанған кісілер еді. ... құнның сөз ұғып, үлгі-өнеге алған жақсы айтқандығым – туған жылым қой еді, 23 жасымда жылан жылы Атбасар үйезіне қараған Мейрам Жанайдар еліне барып, бір қыс, бір жаз жұрт басын қосқан жиында сөйлеп: «Баянаула, Қызылтаудан Мейрамға бір шежіре келіпті», – деп, жұрт аузында «Шежіре» – атанған Мәшһүр еді. Үш жүздің баласын араладым, Бұхарай-Шәріп, Ташкенді, Түркістандай шаһарларды, әр жүзден шыққан жүйріктермен мәжілістес болдым. Қай-қай жерде болса да: «Бәрекелді, естуіміздей бар екен!» – деді. Бұл өмірімде кісі аузына қарап көргенім жоқ. «Ай кірсіз, Құдай мінсіз», «Айдан басқада кір көп, Құдайдан басқада мін көп», «Келін Лимсіз болмайды» – деген бар ғой.

Жас күнімде қариялардан естіп едім, бұл күнде көп жасағандық па, болмаса «Жазуға сеніп, жаңылшақ болғандық» па, «Оқуға сеніп, болғандық» па, – көбі ойда жоқтай сезіледі.

Науан, Шуан деген аталары бар еді. Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Ақсаккелімбет деген аталары бар еді. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген аталары бар еді. Жастықта талай нұсқа қылып жазып жүрген сөздер еді. Осылар бәрі бұл күнде ұмыт болыпты. Ақарыс әңгімесі бар, өзгесінен әңгіме жоқ. Мен өзім әңгімесі жоқ атасын айтқым келмейді. Тамамат – тамам, осы менің болған шамам. Құрман баласы – Қасен қажы.

Мәшһүр Жүсіп өмірбаяны

[Арғын – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт – Сермұхаммед – Көпжасар (Көпей)-Адам Жүсіп (Мәшһүр Жүсіп)].

Атамыз марқұм Көпейдің [235] 42 жасында, анамыз Ұлбала марқұмның 17-18-ге шығар шамасында Қызылтауда Ашамайғас деген қыстауда кой жылы, жұма күні жарық дүниенің жүзіне келіппіз. Ізден абыз:

– Бұл шырағым күндердің қожасы жұма күні туды: атамыз Адам Ата жаралған күн. Аты «Адам Жүсіп» болсын! – депті.

Күлік-Жаманқара-Байтобетінің Төбеті – Байсалбай деген шал айтып еді:

– Сонда ат қоярға берген бір киімдік қара ала батсайыны абыз жанында отырған маған байлап еді, – деп.

Міне, Құдайдың шеберлігі, тамашалығы – отыз тоғыз жасымда тауық жылы Ташкент шаһарынан қайтқан сапарымда Қыпшақ –Ыбырай баласы Мұхамеджан ақсақал айтты:

– Шырағым, «Мәшһүр Жүсіп» – деп, жұрт сенің атыңды білмей айтып жүр екен. «Мәшһүр» – деген екіұшты: жақсылықпен де, жамандықпен де мәшһүрлік табылады. Сенің атың «Адам Жүсіп» – дегуге лайық екен, – деп.

Бір ғазиздің туғанда арнап қойған атын отыз тоғызыншы жылда бір ғазиздің аузына Құдай салып айтқызғандығын қарашы! Байсалбайдан мұнан соң есіттім. Ол күнде қырықтан асқан кезіміз еді.

Атамыз марқұм Көпейдің үйлі-баранды екі ағасы, бір інісі болғандықтан: «Қазақша бай жігіт болдым» – деп, жер, су алмақшы болып, Қаракесек пен Сүйіндік арасынан Желтау, Шоқпардың манайынан Күйеушоқы деген жерге бір жаз жайлап жатып, үй-қора салдырып, пішен шаптырып, егін-жай қылмақшы болып, су ағызып, бір жаз ойына алғанын істеп, қолдағы шаруа малынан жеке бөлек 100 сиыр, 400 қойды Қараөткелге айдап барып, арзан бағаға сатуға қимай, қайта айдап келіп, қарға салыпты. Біздің үш жасымыздағы «Тауықтың жұты» соғып, сиыр қотырмен алысып, қотырдан сиырдың күші аса алмай, кой аппақ боранмен алысып, жылқы жонда жұтап, Күйеушоқының түбінде малдан таза болып, күйеуше шоқиып отырыпты да қалыпты. Қыс ішінде Қызылтауға көше қашып, қалған шөп, қанша мүлікті Қаракесек-Балықбай ешкімнен сұрамай-ақ олжаланып кетіпті. Сонан жарқырап жаз шыққан соң, күркіреп көк шыққан соң:

– Дүние жолдас емес екен, мал жолдас емес екен. Ғылым жолдас екен! – деп, Баянаулаға, – Қалалы жер ғой: мешітсіз болмас. Мешіт

болса, молдасыз болмас! – деп, көшіп, Баянаулаға келіп, қаланың күнбатысынан Захар Крышков (Гришков) деген казак-орыстан 4 бөлмелі үйін абыротын (оборотын) сатып алып: «Қаланың ығына мешіт салынады» – деген жердің көк желкесінен салдыра бастапты. Дүниенің ісі өзі нашарқол болып қалған кісіге бір күнде бітіп, тына қоя ма? Қаланың көкжелкесінде бес шақырым «Сымайыл қызылағашы» – деген жерде Сатылған: Асубай, Жұмабай, Сегізбай, Садырбай деген жатақтармен бірге қыстап, үш-төрт жыл солармен жазы-қысы ауылдас, оттас, ораздас болып, өзінің жарық дүниенің жүзіне келгелі көрген, баққан баласы – біз бес жасқа аяқ басқанда, Баянауланың ескі хазіреті Байжан Ишағұлдың медресесінде бала оқытып жатқан Нажмидден хазіреттің алдына барып бізді жүгіндіріпті. Ол зат шәріп ағуз бисміралсаны айтқызып:

– А, сопы, балаң Бұхарайын-Шәріттің баласындай екен. Анау отырған балалардың оқып отырғанын өзі естуімен біліп кетерлік. Бұрынғы ата-бабаның: «Шар кітапты оқысаң, әр кітапты оқырсың» – дегені бар еді ғой. Мұны Шар кітаптан салып, жатқа қақсатып қояйын, – деген соң,

– Күп, тақсыр, – депті.

Мағынасымен қоса үйретіп, жақсы ұстаз ә дегеннен жаттауға салған соң, Қуатмұханын күшін алып, сонан соң естігеннің бәрі иад болды, ата – ананың көңілі шат болды [236].

Атамыз марқұмның 42 жасында, анамыз марқұмның 18 жасында Ережеп-Әлміржіп айында жұма күні жалған жарық дүние жүзіне келген екенбіз. Атамыздың әкесімен немере – Қашқынбай, Босқынбай. Сол Босқынбайдың қатыны Қисық деген қатын балалары: Айкен, Табан деген балалары малайлықта қызметінде тұрып, өзі екі қызбен екіқабат болғаннан, меншіктеп, меңгеріп, кіндік кесуге жалақтап, бала шыр етіп, жерге түскенде, ұмтыла бастады дейді. Сонда атамыз Көпей марқұм Қисық деген қатынға:

– Кіндік кескенде қалап алатын, көңілге алған нәрсеңді кеспей-ақ ал. «Балаға жарық дүниенің жүзіне шығарда періштенің алақаны тиеді. Сондықтан бала шыр етіп жылайды» – деуші еді. «Жерге түскен соң, жерден кім көтеріп алса, соған тартып кетеді», – деуші еді. Жерден көтеріп алушы Шоңай абыздың бәйбішесі Токтық бәйбіше қол тигізіп, кіндігін Токтық кессін!-дегенімен, кескен Токтық екен. Әне,

жақсы атаның тәрбиесі! Осы сөзді мен өзім 68 жасымда есіттім. Атамыздың інісі Мағрұп деген кісінің қатыны – Қаракесек Ұлдыбай қызы Бөжей деген кемпірден жүзге он жас толған жоқ: «Токсанда отырмын», – деді.

Қатықұлақ мергеннің моласы Терісаққан бойында, жаудан өлген, өлген жеріне қойылған, түбі-Қыпшақ.

Қобыландының қара шаңырағы Мамыттың кенжесі батыр Барменде болып, оның кенжесі Сарыбайда болған.

Кеше Мұса, Секербай заманындағы ат[ы] аталған жақсылар: «Қарашаңырақ», – деп, сол үйді айтып жүруші еді.

1. Қосқұлақ, 2. Төлебай, 3. Лапақ, 4. Сары.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Төлебай]. Төлебайдан: Жолан, Еламан, Едіге; тоқалдан-Малкелді. Еламаннан: Мақарыс тоқалдан-Мәулімберді; бәйбішеден: 1. Анай, 2. Жәуке, 3. Тұрсынбай, 4. Шонты, 5. Көкебай, 6. Көрпөбай.

Меңдібике – Қарақалпақ қызы – тоқалдан: 1. Атан, 2. Бұтан, 3. Нұралы, 4. Жауқашар, 5. Бақыбай. Атан жастай өліп, қатынын Жәуке алып, онан-Өтеміс туған. Өтемістен Белгібай жалғыз, онан-Ахметбек, онан ұл тұқым жоқ. Еламан заманында «Он ұлды Еламан» атанды.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – (кім екені белгісіз) – Бесім – Ақжігіт]. Ақжігіт абыздан туған төрт Мұхаммедтің біреуі – Сермұхаммед. Мұнан туған балалар: Санжасар, Шаншар, Мыңжасар, Жүзжасар, Көпжасар, Мағрұп. Біздің қазақ кенже туған құлынды, кенже туған қозыны: «Көпейқозы», «Көпейқұлын» – дейді. Баланың ішінде қораш ұсағы болған соң, Көпжасар аты қалып, «Көпей» – атанып кеткен, бес ағайындының ішіндегі қорашы болғандықтан. Қазақ мақал[ы]

бар: «Орғаншыға оқ тимес, оқ тисе де, боқ тимес». Өр сыбағадан кем болғаннан, кемдік көре бергеннен, бұл Көпей он сегіз жасында оқуға қашыпты: «Құлақ естімес, көз көрмес жерге кетейін!»-деп, Қызылжарға жаяу-жалпылап жетіпті. Медресеге кіріп, ұстаздың алдына отырсымен ауырып қалыпты. Сол ауырғаннан ауырып, 3-4 ай жатып жазылыпты. 3-4 ай ауырғандығы расходын төлеу үшін, Қызылжарлық Ахмет, Жаудыр деген ноғайларға қара малайлыққа жалданыпты. Сол жалданған бойымен ноғайлары босатпай, Ташкент, Түркістанға алып кетіп, өздеріне сенімді болып, қылығы, қызметі жаққандықтан, доверный қылып, көп сомамен Арқаға саудаға шығарыпты. Өр Қуандыққа, Қарсұн, Керней, Алтеке, Сарымда, Тамада жалғыз қара саудагер болып, «Көпей саудагер» атаныпты.

Сонда сауда қылып жүргенде, орнығып көп жататұғын жерлері – Алтайда – Игілік Байда, Төреде – Қоңырқұлжада, Тоқада: Телкозы, Байкозы, Қарақозыда, Нұра бойында – Елеу мырзада, Мәмбетте – Өзден, Сазанда, Алтеке – Сарымда – Жанқұттыда, Тамада – Ханкелдіде, – қайда атақты іргелі жанды-жақты жерлерде жатып, ол күнде Ферғана мен Қоқан, Ташкент Россияға бағынбаған, қарамаған күні. Орысқа қараған қазақ пен сарт жауласып, қазақ Бұхар, Ташкентке қатынаса алмаған соң, әлгі жоғарыда айтылған байлардың бәрі сарт жұртынан алдыратын: кілем, көрпе, өрік, мейіз, күріш сықылды нәрселерін аманат қосып, 10 түйеден, 5 түйеден үй басы құр қалмай, керек-жарағын алдыратын болып, жарты пұлы қазақ малы, жарты пұлы ноғай малы, үлкен зор саудагер болып жүргенде, Ташкент, Түркістан арасында сарттың «ақ жалауы» керуенді қамады дейді. Қазақта: «Ақ жалау» барда: «Малым бар» – деме, // Ғазірсіл барда: «Жаным бар» – деме) – делінген күн болған.

– Осында «Қазақ саудагері – Көпей саудагер бар» – дейді, «Үш қозының малы бар, үш елдің малы бар» – дейді. «Алтай-Игілік, Алдажұман малы бар» – дейді. Соны тауып бер, өзін өлтіреміз, жүгін талаймыз! – деп.

Бұл Ахмет, Жаудыр ноғайлар да мұндай қыларын біліп, Ташкенттен бері қарай керуен шығарда Көпейге қатын киімін кигізіп, басына ақ жаулық салдырып, Ташкент шаһарының тінтеше балаларына салындыратын шашты басына орнатып, резина (резеңке) емшекті төсіне орнатып, түйенің үстіне отырғызып алған екен.

Сонда «Ақ жалаудың» қосы шындап тінткендігі сондай, түйе үстінде отырған киімінің сыртынан емшегін ұстап, резенке қолына былқ еткен соң, және жаулықтан шашы бұрқырап көрінін тұрған соң: «Қатын екені рас екен» – деп, сонда тоқтады дейді.

Ахмет деген ноғайды айбалтаның сыртымен көк желкеден талай періп қалды дейді:

– Осында «Қазақ – Көпей саудагер бар», – дейді, «соны сен біледі» – дейді. – Тап, жылдам, айт шыныңды! – деп.

Өлтіруіне көнді, айтпады дейді:

– Бар болса, өзің тауып ала бер! – деп.

Неге десеңіз, керуен таланса, ноғайлардың дүниесі бірге таланып кетеді. Алланың аман сақтауымен, ноғайлардың аса жаны ашып, қорғауымен және де қанша қадірлі, құтпан байлардың көп аманаты. «Аманат аман сақтайды» – деген сөз бар ғой, аман-есен Арқаға келіпті.

Он сегізінде қолға түскеннен қырықтан асканда, ноғайлар рұқсат беріпті: «Ата-ана[сы] өліп және бір ағасы өліп, үй иесіз, жеңгесі жесір қалды» – деумен.

Сонда еншісіне:

– Қоста қалған остатка (астатке) еншің болсын! – деген екен.

«Ел[ге] [бара]мын» – деп, елге қарай беті ауған соң, жолда Қоңыркұлжа төре:

– [О]сында Алтай, Мұрат ішінде Танаш, Қанай деген менің балдыздарым бар. Саған лайық сол Танаштың бір қызы бар. Бұл – менің балдызым, сен соны ал, – деуіменен бұл айттырамын деп, сөз салдырса, Қанай деген кісі:

– Елсіз, жұртсыз бір қаңғып жүрген Күлікке қыз береді деген не былшылдақ? – деп, болмағанда, Құдай рақмет қылсын, Қоңыркұлжа төре шақыртып алып ұрсыпты:

– Ол өзі қаршадай бала болса да, көп баланың ішінде Құран оқыған даусына құлағым сүйсінуші еді. «Бір малды көп берген қара қазаққа қор болады-ау!» – деп ойлаушы ем. Бір дін қуған, оқудың қасиетін білетұғын жанға кез келтірді. Былшылдама, көп май жеме, бағын байлама! Баланы беріңдер! – деген.

Танаш, Қанай берген екен де, бұл кісі алған екен. Танашқызы Ұлбала сонда он үште екен. Қолына алсымен, Қараөткелде Сымақ ұказ

(оказ) деген кәрі хазірет бар екен. Сол кісінің Абыстайы ноғайлардың ұсақ қыздарын оқытады екен. Сол Абыстайдың қолына апарып берінті:

– Оқытып, үйретіп беріңіз, – деп.

[Ақжігітқызы] Зараука Қозыкерейге ұзатылып, онан Мұхаммедсалық туып, бұл кісі де заманында «Мұхаммед ахон» – атаныпты. Бұл кісінің білікті болғандығы сондай, Қараөткелден Қызылжарға баратын жолдың үстінде зиараты белгілі хала. Бұл күнге шейін «Ақжігіт абыздың ұлдан туған ұрпақ, қыздан туған жиен, жиеншар, – тұқым-тұқымында оқу құмарлық жын бар. Ең дәнеме болмағанда, үйде отырғызбайды. «Оқу-оқу!» – деп қыдырады да жүреді.

Ізбас қажыны көріп қайтқан жолы: «Бақтыбай қажыны да көре кетейін» – деп барғанымда, Бақтыбай қажының бәйбішесінің кенжесі Игібай алдыма бір табақ қағаз тастағанда, Мәшһүрдің аузына Құдайдың тастап жіберген сөзі осы болды. Өзі әрі Мұса мырзаның жоқтығына, әрі қажыға кеткен Ғиса[б]ай, Малдыбай, Жылқыайдарды сағынып, шұрқырасып көрісетұғын досжарлардың жоқтығына долданып келе жатқан бетінде батыр қалам, долы сияны сілтеп, сөз басы, Құдай рақмет қылсын, мырзаның асынан басталғандығы, Сәкенге өкпелеп: «Әкесіндей неге болмады? Екі қырағыдан су кара[ң]ғы туады» – деген осы екен-ау-деп, оның арасына өсекші кожаларды бір түйреп өткені. Сөздің басы-анау, аяғы мынау болған сон: «Кім көрінген қақсап айтып жүрсін!» – деп.

Үшінші, Айдаболдан барған жүдәлілерді, өліп қалып қалған жұрындарымен келе жатқанда, Бақтыбайды жалғызсыратып Үсенбайдың сабағаны; «Мұса тірі тұрса, суыр жеген Қанжығалы Бақтыбайға қол тигізе алмас еді-ау!» – деп, Керей, Қанжығалыны қабаттап түйреп жібергені.

Сол Мұсаның жайын айтады: «Көкшетауға бара жатқанда, Тұрлыбектің Нөгербегінікіне түстеніп отырғанда, Жарылғапберді

домбырамен жақсы әнмен «Қажылардың өлеңін» шырқағанда, естігендердің мұрнынан – боқ, көзінен жасы сорғалады» – дейді. «Артына қарайлаумен дүние тілеп, // Есен-сау Қанжығалы, Керей келген», – дегенде, Құдай рақмет кылсын, Нөгербек ақсақал:

– Ақындардың аузына Құдай салады-ау! Керей, Қанжығалы қажылары дін-есен келгенінің өзі рас қой! – депті.

Төртінші, бұл өлең қажыға баруға талайды қыздырды. Ә деп естігенде, Елеу қажы отыра алмады дейді, үш тұрып, үш отырды дейді. Келер жылы қажыға барып өлікті.

Анан суретін (сұратын) Шорман бидің Ғайсасы: «Шамасы жете тұрып келмеген жан // Иағуди жаназасыз өлсін, – депті»-ні естігенде:

– Не қылып, не етіп мына сөзді басқа жолақтар неге айтпаған? Құр «Парыз» – дейді. Парыз былай тұрсын, мынау ауыр [сөз] ғой! – деп, сол қозғалғаннан қозғалып, о да қажыға барып өлді. Бұларды да Мәшһүр өлеңмен жоқтаған.

Қыпшақ молда балалары: Шонтыбай, Батырқожаның [бір]і өліп, бірі қалып, тірі келгенде, Батырқожаның үйінде қажыға барған сапарың Шонтыбай қажының өзіне сөйлегенде, [ол] жандардың аузынан – су, мұрнынан – боқ, көзінен жасы сорғалап, Шонтыбайдың өзі де жылап отырды, екі-ақ ауыз сөзге шамасы келді. «Есіңнен мал-жан шығып кетіп, // Дариядан бері өткен соң, сонда түсті» – дегенде:

– Шырағым-ай, сонда біздің қасымызда ма едің, [бір]ге жүріп пе едің?! – деді. Біреу бір ауыз сөз сұраса, тоғыз, он барған біз осындай біреуін айта алмаймыз! – деп, шын ықыласымен батасын да берді, қалтасынан [б]ес теңгелік қағаз берді. Құдай рақмет кылсын Мәшһүр Жүсіп Көпейбаласына! [Ескерту: Соңғы сойлем Мұхаммедфазылдың өз пікірі, қосқан жазуы деп санаймыз].

Хандар шежіресі

1778 жылдар Абылай ханның Орта жүзге хан болған шамасы [237]. Қалмақтарға да әртүрлі ат қойылса керек. «Жонғар» – деп, құба қалмақты айтса керек. Мұның ханы-Қалдан Шерін батыр баласы. Қара қалмақтың ханы Қоңтажы-Орыс историясында «Хантайшы» – делінеді. «Он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт», – бұлардың ханы – кәрі Аюке тапсырады» – деседі. Қоңтажы, Аюке, – бір-ақ кісінің аты болмайды.

Шүршіт ханын Еженхан атағандай, хан болғандарына айтыла берсе керек. Қазақта мұндай үзілмей, бірінен соң бірі болып тұратұғын хандық жо[қ]. Анда-санда қолдарына хандық тиіп қалады да, ұзамай быт-шыт болады. Қазақтың өз сыбағасына арналып, хан болғандар: «Қасқа жолды Қасым хан, ескі жолды Есім хан». «Күлтөбеде күнде кеңес» – аталған – Әз Тәуке хан. Олардан соң 48 жыл хан болып билеген Абылай хан. Қазаққа хан болып, заң-закон жасап, халық қатарына қосқандар – осы айтыл[ған] хандар. Алды-арты жоқ «Алаша хан» – деген бір хан билеген.

Қазақ үш жүзге бөлініп: Ұлы жүз: Үйсін, Орта жүз: Арғын, Кіші жүз: Алшын атанғаны, «Алаш!» – деп, ұран шақырысып, «Алашы Алаш болғанда, // Алаша хан болғанда, // Үйіміз-ағаш болғанда, // Ұранымыз «Алаш» болғанда» – деп айтатын заманы болған.

Қатаған ханы – хан Тұрсынды олтіретін – «Еңсегей бойлы ер Есім хан». Абылай хан өлген соң, Сары қазақ, Сейтен, Айтқылда сұлтан, – әр таптың осылардай басты кісілері жиылып, Уәлиханды хан көтерген [238]. Мұнан соң Абайылданы хан көтерді. Бұлар тек хан атына мәз болды, «Қала салмаймын, бағынбаймын! – деп айтасың!» – деп, Абайылда ханды Баянауладан орыс ұстап алып кетіп, Көкшетауға Уәлиханның тоқалы Айғаным қала салдырды. Баянаулаға Шоң би қала салдырды.

Ол уақытта қазаққа Шүршіт те таласты, Кенесары, Наурызбай да таласып, өзіне: «Маған қара!» – деп тартты.

– Дінімізге тимесең, өзімізді зорламасаң, жерімізге ортақ болмасаң, солдат алмасаң, «қосын керек» – деп, жауға айдамасаң!» – деп сөйлесіп, қазақтың сол күндегі басшы адамдары сөйлесіп, келісіп, уағда-хат алып, ауызекі ант алып, ит терісінен жаздырып, шарт қағаз алып: «Ал, саған қарадық!» – деп, бағынып, қазақ жұрты бағынып тұрды.

Қазақ жұрты бағынып қарап қойған соң, Қасым хан балалары Саржан төре жас-мас уақытында қазақ ішіне жолаушылап келген орыстарға:

– Шашыңды алдыр, мұртыңды бастыр. Оны қылмасаң, – [деп], садағын кезеп, – атып өлтіремін! – деп, жақ пен оғын қолына алып, ойнағанын шындай қылып тұрған соң, қорыққаннан орыстар шашын алдырып, мұртын бастырып, 3 күнге шейін адамға көріне алмай, басын бүркеп жатып алыпты.

Соның артынан кешікпей: «Қасым ұрпағын орыс ұстайды» – деген сөз болып, Қасым хан бала-шағасымен, өзіне ерген жігіт-желеңмен Шу, Қаратауға қарай ауып көшіп кеткен. Иван Семенович бір полковной (бөлкебай) шығып, Саржан төремен ұрыс қылып, екеуі жеңіп-жеңісе алмай жүрген күнде «Кәпірді суық көріп, мұсылманды жақын көріп», жан тартып, жақын көріп, Түркістан, Ташкентке қарай жан тартып, жақын көріп барғанда, Ташкент бегісі қонаққа шақырып алып, Есенкелді деген інісімен Әлжан деген баласыменен 50 шамалы жолдасымен бәрін түгел өлтірген. Ол уақытта Кенесары, Наурызбай Түркістан шаһарында оқып, бала күні еді. Бопан ханым дейтін апалары барып, медреседе оқып жүрген екі інісін алып қайтып, Сарыарқаға келіп, Қуандық, Сүйіндік елдің шетінен жырмалап, азын-аулақ ел қолына түсіріп алып, Кіші жүздің бергі шеті – Бес Жаппас, төрт Шөмекеймен жау болып, Обаған, Тобылдан барып, Алтыбас, Қыпшақ-Балқожа, Ханқожаның еліп шауып, талап, Есіл, Нұра бойында Қоңырқұлжа төре жау болып, Қаратаудың тақ түбіндегі Созақты шауып, Отыншы, Сушы деген түбі қырғыз – екі бегін өлтіріп, ойда – орыс, қырда қазақпен өш болып жүріп, сегіз жыл үргін-сүргін жүріспен хандық (ханлық) қылып, ақырында Алатаудағы қырғыз: Әйтеке-Жырық ұрпағы Жанқараш, Жантай қолында шаһитлік дәрежесін тапты. Кене ханның жылы қоян еді, 49 жасында жылқы жылы, Наурызбайдың жылы қой еді, 24 жасында жұмыстары бітті. Қырғызда «манап» дейтұғындары болады екен. Манап болатын себебі – 40 жігітке қатын алып беріп, мал малданд[ыр]ып, жан жандандырады екен. Сонан соң «манап» – деп атайды екен. Сонда қырғызда Жанқараш, Жантай, – екеуі де манап екен. Жанқабыл-Тілеуқабыл, – о да манап екен. Жаманқараны елшілікке келген жерде Наурызбай өлтірген. Өздері: «Қашпаймыз!» – деп, қолға түскен соң, «Жаманқараның бодауына» – деп, Кенесары ханды Жанқараш алған екен.

Жанқабыл манапты соғыста Наурызбай өлтірген екен. «Соның бодауына» – деп, Наурызбайды Жанқабылдың ағасы Тілеуқабыл алған екен.

Сол уақытта қырғызда Алатаудың күнгеі бетінде Орман хан деген хан бар екен. Сонан қырғыздың манаптары кісі жіберіп, ақыл сұраған екен:

– Бұлар қолға тірі түсті, қайтеміз? – деп. Сонда Орман хан айтқан екен:

– Кенесары, Наурызбайға біздің қырғыз өзі барып тиіскен жері жок. Өздері келіп, қолға түсті. Оны манаптар: «Күшіміз аскандықпен болды-демесін, – Құдайдан!» – деп білсін. Құдай мен аруаққа төрелер өздері ұшырады, сонан болды!» – деп білсін. Өздерін өлтірмесін! Бұрынғының сөзі бар еді: «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, // Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды» – деп. Қайта өздері икемге келіп, ынтымаққа көнсе, күллі қырғызға хан көтерсін, мен де хандығымды тастап, соған берейін. Соның тыныш болуы үшін! Болмаса, біріміз-күнгедейде, біріміз теріскейде тату-тәтті болып тұра берейік. Егер де икемге келмесе, ынтымаққа көнбесе, күтіп, құрметтеп, сыйлап сақтасын. Өз ажалынан өлмесе, менен ақыл сұрағаны рас болса, шын болса, өлтірмесін! Және қалған елін барып шаппасын, қатын-баласын олжаламасын. Осы өздерінің қолға түсіп, пенде болғанына қанағат қылсын да тұрсын! – деді.

Сонан соң қырғыздар:

– Орман хан өз басы аман болған соң, ауызына не келсе, соны айта береді – деп, – Біздің Жаманқарамыздан артық па?-деп.

Жанқарашы:

– Өлтіріп тастаңдар! – дегенде, қылышпен шауып жіберемін деп ең алғашқы қол көтерген қырғыз қолын көтерген бойымен сіресіп қалды, – дейді. «Оның өзінен әл кетіп бара жатқан соң, шаба алмай тұрып қалғанын сезбей, қасында тұрған бір есерсоқ арсалаң қылышты жұлып алып, Кене ханды мойнынан шауып жібергенде, Кенесары ханның басы да жерге түсті, шапқан батырдың өзі де сылқ етіп құлай кетті» – дейді.

Қараса, табанда жаны шығып кетіпті. «Үйіне көтеріп алып барған екен. Үйінің ішіндегі қатын-баласы жалп ете түсті» – дейді. Сонан соң қырғыздар Кенеханды өлтіргеніне уайым болыпты. «Сол өлтірушілердің тұқым-тұқымы күні бұл күнге шейін оңбай, быт-шыт тозып кетті» – дейді.

Жантай өлтірген кеңестің ішінде жок екен. Өлтіргендерін де оңды ұнатпаған екен. Бас терісін сойдырып, орыс жұртына – патшаға жіберген. Сол үшін Шабдан, Жантай Қарабековтердің патшаға құрметті кісі болып, шаһырт тапты.

Кенесары ханның Ахмет дейтін баласы император ағзамның таққа отырысы – мәжілісіне барғанда, Шабдан да барған екен. Сонда Шабдан көтеріліп бір сөз сөйлегенде, Ахмет төре айтыпты:

– Бұл мәжілісте қолынан да, тілінен де келетін әлемнен озған алаяқтардың сөйлегені жарасады. Тілі жоқ сақау, қолы жоқ шолақ, аяғы жоқ мешел сықылды қырғыз, қазақтың баласы едік қой! Екеуміздің міңгесіп, кісі болып жүргеніміз бір өлген өліктің денесі ғой! – дегенде, Шабдан дәнеме қайырып айта алмапты.

Тілеуқабыл манап Наурызбайды інісінің бодауы үшін көп қырғыздың ортасынан жеке өзі меншіктеп алды. Сонда қырғыздарға айтты дейді:

– Мұны өлтірсем, «Неге өлтірдің? – демендер. Өлтірмесем, «Неге өлтірмей қойдың?!» – демендер. Інім үшін маған бердіңдер ғой, ықтияры өзімде болсын, – депті.

Үйіне алып барған соң:

– Е, төрем, өлер інім өлді. Сені өлтіргенмен, інім тірілмейді. Сені тайдай тал түсте жөнелтсем, тамам қырғыз соңыма түсіп, өзімді бұл Алатауға тірі қоймайды. Сені мен түнде жіберейін! Менің атымды мін де, киімімді ки де түнде қаш! Сені ешкім жетіп қуып түсіріп ала алмайды. Мен риза, Құдай риза! Маған сенің өлмегенің керек! – депті.

– «Кенесары, Наурызбай қолға түсті де, Кенесары өліп, Наурызбай қашып келіпті!» – дегеннен маған өлімнен көп жаман атак. Мен ол «абыроймен» тірі болып үйге барғаннан өлгенім артық. Жиырма беске жеткенім жоқ, жүз жасаған[ның] сүретін дәуренін көрдім. Тіршілік пен бұл жалғанға арманым жоқ! – депті.

Өлтіруге көзі қимай, Тілеуқабыл Наурызбайды 90 күн сақтапты. 40 жігіт[тің] 39-ы бір жақ – өлтіруге ыңғайланыпты да, манаптың өз қатыны, бір жігіт сол үшеуі ортасына алып жатыпты. Ақырында Тілеуқабыл бір жаққа кеткенде, жанкүйері өлген қырғыздар өлтіріп тастады дейді. Наурызбайды өлтіргендер дәнемеге ұшыраған жоқ, – деседі.

Мұны дүние кезген, жаған кезген, қыр қыдырған, су сыдырған, тау асқан, тас басқан жанкештілер әңгіме қылып сөйлейді. Болмаса Кенесары хан, Наурызбай қолға түскенде, мен бірге түсіп, олар өлген соң, қайтып келіп айтып отырғаным жоқ. Көкірегі – хат, құлағында жат (иад) болып қалған қариялардың сөзі. Болмаса маған Жебірейіл уақи әкеліп, болмаса бал ашып көріп, болмаса тіпті дамылсыз өтірік оймен соғып отырғаным жоқ.

Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Бармен]. [Мамыт аталары туралы түсіндірмелер]: Бармен әкесі – Мамыт, Мамыт әкесі-Лапақ, Лапақ әкесі – Жанқозы. Барменнен бесеу: 1. Уан (Зан), 2. Түбіт, 3. Пак (Паң), 4. Қареке, 5. Сарыбай.

Мамыт тоғыз: 1. Боғас, 2. Орман, 3. Құлыт, 4. Бал, 5. Ақтелі, 6. Байтелі, 7. Жантелі, 8. Батыр, 9. Бармен. Байтеліден бесеу: 1. Мырзабек, 2. Бекарыстан, 3. Арыстанбек, 4. Шалеке, 5. Тұрымтай-Қалаш. Шалекеден төртеу: 1. Шауен, 2. Дәулен, 3. Жүзбас, 4. Мыңбас; тоқалдан – Батақай, онан: Омар мен Оспан.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Байтелі – Шалеке-Жүзбас]. Жүзбастан: 1. Мақаш, 2. Алакөз, 3. Ес.

[Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Байтелі – Шалеке-Мыңбас]. Мыңбастан: 1. Кәрім, 2. Қадір, 3. Қалқа, 4. Жәмік – тоқалдан. Жәміктен – Ыдырыс, Ыдырыстан: Қабылда, Өгізбай, Әбілда.

[Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Байтелі – Шалеке-Дәулен]. Дәуленнен: 1. Түсіп, 2. Босмойын, 3. Есентай. [Дәуленұлы] Түсіптен: 1. Бекмағамбет, 2. Шабақ, 3. Төке, 4. Сейінке.

[Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Байтелі – Шалеке-Дәулен-Есентай]. Есентайдан – Рақымтай.

[Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Байтелі – Шалеке – Дәулен – Түсіп – Бекмағамбет]. Бекмағамбеттен – Аушақыман, Шегендік.

[Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Байтелі – Шалеке-Шауен]. Шауеннен: Түпбас (Топбас) пен Көпбас. Түпбастан: 1. Ахмет, 2. Аубалы, 3. Құрман, 4. Мақан, 5. Асқар.

[Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Байтелі – Арыстанбек]. Арыстанбек – Тікенбай – Оразбек – Жұма.

[Айдабол – Жанқозы – Лапақ – Мамыт – Байтелі – Тұрымтай]. Тұрымтай – Қалаш – Төлеубай – Сәрсен.

[Айдабол – Жанкозы – Лапак – Мамыт – Боғас]. Боғастан – Еркебай, онан-Әбен. [Мамытұлы] Орманнан – Құлатай, онан-Жүніс. [Мамытұлы] Балдан-Жақсыбай, онан-Қылышбай, онан-Күзей.

[Айдабол – Жанкозы – Лапак – Мамыт – Бал – Жақсыбай]. Жақсыбайдан – Маден, Маденнен – Қарғабай, онан-Сатыпалды. Байтеліден бесеу: 1. Мырзабек, онан-Жәнібек, онан-Қарсақбай, онан-Абайылда, онан-Сүлеймен, Шанбек. Онан [Шанбектен]: Қойғара мен Тойқара. [Мамытұлы] Жантеліден: 1. Ханбаба, 2. Сәрсенбет, 3. Омарбек, 4. Қатет. Ханбабадан екеу: Сәрсенбай, Бейсенбай, онан-Жұмаш, онан-Айдыш.

Ханбабамен Байба бір туысқан, онан-Баубек, онан-Ақ...

Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Жібек деген тоқалынан-Ақбура]. Ақбурадан шыққан жеті әулие болған. 1. Шәуке [Ақбура – Аққошқар – Қаралтай – Шәуке] тұқымынан – Бекболат баласы-Лекер қажы, Шалқыман диуана. 2. Төлембек абыз-Қарқымбай. 3. Жаулыбай абыз. Ақбураның шешесінің аты – Жібек. Ақбурадан 5 бала болған: [бәйбішеден]: Аққошқар мен Жетібай; тоқалынан: Кенже мен Көкен, Тілеулі. Аққозы жастай өледі, Түгей – әйелінің аты екен. Сол Түгейді Ақбура алған екен. Күлік-Шобай тұқымынан шыққан Амалдық сопының бейітін сарт ұста салған екен.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Ақбура – Аққошқар – Қаралтай – Шәуке – Керней – Елубай – Әбіжан]. Әбіжан Елубайбаласы деген кісі, нағашысы-Алтайдан қайтып келе жатып, бір таудың арасынан бір жас әйел тобылғы шауып жүр екен. Әйелге Әбіжанның қоңілі ауады. Әйелмен алыса кеткенде, әйел Әбіжанды лактырып жібергенде, Әбіжанның белбеуі үзіліп кетеді. Сол әйел Шұбыртпалы – ер Ағыбай батырдың жиені екен.

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Суғыншы – Шуманақ – Құлболды]. Құлболдының екінші тоқалынан: Қабылан мен Шегір. Қабылан жасынан жылқы бағып, тоны май болғандықтан, «Майлытон» атанған екен.

Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Суғыншы-Шуманақ-Құлболды-Күлік]. Күліктің бәйбішесінен екеу: 1. Тілеуімбет, 2. Наурыз; тоқалдан: Данияр, Сексен, Өтепберлі. Наурыздан алтау: 1. Шобалай, 2. Шобай, 3. Ақай, 4. Төке... Шобайдан: 1. Жанқара, 2. Байтөбет. Ақайдан: 1. Бекмырза., 2. Салмырза. Шобалайдан: 1. Жанабатыр, 2. Өміртай.

Бекмырзадан: 1. Сары, 2. Байгел, 3. Бұзау. Салмырзадан: 1. Байғана, 2. Тайғана; тоқалдан: 1[3] Айғана, 2[4] Мешітбай, 3[5] Сегізбай. Мешітбайдан: 1. Алдабек (Әлдебек), 2. Бүйен; тоқалдан: 1[3]. Көтен, 2[4] Қара, 3[5] Шалақазақ. Котеннен. 1. Найзабек, 2. Мырзабек. Найзабектен: 1. Құлатай, 2. Оспан. Мырзабектен: 1. Қарабай, 2. Қақабай, 3. Түркебай, 4. Шаһи, 5. Байжан. [Байжаннан] – онан-Қадір. Қадірден – Қауый.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Өміртай]. Өміртайдан: 1. Ақбота, 2. Тайлақ; тоқалдан: 1[3]. Қайнар, 2[4]. Көшек. Ақботадан: 1. Есіркеп, 2. Есенбай (Есембай), онан-Байғұл, онан-Сымақ, онан-Шәкен, онан-Кенжебек.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ-Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Бекмырза – Сары]. Сарыдан: Балпаң, онан-Токтышақ, онан-Құлыншақ, онан-Қылышбек, онан-Саржан, онан-Әкім, онан-Телмен.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Бекмырза – Бұзау]. Бұзаудан: 1. Аю, 2. Қабан, 3. Жолбарыс.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Бекмырза – Байгел]. Байгелден: 1. Топай, 2. Торай. Топайдан: 1. Құдайберген, 2. Ес, онан-Оралы.

[Құлболды – Күлік – Өтепберлі]. Өтепберліден: 1. Ақыл, 2. Қошқар. Ақылдан: 1. Бейбіт, 2. Жапалақ.

[Құлболды – Күлік – Данияр]. Даниярдан – Айбас.

[Құлболды – Күлік – Өтепберлі – Ақыл – Бейбіт]. Бейбіттен: 1. Әулиеқұл, 2. Қуан, 3. Астанақұл, 4. Күнтай, 5. Жайсаң. Қуаннан: 1. Молдабай, 2. Дәндібай, 3. Ордабай, 4. Ноғай. Молдабайдан: 1. Омар, 2. Сұлтанғазы. Дәндібайдан: 1. Опан, 2. Оймауыт, тоқалдан: 1[3]. Абайыл-

да, 2[4]. Әбдіра[х]ман. Ордабайдан – Базарбай, Ғали, онан-Ахмет. Ноғайдан – Тайшық, онан-Басбақ пен Қарабала.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Салмырза – Мешітбай – Алдабек – Әкімбек]. Алдабектен: 1. Әкімбек, 2. Ақылбек. Әкімбектен: Кабылбек, онан-Имамберлі, онан-Рашат (Рашид).

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобалай – Жаңабатыр]. Жаңабатырдан: 1. Аккожа, 2. Тансықкожа, 3. Қожаберген, 4. Қосак.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобай – Жаманқара – Самай]. Самайдан: 1. Мүсәпір, 2. Исабек, 3. Әлібек, 4. Мұса. Исабектен: Әбілда мен Омар; тоқалдан: Ысқақ пен Елеш, Әбілда. Онан-Зәкір, онан-Шаукет.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобай – Жаманқара – Самай-Әлібек]. Әлібектен – Ахмет, онан-Рахметолла, онан-Қайролла. Ахметтен – Нығыметолла, онан-Талғат.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Шобай – Жаманқара – Самай-Мүсәпір]. Мүсәпірден – Мәпіт, онан-Камал мен Нұрсағат. Папақтан (Нападан)-Сәрсенбі, онан-Теміржан.

[Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Бекмырза – Сары]. Сарыдан [Сарының тоқалынан]: 1. Байғана, 2. Сасықбай, 3. Қашқынбай, [тоқалы]-[Қарағызынан] [4]. Майлыбай [239]. Сарыдан [тоқалынан]: 1. Ырысбай, 2. Ниязбек, 3. Есентай. Онан [Есентайдан] – Ешмұхаммед (Ешмағамбет) [240], Баймұса, онан-Төлеген.

[Күлік – Наурыз – Ақай – Есбол]. Есболдан: Байтөре, онан-Мырзағұл [241], онан-Түсіп, онан-Қайдар, онан-Оқас, онан-Қошқарбай, онан-Аманкелді.

[Күлік – Наурыз – Шобай – Жаманқара – Самай – Мұса]. Мұсадан – Бекмағамбет.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Салмырза – Мешітбай]. Мешітбайдан – Бүйен, онан-Мәнтік, онан-Төлеубек, онан-Кәмеш.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Салмырза – Мешітбай – Көтен]. Көтеннен – Найзабек, онан – Оспан, онан-Рамазан. Найзабектен – Құлатай. [Құлатай ұлы болу керек] Папақтан – Шаймерден; Барақтан – Байтас, онан-Сымайыл, онан-Сәкен. Сымайылдан-Алшын, Сәкеннен – Құрман.

[Құлболды – Күлік – Наурыз – Ақай – Бекмырза – Сары – Жалбы]. Жалбыдан – Жәнібек, онан: Бапа мен Сейтен.

Аргын-Сүйіндік-Қаржас тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Аргын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Олжакелді (Қаржас)]. Қаржастан: 1. Құлыке, 2. Бегім, 3. Алтынторы. Құлыкеден: 1. Ойым, 2. Телі, 3. Әлімбет (Алымбет). Ойымнан: 1. Өтен, 2. Баян, 3. Жаулыбай.

Теліден: 1. Есенқұл, 2. Елшібек, 3. Анай. Есенқұлдан: 1. Талас, 2. Байқонды, 3. Елқонды, [4] Кенжебек; калмақ катынынан: 1[5] Ерубай, 2[6] Жаманқара, 3[7] Именке, 4[8] Туратай.

[Қаржас – Құлыке – Телі – Есенқұл – Талас – Елқонды – Қобылан]. Қобыланнан – Құнан.

[Қаржас – Құлыке – Телі – Есенқұл – Жаманқара]. Жаманқарадан — Дүйсен балуан.

[Қаржас – Құлыке – Телі – Есенқұл – Именке]. Именкеден – Бабатай, онан 4 бала бар: 1. Жарқымбай, 2. Қарқынбай, 3. Мұстафа, 4. Иса. [Мұстафадан] – Қаспак.

[Қаржас – Құлыке – Телі – Анай]. Анайдан 5 [бесеу]: 1. Құл, 2. Нияз, 3. Жәдігер, [Тәйтеке қызынан]: 1[4] Мырзағұл, 2[5] Құдайқұл. Нияздан 3 [үшеу]: 1. Құтыбай, 2. Тәтібай (Татыбай), 3. Бөгенбай.

[Қаржас – Құлыке – Телі – Анай – Нияз – Бөгенбай]. [Бөгенбайдан]: 4 [төртеу]: 1. Байсары, 2. Жансары, 3. Қойсары, 4. Аманжол. [Аманжолдан]: Атығай, онан: 1. Ербекей, 2. Тоғай, 3. Әуез, 4. Жұмабек. Онан-Әшірбек, онан Әбдіғапар мен Момын.

[Қаржас – Құлыке – Телі – Анай – Мырзағұл]. Мырзағұлдан: 1. Наурыз, 2. Баймырза, 3. Жанмырза, 4. Ақмырза, 5. Сатыпалды, 6. Сәти. Жанмырзадан – Мықтыбай, онан-Хасен, онан-Жапар.

[Қаржас – Құлыке – Телі – Анай – Мырзағұл – Баймырза]. Баймырзадан – Жандос, онан-Мағауия. Ақмырзадан – Азнабай, онан-Сейтен мен Тайжан. Елшібекпен туысқан Мырзағұлдан-Сәти, онан-Күшік, онан-Шорман. [Шорманнан]: 1. Мұса, 2. Мұстафа, 3. Иса, 4. Әужан. Мұсадан 4[төртеу]: 1. Сәкен, 2. Біләл, 3. Кәбіш, 4. Жәми.

Аргын-Сүйіндік-Айдабол тарауы

[Аргын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Жауқашар]. Жауқашардан 5[бесеу]: 1. Тауасар, 2. Бозбай, 3. Тасай, 4. Түйеші, 5. Шаумен. Тауасардан: 1. Малыт, 2. Жалтен, 3. Құлшай. Малыттан:

1. Шакөт, 2. Ахмет, 3. Әлжан, 4. Сүлеймен, 5. Ес. Ахметтен: 1. Әшірбек, 2. Қырбас.

Жалтен: 1. [Жалтеннен]: онан-Жақсыбай, онан Қасым мен Әшім. Құлшайдан – Бозбай: 1. Қожақан, 2. Шотай, 3. Алдақай, 4. Жұқай, 5. Шапа. Онан – Омар, онан-Түсжан, Сымайыл, Дос, Жылұшак, Ағыс. Түйешіден: 1. Базарбай, 2. Қаткей, 3. Жұмақай, 4. Бисақай – тоқалдан. Бисақайдан: 1. Ахмет, 2. Бошан, 3. Сыздық. Базарбайдан: 1. Жамақай, 2. Ибрай. Жамақайдан: 1. Әміре, 2. Жақшы, 3. Қасым, 4. Қаратай, 5. Нұғман, 6. Мақай, 7. Ағыбай, 8. Кенжебек. Жақшыдан: 1. Адамша, 2. Қойшы, 3. Тайбасар, 4. Сүлеймен, 5. Мұсылман, 6. Махамбет, 7. Жұмағұл.

Тасайдан – Жаңбыршы, онан-Шәкір мен Құрман. Тасыбектен – Малжан, онан Тәліп пен Шәріп, онан – Сағын, онан, Тәліптен: 1. Тұрар, 2. Жабыл, 3. Сыздық.

Шәуменнен – Темек: 1. Елтоқ, 2. Омар, 3. Адам, 4. Әубәкір, 5. Аманжол, онан-Нәзір. Адамнан: 1. Түсжан, 2. Асайын. Елтоқтан-Ахмет.

Байкісіден – Ордабай, онан-Мақан, онан-Омар, Әлімбеттен: 1. Ақша, 2. Байболат, 3. Базар, 4. Бабас. Байкозыдан 6 [алтау]: 1. Болтай, 2. Болбашы, 3. Оңқожа, 4. Байқожа, 5. Таңрық, 6. Елексай. Болтайдан 9 бала бар: 1. Санат, 2. Дүбір, 3. Ату, 4. Дарақын, 5. Мұсырман, 6. Кемел, 7. Жәнібек, 8. Кіпи, 9. Тілеулі. Санаттан – Алысай мен Қожан. Дарақыннан – Малшыбай, онан-Боржай, онан-Бөкей. Кемел баласы екеу: Сыздық, Шәуешек. Жәнібектен: Есболат, Қаспақ (Есбол Ыскак). Қаспақтан – Әбітай. Оңқожадан: 1. Шортан, 2. Қасқырау, 3. Сабалақ, 4. Жақып, Қасқыраудан – Метібек, онан-Қайырбек. Жақыптан-Жабағы, онан-Төлеген, онан – Таңрық, онан-Қарақалпақ, онан-Ақай, онан-Жабағы.

Жантыбайдан: 1. Тужай, 2. Беғалы.

Кенжебайдан: 1. Бақтыбай, 2. Шектібай, 3. Ұлбөбек.

Елексайдан – Ахмет, онан-Иманбай, онан-Уәлі, онан... Ұлбөбектен – Сармантай батыр. Шектібайдан: 1. Шәуен, 2. Шөкей. Шәуеннен: 1. Алпыс, 2. Ыбырай, 3. Қуанбай. Онан-Жәмін, онан-

Акымаш. Алпыстан-Жанәбіл. Жаркынбайдан: 1. Ержан, 2. Тәшен. Ержаннан 4 [төртеу]: 1. Сүлеймен, 2. Мәжікен, 3. Нұрым, 4. Өбдіғар.

Тәшеннен – Жанбәкір, онан-Аяпберген. Мәжікеннен – Абзал, онан-Серік. Сүлейменнен-Жақсыбек.

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол – Малқозы]. Малқозыдан 4 [төртеу]: 1. Сарыбатыр, 2. Толыбай, 3. Жаманай, 4. Байымбет. Жаманайдан: 1. Ханкелді, 2. Жылкелді, 3. Бегімбай, 4. Шұғанбай, 5. Қойкелді, 6. Жанкелді, 7. Сүйен. Ханкелдіден екеу: 1. Басбек, 2. Наурыз – Ниязбек, онан-Қасен, онан Рахметолла. Басбектен 4 [төртеу]: 1. Қаражан, 2. Сұлтанбек, 3. Жолдасбек, 4. Ниязбек. Сұлтанбектен – Омар. Жолдасбектен 3 [үшеу]: 1. Нөгербек, 2. Айсабек, 3. Мұсабек. Айсабектен-Мәкеш молда, Мұсабектен – Жұмабек.

[Айдабол – Малқозы – Байымбет]. Байымбеттен: 1. Шойынбай, 2. Мылтықбай, онан-Жәкен, онан – Әбдірахман, онан-Нығмет. Онан: Болат пен Жанат. Жылқыбай, онан-Алтыбасар, онан-Сағындық пен Әмір. Сағындықтан – Тобына (Тұбын). Әмірден-Жанғуда. Тасболаттан – Сатығұл, онан-Жапа, онан...

Толыбайдан төртеу: 1. Олжабай, 2. Орман, 3. Құлжабай, 4. Рысқұл. Олжабайдан төртеу: 1. Есенаман, 2. Бұлаң, 3. Дулат, 4. Жалаңтөс, тоқалдан: [5] Өтебай, [6] Бектен. Есенаманнан: 1. Үйсінбай, 2. Көлен, 3. Қожабай. Бұланнан: 1. Майбас, 2. Күңбас; тоқалдан: Тоқжігіт пен Шата. Майбастан – Айбас, онан-Әкімбек, онан-Сымат және Жүніс. Күңбастан – Ибрай, онан-Әбдірахман. Дулаттан: 1. Астанбай, 2. Марғұлан, 3. Рысқұл, онан – Така. Арыстанбайдан: 1. Жанқұлан, 2. Дүржан, 3. Имамбек, 4. Мұсабек. Онан-Жанайдар, онан екеу: 1. Базит, 2. Мейрам.

Имамбектен: 1. Байбек, 2. Жәнібек, 3. Сіләмбек. Онан-Айдыш.

Байбектен: 1. Мұзафар, 2. Уайла.

Марғұланнан: 1. Ақболат, 2. Тоқболат, 3. Шудабай. Ақболаттан: 1. Қақан, 2. Ақан, 3. Кіреші. Тоқболаттан: 1. Ұлтарак, 2. Тәуірбай. Шудабайдан: 1. Дүйсенбай, 2. Үсенбай, 3. Дүкенбай. Дүкенбайдан: 1. Әбу, 2. Шақаш, 3. Жұматай, 4. Орайқан. Орманнан-Төбет.

Жанқозыдан-Асқар, онан Мүзрүк пен ...

Түсініктер

Қазақтың көрнекті ақыны, фольклорисі, тарихшысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931 ж.) шығармалары жинағының оныншы томы жарық көріп отыр. Бұл жолы кітапқа ғалымның қазақ халқының ру-тайпаларын таратқан шежіре сөзі енгізілді. Оның алдындағы 9 томдық жинақтың 1-4 томдарында ақынның төл поэзиялық туындылары, 5-7 томдарында фольклор, ауыз әдебиеті үлгілері, 8-9 томдарында тарихқа қатысты материалы жинақталып берілген еді. Қарап отырғанымыздай, шығып жатқан 10 томның әрқайсысы Мәшһүр Жүсіп жазбалары арасынан белгілі бір тақырып бойынша сұрыптап алынған мәтіндердің жинағы болып табылады. Ал, Мәшһүр Жүсіптің кітап түрінде даярлаған жазбасын қолжазбадағы тұтас қалпында шығару ісі әзірше жүзеге аспай тұр. Бұл жолы 10 – томға қазақ шежіресіне, ру – тайпалық құрамына байланысты генеалогиялық тараулары енгізіліп отыр.

Мәшһүр Жүсіп шежіресі деген ұғымның мағынасы зор. Қолжазбалардағы материалдар мазмұнына қарап, ғалымның тарих, мәдениет, әдебиет мәтіндерін бір-бірінен бөлмей тұтас ұсынғанына назар аударамыз. Сол себепті қолжазбадағы мәтін тұтастығын (немесе шежірешінің айтпақ ой – пікірінің тұтастығын) сақтау мақсатында шежіре мәтіндерінде орын алған фольклор, әдебиет үлгілері, фәлсафалық-діни ойлары т.с.с. қолжазбадағы жазылу реті бойынша аралас беріліп отыр. Бұл орайда Мәшһүр Жүсіп жазбасындағы кейбір мәтінді тарихқа да, әдебиетке де жатқызуға болатынын ескерген жөн. Мұндай жүйелеу ретімен «Мес» жинағындағы қазақ шежіресінің алты нұсқасын бөліп көрсетіп отырмыз:

1) Қазақ шежіресі (бірінші нұсқа) Алматыдағы Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қорындағы (бұдан әрі ОҒКҚҚ деп көрсетеміз – Е.Қ.) Мәшһүр Жүсіп жазбасы №1177 – папка мәтіндері бойынша әзірленді.

2) Қазақ шежіресі (екінші нұсқа) ОҒКҚҚ, №1178 – папка бойынша аударылды.

3) Қазақ шежіресі (үшінші нұсқа) ОҒКҚҚ, №1645 – папкасынан алынды.

4) Қазақ шежіресі (төртінші нұсқа) ОҒКҚҚ, №1176 – папканы қамтыды. Осы орайда 1178, 1176-папкаларда шежірелік мәтіндер

басымдығы ескеріліп, ара-тұра бұрын басылған үлгілері қай томның қай бетінде екені көрсетіле отырып, қалғандарын шежіреге жатпаса да, қалдырмай, түрлі тақырыптармен осы томда тұтас беру жүзеге асты.

5) Қазақ шежіресі (бесінші нұсқа) шежірелік мәліметі аздау, ОҒКҚК, №1170 – папкасынан жинақталып берілді.

6) Қазақ шежіресі (алтыншы нұсқа) Павлодардағы Қ.П. Жүсіповтер жанұясы яғни әулеттік мұрағатта сақталған (бұдан әрі қарай ҚПЖӘМ деп қысқартып көрсетеміз) Мәшһүр Жүсіптің 1-8, 11 папкаларынан, сонымен бірге ОҒКҚК, №1171 – папкадан іріктеліп даярланды.

7) Қазақ шежіресі (жетінші нұсқа) ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) көшірмелері бойынша жинақталды.

8) Қазақ шежіресі (сегізінші нұсқа) ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіптің кенже ұлы Мұхаммедфазыл (1890-1969) көшірмелері бойынша ұсынылды.

Бұл 8 нұсқа өз ішінен Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ т.с.с. ұрпағын баяндайтұғын бірнеше тармақтарға жіктеле түседі. Әр кезде, әр адамдарда түрліше айтылуына орай кез келген шежірешіні шатастыратын сәттер біраз болғандықтан, шежіренің жарияланымында бірқатар ерекшеліктер орын алуы заңды.

Ең алдымен қолжазбадағы шежіре мәтіндері сол жазылған реті бойынша келтірілді. Әрине, мұндай жағдайда мәтін тұтастығы сақталғанымен, ру-тайпалық жүйе ретімен шежіре тарату үнемі жүзеге аса бермейді. Мәшһүр Жүсіп Арғын руларын әңгімелей отырып, арасында Найман, не Алшын шежіресін де келтіріп отырады. Тіпті, Арғын ішіндегі Сүйіндік тарауларын баяндау барысында: Айдабол, Күлік, Орманшы, Қаржас т.с.с. аталары аралас өрілетін тұстары да аз емес.

Бұл 10 – томда тайпа, ру, ата, әулет тарату тізбектері өзара байланыста алма-кезек орын алғанын ескере отырып, әрбір шежіре мәтінін жеке-жеке бөліп көрсетуді жөн санадық. Ал, оқырман қауым ру аттарын шатастырып алмауы үшін мәтін басында (мазмұнында да солай) тік жақша ішінде алдымен тайпа атын (Қыпшақ, Керей, көбінесе Арғын), одан кейін ру атын (Сүйіндік, Қаракесек, Қуандық), соңынан ел атауын (Айдабол, Күлік, Тұлпар, Қаржас) беріп отырдық. Кімдерден кімдер

таратылатындығы осылай ескертілгеннен кейін, Мәшһүр Жүсіптің шежіре сөздері сол қағазға түскен қалпымен ұсынылды.

Сонымен қатар шежіре сөздерін аудару, жариялау, сараптау барысында байқалған текстология мәселелерін (жалпы саны – 241) тік жақша арқылы келтірдік. Яғни кітаптағы мәтіндер арасында кездескен тік жақша ішіндегі сандардың әрқайсысы белгілі бір жазбаның сол тұсында не әдеби (фольклор) үлгісі орын алғанын, не оның жарияланып – жарияланбағанын, не болмаса Мәшһүр Жүсіптің белгілі бір ескертулерін (көбіне қолжазба бетінің шетінде не көлденең, не тігінен жазылған сөздер) берілгенін білдіреді. Мәшһүр Жүсіп мағлұматы ара-тұра қолда бар кейбір шежіре кітап мәліметтерімен сәйкес келе бермейді., тіпті, кісі есімдері де әр нұсқада әртүрлі айтыла береді. Бұл өзгешеліктерді де төмендегі шежіре кітаптарымен салыстыра отырып, сандық түсініктер арқылы көрсетіп кетуді жөн санадық: Әбілғазы. Түрік шежіресі . Алматы, Ана тілі, 1992, 206 б.; Құдайбердіұлы Ш.. Түрік, қырғыз – қазақ ыәм хандар шежіресі. Алматы. Ана тілі, 1992, 79 б.; Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. (№1177 – папка бойынша әзірлеген – С. Дәуітов) Алматы, Жалын, 1993, 74 б.; Толыбеков С. Қазақ шежіресі, Алматы, Қазақстан, 1992, 144 б.; Қазақ (Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы). Алматы, Білім, 1994, 174 б.; Қазақ шежіресі (Әзірлеген – Ж.Бейсенбайұлы). Алматы, Қазақстан, 1994, 158 б.; Сәдібеков З. Қазақ шежіресі, Ташкент, 1994, 144 б.; Тілеке Ж.. Шежіре, 1-кітап, Павлодар, Дауа, 1995, 367 б.; Сәрсекеев М. Таракты және Қаракесек шежіресі, Алматы, Атамұра, 1995, 270 б.; Тынышпаев М. Ақтабан шұбырынды. Алматы, Жалын, 1992, 152 б.; Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы, Атамұра, 2000, 463 б. т. с.с.

Енді осы 10 томдықты әзірлеу барысында туған мәселелерге назар аударайық. Редакциялық алқа мүшелері С.А.Қаскабасов, А.К. Құсайынов, М.К. Әбусейітова кеңестерін есепке ала отырып, құрастырушылар тарапынан 10 томды дайындаған кезде көзге түскен Мәшһүртану мәселелерін жинақтап, төмендегі тізімде көрсетуге тырысамыз:

1) Мәтін жазуы. «Мес» жинағының басым бөлігі хадим үлгісінде жазылған. Хадимшеге сүйенген жазу тәртібінде қазақ сөздері араб

әліппесі негізінде жазылса да, онда төте жазудағыдай сөз ортасындағы дауысты дыбыстар берілмейді. Сол себепті хадимшеден аударылды деген қазақ сөздері, кісі есімдері т.т. екінші, үшінші мәрте қайта оқылған кезде мағынасы өзгеріп, басқаша аударылып, өзгеріске түсуі де заңды.

2) Мәтін тілі. Сол заманда қалыптасқан жазба тілдің орфография, орфоэпия ережелері болмауына байланысты басқа да қазақ шежірешілері секілді Мәшһүр Жүсіп те шежіредегі кісі аттарын т.с.с. естілуі бойынша қағазға түсірген.

3) Мәтіндердің жинақталуы. «Мес» жинағының басым бөлігі ОҒКҚҚ мен ҚПЖӘМ –да сақталынып тұр. Алайда ел арасында әлі көзге түспей жасырын жатқандары да аз емес. Мәселен, ҚПЖӘМ –дағы Мәшһүр Жүсіптің 11-папкасы К.Садықұлынан 27.04.2004 ж. ғана алынды. Мәшһүр Жүсіп жазбаларын бала кезінен ақтарып, көбірек көшірген екі адам бар: Жолмұрат Жүсіпұлы мен Мәшһүр Жүсіпке атқосшы болған Иманғали Маненов. И. Маненов көшірмелерін сақтаушылар деректеріне сүйенсек, Иманғали Маненұлы Мәшһүр Жүсіп рұқсатымен жазбаларының ширек бөлігін ғана өз кітапханасы үшін көшіріп үлгергенін ескерткен екен. ОҒКҚҚ мен ҚПЖӘМ ғалымның түпнұсқа жазбаларымен Ә. Марғұлан, Жолмұрат, Фазыл, Т.Алдабергенов көшірмелері барлығы жинақталып, ксерокөшірмелері жасалып, төмендегі үш ғылыми орталыққа тапсырылған болатын:

а) Алматыдағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қоры;

ә) Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар» кітапханасы ғылыми орталығы;

б) С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы.

4) Мәтіндердің сақталу қалпы. Алматыдағы Орталық Ғылыми кітапханадағы Мәшһүр Жүсіп жазбаларының сақталу дәрежесі қанағаттанарлық деңгейде ғана. Түсініктерде көрсеткеніміздей, қолжазба беттерінің кейбірі кезінде әдейі жыртылып алынған, күтімсіздікпен кейбір тұстарында жазбалардың сиясы өше бастаған. Түпнұсқаның мәтіні толық сақталмай, үзіндісі ғана қалса, бұл жетімсіздікті бұрынғы кездегі бүлінбей тұрғандағысынан көшірілген көшірме мәтіндер алмастыра алады. Сол себепті Мәшһүр Жүсіп жазбалары текстологиясын өзара сараптау мақсатында Жолмұрат көшірмелерін Қазақ

шежіресінің 7-ші нұсқасы деп, ал Фазыл көшірмелеріп 8-ші нұсқа деп, жеке-жеке бөліп ұсынып отырмыз.

5) Мәтіндердің жазылу тарихы. Ең алғаш қағаз бетіне түсірген Мәшһүр Жүсіп жазбаларының көбі бізге жете қоймаған. ОҒКҚҚ мсн ҚПЖӘМ 1-8 папкаларындағы үлгілердің көбі ХХ ғ. 20-30ж. кейін қайта жазылған, өңделген, кітап ретінде бастыртуға даярлаған соңғы үлгілер болып табылады. Бұлардан гөрі сәл ертерек жазылған ҚПЖӘМ 11-ші папкасында мәтіндердің жүйеленуі аз, тақырыптары қойылмаған, таза шағатай тілімен жазылған түркі сөздері көп енгізілген т.с.с. Алғашқы жазбалар қоржынға салынып, ел аралаушы ақынмен бірге ат үстінде алынып жүргендіктен, бүліну т.с.с. әсері болған. Бұл жазбаларын Мәшһүр Жүсіп алдымен өзі бастап көшіріп, кітап түріне икемдеп жинақтап жазғаны әсіресе 1176, 1177, 1178, т.с.с. папка мәтіндерінен білінеді. Баспасөз беттерінде жарияланған мақала мәтіндері де әзірше кездеспейді. Кейіннен көмекшілеріне көшіртіп, сұрыптап, қолжазба кітап түрінде даярлап, «Мес» ішінде сақтағаны туралы мәлімет бар.

6) Мәтіндердің көп нұсқалылығы. Ел арасынан белгілі бір оқиға туралы әртүрлі мәлімдеулерді қалдырмай жазып алып отырғаны байқалады. Мәселен, қазақ шежіресінің – 8, «Абылай аспас Сары бел» оқиғасының 8 нұсқалары болуы, т.с.с. осыны дәлелдейді. Сол себепті бір оқиға, не әдебиет үлгісі де Мәшһүр Жүсіптің әр жазбасында бірнеше варианта әңгімеленіп жатады. Мәтіннің барлық нұсқаларын келтіруге тырыстық.

7) Мәтін авторын анықтау. Алғашқы қарабайыр жазбалары сақталынбағандықтан, кейінгі «өңделген» Мәшһүр–Жүсіп жазбасына қарап, қай деректі кімнен алғанын анықтау қиынға соғады. Мәшһүр Жүсіп жазбаларында әр үлгі тұсында оның кімнен алынғанын үнемі көрсете бермейді. Мәшһүр Жүсіп жазбаларының С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор Е.Арынның ұйытқы болуымен соңғы 5 жылда ғана жинақталып, жарияланып жатқанын да ескерген жөн. Құрастырушылардың да мүмкіндігі шектеулі. 9 томдық басылым шыққаннан кейін айтылған ескертулер, түзетулерді ескере отырып, авторлыққа байланысты төмендегідей пікірлерді жинақтап беріп отырмыз:

– Кейде мәтін ғана емес, мәтін авторлары да бірнеше болып келеді. Мәселен, бұрын авторы Иманжүсіп саналған туынды кейін

Мәшһүр Жүсіп шығармасы ретінде «Иманжүсіп атынан шығарғаны» деген аталыммен берілді: Шығармалары. 1-том, Павлодар, ЭКО, 2003, мәтіні-303-306 б., түсінігі – 427-428 беттерде. Сонда толық нұсқасы Мәшһүр Жүсіптің Иманжүсіп атынан жазған осы өлеңі болды да, қысқа, ықшам түріне Иманжүсіптің ән жазғаны анықталды.

– Сонымен бірге «Қолыма хат жазғалы алдым қалам» туындысы кезінде Мәшһүр Жүсіптің ортаншы ұлы Әмен Көпеев (1888-1921) өлеңі ретінде берілді. (Қараңыз: Ұл еді қарсы туған көк дауылға. /Әзірлеген – Н.Жүсіпов. // Жалын. 1989, №1, 110 бет). Кейіннен Мәшһүр Жүсіп жиегі Жолмұрат Жүсіповтың шегелеп ескерткен сөздеріне (ОҒКҚК, № 1173 – папка, 9-дәптер, 1-2 беттер) сүйене отырып, 4 томда бұл өлең «Мәшһүр Жүсіптің Әмен атынан сөйлегені» деп жарияланды.

– Қазақ әдебиет тарихында Біржан мен Сара айтысы өмірде болмағанын, бұл айтысты Әріп ақын шығарғанын Мәшһүр Жүсіп өз жазбасында (ОҒКҚК, №1178-папка, 304 б.) анық мәлімдеген: Қараңыз: Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 7-том, Павлодар, ЭКО, 2006, 354 б. Осы орайда шығарма стилі, өлең көркемдігі т.т. тұрғысынан қарасақ та, бұл туынды екі ақынның өз мәнерімен сол сәтте шығарған суырыпсалма өлеңдері емес, асықпай ойлана отырып жазған жазба ақын шығармасы екенін байқар едік.

– Мәшһүр Жүсіп жазып алған басқа көшірмелерді М.Ж.Көпеев туындысы ретінде жаңсақ көрсетулер де кітап әзірлеушілерді қателікке ұрындырғаны байқалды. «Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ» деген Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңі Фазыл көшірмесінде (ҚПЖӘМ, Фазыл, 3 – папка, 216-217 беттер) Мәшһүр Жүсіп шығармасы ретінде беріліп, Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1-том, Павлодар, ЭКО, 2003 (мәтіні-161, 162, түсінігі – 396 б.) жарық көрді.

– «Жаздың сөзі» деген атпен берілген өлең авторы да Мәшһүр Жүсіп емес, Ы. Алтынсарин екені (бастапқы тармағы: «Сәуірде көтерілер рахмат туы») кейіннен қолға тиген (27.04.2004 ж.) 11 – папка бойынша (12-13 беттері) анықталынып отыр. Қараңыз: Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 4 – том, Павлодар, ЭКО, 2004, 99-100 беттер; ҚПЖӘМ, 11-папка, Мәшһүр жазбасы, 12-13 беттер.

Бұл аталған пікірлер келесі басылымдарында жаңа деректермен толығулар нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп жазбаларына алда тағы да өзгеріс, жанару бола беретіндігіне жарық түсіре алады.

Шежіре мәтіндеріне байланысты берілген түсініктеме сөздер:

1. Бұдан кейінгі «Жақтасып жасаққа шықсаң, қалай болады?» – дегеннен бастап, «... «Қаржаспен ыңғайласа бастайды: «Жолбике» – легенде» – дегенмен бітетін мәтін ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы, ОҒКҚҚ (бұдан әрі қысқартып «қолжазба қорындағы» – деп атаумен шектелеміз – Е.Ж.) Мәшһүр Жүсіптің жазбасы 1178-папкасы 308 – беті сақталмағандықтан, ондағы мәтінді әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жиені Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі, 3 – папкасынан (129-130 б.) келтірдік.

2. Бұдан әрі жоғарыда аталған 1177 – папкадан (330-333 б.) алынып: «Болатқожаның бел баласы: Ақша, Түйте» – деп басталып, «Жидебай батырдың аруағы еркіме қоймай, жаздырып отырған» – деп аяқталатын мәтін бұған дейін жарық көрген Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары, 9 – томында (Павлодар, ЭКО, 2006, 142-145 б.) «Жидебай батыр» (екінші нұсқа) деген аталыммен берілді.

3. Осыдан кейінгі: «Қанжығалыдан Бөгенбай батыр шықты» – деп басталып, «Қанжығалының қақ жарылған жері – сол» – деп бітетін мәтін аталған қордағы 1177 – папкадан (346-348 б.) алынып, бұдан бұрынғы 9 – том ішінде қазақ батырлары қарастырылғанда: «Бөгенбай батыр ұрпақтары» – аталымымен берілді (159-161 б.)

4. Керейдің іштей бөлінуін дәйектегенде, оның: «Ашамайлы Керей-Тарышы – Құрсары» – деп бөлінуі Мұхаммеджан Тынышбайұлының 1925 жылы шыққан «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» – еңбегінен алынды. Қараңыз: М.Тынышбайұлы. Қазақ шежіресі, Целиноград, Қаламгер, 1991 ж., 21 бет.

5. Осы тұстағы 1178 – папкадан (19 б.) алынған мәтін «Абылай заманындағы орыс елшілері (бірінші нұсқа)» – деген аталыммен Мәшһүр Жүсіп шығармалары 8 – томына (Павлодар, ЭКО, 2006, 205-206 б.) енгізілді.

6. Бұдан әрі 1178-папка (26-28 б.) орналасқан мәтін «Жиенәлі батыр тұлпары (екінші нұсқа)» – деген аталыммен 9 – томда (234-236 б.) берілді.

7. Осы орайда белгілі бір есім алдынан қойылған сан реті Мәшһүр Жүсіптің сол есім үстіне белгілеген сандық, реттік көрсеткішті, ал квадрат жақша ішіндегісі біз белгілеген ретті білдіретінін ескертеміз.

8. «Жаңқөт, Ербай, Бекбалта» – сөздерінен кейінгі көп нүктелер Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен қойған белгілер екенін ескертеміз. Тегі бұл адамдар аралығындағы аталарды Мәшһүр Жүсіпке жеткізушілер білмегенін, немесе оны атап, кіргізе беруді қажет деп таппағандықты танытуға осы көп нүкте арналған болар деп санаймыз.

9. Бұдан кейінгі мәтін 1178-папка, 30 – беттен алынып, 9-томға «Бәйеш өлімі» деген аталыммен (252-253 б.) енгізілді.

10. «Барған қырық кісіден» – деп басталатын бұл үзік бөлім осының алдындағы «Бәйеш өлімі» мәтіні соңы. Қолжазбада: [Қуандық шежіресі] ішінде: Нұрфая бәйбіше – Қуандық, Сүйіндіктің шешесінің аты, Алшын-Құдыс байдың қызы екен» – дегеннен кейін жол арасында басқа түсті сиямен сыналап қыстырма ретінде жазылғандықтан, 9-томды әзірлеу кезінде байқалмағаны кейін анықталды.

11. Бұдан кейінгі: (1178-папка, 34 б.) мәтін 9 – томға: «Кенесары жорығына қатысты үшінші дерек» аталымымен (180 б.) енді.

12. Бұдан әрі: «Бұрынғылар бата қылғанда» – деп басталатын бата үлгілері (35 б.) 5 томда: «Бұрынғылардың тағы бір батасы» – деген аталыммен (113 б.) жарық көрді.

13. Бұдан әрі: «1499 – ыншыда Әбілқайыр немересі Шейбани хан» – деп басталатын 1178 – папқадан (48 б.) алынған мәтін 8-томда «Шейбани хан» – деген аталыммен (98 б.) енгізілді.

14. Бұдан әрі: «Тоқа сұлтан, Таластың жылқысын Кенесары алған» – деп басталатын 1178 – ден (50 б.) алынған мәтін 9-томда: «Тиес, Қанай батырлар туралы – деген аталыммен (153-154 б.) берілген. Бұл мәтін соңынан: «Мұрат-Тіней баласы Сикымбай» – деп басталатын мәтін «Есеннің тентектік салыстырғаны» – мәтіні жалғасы ретінде 6-томның 205 –бетінде берілген.

15. Мәтіннің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1-папка, 73-76 б.) бойынша, ал «Жидебай батыр» екінші нұсқасы жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1177-папқадан (330-333 б.) алынып, бұдан бұрынғы 9-томда (142-145 б.) жарияланған. Ол нұсқаларда Достың қолға түскені, Жидебайдың кейін қалай батыр болғаны баяндалса, бұл тұста сол әңгіменің бастапқы осы бөлімі ғана сақталған. Мұны біз мәтіннің үшінші нұсқасы ретінде шежіре ішінде қалдырғанды жөн көрдік.

16. Бұдан кейінгі: «Байыстан бесеу» – деп басталып, «Кегенбайдан шыққан деседі» – деп бітетін мәтінді қамтыған қолжазба қорындағы жеке үзік бет сөз ыңғайына, аталар ретіне қарап, осы тұсқа енгізілді.

17. Бұдан кейінгі: «Үш нәрсе шыққан жеріне қайта сыймайды» – деп басталатын шағын мәтін жоғарыда сөз болған Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1178-папкасынан (66 б.) алынып, «Үш нәрсе» – деген аталыммен 9-томда (293 б.) жарық көрді.

18. Тап осы мәтіннің неғұрлым толық бірінші нұсқасы осы Мәшһүр Жүсіп жазбасының 1178-папкасы сақталған қолжазба қорындағы екінші бір 1675-папкадан алынып, 8 – томға (169 б.) «Нан атқан Манат хан ұрпағы» – деген аталыммен берілді. Ал, осы шежіре жалғасы ретінде берілген бұл жолғыны мәтіннің екінші нұсқасы ретінде санаған жөн.

19. Көңіл айтуға арналған бұл мәтін қазақ фольклоры жинақталған томдарға лайық екені белгілі. Әйтсе де мәтін тұтастығын бұзбауды дұрыс көретін зерделі тарихшы ғалымдар пікірін ескеріп, бұ жолы шежіре арасында орын алған осы бір үзіндіні басқа томға ығыстырмай, осы шежіре мәтіні ішіне енгізгенді жөн көрдік. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің белгілі бір тақырыпта жазып келе жатып, басқа тақырыпқа ауысып отыратыны үнемі автордың жазу реті айнасы бола бермейтінін, бізге жеткен қағаздардың сақталу ретіне де байланыстың болуы мүмкін екенін де ескерген жөн.

20. «Енеден туған шырқырап» – деп басталатын осы бір 4 жолдық мәтінді артық санағандық белгісі ретінде оның үстінен сызу белгісі қоса жүргізілгенін ескертеміз. Оны Мәшһүр Жүсіптің өзі іске асырды дегеннен гөрі, «Құдайдың» сөзін келтіруді ерсі көретін кеңестік жүйе сарапшылары еңбегі деуге де болатын тәрізді.

21. Бұдан кейінгі: «Қиғытан Босбоста орыстың отар малын бағып, жаңа байыған шала қазақтарға жалғыз ат, жалғыз сиырмен Токпақтай болыс болып тұрғанда, Қамбар-Жанак ақынның айтқан өлеңі» – деген түсінік берілген. Өлең мәтіні бұдан бұрынғы 7 – томда (31 б.) берілгендіктен, бұл жолы келтірілмеді.

22. Бұдан кейінгі: «Арқадағы Абылайдай бол» – деп басталып, «Байкелді, Бостандай мырза бол» – деп бітетін мәтін осы 1178-папка, 35-бетінен алынып, бұдан бұрынғы 5-томда: «Бұрынғылардың тағы бір батасы»-деген аталыммен (113 б.) берілген.

23. Бұдан кейінгі: «Қойлыбай-Шағырайдың Қойлыбайының баласы» – деп басталып, «... осы екеуіндеі сахида бала жасымнан бұл күнгеше көргенім жоқ» – деп бітетін мәтін осы 1178-папканың 103-106 беттерінен алынып, бұдан бұрынғы 8 – томға (206-208 б.): «58 мәтін. [Абылай заманындағы орыс елшілері (екінші нұсқа)] – деген аталыммен енгізілді.

24. Бұдан әрі: «Тентек жайын біраз сөйлейік» – деп басталып, «Айтқанындай болған» – деп бітетін мәтіндер шоғыры 1178-папканың 106-111 беттерінен алынып, «Есек тентек және басқалар», «Есеннің тентектік салыстырғаны» – деген аталымдармен бұған дейінгі Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 5 – томында (202-205 б.) келтірілген.

25. «Еламан баласы Тұрсынбай» – деп басталып, «... Жолдыбай құлдың қызы екен» – деп бітетін мәтін осы 1178-папканың 112-115 беттерінен алынып, бұдан бұрынғы 8 – томға (153-155 б.) «Балағаз батыр» – деген аталыммен кіргізілген.

26. Жоғарыда сөз болған қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы 1178 (120-124 б.) папкадан алынып отырған Қаржас пен Қанжығалы дауы кезіндегі Шорман би шешендігін танытуға арналған: «Қанжығалы мен Қаржастың екіұдай төбелесі болып...» – деп басталып, «Өлтіру қайда, өртеу қайда?» – деп аяқталатын бұл әңгімелер мәтіннің үшінші нұсқасы болса, алғашқы нұсқасы бұдан бұрын әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіптің алғашқы жазбасынан (2-папкадан (285-289 б. және 316 б.) алынып, бұдан бұрынғы 6-томға: «Қаржас пен Қанжығалы дауы» (бірінші нұсқа) (181-183 б.), «Қаржас пен Қанжығалы дауы» (екінші қысқа нұсқа) – аталымымен (183 б.) берілген болатын. Бұл жолғысын сол мәтіннің үшінші нұсқасы деуге болады.

27. Бұдан кейінгі: «Сүгірәлі абыздың ұрпағын» – деп басталып, «Көзімді қалай тесейін? – деген екен-ау!» – деп бітетін әңгіме мәтіні осы 1178 – папкадан (124, 124а, 124ә б.) алынып, бұдан бұрынғы 9-томға «Сүгірәлі абыз (екінші, үшінші нұсқа) – деген аталыммен (243-244 б.) енгізілген.

28. «Молда Жүніс сөзі: «Бисмилла –сөздің әуел бітидасы» – деп басталатын мәтін әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат көшірмесі (1-папка, 274-277 б.) және Мұхаммедфазыл, Иманғали жазбалары бойынша әзірленіп, «Мәшһүр Жүсіп пен Жүніс Шалқарбайұлы [айтысы]] – аталымымен бұдан бұрынғы Мәшһүр Жүсіп шығармалары 1-томында

(Павлодар, ЭКО, 2003, 288-289 б.) толық берілгенін, ал мұнда (1178-папка, 124 г, 124 ғ б.) сол мәтіннің бастапқы 3 шумағы және ақын түсіндірмесі ғана орын алғанын, сонымен бірге әулеттік мұрағатта бұл мәтіннің толық емес екінші бір нұсқасы (Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 7-папка, 195-206 б.) сақталғаны кейін анықталғанын еске саламыз.

29. «Алданазар паңға жүйрік тұқымы қайдан келді?» – деп басталатын бұл мәтін әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат көшірмесінен (2-папка, 304-306 б.) алынып, Мәшһүр Жүсіп шығармалары 6-томына (Павлодар, ЭКО, 2005, 91-93 б.) «Тұлпардың дүбірі» – деген аталыммен берілген. Ал, мұндағы мәтіннің (1178-папка, 125-129 б.) кейіннен фольклорлық үлгілерге қайта оралғанда ескерілуі керектігі жоспарланып отыр.

30. «Күлік ішінде сіңісті болып отырған Жағалбайлы» – деп басталып, «Боштайға қолы тигендер бір де бірі оңбады, – деп, – жұрт аңыз қылды деуші еді» – деп бітетін, яғни 1178-папкадан (130,132-беттер) алынған бұл мәтін бұдан бұрынғы 9-томда «Ізден абыз, Боштай әңгімелері» – деген аталыммен (267-270 б.) берілді.

31. «Алтай жігіт күнінде жүгенін беліне байлап алып...» – деп басталып, «Сонда Алтай-Арғынның сауыры (сәуірі)» – деп аяқталатын мәтін осы 1178-папкадан (143-151 б.) алынып, бұдан бұрынғы 9-томға «Алтай туралы» – деген аталыммен (236-240 б.) енгізілді.

32. «Жиенәлі батыр тұлпары» мәтінінің бірінші нұсқасы Мәшһүр Жүсіп шығармалары 6-томында (Павлодар, ЭКО, 2005, – әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (2-папка, 309-310 б.) бойынша берілсе, екінші нұсқасы 9-томда (234-236 б.) тап осы папканың (1178) 26-27 беттері бойынша жарияланды. Бұл үшінші нұсқаны шежіре топтамасы бүтіндігін бұзбай, осы тұста ұсынғанды жөн көрдік.

33. «Бұрынғы заманның байларының құдалығы, келін түсіргені...» – деп басталып, «Байсақалдың қызының ақ қаны бізді осындай қылған, – деп» – сөздерімен аяқталатын мәтін осы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178-папка, 159-169 б.) алынып, бұдан бұрынғы 8 – томда (297-303 б.) «Бұрынғы құдалық әңгімелері» – деген аталыммен жарық көрді.

34. Бұл мәтіннен соң: «Қазақтың шетінен келіп, ...» – деп басталып, «Қараған ауруы жазылып тұрып кетеді екен» – сөздерімен аяқталатын

мәтін (1178-папка, 175-178 б.) бойынша 8-томда (253-256 б.) «Бөктік бәйбіше әңгімесі» – деген атпен берілді.

35. «Ақжігіт, Жанжігіт болып ауызға ілініп тұрған күнінде...» – деп басталып, «Сол кезбе жандардың бір де бірі солай қарай қаңғыта алмаған екен» (1178-папка, 179-186 б.) сөздерімен тамамдалатын мәтін бұдан бұрынғы 9-томға «Ақжігіт пен Ізден абыз әңгімелері» – деген аталыммен (270-274 б.) енгізілді.

36. «Ақжігіт абыздан туған төрт Мұхаммедтің біреуі-Сермұхаммед» – деп басталып, «...Төлеубекті көзіміз көрді, жылы – коян» – сөздерімен аяқталатын (1178-папка, 187-199 б.) мәтін де сол 9-томға «Мәшһүр Жүсіп әкесі-Көпжасар әңгімесі» – деген аталыммен (281-286 б.) енгізілді.

37. «Желтау-Шокпардың Желтауына бұрынғы заманда Күлік – Досбай қыстап жүріпті» – деп басталып, «... Тілеуімбет мал сұрай ма?» – деп бітетін осы 1178 – папканың 194 – бетінен алынған мәтін де 9 – томға (280-281 б.) «Мәшһүр Жүсіп өміріне қатысты деректер» (екінші нұсқа) – аталымымен кіргізілді.

38. «Тілеуімбет: Наурыздың –Наурызының тарауы» – деп басталып, «Ат шығарып, аруақ шашқанды сөйлеу керек» – деп бітетін 1178 – папкадан (199-205 б.) алынған мәтін «Жаңабатыр әңгімесі» – деген аталыммен 9 – томда (155-159 б.) берілді.

39. «Құдай рахмет қылсын, Жанак деген жаралуы басқа жан болыпты», – деп басталып, «Ол өзі өз алдына Ғали хаде бір кітап болуға жарарлық» – деп тұжырылатын мәтін 1178 папкадан (206-209 б.) алынып, 9 – томда (247-250 б.) «Қаһарлы Жанак (екінші нұсқа)» – деген аталыммен жарияланған.

40. «Жаңабатырдан, Жанактан соң» – деп басталып, «Жиын сайын сабасы жарқылдайды» – тармағымен бітетін мәтін 1178-папкадан (210 б.) алынып, 9 – томға «Байғана мырза» – деген атпен (240 б.) енгізілді.

41. Көтештің бұл өлені Мәшһүр Жүсіп шығармалары 7 – томында (Павлодар, ЭКО, 2006, 30 б.) басылса, сондай-ақ сол кітаптың 315-бетінде туындының түсінігі дерегі де орын алған.

42. Бұдан әрі Көтеш пен Күмпейе сайысының қандай жағдайда туғаны және айтыс мәтіні сол 7 – томда (210-211 б.) берілген.

43. Бұдан кейінгі мәтін 1178-папка (213-219 б.) мәтіні негізінде «Абылай аспаған сары бел – аталған мәнісі» (алтыншы нұсқа) – деген аталыммен бұдан бұрынғы 9-томда (66-71 б.) жарық көрді.

44. «Төлеген қожа» – деген қожаның өлеңінде бар» – деп басталатын мәтін де 1178-папкадан (220 б.) алынып, бұдан бұрынғы 7 – томда (280-281б., түсінігі – 390 б.) келтірілген.

45. Бұдан әрі Көтештің «Төлебайдың баласы өңшең сырттан» және басқа өлеңдері 1178-папкадан (220-223 б.) алынып, 7-томда (мәтіндері 26-30 б., түсініктері-309-311 б.) келтірілген.

46. 4 тармақтық Шөженің осы өлеңі 1178-папка мәтіні бойынша (223-224 б.) 7-томда (мәтін-47 б. түсінігі – 326 б.) жарық көрді.

47. Бұдан кейін Көтештің «Қартайғанда қатының дұшпан болды» өлеңі және басқа да туындылары тағы да 1178 папкаға (224-229 б.) сүйеніп, 7 – томға (мәтін-28-30, түсініктері – 311-314 б.) енгізілген.

48. Бұл тұста Жанақ ақынның «Жанын берген Жанактын шұбарын жер» – деген өлеңінің туу жағдайы мен өлең мәтіні (1178 – ден (230-231 б.) алынып, 7 – томда (мәтін-32 б.), түсінігі-316-317 б.) жарияланған.

49. Бұдан кейінгі мәтін 1178-папкадан (232-235 б.) алынып, бұдан бұрынғы 8-томда: «Жаксы Жанайдар» (1-үлгі) – аталымымен (201-203 б.) берілген.

50. Бұдан соңғы мәтін 1178-папка (235-238 б.) мәтіні бойынша 9-томға «Өтеміс абыз» – деген аталыммен (244-246 б.) енгізілді.

51. Бұдан әрі 1178 – папканың 239-263 беттерінен алынып, 6-томда: «Жамшыбай мен Түбек айтысы» (281-287 б.), «Ұмсын қыз бен Күдері кожа айтысы» (242-254 б.), «Ұлбике мен Жанкел айтысы» (255-257 б.) берілсе, «Ұлбикенің өлімі»-деген мәтін 9 – томда (256-257 б.) жарық көрді.

52. Бұдан әрі орын алған «Шөже мен Балта айтысы» 1178-папка (267-270 б.) мәтініне сүйеніп, бұдан бұрынғы 6 томда (258-265 б.) орын алса, Шөже өлеңі 7 – томда (46-47 б.) берілді.

53. «Ұшқұрт» әңгімелерінің бірінші, екінші нұсқасы және ол атаудың шығуына себеп болған Есен тентек істері бұдан бұрынғы 6 – томда (200-205 б.) Мәшһүр Жүсін жазбалары 1176-папка (324 б.), 1178 – папка (106-111 б.) және әулеттік мұрағаттағы 1-папкадан (88 б.) алынғаны сол томның түсінік бөлімінде (369 б.) көрсетілген. Ал, бұл мәтінде сол «Ұшқұрт» тұқымы шежіресі берілген.

54. «Ақбура-Есен тентек бір ауылдың сыртында қонақ болып отырса...» – деп басталатын мәтіннің алғашқы нұсқасы жоғарыда айтылған қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1176-папка, 324 б.), ал екінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1-папка, 88 б.) алынып, бұған дейінгі 6 – томда (Павлодар, ЭКО, 2005, 200-201 б.) жарық көрсе, үшінші нұсқасы осы жолы беріліп отыр.

55. «Қазақ орысқа бағынбай, қарамай...» – деп басталып, «... байлыққа түсіп кеткен» – сөздерімен бітетін мәтін сөз болып отырған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178-папка, 302 б.) алынып, 9-томда (261-262 б.) «Жылқы дауы» – деген аталыммен орын алған.

56. «Тайшы – қалмақ тілі» – деп басталып, «Сүгірәлі мырза атанған» – деп тәмамдалатын мәтін аталған жазба (1178-папка, 304 б.) бойынша 9-томда «Түрлі тарихи деректер» – деген аталыммен (233-234 б.) берілді.

57. «Тобықты-Көкше атанған табынан шыққан Дүтбай болыс...» – деп басталып, «... қойныңа ал!» – десе, сүймеген екен»-деп аяқталатын мәтін бұдан бұрын «Әрін Тәңірбергенов» ақын түсініктемесінде (7-том, 354 б.) пайдаланылды.

58. «Байқарадан жеті ақын әзіретке барып...» – деп басталып, «Домбырадан айрылып, тірі ит болды, – деп», – деп бітетін мәтін «Мәшһүр Жүсіптің Құнанбай, Абай туралы жазғандары» – аталымымен берілген мәтіндер шоғырының соңында келтірілген (7-том, 156 б.).

59. «Тобықты: Олжайдың үш баласы болған...» – деп басталып, «Бірі қалса, мені жер үстіне қоймайды – деп» – деп бітетін мәтін осы 1178-папкадан (305 б.) алынып, «Мәшһүр Жүсіптің Құнанбай, Абай туралы жазғандары» – аталымымен берілген мәтіндер ішінде келтірілген (7-том, 154 б.). Мәтін соңындағы сол кездегі бір ақынның шығарған мына бір өлеңі сол 7 – томға кірмей қалған екен. Біздіңше, бұдан бұрын да, кейін де келтірілген кез келген мәтіннің дұрыс-бұрыстығына Мәшһүр Жүсіп те оның шығармаларын шығарушылар да жауап бермейді. Ол қазіргі білімді дегендердің де біреуіне оң, біреуіне теріс көріне беруі мүмкін. Біз осы орайда тарих ғылымында қалыптасқан түпнұсқадағы мәтінді бұрмаламай. «Ұнамсыз көрінеді-міс» – деп қысқартпай, бізге жеткен үлгіні сол қалпында беруді жөн көрдік. Ел

аузынан мәтіндер т.с.с. жинағанда, кімге оң, кімге теріс көрінеді деп алаламай, сол қалпында кейінгі ұрпаққа жеткізуді Мәшһүр Жүсіптің басшылыққа алғаны белгілі. Енді 7-томға енбей қалған өлеңді келтірейік:

Япырм-ау, аты құрсын Абай деген,
Жылатты мұсылманды талай неген.
Абайың жақсы кісі болған болса,
Қасқырдай өз күшігін қалай жеген? –

деген екен. (1178-папка, 305 б.).

60. «Қазақта екі сөз шешілмей жүр: бірі – «Ана тілі» – деген» – деп басталып, «Айдабол мен Күлікке жем боларсың, – деген екен» – деп тұжырылатын мәтін 1178 – папкадан (308 ә-309 б.) алынып, «Ана тілі туралы» деген аталыммен 9 – томға (317-318 б.) енгізілді.

61. «Және бір сөз – көп ортасына салатұғын. Біз бұрыннан естуші едік: «Үш Жәнібек» болған,-деп» – деп басталып «... баланың сөзі болып кетті» – деп бітетін мәтін 1178-папкадағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (313-314 б.) алынып, «Үш Жәнібек» – деген аталыммен 8-томға (98-99 б.) кіргізілді.

62. «Құнанбай Алшынбайдың Жүсіп дейтұғын баласының қызын...» – деп басталып, «Шұбар адамның жаны жабайы, ауданы тар болады» – деген мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1178-папка, 314-315 б.) негізінде «Құнанбай туралы» (екінші нұсқа) – деген аталыммен 9-томда (241-242 б.) берілді.

63. «Бұл газет-журналдардан жұрт жеріп...» – деп басталып, «Байқайық ләззәтіңе кім қанады» – деп тамамдалатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178-папка, 315 б.) алынып, «Газет-журналдарға сын» – деген атпен 9-томда (319 б.) жарық көрді.

64. «Көкшетау жағында бір үйге қонған екен: әкелі-балалы екеуі» – деп басталып, «Баласы қалсын шуылдап» – деп аяқталатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1178-папка, 316 б.) бойынша бұдан бұрынғы 5-томға (113-114 б.) «Кейінгі бір бата» – деп аталып енгізілді.

65. «Уақ: Молдабай деген ойбайшыл, беймаза болғандығы сондай...» – деп басталатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178 – папка, 316 б. және 318 б.) алынып, «Бір ойбайшыл туралы» – деген атпен 9-томда (288-289 б.) берілді.

66. «Сыр бойындағы Төрттөбе-Қыпшақтан шыққан Қорлыбай бидің баласы – «Балаби – Досбол» – атанған» – деп басталатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасына (1178-папка, 317 б.) сүйеніп, «Досболдың көңілін сұрағандарға айтқаны» – деген атпен бұдан бұрынғы 6 – томда (152-153 б.) басылды.

67. «Досболдың бір көп бас қосқан жерде сөйлеген сөзі: «Ханға бергісіз қара бар» – деп басталып, «Жүрегімді жаралар!» – деп сарқылатын сөздер Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178-папка, 317 б.) алынса, оның жалғасы «Хан алдында сөйледім» – деп басталатыны 1177-папкадан, 60 б. бойынша «Досболдың накыл сөздері» – деген ата-лыммен бұдан бұрынғы 6 – томда (150-151 б.) орын алды.

68. «Қыпшақ баласы Досбол қартайған кезінде Қоңыраттың көп жас билерінің ішінде отырғанда...» – деп басталып, «... үй тола отырғандары ду күлді дейді» – деп бітетін мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178-папка, 318 б.) алынып, сол 6-томда (152 б.) берілді.

69. «Кенесары-Наурызбай: «Балаби-Досболмен сөйлестіремін, – деп» – деп басталып, «... үшеуін де токтатып кеткен екен» – деп тамамдалатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасына (1178-папка, 318 б.) иек артып, «Досболдың тапқырлығы» деген атпен сол 6-томға (151 б.) кіргізілген.

70. «Досбол бидің қартайып, далаға шықпай, үйде отырып қалған шағы» – деп басталып, «Баймұрат бір манарыс шапан кигізді» – деп бітетін мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (319 б.) алынып, «Досболдың қартайғандағы сөзі» – деген атпен 6-томда (152 б.) жарияланды.

71. Денсаулық – ғылымының бір тарауы» Дүниедегі жан иесі нәрселердің бәрі де өздерінің есен-сау рақатта болуына тырысады» – деп басталатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1178-папка, 320-329 б.) бойынша бұдан бұрынғы «Денсаулық-ғылымның бір тарауы» – деген аталыммен 9 – томда (302-312 б.) жарық көрді.

72. «Қажыға жеті барған – Абылай ханға пір болған Бегім шайхының...» – деп басталып, «... ноғай Ләшіммұхаммед Ахметов» – деп аяқталатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178-папка, 330 б.) алынып, «Бегім шайхының әйел туралы айтқаны» – деген атпен 9 – томда (262-264 б.) жарияланды.

73. «Жәудіркөз – Боздақ бидің қызы екен» – деп басталып, «... онда су бар деп ойлайтұғын емес» – деп саркылатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1178-папка, 331б. және 185 б.) негізінде «Боздақ би туралы бір дерек» – деген аталыммен 9 – томға (179-180 б.) енгізілді.

74. Көтеш акынның өлеңі: «Енем ене болмады, деген болды» – деп басталатын өлең Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178-папка, 331 б.) алынып, 7 – томға (29 б.) енгізілді. Өлең соңында Көтешке қатысты дерек орын алған: «Көтеш акынның бәйбішесінің аты – Сабаз. Бәйбіше бір қоңыр шұнақ қойды жеті қотан қылған. Кенже тоқал баласы Шалбай, онан туған-Қалық».

75. Осы томға енген үшінші нұсқа аталған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы – 1645-папкадан келтіріледі. Бұл үшінші нұсқа басындағы «Тобықты шежіресі» маңдайшасына Мәшһүр Жүсіп мынадай ескертпе жазған: «Шәкәрім шежіресінен Тобықтыны жазып алдық». 1911 жылы Орынбор қаласында басылған Шәкәрім шежіресінің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» – деген атпен кейін де жарық көргені (Алматы, Қазақстан, 1991, 79 б. (Әрі қарай кітап атын толық келтірмей-ақ «кітапта» деумен шектелеміз-Е.Ж.) белгілі. Осы орайда 1991 жылғы кітаптағы нұсқа мен Мәшһүр Жүсіп жазбасы арасында біраз ретте өзгешеліктер орын алуы – әрі Мәшһүр Жүсіптің кітаптан емес, ел арасына тараған Шәкәрім жазбасына иек артуынан, әрі араб әрпі өзгешеліктерін түсінбеуден т.с.с. кеткен 1991 жылғы кітап әзірлеушілер жаңсақтығынан деп түсіндіре аламыз. Мәселен Мәшһүр Жүсіп жазбасында, яғни Шәкәрімнен алынған көрсетілген нұсқада: «Тобықтының екі баласы-Рысбек (Ырысбек), Дәулетбек» – деп ап-анық жазылса, аталған кітапта: «Рысбек» орнын «Ерсетік», «Дәулетбек» орнын «Дәулеттік» (41 б.) иеленген. Біздіңше, сөз аяғын «тік» қосымшасымен аяқтау қазаққа тән емес, «бек» дегені неғұрлым дұрыс. Осы орайда 1911 жылғы кітаптағы жеке сөздердің бәрі Шәкәрімнің өз қолжазбасын таныта бермеуі ара-тұра кітапқа тергенде, қате басу т.с.с. орын алуы ықтималдығын да ескерген жөн. Мәселен, аталған кітаптың сол 41-бетінің өзінде: «Тобықтының үлкен баласы «Расыптектің» – делінуі де кітап әзірлеушілердің жаңылысуын аша түседі. Олай болса, баспадан шықты екен деп, 1911-жылғыны бірде-бір дұрыс нұсқа деп караумен шектелмей, ара-тұра Мәшһүр Жүсіптегі өзгешелікті де ескеру қажеттігі туады.

76. Бір сөйлемде екі өзгешелік бар: кітапта «Ошақ басын» – делінсе, Мәшһүр Жүсіпте «Жерошақ басын» – делінген. Сонымен бірге кітаптағы «атанған» сөзі кейінгіде «атанып» – деп жазылған.

77. Кітапта: «Ол Дәулеттіктің үш баласы – Байғара, Жиеншора» делініп (41 б.), үшінші баласы түсіп қалғаны анық тұрса, Мәшһүр Жүсіпте «Байғара» мен «Жиеншора» аралығында «Байшора» – деп жазылып, үш баланың орны толған.

78. Кітаптағы: «Ел» – атауы орнына Мәшһүр Жүсіпте «Абыла» – орын алса, «Шаршақ» – дегенді «Жаржақ» – деп алмастыру да бар.

79. 1911 жылғыдан алынғаны көрсетілген 1991 жылғы аталған кітапта: «Ескененің үш баласы» ретінде: «Өтеғұл, Бердібай, Өтебай» – деп басылса, Мәшһүр Жүсіпте соңғы үш сөз әуелі жазылып, сонан соң оның үсті сызылып: «Тәңірқұлы, Жұман, Бектас» – деп алмастырылған. Ал, кітаптағы «Ескененің үш баласы» ретінде көрсетілген балалар Мәшһүр Жүсіпте: «Нарымбеттің үш баласы» – деп өзгертілген. Осы орайда кітапта Нарымбет балалары мүлде аталмауы да көңіл бөлерлік.

80. Бұған дейінгі біраз жеке есімдер Мәшһүр Жүсіп бойынша өзгертілді: «Тұлынқожа» (42 б.) – «Төленқожа» – делінгеннен соң, «Жекең» – «Жокең», «Наз» – «Таз» болып алмастырылумен қатар, «Тұрсынханның қызы Қоңырбикеден» – дегендегі «Тұрсынханның» орнына Мәшһүр Жүсіпте «Қатағанның» сөзі орын алған.

81. Кітапта: «Мұны тілі келмей Күшік дейді» – делінсе, біздегі жазбада: «Мұны жұрттың көбі «Күшік» дейді» – деп берілген. Сонымен қатар кітаптағы «Шақар» есімі орнына Мәшһүр Жүсіпте «Жапар» сөзі жазылған.

82. «Мәмбет сопының екі баласы» – дегеннен кейін кітапта (42 б.) Мәшһүр Жүсіпте бар мына сөздердің: «Боранай, Қабас. Боранайдың екі баласы: Жұмағұл, Қожан» (1645-папка, 99 б.) – деген сөздердің орын алмауы да кітап пен біз ұсынып отырған жазба айырмасы аз еместігін аша түседі.

83. «Қанжығалы – абыз Шумақ Боқтыбайдың жасауын ұрлап алатұғын – мырза Мамайдың ұрлағандығы айқындалғаннан кейін, Аргын ортасында тұра алмай, өзіне ерген Тобықтыны ертіп алып, Найманға ауып кеткен. Боқтыбайдың жасауын ұрлағандықтан, бұл жақтағы қалың Арғынға жексұрын болғандықтан, Еңлік, Кебек те бұл жаққа беттей алмай жатқандығы сол» (1645 – папка, 99-100 б.) – деген

мәтінінің кітапта ұшыраспай тек осы жазбада кездесуі бұл – деректерді Мәшһүр Жүсіптің ел аузынан алып, өзі қосқандығын дәлелдейді деп санаймыз.

84. Тобықтының аса қадірлі адамы Әнет бабаның 1723 жылғы қалмақ шапқыншылығы, яғни «Ақтабан шұбырынды» кезінде 97 жасында төбе басында отырып қалғаны Шәкәрім кітабында жай айтылып өтсе, Мәшһүр Жүсіпте бұл отырып қалу мен одан кейінгі Қалқаманға қатысты әңгімелер: «Отырып қалған жері – әулиелі Қызылтау» – деп басталып, «Он шақты үй бар шығар» сөздерімен аяқталатын мәтін Шәкәрімде жоқ, тек Мәшһүр Жүсіпте (1645-папка, 100-101 б.) орын алуымен ерекшеленеді.

85. Сөз болып отырған Мәшһүр Жүсіп жазбасы 1645 папкасының 102 бетінің оң жақ қапталында көлденеңдеп мына сөздер жазылған: «Есіткен құлақтың жазығы жоқ. Біз естіп едік: «Ырғызбай, Жігітек, Бөккөт – үшеуі Олжайдың балалары: «Үш Олжаймыз» – деседі», – деп. Ырғызбайдан-Өскенбай, онан Құнанбай, онан Ыбырай [Абай], онан-Ақылбай... Мағауия».

86. Сол 1645 – тегі 103 – беттің оң жақ қапталына былай деп жазылған: «Бір қатын Балаби-Досболдың Досболына – үйіне кіріп келсе, бір аяқ айран құйып беріпті. Сонда Досбол аяқты ұстап отырып айтқаны:

Ассалаумағалейкум, айран,

Сені іздеген жоқ едім,

Маған келдің қайдан?!

«Ақ» – деген атың болмаса,

Қадірсіз, құнсыз – ассың – шайдан! – деген соң,

– Мынау бір пәлеге ұшыратар! – деп, тамақ қылып беріпті.

87. Келесі 104 – беттің сол жағында көлденеңдеп Мәшһүр Жүсіп қолымен мына сөздер жазылған: «Бұл Балта ақын мен Құнанбайдың жылы – қой. Шөжемен айтысқанда, Балтаға Шөже айтқан:

Ай, Балта, жылың – қой, биыл келдің елу төртке,

Жасыңнан мұнан былай өсек ертпе!»

88. «Еңсегей бойлы ер Есім» Түркістанда қазақ ханы болып тұрған күнде...» – деп басталып, «... деген мақал сонан былай қарай жұрт аузында қалды деседі» – деп бітетін мәтін осы 1645 папкадан (108-111

б.) алынып, бұдан бұрынғы Мәшһүр Жүсіп шығармалары 8 – томына (Павлодар, ЭКО, 2006, 136-139 б.) енгізілді.

89. «Манат хан баласы Бахир төре Арқаға келгенде, Маңғыт деген төлеңгіті болып», – деп басталатын мәтін аталған жазба (1645 – папка, 112 б.) бойынша «Нан атқан Манат хан ұрпағы» – деген аталыммен бұдан бұрынғы 8-томда (169 б.) жарияланды.

90. «Ұлы жүз: Үйсін-Ошақты-Жалайырдың Жалайырынан Бөлтірік би деген би шығыпты», – деп басталып, «Құдай рахмет қылсын Бөлтірік биге, кісі болса, осындай болсын!» – деп бітетін мәтін осы 1645-папкадан (117-119 б.) алынып, «Бөлтірік би» – деген атпен бұған дейінгі 6-томда (141-142 б.) басылды.

91. Шу ауданы Қырғыстанмен шектес, Жетісу орталығы Алматыдан 250 шақырым» – деп басталып, «... князь арығы», – дейді» – деп тамамдалатын мәтін осы папка (126 б.) мәтіні негізінде «Князь арығы» – атауы мәнісі» – деген аталыммен бұдан бұрынғы 8 – томда (219-220 б.) орын алды.

(Ескерту: 1645-папкадағы одан кейін орналасқан мәтіндердің бәрі шежіреге тікелей қатысты болмағандықтан, олардың қайда жарияланғанын, не кейінге қалдырылғанын көрсетумен шектелеміз – Е.Ж.)

1. А.Құнанбаевтың «Дағыстан» дастаны, 7-том, Павлодар, ЭКО, 2006 ж., 159-174 б., түсінігі – 355-363 б.

2. Нармамбет өлеңі. 7-том, 158-159 б.

3. Байқошқар өлеңі. 7-том, 216 б.

4. Абылайдың тұтқын болуы (3 – нұсқа). 9 – том, 25-31 б.

5. Жапар төре, 9 – том, 217 б.

6. Мәшһүр Жүсіп өмірбаяны (1645-папка, 153-164 б.) әлі басылған жоқ.

7. Шора батыр, 5 – том, 277-299 б.

8. Мәшһүр Жүсіптің өлер шағындағы сөзі. 2 – том, 78-82 б.

9. Қадірия ишан. 9-том, 256 б.

10. Мына заман, 1-том, 180-184 б.

92. Бұдан кейінгі қазақ шежіресінің төртінші нұсқасы жоғарыда сөз болған қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1176 – папка мәтіндері бойынша беріліп отырады.

93. Осы 1176 – папканың 53 – бетінің оң жақ қапталында көлденеңдеп мына ескерту орын алған: «Қаракерей Қабанбай батыр осы Тоқабайдан-Кегенбайдан шықса керек».

94. «Біздің қазақта «қожа» – деген бар. «Бұл қожа дегенін кім?» – деп сұрасаң, «Пайғамбар әулеті» – дейді – деп басталып, «Сол Ертісбайдың немересі Мұстафа баласы Тоғай бойының бір деген кісісі болып, жұрт аузына ілініп жүр» – деп аяқталған мәтін осы 1176 – папқадан (54-58 б.) алынып, «63 мәтін Ертіс бойындағы қожалар» – деген аталыммен бұдан бұрынғы 8 – томға (215-219 б.) енгізілді.

95. «Ақбура: Есен тентек, әкесінің аты – Жетібай, шешесі заманындағы әйелдің қақ маңдайы болса керек» – деп басталып, «Қайратсыз, жасық, жаман туғанды айтады екен» – деп сарқылатын мәтін осы 1176 папка (62 б.) мәтініне сүйеніп, «Есен тентек» – деген аталыммен 6 – томға (200 б.) енгізілген.

96. Күні кеше Айдабол баласы Тайкелтір деген елден Жапар ақын шықты» – деп басталып, «... көк істік кірсін» – сөздерімен аяқталған мәтін осы 1176 – папка (63 (57) б.) мәтіні бойынша 7 – томға (өлең мәтіні – 224 б., түсіндірмесі-382-383 б.) кіргізілді.

97. «Күліктен шыққан Жамшыбай ақын...» – деп басталып, «-деп, түсіріп алыпты» – деп аяқталған мәтін осы 1176-папка (65 б.) мәтіні бойынша «Жамшыбай» – деген аталыммен 7 – томда (өлең мәтіні – 223 б., түсіндірмесі – 382 б.) берілген.

98. «Күліктен шыққан Көтеш ақын...» – деп басталып, «Тілін сөйтіп кеспесек, болмас, – деген екен», – деп бітетін мәтін 1176 –дан (65 б.) алынып, 7 – томға (өлең мәтіні – 30 б., түсінігі – 314 б.) кіргізілді.

99. «Ес, зейін: көру есі, есту есі» – деп басталатын мәтіннен кейінгі біраз мәтіндер шоғыры (1176 – папка, 66-81 б.) тақырыбы мүлде өзгеше болғандықтан кейінгіге қалдырылды.

100. Осы 1176 – папканың 84 бетінің оң жақ қапталында көлденеңдеп мына ескерту берілген: «Бура – асыранды бала» атанғаны – Сарыжомарттың ағасы Жамансарының баласы. Бұлардың ұрпағын: «Бура Найман» – дейді. Бураның тамы – Кейпітан (Кифатан) Босбосқа жеті шақырымдай жерде, Ертіс жағасында.

101. Бұл қырғыздардың Кенесарыға қарсыласып жатқандығы: 1846 жылы патша үкіметі Аягөзден Кенесарымен соғысуға Нухалев деген жасауылды қосын қылып шығарған» – деп басталып, «Алатаудың

бір өзені: «Қызылсусамыр» – деп аталады» – деп бітетін мәтін аталған жазбадан (1176-папка, 86-92 б.) алынып, бұдан бұрынғы 9-томда «Кенесары жорығы» (бірінші нұсқа) жалғасы ретінде (173-176 б.) келтірілген. Сонымен бірге: «Үйсін: отыз ұлды Байзақ Қоканға қарағанда...» – деп басталып, осы мәтіннің жалғасы ретінде берілген мәтін сол томда: «Кенесары кезіндегі Қокан ханы мен Ұлы жүз байланысы» – деген атпен екінші рет (183-184 б.) қайталанып орын алған.

102. «Еңсегей бойлы ер Есімнен-Салқам Жәңгір» – деп басталып, «...Сүйеніш қожаның әкесі-Әбілфейіз» – деп тамамдалған мәтін осы жазба (1176-папка, 93 б.) бойынша «Еңсегей бойлы ер Есімнен» – деген атпен 8-томда (173-174 б.) жарық көрді.

103. «Первый человек-Адам Ата топырақтан жаратылды» – деп басталып, «... Қыпшақ заманында айтылған сөз екен» – деп бітетін мәтін осыдан (1176-папка, 100-106 б.) алынып, бұған дейін «Қазақ түбі» (екінші нұсқа) деген аталыммен 8-томда (30-36 б.) басылды.

104. «1499-ыншыда Әбілқайыр немересі Шейбани хан Әмір – Темір нәсілінен-Бұхара Самарқанды алып...» – деп басталып, «Сол соғыста Шейбани хан жеңді» – деп бітетін мәтін Мәшһүр Жүсіптің екінші бір жазбасына (1178-папка, 48 б.) сүйеніп, «Шейбани хан» – деген аталыммен 8-томда (98 б.) берілген. Осы орайда тап бұл мәтіннің осы жазбада да (1176-папка, 107 б.) орын алғанын, тек бір ретте: «Өзбек – өз ағам» – орнына «Өзбек болса, өз ағам» – делінгенін еске саламыз.

105. «Замандардан заман өткенде, бұрынғылар өліп таусылып, қалғандарға нәубет жеткенде» – деп басталған сахабалар тарихының алғашқы нұсқасы жоғарыда сөз болған қолжазба қорындағы 1645 – папкадан (90-93 б.) ал екінші нұсқасы 1177-папкадан (299-300 б.) алынып, бұдан бұрынғы 8-томда (62-68 б.) берілсе, бұ жолы мәтіннің үшінші нұсқасын қолжазба тұтастығын сақтау үшін, осы 1176-папка (108-110 б.) бойынша ұсынылып отыр.

106. Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес...» – деп басталатын мәтіннің алғашқы нұсқасы Мәшһүр Жүсіп шығармаларын ең көп көшіріп бізге жеткізген, оның Мәдина деген қарындасынан туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) жазбасы бойынша бұдан бұрынғы 8-томда (163 б.) «Қазақ атауы» – деген аталыммен берілгені

белгілі. Ал, бұл жолғыны біз сол мәтіннің екінші нұсқасы ретінде келтіріп отырмыз.

107. «Ақкөсе сахаба пайғамбардың туын ұстап жүріп, жауырынындағы нәбут мәйірін [мөрін] көрген» – деп басталып, «Оны өз алдына сөйлеп таратамын» – деген мәтін бұрынғыларда жоқ, 1176-папка (110 б.) бойынша тұңғыш енгізіліп отыр.

108. «Сонда пайғамбарымыз бұл тоқсан екі батырдан сұраған екен» – деп басталатын мәтін жекелеген сөз ауысулары т.с.с. орын алса да, негізінде оның бастапқы нұсқалары 8-томда (62-64, 66-67 б.) орын алған.

109. «Қазақ түбі Мұғыл-Татардың Мұғылынан, арғы атасы түркі болады» – деп басталып, «Бәрекелді, естуіміздей бар екен, – дейді» – деп бітетін мәтіндер шоғыры осы 1176-дан (111-123 б.) алынып, «2.4. мәтін Ер Едіге» (39-41 б.), 2.5. мәтін (41-42 б.), 2.6. мәтін. Алаша хан әңгімесі (42-45 б.), 2.7. мәтін. Алаша хан ұлы Жошыхан әңгімесі (45-47 б.), 2.8 мәтін. «Бұ да бір сөйлеушінің сөзі (47-49 б.), 2.9 мәтін (49 б.) – аталымдарымен бұдан бұрынғы 8 – томда (39-49 б.) жарияланды.

110. Нұрекен қажыға қатысты мәтіндер бұдан бұрын аталған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1645 – папка, 88-89 б.) алынғаны «Сахабалар тарихы, қазақ қажылары (бірінші нұсқа)» – деген аталыммен 8 – томда (60-62 б.) берілгені және аталған қордағы 1177-папкадан (301-304 б.) алынып, сол томға екінші нұсқа ретінде (68-73 б.) енгізілгенін ескерсек, бұл нұсқаны үшінші нұсқа деп санауға болады.

111. Құнанбайдың қажылыққа барғаны жазылған беттің (1176-папка, 124 б.) сол жақ капталына көлденендеп мына ескерту жазылған: «Құнанбай қажы-Алтай:Ешмұхаммед қажыны өзіне күтуші, жолдастыққа алған. Сонымен бірге сол 1176-папкада бет реті арнайы көрсетілмеген, көлемі басқа беттерден екі есе кіші шолақ бетте (біз оны шартты түрде 99-бет деп алып отырмыз) мына түсінік орын алған: «Бұл Құнанбай қажымен сапарлас болып, Бәсентиін-Апайбөрі-Құдияр қажы барып, тірі қайтып келіп, көп жасап өлді. [Қуандық] Алтай ішінде Ешмұхаммед қажыны Құнанбай жолдастыққа алған: «Өлсем, басымда; тірі болсам, қасымда бол» – деп. Сұлтан қожаны Егізек-Жанайдар жолдастыққа алған. Бұлармен бірге Атығай-Қожахмет қажы деген сапарлас болған. Біздің Арғыннан білікті болып, екі кісі тұрды. Бірі – Ор-

маншы-Хасен шайхы, бірі – Тоқал Арғыннан-Ешмұхаммед Бұхарадан барды».

112. 1176-папканың осы 128 бетінде бір тұста осылай: «Сексеннен: Рай, Райымбек» – делінсе, екінші бір тұста беттің сол жақ етегінде қиғаштап: «Сексеннен: 1. Рай. 2. Райымбек. 3. Қарашабазар» – деп көрсетілген. Демек соңғы «Қарашабазар» осы жолы тыңнан қосылып отыр. Бұл да Мәшһүр Жүсіптің бір жазбамен шектелмей, кейін жұрт аузынан жинағанын т.с.с. қосып отырғанын аңғартады.

113. Бұл әңгіменің алғашқы нұсқасы «Жәуке шешен» – деген аталыммен әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2 – папка, 268-274 б.) бойынша бұдан бұрынғы 6-томда (145-147 б.) енгізілгенін, бұ жолғысы екінші нұсқа ретінде 1176-папка (130-131 б.) бойынша ұсынылып отыр.

114. «Шотана батырдың Абылай ханға айтқан сөзі» – тақырыбымен берілген осы бір шағын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасы сақталған 1176 – папкада көлемі де екі еседей шағын 132-137 беттерде жеке орын алған осы нұсқа бұдан бұрынғы 9 – томда «Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі» – деп аталған әңгіменің алты нұсқасын сараптаған түсінік соңында (343-344 б.) қоса берілген.

115. «Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі»-деген мәтіннің бесінші нұсқасы жоғарыда сөз болған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1176-папка, 134-139 б.) алынып, бұдан бұрынғы 9 – томда (мәтіні – 61-66 б., түсінігі – 340-344 б.) жарияланды.

116. «Төртуыл ішінде жүрген Төлеген қожаның өлеңі» тақырыбымен берілген, бастапқы тармағы: «Кешегі өтіп кеткен хан Абылай» – деп басталатын бұл туынды алдында сөз болған қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1178-папка, 220 б., 1176-папка, 140 б., 1177-папка, 170-171 б.) алынып, бұдан бұрынғы 7 – томға (мәтіні – 281-283 б. түсінігі – 390 б.) енді.

117. Бұдан кейінгі бір топ мәтін алдыңғы томдарда жарық көргендіктен, бұ жолы қай мәтіннің қайда орын алғанын көрсетумен шектелеміз:

1. Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (бірінші нұсқа) алдында сөз болған Мәшһүр Жүсіп жазбасы 1177-папка (159-162 б.) бойынша 6 – томға енгізіліп, осы мәтінмен (1176 – папка, 141-154 б.) салыстыру қоса жүргізілді (мәтіні: 171-178 б., түсінігі-366 б.)

2. Қорқыт (Бірінші тармағы: «Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен») 7 – томда (214-215 б.) басылды.

3. Әмен қазасына (Бірінші тармағы: «Қан түсті алпыс үште аяғыма») 1176-папкадан (157 б.) алынып, бұдан бұрынғы 4 – томға (238-240 б.) енгізілді.

4. Ташкенттегі жастарға (Бірінші тармағы: «Ризамын аруағыңа, Арғын бабам»). Бұл кейінгі томдарға қалдырылды.

5. Ж.Аймауытов өлеңі (Бірінші тармағы: «Қош, бауырым, жолдасым, Әмен жаным»). Бұл да 1176-папкадан (162 б.) алынып, кейінгі томдарға қалдырылды.

6. Абай өлеңі «Әбдірахман өліміне» (Бірінші тармағы: «Талаптын мініп тұлпарын»). Бұл өлең Мәшһүр Жүсіп шығармалары 7 – томында (149-150 б.) берілді.

7. Абайдың «Мағауияға» өлеңі (Бастапқы жолы: «Жүзге келген кәрідей»). Бұл өлең 7-томда (151 б.) тұңғыш жарық көрді.

8. Мына заман (Мәшһүр Жүсіп өлеңі). Бастапқы жолы: «Жақсы өтін, бұл күндерде жаман қалды»). Бұл өлең 1176-дан (164-166 б.) алынып, 1-томда (180-184 б.) басылды.

118. «Қазақ түбі – Мұғыл-Татардың Мұғылынан» – деп басталатын мәтін осы 1176-папкадан (167-168 б.) алынып, «16-мәтін. «Сахаба ұрпағы» – деген аталыммен 8-томда (82-83 б.) жарық көрді.

119. Мұхаммедәменнің: «Еділ, Жайық, Сырдария» – деп басталатын өлеңі (1176-папка, 170-171 б.) әлі еш жерде жарияланған жоқ.

120. «Жалғаннан біреу қашып кетіп жатыр» – деп басталатын мәтін – Мәшһүр Жүсіптің «Әдһам диуана және Ибраһим» дастанының үзiгi. Бұдан бұрынғы 3-томда (81-82 б.) жарық көрген.

121. «Ташкентте қаза тапты Әмен өзі» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі Мәшһүр Жүсіп, Шығармалары, 4 – томында (240-245 б.) басылған.

122. «Бұл Күлік ежелден ел-ақ едің» – деп басталатын өлең «Күліктің атқа – мінерлеріне» – деген атпен 4 – томда (245-249 б.) жарық көрді.

123. «Қаранғы түннің жарық таңы атар ма?» – деген Мәшһүр Жүсіп өлеңі осыдан (1176-папка, 178 б.) алынып, бұдан бұрынғы 1-томға (Мәшһүр Жүсіп, Шығармалары, 1-том, Павлодар, ЭКО, 2003 ж., 318 б.) «Нанайын ба?» – деген атпен енгізілді.

124. «Алашқа күйінішті болған қаза» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазбадан (1176-папка, 179-186 б.) алынып, «Мұқыш Жұпарұлы» – деген атпен Мәшһүр Жүсіп шығармалары 2-томына (мәтін-61-74 б., түсінік – 350 б.) кіргізілді.

125. «Ақыл – шам: керек оған май мен білте» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі аталған жазба (1176-папка, 187-188 б.) бойынша алдында сөз болған 1-томда «Әйелдер туралы» деген аталыммен (мәтіні – 158-161 б., түсінігі – 395-396 б.) жарық көрді.

126. «Бұрынғы заманда бір адам қатынымен араз болыпты» – деп басталып. «... жүре бергеннен басқа дәнеме өнбейді» – деп саркылатын мәтін аталған жазбадан (1176-папка, 189-191 б.) алынып, «Заманына қарай амалы» – деген аталыммен Мәшһүр Жүсіп шығармалары 6-томында (11-14 б.) берілді.

127. «Бір кедей қазақтың еркек баласы жоқ екен...» – деп басталатын шағын мәтін осы жазбаға (1176-папка, 196 б.) сүйеніп, «Бір кедейдің сараңдығы» – деген атпен бұған дейінгі 6-томда (110 б.) бағылды.

128. «Бір келіншек қатынға» – деп басталып, «Бір тайыншам ала бас, айдауына жарамас – деп қайтарыпты» – сөздерімен аяқталатын мәтін осы жазбадан (1176-папка, 197 б.) және әулеттік мұрағаттағыдан (1-папка, 87 б.) алынып, бұдан бұрынғы 6 – томда (110 б.) «Сараңның барып тұрған сараңы» – деген атпен берілген.

129. Осы деректер жазылған 1176-папканың 199-бетінің оң жақ қапталында көлденеңдеп мына ескерту енгізілген: «Қысыраудан-Ақбалық әзіреттер».

130. Бұл әңгіме бұдан бұрын аталған қорда, ОҒКҚҚ сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1177-папка, 348 б.) алынып, 9-томдағы «Бөгембай батыр ұрпақтары» тақырыбындағы мәтін ішінде де (159-161 б.) орын алған.

131. Қалдыбай қожа өлеңдерінің алғашқы нұсқасы ОҒКҚҚ, 1178-папкадан (308-309 б.) алынып, бұдан бұрын жарық көрген 7-томда (мәтіні-225 б., түсінігі – 384 б.) төрт тармақты екі өлең көлемінде жарияланған. Оның ішінде «Бұ сөзді не деп айттың, жаным, ботам» – деп басталатын туынды осы жолғыда да қайталанады. Сонымен бірге мұнда тыңнан енгізілген төрт жолдық 7 өлең қамтылған. Өлеңдерге берілген түсініктерде де айырмашылықтар баршылық.

132. Абылайдың алғаш көзге түсуі (төртінші нұсқа). Бұл мәтіннің алғашқы нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2-папка, 40-43 б.) бойынша «54 мәтін Абылай хан дәуірі» – деген аталыммен бұдан бұрын жарық көрген 8-томда (175-177 б.) берілді. Сонымен бірге әулеттіктегіден (11-папка, 311-312 б.) алынған екінші нұсқаға ілесе ОҒКҚҚ, 1170-папқадан (721-724 б.) енгізілген үшінші нұсқа 9-томда «Абылайдың алғаш көзге түсуі» – деген атпен (11-12, 12-14 б.) жарияланды.

133. «Топан суы әуел таһрор қылғанда» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1176-папка, 212 б.) алынып, алдымен «Қазақстан мектебі» журналында (1994 ж. №4-5, 79 б.) жарияланса, кейін «Нұх пайғамбар мен бір кемпір» – деген атпен 6-томда (53-54 б.) берілді.

134. «Ант жеткен қарғыс кеткендердің тұқымы бар» – деп бітетін топан суы аңызы соңында әзірше оқылуы қиын арабша жазылған т.с.с. сөздер ширек бетті қамтып орын алғанын ескертеміз.

135. Үкібай бидің: «Адам ата, хан Шыңғыс» – деп басталатын сөзінің алғашқы нұсқасы ОҒКҚҚ, 1645-папқадан (71 б.) алынып, 6-томда (154-155 б.) берілсе, бұ жолғысы екінші нұсқа ретінде енгізілді. Бұл нұсқада: «Тоғыз тапбалы Арғын» – дегеннен кейінгісі сақталмаған.

136. «Жағалбайлы – бір байдың баласы қыз таңдапты» – деп басталатын 1176-папқадан (213 б.) алынған мәтін бізге жеткен 3 нұсқаның ең қысқасы екені ескеріліп, басқа үлгілермен салыстыру нәтижесінде толығы 6-томда (мәтін-95-96 б., түсінік – 356-357 б.) жарық көрді.

137. «Шанышқылы мен Тама қоныстас қона қалыпты» – деп басталатын мәтіннің екінші нұсқасы осы мәтін бойынша (1176-папка, 214 б.) 6 – томға (97 б.) енгізілген.

138. «Бір ыртақ-жыртақ желбас бозбалалар келе жатса...» – деп басталатын мәтін осыдан (1176-папка, 214 б.) және әулеттіктегіден (Мәшһүр Жүсіп, 3-папка, 92 б.) алынып, «Түзеле алмау әңгімесі» деген атпен 6 – томда (97 б.) берілді.

139. «Айдабол-Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай ұрпағы» – деп басталатын мәтіннің екінші нұсқасы осыдан (1176-папка, 215-217 б.) алынып, «Барпық өнері» – деген атпен 6-томда (100-102 б.) жарияланды.

140. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» – дегеннің шығу төркіні баяндалған мәтіннің алғашқы нұсқасы әулеттіктегі Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1-пап-

ка, 54-55 б.) негізінде 5-томға (97-99 б.) енгізілсе, бұл жолғы мәтін 1176-папка (217-219 б.) бойынша екінші нұсқа ретінде келтірілді.

141. «Жануар, Құлагерім, қолдан кетті» – деп басталатын Ақан серінің өлеңі осы жазбадан (1176-папка, 221 б.) алынып, бұдан бұрынғы 7-томда (125-126 б.) жарық көрді.

142. «Керей-Сағынай асында болып, Құлагердің қалай жығылғанын көзіне[н] көрген кісінің сөзі» – деп басталатын мәтін де осыған (1176-папка, 222 б.) сүйеніп, сол 7-томдағы Ақан сері туындылары түсіндірмесінде берілген (342-343 б.).

143. «Бір жақсы жігіттің қатынының әкесі өлген екен» – деп басталатын мәтін осыдан (1176, 223 б.) алынып, 6-томға «Бір епті жігіттің өнері» – деген аталыммен (109-110 б.) енгізілген.

144. «Ертеде бір елсіз тауда бір жалғыз үй қыстап қалыпты» – деп басталатын мәтін осыған (1176-папка, 224 б.) иек артып, «Кемпір мен қарға» – деген атпен 6-томға (89-90 б.) кіргізілген.

145. «Ертеде бір қатын[ның] бойжеткен қызы болыпты» – деп басталатын мәтін осыдан (1176-папка, 225 б.) алынып, «Бір әйелдің ботасын жоққағаны» – деген атпен 5-томда (36 б.) берілген.

146. «Шөгіп жатқан Алшекем нар секілді» – деп басталатын Шөженің өлеңі 7 – томда (мәтіні – 44-45 б., түсінігі – 325 б.) орын алған.

147. Тап осының алдындағы «Шөгіп жатқан Алшекем нар секілді» – деген өлең сол беттің төменгі жағында басқа таңба, сиямен екінші рет қайталанып орын алған. Кейінгіде «шірік» сөзі орнына «жаман», «жауып» емес, «езіп», «алтын» емес «мырза» сөздері, яғни үш сөз алмасуымен бірге, алғашқыдағы сегізінші жолдағы: «Үстінен о да берді» – дегендегі сөздердің орны ауысуы: «О да берді үстінен» жүзеге асқан. Демек 7 – томдағыны осы өлеңнің алғашқы нұсқасы, кейінгіні екінші нұсқа деп есептеуге болады.

148. «Қорқыт ен алғаш бақсы болған кісі» – деп басталатын мәтін осы жазба (1176 папка, 227 б.) бойынша «Қорқыт және шежіре деректері» – аталымымен 8-томда (59-60 б.) басылды.

149. «Абылай хан жұрт жиылған бір мерекеде ат үстінде тұрып, Бұқар жыраудан сұрады дейді» – сөздерін маңдай еткен бұл мәтін аталған жазба (1176-папка, 228 б.) бойынша емес, соның алғашқы нұсқасы әулеттіктегіден (1-папка, 109 б.) алынып, екінші нұсқа ретін-

де 1170-папка, 861 б. саналып, үшіншісі 1177-папка, 62 б. болса, бұл жолғыны сөз болып отырған туындының төртінші нұсқасы деуге болады.

150. «1918-інші жылында... баршасында: «Сүлеймен аты бар» – деп басталатын мәтін 1176 папка (229 б.) бойынша: «Сүлеймен мен Галы» – деген атпен 9-томда (8 б.) орын алды.

151. «Қаракесекте әкесі Ақтанбердіге төрт мың жылқы біткен Жаныс байдың...» деп басталып, осы жазбадан (1176 – папка, 230 б.) алынып, Балта өлеңі ретінде (мәтін – 156 б., түсінік – 353-354 б.) 7-томда берілген.

152. «Ақан серінің «Ақтоқты айтады» – деп шығарған өлеңі» – айдарымен берілген, бірінші тармағы: «Көкшетау, адыра қалғыр, күнде боран» – деп басталатын өлең 7 – томда (мәтіні-126 б., түсінігі – 344 б.) жарық көрді.

153. «Бір жолаушы бір жақтан келе жатса...» – деп басталатын мәтін осы жазбаға (1176 – папка, 230 б.) сүйеніп, «Жолаушы мен бойжеткен қағытпасы» – деген аталыммен 6-томда (мәтін-208-209 б., түсінігі-369 б.) жарияланды.

154. «Мікір – екі көңілді кісі болғаны естілген емес» – дегеннен кейінгі 1176 папканың 233-246 беттері мәтіндері шежіре емес, дін, ғылымның жалпы мәселелеріне арналғандықтан кейінге қалдырылды.

155. «Арзымықтасада» әуелі отын тұтынған Ғымалқа деген жұрт» – деп басталатын 1176-папка, 247 б. мәтіні «Ғымалқа жұрты туралы» – деген тақырыппен 9-томда (6 б.) орын алған.

156. «Қолыма қағаз, қалам алайын да» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазба (1176 – папка, 251-259 б.) бойынша 1-томда (120-134 б.) жарық көрді.

157. «Орта жүз: Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман» – деген Мәшһүр Жүсіп өлеңі де осы жазбадан (1176 – папка, 260-263 б.) алынып, «Қажымұқан» – деген атпен 1-томға (223-229 б.) енгізілген.

158. Дауылбайға қатысты дерек келтірілген 1176-папканың 264-бетінің оң жақ қапталында көлденеңдеп Мәшһүр Жүсіп ескертуі орын алған: «Дауылбай өзі сол жерде туған. «Дауылбай туған» – деген жер аты бар».

159. «Пендесі бір Құдайды білмей ме екен?» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі аталған жазбадан (1176-папка, 265-267 б.) алы-

нып, «Табылар мергенге де – бұқтырушы» – деген атпен 1 – томға (164-169 б.) енгізілді .

160. «Ақынның шек келтірме тіл-жағына» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі аталған жазба (1176-папка, 268-269 б.) бойынша «Жақсы әйел» – деген тақырыппен 1 – томда (156-158 б.) орын алды.

161. «Шопанның ұшырамаңдар таяғына» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі сөз болып отырған жазба (1176-папка, 269-271 б.) бойынша «Әйелдер туралы» – деген аталыммен 1-томға (158-161 б.) кіргізілді.

162. «Қан түсті алпыс үште аяғыма» – жолын маңдай еткен Мәшһүр Жүсіп өлеңі де осы жазбаға (1176-папка, 271-272 б.) сүйеніп, «Әмен қазасына» – деген айдармен 1-томда (мәтін-238-240, түсінік – 471 б.) берілді. Осы туынды алдында ақын ескертуі орын алған: «Ташкентте қаза тапқан Мұхаммедәменнің өлгендігі хабарын естігенде, Мәшһүр Жүсіптің ой толқығандағы сөйлеген сөзі – өзіп-өзі тоқтатуға».

163. «Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа» – деп басталатын Ақан серінің өлеңі де 1176-папқадан, 272 б. алынып, 7 – томға (126 б.) енгізілді.

164. «Жасымнан жел жаратты Хак тағала» – деп басталатын шығарма авторы Баймұхаммед Тілеубергенұлы скені, М.Сералиниің автор емес, тек дастанды құрастырушы болғаны 7 – томдағы түсінік бөлімінде (363-373 б.) дәлелденіп (мәтін (174-200 б.) жарық көрді.

165. «Шаштым жұртқа Алланың берген сыйын» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазба (1176 – папка, 288 б.) негізінде «Түн қараңғы» – деген тақырыппен 4-томға (270-271 б.) енгізілді.

166. Екі жолдық Хафиз өлеңі парсы тілінде жазылғандықтан, оны аудару т.с.с. түсінік жұмыстары кейінге қалдырылды.

167. «Үлгілі өткен Абылай қазақ ханы» – деп басталатын – тарихи дастан (авторы белгісіз) осы жазба (1176-папка, 289-298 б.) бойынша 9 – томда (мәтіні – 96-109 б., түсінігі – 345-350 б.) басылды.

168. Күдері қожаның өлеңдері, оның ішінде Абылайдың қалмақпен қалай соғысқанын баяндаған туындысының бірінші нұсқасы аталған қордағы жазбадан (1177-папка, 34-41 б.) алынып, бұдан бұрынғы 9 – томда (мәтіні – 108-113 б., түсінігі – 337-338 б.) берілсе, бұ жазбадағыны (299 б.) екінші нұсқа ретінде ұсынып отырмыз.

169. «Сорқара, Сортың бар ма?» – деп басталатын қалмақ өлеңі бұдан бұрын аталған қордағы 1177-папкаға (41-43 б.) сүйеніп, 1170-папкадағы сәл қысқалау үлгімен (92-93 б.) салыстыру жүргізіліп, 5-томда (мәтіні-37 б., түсінігі-354 б.) басылса, мұндағыны (1176-папка, 302-303 б.) мәтіннің үшінші нұсқасы деп санауға болады.

170. «Қайран да, қайран, қайран тау» – деп басталатын қалмақ зары да 5-томда (мәтіні – 37-40 б.), түсінігі-354-356 б.) аталған қордағы 1177-папкадан (41-43 б.) алынып, 1170-папка мәтінімен (92-93 б.) салыстыру жүргізіліп, соның бәрі түсінікте нақты көрсетілген. Ал, бұл жолғыны үшінші нұсқа ретінде санауға болады. Мәтін ішіндегі: «Ит жүгіртіп, құс салып» – деп басталып, «Кетті-ау өңім өзгеріп» – деп бітетін бөлімі мұнда (1176, 302 б.) беттің оң жақ қапталына көлденеңдеп жазылған.

171. «Сонда қалмақты Сарыарқадан аударған Абылай хан батырлары ...» – деп басталатын мәтін осы жазба (1176 – папка, 303 б.) негізінде «Абылай заманындағы батырлар» (бесінші нұсқа) – деген атыммен 9-томда (115 б.) берілді.

172. «Баяғы заманда Хыбыш деген жұрт болыпты» – деп басталатын мәтін осыдан (1176-папка, 305-310 б.) алынып, «Құдайды қолдан жасаушылар әлегі» – деген тақырыппен 6-томда (57-61 б.) берілді. Ол томда беттердің дұрыс орналаспауы салдарынан кірмей қалған мәтін жалғасы осы жолы енгізілді. Бұл орайда түсінуі қиын сөз, сөз тіркестерін саралау жағы кейінге қалдырылды.

173. «Пайғамбар заманында аға інісі бір туысқан екі жігіт болды» – дегенді бетке ұстаған мәтін осы жазба бойынша (1176-папка, 311-313 б.) «һамза, Лумза әңгімесі» – деген атпен 6-томда (9-11 б.) басылғанын еске саламыз.

174. «Бұхара – таң қаламын барғаным» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осыдан (1176-папка, 314-317 б.) алынып, «Бұхара сапары» тақырыбымен 4-томға (249-258 б.) енгізілді.

175. «Ескі сөз жана сөздің үлгісі еді» – деп басталатын Сақау Мәукеұлы өлеңі сөз болып отырған жазба (1176-папка, 318 б.) бойынша 7 – томға (32 б.) кіргізілді.

176. «Ашылар дәл он бесте қыздың бағы» – деген Сақау өлеңі және оған деген түсінік те осыдан (318 б.) және Жолмұрат көшірмесінен (2-папка, 259 б.) алынып, 7 – том түсінігінде (318 б.) берілген. Сонымен

бірге осы туынды келтірілген 318-беттің сол қапталында көлденеңдеп жазылған Мәшһүр Жүсіп толықтыруы бар. Оны Сақау өлеңінің жалғасы, соңы деп санауға болатын тәрізді:

Сыртында Қызылтаудың Сулы, Бөрлі,

Әкемнің аруағы маған қонды.

Жігіттер, қайыр берсең, біздерге бер,

Айрылған бұлбұлынан біз бір сорлы!

177. «Абайдiлда хан орыс қолына тұтқын болып, сегіз жыл Ит-жеккеннен әрi кетiп...» – деп басталатын мәтiн осы жазба (1176-папка, 319-320 б.) бойынша «38 мәтiн. Қазақ, қалмақ хандары» – деген тақырыппен 8 – томда (160-161 б.) орын алған.

178. «Абыраға күлiп:

– Ой, жарықтық, ақсақал емес екенсiн» – деп басталатын мәтiн осының алдында сөз болған «Құдайды қолдан жасаушылар әлегi» әңгiмесiнiң (6-том, 57-61 б.) екiншi бiр түрi. Мұнда айтылған көп сөздер сол 6-томда (59-60 б.) орын алғанымен, аздаған сөздер өзгерiстерi баршылық екенi ескерiлiп, екiншi бiр үзiк нұсқа ретiнде жеке ұсынылып отыр. Осы мәтiн жазылған 321 беттiң оң жағына көлденеңдеп Мәшһүр Жүсiп ескертуi орын алған: «Бұл беттi жазған Мәшһүр емес, бiр сөзiн екi сөйлемейтiн Мәшһүрге алпыс бесiң қылдырып отырған».

179.«Қазақ айтады: «Ұлың өссе, ұлы құлықтымен, қызың өссе, қызы қылықтымен ауылдас бол» – деп басталып, осыдан (1176-папка, 322-324 б.) алынған мәтiн «Құлық туралы» деген тақырыппен 9-томда (295-296 б.) басылды.

180. «Есен тентек әкесi Жетiбайдан жетi жасында жетiм қалған» – деп басталып, 1176-папка, 324 бетi бойынша «Үшқұрт» (бiрiншi нұсқа)» – тақырыбымен 6-томда (201 б.) орын алған.

181. «Еңбекшi қазақ» 82 – номерiнде бiр сабаз жазған сөз» – деп басталатын мәтiп журналистика мәселелерiпе қатысты кейiнгi бiр томға қалдырылды.

182. Бұдан әрi бiраз сөз түсiнiксiздiгi туып, кейiнге ысырылды.

183. Бұдан кейiнгi жарты беттiк арабша жазылған мәтiндi аудару кейiнге жоспарланды.

184. «Ерте заманда қырық үйлi Тама мен мың үйлi жасыл Түрiкпен қоныстас болып...» деп басталатын мәтiн осы жазбада (1176-папка, 331-338 б.) орын алса, бұл мәтiннiң бiрiншi нұсқасы сол қордағы

1645 – папка (165-206 б.) бойынша 5-томда (мәтін-277-299 б., түсінік-403 б.) жарық көрді. Бұл жолы мәтіннің екінші нұскасы ретінде осы жазбадағыны ұсынамыз.

185. «Шора батыр» туындысының екінші нұскасының соңында мына бір дерек келтірілген: «Тауық жылы мұны жазғанда, 1922-інші жылында Мәшһүр алпыс үш жасында, 8-февральда (жаңаша) жазылды».

186. Дін ғылымына, тәрбиеге т.с.с. арналған 1176-папка, 339-344 беттері мәтіні кейінге қалдырылды.

187. «Әз Жәнібек Ноғайлының ханы болған» – деп басталатын мәтін осы жазба (1176 – папка, 344-346 б.) бойынша «Қазақ хандары» (екінші нұсқа) – деген тақырыппен 8 – томда (124-125 б.) орын алған.

188. «Не түспес тіршілікте ғазиз бастан» – деп басталатын осы жазбадағы (1176-папка, 348-364 б.) Әмен Жүсіпұлы өлеңдері кейінгі томдарға жоспарланды.

189. «Күлік-Көтеш ақын, өзі-бай болған кісі» – деп басталатын мәтін осыдан (1176 – папка, 364 б.) алынып, 7 – томдағы Көтеш ақын туындылары түсініктемесіне (308-309 б.) енген.

190. «Қылсаңыз тағат, құлдық бұ дүниеде» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі 1176-папка (365-368 б.) бойынша 1 – томда (344-345 б.) басылды.

191. «1925 жылы Баянауладан Қызылтауға бара жатып...» – деп басталатын мәтін (1176-папка, 368 б.) 1-томда (мәтін-185 б., түсінігі – 398 б.) орын алды.

192. «Атығай, Қарауыл – бір төрт жігіт жаламен абақтыға түсінті» – дегенді алға ұстаған мәтін «Абақтыдағының зары» – деген тақырыппен Мәшһүр Жүсіп өлеңі ретінде (4-том: мәтін-17-19 б., түсінік-340 б.) жарық көрді.

193. «Пушкин сөзі деп біреу жазыпты» – дегеннен кейінгі «Қаңғырдым, жан кинадым, шындықты іздеп» – деп басталатын өлең мәтіні кейінгі томдарға қалдырылды.

194. «Атығай, Қарауыл... Әлібектің інісі Исаның айтқан өлеңі» – деп басталатын мәтін 7 – томда (өлең-219-223 б., түсінік – 382 б.) орын алды.

195. «Айтқанмен таусыла ма оны – мұны» – деп басталатын А.Байтұрсынов өлеңі осыдан (1176-папка, 373 б.) алынып, 7-томға (мәтіні – 201 б., түсінігі-373-375 б.) енгізілді.

196. «Афырайтым аллат уалғыри умиат» – деп басталатын араб тіліндегі уағызды аудару т.с.с. кейінгі томға қалдырылды.

197. «Қаратау мен Шудың аралығында құмда болады екен» – деп басталатын мәтін осы жазба (1176-папка, 375-376 б.) бойынша «Уақ-Есмағамбет әңгімесі» – деген тақырыппен 9 – томға (217-218 б.) кіргізілді.

198. «Дударай, сен кеткелі көп күн болды» – деп басталатын өлең осы жазбаға (1176-папка, 376 «ә» қосымша қысқа бет) сүйеніп, Мариям Жагорқызының «Дударай» өлеңінің жалғасы ретінде 7 – томда (233 б.) берілді.

199. «Мариям Жагор деген орыс қызы» – деп басталатын өлең аталған жазба (1176 – папка, 377 б.) бойынша 7 – томға (мәтіні-232-233 б., түсінігі – 388 б.) енгізілді.

200. «Тама-Нәрік байдың бәйбішесінің аты – Гүлқаныс-Шора батырдың шешесі» – деп басталатын мәтінді Мәшһүр Жүсіптің «Шора батыр» туындысының үшінші қысқа түрі деуге болады.

201. «Құнанбай Алшынбайдың Жүсін дейтұғын баласының...» – деп басталатын осы жазбаға (1176-папка, 380 б.) ұқсас мәтін 1178-папкадан алынып, 7 – томға (153 б.) енгізілсе, бұл жолғысы сол туындының екінші нұсқасы ретінде берілді.

202. «Тобықты» атауына қатысты мәтіннің екінші нұсқасы Мәшһүр Жүсіп таңдамалысының екінші томында (Алматы, Ғылым, 1992 ж., 74 б.) Құраст. С.Дәуітов) берілген. Ол томда мәтіннің қайдан алынғаны көрсетілмесе де, сөз құрылымына қарап, біз оны аталған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1645 папка, 105-106 б.) алынған болар деп отырмыз. Бұл жолғысы аталған мәтіннің бірінші нұсқасы ретінде ұсынылады.

203. «Уастымих иұм иниды алмина...» – деп басталатын дін тағылымына арналған мәтін кейінге қалдырылды.

204. «Кең дала, кеткенің бе, кер бетеге?!» – деп басталатын Нармамбет өлеңі 1176 – папка (382 б.) бойынша 7 – томға (158,159 б.) енгізілді.

205. Қараменде бидің өлеңі: «Сәлем де, Кеңгірбайға, кел, кетелік» – осы жазбадан (1176-папка, 382 б.) алынып, 7 – томда (225 б.) берілді.

206. «Қашан сыдыға анар хамына...» – деп басталатын [Ғылым дерегі] де 1176-папка, 383-384 бет кейінгіге қалдырылды.

207. «Жықсаң бәйге аласың, алысқанда» – деп басталатын С.Торайғыров өлеңі (1176-папка, 385 б.) негізінде 7-томға (208 б.) енді.

208. «Ноғайдан шыққан Шаһабдин хазіретлері Мұстафа» – деп басталатын мәтін және одан кейін орын алған Мәшһүр Жүсіптің: «Аузында іші тардың барлық сөзі» – деп басталатын өлеңі және бір шағын айтыс үлгісі т.с.с. (1176-папка, 387-395 б.) кейінге қалдырылды.

209. «Жұрт көрген сонда Мұса салтанатын» – бұл Мәшһүр Жүсіптің «Мұса Шорманұлының асы» өлеңінің 21-шумағы басы. Бұл өлең 1-томда (300-302 б.) орын алған.

210. «Мен өзім үйден шығып Далба бардым» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Ізбас қажы» өлеңі ақын жазбасы (1177-папка, 392-402 б.) бойынша әзірленіп, осы үлгімен (1176-264-266 б.) салыстыру жүргізіліп, 1-томда (мәтін-202-211 б., түсінігі-400-403 б.) жарияланды.

211. «Лашын үйрек ілді көлді көріп» – деп басталатын «Лашын мен қарға» өлеңі осыдан (1176-папка, 4-дәптер, 285-282 б.) алынып, сол қордағы екінші нұсқамен (1170-папка, 668-671 б.) салыстырыла отырып, 5-томда (мәтін-132-136 б., түсінігі-373-375 б.) орын алды.

212. «Тауыққа көзі соқыр – бәрі бидай»-деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңдері (1176-папка, 5-дәптер, 194-183 б.) және одан кейінгі 6-7 дәптер туындылары кейінгіге қалды.

213. Бұдан бұрын атап өткеніміздей, мәтін тұтастығын сақтау үшін жалғаса берілген шежіреге жатпайды делінерлік оқшау әңгімелерді де жазылу ретімен ұсынуды жүзеге асырып отырмыз.

214. Уақтан кейінгі аталар тізбегін: «Көкше – Қосай – Байназар» – деп алу – «Қазақ шежіресі», Целиноград, Қаламгер, 1991 ж., 91 б. келтірілген М.Тынышбайұлының «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар», Ташкент, 1925 ж. кітабына сүйену нәтижесі.

215. Бұдан әрі орналасқан 1170 папка, 381-889 және 891-1002 беттері шежіреден басқа мәтіндер болғандықтан, кейінге қалдырылды. Ара-тұра бұрын жарық көрген өлеңдер де бар екенін ескертеміз.

216. «Байдалы және Айғаным» әңгімесінің бірінші нұсқасы жоғарыда аталған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1177 – папка,

147 б.) бойынша, ал екінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағыдан (2 – папка, 343-347 б.) алынып, бұдан бұрынғы 6-томда (123-126 б.) жарияланса, бұ жолы шежіре арасында сақталған бұл мәтін үшінші нұсқа ретінде ұсынылып отыр.

217. «Ноғай, қазақ шежіресі» – деп аталатын бұл мәтіннің алғашқы нұсқасы әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2 – папка, 120-124 б.) бойынша бұдан бұрынғы 8 – томдағы «20 мәтін. «Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер» топтамасы ішінде (94-96 б.) келтірілсе, бұ жолғысы шежіреге арналған осы томға жеке ұсынылды.

218. Бәсентиін шежіресінің осы бір үзгі әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (4-папка, 119-120 б.) алынып әзірленді.

219. «Бақ – бір қу таяқ...» – деп басталатын Шотана батырдың Абылайға айтқан сөзі» бұдан бұрын «54. II мәтін. Абылай аспаған сары бел (1-үлгі)» ішінде әулеттіктегі Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2-папка, 275-283 б.) бойынша 8 – томға (196-201 б.) берілсе, қалған бес нұсқасы (2-6 – нұсқалар) әулеттіктегіден (II – папка, 113-122 б.; және аталған қордағы жазбалардан (1170-папка, 125-127 б.; 1177, 163 – 171 б.; 1176, 134-139 б.; 1178, 213-219 б.) алынып, 9-томда (50-71 б.) орын алғанын еске саламыз. Бұл жолғысы, яғни әулеттіктегі Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 4-папка, 249-бетінен алынғаны сол «Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі» – деп келтірілген алты нұсқаның ішінде орын алған үзінді ретінде, жетінші шағын нұсқа деуге лайық.

220. Енді бұдан былай ақынның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) жазбаларын қазақ шежіресінің жетінші нұсқасы ретінде беруді жөн деп таптық. Міне, осы жетінші нұсқа кіріспесі ретінде ұсынылып отырған «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?» мәтінінің төртінші нұсқасы, яғни Жолмұрат жазбасына сүйенген мәтіннің бұдан бұрынғы 8-томға енген екінші нұсқаға көп тұста сәйкес келетінін ескере отырып, ара-тұра өзгеріс болуы да тегін болмас деген түйінге тоқтадық. Демек бұл бізге жетпеген Мәшһүр Жүсіп жазбасынан алынуы мүмкін деп ойлаймыз. Мәселен, осы бірінші сөйлемнің өзінде 8-томда (149 б.) бар, мұнда жоқ мына сөздер болуы тегін емес: «Қырық сан қарақалмақ-Қатысыбан».

221. Осы мәтін соңында Жолмұрат Жүсіпұлының мына бер ескертпесі орын алған: «Осы тетрад иесі Жолмұрат Жүсіпұлы 10.04.1937 ж. Осыны жазушы Жолмұраттың өз қолы, ешкімнің ақысы жоқ. Әдебиет бөліміне тапсыруға жиылған Орта жүзден бергі аталар шежіресі».

222. Бұл мәтіннің алғашқы нұсқасы ОҒКҚК-дағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы – (1177-папка, 323-324 б.) бойынша бұдан бұрынғы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» (Алматы, Жалын, 1993, 30-31 б. Әзірлеген – С.Дәуітұлы) кітабы ішінде келтірілген және осы кітаптағы Қазақ шежіресі, 1-нұсқа ішінде орын алған. Ал, Жолмұрат жазбасындағы осы мәтін сол үлгінің екінші нұсқасы ретінде енгізілді.

223. Мәшһүр Жүсіпте бір тұста Жанболды, Құлболды, Жолболдыны тікелей Суғыншыдан тарату орын алса, көбінде олардың Суғыншыұлы Шуманақтан өрбітетіні белгілі. Жолмұрат Жүсіпұлы Мәшһүр Жүсіп тәрізді бұл тұста әңгіменің ел арасында түрліше орын алуын ескерген болар деп шамалаймыз. Әйтпесе Суғыншыдан: Шуманақ, Мәжік туатыны бұ нұсқада да анық айтылған.

224. Бұл жазбада «Сатылған» аталымы Бегімнің екінші бір есімі ретінде берілсе, мұның Мәшһүр Жүсіптің бір жазбасынан алынғанын ескере отырып, оның екінші бір жазбасында: «Бегім өліп, бір баланың анасы болып, жесір болып, қалғанда, баласының аты Сатылған екен» (1177-папка, 363 б.) – дегеніне сүйенсек, «Сатылған»-Бегімнің екінші бір аты емес, баласының аты. Екі нұсқаны да салыстыра саралау керек деп санаймыз.

225. Бұл мәтіннің маңдайшасында Жолмұраттың қарындашпен жазған мына ескертпесі орын алған: [қолжазба қорындағы] «2-том, 207 бетінде жазылған, сонан көшірілді». Осы орайда Жолмұрат көшірген кездегі том реті, тіпті бет реті де одан кейін сан өзгерісті басынан кешіруі мүмкін деп есептейміз.

226. «Ақкөсе – ағайынды, інісі – Мәлік» – деп басталатын мәтіннің бастапқы бөлімі басқа тұста жазылғаны Жолмұратта ескертілген: «Бұл сөздің басы – басқа қағазда, мынау – аяғы.» Мәтін тап осы жазба бойынша 8 – томда (75 б.) жарық көрді.

227. Бәсентиін шежіресі сөз болғанда, жоғарыда сөз болған қордағы, ОҒКҚК, 1177-папкадағы (353 б.) Мәшһүр Жүсіп жазбасына сүйенсек, Сырым және оның алдында аталған Күшік бір әйелден екені, яғни Бәсентиіннің жолаушы келе жатып бала ерткен бір екіқабат әйелге

кезігіп, соған үйленіп, әйел айтуымен оның жетегіндегі баланың – Күшік, ішіндегі баланың Сырым аталғаны келтірілген. Бұл Мәшһүр Жүсіптің неғұрлым кейінірек жазылған үлгісі болса, бастапқы бір нұсқада (1170-папка, 365 б.) Бәсентінің екінші әйелінен-Күшік, ал, үшіншіден-Сырым делініп, бұл екі баланың шешесін өзгерту орын алса, Жолмұрат сол нұсқадан көшірген деп санаймыз.

228. Мәшһүр Жүсіптің бір жазбасында: «Самайбаласы Досымнан-Төлебай, мұнан-Нарымбай, мұнан-Тәуірбай, мұнан-Ыбырай, мұнан-Қыстаубай, – бала-шағалы Керекуде тұрады» – делінсе (1177-папка, 354 б.), (Ең дұрысы осы нұсқа деп санаймыз. Себебі, тап осылай болу Мәшһүр Жүсіптің ең соңғы толық жазбасы 1178-папкада (82 б.) орын алған). Ал мұнда Нарымбайдан бастап, одан кейінгілері бәрі де Төлебай інілері ретінде алынған. Бұл жолғыдағының бастапқы тізбегі кәте екендігіне «Досымнан» сөзінен кейін қиғаштап: «Қазанғап, Дөненбай, Маса» – деп жазылуы да жарық түсіре алады.

229. Бұл мәтіннің «Хан сүйегі атауы туралы» – деп аталатын бірінші нұсқасы алдында сөз болған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (1176-папка, 194 б.) алынып, осы 10-томдағы 1176-папка мәтіні орналасуы ретімен берілсе, бұл жолғысы Жолмұрат жазбасы, 3-папка, 314-беті бойынша екінші нұсқа ретінде енгізілді.

230. «Қазақ шежіресі (сегізінші нұсқа)» – Мәшһүр Жүсіптің кенже ұлы Мұхаммедфазыл (1890-1969) жазбасы бойынша әзірленді.

231. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің бір жазбасына сәйкес, Мұхаммедфазылда: «Суғыншының қатынының аты – Жолбике. Бұл Жолбикеден: Жанболды, Құлболды, Жолболды туады» делінген (Фазыл, 2 – папка, 179-бет). Осы орайда соның алдында ғана: «Сүйіндіктен-Суғыншы, онан Мәжік пен Шуманак» – дегенге сүйенсек, бұл Жанболды, Құлболдылар Суғыншы балалары емес, Суғыншыұлы Шуманак балалары, демек олар Суғыншы немерелері болу керек деп шамалаймыз.

232. Сарыбас мерген туралы екі мәтін бұдан бұрынғы 6-томда (Мәшһүр Жүсіп, Шығармалары, 6 – том, Павлодар, ЭКО, 2005, 49-53 б.) берілді. Оның біріншісі әулеттік мұрағатта және бұдан бұрынғы 8,9 – том түсіпктемелерінде ескертілгендей, Алматыдағы ҚР ҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы (5-папка, 20-23 б.) және оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (бұл көшірменің бір

данасы Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы «Отырар кітапханасының» Ғылыми орталығында бар) 2-папка, 57-60 б. бойынша «Сарыбас мерген» тақырыбымен ұсынылса, екіншісі соған ілесе алдында сөз болған, ақын жазбасы (5-папка, 24-25 б.) бойынша енгізілді.

233. Осы «Бесімнен» сөзі алдында тақырыпша ретінде жазылған: «4-томның 36-бетінен, 37-бетінен алынды», – деген ескерту бар. Бұл Алматыдағы Ғылым академиясындағы жоғарыда аталған қолжазба қорындағы, ОҒКҚК, Мәшһүр Жүсіп жазбаларының бұрын 4 – том деп белгіленіп, кейін не 1177, не 1178-папка деп өзгертілген папкадан ақын жиені Жолмұрат Жүсіпұлының (1894-1977) 1946 жылдары көшірген нұсқасынан алынған деп санап отырмыз.

234. Осы «біздің» сөзімен басталған мәтін маңдайшасында мына ескерту орын алған: «Мәшһүрдің 3-томының, 117-бетінен алынды». Біздіңше, бұ да алдында ғана ескертілгендей, қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан Жолмұрат көшіргендігін танытып тұр.

235. «Атамыз марқұм Көпейдің» – деп басталатын мәтін маңдайшасында: «4 – томның 190-бетінен» – деген ескерту орын алған. Біздіңше, бұл да алдында сөз болған қолжазба қорындағы ОҒКҚК, Мәшһүр Жүсіп жазбасынан алынғандықты білдіріп тұр.

236. Бұл мәтін соңынан келтірілген: «4-томның 190-бетінен алынды. Өз қолжазбасынан» – деген ескертудің тағы да жоғарыда сөз болған қордан көшірген Жолмұрат көшірмесінен екендігін діндеумен бірге осы түсініктің өзіне дейінгі емес, қайта өзінен кейін берілген мәтінге арналуы мүмкіндігін де есте ұстаған жөн.

237. Бұл мәтін маңдайында: «Мәшһүрдің 2 – томының 414 – бетінен алынған сөз» – деген ескерту орын алған. Біздіңше, бұ да жоғарыда сөз болған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан алынғандық көрінісі.

238. Бұл мәтін маңдайындағы: «1 – том, 798 – бет» – деген ескерту де аталған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасынан көшірілгендікті білдіреді.

239. Жеңіс Тілеке кітабында Байғана-Күлік-Наурыз ішіндегі Ақайұлы Самырзаның бірінші баласы ретінде [бізше тізілгенде: Арғын-Құтан-Мейрам-Сүйіндік-Суғыншы-Шуманақ-Құлболды-Күлік-Наурыз-Ақай] келтірілсе, Фазыл жазбасында алдында дәл осылай алынумен бірге, осы тұста одан бөлектеніп, Байғана Ақайұлы

Бекмырзаның Сары деген ұлының тоқалынан туған деп келтірілген. Біздіңше, Фазылдың алдыңғысы дұрыс. Қараңыз: Жеңіс Тілеке. Шежіре, Павлодар, Дауа, 1995, 78 б. және 81 б.

240. Мұхаммедфазылда: «Арғын-Сүйіндік-Күлік ішіндегі яғни бізше: [Күлік-Наурыз-Ақай-Бекмырза-Сары] – дегендегі Сарының бір тоқалынан: 1. Ырысбай, 2. Ниязбек, 3. Есентай» – деп берілсе, Жеңіс Тілекеде Ниязбек Сарының ұлы емес, Ырысбай деген баласынан туған немересі де, ал Есентай Ниязбектен туған шөбере ретінде, кіргізілген. Бұл арада Фазылдың жақсы сақталмаған нұсқадан көшіргендіктен, қатар тұрған есімдерді келтіргенде, олардың бірінен бірі туып отыруы тұрғысынан емес, соның бәрін бір адам ұрпағы ретінде жаңсақ көшіруінен де болуы мүмкін екенін ескертеміз. Бұл айтылған ерекшеліктер шежіренің басқа тұсында да орын алуы мүмкін деп санаймыз.

241. Мұхаммедфазылда: «[Күлік-Наурыз-Ақайұлы] Есболдан-Байтөре, онан-Мырзағұл» – деп келтірілсе, (Фазыл, 3-папка, 190 б.) , Жеңіс Тілекеде Мырзағұл Есбол немересі емес, Есболұлы болып тіркеліп, аралықтағы Байтөре енбей қалған (аталған кітаптың 82 – беті).

МАЗМҰНЫ

Қазақ шежіресі (бірінші нұсқа)	3
Орта жүз шежіресі	3
Хандар шежіресі	6
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	7
Орта жүз шежіресі жалғасы.....	7
Мейрам тарауы.....	9
Арғын-Сүйіндік шежіресі	12
Қуандық шежіресі.....	18
Арғын-Қаракесек шежіресі.....	23
Найман шежіресі.....	30
Қыпшақ шежіресі.....	33
Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы.....	34
Тобықты шежіресі.....	36
Қанжығалы шежіресі.....	37
Бәсентиін шежіресі	39
Арғын-Сүйіндік-Орманшы тарауы	44
Керей шежіресі.....	45
Бәсентиін: Бұқа, Күбір тарауы.....	46
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы.....	49
Қазақ шежіресі (екінші нұсқа)	53
Арғын-Қуандық шежіресі	53
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	56
Қарауыл [шежіресі].....	59
Арғын-Сүйіндік-Жаңабатыр тарауы	60
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	61
Бәсентиін шежіресі	64
Қыпшақ шежіресі	65
Арғын-Сүйіндік-Күлік-тарауы жалғасы	66
Керей шежіресі жалғасы	67
Қыпшақ шежіресі жалғасы	68
Қуандық шежіресі.....	68
Арғын-Сүйіндік-Күлік шежіресі жалғасы.....	70
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	70
Арғын-Сүйіндік – Күлік жалғасы	70
Әз жақсылардың батасы.....	75

Арғын шежіресі басы	76
Қыпшақ шежіресі.....	76
Таракты шежіресі.....	78
Қуандық шежіресі жалғасы	79
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	81
Арғын-Сүйіндік-Тұлпар тарауы	82
Арғын-Қаракесек шежіресі.....	82
Найман шежіресі.....	86
Қаракесек шежіресі жалғасы	90
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы	91
Қаракесек шежіресі жалғасы	92
Кіші жүз: Алшын шежіресі.....	94
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	95
Мақал	96
Бәсентиін шежіресі жалғасы	97
Кірімелер тарауы.....	97
Найман шежіресі жалғасы	98
Төрелер шежіресі.....	98
Шежірелік әңгімелер	100
Қаракесек шежіресі жалғасы.....	102
Бәсентиін шежіресі.....	106
Қожалар шежіресі.....	106
Төрелер шежіресі жалғасы	108
Керей шежіресі.....	110
Бәсентиін шежіресі жалғасы	110
Қанжығалы шежіресі.....	111
Қожалар шежіресі жалғасы.....	111
Көп ұлды болғандар туралы	112
Арғын-Сүйіндік-Күлік жалғасы	114
Бәсентиін шежіресі соңы	114
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	114
Арғын-Сүйіндік-Ақбура.....	115
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	116
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы.....	117
Арғын-Сүйіндік-Айдабол	118
Шежірелік деректер.....	119

Бөлтірік сөзі.....	123
Арғын-Бегендік тарауы	124
Найман шежіресі жалғасы	125
Үзік шежірелер.....	126
Қанжығалы-Ырғақты тарауы.....	128
Арғын-Бегендік т.с.с. ішіндегі кірмелер	128
Арғын-Қаржас тарауы	130
Қаракесек шежіресі жалғасы	134
Арғын шежіресі басы	135
Қазақ шежіресі басы	138
Қарақожаның керемет билігі	139
Арғын шежіресі деректері	141
Жиенәлі батыр тұлпары	143
Қуандық шежіресі жалғасы	145
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	147
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы	152
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы	153
Арғын-Сүйіндік-Орманшы тарауы	154
Уақ шежіресі	155
Шежіре үзіктері.....	156
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы	156
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	158
Арғын-Сүйіндік-Күлік	159
Қаракесек шежіресі	159
Тобықты шежіресіне дерек	160
Арғы атасы белгісіздер туралы.....	160
Арғын-Сүйіндік-Ақбура.....	161
Арғын-Қаржас тарауы	162
Түпкі атасы белгісіздер шежіресі.....	164
Бәсентиін шежіресі жалғасы	165
Арғын-Қаржас шежіресі жалғасы	168
Қанжығалы шежіресі.....	169
«Үшқұрт».....	175
Қаракесек ішіндегі Қырғыз.....	176
Арғын – Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы.....	176
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	177

Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы жалғасы	178
Арғын-Сүйіндік-Күлік	179
Такпак. Төйтенің Қондыбайының айтқаны.....	184
Қазақ шежіресі (үшінші нұсқа)	185
Арғын-Тобықты шежіресі	185
Тобықты шежіресі жалғасы	191
Керей шежіресі жалғасы	192
Арғын-Қаржас-Талас тарауы	193
Түрлі деректер	193
Бәсентиін шежіресі жалғасы	194
Арғын шежіресі басы	195
Қазақ шежіресі (төртінші нұсқа).....	197
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	197
Қарабатыр мен Қошқарбайға қатысты шежіре	197
Найман шежіресі.....	202
Қанжығалы шежіресі жалғасы	203
Енді бір деректер.....	205
Арғын-Сүйіндік-Күлік шежіресі жалғасы.....	207
Найман шежіресі жалғасы	209
Қанжығалы шежіресі жалғасы	210
Қыпшак шежіресі.....	212
Жеке бір деректер	213
Сахабалар және қазақ тарихы деректері.....	215
Қазақ шежіресі басы	220
Арғын-Қуандық тарауы.....	221
Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы	222
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	222
Қуандық шежіресі жалғасы	223
Жәуке шешен.....	223
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	226
Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы жалғасы	227
Қыпшак шежіресі жалғасы	228
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	229
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	230
«Хан сүйегі» атауы туралы	231
Амалдық сопы әңгімесі	232

Қанжығалы шежіресі жалғасы	233
Торайғыр бидің сөздері	234
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	235
Бәсентиін шежіресі	236
Тауфық әңгімесі	236
Қаракесек шежіресі жалғасы	238
Қанжығалының болыс болуы	239
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы	239
Бәсентиін шежіресі	241
Малайсарының өлімі	242
Мәшһүр Жүсіп өмірі.....	244
Қалдыбай қожа өлендері	245
Абылайдың алғаш көзге түсуі	246
Құлболды әулиелері туралы	246
Үкібай сөзі	248
«Сөз тапқанға қолқа жоқ» – дегеннің шығу төркіні.....	248
«Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» делінген сөз	250
Манар деген әйел тапқырлығы	252
Шөженің өлеңі	252
Үлгілі сөз	254
Тағы бір деректер.....	255
Атаулар туралы.....	256
Ғибратлы сөздер.....	256
Арғын-Бегендік тарауы	257
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы жалғасы	259
Бәсентиін шежіресі жалғасы	260
Арғын-Қаржас шежіресі жалғасы	260
Ж. Аймауытов сөзі	261
Мақалдар	262
Күдері қожа өлеңі	262
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	269
Құдайды қолдан жасаушылар әлегі	271
Бір шежіре үзіндісі.....	272
Қыпшақ шежіресі жалғасы	273
Тән мен жан туралы.....	273

Шора батыр	276
Арғын-Сүйіндік-Тұлпар тарауы	290
Шора батыр	292
Тобықты еліне қатысты деректер	293
Арғын – Сүйіндік-Айдабол тарауы	295
Қазақ шежіресі (бесінші нұсқа)	297
Бәсентиін шежіресі жалғасы	297
Қыпшақ шежіресі	298
Арғын-Бегендік тарауы	299
Арғын-Сүйіндік-Орманшы тарауы	299
Уак шежіресі	300
Керей шежіресі	300
Қанжығалы шежіресі	300
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы	301
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы	301
Арғын-Сүйіндік-Тоқшора тарауы	302
Бәсентиін шежіресі жалғасы	302
Қанжығалы шежіресі жалғасы	303
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы	304
Кірімелер туралы	304
Мәшһүр Жүсіп өлеңі	305
Төрелер шежіресі	305
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы	305
Қазақ шежіресі (алтыншы нұсқа)	309
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы	309
Байдалы және Айғаным	309
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы	311
Ноғай, қазақ шежіресі	311
Бәсентиін шежіресі	313
Шотананың Абылайға айтқаны	314
Қазақ шежіресі, ру ұрандары	314
Бір шежіре сынығы	315
Қаракесек шежіресі	315
Қазақ шежіресі басы	317
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы	319
Қазақ шежіресі (жетінші нұсқа)	319

Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?.....	319
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы.....	323
Қаракесек шежіресі	326
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	328
Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы.....	330
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	330
Қазақтың үш жүзге бөлінген жері.....	331
Арғын-Мейрам тарауы	333
Арғын-Сүйіндік тарауы.....	335
Қаракесек: Апай-Бөрі туралы.....	338
Бәсентиін шежіресі.....	338
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	340
Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы.....	341
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы.....	341
Қанжығалы шежіресі.....	341
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы жалғасы	342
Бәсентиін: Бұқа, Күбір тарауы.....	343
Қанжығалы шежіресі.....	345
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	347
Бәсентиін шежіресі.....	350
Қанжығалы шежіресі.....	351
Арғын-Бегендік (Қозған) тарауы.....	352
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы жалғасы	352
Орта жүз шежіресі басы.....	353
«Хан сүйегі» атауы туралы	354
Төрелер шежіресі жалғасы	355
Қожалар шежіресі жалғасы.....	355
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	356
Шежіре жинау тарихы	357
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы жалғасы	358
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	360
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы.....	360
Арғын-Сүйіндік-Айдабол жалғасы	361
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы.....	361
Арғын-Сүйіндік-Айдабол	362
«Тоқал Арғын» шежіресі.....	362

Қанжығалы тарауы	363
Қазақ шежіресі (сегізінші нұсқа).....	364
Орта жүз – Арғын шежіресі.....	364
Арғын-Мейрам тарауы	366
Арғын-Бегендік тарауы	368
Төрелер шежіресі.....	370
Арғын-Бегендік тарауы	370
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	371
Арғын-Сүйіндік-Құлболды шежіресі	376
Шежіре жинау мәселесі.....	378
Мәшһүр Жүсіп өмірбаяны	378
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	381
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	381
Хандар шежіресі	385
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	390
Арғын-Сүйіндік-Ақбура тарауы.....	391
Арғын-Сүйіндік-Күлік тарауы.....	392
Арғын-Сүйіндік-Қаржас тарауы.....	394
Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы.....	394
Түсініктер	397

**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.
Шығармалары. 10 том.**

20.01.2007 ж. басуға қол қойылды. Колемі 60x84/16. Қаріп түрі Times. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 25,9. Есептік баспа табағы 22.
«ЭКО» ЖШС-та басылған. Таралымы 1000 дана.

Қазақстан Республикасы. 140000, Павлодар қ., 29 Ноябрь к., 2,
Тел.: 32-16-08